

ТҰРСЫНБЕК
КӘКІШЕВ




Қазақ
әдебиеті
сынының
тариҳы



ТҰРСЫНБЕК
КӘКІШЕВ

Қазақ
әдебиеті
сынының
тариҳы



АЛМАТАЙ, «САНАТ», 1994

ББК 84 Қаз 7—4

К 24

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИҚАСЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

8063

Кәкішев Т.

К 24 Қазақ әдебиеті салының тарихы (Оқу кұрамы).— Алматы, «Санат», 1994.—448 бет.

ISBN 5-7090-0143-0

Оқу кұрамында қазақ әдебиеті салының тарихына, жанрлардың сипаттамасына баса нағар аударылып, салын ой-пікірлердің шығу, даму, қалыптасу кезеңдеріне жан-жақты талдау жасалған. Әдеби салының эстетикалық мұраты, оның әдебиеттану ғылымымен байланысы, әдеби мұраны игеру мәселелері туралы парасатты түжіримдердәр айттылған.

Кітап жоғары оқу орындарының студенттеріне, сондай-ақ әдебиетшілерге арналған.

К 4702250000—017
416(05)—94 12а—93

ББК 84 Қаз 7—4

ISBN 5-7090-0143-0

(C) Кәкішев Тұрсынбек, 1994

КІРІС ПЕ

Қазақ әдебиеттандырылған мәселелердің зерттеуде әдебиеттің ішкі даму заңдылықтарын, жанрлардың ерекшеліктері мен түү, қалыптасу жолдарын анықтауға батыл қадам жасап отыр. Әдебиеттің зерттеліп жүрген проза, поэзия, драматургия жанрлары сияқты әдебиет салынының да тарихы мен қалыптасу процестері, өзінен тән шығармашилық ғылыми мәселелері арнайы зерттеуді талап етеді.

Бұл мәселе тек ғылымдық тұрғыдан ғана емес, практикалық тұрғыдан айрықша қажеттілікке айналып отыр. Сондықтан әдебиеттің басқа жанрларының ішкі түрі, нақыштары тарамдала зерттеліп жатқан уақытта сол иегі істі жүзеге асырып отырған салын жанрының өзі тасада қалып қоюы орынсыз болар еді. Оның да басқа жанрлар сияқты өзінен тән творчестволық, ғылыми проблемалары, тарихы бар.

Қазақ әдебиеті салыны мен ғылымының тарихи белестерінен үш кезеңді анық байқаймыз. Бірінші кезең — қазақ әдебиет салынының түү дәуірі. Қазақ әдебиеті салынының түү процесі Қазан төңкерісіне дейін созылған. Екінші кезең — қазақ әдебиет салынының жанр ретінде қалыптасу және әдебиеттандыру ғылымының түү дәуірі. Бұл процесс 1917—1937 жылдардың арасын қамтиды. Үшінші кезең — қазақ әдебиет салынының өсіп-өркендеу және әдебиеттандыру ғылымының қалыптасу дәуірі 1938—1985 жылдар аралығы.

Қазақ әдебиеті салыны мен ғылымының өсіп-өркендеуіңің соңғы екі кезеңі пәлендей дау туғызбайды. Ал бірінші кезең, яғни Қазан төңкерісіне дейін қазақ әдебиет салынының түү дәуірі жайлы әр қылышы сиырқұймышақ ойпікірлер бар.

Бұл жөніндегі европацентристік кейбір ой-пікірлердің сөз етудің қажеттігі шамалы. Қоғамдық сананың әрбір саласын, әсіресе қазақ әдебиеті жанрларының ғана

емес, тіпті ешбір шұбә тудырмайтын, тарихи желісі үзілмеген мәселелердің өзі төңкерістен кейін сапалық жаңа қасиеттермен толысқанын тілге тиек етіп, бұрынғыны мансұқтайтын, міссе тұттайтын кезіміз аз болмайды. Соны әдебиет жанрларына жақындағанда, әсіресе қазақтың әдебиет сынны туралы шолақ пішип, нығырта айтуды мақұл көріп келдік. Мұның өзі аксиома түрінде тұжырымдалды. «Қазақ әдебиетінде сынның белгілі орын алуға ұмтылуы тек кеңес өкіметі тұсында, айналасы осы 10—15 жылдың ішінде. Қазанға дейін бізде сын атаулының болмауы тіпті заңды нәрсе» (М. Қаратасев) деп таптық, ойланбадық, ізденбедік.

Халық болған жерде өнер бар, оған деген көзқарас, эстетикалық талғам бар. Халық ауыз әдебиетінен тартылған жайлар жазба әдебиет түйніларына ұласып, өзінше бір көркемдік әлем жасағаны даусыз. Қазіргі қазақ әдебиеті сынны мен әдебиеттануғының дүниеге келген әрбір көркем түйніларың идеясын, айтар ойын, эстетикалық өрдеге қол созғанын, қандай әлеуметтік мәселені көтергенін, нені насхаттайтынын саралап алуға міндепті. Әдеби сынның туу, қалыптасу проблемалары тек творчестволық қана емес, саяси-әлеуметтік мәселелермен де тікелей байланысты болғандықтан әдебиет сынны тарихында оны орағытып өту мүмкін емес. Сынның социологиялық және эстетикалық дәрежесі көркем әдебиеттің шыққан бүігіне тәуелді.

Әдебиет сынны көркем әдебиетпен үзеңгілес дүниеге келеді. Көркемдік даму мен эстетикалық талап-талғамның өркендеу процесі уақыт жағынан бір-бірінің ілгерікейінділігіне қарамастан, өзара байланысты болады. Бұл заңды да. Ал енді көркем әдебиетпен үзеңгілес дүниеге келген сынның дәрежесі қандай болмақ деген мәселеге келгенде, екі себепке, атап айтқанда, субъективтік және обьективтік себептерге тоқтала кеткен жөн.

Түптеп келгенде, сынның эстетикалық дәрежесі көркем әдебиеттің шыққан бүігімен өлшенеді. Сынның кейде социологиялық, кейде эстетикалық таңдауларға дең қоюның өзі де әдебиеттің қамтыған өмір шындығына белгілі дәрежеде тәуелді болатын кезін естен шығармау қажет.

Субъективтік себепті сөз еткендер, ең алдымен, сынның білім деңгейі мен эстетикалық талғамының мол-аздығын еске алуы керек. Қай кез болмасын, әдебиеттің өрлеу кезінде де, оның кейде көркемдік жағы-

нан да, қогамдық пікірді үйімдастыру жағынан да биік деңгейден табылмай қалатын шағында да сыйнишының білім-парасаты мен эстетикалық талғамы санаттан шығып қалған емес. Мұның өзі сын дәрежесін аңғаруға қажетті субъективтік себеп.

Екінші, обiectивtіk себеп — көбіне әдебиеттік жалпы дәрежесіне тәуелді. Егер көркем шығармалар өзінің қогамдық мәні жағынан көркем бейнелер жасау, типтік жағдайларды көрініспен суреттеу, тіл байлығын игеру, оқушыны ілгері ұмтылдыратын эстетикалық идеяларды белгілеу жағынан биік деңгейден табылып жатса, онда сыйниң өресі биік болғаны. Сынишы әрқашан көркемдік дамудың кезеңді асуларында ойын өрбітуге қажетті дәлелдерді әдебиеттік күнделікті шындығынан ала отырып, келешекте шығар биіктерді бағдарлайды, әдебиеттік өркендер арнасын анықтайды, әдеби процеске белсene араласады.

Сын жанрының арнайы зерттелуінде бұрынғы одактас республикалардың қал-жағдайы бізben қатарлас. Екі томдық «Орыс сыйниң тарихының» жарық көргегіне біраз болды. Ол тарих орыс сыйниң кеңес дәүіріне дейін қамтиды. В. Кулишев жазған оқулық та осы кеңеңді әңгімелейді. Ал кеңес әдебиеті дәүіріндегі сын туралы бірталай ізденістер мен зерттеулер бар болғанымен алі оқулық жазыла қойған жоқ. Сондай-ақ К. Талыбзаде бастаған әзіrbайжан әдебиет сыйны мен ғылыминың зерттелуі едәуір биікті. Өзбек әдебиетшілері де көне дәүірге бағышталған жинақ шығарып үлгерді.

1972 жылды «Әдеби-көркем сын туралы» қаулы алынды. Эстетикалық ойды тереңдетудің бір жолы — сыйнишы кадрлар даярлау мәселесіне айрықша назар аударылған, ол міндеттің негізгі салмағы университеттерге жүктелді. Оқу жоспарларында әрбір ұлт әдебиеті сыйниң тарихы жалпы пәнге айналды. Оған қоса, ыждағат білдіргендеге арнайы семинар, яғни нақты тәжірибеге неғізделген сабак өткізу де ескерілген.

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік үлттік университетінде «Қазақ әдебиеті сыйниң тарихы» 1967 жылдан бастап арнайы, 1974 жылдан бері жалпы курс ретінде оқытылып келеді. Оның бағдарламасы 1982 жылды жасалып, гуманитарлық оқу орындарында бастылықта алынуда. Енді студенттерді оқулық зәрулігінен құтқару қажеттігі туып отыр.

I БӨЛІМ

ҚАЗАҚТЫҢ СЫНИ ОЙ-ПІКІРІНІЦ ОЯНЫ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ СЫНЫНЫЦ ТУУЫ

Бірінші тарау

ӘДЕБИ СЫН АРНАЛАРАРЫ

1. ХАЛЫҚТЫҚ ЭСТЕТИКА

Сынның жазба әдебиетке тән жанр екені, онымен үзенгі қағыса тарихи-эстетикалық қажнаға шығатыны, көркем әдебиеттің бүгінгісіне назар аударып, келешегіне барлау жасайтыны, алынбаған шеберлік қамалдарын нұсқайтыны, жаңалықтың жаршысы болып, қалың жүртшылыққа әдебиеттің әлеуметтік мәнін түсіндіретіні, насиҳаттайтыны теориялық тұрғыдан анық тұжырымдалған шындықтар.

Алайда әсемдікті танып-білу, оны ардақтау, сұлулықтың сырын ашып, ажарсыздық пен келіссіздікті мінеу сияқты эстетикалық түсініктер халық творчествосына, оның ауыз әдебиетіне жат па? Әрине, жок. Жазба әдебиетке дейінгі немесе жазба әдебиетпен қатар дамыған, күні бүгінге дейін өркендеп келе жатқан ауыз әдебиетінде, оның озық үлгі-өрнектерінде эстетикалық талап-талғамның элементтері молынан кездеседі. Мұның бері де оқушы мен тыңдаушыны ажарлылықты ардақтауға, көркемдікті танып-білуге, ләззат алуға, сұлулықты қастерлеуге үйретеді де, халықтық эстетиканың негізін қалыптастырады.

Әдебиеттану ғылымы ауыз әдебиетінің өсіп-өркендеу заңдылығын зерттел, оның әлеуметтік-эстетикалық нәріне айрықша мән беруде. Сын жанрының туу, даму жолдарына назар аударсақ, халықтық эстетиканы сынни ойдың бастауы деп танып, халықтың көркемдік түсініктанымы мен талап-талғамының өресін байқауға болады.

Талай ғасырдан бері халықтың рухани азығы болып келген ауыз әдебиеті эстетикалық мұратты қалыптастыру барысында елдік пен ерлікті, әсемдік пен сұлулықты, әділдік пен имандылықты ардақтауды, қадірлеуді, жалғандық пен жамандықтан, зорлық пен зомбы-

лықтан, ажарсыз бен көріксіздіктен жиренуді үрету, ұғындыру арқылы жұрттың көркемдік талап-талғамын жетілдіруде озық ұлгі-өнегесі бар ауыз әдебиеті қөне дәүірде де, бүгінгі заманда да өзінің ықпалынан арылған жок.

Мысалға ертегілерді алайық. Одан керемет поэзияның желі еседі, көркемдік шеберліктің тамаша үлгісі көрінеді. Халық ертегілері әрқашанда адамды тәрбие-леудің тамаша құралы болып, әділдік жолына бас байлатып, зұлымдықтан жирентеді. Пушкинді еске түсірініздерші, ол балалық шағындаған емес, атақты ақын аталған соң да Арина Родионованаң айткан ертегілерін құмарта тындаған ғой. Осы ойды қазақтың халық батыры, жазушы Бауыржан Момышұлының: «Менің осы күнгі келіндерім бесік жырын айта білмейді. Бесікте жатқанда құлағына анасының әлди үні сіңбекен баланың көкірегі кейін керен болып қала ма деп қорқамын»— деп қоюлата түскені тағы бар.

Халық даналығынан туып, тоқсан ауыз сөздің то-бықтай түйінін білдіретін мақал мен мәтелдердің өмір-шендігін, жиі колданылатындығын, оның эстетикалық қуаты мен қауқары, әсері мен ықпалының молдығын кім жоққа шығара алмақ? Ән әуені естілген жерде қуаныш-шаттықтың желі еседі. Халықтың өнер сайысына, ақындар айтысына айрықша ілтипат білдіруі де тегін-нен-тегін болмаса керек. Бұл күнде тұрмыс-салт жырлары той-томалағымыздың сәніне айналуда.

Ата мұрасы, халық өнері әлі күнге дейін қазақ әдебиеттану ғылымында социологиялық және эстетикалық түрғыдан терен зерттеле қойған жок. Халықтың эстетиканың көп мәселелері қаға берісте қалып келе жатыр. Біз соның бір ғана саласына, атап айтқанда, халықтың эстетиканың ауыз әдебиеті үлгілерінен көрінуіне назар аударып, сыншылық ойдың бастауын анғартпакпыш.

Басқа халықтар сияқты, қазақ елі де қоне заманнан бері сұлулық пен әсемдікті айрықша ардақтай білген. Оны сөз өнерімен қастерлеген. Көрік пен келбеттің, шынайы сұлулық пен табиғи әсемдіктің тамаша үлгісі «Қыз Жібек» жырындағы көш суретінен анғарылады. Қыз Жібекті ізден келе жатқан Төлегеннің талай көшкө жетіп, қыз дидары мен қылышына көз салған тұстарында қаншама көркемдік таным жатқанына әрдайым мән бере бермейміз. Эйтпесе,

Көш алдына қараса
Бір қыз кетіп барады,
Шытырма көйлек етінде,
Нұр сәулесі бетінде,
Бұралып кетіп барады
Перінің қызы секілді.

Бұл сипаттаудағы әсем де ажарлы суреттер эстетикалық әсер туғызатыны даусыз.

Толған айдай толықсып,
Ақ сазандай бұлықсып,
Алтынды қамшы колға алып,
Әбжыландай толғанып,
Бұралып кетіп барады,
Жын соккандай текселіп,—

дегендегі сөз бояулары нақты портрет жасауға қажетті қимыл мен детальдарды аңғартады. Оң бір көштен өткен Төлеген:

Орта бойлы дембелше,
Алтын шыны кеседей,
Екі көздің шарасы.
Бейште жанған шамшырак
Қозінің гауһар қарасы
Тұған айдай иілген,
Екі қастың арасы
Сымға тартқан күмістей
Он саусақтың саласы.
Сондай-ак боп туар-ау,
Адамзаттың баласы,—

дегенде сөз бояуы кірігіп, ажарлы ару портреті көлеңдейді. Бұдан да асқан сұлу бар ма еken деген ой қылаң бере бастағанда жаңа бір көшке жетеді. Жыр әуені өз тыңдаушысын әсемдік пен сұлулықтың буына әбден жығып алған соң, әсірелеудің биік шегіне жетеді де кілт бұрылады. Бұдан әрі суреттеу қындалап, сөз бояуы гаусыла бастаған шақта көркемдік «кулыққа» көшеді. Тыңдаушысын тәнті еткен ақын енді өзінің поэтикалық мүмкіндігінің азайып қалғанын сезген соң, көш алдынағы келбетті бәйбішені, яғни Жібектің анасын суреттеуден басқа амалы қалмайды. Салдығы мен серілігі қыздардан асып түсетіндігін жыр өрнегіне косып өріп, әсемдікті ардақтау, одан ләzzат алу сезімін эстетикалық танымға айналдырады.

Осындаі ажарлы көрініс пен шынайы әсемдіктің әр алуан құбылысын түсіне білген оқушы енді өз қиялыша

ерік беріп, Қыз Жібектің сұлулығын көңіл көзінен өткізді. Бір ғажабы — жырда Қыз Жібектің бейнесі жасалмайды. Ақынның осалдырынан емес, қиял жүзіндегі сұлулықтың әсері күшті екендігін ескергендіктен туған көркемдік тәсіл. Сондықтан тыңдаушы, окушы өзінің көркемдік танымында әсемдік пен сұлулықтың келісті ажарын енді өзі кестелейді. Эркім өз сұлуын таңдайды, құшады. Міне, осындай жыр маржандары халықтың көркемдік таным-түсінігін, эстетикалық талап-тілегін қалыптастырмады дегенге кім сенбек?

Ол ол ма, халықтың керемет қиялы тек адамның ажар, көрік, сұлулықты тану-сезінумен шектелмей, қымыл әсемдігін, іс-әрекет жарастырын да келістіріп айта білген. Оны шын поэзияға айналдырған, көзге көрсеткен.

Шырағым Бурыл, шу,— деді,
Күбылып Бурыл гуледі,
Табаны жерге тимеді
Тау мен тасты өрледі...
Қөлденен жатқан кек тасты
Тіктең тиген туяры
Саз балшықтай иледі...

Осы суреттегі әсем қымылды әсірелеудің күштілігі мен нағымдылығы соңша, болмайтынды болдырады да, халықтың эстетикалық талғамын оятады. Сөзбен жасалған осындай тамаша суреттер, көрікті келбеттер, ажарлы әсемдіктер талай үрпақтың көркемдік танымын тәрбиелеп, сезімін жетілдірді, түсінік өрісін биқтетті.

Сынның негізгі мақсаттарының бірі — ажарсыз бен келіссізді мінеу емес, ең алдымен адамның жан дүниесін, талап-талғамын әсемдік пен сұлулыққа, ізгілікке тәрбиелеу. Ендеше ауыз әдебиетіндегі талай тамаша көркемдік тәсілдерді қадірлеп, оның шын мән-мағынасын ашуға тиіспіз.

Қазақ ауыз әдебиетінде ерлік пен ездік, адамшылық, пен зұлымдық, жақсылық пен жамандық, достық пен қастық, адалдық пен опасыздық, баяндылық пен тұрақсыздық, саналық пен санасыздық бір-бірімен қашаннан бері арпалысып келе жатқан құбылыс екенін саралайтын ғибратты шығармалар көп. Халық әшейін ермек үшін емес, оны өмірде пайдалану үшін шығарған, көреғарлықтың ақ-қарасын айыра отырып, өзінің көзқарасын білдірген. Халықтың эстетиканың, әдеби сынның бастауы, қайнар көзі болып табылады.

Фольклордың қай туындысын алсақ та ғибрат айтарлық, жән-жоба мен ұлгі-өнеге көрсетерлік қасиеті мол. Мұның бәрі де халық пікірі, келешек үрпақты тәрбиелеудің эстетикалық қуралы деп тануды қажет етеді. Тіпті тұрмыс-салт жырының бір саласы — беташардың мәніне назар аударыңызы. Қайын жүрттың бар адамын мінездей, сипаттай келіп, жас келінге олардың әрқайсысына қандай сый-құрмет көрсетуді айтқанда ибалы тәрбиенің қағидаларымен қатар тіршілікке қажетті іс-әрекеттерді тусіндіруі басым жатады. Демек, мұның өзі тек дидактикалық сипат алып қана қоймай, ғасырлар бойғы тәжірибеде шындалған шындықтарды іріктеп, сұрыптаپ айтуға негізделеді де, эстетикалық мәнге ие болады. Творчестволық саралаудан өткен осындағы көзқарастан халықтың сыншылық ой-пікірі көрінеді.

Қазақ әдебиетінде адамның жас мөлшеріне байланысты шығармалар көп. Адамның тууы, өсуі — табигат заңы. Бірақ халық санасы адам өмірінің әр кезеңіне әр қылыш сипаттама беріп, сәбілікке мәз болады, жігіттікті айрықша қадірлеп, көрілікті сықақтайды.

Он бес жас құйын құған желменен тең,
Жиырма бес дауыл үрған перімен тең,
Отыз бес ағып жаткан селменен тең,
Қырық бес аю аспас белменен тең,
Жетпіс бесте көнілің жерменен тең,
Сексенде селкілдеген шал боларсын...

деген тәжірибе түйіні өлең өрнегіне талай өріліп, тыңдаушысына ғибрат дарытқаны сөзсіз.

Сонымен ауыз әдебиетінің қай үлгісі болмасын халықтық эстетиканы, халықтың сыншылдық көзқарасы мен парасатын танытып отырады. Өйткені көркемдіктен ләззат алу, әсемдік пен сұлулықты ардақтау, озық үлгі-өнегеге бастап, жамандықтан жирендіріп отыру — халықтық талап-талғамның жемісі, сыншылдық көзқарасының нышандары.

Қазақ ауыз әдебиетінің ең көне түрлерінің бірі — айтыс жанры. М. Әуезовтің сөзімен айтқанда, «өлең жарысы, өнер жарысы» ретінде «ақынның сынға түсестін майданына» (Е. Ысмайылов) айналады. Демек өнердің қадір-қасиетін айқын тану үшін белгілі бір эстетикалық критерийлер жасалады. «Ақындар айтысы тыңдаушы, сынши жүрттың көз алдында туып, орындалады. Мұнда тыңдаушы жүрт құр естүші ғана емес,

айттысушылардың сөздерін сынауши, қорытуши болып отырады. Ақындардың бірі жеңіп, бірінің жеңілгеніне төрелік айттуши да сол жиынның өзі болады» («Қазақ әдебиетінің тарихы» I том, 1-кітап, 1960, 673-бет).

Қызу айттыс үстінде ағыл-тегіл өлең шумақтары ақындық қиял-шабыттың жемісі ғана емес, әлеуметтің шындықтың сыртқа шыққан көрінісі. Міне, осы кезде творчестволық сарапалу принципі бой көрсетіп, көркемдік ажар табады. Сондықтан да ақындықтың сыр-сымбаты мен психологиясын арнайы зерттеген Е. С. Ысмайылов: «Ақын өмір шындығын қайшылық көркемдік бейнемен қабылдан танитын болса да, оның түпкі реалдық негізі ақынның саналы ойынан мықтап орын амады. Сондықтан шашашаң айттыс, суырып салып жырлау үстінде түйдек-түйдегімен айттылатын өлең, жыр санадан тыс, тек сезімнің, шабыттың ғана жемісі емес, ақынның саналы образды ойының түйінді, жинақты көрінісі» деп айттыс жанрының ішкі сырын ашып, соны эмоциялық түрғыдан түсіне білген халықтың эстетикалық талап-талғамының жетілгендігін аңғартады («Ақындар, 1956, 32-б.». Халықтың эстетиканың мәнді принциптері ақындар айттысинаң, айшықты сын пікірлерінен анық байқаляп отырады. Ақындар тек сұлулық пен асқақ сана-сезімді ғана қастерлемей, әлеуметтік қиястық пен ожарлықты, қоғамдық зорлық-зомбылықты, кем-кетіктерді айтып, өздерінің өнерін өрелендіріп отырады. Ажарлы сөз, тапқыр образ, өткір тенеулерге айрықша мән береді. Әуелінде тілек айту, ықылас білдіру сияқты эстетикалық сәттер ұшырасқанмен шабыт шалқары алысты шалар кезде сатыр-сұтыр сөз наизасы сұнғыла-сып жатады.

«Жұз толқытып жібектей өлеңінді айт»,
немесе «Сусындағы өлеңнің тұнығынан»—

деген сияқты тілек білдіру айттыстың алғашқы сәтінде аңсын анду, ақынның дарын қуатын аңғару үшін қолданылатын өнерпаздық амалдар. Ал озық өнерімен, ән думанымен қадірлі болған ақын өз басын асъра бағалап, қарсы ақынды кішірейте сөйлеп, мысын басып алуға үмтүлуге да эстетикалық зандаулыққа бағынады. Өйткені сөз өнерінің сипаты туралы халықтың түсінік айқындалып, талап-талғамының қалыптасуына жағдай жасалады.

Өлеңге бейсауат сөз қосамын деп,
Калтырап топ ішінде пакыр болдын,—

не болмаса:

Көсілген көмекейің ақын емес,
Суындаі сөзің нәрсіз шалшық көлдің,—

дегенде бірін-бірі сынап, мысын басу ниеті басым жатқанын көреміз. Жамбыл мен Құлмағамбет айтысындағы:

Болғанда мен — ақ сұнқар, сен — бір тауық,
Сен этеш — айқайлағыш ауық-ауық.
Болмаса аты шықкан Сүйінбайың
Басқасын қою керек жылы жауып.
Ажал түртіл жүрмісің аңдамастай
Оқтаулы ақ беренге қарсы шауып.

Әсет пен Ырысжан айтысындағы:

Айыр көмей, жез тандай, қаусырма жак,
Алты арықса білінген әкең мемін.
Сөз тамырын байқарсыз тартысқанда,
Жығылмай түзу кетсен, ақын дермін,—

дегеннің бәрі де қарсылас ақынның сағын сындыру максатын көздеумен қатар, сөз өнерінің құдіретіне қанша мән берілетінін айқындайды. Осының классикалық үлгілерін Біржан мен Сараның айтысынан анық көреміз. Бұл айтыста от шашып, найзағайдай жарқылдаған сөз өрнектері мен бедерлері өзінің образдылығымен ғана емес, эстетикалық нәрімен асқақтай түседі. Сондықтан олардың өнер тартысы халықтық эстетиканың негізгі талаптарын аңғартып отырады. Әрбір ақын өзін көтере сөйлеген уақытта ойлы, ажарлы сөзге халықтың қаншалықты мән беретінін ескеріп:

Сайраған Орта жүздің бұлбұлымын,
Арғыниның Алтай, Қарпық ақтан көрі.
Барабар сөзі теңдес адам болса
Көңілімнің тарқаушы еді қайғы-шері...
Алтын менен, күмістің нақысындей
Міні жок бізден шығар сөз бедері,—

дегенде, бейнелі сөзді көркемдік талғам деңгейінде түсіну жағы басым. Осындаі сөз құдіретіне табынған, оны аспанға көтерген Біржанға Сара оңтайлы жауап бермесе, мұндай айтыс та болмас еді. Сара:

Данышпан білгіш қой деп ойлауши едім,
Арғын да айтады екен жоқты мактап.
Найманда екі жүзді наркеескемін
Желкенді кимак ушін қойған сақтап,
Тозаңын анда-санда бір бұрқ етер
Саулатсам қызыл тілді екі жактап,—

деп жауап қайырғанда, Біржан қарсыласының тегін еместігін, сөзден тұзак құра алғатындығын сезеді де үлкен өнер тартысына жетектейді. Сара да бөтен сөзбен айтыс шырқын бұзбай, өнер еліне беттеп:

Сөзбенен жеңемін деп ойламаныз
Бір жерде мұдірер деп, көңіл беліп,—
Жұз Жанақ, он Орынбай жолдас алсаң,
Мен кепіл сен жеңілмей тұрмасыңа.
Санаң болса осымен тоқта, Біржан
Арғынды бос қаздырмай үргашыға,—

дегенді естіген соң, Біржан Сараны шын өнердің өзегіне тартып, айтысты өрелендіре түседі.

Барынша өнерінді аянбай сал,
Көңілімді көтермей-ақ сөзбен жуып,—

деп алады да, соны әуенмен өзінің өнерімен таныстырады.

Ой желке, қамыс құлак, қаракекпін,
Тұныктан жүзіп ішпей қанбайтұғын...
Әнімді он екі взвод жіберейін
Есіңен өле-өлгенше қалмайтұғын.

деп, Сара бұрынғыдан да өрлеп, қолға оңай түспейтін бұлбұл екенін аңғартады. Соны сезген Біржан:

Шіркін-ай, мұндай жүйрік туармысың,
Сейлейсің алтындей қып сөздің жезін,—

деп, айрықша ардақтап, өнеріне тәнті болады. Енді «мақтамен бауыздамаса» алдырмайтындығына көзі жеткен Біржан шырайлы шындыққа дақ салатын өмір өткелін іздейді. Бұл әуелінде сүріндірудің тәсілі болғанмен, Сараның жүрек жарасына айналған Жиенқұл сұлу өмірге жасаған қастандықтан көрініп, жалындаған сөз тартысы, өнер тартысын біртіндеп қайғы-мұн торлайды. Ақындық интонация да өмір шындығына оралып Сараның мысын құртады. Сөйтін екі ақын «екі жақсы бір жерге қосылмайды» деген халық даналығын растайды, өнердің қор болғанын паш етеді. Бірін-бірі

жену, мұқату ойы енді екінші қатарға шығып, халықтың жанын жадырататын өнерпаздың қор болып бара жатқанын көрғен Біржан Сараның ақындық дарынына бас ийі:

Садаға тырнағынан кетсін, Сара,
Сан жүйрік көріп едім мен нелерді!—

деп алады да, халықта, ел-жұртқа қарап:

Қылайын көп үзатпай сөзді қысқа
Өлеңге жан көрмедин мұнан тұста;
Аты үргашы демесен, карындастым,
Адамның артығы екен осы тұста.
Шынымен бантап құнде дауға салса
Ілеспес ақын түгіл, ұшқан құс та,—

деп марашаттауының өзі өнерді тану, оны қадірлеудің әстетикалық астарын анфартып, сыншылық ой-пікірмен сабактасып кете барады. Біржан мен Сараның айтысы — ақындар айтысының классикалық үлгісі және өнер қасиетін айрықша ардақтаған тамаша туынды ғана болып қалмай, құні бүгінге дейін ел жадында өнерді құрметтеу, өнерпазды қадірлеуді өнеге тұтар халықтық әстетиканың шыны. Ақындық дарынның қофамдық мәнін айқындау арқылы көркем сөздің қадір-қасиеті, өнерпаздардың абыройы, елге тигізер әсер-ықпалы еселеңе түсіп, халықтық әстетиканың мәнді принциптері қалыптасады.

Қазақтың ақындар айтысындағы сыншыл ой-пікірлер мен көзқарастың жаңа бір соны сілемдері Сыр бойы ақындарының айтысынан көрінеді. Олар көбіне жазып айтысатындықтан және екеу ара емес, бірнеше адам сез сайысына түскендіктен жазба поэзияның сілемдері, әстетикалық сынның элементтері байқалады. Шығыс дәстүрінің ықпалдары, көбіне сюжетті әңгіме-ақыздары, жұмбақтары араласып, оның шешуін іздеу де, сондай-ақ өздерінің өмірін сынауы да, айтысуышыларға төрелік айту да айтыстың жаңа бір түрі ғана емес, халықтық әстетиканың бір парасы болып көрінеді. Ол айтыстар тарихта аты қалған Шораяқтың Омары, Ізтілеудің Тұрманғанбеті, Кете Жүсіп, Таубай Жүсіп, Қаңлы Жүсіптердің өзара сөз жарыстыруынан тұтанып, әлеуметтік-әстетикалық мәселелерді қозғап отырған.

Шораяқтың Омары Ботабайдың Әбішіне мін тағып, басшы болсаң ақылды бол, сөздің нарқына түсін деген-

де Таубайдың Жұсібі Әбіштің «намысын» қорғап, Омарға тиіседі:

Болды рой шайырлығың халыққа мәлім
Жүйріктей заманында озған топтан,
Ұялмай үйқас сөзге мәз болатын
Өтпеген бала емессің балигаттан.

Бұған «шамданған» Үбіраш Ержанұлы Омарды жақтап жауап жазады. Оның ақындық өнеріне көңілі толмаған Таубай Жұсіп:

Әбият, назым, гәзел, бәйіт, мұхаммас*
Мазмұның көріп едім бірталайды.
Кітаптың, не қазактың үйқасына
Келмерен екісі бол бір ынғайды.
Шарлапсың, сөз көшесін шамадан сырт
Қырық құрап қындысын қықымдардың.
Термесі ия өлеңіне ұксамайды
Қырғыз бен қарақалпак, сарт, ноғайдын.
Білмеймін орыс назымы бола қойса
Ұзынды-қысқалысы осындайдын,—

деп Үбіраш өлеңін сынап, оның ешбір жөн-жобаға келмейтінін, өзінің әр ел поэзиясынан хабары барын антардады. Мұндай шумақтан сынның элементтерін бірқыдыру мол кездестіреміз. Кете Жұсіп, Қаңлы Жұсіп, Нақып Қожаның жазбаша айтысы бірнеше жылға, яғни 1908 жылдан 1915 жылға дейін созылып, айтысушы үш ақынға кейде жарастыру, кейде от беріп тұтату, кейде билік айту мақсатымен Қәңесбай Сүйінішбайұлы, Аппаз Жарасбайұлы, ақын Тұрмағанбет Қерейіт Даңмұрын, Мықан Балтекейұлы, Мансұр Бегежанұлы араласқанда екі Жұсіпті Тұрмағанбет татуластырып, айтысты токтатқан екен. Мәселе олардың ұзак айтысуында, көл ақынның араласуында ғана емес. Осы айтыста бір-бірінің өлеңін сынау тенденциясының айқындығында. Кете Жұсіп өзінің бір жауабында:

Екі «ұят» бір орында қате түсіп,
Сөзімді халық сынапты болған алжас.
«Гүл» мен «бақ» бір орында төрт айтылып,
Қеткен жоқ кеңесінен келмей үйқас.
Топқа айтып мұнан былай мін тактырма,
Ағаңның сөзі болса жазған оғаш,—

деп өз өлеңінің кемшілігін мойындейды. Бірақ Қаңлы Жұсіптің шақпа тілі, әсіресе менсінбену ниеті жаңына

* Шығыс поэзиясындағы өлең түрлері

батқаның жасырмай айтқанда айтыс тағы да үдең сала береді. Бір сүріндіріп алғанына мәз болған Қаңлы Жүсіп енді дыбыс үндеңстігін, үйқасын, жүйесін сактауды талап етеді, сөзді мәніне қарай қолдану қажеттігін ескертеді.

Сынменен сирағымнан соңша басып,
Емлесі келмегендей басқа үйқастың.
Тұспей-ак біздің ізге, өз бетіңмен
Білікті емес пе едің адаспастың,—

деп тың тыныс, өзіндік өрнек таба алмаған ақынды сыйнайды.

Осы ұзақ-сонар айтыстың негізгі арқауы — екі ақын бір-бірінің өнерін, ақындық арынын мінеп-сынаудан өрбиді де, шын өнердің қадір-қасиетін ардақтауға, өнерпаздардың тату болып, ел мұнын жырлауға, өнеге боларлық сөз тудыруға үндеген. Ал көркемдік жағынан болымды-болымсыз айтылуы екінші мәселе.

Ақындық өнерге қойылар талап жайында Нұриланың Үмбетәлігे айтқанынан анық көреміз:

Бұл Үмбет ақын емес, анық шатпак,
Ежелден ескі мінез сөзге такпак.
Әйгілі ақын болсаң ел мактайдын
Сөзінді сөйлесеңші екі жактап.
Әйтеуір ақынмын деп әуектейсің
Білмейсің не айтқаныңды қылжалактап.
Белгісі өлеңшінің олай емес,
Жақсының сөзі балдай сырлы кеңес.
Майда тіл, жұмсақ көңіл болмайынша
Ақындық адамзатқа оцай емес,—

деген ойлар сыншылдық ауылының алыс еместігінің, ақындық дарынға қандай талап қойылатындығының дәлелі.

Ақындар айтысы — өнер жарысы, сөз сайысы. Ол халықтық эстетиканың ең мәнді де құнарлы принцистерін белгілейді. Осындай озық дәстүрден нәр алған халықтың сөз қадірін білуге, оған айрықша мән беруге үмтүлүү — мақтапыш. Ақындар айтысы бір жағынан эстетикалық мән-мағынасымен елдің көркемдік талап-талғамын тәрбиелесе, екіншіден, тарихи деректерге толы. Қөптеген тарихи мағлұматтар хатқа түспегенімен, мұлдем үмт болып кетпегенін ақындар айтысЫнан көреміз. Қөшпілік айтыста ең әуелі ақынның қай елден, қай рудан екені, оның қандай өнерпаздары болғаны, тарихтан өткен билері мен батырлары жайлы айтыла-

ды. Осы айтыстардан талай ақынның өмірбаяның сүыртпақтап, тілті қай жерде болғанын, кіммен кездескенін, қандай ақынмен сөз сایысина түскенін, нендей олжа, абырай-атақ алғанын білуге әбден болады. Атабабаларының шежіресін шертетіні қашшама. Сонымен катар, айтыс барысында әр өлкенің кәсібін, шаруашылығын, әдеп-ғұрпын, этнографиялық ерекшелігін, аймактық айырмашылығын аңғару қын емес.

Қарақалпақтың классик ақыны Эжініяз бен Менең қыздың, молда Мұса мен Манат қыздың, Тұбек пен Құлмағанбеттің, Орынбай мен Шортанбайдың, тағы басқа айтыстардың бәрі дерлік тарихи, әдеби, этнографиялық деректерге толы. Ақын өміріндегі кезендік оқиғаны әдейі қадай айтатын сәт көп. Мәселен, Ақан серінің:

Омбыда патша келіп болған жиын
Қалдырмай бәрін тегіс болыс, биін.
Министр, губернатор, советниктер
Бас косып, мәжіліс болған ұлы дүйім.
Николай император құзіретіне
Сейледім бұл қазақтың жайы-куйін,—

деген дерегін архивтерден іздең тауып, «қазақтың жай-куйі» туралы не айтқанын біліп алу тарих үшін айрықша қажет. Демек, қазақтың ақындар айтысъына тек эстетикалық қана емес, тарихи-этнографиялық түрғыдан қарап, арнайы зерттеу — қазақ әдебиеттану ғылымының кезектегі өзекті проблемасы.

Халықтық эстетиканы сөз еткенде оның ең мәнді де айшықты қөрінісін ақындар айтысъынан кездестіреміз дегенде, халық творчествосының басқа саласына назар аударудың қажеттігі жоқ деген пікір тұмаса керек. Ауыз әдебиеті өмірдің алуан саласын қамтитындықтан халықтың ой-арманы мен тілегі, дүниеге көзқарасы, көркемдікті тану процесі, оған өз ойын білдіру әрқашан қөрініс беріп отырады. Халықтық эстетиканың сілемдері юмор мен сыққаттан, әзіл-оспақ өлеңдерден, әжууалағыш сатиralардан, сондай-ақ лирикалық толғаулардан да аңғарылады.

Халықтың эстетикалық танымы мен сыншылдық ой-пікірі ауыз әдебиетінің қай саласынан болса да кездесеттіңі туралы сөз болғанда, бірер жайға назар аударған жөн. «Қазақ ауыз әдебиетінде жерге, елге, малға айтылатын шешендік сынның алуан түрі бар. Түйенің қомы, аттың жалында өскен малшы, аңшы қазақ аса сыншы келеді. Жүйрік ат, қыран құсты шаппай, үшпай тани-

тын саяткер, құсбегілер болған, ізіне қарап түйенің түсін айтатын, қозыға қарап қоралы қойдан енесін тауып салатын, жоғалған биенің іште кеткен құлышын ат болғанда танып алатын сыншылар туралы ақыздар көп» («Қазақ әдебиетінің тарихы», I том, 146-бет).

Сол сияқты, «ата балаға, көпті көрген көне жаңа талап жасқа сын айтып, болашағына болжал жасау — казақ елінде ежелден келе жатқан дәстүрлердің бірі» (бұда сонда, 147-бет) екендігін еске алғанда, қазактың билер және шешендей сөздерінен нелер шұрайлы ойларды кездестіреміз. Қазақ халқының бай ауыз әдебиетінің эстетикасын терең зерттеп, мән-мағынасын жарқырататын түсіндірсек, әр халық өзінің дүниетанымының шамашарқына қарай адамзат мәдениетіне үлес қоса алатындығын, түйінді ойлар мен қомақты пікірлер айта алатындығын байқаймыз. Сонымен қазақ ауыз әдебиетінің тамаша үлгілерінде, әсіресе ақындар айтысында халықтық эстетиканың таным-түсінігін қалыптастырыратын шұрайлы өрнектер мол, жиі кездеседі. Айтылар ой, қорытар пікір, берер баға өнердің, әсіресе сөз өнерінің қадір-қасиетін, өнерпаздың дарын қуатын айқындайтын халықтық эстетиканың әр алуан принциптері бой көрсетеді. Накты дәлелдер, жүйелі талдау-анализдермен тұжырымдала бермесе де халықтың сыншылдық ой-пікірінің, эстетикалық таным-білігінің айшықтары анық көрініп жатады. Оны сыншылық ой жүйесінің бастауы, қайнар көзі деп біліп, әрбір көркемдік күбылышқа жіті назар аударған абзал.

2. КӨНЕ ДӘУІРДЕГІ СҮБЕЛІ ОЙЛАР

Бағзы замандардан өнер мен талғам қатар жүрген. Талғам тек тамсанудан, қоштаудан ғана тумайды. Жақсы мен жаманың, ізгілік пен зұлымдықтың, сұлулық пен ажарсыздықтың ара жігін ажырататын таным-білік, парасат, түсінік әрқашан әділдік туын тіккен. Бұл процесс халықтық эстетикада ғана емес, көне замандағы түркі ескерткіштерінде, ортағасырлық жазбаларда, мұсылман, қараханит, Алтын Орда замандарындағы, Қазақ хандығы тұсындағы жыраулардың, шешен-білердің туындыларында, мемлекет қайраткерлері мен ғұламалардың тарихи зерттеулерінде, жарғыларында кездеседі.

Қазақстанның кең өлкесін жайлаған тайпалардан қалған ескерткіштер ежелгі мәдениет үшін де, оның әр килем салалары үшін де айрықша құнды. Сондықтан V—XV ғасырларда жасалған рухани байлықты бүкіл түркі тілдес халықтардың ортақ мұрасынан бөлмей, әр халық өзіне қатысы барларын жалпының бөлшегі ретінде зерттеп, өзіндік таным-білікке пайдалануға тиіс. Сондықтан қазақ әдебиет сынының қайнар көзі, мәнді бір арнасы ретінде сонау көне заман ескерткіштерінен бастау алғаны жөн.

Көне дәүірдегі туындылардың көркемдік сипатына Б. Қенжебаев пен Ә. Марғұлан Ұлы Отан соғысына дейінгі кезеңде-ақ көңіл аударды. Ал «V—VIII ғасырлардағы халық фольклорында эпостық поэзияның Орхон ескерткіштерінде жазылып қалған ең ертедегі ақындық тәсілдері мен дәстүрлері белгілене бастаған. Бұл поэзияның элементтерін Құлтегін мен Білге ханының басына қойылған құлпытастардағы жазулардан көруге болады. Бұл жазулардың тексі эпостық әңгіме стилінде жазылған» (Қазақ ССР тарихы», А., 1957, I том, 117-бет). Көркемдік танымның алғашқы элементтеріне жататын пікірлер мен бейнелі ойлар Орхон-Енисей, Талас-Шу ескерткіштерінде көптеп кездеседі. Мәселең, «Табғаш халқының сөзі тәтті, бүйімы асыл еді. Тәтті сөз, асыл дүниесіне көп алданып, түркі халқы қырылдың, түркі халқы жойылдың» (М. Жолдасбеков, «Асыл арналар», А., 1990. 44-бет) дегендерді де немесе «Қол қосылса — күш өсер», «Жұқаны таптау — оңай, жіңішкені үзу — оңай» деген мақал-мәтелмен қатар «Орхон» ескерткіштерінде шешендік арнаудың, келісімді ырғактың, ойлы мақалдың, азалы жоқтаудың» (сонда, 76-бет) үлгілері көп ұшырасуы халықтың эстетикалық таным-білігін, сайып келгенде, көркемдік түсінігін қалыптастыра беруге септігін тигізді. М. Әуезов сол жазуларда «эпостық аңыздардың шағын да ықшам фабулалық желілері бар» деп тапқан болатын.

Корқыт әфсаналары мен «Оғызнамадан» біз талай үлгілерді көреміз. Корқыттың Желмаямен желіп журіп жерүйік іздегенде әр өлке-аймақа берген бағаларында сыни көзқарас басым жатады. Шешендік нақыл, өснег сөздерде «Ат түяқты келеді, ақын тілді келеді», «Ескі темір біз болмас, ескі дүшпан дос болмас», «Қүйің үшін өлейін, тілің үшін өлейін, құлым», «Тізгіңсіз тіл бас жүткізар», «Ақын тілі қақсауық», дегендерде сыни

көзқараспен қатар пәлсафалық ой ағыны құшті екенін көреміз («Жалған сөздің дүниеге келмегені мақұл. Адам ішпес ашы судын ақпағаны мақұл»).

Көне әдебиетіміздің мұсылмандық дәуірі ғылыми-әлеуметтік ой-пікірлерімен қатар эстетикалық таным-біліктің қайнар көзін бұрынғыдан да кеңірек ашып, адамзаттық мәдениетке үлес болып қосылатын үлгілерді мол тастан кетті. Өзгелерді былай қойғанда, әл-Фарабидің қолынан жүзден аса еңбек шыққан. Оның социология, этика, әсіреле әстетика мәселелерін қамтитын күрделі де қомакты еңбектері, атап айтқанда «Ақылдың мәні туралы трактат», «Мемлекет қайраткерлерінің афоризмдері», «Қайырымдық мағынасы хақында», «Ғылымды менгеру және оның мақсатын түсіндіру», «Ғылымдардың шығуы», «Сөз ғылымын классификациялау», «Аристотель еңбектеріне түсіндірме (поэтика, риторика, софистика)», «Музыканың ұлы кітабы», «Өлең кітабы», «Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат». «Поэзия туралы» әлі күнге дейін таптырмай келе жатқан «Өлең ырғағы туралы», «Ырғақ пен өлең туралы трактат», «Поэзия өнерінің негіздері туралы», «Өлең және үйқас туралы сөз» атты еңбектері әдебиеттанудың өзекті салаларына арналған, әдебиет теориясын жан-жақты зерттеген.

«Сөз өнері дерптен тең» екенін әл-Фарабидің ғылымдарды жүйелегендеге бірінші орынға қоюынан-ақ анық байқаймыз. Бар ғылымды бес салаға жіктең, бірінші кезекте тіл туралы ғылым және оның бөлімдеріне назар аударады. Тіл туралы ғылым әр халықта жеті ірі бөлшектен тұрады дей келіп, сөз құрастыру ғылымының ең өзекті саласы — өлең құрастыру өнері екенін айтады. Атақты шешендер, ақындар мен сөзуарлардың артында қалдырған мұраларын зерттеу амалына, поэтика зан-дылықтарына тоқталады. Ал ол өз кезегінде буын-бунақ, сөз әуезділігі мен үйқас жүйелеріне бөлінетіндігін айтып, теориялық толғамдар жасайды.

Аристотельге қанша сыйынып отырғанмен, әл-Фараби риторика мен поэтика жайындағы ойларын таза эстетикалық түрғыдан: «Сәннің кілті — сәйкестікте, сәйкестік жок жерде сұлулық аз», «Сұлулық сүйсіндірсе, ұсқынсыздық жиіркентеді» деп табады да, осының ішкі зан-дылықтарына үңіледі. Әл-Фараби поэтиканы үшке бөліп қарайды: 1. Өлең құрылсы мен оның өлшем түрлері. 2. Үйқас. 3. Әуезділік.

Поэзияның алғашқы негізгі элементі — фонема — сөз болса, музыканікі — тон, әуен, ал живописьтіні (жанды жазу) — бояу екенін айтып, оқығанда да, тыңдағанда да, көргенге де олардың үндестігі сезілмей, адамды қуаныш сезіміне батыруы керек. Сондықтан әуен мен сезідін, бояудың үйлесімі мен пропорциясы қатаң сақталуы тиіс.

«Поэтика (көркем ой) және оған қатысты нәрселер сезіммен, қиялмен және санамен бірдей байланыста болады. Өлең біздің сезімімізге, қýялымызға, ақыл-санамызға әсер ететін сыртқы дүниенің көрінісін қайта еске түсіре білу» деп тапқан әл-Фараби («Философиялық трактаттар» А., 1973-бет) одан шығатын салдарларды, оны жазушыларды, әсіресе ақындарды өз ерекшеліктеріне қарай жіктейді.

Кейбір ақындарда елестету, қиялдау қабілеті күшті болса, әуен ырғағына көбірек ден қойып, дарын қуаты дараланады. Қайсыбір ақында түйсіну қабілеті басым болса, сезімге сүйенбей-ақ өлең шығара береді. Осы қабілеттер тұтастық тауып, кемелденсе, ақын өзінің қиялын да, елестету қабілетін де, сезім түсінігін де ақыл-санана бағындырып, көркемдік шеберліктің биігіне көтеріледі деген тұжырымдар жасайды.

Әбу Нәсір әл-Фараби «Өлең өнерінің қағидалары туралы трактатында» көне грек өнерін Аристотельдің түйіндеңдерінен гөрі тарамдата баяндап, трагедия, дифирамба, комедия, ямба, драма, диаграмма, сатира, поэма, эпос, риторика, амфигенезис (космогония), акустика деп әрқайсысына анықтама береді. Әрине бұның бәрі бүгінгі жанрлық жіктеулерге қабыса бермесі өзінен-әзі түсінікті. Бұлар — көркем шығарманың жанрлық сыртқы көрінісі. «Поэзия туралы» деген еңбегінде араб поэзиясының сыр-сымбаты, әсіресе бәйіт жазудың он бір шартын атаған. Мұның негізгі принциптері адамзаттық шығармашылыққа жанасымды болғандықтан, сонау көне заманның өзінде өлеңнің сыртқы көрінісіне ғана емес, ішкі заңдылықтарына көніл бөлген ғұлама-лықтан ғибрат алуға тиістіміз.

Әл-Фараби араб ақындары шығарма жазғанда міндетті түрде қалыптасқан ережелерді басшылыққа алғандарын айтады. Олар:

1. Бәйіт шумағы дәстүрлі, бұрыннан белгілі не мұлдымың образдармен түйікталады. Бәйітті түйіндеуге

арабтар айрықша мән бергендіктен өлең өрнегі әрі ажарлы, әрі көркем болады.

2. Образды сөз ұқсатылған затын көзге елестетуі керек.

3. Үйқас міндепті түрде сақталуға тиіс.
4. Сөз ағыны бунақа бөлінеді.
5. Ыргақ, бунақ бөлшектері бірыңғай болуы шарт.
6. Сөздер белгілі жүйемен орналасады.
7. Сөздердің әуезділігі бірдей болуы шарт.
8. Буын сандары бірдей болмақ.
9. Әрбір тармақтың үйқасы әрқашан бірдей.
10. Ұқсатылған заттың сыр-сипаты сөз әуенінен аңғарылуы шарт.

11. Сөздердің ішкі үйқасы мықты сақталмағаны жөн деп табады («Логические трактаты» А., 1975, 545—546-беттер).

Сонымен әл-Фараби «ежелгі дәуірдегі араб, парсы және грек поэзиясының тарихы, тақырыбы, композициялық құрылышы, үйқасы, түр-тұлғасы т. б. мәселелерін әдебиетші ғалым ретінде жан-жақты зерттеді». (Н. Келімбетов, «Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі». А., 1986, 104-бет).

Әл-Фараби көне түркі заманы мен келесі кезең бастау алар өліарда өмір сүргендіктен оның осы екі этапқа да катысы бар екенін естен шыгармау керек. X—XIII ғасырларда араб тілі жалпы қолданыстан шеттетілгенімен алфавиті (жазуы) сақталды. Ал Орта Азия мен Қазақстанда түркі тілінің өз алдында қалыптасу процестері зор қарқынмен жүріп жатты. Өйткені «қыпшак, оғыз, қарлук және үйғыр тайпалары мен халықтарының тілдері негізінде X—XII ғасырларда араб графикасындағы түркі жазуы қалыптасты. Әдебиеттің көптеген ескерткіштері аралас қарлук-үйғыр және қыпшак-оғыз тілдерінде жазылды» (Қазақ ССР тарихы. А., 1983, 2-том, 113-бет). Ол тіл осы аймақты мекендеушілердің ортақ қарым-қатынас құралы, эстетикалық арнасы болды.

Түркі тілінің ең кесек және әлемдік мәні бар бір туындысы — Жүсін Баласағұнның «Құтты білігі» (XI ғ.). Бұл шыгармада сол кездегі түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының құрамына кірген ру-тайпалар тілдерінің тұтастық талқаны соншама, әр ел, әр жүрт өзімдікі деп иемденуге хақылы болды және шыгарманың тілін түсіну жағынан онша қинала берmedі. Сондықтан талай ғасырдың тәжірибесінен туған дана-

лық, шешендердің сөздер, мақал-мәтелдер, қанатты тапқыр орамдар, жыр-толғамдар өзінің төл дүниендей сезіледі.

«Құтты білік»— бүтін бір тарихи кезеңнің көркемдік, саяси-әлеуметтік арқауын жинақтаған рухани қазына. «Бүкіл тіл орамдары, тарихи мекен-жайлар, сөз толғамдары туысқан халықтармен қатар қазіргі қазақ тіліне де үндес. Поэтикалық, қоғамдық-әлеуметтік мәні жағынан, философиялық терең тұжырымдарымен туган еліміздің рухани, моральдық-этикалық тұлғасын, Қазақстан мәдениеті мен әдебиетінің бай тарихы мен дәстүрін көреміз». (А. Егеубаев, «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді». Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» кітабына жазылған алғы сөзден. А., 1986, 20-бет).

Халықтың көркемдік таным-білігін аңғартатын тоғызып жатқан арналардың біреуін ғана, яғни тілдің қоғамдық-әлеуметтік, эстетикалық мәнін айқындастырын бәйіттерге назар аударсақ, қазақ жағдайында бір ауыз сөзбен адам тағдырын шеше беретін дәстүрдің алғашқы бастауын көріп. Әткенімізде қаншама рухани байлық жатқанын аңғарамыз. Шынында да «ақыл көркі — тіл, тілдің көркі — сөз», «таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді, сөз қалады, таяқ табы кетеді» сияқты нақылдардың тек ғибраттық қана мәні бар деуге болмайды.

Тілімізде қаншалықты күш-куат, ызғар-айбат, үлгі-өнеге, аталы сөздер бар екенін мақал-мәтелдерден көреміз: «Тілінді бак, басың аман болады. Сөзді қысқарт, жасың ұзақ болады», «Ақынның тілі қылыштан өткір, қылдан жіңішке», «Сөз — ойдың көрінісі», «Тіл — елшінің қылышы», «Тіл мен сөз — көнілдің айнасы», «Ақыл мен білімнің тілмәші — тіл». «Қылыш елді күзейді. Қалам ерді түзейді». «Білім қадірін оқыған білер, зер қадірін тоқыған білер». «Жамандық озбайды, жақсылық тозбайды». «Айтылмаған асыл сөз ауыздан шықса бақыр болар», «Басыңа саулық тілесен, тіліңе мықтап кісен сал», «Адамның көңіл күйі бейне ат секілді: бірде семіреді, бірде азады». Бұларға ақыл-парасатпен қатар сыни ойдың тән екенін жоққа шығара алмаймыз.

Тілді менгеріп, сөзді ұқсатудың, оны эстетикалық түрғыдан сипаттаудың бір амалы поэтикалық оралымға айналдыру болса, осы көркем ескерткішті қазақ тіліне әударып, ғылыми зерттеу жасаған А. Егеубаевтың «Құтты біліктің» өлең өлшемі — қазақ өлендерінде ықылым заманнан келе жатқан 11 буынды қара өлең өлшемі. Поэма негізінен тұтасқан осы өлшеммен, бір

тыныспен жазылған. Әрине, бунак пен ырғақ тараулардың мазмұнына, тынысына қарай өзгеріп, ауысып отырады. Поэмалық поэтикасындағы бір ерекшелік — қазіргі қазақ өлеңінде төл қасиеті болып табылатын аттамалы үйқаспен жазылуы. Бұл, көбіне, Абай поэмасынан, XV—XX ғ. аралығындағы қазақ ақындарының шығармашылығынан кеңінен таныс түр. «Терме, толғаулада дәстүрге айналған аттама үйқаспен де сайма-сай, әділтес» (бұл да сонда, 31-бет) дегендерінде мән бар. Өйткені өлеңінде үлгі-бітімі оп-оцай және тез өзгеріске үшырай бермейтін, женил-желліге құбыла салмайтын, көбіне баянды өрнек екенін естен шығармаған абзal.

«Құтты білік» кітабының сын саласына айрықша жақындасар тұсы — тұнғыш рет қарасөзбен де, өлеңмен де алғы сөз жазылуы. Эрине, әл-Фараби ғалым ретінде кай еңбегіне болмасын түсіндірме беріп, талдау жасап отырады. Ал поэма жазып отырғандарын қысқаша кіріспемен өз шығармасының қалай туғандығын айтып, окушы назарын белгілі арнаға бұруы керектігін тамаша ескерткен.

Алла тағалаға арналар дәстүрлі мінәжатты орындағаннан кейін «бұл бір бек әзіз кітап» деп алады да, оның мүндай қасиетке ие болуы Шының мысал-хикматтарымен, Машының өлең-жырларымен безендірілгенін ескертіп, оны насиҳаттаған пенделердің игі де ізгі іс атқаратынына назар аударады. Түркістан елдерінде, яғни бүтін түркі халқы жасаған жерлерде Бұғраханға «түркі сөзімен бұл кітаптан жасырақ кітапты ешкім ешқашан жазған емес» (сонда 38-бет).

«Шығыс елі, құллі түркі ішінде,
Дүниеде — кітап жоқ бұл пішінде»—

деген ой-пікірін айтты (41-бет), әр елде жоғары бағаланғаның дәлелге келтіреді. Шындықтар «Шаһтардың әуен қағидалары», Машындықтар, «Мемлекеттің дәстүрі», Машырықтар «Өмір зейнеті», Ирандықтар «Түркі шаһнамасы», енді біреулер «Падишаларға насиҳат» десе, тұрандықтар «Құтадғу білік» деп атағанын, өмірді терен парықтап пайымдағаны үшін, керемет көркемдігі үшін сол елдердің хакімдері мен ғалымдары ықыласпен қабыл алғып, жоғары бағалаганының өзі кітаптың қаншалықты мән-манзызының болғандығын анғартып, уақыт пен әл сынынан өткендігін көрсетеді.

Кіріспе мен алғы сөзге тән баяндау мен түсіндіру принципі де қатаң сақталған. «Бұл кітапты Баласағұнда туған бір сахаба, тақуа кісі жазып шығарған. Әмма бұл кітапты Қашгарда тамамдал, Машырық мәлігі Табғаш Бұғраханның құзырына ұсынған. Мәлік оның еңбегін қадірлеп, жарылқап әрі ұлықлап Хас Хажыб деген атақ беріп, ерекше ілтифат білдірген» (39-бет) дегениңде де айтары анық сыни түсіндірменің бір түрі. Алғы сөзде жазылған кітаптың қысқаша сюжеті, ұзындығасы, тобықтай түйіні айтылатын сәт жиі кездеседі. Осы «Құтадғу біліктің» композициялық ерекшелігі быттайды: «Бұл әзіз кітап төрт ұлы ұғым, төрт қымбат қасиеттердің сұхбатынан құрылған: бірі — Әділ (Әділет), екіншісі — Дәulet (Бақыт), үшіншісі — Ақыл, төртіншісі — Қанағат» деп алады да оларға түрікше атқояды.

Әділге — Күнтуды деген айдар тағып, хан мағынасын ағартады, ал Дәuletке — Айтолды — уәзір, Ақылаға — Өгдүлміш — уәзірдің ұлы, Қанағатқа — Одғұрмыш — уәзірдің туысы мағынасын дарытады. Поэма негізінен монолог, пікірлесу, сұрақ-жауап түрінде жазылғанын баяндайды.

Осындай ой-пікірді енді поэтикалық өрнекпен оқушыға жеткізерде Жүсіп Хас Хажыб Баласағұн:

Кітапбында талай жайды айтады ол,
Бұл төрт ұлық сөздерінен байкалар:
Бірі оның — шындық жолы — Әділет,
Екіншісі — күт пен ырыс, Дәulet
Үшіншісі — ақыл менен парасат
Төртіншісі — ұстамдылық, Қанағат, деп

(44-бет) түсіндіріп алады да, «Әзіз кітап — бұл ұлылық негізі» екенін, оның құнын тек парасатты пендे біледі деп сандайды. Сөз соңын «Кітаптар көп арабша да тәжікше, Біздің тілде бұл жалғыз-ақ әзірше», деп хабарлаған Хас Хажыбың 85 бабтан, он шакты өснегеннен тұратын еңбегінің әрбір тарауында «Тіл өнерінің қасиет-сипаты мен пайда-зияны айтылады», «Білім, ақылдың қасиеттерін, пайдасын айтады», «Сөздің қадір-қасиеті және турашылдығы, шыншылдығы жайында», «Ұл-қызы туса, оларды қалай тәрбиелуе айтылады», «Сөз сиқыры туралы», «Ақындар туралы» деген айдармен беріліп, оқушы ойын негізгі мұдде мен тақырыпқа аударуы сыни пікірден ау-

лақ емес. «Өлең сөздің күдірет тұтқан халайық, енді ақынға біраз назар салайық» деп бастайды да:

Олар шебер мактауға да даттауға,
Сөзі ынғайлы жүрт жадына сақтауға,
Еркін үста, ақын жаңын үғын да
Сыйла бәрін, көтер кайғы, мұнын да,—

деп ақындық дарынның негізгі сипаттарын тізіп өтеді. Өйткені сәулелі сөз «шаштай нәзік, өткір алмас қылыштан» деп біледі. «Өлең — теніздегі лағыл, маржан, оны терең сұнгімей қолыңа түсіре алмайсың, шын сөзге бөбекінді бөле, ақындарды үқ әуелі, кір тигізбей үста, ойыңын өресін»,— деген сияқты ғибраттардың бәрі де сыни ой-пікірдің көне заманда да қадірлі болғанын көрсетеді.

Біздің қазақ әдебиеттану ғылымында күні бүгінге дейін арылмай келе жатқан бір жаман әдет бар. Ол — өлең жолдарымен айтылған ой-пікірлерге эстетикалық, пәлсалапалық трактат ретінде қаралатынын бұдан былай ескерер болсақ, онда қазақ халқының көркемдік, тарихи таным-біліктерінің өресі биіктен көрінеді. Сонда ғана оның басқа халықтардан деңгейінің тәмен болмағанын анық байқаймыз. Өйткені қазақтың мақтанары, тіпті моральдық та, материалдық байлығы, көзге көрсетіп, қолға үстараты да — сөз, сондықтан сөз өнерінің әрбір кезеңін қалт жібермей, жіті бақылап, халқымыздың терең рухани өресін басқаларға танытуға тиіспіз.

Түркі әдебиетінің өзіндік ерекшелігімен тарих сахнасына шығып, Элішер Науана дейін тартылған желісінде екі кезең жатыр. Онда әдеби құбылыстармен қатар сөз-лұғаттар және тарихи құжаттар аз емес. Махмуд Қашғаридің «Диуани лұғат-ат-турк» сынды еңбегі тек тілдік, сөздік түрғыдан да тексерілгені абзал. Соңғы кезде бұған көніл аударыла бастады. Өйткені «Диуани лұғат-ат-турктеңі» әрбір «әдеби шығармалар мен халықтық фольклордан алынған үзінділерді Махмуд Қашғари осы сөздіктеңі әрбір сөздің мағынасын оқушысына тереңірек түсіндіру үшін» (Н. Келімбетов, «Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі». А., 1986, 138-бет) түсіндірме, талдауларды қарасөзбен де, өлеңмен де беріп отырған болатын.

«Мен түріктер, түрікмендер, оғыздар, шігілдер, яғамалар, қырғыздардың шаһарларын, қыстақ пен жайлауларын көп жылдар кезін шықтым, сөздерін жина-

дым, түрлі сөз қасиеттерін үйренін, анықтап шықтым» деген кіріспе түсіндірмесінің өзі талай өлең-жыр, ертеғі-аңыз, мақал-мәтел, қанатты сөз сияқты көркем ұлгілермен жарқыратта түскенін көріп отырмыз. Олардың ішінде «Жақсы адамға сөз ереді», «Ағаш басына жел үйір, жақсы адамға сөз үйір», «Тілмен түйгенді тіспен шешпейді», «Тәрбие басы — тіл», «Ауыз көркі — тіл, тілдің көркі — сөз», «Күндестердің күліне дейін жау, «Ұшынған істі пара шешер», «Кен киім тозбайды, кеңескен білім азбайды», «Күш есіктен кірсе, әділдік түндіктен шығады», «Жаза тимес мерген болмас, жаңылмас көреген болмас» («Сөз атасы», жинақты құрастырыған Э. Құрышжанов, А., 1987) деген даналық сөздер мен мақал-мәтелдерді іріктеу, сөз жоқ, үлкен ғұламалықтың жемісі, кемел де саналы ойдаң олжасы.

Я болмаса Махмуд Қашғаридың сөздігінде өлең шумақтары мен жырларды көбірек жинағанын, олардың композициялық құрылышы, өлеңдік жүйесі, ырғак, үйқастары түркі қалпымен сакталғаны белгілі. Оны қазақ тіліне аударған Ф. Онғарсынованың «ата-бабаларымыздың бұдан тоғыз жұз жылдан астам бұрынғы жыр ұлгілерінің ерекшеліктерін байқады. Біріншіден, түпнұсқада жыр жолдары көбінесе етістікті үйқастар болып келеді. Екіншіден, әр шумақтың алғашқы үш жолы үйқасады да, төртінші жолы келесі шумақтың төртінші жолмен үндеседі» (М. Қашғар, «Жаз бен қыстың айттысы». А., 1985. З-бет) деген сияқты бақылаулатын айттуы әрине біздің эстетикалық таным-білігіміздің бір арнасы осы жақта жатқанын аңғартады.

Түркі тілдес класикалық әдебиеттің ішінде Кожа Ахмет Иассаудің орны ала бөтен. Қөркем туындыға таптық тұрғыдан қарап, алла-құдай араласып кеткендерін діни мерездер деп тапқан кезде ең зор теперішті көрген дарын — Иассауи. Тіпті үріккеніміз, шошығанымыз сонша, өмір бойы Түркістанда жасап, өзінің бар шығармасын сонда жазғанын ескермедік. Мәйіті сонда жатқанын ғана емес, Әзірет Сұлтандай әлемдік мәні бар кесенесі тұрғанын да көзімізге ілмедік. Небір зиялдарымыздың өздері оның «Хикмет» деген еңбегінің атынан шошып, қадір-қасиетіне жетпеді. Насыреддин Рағузи, Сүлеймен Бақырганилар оның жолын қуды деп тұлан тұттық. Соның салдарынан жалғыз түркі тіліндегі әдебиетте ғана емес, бүкіл Шығыста, жалпы адамзат әдебиеттің соғылықты өркендетушілердің бірі болған-

дығы қазак жұртына орасан зор абырой екенін енді-еңді түсінгендейміз.

Көркемдік дүниесінде өзінің даралығын таныту көбінесе дарын қуатына байланысты. Оның тек табиғаттың бергенімен ғана емес, зор еңбек, ауыр бейнетпен қанаттанатынын XII ғасырда айрықша көрінген софылық әдебиеттің өкілдері дәлелдеді. Әсіресе, Кожа Ахметтің пәни тірлігі мен шығарымпаздығы айрықша құбылыс еді. Өз елінен алған білімді араб, парсы тіліндегі шығыстың мәдени орталықтарында толықтырып, өлеңдерін таза түркі үлгісінде шығарғаны қандай ғанибет. Даналығы, шешендіргі, әділдігі, насиҳат ғибраттары елге танылған тұста «Пайғамбар жасына жеттім» деген желеумен өмір шыңдығынан іргесін аулақ салып, тақуалық-софылық жолға түседі де, жер астында он жыл өмір сүріп, атақты «Диуани Хикметті» жазады.

Меніңше, дүнияуи сөзден безіп, софылыққа көшкінде Кожа Ахмет өзі бастаған жолды мистикалық денгейге көтеру үшін емес, өмір бойғы өз уағыздарын жүйелеу үшін, көлемді де арналы салаға айналдыру үшін әдейі жасаған тақуалығы сияқты. Бұған төрт жұз шумақтан тұратын, негізгі мазмұны адамгершілік қасиеттерді дәріппел әділдікке, адаптация шақыратын, жетім-жесір, мүгедектерге қамқоршы болуға үндептін, әкімдердің зорлығына, жемқор-парақорлығына қарсы тұруға, әсіресе ислам шариғатын өрекшел бүрмалайтын, халықты сұліктей сорып, қараңғылықта ұстаган сопы, молда, ишандарды әшкерлеуге шақырған «Диуани Хикмет» бір күнің жемісі емес, ұзак жылғы ой-толғаудың түйіндісі екені сөзсіз.

«Ағаш бесіктен жер бесікке» дейінгі аралықта адамға қажетті сабыр, инабат, қажыр, іждағат, өнер-білім, өрелі мақсатты уағыздарда әрине жаманышылыққа, мистикаға бастау емес. Құраиниң сурелерін ғибратты афоризмге айналдыру да үлкен саналы қөзқарастың жемісі. Әл-ғымыран суресінің 200-аятын былай түсіндіруінде қандай айып бар: «Расул алла ғалым адамнан тәрбие алғандарда әділдік болады, ал топас адамдардан тәрбие алғандарда әділдік болмайды»,— деп жалпы моралистік сипатқа беріліп, «ақылды, білімді адамдардан үйренуден қашқандарды оттан жасалған жүгемен нокталау керек, өйткені біліммен іс қылу — тұнгымқ, білімсіз іс қылу — шұғанак» дейді. Мұнда ғұламалық, әрі сыннылық ой бар екені анық.

Сондай-ақ Ирранмен сүресінің 78 аятын «Расул алла тек ғылым арқылы бәрі жасалады» дегенін әрі қарай суыртпақтағанда әділдікten кетпеу үшін ынсапқа шакырады, бұрмалаудан аулақ болуға үндейді. Құран сөздерін осылай түсіндіріп, адамгершілікке, білікке шакырады. Оны өзінің «Хикметінде»—«Өсиетінде» жа-сырмайды:

Менің хикметім фәрмән-сұбхан,
Оқып білсең мағынасы құран.
Менің хикметім әлемге Сұлтан,
Сузың болар шөлде дастан.

(Ауд. Хамит Зейнелұлы Иманжанов).

Құранның аят-хадистерін өз еңбегінің өзегіне айналдырганын айтып-түсіндіруі, сөз жоқ, алғы сөздің, кіріспенің әуселесі. 109 хикметтен тұратын даналық өсиеттердің ішінде:

Тұрлі пәле халыққа түсті достар,
Ақыр заман ғалымы зәлім болар.
Сұмы — сопы, қуы — молда болар.
Дұрысын айтқандарға карсы болар,—

дегенде өмірдің ашы шындықтарының сини тұрғыдан айтылып отырғаны даусыз.

Көне дәуір әдебиетінде әр қылыш діннің ықпал-әсері болмауы мүмкін емес. Сондықтан олардан бұрынғыдай үрікпей, ізгі адамгершілікті насиҳаттауға бағышталған уағыздарын да, бүгінгі өмір шындығынан туған кеменгер ойларын да, жасаған гибратты тұжырымдарын да санатқа алып, жүйемен баяндауға тиісліз.

Егер Қожа Ахмет Иассауи өмір шындығы соғылық, тақуалық жамылғымен көмкерілсе, Ахмет Жүйнекіде дала табиғатына лайық ой-пікір ашық та ажарлы айтылады. Тіпті ақындық қуаты, көркемдік шеберлігі жағынан Ахмет Жүйнекидің басқалардан ерекшелене түсетін жайлары көп. Оның «Хибатул-хақайық»—«Ақиқат сыйы» еңбегі дидактикалық сарында жазылғандықтан қазақ тіліндегі қарасөзбен немесе поэзиялық аудармасында адамның оқу-білімге құмарлығын оятып, эрежданды ажарлай түсетін ұнамды мінез-құлық дарытынын көп мысалмен дәлелдеуге болады. Загип ақын комақты тұжырым жасап, әр өлеңнің шумағын ақылмен оюлап, әр сөзге мақал-мәтелге татырлық қасиет дарытады.

Ей достым, жаздым кітап түркішелеп,
Мейлің сөк, мейлің кала ерекшелеп.
Артымда ат қалсын деп жаздым мұны,
Фажайып таңсық сөзбен ерекшелеп,—

дегені әшейінгі ақындық лепіру, астам сөйлеу емес. Өзінің поэзиялық сипатымен, әуез-интонациясымен, сөз қолдану машығымен, буын-бунак жүйесімен қазақ өлеңіне етene жақын келетін шумақтар Жүйнекіде өте көп.

«Білімнің пайдасы мен надандықтың зияны жайында» деп аталатын жырларында:

Білімді — алтын көзі ашылатын,
Надан жан — қара бақыр шашылатын.

немесе:

Білікті біліп айттар сөзін үтар,
Ол емес бос сөзінді бедел тұтар.
Білімсіз не айтса да білмей айттар,
Өз тілі өзінің кеп басын жұтар,—

дегендерінде, сөз жоқ, шендерестіру арқылы ненің артық, ненің кем екендігін баяндаудан гөрі, дүниенің сарапқа салар сынышылық көзқарас басым.

Ә. Құрышжановтың мәнерлі аудармасы Ахметтің түшінүсқасынан өрбігендейкten әрине жалпы дидактикалық жол-шумақтардың өзінен ғұламалық талғамды, толғакты ойларды, түйінді пікірлерді кездестіреміз және көне дәуір кеменгерлерінің жалпы әлеуметтік-эстетикалық танымдарының өресін байқаймыз. «Өнерлінің қапасы жоқ, өнерсіздің өкініші көп», «Кедейдің көртіп жейтін малы — білім», «Атақпен білген өтер ірі жүріп, білместі «өлген» дей бер тірі жүріп», «Біліммен ғалым есіп, көкке жетер, адамды наданшылық төмен өтер», «Оқ жарасы жазылады, тіл жарасы жазылмайды», «Не келсе де тілден келер бір басқа, осы тілге табынбайды құр босқа», «Тіл мен жақтың көркі — шындық сөз», «Кайырыз адам жеміссіз ағаш сияқты», «Саран дүниенің малын жиса да тоймайды», «Өз ашуын баса білген адам — күшті адам», «Өзі білмейтіннің «білем» дегені айын», «Әр қасіреттің соңында қуашын бар», «Он дәрүін бір кілемге сияды, екі әкім бір елге сыймайды» («Сөз атасы», А., 1987) секілді мақал-мәтелге, афоризмге оп-опай айналып кетер сөз орамдарында, әрине, өмір құбылысын саралай білетін сыни көзқарас бар. Әдеби

эстетикалық трактат кездеспейді деп қам жемей, осындаі ой-пікірдің жаңғырығы, бастауы деп есептеуге тиіспіз.

Монгол шапқыншылығы және онан кейінгі кезеңдер түркі тілдес халықтардың әдебиеті үшін ақтанды болды деп есептемеуіміз керек. Эрине европоцентристік қысас қөзқарас бұл дәуірді түгелдей қаралап, іліп ала-ры жок деп есептегені шындықтан алыс. Біз тілейік-тілемейік, қазақ халқының құрамына кірген ру-тайшалар қарулы да наизалы монгол қолын бірге жасактаи, абырай-атаққа да, жеңіліс мазаққа да ортақ болғаны тарихи шындық. Сондықтан ат үстінде, майдан өтінде жүрген елдің ойын-сауығы, қайғы-қасіреті, әдебиеті мен мәдениеті болмайды деген қисын еш рабайға келмейді. Ол өзінің түрмис-тіршілігіне қарай жана түр тауып алғаны даусыз. Қазақ эпосының осы кезде айрықша дамуы бұл пікірдің оңтайлығына, шындықтан тугандығына мықты дәлел. Олай болса, аттың жалында, түйенің қомында жасалған рухани байлықтың мән-мағынасы да, қорытылған ой, түйінделген пікір атаулының бәрі де бізге асылдың сыйнығындай болуға тиіс.

Алтын Орда дәуіріне біз түгелдей ортақпыз. Ал оның негізгі әдеби тілі — қыпшақ тілі болса, онда қазақ да-ласы мен тілі жетекшілік сипатқа ие болғанынан қаш-сақ та құтыла алмаймыз. Парықсыздықпен «монгол-та-тар езгісі» дегендерді орынды-орынсыз даттаудың/иәти-жесінде тарихи жадымыздан айрылдық, қыпшақтың мөлдір де көркем сөздерін естімейік деп құлағымызды тығындалап, бітеткенге мәз болып, жалғаның жартысын-дай сахараның рухани дүниесінен азар да безер болдык. Қазір ондай пиғыл тас-талқан болып жатқандай Сайф Сарай, Хорезми, Кули Фали, Дүрбек, Лутфи, Эли Атай, Рабғузилдердің шығармалары «түркі тілдес халықтардың тарихын ғылыми дәлдікпен, көркем әдебиетке тән бейнелі сөздермен баяндайтын Мұхаммед Салихтың «Шайбанинаме», Захариддин Бабырдың «Бабырнаме» Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи-и-Рашиди», Бей-барыс пен Халдун жазған «Қыпшақ шежіресі», Усман Күхистанидің «Тарихи-и-Әбілқаир-хани», Әбілғазының «Шежіре-и-түрік», Ұлықбектің «Сұлтандар шежіресі» сияқты» (Н. Қелімбетов. «Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі» А., 1986, 193-бет) ғылыми-зерттеу еңбектері бізге жат еместігін мықтап ұғынуымыз керек. Осылардан көркемдік таным-білікпен қатар ғылымның әр тара-

уына ыңғайы бар тұжырымдар мен ой-пікірлерді суырт-пақтап алып отыру — ендігі міндет.

Қазақ әдебиеті сынының арғы көздерін ашып, көусәр ой, толымды пікір айтып кеткендерін азды-көпті үзінділермен-ак дәлелдеуге болады. Ол үшін V—XVII ғасырлардағы жазба ескерткіштердің материалдары негізінде құрастырылған «Сөз атасы» жинағына ойланған көз жіберудің өзі-ак жеткілікті. «Ауыздың көркі — тіл, тілдің көркі — сөз», «Жанжалдың шоғы қызарса — ақылдың сүйн сеп», «Білім — адамның байлығы, ердің дәuletі», «Надан тілін bezесе, ақылды аңырып қалады» (С. Сарай), «Ойлай білген ер көзсіз батырдан мың есе қымбат», «Ізгі оймен ашатын есікті катты жаппа», «Біреуден күнә іздегенше, өнер ізде», «Баққа кірсөң, тікен тергенше, гүл жина» (Құтб), «Данышпанның тілегі де қарапайым келеді» (М. Эли), «Аз-аздан үйреніп дана болар» (Ә. Науай), «Әр үйдің өз ханы бар», «Бір төрге екі төре сыймайды» (Әбілғазы), «Өз жүрегін тазарта білген бүкіл елді ұры-қарадан қорғай біледі» (Рашид-Әд-дин) сияқты ойлы да өрнекті сөз орамдарын молынан кездестіреміз.

Қай елдің әдебиеті болса да әрқашан қарапайым ұғым-түсініктен жетіле бедерленеді, көркем образ жасау дәрежесіне көтеріледі. Міне, осы кезеңдерде бейнелі сөздер мен кемел ой, кем-кетікті байқағыш сыншылдық көзқарас қатарласа жүріп жатады. Сәті түссе, әсіресе әл-Фараби мысалын еске алсақ, ғылымға айналып, шыны мәніндегі эстетикалық таным-білік қалыптасады. Осылардың бәрі аспаннан даяр түседі деп есептемей, аузымызды құр шөпіен сүртіп, «Жоқ еді, болмаған да надан едік» дегенді өзіміз айта бермей, басқалардың белгілі мақсат үшін пайдалануына жол бермей, көне дәуірдің көрікті ойларына айрықша мән беріп, өз табиғатымыздан туындаған кеменгерлік екенін әрқашан қадай айтуға тиіспіз.

Бір мәселеге назар аударған жөн. Біз осы уақытка дейін Абайға дейінгі көркем дүниеміздің бәрі ауыз әдебиеті — фольклор деп келдік. Осы қағиданың шындықтан алыс екенін Мырзабек Дүйсенов 70-жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінде көтеріп, ақын-жырауларды өз алдына бөліп шығару идеясын айтқанымен, дабыра атакдаң ғылыми арнадан сырт қалды, парасатымыздың өрлеу бағытын адастырып, жәреуке күйге түсірді. Қате қағидаға айнал-

ған көзқарас, яғни «қазақ әдебиеті Бұқарға дейін болған жоқ» деген жалған тұжырымнан аса алмадық. ҚазМУ-дың профессоры Б. Қенжебаев бастаған әдебиеттанудың тарихи мектебі, оның ғұламалары Х. Сүйіншалиев, М. Жолдасбеков, А. Қыраубаеваларға қосыла Мұхтар Мағауиннің қазақ хандығы түсіндігі рухани байлығымыздың сыр-күпиясын анықтауы, әдебиеттың едәуір ілгері жылжытқаны, шындыққа жақыннатқаны рас. Алайда талай өнімді ойлар, оның ішінде М. Дүйсенов көтерген проблема әзірге тиянақты шешімін таба қойған жоқ. Өз әдебиетіміздің ұлттық дәстүріне енді селқос қарауға болмайды. Ауыз әдебиетінің табиғатын айқындау арқылы тарихта аты қалған ақын-жыраулардың көл-көсір мұрасын қөшпелі түрмис шындығы туғызған қазақ әдебиетінің өзіндік ерекшелігі ретінде көрсету қажет.

Ауызекі тараған дүниенің бәрі бірдей фольклор еменін қазақ әдебиеті көрсетіп отыр. Халықта жазу болмаса құйма құлақ болған, сөз қадірін түсінетін танымбілік болған. Оны шашау етпейтін тарихи-көркемдік жады болған.

Бір дәуірде өзінің жазуы, сол негізінде өскен әдебиеті мен мәдениеті бар елдердің әр қылыш тарихи тауқыметтерге байланысты өз дәстүрінен айрылып қалып, сахнадан шығуы не басқа бір мықты мәдениеттің шылауында кетуі болып жататын процесс. Оған кішігірім халық-этностардың 70 жыл ішінде жұтылып кетуінің өзі-ак дәлел. Ал қазақ халқының құрамына кірген ру-тайпалар көшіп-қонып жүргендеге өздерінің көне алфавитінен көз жазып, монгол жаугершілігі түсінде қол үзін алғандығының өзі жаттап алу қабілетін дамытқанын, «құйма құлақтарды» көбейткенін, сейтіп көркем әдебиетті ғана емес, бүкіл тарихи тұжырымдарды, өмірлік тәжірибелерді ауызекі сөзге айналдырып жібергенін енді аңғармау әбестік болар еді. Өңгені былай қойғанда, халықаралық қатынаста елшінің бар ақыл-парасаты ғана емес, ұстап барған сөзі, бекітер түйіні, пәтуага келген мәселелер ауызекі айтылып, өмір қажетіне айналғанда, өнер арнасы кең ашылып, шешендік жанр, билер сөзі көркемдік сахнаға шыққан жоқ па? Шынайы өнер екені айрықша қадірлеуімен-ақ дәлелденген ғой.

Ал қазақтың әншілігі жайынан да осындай ой тоғайға болады. Мал сонында айдалада оңаша жүру, арасы алшақ ауылға барып-келиу машиғы әр адамнан ой

теңізінде жүзуімен қатар өзінің вокалдық дарынын, яғни даусын байқап алуына мол мұмкіндік бергендігін кім жоққа шығармақ. Сегіз сері, Біржан салдардың ғажап композиторлығы өріс алуына, әнші-акындардың көп шығуына негіз болғандығын ескеріп, «профессионалдық театры, өнері, мектебі, консерваториясы болмаған, бәрі де Қазаннан қейін туды» деген жәреуке жалғандықтан іргені аулақ салу керек.

Мәдениеттің екі ұлы арнасынан шыққан рухани қуат айтыс жанрында басы бірігіп, бір халықтың көркемдік талап-талғамынан қайталанбайтын дәстүріне айналып кеткеніне дұрыстап мән бермегендіктен, талай парасат-сыздық жасағанымыз бүгін көрініп отыр.

Қазак өнері, оның ішінде сөз өнері әдемілік пен сұлулықтың, эстетикалық ләzzаттың қайнар бұлағы болумен қатар үлкен мемлекеттік, қоғамдық-әлеуметтік деңгейге көтерілгенін естен шығармаған абзал. С. Мұқанов: «Сызыра жырау, Асан қайғы, Бұқар жыраулар XIX ғасырға дейінгі қазак ақындарының символы. Олар хан қасында отырып, батырларды жырлаумен қатар, сол кездегі мемлекет мәселесін шешуге қатысқан. Абылай хан мемлекет мәселесін шешерде Бұқар жыраумен үнемі ақылдасып отырған» («Айтыс», I том, 1942, 11—12-бет) деген идеяны 1942 жылы айтса да, біз оған дұрыстап мән бермедік. Өйткені хан дегеннен, би дегеннен зәреміз ұшты да, әдебиеттің қоғамдық парыз-міндеттін естен шығарып алдық. Ал ақыл-сана жүрген жерде синшылық қөзқарас еріксіз араласып отаратыны табиғи процесс. Олай болса біз сонау қазақ хандығы құрылған заманнан әбден бодан болғанға дейінгі, яғни XIX ғасырға дейінгі жыраулық поэзиямында дейміз бе, әлде ауыз-екі әдебиетімізде дейміз бе, әйтеуір бүкіл қазақ қауымының керегі, шындығы жыр шумағына өрілгендігі тарихи құбылыс. Біз басқа елдердің мәдениетінде болғанды сол күйінде, сол пішінде қазақ әдебиетінің үлгілерінен іздемей, өзіміздің тұрмыс-тіршілігіміз, эстетикалық ортамыз үшін жасалған туындылардың ерекшеліктерінен, қадір-қасиетінен тауып, мән-мағынасын аша алсақ, сонда қазақ деген халықтың өзіндік сана-сезімі, ақыл-есі ғана емес, көркемдік таным-түйсігі, сынни өйпікірі болғандығын айны қатесіз дәлелдейміз.

Қазак халқының тарихи сахнаға шығып, өз қалауымен өмір сурғен заманында, яғни бодандыққа дейінгі

кезеңде қандай сана-сезім биігіне көтерілгенін сөз өнерінен анық байқаймыз.

К. Маркс «Тіл мен ойлау — еңбектің жемісі. Тіл ойдаң сыртқа шыққан көрінісі» дейтін болса, оны Асан қайғы «таза мінсіз сөз — ой түбінде жатады, ой түбінде жатқан сөз — шер толқытса шығады» деп, поэзиямен бейнелеп жеткізгенін, керемет даналық түйін жасағанын байқаймыз. Ақтамбердінің: «Білімді туған жақсылар — аз да болса көппен тен. Жақсысы кеткен ауылың — өртеніп кеткен жермен тен» немесе Бұқардың «Үлгісіз сөз болмайды, мақтасыз бөз болмайды», қазақтың азаттық жолындағы күресінің алғашқы жыршысы Махамбет:

Жаманнан туған жақсы бар
Атасын айтса наңғысыз.
Жақсыдан туған жаман бар
Күндердің күні болғанда,
Жарамды бір теріге алғысыз,—

дегендерінің бәрін тек моралистік шумактар деп қойсак, онда қазақ кеменгерлігінің көп сырын анғармай қала-

мызы.

Қазақ халқы көркем сөзді өз тірлігінің тұтқасы деп білген, күрес құралы еткен. Ол тек көңіл көтерудің, ойын-сауықтың ермегі емес, ел мен елді табыстырыған елшінің тілі, ру мен руды татуластырыған бұғалық, мемлекет басқарған хандарға әлеуметтік ақыл-кеңес, көпшілік мәдениеттің сырт көзге көрінген сахнасы, өткенмен кордаланып, бүгінгімен жарқыраған тарихи жады, көркемдік әлеміндегі өзіндік таным-біліктің әсем де ажарлы қоржыны екені даусыз. Өйткені «Асан қайғы, Қастуған, Шалқиіз, Бұқарлар айтқан толғауларға қарап отырсақ, терең ойлардың толқынында жүргендей сезінеміз. Олар өмір, тарих, адам жөнінде ғажайып топшылаулар, толғау-түүлөр айтады» (Ә. Тәжібаев, Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы, 1971, 20-бет).

Жалпы адамзат тірлігінде жақсы мен жаманды, сұлу мен ажарсызды, ізгілік пен зұлымдықты қарсы қойып суреттеу, көрсету мықты дәстүрге айналған болса, сол машық қазақтың, әсіресе, ауызекі әдебиетінде, яғни жыраулар поэзиясында классикалық биікке көтерілді. Дүниені салыстыру, теңестіру, қарама-қарсы көрсету, әсіресе, құлақпен естіп отырғанды көзге елестетіп, санаға құюдың ең төтө жолы болса керек.

Сонымен қалыптасып қалған қате түсініктен, жетесіздікten құтылғандаға өз тарихымыздан өзекті арналар табамыз. Қазақтың сыйни ой-пікірін зерттеген уақытта европалық тұрғыдан қарау, соған бейімдеу қатерлі де қате. Эр халық өзінің көркемдік таным-білігінен өнікті ой тапқандаға адамзат әлеміне бекер келмегендігін түсінеді, үғады. Міне, сондықтан көне заманда туған көрікті ойларды қазақ әдебиет сыйны тууының бір қайнар көзі ретінде қарастыруға мүмкін жағынан дұрыс, эстетикалық тұрғыдан өнімді жол болмақ.

3. ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛЫ АГАРТУШЫ-ДЕМОКРАТТАРЫНЫң СЫНИ ОЙЛАРЫ

Өз заманының саяси-әлеуметтік мәселелері жайында талай толғанған Шоқан, Үбірай, Абай көркем әдебиет туралы қоңтеген соны ойлар мен тың пікірлер айтқан. Ұлы агартушы-демократтар қазақтың сыйшылық ойын оятып, құнарлы аңызға асыл дәндер екті. Көркем сөзге эстетикалық талап қою, оған тиісті баға беру, насихаттау, ұғындыру, түсіндіру мақсатындағы ой-пікірлер қазақ әдебиет сыйнының түа бастауының белгісі.

Қазақтың тұнғыш ғалымы Шоқан Үәлихановтың еңбектерінің қайсысы болса да әрі қызықты, әрі тартымды жазылып, көркемдік бояулары ажарлы, публицистикалық сазы қалың болғандығы Т. Н. Потанинге «қазақ халқы оның жазғандарын оқыса, Шоқан өз халқының данышпаны болар еді және өз елінің әдебиетін өркендетуге негіз сала алар еді» деген пікір айтқызған болатын. «Жонғария очеркі», «Ыстықкөл сапарының күнделігі», «Шығыс Түркістан», «XVII ғасырдың батырлары туралы тарихи аңыздар», «Қырғыздың ататегі» және т. б. еңбектері ғалыми терендігімен қатар, оқушыны баурап алатын көркемдік қасиеттерімен де құнды Қоғамдық ғылымдардың саласы туралы жазған еңбектерінде Шоқанның оқымыстылық парасаты мен сыйни көзқарасы ажырамас бірлік тауып, үлкен әлеуметтік мәнге ие болды. В. Г. Белинскийдің: «Сумароковтың жазған мақалаларында сол замандағы қоғамның қүйі мен рухының көп сырь бар. Сол шығармаларымен өзінің нағыз сыйны екенін танытты, тек өнер мен әдебиеттің ғана емес, сол дәуірдегі сана-сезім, ақыл-ойдың да,

әдеп-ғұрыптың да сыншысы екенін танытты» (Уш томдық, 1948, II том, 377-бет) дегенін түгелдей Шоқанға бағыштаған орынды.

Шоқан қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін көп жинағы және қажетті кезінде пікір айтып отырды. Қырғыз халқының ұлы дастаны «Манас» туралы ғылыми қорытындылар жасап, орыс тіліне аударды. «Қазақтың халық өлеңінің түрлері туралы» ғылыми еңбек жазды. Өзінің басқа шығармаларында әр елдің әдебиеті, азыз-жырлары жөнінде тамаша ойлар айтып, көзқарасын білдіріп отырды. Сөйтіп Шоқан әдебиет туралы талай құнды пікірлер айтып, өзінің белгілі көзқарасы болғанын Ш. Сәтбаеваның «Шоқан — әдебиетші» монографиясында кең айтылған.

Шоқанның әдеби-эстетикалық көзқарасының дәйектілігі мен құнарлылығын дәлелдейтін еңбектері өте мол. Өзгенің бәрін былай қойғанда, қырғыз халқының «Манас» эпосы туралы айтқандары күні бүгінге дейін ғылыми мәнін жоймай, дүние жүзіндегі ең үлкен эпосты зерттеушілердің аттанар өрісі болып отырғаны осының айғақты дәлелі. Шоқан — «Манасты» бірінші жинаушығана емес, оның қоғамдық-әлеуметтік мәніне, көркемдік құнына тұнғыш рет дүріс ғылыми анықтама жасағанғалым. «Сөз жок, қара қырғыздардың халықтық кемеңгерлігінің ең басты және бірден-бір шығармасы — «Манас». Ол өлеңмен шығарылған эпос. «Манас» — белгілі бір дәуірге және бір адамның, атап айтқанда, Манас батырдың төңірегінде бүкіл қырғыз мифтарын, ертек, аныздарын топтастырған энциклопедия. Бұл — дала Илиадасы! Қырғыздардың тұрмысы, әдеп-ғұрпы, тіршілік жайы, діни және медициналық түсініктері, олардың басқа елдермен қарым-қатынасы осы ұлан-ғайыр эпопеядан анық байқалады. Бұл поэма, біздін ойымызша, соны қоспалар мен өзгерістерге үшыраған тәрізді. Мұмкін, прозалық жұмуктардан (яғни ертегілерден — Т. К.) өлең түріне аударылуы, біртұтас қалыпқа келуі кейінгі заманның ісі болар. Манас біртұтас болып көрінгенмен, әр түрлі эпизодтардан құралған. «Семетей» эпосы — «Манастың» жалғасы — дала «Одиссеясы» (Бес томдық, I том, 1961, 490-бет. Бұдан былай томы, беті көрсетіледі — Т. К.) Сондықтан ол «халықтық эпос» деп бұдан бір ғасыр бұрын ғылыми қорытынды жасау Шоқанның шын мәніндегі ғалымдық көрегендігін, асқан ғұламалығын танытады.

Шоқаның «Манас» эпосы туралы айтқан пікірлері мен тұжырымдары эстетикалық талап-талғамы әбден қалыптасқан, социологиялық талдау-анализі мейлінде жетілген, оқымыстық парасаты айрықша мол әдебиетші-ғалымның сипатын анық аңғартады. Шоқаның ұлан-ғайыр еңбектерінен қазақ халқының өнерпаздық дарыны жайындағы пікірлерді, әсем ән, келісті мақам, үйлесімді ырғаққа құмарлығын, құлақ құрышын қандыратын өлең-жырлардың қандайлық поэтикалық қасиеті бары туралы шұрайлы ойларды молынан кездестіреміз.

Қазақ халқының ақынжандылығын, көркем сөздің қасиетін қадірлей білетіндігін Шоқан шығысты зерттеуші ғалымдардан көп бұрын айтқан және сөз өнерінің сыртқы көрінісіне ішкі маңызын қабыстыра, терең зерттеп айтқан. «Оңтүстік сібір тайпаларының тарихы жайында» деген еңбегінде Европаның халықтары мен оның зияллыларының көшпелі тайпалар мен елдерді әлі күнге дейін тағылық деңгейіндегі надан халықтар деп түсінің келе жатқандығына Шоқан қарсы шығып: «Бұл тағылардың басым көшпілігінің жазбаша да, ауызша да әдебиеті мен азыз-жырлары бар. Жазба әдебиеті барлар — монголдар мен жонғарлар, ал ауыз әдебиеті барлар — монгол-түрік тұқымдас көшпелілер. Дала халқы — қазақтар өзінің моральдық жағынан да, ой-санасы жағынан да отырықшы қара шекпендерден, татар түріктен әлдеқайда биік. Поэзияға құмарлығы, әсіресе, өлеңді шығарып айтуға құмарлығы — көшпендердің айқын бір белгісі» (I том, 390-бет) деп пікір айтты да, мұның негізгі себебіне назар аударды. «Дала көшпелілерінің поэзия мен шынайы сезімділікке бейім болуына өмір бойы табиғат құшагында жүруі, жасыл желекті даланың, ашық аспанның көріңістері мен көшпендердің тұрмысы әсер етпесіне кім кепіл» деген оңтайлы ой айтты, осының сырын түсінуге үндеді.

Жалпы көшпелі елдерге, әсіресе, Оңтүстік Сібір тайпаларына тән осы қасиетті айта келіп, Шоқан «өзінің поэтикалық дарындылығы жағынан қазақтар бірінші орынға ие екеніне дау айту қыын» деп білді. Мұндай пікірді көптеген ориенталистер, әсіресе, В. Радлов пен Г. Потанин ашық айтты. Тіпті олардан бұрын А. Левшиннің 1832 жылы «Кез келген қазақ — сұрырып салма ақын, көзіне түскеннің бәрін өзінің ақыл-ой, сезіміне лайықты суреттейді» (Описание... III бөлім, 136-бет), — деп ой тулоі Шоқан тұжырымын дәлелдей түседі. Шоқан

қазақ халқының поэтикалық қуатына, оның әрбір өлең-жырының тарихи оқиғалардан туып, кейінгі үрпаққа мұра болып қалып келе жатқандығына және бір тамашасы, ешбір бұрмасыз, қоспасыз тарихи шындыққа сай жетіп отыратындығына ерекше мән берді. Тарихи шежіре деп те санады. Әр кезеңде жасаған ақындар өз заманындағы ұлы оқиғаларды жырға қосып, халықтың жүргегінде қалдыра білді, соның нәтижесінде шежіреге айналды, елдің әдет-ғұрпы, мақал-мәтедері, өснег-нақылдары дастандар арқылы бүкіл бір халықтың әлеуметтік және өнерпаздық тіршілігінің толық картинасын жасап берді деп түйіндейді.

Шоқанның: «Қазактардың көне аңыз-ертеғілерді таза қалпында сақтай білгендігі қайран қалдырады, ол ол ма, өлең түрінде таралған дастандардың қазақ дала-сының қай түкпірінде болса да егіз қозыдай болуы, яғни бір кітаптың көп данасындағы бір-бірінен айнымайтын бірдейлігі мүлде қайран қалдырады. Қөшпелі, сауатсыз халықтың ауызша таратқан шығармаларының осынша дәлме-дәл болуы таңғажайып» (I том, 391-бет) деп ой туюі шығыстану ғылымында бірінші рет тұжырымдаған пікір болуының үстіне, сырттай тон пішіп, долбарлай салатын ориенталистерге қарсы бағытталды. Г. Потачин қостап, қазақ халқы өтірік айта білмейді, ақындық жанынан туған шығармалардың бәрі де тарихи шындыққа сай нақты деректермен дәлелденеді деп айрықша бағалаған болатын. Демек, халық творчествосының әрғы негізі қазақ елінің басынан өткен тарихи оқиғалардан туып, кейін шежірелік сипатқа ие болды деген Шоқан тұжырымы әдебиеттің әлеуметтік мәнін жете түсінуге бағытталған тұңғыш ғылыми қадам екенін еш уақыт естен шығармауымыз керек. Осы тұрғыдан алғанда, күні бүгінге дейін мәнін жоймаған тамаша бір тұжырымы, яғни «Жазу дәстүрі болмаған қөшпелі халықтар мен тайпалар тарихының ең негізгі қайнар бұлағы олардың шындыққа жанасымы бар аңыз-ертеғілері және қарым-қатынас жасаған мәдениетті елдердің жылнамаларында ізін қалдыраган үзінді деректер болды және бола бермек (I том, 346-бет),— деп ескерткенін естен шығаруға болмайды, өйткені біздің тарихи өткенімізғана емес, бүкіл көркемдік-эстетикалық, этика-педагогикалық, тіпті саяси-әлеуметтік таным-біліктеріміз жалғаны жоқ сөз өнеріне тікелей байланысты. Олай

болса XVIII ғасырға дейін өмір сурген ақын-жыраулардың толғаулыры ғана емес, Алтын Орда заманында туған батырлар жырының, азыз-ертектердің ел тарихы үшін айрықша мәні бар. Сондыктан Шоқан өзінің осы көзқарасын бар еңбектерінде дәйекті қолданып отырды.

Апполон Майковқа 1862 жылы жазған бір хатында: «Қазақтың өлең-жыры көп, ақылды бабаларымыз шығарып кеткен мақал-мәтеддер мен нақылдары телегейтініз» екенін айтЫП, қазақ жырлары жайындағы зерттеуін жолдамақ ниеті барын хабарлайды. Шоқаның бұл еңбегі әзірге бізге бимағлұм. Алайда қазақ поэзиясының өсіп-өркендеу және іштей жіктелуі жайындағы алғашқы еңбектерінің бірі — «Қазақтың халықтық поэзиясының түрлері туралы» деген зерттеуіне айрықша назар аудару қажет. Өйткені бұл еңбекте өлең-жырлардың жалпы мән-мақсаты ғана емес, олардың қалың тындаушыға қалай әсер ететіні, қай формада жететіні сөз болады да, Шоқаның эстетикалық талап-талғамы мен білігінің биік өресі айқындалады. Үлкен бір зерттеудің үзіндісі іспетті осы еңбегінде Шоқан өз тұсындағы қазақ поэзиясын бес түрге (формаға) бөледі. Бұл — поэзияның ішкі ерекшеліктерін ескере отырып айтылған түңғыш эстетикалық пікір.

Қазақ әдебиеттану ғылымы Абайға дейінгі поэзиясында екі түр — жыр мен қара өлең түрі — болған деген тужырым жасағанымен, ойланатын мәселелер жоқ емес. Шоқан өз тұсындағы қазақ поэзиясының сыртқы көрінісін, ішкі мән-мазмұнын үйқас, ырғақ жүйесін бес түрге бөледі. Олардың тууы, жетілуі, қолданылуы жайынан қызықты мәліметтер мен деректер келтірді. Шоқан «Жыр» мен «Өлең» түрлеріне мол тоқтап, «жылау», «қайым», «қара өлеңдердің» мәні мен ерекшелігін қысқа қайырған. Қазақ өлеңінің «жыр» түрі көбіне белгілі бір батырдың өмірі мен ерлігін баяндауға қолданылатындығын айтады да, «жыр дегеніміз — рапсодия. Жырламақ етістігі үйқастырып айту деген мағынаны білдіреді. Дала жырларының бәрі де қобыздың сүйемелдеуімен айтылады... Жыр әдетте көне заманың атақты батырларының өмірі мен ерлігіне арналады. Батыр өмірінің бел-белесі, оның ерлігі, не керек, баяндауды тілейтін оқиғалардың бәрі де прозамен әңгімеленеді. Ал поэманың қаһарманы не басқа негізгі кейінкерлері сөйлеуге тиіс болған кезде ғана өлеңмен жырланады» (I том, 196-бет) деген анықтама береді.

Батырлар жырынан нақты мысал алып, оның өлеңдік құрылсын талдамағанмен, Шоқан жырда әуен мен ойдың үйлесімді («полная гармония азбуков и мыслей») шығатындығын атап көрсетеді. Шоқанның ерекше назар аударғаны — жырдың тарихи тағдыры. Жанак, Орынбай, Шөже, Арыстанбайлардан бірқыдыру батырлар жырын естіп, жазып алған Шоқан қазақ поэзиясында жыр формасы ескіре бастады деп пікір айтЫП, «көне жырлар жаңа үрпаққа түсініксіз болғандықтан, жылдан жылға айтылуы кеміп барады және оны білетіндердің өзі мүлде азайып келеді. Қобыздың сүйемелдеуімен жыр айту атақты ақын-импровизатор Жанақ өлгеннен кейін модадан шығып қалды» (1-том, 199-бет) деп жазды.

Тарихи деректер мен кейінгі даму барысы Шоқанның бұл пікірін қостамайды. Өйткені Шоқанның аяғы жеткен өлкелерде жыр дәстүрі Батыстағыдай терең тамыр жая қоймағаны, Орта жүзде батырлар жыры онша жырланған бермеген соң, қазақтың басқа өлкесінде де жағдай осылай шығар деп жорамалдауы ықтимал. Сондықтан да «Домбыра мен соңғы шыққан өлеңдер қобыз бен жырды мүлдем ығыстырып тастады» деген пікірді тарихи шындық деп қабылдау кын. Жырдан кейін Шоқан қазақ поэзиясында жиі кездесетін жоқтауға тоқталып, оның кімге, қалай арналғаныдығын баяндаған. Шоқан жоқтауды «жылау»— «надгробная песня» деп түсіндірме берген. Айғаным мен атастырылған 14 жасар қыздың жоқтауы жыр үлгісімен жырланатын адамның жан-жүйесін босататын әсерлі, қайғылы шумақтар екендігін хабарлайды.

Шоқанның қайым өлеңге: «үйлену тойы кезінде жігіттер мен қыздардың сұрак-жауап түрінде айтатын өлең!... Бұл өлеңдер кейде жұмбак, арнау, кейде қалжын-қағытпа боп келеді, кейде тым аныйлау кететіні де бар»,— деп түсіндірме беріп, қазақ поэзиясынң бір түрі деп тапқан. Содан кейін Шоқан қара өлеңнің төрт жолдан құралып, белгілі мағынаны білдіретіндігін, көбіне әнге салып айттылатындығын айқындайды. Ал Шоқанның қазақ поэзиясын жіктеуінде бесінші түр — «өлең» деп аталағы. Бұл түр қазақ поэзиясына соңғы елу жылдың ішінде енүі, қазіргі ақындар оны шығарып айтуга да, үзақ сонарлы дастанды жырлауға да қолданады.) Бұл түрдің қазақ поэзиясына сіңісп кетуіне

Орынбай мен Шөже көп еңбек сіңірді. Бұл түр бізге татар поэзиясынан ауысты деген пікір айтып, оған дәлелдер келтіреді де ақындар өлең формасын өлең шығаруға ыңғайлы деп импровизацияға қолданады, бұл түрге олар қазір әбден машықтанып алды» (1-том, 200-бет) деп тұжырым жасаған. Шоқанның осы мәлімдемесін ескеріп, он бір буынды өлең қазақ поэзиясының ең көне түрі деген мәселеғе ойлана қараған жән сияқты. Өйткені қазақ поэзиясының бар дәуірдегі, әсіресе XVIII, XIX ғасырдың алғашқы ширегіндегі ақындардың өлеңдерінің басым көвшілігі (тіпті барлығы) жыр үлгісімен келетіндігін ұмытпайық. Ал XIX ғасырдың екінші жартысынан былай қарай ақындардың шығармаларында он бір буынды өлеңнің белен алғып, бірқыдыру мол кездесуі Шоқанға жыр формасы ескіріп бара жатыр деген пікір айтуына негіз бола алғандай.

Шоқан «өлең» түрінің құрылышын басқа түрлерге қарағанда ашығырақ талдайды. «Өлең төрт жолдан құралады, алдыңғы екі жолы мен төртінші жолы силлабикалық жүйемен бір ырғаққа үйқастырылады, үшінші жол үйқаспайды» деп анықтама береді де қазақ поэзиясының үлгілеріне араб поэзиясының мөлшері сай келе бермейтінін, әр поэзияның өзіндік ерекшелігі болатынын ғылыми түрғыдан дәлелдейді.

Шоқан осы еңбегінде қазақ поэзиясын тудыратын, оны үрпақтан үрпаққа жеткізетін өнерпаздарды салысадалаға ажырата жіктейді. «Өлеңші», «ақын» деген атаулардың Шоқан талдауында біраз жігі ашылды. «Өлеңші» дегенді «жыршы» мағынасында түсіндіріл, кейінгіге мұра болып келе жатқан шығармаларға олар өз тарапынан тек кіріспе мен соңғы сөз қоса алатындығын хабарлады. Ал «ақын» деген сөзді өз жанынан өлең шығаратындарға лайықтайды, бірақ кейде оларды да «өлеңші» деп кететін кезі жоқ емес. Бұл топтау процесі Е. Ысмайловтың «Ақындар» атты монографиясында онтайлы шешімін тапты.

Сыни ойдың таң шапағында осындай эстетикалық категорияларға Шоқанның ой жүргіртуі, зерттеу жұмысын жүргізе беру қажеттігін ескертуі игі бастама екені айдан-анық. Эрине, Шоқан тек қазақ поэзиясының табиғатын зерттеумен ғана шұғылданса, талай соны ойлар мен пікірлер айтары хақ еді. Жол-жөнекей айтқан пікірінде осындай эстетикалық жүйелерге көз тастауы,

мәнді де жаңа тұжырымдар жасауы оның сыншылық көзқарасының тереңдігі мен молдығын аңғартып, профессионал әдебиетші деңгейіне көтерілгенін көрсетеді. Сонымен Шоқанның әдебиет туралы айтқан шүрайлы ойлары мен зерттеулері қазактың сыншылық ойын ғылыми өнірден өрбітіп, кең арнаға бастады. Қазак халқының рухани байлығын ғылыми тұрғыдан зерттел, тұжырымды пікірлер айтқан Шоқанның тарихи енбекі қазактың сыни ойы мен әдебиеттану ғылымының қарлығашы болды.

Қазақ мәдениетінің ұлы өкілдерінің бірі — Ұбырай Алтынсарин ілгерішіл ой-сананы ғана емес, эстетикалық талап-талғамды да қалыптастыруға зор үлесін қосқан дарын. 1879 жылы «Қырғыз (қазақ) хрестоматиясын» жасауының тарихи мәні айрықша зор. Өйткені «дарындылық қасиеттерімен көзге түсіп, бүкіл адамдық өмір майданында ақындық қабілеттің, таза және қуатты ойлардың таусылmas асыл қазынасымен көрінген халықтың әдебиетіне негіз болуға мүмкіндігі бар қазақ тіліндегі бірінші кітаптың» әрине, жөні ала-бөтен) («Оренбургский листок» газеті, 02.12.1879).

Ұ. Алтынсарин мұрасын зерттеушілер хрестоматияның әдебиеттік және педагогикалық мәнін ашып, мәдениет тарихындағы орасан зор орнын анықтаған уақытта, оның бір қырына назар аудармай келді. Хрестоматияға енетін шығармалардың бәрі өзінің педагогикалық мақсаты жағынан да, оқушыларды көркем сөзге баулуы, эстетикалық талап-талғамдарын қанағаттандыруы, қалыптастыруы жағынан да құрастыруышыға үлкен міндет артады. Осы міндетті анық түсіну және ойдағыдай орындал шығарудың өзі барынша талғампаздықты, жүйелі білімдарлықты, ненің артық, ненің кем екенін аңғара алатын сыни көзқарасты талап етеді, яғни әрі педагог, әрі әдебиетші, әрі сыншы-ғалым болуы керек. Осы қасиет Ұбырайдың творчестволық тұлғасынан түгел табылады да, талап-талғамы әбден жетілген әдебиетші екендігін танытты, әдебиеттану ғылымының алғашқы ақызына құнарлы дән екти.

«Қазақ хрестоматиясы» негізінен Ұбырайдың төл шығармаларынан «құралып», педагог Ұбырай — ақын Ұбырайға, жазушы Ұбырайға айналып қана қоймай, сыншы-ғалым ретінде бой көрсетті. Өзінің төл шығармаларын, ауыз әдебиеті үлгілері мен аудармаларды белгілі жүйемен орналастыра білген Ұбырай сыншы-

лық ой мен оқымыстылықтан кенде емес. Міне, осы қасиеттер «Қазақ хрестоматиясын» әдебиеттану ғылыми-ның сонау XIX ғасырдағы үлкен көрінісі етті.

Ал Үбірай Алтынсариннің «Қазақтарға орыс тілін үйретудің алғашқы нұсқасы» және араб әрпімен басылған «Мактубат», мұсылман дінінің аят-хадисі негізінде жазған «Шарият-әл-ислам» атты оқулықтары «Қазақ хрестоматиясының» ғылымдық, педагогикалық және әдебиеттік өрсінен қөтеріле алмағанымен, сынни-оқымыстылық тәжірибелі молайта түскені даусыз.

Үбірай Алтынсарин оқу құралдарын жасау, құрастырумен ғана шектелмей, өзінің қарауындағы мектептерде орыс мектептеріне арналған оқулықтардың қайсысын оқыту-оқытпау жөнінде пікір айтып отырған. Өйткені қазақ балаларына қандай кітаптарды оқытқан жөн, қайсысы пайдалы деген мәселеге творчестволық түрғыдан қарай білудің өзі де сынни ойдан бастау алады. Демек, Үбірайдың озық педагогикалық көзқарасы оның сынни ой-пікірімен бірлік тауып, утилитарлық мак-сатқа жетудің жолын жеңілдettі. Үбірай қазақтың әдет-ғұрпына байланысты бірнеше мақала жазғанымен, әдебиетке тікелей байланысты онша көп пікір үйта қойған жоқ. Жора-жолдастарына жазған хаттарына қарағанда, ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап, бастырмақ ойда жүргендігі, бірақ жүйелі желіге түспей, иғі ниет болып қалғандығы байқалады.

«Қазақ хрестоматиясын» жасау кезінде Н. Ильминскийге жолдаған хатында «Мысалдарды (басни) енгізгім келмейді, өйткені катан тұрмыста өскен қазақтарға бұдан гөрі мәндірек әңгімелер керек. Мысалдарды қазақ балалары оқығысы келмейтінін, оқыса оған қүлеттінін, ал олардың ата-аналары: балаларымызға сауысқан мен қарға сөйлеседі деген сияқты жоқ нәрсені үйретеді деп ренжитінін тәжірибемнен білемін. Қазақ балаларына меніңше, мағыналы әзіл-қалжындар, жұмбақтар, ойына ой қосатын әңгімелер немесе оларды қызықтыратын, мысалы, жібек құрты көбелектерінің өзгерулері сияқты, құндыздың өзіне үй салып алатыны сияқты әпсаналар тәуірлек болады. Өлең жағын мен мүмкін болғанынша, қазақ өлеңдерінің арасынан ірікте ала-мын» (Избранное, 1957, 87—89-бет) деп жазды. Оның бұл пікірі Л. Н. Толстойдың «Балаларды формамен алдауға болса да, мазмұнмен алдауға еш болмайды. Шын мәнділікті, көркемдікті немесе ғибраттылықты талап

«ту бізден гөрі балаларда күшті болады» дегенін ерік-сіз еске түсіреді.

Алтынсариннің қай еңбегі, қай шығармасы болса да оның утилитарлық қөзқарасын айқындаپ отырады. Ненін пайдалы, ненің зиянды екендігін әрқашан сыншылық елекten өткізіп отырады. Қазақ тілінің тазалығын сақтау мәселесіне Ұбырай айрықша мән берді. Қазанда басылатын кітаптарда да, әкімшілік жолымен қазақ еліне жіберілетін хат-хабарлар мен жарлықтарға да қазақ тілінің тазалығын сақтау қажеттігін ескертіп отырды. 1862 жылы Н.И. Ильминскийге жазған бір хатында Ұбырай «қазақтың табиғи тілін бұзатын татаризмге өте қарсы екенсіз, ал мен де көптен бері осы пікірде болатынмын» (Таңдамалы, 1955, 270-бет) деп жазып, прогрессивті мәні бар пікірлерге ойысты Ұ. Алтынсарин «Татарша жазу қазақ тілінің тазалығына және бүтіндігіне зиян келтіретінін (сонда, 279-бет) айқын айтып, санаалы түрде курес жүргізді.

Қазақ тілінің тазалығын сақтау жолындағы курес Ұбырай Алтынсариннен басталған. Шоқанның да бұл жайлы жазғандары бар, бірақ Ұбырайдай принциптік деңгейге жеткізбей, жол-жөнекей ғана айтқан. Бұл мәселенің Қазан революциясына, тінті бүгінгі күнге дейінгі қазақ қоғамының ең бір түбекейлі проблемасы болғаны Абаймен Сұлтанмахмұттың сыншылық ойларынан, газет-журналдарда жарияланған материалдардан анық байқалады.

Ана тілінің тазалығын сақтауды Ұбырай тек жалпылама түрде көтереді, араб, парсы, татар тілінің сөзі болса, оның пайда-зиянына назар аудармайды деп ұфура еш болмайды. Тілдің шұбарлануына қарсы қурес ашқан уақытта Ұбырай ұтыс пен ұтылысты түгелдей ескеріп, аса сактықпен пікір айтқан. «Қазақтың төл тілінде қажетті сөз табылмай қалған жағдайда, кейбір парсы не месе араб сөздерін» (сонда, 270-бет) пайдаланудың еш сөкеттігі жоқ, деген пікірінің ғылыми тұжырымға негізделгенін байқаймыз. Демек, Ұбырай Алтынсарин тілдің сөздік қорын байытатын, түбінде қазақ тілі жатсын-байтын, лексикалық байлығын арттыратын «қажетті» сөздерден безбеу керек, пайдалану керек деп бірден-бір дұрыс пікір түйген. Мәселе — тілді орынсыз шұбарланыратын шата сөздер мен тіркестер, тілдің грамматикалық құрылышында жаттығы сезіліп тұратын орамдар,

баламасы бар сөздердің орнына қайдағы бір түсінікесін сөздерді тықпалаудың зиянды екендігі жайында болып отырганы өзінен-өзі түсінікті. Ал сол дәуірде мұндай пікірді айтып, насиҳаттаудың өзі үлкен прогрессивті құбылыс еді.

Сонымен Ұбырай Алтынсарин ең алдымен әйгілі «Қазақ хрестоматиясын» ғылыми жүйемен жасап, ана тілінің тазалығын сақтау жолында саналы күрес ашу арқылы қазактың қанат қаға бастаған сыйна үлкен олжа салды.

Қазақ халқының әлеуметтік ой-пікірінің оянуыға лымдық, педагогтік түрғыдан ғана емес, эстетикалық түрғыдан басталған да бөлгілі. Шоқан мен Ұбырай қоғамдық ой-санасының әр саласына лайыкты құнарлы ой, тұжырымды пікірлер айтқан уақытта Шоқан өзінің асқан ғалымдығымен, Ұбырай тамаша педагогтігімен жарқырап көрінеді. Ал Абай өзінің эстетикалық арна-мен көркемдік дүниесін тапты да, «қөңілдегі көрікті ойдаң ауыздан шыққанда өңі қашпауына» күш салды.

„Қазактың жаңа жазба әдебиетінің негізін қалаған, әдеби тілді қалыптастыруды орасан зор еңбек сіңірген ұлы Абай тұңғыш рет реалистік әдісті өзінің шығармаларында бар сыр-сипатымен, мән-мақсатымен жүзеге асырды. Адамның жан жүргегін тербейтін, ұлан-ғайыр әдемілік пен сұлулық құндағына бөлейтін, сана-сезімді әлдилеп уататын Абай поэзиясы — ермек таба алмаған жарым көңілдің ызыңы емес, өз заманының кем-кетігін жетік білген, оны түзетейін деп әлек болған ұлы ойшылдың күрес құралы. Сондықтан да ол өлеңге де, әнге де, оны шығарушы өнерпаздарға да қатаң эстетикалық талаптар қойды. Данышпан Абай ақындық сөздің әлеуметтік мағынасына және ақын-жазушының қоғам алдындағы міндеті мен парызына айрықша мән берді. Қөркем сөздің зор әлеуметтік-қоғамдық маңызын үққан кеменгер ақын өзіне де, өзгеге де өрелі талап қойды.“

Абай — қазақ әдебиетінде синшыл реализм әдісінің негізін салған дарын. Оның шығармалары жеке адамның қара басындағы кемшилікті әжуалаудан гөрі қоғамдық құрылыштың кем-кетігін сынау-мінеу дәрежесіне көтерілген. Дидактикалық, моралистік әуендерден гөрі Абай шығармаларында сатирик шенеу басым. Сатираны өз өнерінің ең қуатты арнасына айналдыրған Абай қоғамдық мәселелеге сын көзімен қарап, өз үкімін шыға-

рып отырды. Демек, оның сатирасы мен сыйнышлық ойы бір өнірден өрбін, әрқашанда бірін-бірі толықтырып отырды да, үлкен әлеуметтік мәнге ие болды.

Абайдың эстетикалық ойлары мен сыйнышлық пікірі алдымен өнер иесі — ақын, композиторлар кім, олардың қоғамдағы орны қандай деген түбегейлі мәселеден өрбіді.

Ескі бише отырман бос мақалда,
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап,—

деген уақытта Абай ең әуелі өнердің саудаға түспеуін, оны кәсіпке айналдырмау керектігін айрықша ескертеді. Егер өнерпаз кәсіпқорлықты көздесе, онда оның қадір-қасиеті болмайды («қазаққа өлең деген бір қадірсіз, былжырақ көрінеді бәрі дандақ»), ол өзінің негізгі қоғамдық нысанасын орындай алмайды деп білді. Мұндаидегі «өнерге» деп қоюшыларды ашына әшкереледі де:

Сый дәметпе, берсе алма еш адамнан,
Нең кетеді жақсы өлең, сез айтқаннан.
Сүйінерлік адамды құрмет қыл,
Аулак бол жіп сатып, нәрсе алғаннан,—

деп өзінің сөзіне құлақ салатын шын өнерпаз — дарындарға ақыл айтады, тіпті:

Өлеңі бар өнерлі інім сізге
Жалынамын, мұндай сез айтпа бізге.
Өзге түгіл өзіне пайдасы жок,
Есіл өнер кор болып кетер түзге,—

деп жалынғанын жадымыздан шығара алмаймыз. 10 Ійткені Абайдың өнерпаз жастарға айтқан ақылы, жалбара на өтінгені — есіл өнерді қор қылмай, игі мақсатқа, халық қажетіне жұмсау ниетінен туған. Мұны ол өзінің үлгісімен де көрсетпек болды.

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жок-барды, ертеғін термек үшін,
Кекірегі сезімді, тілі орамды
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін,—

деп ашық айтып, өзінің негізгі көздеген эстетикалық идеалы:

Мақсатым — тіл ұстартып, өнер шашпак,
Наданның көзін қойып, көңілін ашпак,—

екенін халыққа да, оның тілеуін тілеген өнерпаз-дарындарға да жар салды.»

Бұл шумақтардың негізгі эстетикалық арқауы — ақын-жазушылардың орны қандай болуы керектігін, өнердің халыққа қаншалықты қажетті екендігін айқындау. Міне, сондықтан да Абай поэзиясының азаматтық үні мұддесінен туып, оған қызмет еткісі келген өнерпаздардың орнын қазак әдебиетінде бұрын-сонды болмаған биікке көтереді. Демек, өнерді өнегелі іспен, әлеуметтік мәнмен, үлкен мақсат-арманмен сабактастыру, оған қатаң эстетикалық талаптар қою — Абайдың сыншылық ойының өрелі білгі.

Ақынның қоғам алдындағы борышын, көркем сөздің әлеуметтік маңызын айқындаған Абай енді шын өнердің қандай болуына назар аударады. Оны өзінің тамаша творчествосымен бір көрсетсе, екінші жағынан, өзіне дейінгі жыраулар мен замандас ақындардың өлең-жырларын сынауы арқылы тағы да аңғартады. Өзіне дейінгі ақын-жырауларды Абайдың қатты сынауы қазак әдебиетін жаңа арнамен өркендестуді қөздең әстетикалық талабынан туғанын аңғармасқа болмайды.

Абайдың кеменгерлігі оның данышпандығында ғана емес. Жаңа қоғамдық-әлеуметтік жағдайды, яғни Қазақстанның Ресей қол астына мықтап кіргенін түсіне білген және оның озық ұлгілерін, әсіресе, әдебиетін бойына сініре білген таным-білігінде жатыр. Ұлттық мәдениет зорлық жолымен келген жаңалықты қабылдауга тиісті болды. Абай осыны қатты ұқты. Сондықтан оның:

Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,
Мақалдан айтады екен, сөз қосарлап.
Ақындары ақылсыз, надан келіп
Көр-жерді өлея қыпты жоқтан қармап,—

дегені немесе әдебиет тарихында өздеріне лайықты орны бар дарындарды:

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,
Өлеңі бірі жамау, бірі құрау.
Әттен дүние-ай, сөз таныр кісі болса,
Кемшилігі әр жерде-ақ көрініп тұр-ау!—

дегені де өскен эстетикалық талап деңгейінен айтылған сын екенін аңғармасқа болмайды. Абайдың бұл пікірі қаншама қатты уқім болғанымен, нигилистік ой емес. Қарқынды қуатпен келе жатқан жаңалық әрқашанда

өзіне дейінгіге сын көзімен қарайды. Одан кем-кетіктер тауып, жүрттың назарын озық та өрелі өңірге, прогресті бағытқа сілтеп отырады. Бұл — диалектика заңы. Осы тұрғыдан алғанда өзіне дейінгі ақындардың өнерін қатты сынауы тек көркемдік жағынан ғана емес, эстетикалық мұрат тұрғысынан да қажет болғанын көреміз.

Кеменгер Абай әдебиеттің қоғамдық рөлін, еңбегін жоғары бағалаған уақытта, өзінің ағартушылық-демократтық идеалына сүйенген болатын. Сондықтан ол халықтың эстетикалық талап-талғамына, көркемдіктің ендігі даму барысына нениң сай келетінін, көркем сөзге нендей міндет жүктелетіндігін айқын түсінді. Абайдың «Заманды түзетпек болған» өр идеалы «өткірдің жүзі, кестенің бізіне» теңелген өлең өрнегімен сыртқа шығып, көркемдік шеберлікті үндеген зор эстетикалық талап болып қалыптасты.

Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы
Қынынан қыстырыар ер данасы;
Тілге женіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

дегенде Абай қазақтың жаңа жазба әдебиетінің ендігі шығар бігі осы өнірден өріс алуына, тұр мен мазмұнның тұтасуына назар аударады да, «іші — алтын, сырты — күміс сөз жақсысын» жасай алмағандарды, көркем сөздің қасиеті мен идеялық нысанасын бір деңгейден шығармағандарды «ол — ақынның білімсіз бишарасы» деп табады.

Сөйтіп Абайдың көркем сөзге қояр талап-талғамы қазақ әдебиетін өркендету жолындағы эстетикалық жаңа норма болып қалыптасты. Абай өзіне дейінгіні де, қатарлысын да сынап қоймай, халықтың ғасырлық тәжірибесінен корытылып бұзылmas ереже-қағидаға айналғандарын да тезден өткізу керек деп білді. Халық даналығының асыл қазынасы — мақал-мәтелдерді түсіну, тындаушыны тәрбиелеу, өнерді қадірлеу мәселелері төңірегінде Абайдың сыншылық ой-пікірі айрықша қомакты болғандығы да осыдан.

Халықтың ғасырлар бойы өмірлік тәжірибесінен туған аз сөзді, терең мағыналы мақал-мәтелдерге Абай әрқашан идеялық өнерпаздық тұрғыдан қарап отырған. Мақал-мәтелдердің мәнділерін, өзінің озық ойына сай келгендерін Абай кейде сол қалпында, кейде өзгеріске ұшырата пайдаланып, реті келгенде өз жанынан жаңа

мақал-мәтелдер шығарғаны әмбеге аян. Сондықтан Абай мақал-мәтелдердің мәніне айрықша назар аударып, өзінің сыни ой-пікірін білдіруден тартынған жок. Абайдың «Жырма тоғызыныш сезі» осының айқын айғасы. Кейбір мақал-мәтелдерді сынағанда Абай өзінің идеялық-эстетикалық талап-тілегін ашық танытып отырды. Ол «Қазақтың мақалдарының көбінің іске татырылығы да бар, іске татымақ түгіл, не құдайшылыққа, не адамшылыққа жарамайтыұғыны да бар» деп білген. Абай үшін қатып қалған қағида, сын тезіне түспейтін нэрсе шамалы. Ол әрқашан «іске татырлық» пен «іске татымайтындардың» арасын ажыратада білді де, өзінің эстетикалық-утилитарлық түсінігіне сай өктем үкімін шығарып отырды. Абай ақын, әнші, молда, ишандардың сезі түгілі кейде пайғамбардың сездерінің өзіне де күдікпен қарап, терен ой толғайды. Міне, мұның бері де Абайдың сиңшылық ойының әбден үштәлгандығының көрінісі.

Абайдың қаһарына ең алдымен «жарлы болсаң арлы болма» деген мақал ілігеді. «Ардан кеткен соң, тірі болып жүргені құрысын» деп шорт кеседі Абай. Адамгершілікті корлауға үндеген мақалдың мәнсіздігін, идеясыздығын дәлелдей, харекетке қарсы айтылған нақыл екендігін ашады. «Егер онысы жалға жүргенде жаныңды қинап, еңбекпенен мал тап-деген сез болса, ол — ар кеттін іс емес, тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей, жанын карманып, адал еңбекпен мал іздемек — ол адамның ісі» деп еңбекші адамның жанашырына, адамгершіліктің қорғаушысына айналады Абай. Өйткені Абайдың негізгі идеялары — еңбектің сүю, еңбек адамын кадірлеу.

Еңбек қылсан ерінбей —
Тояды қарның тіленбей,

деп, өзі мақал шығарған, осы идеяны өз творчествосының өзегіне айналдырган Абайға бұл мақал жат, оның эстетикалық идеалына мүлдем қарсы. Өйткені еңбекші халық өзін осынша жәберлейтін мақалды өзіне-өзі аринамаса керек.

«Калауын тапса, қар жанады», сұрауын тапса адам баласының бермейтіні жоқ деген — ең барып тұрған құдай үрған сез. «Сұрауын табамын, қалауын табамын деп жүріп қорлықпенен өмір өткізгенше, малды не жерден сұрау керек, не терден сұрау керек қой» — дейді Абай. Сондай-ақ Абай «Атың шықласа — жер өрте», «Алпыс

күн атан болғанша, алты күн бура бол», «Алтын көрсө періште жолдан таяды», «Атадан мал тәтті, алтынды үйден жан тәтті» деген мақал-мәтелдердің моральдық негізін әшкерелеп, өзінің сыншылық көзқарасының әбден қалыптасқанын, эстетикалық ойының өрелі биікке көтерілгенін танытады.

«Ендігі бір мәселе — Абайдың оқушы, тыңдаушы қауым іздеуі, оны тәрбиелеуі. Ақын-жазушы мен оқушытыңдаушының арақатынасы жәй мәселе емес. «Жазушы жазады, оқушы оқиды» деген өкінішті тезисті «Шәкіртсіз — ұстаз тұл» дегендеген қазақ мақалы ұшықтыра түседі. Сондықтан бұл мәселе үнемі эстетикалық талап-тілекпен қабысып жатады. Абайға дейін бұл мәселеге назар аударып, айрықша мән берушілер болған емес. Абай шығармаларында оқушы мен тыңдаушыны жөн сөзге құлақ қоюға шақыру, түсінуге талаптандыру, пайдалыны зияндыдан айыра білу, жетесіздікті сөгу, надандықты ашына сынау жиі кездеседі. Бұл мәнді, мағыналы көркем сөзді ұғына, түсіне алатын оқушы мен тыңдаушыны тәрбиелеу, олардың эстетикалық талғамын қалыптастыру мақсатымен айтылған сөздер. Мұның өзі Абайдың көркем әдебиетті қоғамдық сана-сезімнің бір мәнді арнасы деп түсінуінен туған. Сондықтан да:

Жүртүм-ай, шалқақтамай сөзге түсін,
Ойланшы, сыртын қойып сөздің ішін.
Ыржандамай тыңдасаң нең кетеді,
Шығарған сөз емес кой әңгіме үшін,—

деп назалануында үлкен мән, утилитарлық мақсат бар. «Сыртын қойып, сөздің ішіне» үнілуге үндеген уақытта Абай әйтеуір ауыздан шыққан сөзге құлағынды тоса бер демейді.

Білімдіден шыққан сөз,
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырны көруге
Қекірегінде болсын кез,—

деп өзіне пайдасы тиер «білімді сөзге» үндейді.

Абай өз оқушыларының көңілі соқыр екендігін көбірек айтқанмен, сөз қадірін түсіне білетіндер жоқ деп әсте есептемейді. Сондықтан көпшілікке үлгі ететіндері де бар.

Жақсыға айтсан, жаны еріп,
Ұғар көңіл шын беріп,

Дертті ішіне ем көріп,
Неге алтынды десін жез,—

деп табады да, ақын-жыршыларға үлкен талап қояды. Білгісініп көрінген жерде әңгіме шерте бермей, сөз жақсысын танитындар кездескенде ғана мағыналы сөз айт және тартынбай, ағынан жарыла айт:

Қадірін жақсы сөздің білер жанга,
Таппай айтпа оған да айттар кезді,—

деп ақыл-кеңес беріп, көркем сөздің әлеуметтік-эстетикалық қуатын күшайте түсуге үндейді. Қөкіреті ояу, көңілі ашық оқушы мен тыңдаушының қаншалықты қадірлі екендігін, оған «көр-жерді шатып-бұтып айта бермей», мәнді, мағыналы, ғибратты сөз лайық екенін Абай айрықша ескертіп, білімдіден шыққан сөздің қасиетін на-данндардың қолы жетпейтіп биінке көтерді. Сөйтін, оқушы мен тыңдаушыны да ел үшін еңбек етіп жүрген ақын-жырау, өнерпаздарды да тәрбиелеу мақсатының тізгінін тең үстады.

Абай «қазактың құлағының төсөрі мен кесері» барын жасырмай, қанатын қомдап алыс сапарға аттанғалы отырған жаңа әдебиеттің идеялық нысанасы айқын, көркемдік қасиеті нәрлі де әсем болсын, «халықты тәрбиелейтін анық үстаздық сөз өзіне бөлек, бір алуан болсын. Онда терен оймен, ашық шындықпен аралас үлкен тәрбиелік мән-мағына болсын» («Қазақ әдебиетінің тарихы», 1961, 2-том, 1-кітап, 402-бет) деп ұран салды. Сондықтан Абай өзінің көзделегеніне жету үшін, яғни жүртшылықтың ынтасын жаңа әдебиет үлгісіне аудару үшін «сөз түзелді, енді сен де түзел» деп оптимистік пікір айтты.

Оқушы мен тыңдаушы қамын ойлау, оларды тәрбие-леу проблемасы көркем сөздің әлеуметтік мәні мен қуатын арттыра түсудің практикалық шарасы болғандықтан, сынни ойдаң қең арнасынан табылады да, эстетикалық категорияға айналады. Осыны өзгеден бүрын аңғарып, ойлы өлеңмен өнегелі пікір айтқан Абайдың эстетикалық танымы сан-салалы қазақ әдебиетіндегі ғажайып құбылыс.

Сонымен, көркем сөздің қогамдық мәнін үғып, қадірлеу, ақын-жазушылардың тарихи еңбегін жогары бағалау, халықтың бай рухани мұрасын игеріп еңбекші слге жеткізу, оқушы мен тыңдаушыны тәрбиелеу проблема-

лары жөнінде өзінің айтар ойы, тұжырымдар пікірі бар Абай қазақ әдебиеті тарихында жаңа эстетикалық норма жасап қоймай, қалыптасқан көзқарасы бар сыншы екенін де тыннатады. Оның эстетикалық тұжырым-қағидалары қазақтың реалистік әдебиетінің өркендеу барысында ақын-жазушыларға зор ықпал жасап, социологиялық-эстетикалық сынның жаңр ретінде туып-әсүйе ігі әсерін тигізді.

Қазақтың ұлы ағартушы-демократының сыншылық ой-пікірлерін шола баяндаған уақытта үшеуіне тән үш ерекшелік анық бой көрсетеді де, олардың ой-пікіріне арна болған сөз өнерінің үлкен сілемі көрінеді. Қазақтың сыншылық ойының оянып, туда бастау шағында Шоқан, Ұбырай, Абай қоғамдық сананың үш мәнді салласы бойынша ой өрбітті. Шоқан Уәлиханов өзінің әдебиет жайындағы ойларын ғылыми арнамен, Ұбырай Алтынсарин педагогикалық жүйемен баяндаса, Абай Құнанбаев эстетикалық таныммен тұжырымдап отырды. Демек, қанатын қомдап ұшуға талпынған сәби сынға бұл үш сала, яғни ғылыми, педагогикалық және эстетикалық танымдар мен түсініктер үлкен таяныш болып, онын алар қамалдары мен асар асуларын бірсызырығы дәл белгіледі. Келешекте айтылар социологиялық-эстетикалық ойлардың озықтығы мен жарқындығы ғана емес, өрелі де биік болуы әдебиеттің өркендеуіне, өркен жаяр кейінгі ұрапқтың көркемдік таным-біліміне тәуелді байланысты екені анық аңғарылды.

Мұның өзі тарихи, сондай-ақ әдеби-мәдени даму бағысында қазақтың ағартушы-демократтары нәр алған ұлы арналардың үлгі-өнегесін ардақтап қана қоймай, барынша терең игерे білуге, тиімді насиҳаттай білуге, жаңа дәүірге сай жаңалық нышандарын өркендеп, салаландыра түсуге үндейтіні сөзсіз.

Қазақтың әлеуметтік ойын ояту жолында тарихи ұлы еңбек сіңірген Шоқан, Ұбырай, Абайлар сыншылық ой-пікірдің алымын молайтып, айтарын нақтылай түсті. Сөйтіп жаңа заман тудырған қазақтың үш данышпаны ғылыми, педагогикалық, эстетикалық түрфыдан сыншылық өнердің қарлығашын ұшырып, мәнді өнеге көрсетті.

Екінші тарау

БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ СЫН

1. ОЯНҒАН ОЙҒА ҚЕҢ ӨРІС

ХІХ ғасырдың соңғы ширегінде «Түркістан уәлаятының газеті» (1870—82) мен «Дала уәлаятының газеті» (1888—1902) патша үкіметінің отарлық саясаты мұддесінен ғана емес, сонымен қатар қоғамдық ойдың тегеуінді дүмпуінің әсерінен де шыққан еді. Сондықтан патша өкіметі «қазақ оқығандарының ұлт баспасөзі жөнінде қойған талаптарын өз мұддесіне орай шешуге тырысты» (К. Бекхожин, «Дала уәлаяты» және мәдениет мәселелері.—«Казақ тілі мен әдебиеті» журналы, 1958, № 10).

«Түркістан уәлаятының газеті» мен «Дала уәлаятының газеті» қаншама ресмиліктің қыспағына түссе де, қазақтың қоғамдық ой-пікірін оятуға себепші болды. Осы газеттердің өркендер кетуіне тілекtes болғандар хат-хабарлар мен мақалалар жазып, ресмиліктің тар шеңберінің өзін әлеуметтік ой-пікірді таратып отыруға пайдалана білді. Осыны анық аңғарған патша шенеуніктері бұл газеттерді қазақ еліне тек өкімет хабарларын таратушы жарнама органға айналдырмаққа тырысты. Мұны дәлелдеу үшін надан, дөрекі шенеуніктердің арыз-өтініштерін былай қойып, миссионер, профессор Н. Ильминскийдің 1892 жылдың 16 желтоқсанында Қасиетті Синодқа жазған хатын дәлелге келтірудің өзі ажеткілікте.

«Дала уәлаяты газеті» бір жылға толған күнде Н. Ильминский «бұл газеттің тек ресми бөлімін ғана қалдырып, ресми емес бөлімін мүлде жауып тастау керек деп әлдеқашан жазған едім, өйткені катаң бакылау мен тығырық басшылықты талап ететін тәжірибесіз және білімсіз тілмәштарға сену, оның үстіне күрделі ғылыми және саяси мақалаларды жариялау өте қауіпті» (М. И. Фетисов «Зарождение казахской публицистики», 44-бет) деп шағым жазды. Бұдан кейін 1894 жылдың жазған бір мақаласында «Дала уәлаятының газеті» «мән-маңызы жоқ көк мылжың» деп даттады. Әрине, мұндай пікірлер қазақ баспасөзінің тез өркендер кетуін көзdemегені өзінен-өзі белгілі. Қазақ мәдениетінің көрінде дүниеге келген газет-журналдардың қай-қайсысы

болса да осындай қыншылықтар мен қарсылықтарды басынан өткеріп, әлеуметтік ой-пікірді қалыптастыруға өзінің септігін тигізді.

Казактың мәдени-әлеуметтік өміріндегі зор оқиға «Түркістан уәлаяты газетінің» 12 жыл бойына шығып тұруы. Бұл газетте саяси-экономикалық мәселелермен қатар, оқу-ағарту жұмысының жай-куйін, өнер-білімнің пайдасы, орыс ғылымы мен мәдениетінің жетістігі туралы бірқыдыру мақалалар жарияланған. Қазақ елінің өнегелі ұлдарының ісі мен қызметі де орайын тауып әңгімеленген. Қазақтың мәдени өмірінде тұнғыш рет жауық көрген «Түркістан уәлаятының газеті» алғашқы санынан бастап өзінің еліне, отанына адал қызмет етіп, еңбек сіңірген адамдарды қадірлеп, оған сый-құрмет көрсету қажеттігін ескертіп отырды.

«Түркістан уәлаятының газеті» бетінде қазақтың мақал-мәтелдері мен жұмбақтары, ақындардың өлең-жырлары, айтыстары, батыс пен шығыстың көптеген аныз әңгімелері мен ертектері біршама мол жарияланған. Олардың ішінде «Мың бір түннің» хикаялары, араб, иран, орыс ертектері, аныздар бар.

Газет редакциясының айрықша іждағат салғаны — қазақтың төл әдебиеті. Халық әдебиетін сөз етерден бұрын, газеттің қай үлгі-нұсқаларға мән бергендігін аңғартып алған жөн. Өйткені будан газетті шығарушылардың көзқарасы мен позициясы да, сонымен қатар сыншылдық ой-пікірлері де айқын аңғарылып қалады.

1876 жылы Қазан қаласында «Қисса Қожа Таған һәм Сәдуақас» деген кітап басылып шықты. Оны Мұқаметжан Муфтахиддинов өз акшасына бастырғанын хабарлай келіп: «Өзінің оқып көрініз, қазақша жазылған деп айтып болмайды. Сөзінің бәрі сол қалыпта. Қазақ тілін бұзып басып шығарыпты. Енді бұл кітапты оқыған адам қазақ тілі осы деп ойласа керек. Қазақ тілі қандай жарасып, бір-біріне жабысып тұрғанын білгініз келсе, біз бір-екі ауыз сөз жазалық» (№ 29, 10.11.1876) деп, қазақ тілінің тазалығын сактау, оны бөтен, түсініксіз сөздермен шұбарламау жөніндегі Ы. Алтынсарин бастаған идеяны жалғастыра түсken.

Қазақ тілінің қандай ырғақты, әуенді, жүйелі келетінін, сөздері «бір-біріне жабысып» тұратынын көрсету үшін Абайдолла ханның Сібірден қайтып келгенде Орынбай ақынның шығарған өлеңінің алғашқы екі шұмағын келтіреді.

Хан келді Абайдолла он жыл жатып,
Бұл тәнірінің бүйірган дәмін татып,
Орта жүздің ханы еді бұл мезгілде,
Мен келдім он күннен соң күн-түн қатып.

Ханымды айдаш келді құдай дедім,
Жүрткә қуаныш болар ма мұндай дедім.
Төре, кара жиылып отыр екен
Мен ханға келген жерде былай дедім,—

деген шумақтарды тілдің тазалығы мен мақамдылығына үлгі етеді. Өздерінің осы бағытына бекем болғанын талай материалдардан айқын көреміз.

Демек, «Түркістан уәлаятының газеті» қазақ тілінің тазалығын сақтау, оны орынсыз шубарландырмау жайында берік көзқарасты ұстаған. Онда жарияланған әдеби шығармалардың дені ертеңі, аныз әңгімелер болғанмен, қазақ ауыз әдебиетінен жұмбактар мен мақалмәтелдердің «базары» қызу болып, газеттің бірнеше санында көпtek басылды.

Редакция ауыз әдебиет үлгілерін іріктеп, жүйелеп, құндыларын басуға назар аударды. Газетте басылған мақалдар мен мәтелдердің, жұмбактардың мән-маңызына назар аударсақ, көбіне-көп халықтың ақыл-ойына әсер ететіндерін, гибраты айқын, насиҳаттары мәнді, үлгі-өнегесі ашықтарын іріктеп, саралап басқанын, қолдарына түсkenге мәз бола бермегенін байқаймыз. «Түркістан уәлаятының газеті» шыға бастаған кезде Орта Азияны Ресей империясын отарлауы әлі де болса аяқтала қоймаған-ды. Сондықтан материалдардың басым көвшілігі Орта Азияның онтүстігі мен Таяу Шығыска және Қытай еліне байланысты болды. Осы мәселені тек ресми турде ғана емес, «поэтикалық көрікпен» жеткізу жөнінде генерал-губернатор тарапынан белгілі бір нұсқау болуы да ғажап емес. Қазақ және өзбек тілінде аз уақыт ішінде арнайы газет шығарудың арғы мақсатының бір сыры да осында. Сондықтан орыс қаруының патша ағзам әмірінің мықтылығын насиҳаттау, тілті мадақтау қажет болды.

Осы тұрғыдан алғанда, «Шымкент уезіне қараған Мәделіқожа деген ақынның Сырдария облысының әскери губернаторы Головачевтың Хиваға барғаны тақырыпты шығарған өлеңін» (1875) бірнеше санға жариялануының негізгі идеялық себебі де сондықтан.

Қаратып түрікменді алмақ үшін,
Тәртіпті Хивадай қылып салмақ үшін.

Головачев губернатор өзі аттанды,
Кауфманнан бөлінін бармак үшін.

Түрікмен қарсылықты қылып жатыр,
О дағы сансыз әскер жиып жатыр.
Қияметтей майданды бір қылсам деп,
Бұл әскердің келерін біліп жатыр,—

деген шумақтың айтары көп.

Газеттегі осы тенденцияны Құрама уезіне қараған Досанбай ақынның өлеңі дәлелдей түседі. Орыс өнерін мадақтау арқылы жарамсақтану ниеті байқалады.

Ұшқан құс арқасынан ілеспейді,
Қарсы келсе адамдар тілдеспейді.
Кетіп барған арбаға қарасаңыз
Көзіңіз арбасына ілеспейді,—

деген өлеңнің сыры белгілі. Осымен қатар, «Түркістан уәлаятының газетінде» жарияланған өлендердің ішінен бүгінгі шындықты жырлаған, түйінді ойын қара дүрсіндеу баяндаған өлеңнің екі шумағын келтірейік.

Бір жан жок болыстыққа талас емес,
Бір-бірінен көніл аласа емес.
Бір құдайдан басқаға сенбегін,
Біздің кожа үш жұздің баласы емес.

Басынан бұлт кетпейді күн жайланаңып,
Сақау озды, шолжандаған тіл байланып,
Тұлпардан есек озды, бәйге алып жүр,
Бұ күнде заман кеткен теріс айналып,—

дегенді (№ 12, 09.10.1878) газет редакциясы «өлең тәуір жазылған» деп тапқанда, оның мазмұнына мән бергені сезіледі. Ел арасында болыс, старшын сайлаулары ендең кіріп, бірін-бірімен қырқыстырып қою, ара жігін алшақтата беру сияқты құбылыстарды отаршылдар іштей де, сырттай да тілеген болатын. Осыны әшкерелеуге бағытталған мұндай өлендер бұдан кейін газет бетінен мүлде көрінбей кетті, тыйым салынды.

«Түркістан уәлаятының газеті» әдебиетке, оның ішінде сыншылдық ой-пікірге қатысы бар материалдарды 1875—1878 жылдар аралығында бірқыдыру жариялады. Олардың көркемдік сапасынан гөрі мән-маңызы газеттің ресми бағытына тәуелді болды. Эр қылы айқыш-үй-қыш, кейде қарама-қарсы ой-пікірлердің айтылуы сыни ойдың оянуға бет алғандығын аңғартқандай еді. Газет қаншама ресміліктің қыспағында жасаса да халықтың

әлеуметтік, эстетикалық ойына қозғау салды, қазақ тілшің тазалығын сактау жолындағы ігі идеяны жағастырды, қазақтың ұлы азаматтарын, әсіресе, Шоқан Үәлихановты құрмет тұтып, оның өмірі мен өнерін на-сихаттады, мәнді де ажарлы шығармаларға орын беріп, әдебиетке жанашырлық көрсете білді деп тапқан орынды.

«Түркістан уәләятының газеті» 12 жыл бойында қалыптастырмақ, айтпақ болғандарының эстафетасы «Дала уәләятының газетіне» ауысты. Әсіресе, қазақ тілінің тазалығын сактау, оны өркендете беру идеясы тек сыншылық ой-пікірмен ғана емес, бүкіл әлеуметтік санамен жалғасып жатқаны «Дала уәләятының газетінде» жарияланған материалдардан анық көрінеді. «Түркістан уәләятының газеті» бұл мәселеге ігі тілек тұрғысынан келсе, «Дала уәләятының газеті» оны қоғамдық дамудың заңдылығына жанастыра баяндауға зер салды. Сондыктan әдебиет пен тілге байланысты арнайы жариялаған материалдарында да, тінті басқа мәселелерге арналған мақалаларында да тілдің таза болуын, шүбарланбауын үнемі ескертіп отырды. Бұл жөнінен қазақтың алғашқы публицистері Мәшіүр Жүсіп Қөпееv, Әлихан Бекейханов, Асылқожа Құрманбаев, Отыншы Әлжанов, Шоканның немере інісі Дінмұхамет Сұлтанғазин, Рақымжан Дүйсенбаевтың еңбектерін айрықша атаяу керек. Өлендер мен азыз-ертеғілерді, тарихи шежірелерді жазып, газеттің ғулдене өркендеуіне үлес қоскан Иманбазар Қазанғапұлы, Бекен Адықов, М. Миropиев, Ташмамбет Хасенұлы Сейфуллин, Қекбай Жанатайұлы, Жәке Сақатайұлы Тұрапов, Шахзенде Исімұлы Шорманов, Мәтен Ботбаев, Мұхаметқали Төлебайұлы, Н. Жетпісбаев, Әбдірахман Қылышбаев, Ысқақ Шүленбаев, Бейбіт Дауылбайұлы, Қалмақ Болатов, Дүйсембай Тұрапов, поручик Бекметов, Жағыпар Айманов, Корабай Жапанұлы, Мейрам Жанайдарұлы Нұржанов, А. Нөгербеков сынды дарынды қаламгер азаматтарды естең шығармаган абзац.

Бұл авторлар ауыз әдебиетінің үлгілері, тарихи сипаты бар шежірелерді батыс, шығыс, орыс ертеғілері мен хикаяларын, ақындардың өлендерін үнемі жариялада кейде түсіндірме беріп отырған.

«Дала уәләятының газеті» әдебиет пен өнерге, азыз бен жырға, тарихи шежірелерге байланысты орасан көп материалдар жарияладап, елдің санасын ояту бағытында

Улken еңбек сінірді. Патшаның халық агарту министрлігі 1870 жылғы жарлығында Ресейдегі бұратаналарды мүмкін қадерінше оқытпау, қараңғылықта ұстау, ал алда-жалда өлеменде кепен оқи қалатын болса, онда «бұратаналарды оқытудың түпкі мақсаты, сөз жок, оларды орыстандыру және орыс халқына сініріп жіберу» болуға тиіс деп бұйырып жатқанда, «Дала уәләятының газеті» объективті түрде қазақ халқының санаасын оятып отырғанын Н. Ильминский сияқтылар көріп, талай киястық жасады.

«Дала уәләяты газетінде» әдебиет пен тіл мәселелеріне арналған материалдар жарияланды. Оларда тेңрек эстетикалық талдаулар аздау болғанмен, әдебиет пен тілдің жалпы мәселелері оңтайлы әңгімеленеді. Қазақ елін өркендешу, мәдениетін көркейту жөнінде А. Құрманбаев пен Д. Сұлтанғазин біршама айқын көзқарас ұстал, Шоқан, Ұбырай, Абай салған даңғыл жолдан айрылмау керектігін насиҳаттады.

«Дала уәләяты газеті» қазақ тілінің тазалығын сактау жайында жариялаған материалдарында Ы. Алтынсарин идеясын дәйекті қорғап, әрі дамытқан. Асылқожа Құрманбаев өзінің «Қазақ тілі хақында» деген үлкен мақаласында қазақ тілін араб, парсы, татар сөздерімен шұбарлауға қарсы шығып, «тек өзінің ана тілін ғана емес, сонымен қатар көптеген шығыс тілдерін білген, демек оларды бір-бірімен салыстыруға құдіреті жеткен әйгілі Алтынсарин қазақ тілін мейлінше өте бай тіл деген, ол тілде қандай кітап болса да жазып шығуға болады деген» (№ 27, 10.07.1894) деп, Ұбырайдың өнегелі ойын дәлелге келтіреді. Өз пікірін әбден нығыздай түсу үшін автор «Алтынсарин қазақ тілінің қасиетін сөзбен ғана емес, іс жүзінде дәлелдеді. Ол мысалы, таза қазақ тілінде үп-үлкен «Қазақ хрестоматиясын» (орыс әрпімен) жазды» деп қарсыластарына тұзак құрып, «Қазақ халқын және оның тілін суюшілер марқұм Алтынсарин салып кеткен жолмен жүрүлөрі керек және ол бастап кеткен істі, қазақ тілінің ережелерін жүйелеп, тәртіпке келтіру ісін жүргізе берулері керек» деп өз пікірін айқын тұжырымдады.

Осы автордың мақаласынан, ең алдымен, Ұбырайды аса қадірлайтінін, оның тарихи еңбегін жоғары бағалайтынын аңғарсақ, екінші жағынан, өз пікірін дәлелдеу үшін мәнді деректерді барынша ұтымды пайдалана білгенін көреміз. Пікір таласы — сыншылық ойды өр-

кендетер мәнді арна екені осында мақаладан анық байқалып, нактылана түседі. А. Құрманбаев өзінің пікірін дәлелдеу үшін көркем сөз саласына да көз салған. Ы. Алтынсариннің «Сөз басы» (кейінгі кезде «Кел, балалар, оқылық» аталып жүрген өлеңі — Т. К.), «Тұлқі мен қарға», «Жаз» және басқа өлеңдері бөтен тілдерден құлан тазалығымен ғана қадірлі емес, оның үстіне қазақ тілінің, қазақ өлеңі мен поэзиясының тамаша үлгісі болуымен де қадірлі, ел қазіргі сахараға жайылған және қазақтар құмартып оқитын өлеңдерді, мысалы, «Салсал», «Зарқұм» және басқаларды казақ тілін әлдеқалай білген татарлар жартылай қазақша, жартылай татарша құрастырған» (бұ да сонда — Т. К.) деп өз ойын білімдарлықпен түйіндеғен.

Әдебиеттің ерекшелігін нақты әңгімелей коймағымен, автор қазақ хақының сана-сезіміне, эстетикалық таным-талғамына қандай шығарманың қадірлі екендігін айтып, шала сауатты, тілі шұбар, мағынасы тұманды кітаптарды сынаған. Құрманбаев басқа мәселелер жағында жазған мақалаларында да өзінің осы ойына айнала соғып, әрқашан өрбіте дамытып отырды. «Қазақ тілін қолдау және өркендету үшін... орыс оқын-жазуын тарату, менің ойымша, қазақ халқының оқыған азаматтарының адамгершілік борышы болуға тиіс (№ 27 10.07. 1894) деген пікірі осыны айғақтай түседі.

Осы мәселелерді әдебиет сыннына «құлағынан тар-тып» жақындағып отырғанымызға А. В. Луначарскийдің «Ломоносовтан Белинскийге дейінгі орыс сынны» деген еңбегінде әдеби сынның әддегегі қарапайым түрінің өзі әдебиеттің алғашқы адымына, сөз қолдану амалына жанаса туады, сөздің мәнін дұрыс жеткізу жөніндегі ойдың өзінде сынни таным жатады дегені бұған нақты дәлел. Қазақтың әдебиет сынның бастау алар кезеңіндеғі материалдарда сыншылық ой көбіне тіл мәселесіне сабактаса айтылса, бұдан кейінгі уақытта да олардың үзенгі қағысып, жанаса жүретіндігін, жана сапалық қасиеттерге ие болатындығын анық байқаймыз. Сондықтан да тілге байланысты өрбіген пікірлерді сынға сабактастырып отыру, алғашқы нышан ретінде сыр-сипатын ашип отыру әбден орынды болмак.

«Дала уәлятының газетінде» тіл мен әдебиет жайында құнды пікір айтқандардың бірі — Дінмұхаммет Сұлтанғазин. Сұлтанғазин газеттің реєсми редакторы мен аудармашысы ғана емес, қазақтың алғашқы публицис-

терінің бірі екендігі оның жазған мақалалары мен өлецдерінен айқын байқалады. Оның «Жазғытырым», «Қырдағы жазғытырымғы уақыт» деген өлөндөрі Абай поэзиясымен үндесіп, ақындықтан да құр алақан еместігін танытады. Ал қазақ тілі жайында жазған мақалаларында, әсіресе, «Біздің қазақ тілі туралы бес-алты ауыз сөз», «Қазақ тілінде жазу турасында» деген өндектерінде қазақ тілінің ережесін жасау, жазу мәдениетін көтеру, басқа тілдердің сөздерін мүмкіндігінше аз қолдану, ал бұрыннан сінісп жеткен сөздерді қазақ әуеніне бағындыру, яғни қалай сөйленсе, солай жазу керек деп біледі, де, өзінің ойын былайша түйіндейді: «Қазақ тілін таза сақтаймыз деп оны қатқан қалпында қалдырудың еш мәні жоқ және бұл біздің қолымыздан келмейді. Өйткені тіл — халықтың өзі сияқты өзгеріп, дамып, жетіліп отыратын организм. Бұдан мәдениетті халықтардың әдеби тілінің тарихы дәлел болады. Бұл жалпыға бірдей лексикологиялық заң өз дамуының алғашқы фазасын басынан кешіп отырған қазақ тіліне де тән (№ 32, 11.08. 1896) деп ғылыми дүрыс қорытынды жасады.

Д. Сұлтанғазин қазақ тілін өркендету қажеттігіне назар аударған уақытта қай әліппені тандау мәселесінде қоса әңгімелейді. А. Құрманбаев екеуі Ы. Алтынсариннің хрестоматияны орыс алфавитімен шығарғанын, миссионерлік қоғам онан басқа да көп кітаптар бастырғанын, бітен сөздерді әдейі сіндірмекке талаптанғанда-рын айтқанда, араб әліппесін баяғыдан бері қолданып келе жатқанымызды көлденең тартады. Алыс-түйісті екіге бөліп, ертеден сініп кеткендерін естілу күйінде, ал соңғы кезде енгендердің түбірін сақтай жазуға шақырады да, негізгі ойын «қазақ тіліне қай жүрттың тілінен болса да сөз қосуға қарсы келгеніміздің орны жоқ және мүмкін емес, не себепten десеніз, сөз көбейсе халықтың пайымын ұлғайтып, зейінін арттыруға себеп болады және ақыл да молаяды» («Дала үәләятының газеті», Әдеби нұсқалар. Құрастыруши Y. Сұбханбердина, Алматы, 1990, 317-бет. Бұдан былай басылым ДУГ деп қысқартылып, жылы, беті көрсетіледі) деп түйіндейді. Және оны әдеби мысалдармен дәлелдеп, жол-жөнекей сыны ой-пікірлер айтып отырған.

«Қазақтың өз тілінің де бітен жүрттардың тіліндей өзгергенін байқауға қазақтың бұрынғы заманда шығарған өлец-жырға осы соңғы замандағы жыр-өлөндермен

салыстырса көрінеді. Мәселен, бұрынғы «Едіге», «Тоқтамыс хан» жырларын байқап қарағанда һәм соңғы уақыттағы Шортанбай ақынның «Зар заманын» қараганда «Едігенің» жырларының сөзі тым аз, өңкей қысқақыска, бағзы жырларының сөздері жырға да келмейді. Жырменен осы күнде қазақтар көп өлең шығармайды (Шоқан ойының сілемі бар — Т. К.) мұңды-зарлы нәрселер турасында болмаса. Осы күні ақындар жырды менсініп көп айта қоймайды (көтеруге қысқа болып келмейтін болған соң). Осы күнгі өлеңдердің көбі ұзақ болып әнге келеді. Шортанбайдың сөздерінің көбі толық, ұзақ келеді және өлеңдерінде араб-парсы сөздері де көп һәм орыс сөздері де бар» (318-бет).

Д. Сұлтанғазин мәнді де ғылыми мақаласының соңында толық аударма мәселесіне, әсіресе, реєсми бүйрек-жарлықтарды, заң-закондарды «келістіріп, ұғымды анық қылып переуаттау бір зор жұмыс. Қын сөздер келтінде қазақша балама сөздер болмаса да қазаққа ұғымды болса, орыс сөздерінің өзін қалдыру керек, я қазақша екі-үш сөзбенен айту керек. Сол себептен орысшадан переуат қылғанда түп-тұра сөз қалдырмай орысша ретіменен переуат қыламын деп әуре болу жарамайды» (321-бет) деп ең бір оңтайлы принцип ұсынады. Халық-қа түсінікті болу жағын қарастырады. Осындай дұрыс үлгілерден ауытқығандықтан қазір сөзбе-сөз аудару етек алып, оны оқу азаппен пара-пар болып отыр.

Прогресті жақтаған қазақ ақындары, әсіресе, осы газеттің төңірегіндегі көңілі ояу, көзі ашық публицистер қазақ әдебиетінің даму жолын замана талабына сай онға бұрып, әдеби шығарманың тілі мен стилі ғана емес, мазмұны да айқын әрі түсінікті болуы керек деген көзқараста болды.

1889 жыл әдеби тұрғыдан алғанда газет өміріндегі ен бір елеулі жыл болды. Абайдың екі өлеңі («Жазды күні шілде болғанда», «Күлембайға») түңгыш рет басыласөз бетінде жарияланып, әдебиет тарихындағы елеулі оқигаға айналды. Бірінші өлеңі «кісіден үйреніп жаздым, Қекбай Жантайұлы» деп қол қойылып, «Семей уезі Шыңғыс елінің қазағы Ибраһим Құнанбайұлы аулының Бақанас өзенінің Қекбейіт деген жерге қонып жатқаңдагы түрі», ал екінші өлеңі — «1888 жылы май айында Ақтау деген жерде Семей облысы мен Жетісу облысының чрезвычайный съездегі түрі» деп ешкімнің аты-жөні көрсетілмей жарияланған. «Дала уәлятты газе-

тін» зерттеуші-ғалым Қайыржан Бекхожиннің құнды диссертациясында және баспасөз тарихына арналған еңбектерінде Абай өлеңдерінің жариялану жайы, оның ықпалы және цензураның қандай қиянат жасағандығы туралы қызығылты деректер, толымды ойлар бар. Өлең жарияланғаннан кейін оны өзінің қазактар туралы библиографиялық көрсеткішінде А. Алекторов Абайдың «Күлембайға» деген өлеңі патша чиновниктерінің жандайшабы болып кеткен болыстарды масқаралап мазақтайтынын, паракорлығын ажуалағанын атап өтудің өзі шын сатираның елеусіз қалмайтынын аңғартады.

Абай өлеңінен кейін басқа авторлардың бірқыдыру өлеңдері жарияланды. Қапал уезі Арасан болысының ауылнайы Демеубай Итжемесовтің: «Найманның жеті атасынан билік үзілмегендерін баян қыламыз» деген жәреуке өлеңі, Мәшіүр Жүсіп Қөпееvtің болыстар мен жатақтарды сынаған өлеңіне қарсы Мәтен Ботбаевтың өлеңмен қайтарған жауабы әр қылы ақындық өнермен, әр алуан идеялық мағынамен жарияланып, қазақ поэзиясы баспасөз бетіне үйір бола бастағанын аңғартады. «Дала уәләятының газеті» өлең жырларға едәуір орын берді.

Абай өлеңі жарияланғаннан кейін «Қыр баласы» деген бүркеніш атпен А. Бекейхановтың хаты . басылды. Онда Шортанбай, Шернияз, Құнанбайлардың қазактың ескі билерінің сөзі мен өлеңдерін жариялау керек (№ 24, 16.06.1889) деген ұсыныс жасады. Ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, жариялау қажеттігі сөз болды. Алайда кейбір оқығандар бұл пікірге қарсы шығып, қазіргі түрмисты реалистік түрғыда суреттейтін шығармалардан безбеу керек, қазақ халқының рухани дүниесін байыта түсетін тарихи, ғылыми деректерді мол насиҳаттап, көршілес елдердің өнерімен таныстырып отыру керек деп тапты. Абдолла Шонаевты Қорған елінің қазағы Ешмұхаммет Жаңбыраұлы Наурызбаев қолдады да «Қазақ» газетінің 24 санында басылған «Қыр баласының» жазған хатын көріп, Шортанбай, Шәже һәм Гайриларының (басқалардың — Т. К.) өлеңдерін сұрап жатқанын көрдім. Мен білдіріп тұрамын: ол ақындардың өлеңдері газет оқушыларына еш пайдасы жок. Себебі олар, менің байқауымша, өлеңді сый алу үшін айтты, өснег емес,— деп жазды да, Абдолла Шонаевтың «Лайрықша қосымшаның» 26 санында халықта тарихи, ғылыми пайдалы мағлұматтар мен басқа елдердің түрмис-

тіршілігімен таныстыратын шығармалар болу керек дегенін әбден орынды және әділетті деп есептеймін,—деп ой түйді. Осы пікір қақтығысын ұмытпаушылар да табылды: Мұқаметқали Төлеубайұлы «Шонаев пен Наурызбаевтың сөзі бас алғаннан бұзылып еді, әлі түзелмей келеді» (№ 19, 1890) деп түсінді.

Осы азғана деректің өзі бір жағынан, қазақ әдебиеті туралы әр қылыш ойлайтындар, көркем шығарманың танымдық сипатын қалайтындар бар екенін көрсетсе, екінші жағынан, қазақтың әдеби сынның қылан бересе бастағанын, әр автор өз ойын дәлелдеп айтуға тырысқанын анық байқатады.

Уақыт өткен сайын қазақ авторларының қаламдары ұшталып, айттарлары нақтылана түсті. Қарқаралыдан жазылған хатта газеттің шыққанына қуана келіп, «Баянауладан екі кісінің сөзі ұнамды тиіп, көнілденіп отырмыз. Бірі — Сәдуақас Мұсаұлы Шорманов дегеннін сөзі, атасы жақсы болған адам еді. Бірі — Жүсіп Қөпееў деген. Сөзі қарасөзбен болса да, өлеңмен болса да дәмді болып көрінеді. Қөпеевтің сөзінен сөз танушыларға ғибрат көп табылып тұр. Сол кісінің қай түрлі жазған сөзі газетпен келсе, оқып көңіліз ашыла берер еді. Және естуші едік Сүйіндікте Мәшһүр ақын бар деп, оның өзін көрмесек те, өлеңі жүртқа жайылып еді» (№ 19, 1890) дегендерде баға беру, өзіне ұнағанын айту инеті бар, халықтық таным-біліктің сыртқа шықкан бір түрі екенін көреміз. Газет сөзі, айттар ой-пікірі, түйіндер тұжырымдар осылайша жетіле, толыса берді. Сондықтан сол кезеңде жарияланған әдеби процестің ішкі сыры мен дамуына эстетикалық талдау жасаған сынды саф алтындей тұтас кездестіре қою қын болғанымен, әдеби сынның элементтері бар материалдар көбінесе әлеуметтік-саяси мәселелерге қосарланып, аралас айтылып отырылғаны анық.

Осы реттен алғанда, «Дала уәляятының газетіне» бес жылдай тілші болып, алғашқы жазғандарын жүрт ұнатта бастаған, көптеген мақалалары мен өлеңдерін жариялаш өз пікірін ортаға салған, әлеуметтік ойды оятуға үлкен үлесін қосқан Мәшһүр Жүсіп Қөпеевтің бір мақаласына айрықша тоқтала кету қажет. Бұл мақаланың бізге екі түрғыдан мәні бар: бірінші — қазақ әдебиеті тарихында түңғыш рет Абайдың аты аталып, оған ілтипат білдірілуі болса, екінші — қазақ әдебиет сынның

«таза күйінде» кездеспей, әлеуметтік-қоғамдық мәселе-
лермен араласып, анда-санда бой көрсетіп қоятындыры.

Мәшіұр Жүсіп Қөпеев өзінің осы мақаласында «Да-
ла уәләятының газетінде» жарияланған өлеңдерге сын
айту мақсатын көздеген.

Мәселенің құнды және бізге айрықша қажетті жа-
ғы — Абай өлециң тұңғыш рет оқушылардан, оның
ішінде Мәшіұр Жүсіптей көзі ашық адамдардан көте-
ріңкі бағасын алуы. Абайдың поэзиясына алғаш рет
зор ілтиpat көрсеткен және оның атын тұңғыш ауызға
алған Қөпеев екені тарихи шындық. Құнанбайға ас бер-
медін деп Абайға мін таққанмен, оның ақындық өнеріне
әбден ден қойған. Газетте «басылған бір тақпақ өлең
Құнанбай баласынікі деп естіген едік. Біз Ұбырай
мырзаның өнерін Құнанбайдан артық деп естіген едік.
Артында байлығы һәм келісті болып өлеңге қосылып
тұрған соң, өлецине өнерін муафік қылыш сейлесе керек
көй деп айтып жатырмын» (№ 48) деп жазған болатын.
Абайдың Қекбай атынан 1889 жылы жарияланған екі
өлециңен шын поэзияның үшқынын көріп, оған ынтасы
ауған жүрттың Абай шығармасын «аңсап, іздей бастай-
ды, алайда жүрттан бұрын іздең кісі — Мәшіұр Жү-
сіп» болғандығын Қ. Бекхожин тұңғыш айтқан-ды. Қай
уақытта, қашан болса да адамның сөзі мен ісінің бір
жерден шығуын қалаған еді. Сондықтан да Мәшіұр
Жүсіптің «Почтенному Ибраю, как стоящему во главе
своего общества и имеющему большое состояние, удос-
тоенное даже предметом поэтического творчества, сле-
довало бы согласовать свои поступки и деяния с той
репутацией и мнениями, которые распространяют о ней
молва, печать и пр» (№ 48, 1889) дегенінің ізгі тілекten
туғандығын аңғармасқа болмайды.

Абайдың жарияланған екі өлеци оны қай сөзден бол-
са да арашалап алуға жарағанын омбылық Хасен Қек-
еновтің редакцияға жазған мына хатынан байқаймыз:
Ұбырайдың өзі, Қөпеев онша мақтамаса да, біз алыс-
тан естіміз, мейлінше құрметтеу қазақ — байлығымен
емес, өзінің ақылымен. Сондай ақылымен халыққа құр-
метлу, сүйкімді һәм сенімді, бір өз төңіреғіне емес, бүтін
уезге (№ 1, 1890) деп жазуы Абай даңқының сол кездің
өзінде көп елге мәлім болғанын аңғартып қана қоймай-
ды, сонымен катар оның поэзиясының мәнділігін де,
окушыларға әсерлі болғандығын да көрсетеді.

Сонымен «Дала уәләятының газеті» бір жылда, яғни

1889 жылы әдеби-мәдени құбылыстарға жанастыра өнімді ойлар, талас пікір айтқанын ескерсек, онда халықтың қоғамдық және эстетикалық таным-талғамдары мен түсініктері қауап кетерін анық байқаймыз. Н. Ильминскийдің «шырылдауы» осыдан болатын. Әрине, газет шыққан 14 жылдың ішінде әкімшіліктің қас-қабағына қарап, редактордың ынтасына, күш-жігеріне қарай, әр қылы сипат алып отырғаны байқалғанмен, қай сөзі, қай материалы болмасын құнарлы топыраққа, яғни қазақтың әсершіл де қызықтыш зердесіне түсіп, әлеуметтік сипат ала берді. Соны эстетикалық-мәдени жайларға жақыннатсақ талай қызықты жайларға кездесеміз. Кітап шығару, ғылыми бағдарлама жасау, экспедицияға шығу, мүшелтойлар қызықтары, қазақтың түрлі әдет-ғұрыптары мен тарихына қатысты дүниелер мейлінше көп жарияланды.

Мәселен: «Ғылыми хабарлар» деген материалда Петри деген оқымыстының Петербургте жасаған баяндамасында Ресейге қараған «қазақтың қисабы екі жарым миллиондай» (Түркістан өлкесін қоспағанда, түгел алғанда екі жарым миллиондай ереккі кіндікті болған Т. К. «Ана тілі», 13.02. 1992) еkenі, «Орынбор округіндегі 8236 қазақ балалары 250 қазақ медреселерінде» оқып жатқаны, «қазақтардың өнерлі, білімді, ғылымды болатын белгісі бар. Айтылмыш Петри сөйлегендеге Петерборда тұратын қазақтардың көбі келіп тыңдал, білімдінің сөзін қостап, дуылдастып тұрды» деуіне қарағанда (№ 5, 1890) сонау солтүстіктері астанада өзгені былай қойғанда едәуір қазақ болғанға үқсайды. И. Н. Березин. Ғылым хабарлары (№ 7) «Жаңа кітаптар» (№ 30), «Ташкенттің күншығыс халқының жазулары» (№ 32), «Қазақ ақыны Улкенбайдың өлгөні» (№ 52, 1890), Минакиб Н. И. Ильминский (№ 2), «Халықтардың мақалы» (№ 20, 21), «Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» (29, 40 сандары «Еңлік — Қебек» пен «Қалқаман — Мамыр» жайында) «Кім тұрар сөз сөйлемей көніл қызыса» (№ 47, 1892), «Қазақтарға пайдалы кітаптар» (№ 39, 1894), «Г. Н. Потаниннің Ақмола облысындағы Қекшістау оязына баратұғыны тұрасынан» (№ 24), «Бір әйел адамның тірлігінде ғылым үшін меҳнат шеккені туласына» (№ 26, 1995), «Дорджи Банзарұғлы» (№ 22) «Торғай газетінің бір нөмірінде» (№ 30) «Қазақтың тәуір адамдарының қылар ісі — задачи киргизской интеллигенции» (№ 43, 1896), «Асан қайғы» (47), «Басы-

лып шыққан кітап туралы» (№ 50, 1897) сияқты көптеген сын мен ғылымға байланысты материалдар жарияланды.

Қазақ әдебиет сынының алғашқы қарлығаштарын газет бетінде библиография тұрғысынан берілген материалдардан көруге болады. Олардың қайсыбірі рецензия дәрежесіне дейін көтерілгенін анфару қын емес. Қазақтың алғашқы публицистерінің бірі және осы газеттің белсенді авторы Отыншы Элжанов бірнеше қазақ мұғалімдері Орынбор оқу округінің инспекторы Катаринскийдің ақылымен «Практические уроки для киргизов», «Жазуға үйрететін кітап», «Первоначальный учебник русского языка для киргиз» «Орыс тілінің әуелгі оқытұғын бөлімі», «Краткий русско-казахский словарь» («Қысқа ғана орыс һәм қазақ переуаты») деген кітаптар шығарғанына айрықша құрмет көрсетіп, «бұл кітаптар орыс тілін үйренеміз деген қазақтар түгіл, қазақ тілін үйренеміз деген орыстарға көп пайда келтіреді»— деп табады да, кітаптардың құрылымын педагогикалық талаптарға жауап беруі тұрғысынан талдайды. «Бұл кітаптың басында орысша әліпби бар. Қазақтардың сөйлеген даусына қарай қосымшасы бар. Бұдан соң онай болып, қын болып айтылатұғын әріптердің қосылғаны келеді. Одан әрі екі бөлікті, уш бөлікті қазақ сөздері келеді. Осы сөздердің оқыған соң балалармен әңгімелесіп сөйлесуге болады... Әр бөлегі әр түрлі жөні басқа сөздерден тұрады (егерде жөні бір сөздерден жазылса, балалардың оқығанда іші пысар еді)» деп (ДУГ, 1989, 607—608-беттер) кітапқа орналасқан материалдардың мән-маңызына көз салады. Өз ойын «қазақ медреселері үшін бұл кітаптан жақсы кітап болмасқа керек» деп түйіндейді.

1897 жылы Орынборда «Қазақша-орысша сөздік» шықты. Оны Сұлтан Бақтыгереұлы, Балғынбайұлы, Бейсенұлы, Сарбатырұлы, Жұмалыұғлы жасаған. Сөздікті әңгімелерден бұрын қазақтардың оқуға ықыласы соңғы кезде күшті ауғандығын, ауылда медреселердің көптен ашылып жатқаның, әсіресе, «орыс тілін білу үлкен қажет болып» отырғанын, одан түсер пайданың көп екендігін шалқып айтЫп алады да «орыстың тілінің шатагы көп, қын. Сонысына қарамай орыстың өз балаларынан қалыспай, жараткерлігі мён зеректік һәм ізденгендігімен қайсы уақытта орыс балаларынан артық та біліп кететін болып жүр (ДУГ, 1990, 514-бет) дейді

де, сөздіктің дұрыс жасалғанын айта келіп, «жалғыз-ақ сынауға тұратыны мынау: өзі орыс әрпімен жазылған, араб әрпімен переугат қылып, басына жазбаған екен. Сондай басына әліпби басып һәм бұл кітапты қалай окуын айтып жазса, кімге болса да пайдалануға өңкей жақсы болар еді» (сонда, 516-бет) деп, осындай пайдалы кітаптар шығара берулеріне тілекtestіk білдіреді.

«Бір жаңа кітап турасынан» деген мақалада Неклюдовтың «Өзі үйретеді» (самоучитель) деген кітабы қатты сыналады. «Қазақша тілдерді өздігінен үйретуге тіпті жарамды емес һәм ноғайша тілдерді тәуір қылып үйретуге де онша мәнісі көрінбейді. Осы Неклюдов деген адамның переугат кітабын сатып алып ақшаларыңды шығарып, уақыттарынды өткізіп, бейнеттеніп оқып әуре болмай-ақ қойыңыздар» (ДУГ, 1990, 41—42-беттер) деп ақыл-кеңес берсе, А. В. Василевтің «Исторический очерк русского образования в Тургайской области...» деген кітабының кемшілігін қаза айтады. Оны әсіресе Д. Сұлтанғазин ғылыми тұрғыдан дәлелдеп жазып, казақ фонетикасын білмей тұрып кітап жазудан сактандырды.

Кітаптар жайынан осындай азды-көпті сыни ой-пікірлер айтылғанда үнәмі қосарлана жүретін бір күрделі мәселе бар. Ол — кітапты қай әріппен, әліппемен басу мәселесі, Отыншы Элжанов өзінің рецензиясында орыс алфавитін қолданған адам — Ыбырай Алтынсарин еді деген пікір айтқанда, редакция өз тарапынан «әуелі араб әрпін тастап, орыс әрпімен қазак тілінде сөз жазған ғалым Ильминский еді» деп тузыту жасайды да, «Алтынсарин Ильминскийдің шәкірті еді. Бұл қазақ бек зерек, жұмыскер адам еді һәм әр ғылымды өзі оқып біліп еді. Алтынсарин марқұм қазактарға ғылым, өнер үйретуді жінат етіп журуші еді. 1879 жылы Алтынсарин қазактардың әр түрлі терме өлеңдерін һәм әңгімелерін жиып, кітап қылып шығарып һәм қазактарға орыс тілін үйрепуге тағы бір кітап шығарып еді. Бұл кітапта бұл адам араб әріпперін тастап, қазақ сөздерін анық қылып орыс әріпперімен жазып еді» (ДУГ, 1989, 609-бет) деп Ыбырай және әдебиет жанрлары жайында иман жүзді пікір айтқанымен, соңғы ойына, яғни орыс әрпімен кітап шығару жайында салмақ сала, назар аудара айтуы әшшінгі жай әңгіме емес еді.

Бұл жайында казақ тілінің тазалығын сақтау, жазу емлесін дұрыстап жүйелуе жөнінде Асылқожа Құрман-

таев, әсіресе, Дінмұхамет Сұлтанғазин сақтана, бұлан-дата айтқанын да естен шығармайық. «Қазактар араб әріптерімен жазады, оқып жаза білетіндегі недәуір. Осы уақытта қырда қазақ арасында жазба уақ кітаптар то-лып жатыр, араб әрпіменен жазған уақ баспа кітаптар да бар» (ДУГ, 1990, 314—315-беттер) дегендегі орыс алфавитіне ашық қарсы шыға алмағанының нышаны еді. Ал қазақтарды орыс графикасына көшіру идеясы ерте басталғанымен кейінгі оқиғалар, әсіресе, интерна-ционалдық қызыл тудың пәрменімен 1940 жылы ешкім-мен ақылдаспай-келіспей отаршылардың көктен тілегенін жерден тауып беріп қазақ халқының мәдениетін, дәстү-рін түп тамырынан солдыру, тарихи негізін талқандау арқылы мәңгүрттедірудің шарасы болғанын енді сезін-біліп отырмыз.

Сонымен, XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген «Дала уәләятының газеті» қазақтың түмшаланып келген қоғамдық-әлеуметтік ой-пікірін оятып қана қоймай, кең өріс бергенін айрықша атау орынды! Онымыз бен солымызды, өткеніміз бен болашағымызды бағдарлаған материалдардың бәрі де өркениетті елдердің қатарына қосылу тенденциясын туғызыды. Соның нәтижесінде бір халықтың күш-қуаты мен рухани тірегі — қазақ тілі мен әдебиетінің дамуына жағдай жасалып, тілдің тазалығы, шұбарланбауы, көркем шығарманың ажарлы да көрікті, түсінікті болуы, кітап шығару ісін жандандыру, елге ұфымды сапалы басылым беру, сөз өнерінің сыр-құпиясына үңілу, кімнің қандай іс тындырып кеткенін анықтап, олардың есімде-рін қадірлеу, құрметтеу, ұлттық дуниетанымымен білім-білікті баспасөз базарында бағалату, пікір таластыру, ой айту рәсімдері, сөз жоқ, қазақ әдебиет сынының кең арна тауып кетуге мүмкіндігі барын көрсетті.

Окінішке орай, XX ғасырдың басындағы аумалы-төкпелі кезең қазақ баспасөзінің үздіксіз дамуына мүмкіндік бермеді. Анда-санда үздік-создық шыққандардың «Дала уәләяты газетінің» эстафетасын іліп әкетуге мұршасы болмады. Сондықтан 1907 жылы Петербург қаласында Шаһмардан Қосшығұлов, М. Дулатовтар алғашқы санын шығарып, екіншісінде тұтқындалған «Серке» газеті, Троицкий шаһарында бір ғана саны шығып, тоқтап қалған «Қазақ газеті» кетікке жамау бола алмады. Ал 1911—1913 жылдары Орал қаласында шығып тұрған «Қазақстан» газеті көбіне-көп саяси-әлеуметтік, эконом-

микалық мәселелерге назар аударып, қоғамдық ойды ояту бағытында біраз еңбек сіңірсе де әдебиет-мәдениет саласына жөндемді көніл бөле алмады. Рас, «Қазақстан» газетінде «Әдебиет таңы» (№ 3, 1911) деген мақала басылды. Онда әдебиетіміздің жалпы жай-куйі, әсіресе, тілімізге бөтен сөздердің омыраулап еніп жатқаны айтылып, тек ақындарға ғана емес, бүкіл елге:

Әсемпаз болма әрнеге
Өнерпаз болсаң арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге
Кетігін тап та бар қалан,—

деген Абай сөзін ұлғі етті. Осындағы кеменгерлік пікір айтқан ақынды әдебиетіміздің таңы деп орынды пікір түйді.

Сонымен қазақтың қоғамдық өмірінде пайда болған баспасөз орындары, әсіресе, «Түркістан уәләятының газеті» мен «Дала уәләятының газеті» халықтың әлеуметтік сана-сезімін ояту бағытында біркүйдіру үлкен еңбек сіңірсе, екінші жағынан, қазақ әдебиет сынның тууына дайындық жасады. Бұл кезеңдегі әдеби сын элементтері әлі де болса жалпы саяси-экономикалық, тарихи-әлеуметтік мәселелермен қабаттаса айтылып, мәнді арна табуға ыңғайы бар екенін аңгартты. Қазақ әдебиет сынның эстетикалық дәрежесі мен өрісі онша биік талапқа жауап беріп, алқалы өнірден көріне қоймаганымен ел-жүртты елең еткізер екпінін аңгартып, өзінің жанрлық сипаттын «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде айқын танытты. 1

2. «АЙҚАП» ЖУРНАЛЫ МЕН «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТИНІҢ ӘДЕБИЕТ СЫНЫН ТУДЫРУДАҒЫ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

1905 жылғы орыс революциясы Ресейдің өзін де, оның айуандық езгісінде зар илеген бодан елдерді де дүр сілкіндірді. Елтеп болса да ойлағаныңды айттар, көздегеніне қол созар, армандағаның талпынар мүмкіндіктерге қоғамдық-әлеуметтік жіктердің, әсіресе, жұмысшылар мен кедей-кепшіктердің қозғалысы жегізді. Ресей әкімшілігінің іштей іруі, берекесіздіктің күшеюі, майдандарда жеңіліске ұшырап, өзгенің жерін ожартықпен отарлап, сырттай қампайғанымен, іштей ешқандай жігер-қайраты, береке-бірлігі жоқтығы әмбе-

те аян болған уақытта қоғамдық-әлеуметтік ойдың базары күшейіп, әркім өзінің қам-қарекетін жасай бастады. Халықтардың ұлттық сана-сезімі шығар арна, бағыт-бағдар іздеді. Міне, осыны әбден жыға түсінген Мұхаметжан Сералин Троицк қаласында қазақтың тұнғыш демократиялық журналы «Айқапты» (1911—1915), Ахмет Байтұрсынов Орынборда қазақтың жалпы ұлттық газеті «Қазақты» (1913—1918) шығарып, қазақтың коғамдық-әлеуметтік, саяси, мәдени, әдеби ой-пікірінің базарын қыздырды. Осы екі басылым қазақ қауымының құлағы мен тілі болып үгітші-насихатшылықпен шектеліп қалмай, қазақ «көзі жоқ соқыр, құлағы жоқ керен, тілі жоқ мақау болар да отырар, бұған көз, құлак, тіл болғандай нәрсе қажет деп газет шығарғанын» (А. Байтұрсынов. «Ақ жол», 1991, 264-бет), ұйымдастыруышылық міндетін атқара білгендігін енді қысылмай айту парыз.

Әрине, ауызбірліктері күшті болып, қоғамның жоқжітігін, кем-кетігін бірлесе, қосыла іздесе олардың тарихтағы істері бұдан да қомақты, зор болатын еді. Әр қылы әлеуметтік мәселеде, әсіресе, отырықшылыққа көшу, съезд шақырып бас қосу, ел ісіне араласу, ұлт-азаттық күресіне бағыт сілтеу жайындағы субелі мәселелерде әр қылы пікірде болмай, ауызбірлік тапқан шақта қазақ қауымының жалпы ұжымы бір бағыттан табылып, 1917 жылдың төңкерістерін өз пайдасына ыңғайлай, пайдаланар ма еді деген ой да қылаңдап қояды. Соның өзінде де істеп кеткендері, жазып жариялағандары, армандаған тілек-мұрраттары буырқанған XX ғасырда жасап жатқан халықтардың ешқайсысына, тіпті метрополиямын деп кеуде соққандардың бірдей бірінен кем емес. Соның ішінде көркемдік түсінік пен эстетикалық таным-білік қосарлана жүргені шындық. Қазақ қоғамының сана-сезімі мен парасаты бүкілрек сейлік дамудың деңгейінде көрінуін Қазақстанның географиялық жағдайының әсері аз еместігін де естен шығаруға болмайды. Алым-берім, әсер-ықпал XX ғасыр басында мейлінше күшейді.

Қазақ қауымына атар таң, шықсан күн болуға талаптанған «Айқап» журналы саяси-әлеуметтік, шаруашылық, жер-су, оқу-ағарту, өнер-білім мәселелерімен қатар әдеби шығармаларға — әңгіме, өлең, оқшау сөздерге, сыншылық пікірі бар материалдарға үнемі орын беріп отырды. Мұхаметжан Сералиннің, Ахмет Байтұрсыновтың, Міржақып Дулатовтың, Шәкәрім Құдайбер-

диевтің, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың, Сәбит Дөнен-таевтың, Бейімбет Майлиннің, Сәкен Сейфуллиннің, Сamat Нұржановтың т. б. шығармалары «Айқап» журналында үзідк-создық жарияланып тұрды. Бұлардың шығармалары қазақтың жазба әдебиетінің даму тенденциясын аңғартып қана қоймай, қандай арнамен өркендеу бағытын да белгілеген болатын. Осы түрғыдан алғанда «Айқап», әсіресе, тарихи саҳнага шыққаннан кейінгі «Қазақ» газеті айрықша еңбек сіңірді де, қазақ әдебиетіне үлкен олжа салды.

Қазақ әдебиетінің сол дәүірдегі творчестволық проблемаларын мүмкін қадерінше сарапқа салып, жүрттың эстетикалық талап-талғамын қалыптастыруға алғашқы қадам жасаған да «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті. Сондықтан бұлардың қазақ әдебиет сыйнын тудырудагы тарихи орын ерекше.

«Айқаптың» 1911 жылғы бағдарламалық бірінші макаласында журнал бетінде әңгіме болатын сегіз тақырыптың төртеуі, атап айтқанда, «фельетондар, өлең-жырлар, кітаптар қаһында һәм ғылым бабынан кеңес» әдебиет пен мәдениет үлесіне тиді. Мұның өзі бұрын газеттерде ыңғайы келгенде ғана орын алғып жүрген мәселенің жүйелі желіге түсеріп аңғартады. Кейінгі сандарында журнал бұл мәселеге баса көңіл аударып, бұдан былай көбірек әдебиет (литература) жағына көз (№ 24, 1912) салатындығын хабарлады.

«Айқаптың» тұнғыш санынан бастап «Кітаптар жайынан» деген арнаулы бөлім ашылып, жаңа шыққан кітаптарға аннотация, жарнама-сын беріліп отырды. Журналдың бірінші санында «Қазақ тілінде қазіргі заманда кітап бастырушылық өнері көп жайылған жоқ. Соңғы жылдарға шейін қазақ тілінде басылып келе жатқан кітаптар: «Зарқом», «Сал-сал», «Қаһарман Бозжігіт», «Шәкір-Шәкірат» секілді хикаялардан гибрат еді. Соңғы замандарда «Қызы Жібек», «Айман-Шолпан» секілді қазақтың милли хикаялары да басыла бастады. Ләкин бұл кітаптарды бастырушылар иоғай болғандықтан сөздері де бытқын, әсте өте нашар болып шығады. Қазақтың жаңа шыққан кітаптарының арасында басылуы көркем, жазылуы дұрыс кітаптар да кездеседі делинді. Осы айткан мақаладан кейін «Айқап» редакциясы жаңа шыққан кітаптарды жеке-жеке сөз қылып, қажетті дегениңе сын-експертлер айтып, тәуірлерін оқушы көншілікке насиҳаттап отырды.

Жаңа шыққан кітаптардың халыққа пайдасы тиетіндеріне орын бергенде, ол әдеби шығарма ма, өлең жинағы ма, әлде әліппе, оқу құралы ма, не жаңадан шыққан газет пе — оларды іштей саралап жатпаған. Сондықтан эстетикалық түрғыдан сыншылық ой-пікірі бар материалдарды белгілі бір жүйеге түсіре баяндаған жөн. Өйткені журналда жарияланған сын-ескертпелердің бәріп түгел қамту мүмкін емес, екіншіден, басылған материалдардың ізіне түсіп куа беру айқындық пен нақтылыққа нұқсан келтіреді, үшіншіден, өзіміз арнайы әңгімелеп отырған сын тарихы көп мәселемен арала-сып, тасада қалып қоюы да ғажап емес.

«Айқап» бетіндегі сын-ескертпелер мен мақалаларды негізінен екі салаға бөле қарастырамыз. Бірінші — педагогикалық сипаты айқын сыншылық ой-пікірлерді алдымен әңгімелейміз, өйткені бұл кезеңде мектептерді оқу құралдарымен қамтамасыз ету мәселесі ең көкейтесті практикалық іс болатын. Екінші — әдебиетке тіке-лей қатысты жайлардан өрбитін сынни ойларға назар аударып, олардың жанрлық болмысы мен табиғатын айқындау қажеттігі негізгі проблема болмак.

1911 жылдың 10 қантарынан 1915 жылдың 28 тамызына дейін 89 саны шыққан «Айқап» журналында педагогикалық сипаты бар материалдар және оқу құралдарына жазылған аннотациялар бірқыдыру мол кездеседі. Мұның өзі сол кезеңде оқу-ағарту ісінің ерекше жандануына байланысты екенін де ұмытпаған жөн.

«Айқап» журналында педагогикалық мақсатты көз-деген алғашқы сынни пікір Мұхамедораз Нұрбаевтың «Қазақша әліппе» атты кітабына айтылды. Алфавиттің тиісті тәртібін сақтамағанын міней келіп, «кітапқа жазылған сөздердің мағыналы сөздер болуы, балалардың зейініне лайық білімдер, пайдалы насиҳаттар болуы тиіс» деп педагогикалық талап қойды. Сондай-ақ осы әліппені сынаған тағы да басқа хаттар бар екенін хабарлай келіп, «кітапты уақ ғарыппенен бастырыпты, балалар үшін ірі ғарып керек еді» (№ 8. 1911) деп ес-кертпе жасаған. Былай қарағанда, әкетіп бара жатқан кемшілік емес сияқты болғанмен, мектеп табалдырығын алғаш аттаған баланың әліппесінің ірі болып, бадыра-йып көрінуі техникалық емес, шын педагогикалық талаң.

«Айқап» редакциясы осындай мәнді мәселелер жөнінде пікір айтқан уақытта «тоқсан ауыз сөздің тобықтай тү-

йінін» айтатып аннотацияға, кейде жарнама-сынға көбірек орын беріп отырған.

Журналдың оқу құралдары жөніндегі көзқарасын аңғару үшін мына жарнама-сынды келтірген орынды: «Медресе Фалияда окушы қазақ шәкіртері «Әліппе яки төте оқу» есімлі қазақ һәм қырғыз балаларына арнау бір кітап басып шығарып, сатып ала бастады. Багасы 17 тыны. Қайырлы сағатта болсын!

Шәкіртердің тағы бір іждағаты бұл «Әліппеден» соң, қазақ балалары оқу үшін тағы бір кітап жазып шығармақ екен. Біздің білуімізше, марқұм Торғайский область инспекторы болып тұрған Ибраһим Алтынсаринің орыс тарпімен бастырған «Хрестоматия» деген кітабын орталарынан лұқсат алғып, араб тарпымен қайта бастырған мақұл болар еді. Алтынсарин 10 жылдықтан артық учитель болып, тәрбие көрген адам болғандықтан оның жазған «Хрестоматиясы» ғылыми-педагогикаға бет бұмық. Ашық қазақ тілінде жазылған. Ішінде ғибратлы хикаялар, өлең-жырлар, мақалалар орны орынмен бар» (№ 4, 1911) деген жарнама-сының көз-деген мақсаты айқын.

Мұның өзі журналдың ағартушылық позициясының бекем, мұрат-мақсаты айқын, ұстаған бағытының озық екенін аңғартып қана қоймайды, сонымен қатар сынни ойнының өрісі жетеліп келе жатқандығын көрсетеді. Осындай педагогикалық сипаты қалың сын пікірлер, сөз жоқ, қазақтың әдеби сынының тууына белгілі дәрежеде баспа алдақ болды.

«Айқап» журналы әсіресе «Әліппе» кітаптарына ерекше назар аударып, халықтың сауаттануы көбіне осы оқу құралдарына байланысты екенін жақсы түсінді. Соңдықтан К. Ходжиков шығарған «Әліппені ғылыми педагогика оқып, тәжірибе көрген адамның жазғандығы әлдекайдаң көрініп тұр» деп көтере бағалады. Сонымен қатар бірлі-жарымды жазылған өлеңдері үйқастырыл-мағандығын» (№ 4—5, 1913) айтуды да орынды деп тапты. Ал М. Малдыбаев шығарған «Қазақша ең жаңа әліппенің (төте оқу)» «балаларға арналып жазылған қысқа-қысқа әңгімелері нағыз таза қазақ тілінде емес» деп санац, тіл тазалығына да көніл бөліп отырды. Әрине әліппе оқу құралдары жайы, әсіресе, мектеп күйі «Қазақ газетінің бетінде әрі қомақты, әрі ауқымды да ғылыми тұрғыдан терең әңгімеленеді. Мұның субъективтік себебі — газеттің редакторы Ахмет Байтұрсыновтың

бұл салада мың ойланып, жүз толғанып, ой-пікірін практикалық істе сынап көргендігін айрықша айту керек. «Қазақ» авторларының мектеп жайында нобайлай ұсыныс түрінде айтқандарын Ахаң нақтылы мәселеге айналдырып, бір ойын екінші мақаласында дамыта, өмірдің қажетіне жақындаты ірілендіріп отырды.

«Айқап» журналында әліппелерді, оку құралдарын жетілдіру мәселелері көтерілгенде А. Байтұрсынов «қазақтың бастауыш мектебінде оқитын кітаптар белгіленбек түгіл, әлі шықкан да жоқ. Жаңа ғана әліппе шыға бастады» («Ақжол», 1991, 252-бет),— деп бастады да, жалпы бастауыш мектептің жай-күйіне, келешекте қандай болуға тиісті екеніне, педагогикалық және оку-методикалық мәселелер жайында білімдарлықпен пікір айтады.

Ең алдымен, өзінің ағартушылық ой-пікірін практикалық негізге сүйеніп айтуы арқасында ел-жүрттың ынталанысы окуға ауғандығын үгіт-насихатты сөзге айналдырмай, нақтылай айтады. Қазақтың «окуды керек» кыла бастағаны — жүртқа ес кіре бастағаны» деп біле-ді де, осыны медет тұтады. Екіншіден, осындей ес біле бастаған елді қайда бастау керек, қандай бағыт-багдар сілтеу керек деген келелі мақсатты алдына қойып, бүкіл оку жүйесін тәртіптеу мәселесін көтереді. Ушіншіден, мектеп ашу, оку құралдарымен қамтамасыз ету әңгімелерін мұғалімдердің атқарар міндетімен сабактастырып, бір-бірінен ажырамас бірліктे қарастырады да «осы уш пікір бірдей тең болса, оку қысандамай, ауытқымай тұзу жүреді (сонда, 267-бет) деп табады, тәртіншіден, оқудың түпкі мақсаты не болмақ, кім қандай саясат жүргізу керек деген мәселені де қоса қамтиды.

Осы проблемалардың әрқайсысын таратып тарата болсақ, ең алдымен, Ахмет Байтұрсыновтың өзі басқарып отырган «Қазақ» газетінің позициясы әшейінгі ағартушылық идеясын насихаттау емес, нақты практикалық түрғыдан шешуге, іске айналдыруға тырыскандығымен дараланады, тубегейлі өзгерісті қалаған тәңкерісшілдікті аңғартады. Ахаң тіпті оку ісінің өзінде-ақ реформаторлықтан асып, революционер-демократ болғандығын әр кез танытып отырады.

Оку-ағарту жүйесін жөнге салу үшін мектеп статусын, оның ішкі құрылышын жолға салу айрықша қажет деп білді. «Елді түзеуді біз бала оқыту ісін түзетуден

бастауымыз керек» (252-бет). деген қағиданы әрқашан үстанип отырды. Және 1913 жылы айтқан ойларын келесі жылдарда өсіре, дамыта түскенін де айқын байқаймыз. Осы уақытқа дейінгі ауыл және болосной мектептің жай-күйін айтқанда қазақша оқытатын ауыл мектептерін өркендете беру жайына көп көңіл бөлсе, 1914 жылы бүкілресейлік мәжілісте бүратана елдердің бастауыш мектебін дұрыстап жүйелеуді ұсынады. Бастауыш мектеп алғашқы үш жылда таза ана тілінде, қалған екі жылда таза орысша оқытылуға тиіс деп білді. Сонда олар ана тілін де ұмытпайды, әрі оқи алмай қалған кезде орысшадан да құр алакан қалмайды деп білді.

Бір-біріне логикалық сабактастыры бар оқу жүйесінің практикалық мәні мынау: «егерде бастауыш мектеп оқып шыққандар ілгері оқымай үйінде қалса, ұлт әдебиеті мен матбұғатының мүлкін пайдаланарлық дәрежелі біліммен қалсын. Әрі оқимын деген халде, мұсылманша оқыса, бастауыш мектеп окуы арғы окуудың негізі болуға жарасын; орысша оқыса, орысша үйренудің қындығын жеңілдетерлік демеу һәм негіз болуға жарасын» (266—267-беттер) деп, арба да сынбайтын, өгіз де өлмейтін оңтайлы принцип ұсынады. Ойлаған келсек, осыны бүгінгі шағын комплекті мектептерде қолдануға болатындығы анық байқалады.

Ал үшінші бабтағы мектеп үйі, оқу құралы, мұғалім рөлі, педагогикалық-методикалық айла-амалдар жайындағы әңгімелердің басым, ашық екендігін айтқанда «қазақ тілінде үртептілетін нәрселер: оқу, жазу, дін, ұлт тарихы, есеп, жағрафия, ұлт тілі, шаруа, кәсіп, жаратылыс жайы» (268-бет) жалпыға бірдей болғанда оқу-білімнің кімге не үшін керектігін тарата баяндады.

1870 жылы Оқу ағарту министрлігінің жарлығы өсіпдами келе 1910 жылы Мемлекеттік думада «мектептерде оқу орыс тілімен оқылсын» деп тұжырымдалды. Бұл тежеусіз отаршылдықтың асқынған анайы түрі екені сөзсіз. Осыны Ахан, Жақандар мықтап түсінгендіктерін әр сөзі мен ісінде танытып отырады. Оқу-білім әр жүртқа, халыққа әлемдік даму деңгейінде болып, басқалармен азаматтық түрғыдан тең, өзінің рухани-эстетикалық түрғысынан мәдени өресінің биік болуы үшін керек, өзінің тілін, дінін, ұлттық келбетін дамыта беру үшін керек болса, патша отаршыларына, үкіметіне қаранды, надан болғаны керек, оя бола қоймағанда оларға жағымды-

сы — кол астындағы жүрттың жазу-сызу, тілі, діні бір болу, Ресей кол астында түрлі тілді, түрлі дінді, түрлі жазу-сызуды тұтынып отырған жүрттар бар. Солардың бәрі тілін, дінін, жазу-сызуын орысқа аударса, үкіметке онан артық ұнамды іс болмас» (267-бет) дегеннің 1914 жылы ашық айтылуы Ахаңың ұлтжанды саясатшы екеніне дәлел. Ол ол ма, бар нәрсені бадырайтып батыл айтудың өзі сол кез үшін ерлік екенің ескерер болсақ, онда қазақ арасына орыс мектептерінің терең тамыр жая алмай жатуы «қазакты орысқа аударамыз деген пікір бәрін бұлдіріп отыр» деп ашық жазды. Сол ойын жүзеге асыру үшін әр түрлі айла-амалдар жасалып жатқанын тартынбай көрсетті. Ауыл мектебіне қарағаңда орыс школдарының бар жағынан жабдықталуының бір сыры орыстандыру саясатында жатқанын именбей айтты. «Балалар ана тілімен оқыса да орыс харпімен оқысын дейді. Бұлар еппен қайырмалаушылардың жолы. Біреулері еп-септі қойып, бірден орыеша оқыту керек дейді. Сол школдар арқылы қазақ тілін жоғалтып, орыс тіліне түсіреміз дейді, қазақ тұтынып отырған араб харпін тастатып, орыс харпін алдырамыз дейді. Бұл айтылғанның бәрі хұқімет пайдасын көздегендіктен істеліп» (267-бет) жатқандығын Ахаң дер кезінде айтып, ескертіп отырды.

Аханды үлтшыл болды, прогрессивті құбылыстарға қарсы шықты дегендердің бәрі жалған екенін айтқан уақытта, өзінің мәндай тері, өмірлік тәжірибесі мен қөзі жеткен таным-білікке опасызыңық жасамағанын дәлелдеу үшін араб графикасын қазақ тілінің табиғатыңа ыңғайлаған ұлы ісіне зор ілтипатпен қарау абзал. Қазір кириллицадан латынға қайта көшу, онан кейін араб графикасына оралу мәселесінің күн тәртібінде тұруы Ахаңың осы ұлы еңбегіне ойланған қарауды тілейді. Және мұның өзі де «Айқап» журналы арқылы ел-жүртқа жетіп, шешімін тапқан проблема екенін естен шығармағанымыз жөн.

«Әліппе» кітаптарымен қатар, «Айқап» журналы қазақ грамматикасының келелі мәселелерін де орынды сөз етті. Сонымен қатар емле мәселесі туралы журнал бетінде ұзақ уақытқа созылған қызу айтыс та болды. «Айқаптың» 1911 жылғы 3—5 сандарында А. Байтұрсынов араб алфавиті негізінде қазақ тілінің ерекшеліктеріне ыңғайланған өзінің көп жылдық ұстаздық тәжірибесінде сыннан өткен әлілбійн жүрт талқысына

салды. Жаңалыққа жаны қас адамдар әр кезде табыла-тыны сияқты. Ш. Жияшев бұл өзгеріске қарсы шықты. Оған М. Дулатов «жазу тәртібі» деген мақаламен жа-уап бергенде тамаша реформаны «басқаша түсінген, дұрысын айтқанда түсінбеген. Бұл кісі А. Байтұрсынов-тың жазу тәртібінің дұрыс-терісін өз алдында тексеру-ден бұрын, ноғайлардың әліпие жазушыларынан басқа жол іздегені үшін қатты ренжіген» деп табады. «Ахмет Байтұрсыновтың ұлы мақсаты — қазақ тілінде қанша дыбыс болса, соңша белгі көрсетіп, артық әріптерді кеміткен. Сөйтіп, қазақша оқу-жазуды женілдеткен. А. Байтұрсыновтың тәртібінше қазақ тіліндегі әрбір ды-быстың өзіне арналған әрпі бар. Ол әрітермен не ай-тылса соны жазуға, не жазылса соны оқуға болады. Бір түрлі жазылған сөзді бұрынғыдай неше түрлі қылыш оқуға болмайды. Бұл тәртіп бойынша 13 әріп кемітіл-ген» (М. Дулатов, Шығармалары, 1991, 224-бет) деген ойын дәлелдей айтқанда, жалпы дүниетанымы кең, оқу-сызуды ғана емес, бүкіл араб, оның ішінде түрік-татар жұртында болып жатқан құбылыстарды жыға білетін-дігін танытып қоймай, ол өзінің де қара жаяу еместігін, косары мен алары бар ғұламалығын аңғартып отыра-ды. «Оян қазақ» деп ұрандатқандағы зор екпін оқы-мыстылықпен, яғни дүниенің о жағы мен бұ жағын түгел қамти алатын көзқарасы барлығын анық таныта-ды. «А. Байтұрсыновтың жазу тәртібін ұнататынынан басқа қосарым мынау: қазақ әліппесіне *ф* менен *х* кірсе еken деймін. Таза қазақ сөзінде болмаса да, қа-зақ тілінде көрген араб, парсы сөздерінде... бұл екі әріп көп ұшырайды» (сонда) дейді де, окушылардың, әсіре-се, мұғалімдердің бұл ұлы өзгеріс жайында тез пікір білдіруін және «Айқап» басқармасын оны ел-жұртқа бұдан әрі таныстыра беруге үндейді.

Байқап отырсақ, қазақ әдебиет сынны өзінің жанр-лық сипаттын айқындау дәүірінде осындағы ғылыми-прак-тикалық мәселелерді терең де жан-жақты сөз еткенин көреміз. Эрине, Ахмет Байтұрсынов қазақтарды тезірек сауаттандыру мақсатымен ұлтық жазу тәртібін енгіз-гені өзінің ұлы жемісін берді, ең женіл алфавит ретінде мойындалып, күні бүгінге дейін өмір сүріп келеді. Ахаңның 1913 жылғы Ұсыл сотие жолымен тәртіп етілген қазақша әліппесінен бергі уақытқа шыққан кітаптардың бәрі осы негізде болғанын, оқу-жазуды женілдеткенін мақтана айтуда тиіспіз.

Ал енді осыған «саясат сорпасын» араластыру да қажет, өйткені кейінгі даму осы тенденцияны басқа жаққа бұрып жібергенін көреміз. А. Байтұрсыновтың латынға көшуге қарсы болар бірнеше дәлелі бар. Бірінші, адам айтқысыз қындықпен жасаған тамаша реформасының аяқ асты боларына көзі жетті. Бұл субъективтік себептің соңында үлкен объективтік жағдай тұрғанын анық білді. Оны дәлелдеп айта да білді. Сондықтан «араб әрпінен жасап алған әліпбімізге жер жүзінде әліпбі баласы жетпейді» (А. Байтұрсынов, «Ақжол», 1991, 326-бет) дегеніне «іштен шыққан шұбар фой» деп қараған күннің өзінде латынға көшудегі ыңғайсыздықты бірнеше тұрғыдан, яғни жазуға қайсысы қолайлы, қай әріл үйренуге оңай, баспа ісі саласында қайсысы ыңғайлы, қайсысы сұлу дегендерді талдай келіп «латын әрпінен өнетін үлкен пайда түгіл, кішкене де пайда жок. Қазақ емлесі — нағыз оңай, бұқараға қолайлы емле» (сонда, 335-бет) деп қарсы шығуы әбден орынды еді. Өйткені әліппе өзгергенде оны бірден игере алмай, қайтадан сауатсыз болып қалу мүмкіндігі, әсіресе, ересектер арасында күшті болмақ. Бұны тәжірибеде сынап та көрдік. Латын тамыр жайып келе жатқанда бұрынғы Қеңес одағындағы халықтардың бері ешбір дәлелсіз әкімшілік жолымен орыс алфавитіне, яғни кириллицаға көшірілді. Бұл «интернационализм туымен» бар жұртты орыстандыру саясатын жүзеге асырып, монархиялық отарлаушылардың, әсіресе, миссионерлердің аспандағы арманын жерге түсіріп, басқаларды мәңгүрт етудің амалы еді. Эрине, Ахаңдар осындағы күйдің боларын дәл басып ашық айтпағанмен, іштей сезгенің көреміз. «Европа жұрттымен бірдей болу мақсатымен аламыз десек, алу қын болған себепті орыстар аяқ баспай отыр» деген ескертпесі қызыл саясаттың думпуін дәл көрсеткен еді. Өзі бармай өзгені отқа итеру екені белгілі.

Сонымен қатар қалыптасқан емлені өзгерте беру де жақсылық емес. Ахаң қазаққа қаншама женил, оңай әліппе беремін деген ұлы идеяны ұлттық тұрғыдан жүзеге асырмақ болғаны қаншама құптарлық қадам болса да, жалпы түркі жұрттын былай қойғанда, бүкіл исламмияттан бөлшектену сынайын туғызғандығын, яғни әр халық есқі араб әрпімен жазылғанды өз тілінің ыңғайына қарай оқу мүмкіндігінен айрылып қала жаздағанын да естен шығармайық. Әр халық өз тілінің

ерекшелігін өзінше таңбалаймыз деген үлттық ынтаны әдейі, қасақана қоздыру негізінде тілі, діні бір елдер бір-бірінің кітабын оқи алмайтын күйге жеткенімізді қазір анық көріп отырмыз. Қайтадан латынға көшеміз, тіпті арғы орхон-енисей жазуына бұрыламыз деушілер қатты ойлануға тиіс. Даралану оқшаулануға апарып соқтырмауы керек.

Сөз ыңғайы, яғни қазақ әдебиет сыйнының әр салаға бастауын айтқан уақытта «Қазақ» газеті шыққаннан кейін бұл процесс мейлінше күшейе түсті және қоюла-нып, мәнденіп, нәрленді, әсіресе, баяндалу түрғысынан мінсіз бола түсті. Өзі жасаған әліппенің құдіретін Ахан тәжірибеде сыйнап, жалпыұлттық газеттің малтықпай жүріп кеткеніне қуанды. Ал оған дейін Ы. Алтынсарин мен «Түркістан уәлляты», «Дала уәлляты» газеттерінен тартылған желіні «Айқап» белгілі жүйеге салып қазақ тілін өркендету мәселесін ең бір өзекті проблемаға айналдырганын естен шығармайық. «Тіл сақтау», «Тіл турасында», «Тағы да тіл турасында», «Тіл сақтаушылық», «Тіл, әдебиет», «Керекті өтініш», «Тіл жоғалту турасында», «Қазақ тілі туралы», «Тіл уә әдебиетінді сақтарға керек», «Баспасөз», «Емле мәселесі», «Емле қақында», «Ашық хат», «Ғалымдардан өтініш» сияқты материалдардың бәріне қазақ тілінің тазалығын сақтау, оны өркендету, ғылыми грамматика жасау, орфографиялық ереже түзу мәселелері өзек болды.

Сонымен «Айқап» журналында, кейіннен «Қазақ» газетінде жарияланған педагогикалық сипаты басым материалдар қазақтың сыйнылық ойы ұшталып келе жатқандығын, ғылыми пікір тұжырымдауга икемі бар екендейгін көрсетіп, қоғамдық сананың жалпы даму барысында сыйни пікірдің өткірлену, нақтылану, талдау жасау тенденциясына ойысқандығын көрсетеді.)

Казаң төңкерісінә дейінгі қазақ әдебиетінің әр алуан мәселелерін зерттеген ғалымдар өздерінің еңбектерінде әдебиет тарихының өзекті мәселелерін, оның әлеуметтік-эстетикалық мән-манзызын айтқанда сол дәүірдегі газет-журналдарда жарияланған сыйнылық ой-пікірі бар материалдарды пайдаланумен ғана шектеліп, олардың жанрлық сипатына назар аударуды қажет деп тап-паған. Соның салдарынан әдеби сыйның туу, жанрлық сипат алу мәселелері қаға берісте қалып қойған.)

Қазақтың әдеби сыйнының тууына бір-бірімен іштей байланысып, бір-біріне шығармашылық ықпал жасаған

үш сала, атап айтқанда, қазақтың жазба әдебиеті, публицистикасы және баспасөзі айрықша әсер еткені аян. Соның ең айқын мысалын «Айқап» пен «Қазақтың» қызметінен, жариялаған материалдарынан анық көреміз. Алдымен «Айқап» журналында халықтың талапталғамын аңғартатын, сынның қалайша өскенін көрсеттін, әдеби шығармаларға берілген талдаулар мен сын-ескертпелерге нақты тоқталайық.

Сынның туар арнасы тек арнайы пікір айту ғана емес, сонымен қатар сол айтылған пікірдің дұрыс-бұрыстығын сарапқа салар ой жарысы мен айтыс-таластар екендігін «Айқаптың» З-санында Нұржан Наушабаевтың «Алаш» атты өлең жинағына жазылған материалдардан байқаймыз.

«Айқап» журналы «Бұл кітап нәсім-нәсімге белініп жазылған. Наушабаевтың кәдімгі жүйріктігі мұнда да көрініп тұр. Лекін бізге бір ұнамаған жері: «бәмсі бір нәсім басында өз есімін қосыңқырап жазғаны. Мысалы, бірінші нәсім «Әй, Нұржан қаламынды қолға алшы», екінші нәсім «Сөзінді әркім Нұржан сүйер сенің» деп жазғаны. Тағы да бір міні — әуелгі нәсімінде «хмельде қалған жоқ па бірер тамшы» деген сөзді қалдыру тиіс еді. Бояуыз сөз екендігі белініп тұр.

«Іәр нешікте осылай жақсы кітаптардың шыққылап тұрғаны жақсы; алушылар, окушылар табылса керек» (№ 3, 1911) деген авторы белгісіз «сын» жарияланды. Сын деген сөзді тырнақшаға алғанда журналда жариялаған материалдарды менсінбеу ниетімен емес, нақты сынның қандай түрде көрінгеніне назар аударуды көзделдік. Әрине, осы сынды талдай бастасақ, эстетикалық талғамы өскен, сынның не екенін жыға түсінетін бүгінгі окушыға күлкілі де боп көрінер, бірақ нақты сындар осындай өзінің анайылығымен езу тарттыратын, сәбидің тәтті қылышына үқсап оқушының жылы сезімін оята-тын материалдардан басталғанын көрмеу әбес болар еді.

Біз бұл арада жалпы топшылай пікір айтудан гөрі «нақты сын» жазудың, яғни белгілі бір автордың шығармасына өзінің эстетикалық таным-білігі тұрғысынан баға беру процесіне ойысудың қай сипатта көрінгенін аңғартпақпаз. «Айқапта» жарияланған шығармаларға пікір айтуда күлкілі түсінбестікпен қатар, автордың қарақан басы мен оның шығармасын қосақтап сөз ету, өз «эмоциясы» тұрғысынан баға беру ниетінің өзі сол

кездегілерге қалай әсер етті деген мәселеге тоқтай көтейік.

Төлеу Тоқалбаев деген кісі «Айқаптың» осы «сынына» қатты ашуланып, М. Сералинге журналдың бетін теріске бұрып барасың деп хат жазған. Оған дәлелі — әлгі «сын». «Сіз мынау З-нөмірде жазыпсыз Нұржан Наушабаев бір-екі сезінде өзін артық мақтап жазған деп. Екінші «хмельде қалған жоқ па бірер тамшы» деген сөзін бояузып деп. Олай жазу керек емес еді; ол Нұржан өлеңді жас үақытында жазып һәм бері келген соң койып кеткен еді. Осы жақында елуге келген кезде бір себеппен тағы өлеңді жаза бастағанда мәтел қылышпайтқан сөзі: бұрынғы көп сөзден бірер тамшы қалған жоқ па деп өзіне-өзі қуат беріп, неғып сіз оны бұрыс тауел еткенсіз, сізге керегі ол емес еді. Ондай ел өмірінің кемшілігі түгіл, басқалардың да жамандығын жасырып, жақсысын асыруының керек еді. Не үшін десеңіз, өзіңіздің құрган планға тұра келмейді. Ал Нұржан жаман-жақсы болсын, көптен өлең жазып, жақсылықпен болса да, жамандықпен болса да аты мәшіүр болды. Бұл жақтағы жұрт сөзін мінеп көрген жоқ» (№ 6, 1911) деп Төлеу, біріншіден, Нұржанды қызығыштай қорғап, сынағанға қарсы болды. Екіншіден, М. Сералинді көздейген жолыннан, жоспарыннан тайдың деп айыптайды, үшіншіден, жаманды жасырып, жақсыны асыруға үндейді.

Хат авторына қайтарған жауабында М. Сералин баспасөз орны тек шындықты айтуға тиіс екендігін принцип ретінде ұстанған. «Уақтылы матбуаттың (баспасөздің — Т. К.) міндеті,— деп жазды М. Сералин,— милләттің әрбір түрлі мұқтажы түсетеүін істерді жарияладап, майданға салып, көпке сыннату, жақсы жасын жақсы деп, жаман жағы болса мұнысы жаман деп халыққа түсіндіру. Мұның үшін матбуат әрбір істің алдына нысана етіп растықты ұстау тиіс» (сонда),— деп жалғыз Төлеуге ғана емес, бүкіл елді әлеуметтік адалдыққа шақырды, орынсыз талап пен ожар тілекten сақтандырды. «Адасқанды артындағы, жақсылыққанды жасындағы біледі» деген ғой. Ҳақиқат қанша абы болса да асыл ынсанқа қадірі қымбат. Рас сөзді дүрыс айтқанға бұртыюға жарамайды» деп «Айқап» үшін шындықтан, адалдықтан қымбат ештеценің жоқ екендігін білдіріп, бұл принципті келешекте де қатаң сақтайтыны аңғартты.

«Айқаптың» келесі санында Хамза Қенжебековтың макаласы жарияланып, Төлеу пікірінің терістігі дәлелденді: «Нұржанды бұрын ешкім мінемесе, ол уақытта халықта ғылым жоқ, надан болған. Біреу «әү» деп домбыра алса, «ей, пәленше ақын, өлеңші, білгір» деп мақтаган, алдына адам шықпаған, мынау теріс демеген. Нұржан да солардың бірі ғой. Нұржанды неге мінейсіз деудің жөні болар ма екен?» деп жазды. Мұндай пікір қағысының көрінуі, сөз жоқ, сыншылық ойдың мәнді арна таба бастағанының бір айғагы еді.

Сонымен қатар осы автордың «Нұржан қарт жасында өлең айтса да, милләт үшін қайғырып, халықтың пайдасын қарастырмай, көзді-қарақты адам болып тұрайық, мынау пайда, мынау сор деп айтпай, тек өзін мақтаган, ендігі өлең жазушы жастар Нұржанша өзін мақтамай, жұрт үшін қайғырып, халықтың пайдасын айтып, үгіт қыла жазсын» (№ 7, 1911) дегені де ілтипат-қа аларлық күнды пікір екені аян.

Нұржан шығармасына байланысты өрбіген ой-пікірлерге көбірек тоқтаған уақытта сынның сәбилігін көрсетуді мақсат еттік. «Айқапта» осылайша басталған сәби сын журналдың творчестволық бетінің қалыптасуына байланысты ол да өсіп, бұғанасы беки берді. Үілдеген сәби үні, «тәтті балдыры-батпағы» кейіннен белгілі мәнмағынасы бар сөзге, бара-бара ойлы да өткір пікірге, кем-кетікті мінегіш, жетпегенді іздеғіш құралға айнала бастады.

Журналдың шыға бастағанына бір жыл толғанда «12 айдан берлі «Айқап» жұрттың бір азырағын окуға үйір қылды. Қазақша ойлауға, ойлаған ойын қазақша жазуға бірсыныра адамды үйретті» (№ 12, 1911) деп қуануының өзі тегін емес. Осы окуға үйренгендердің, қазақша ойлап, ойлағанын жаза білгендердің ішінде «біздің сыншыларымыздың» да болғаны айдан анық.

«Айқап» журналының кемелденіп, өз ойын ашық айтып, үлken қорытындылар жасауға ұмтылған кезеңі — 1912 жылдың екінші жартысы мен 1914 жылдың бірінші жартысының аралығы. 5 жылға таяу өмір сурғен журналдың осы гүлдену шағында қоғамдық мәселелермен қатар көркем әдебиет пен сынның да өзекті проблемаларын көтеріп, бірқыдыру эстетикалық биіктікке қол созды. Әдебиетті сөз еткен мәнді макалалар, отызға тарта өлең жинақтары мен оку құралдарына рецензиялар жарияланғаны осының айқын айғагы.»

«Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің қазақ әдебиеті тарихына сіңірген зор еңбегін айтқанда, ең алдымен, әдеби шығармаларға орын беруге еш уақытта гарлық жасамағаның, екіншіден, кітап болып шықкан өлең жинақтарының бәріне дерлік өз көзқарасын білдіріп отырғандығын, үшіншіден, әдебиеттер байланысына, әсіресе, орыс пен татар әдебиеттерімен ынтымақ-бірлік орнатуға үндеп, үлгі-өнеге алуға шақыргандығын атап откен орынды.

«Айқап» пен «Қазақта» кімнің қандай шығармасы жарияланғанына тоқтамай, мүмкін қадерінше қазақтың сыншылық ойының қандай өрелі биікке қол созғанын аңғартатын жайларды әңгімелеген жөн. «Айқап» бетінде отызға тарта өлең жинақтарына, атап айтқанда, Омар Қарашевтің «Бала тұлпар», «Өрнек», «Қарлығаш», Әкірам Галымовтың «Жастық жемістері», Шәкәрім Құдайбердиевтің «Қалқаман — Мамыр», Спандияр Қобеевтің «Үлгілі бала», «Үлгілі тәржіме», «Қалыңмал», Махмұтсұлтан Тұяқбаев жинап бастырган «Қарақыпшак Қобыланды», Сәбит Дөнентаевтың «Уақ-түйек» және тағы басқа авторлардың шығармаларына әр қылы ой-пікірлер айтылды. Жинақтарға, оның авторларына «Айқап» әрқашан да белгілі эстетикалық талац, әлеуметтік мәселелерді көркем бейнелей білу тұрғысына қарап, өзінің негізгі бағытына жанасатын кітаптар мен шығармаларға көбірек көңіл бөлген. Ал қиссалар мен діни шығармалар журнал бетінен орын ала алмай, шет қақпай көрді. Осы жинақтарға жазылған мақалалардың пікірі пакты, ойы өткір екенін байқаймыз.

«Ғұмар Қарашевтің «Бала тұлпар» есімді жыр кітабы осы мезгілге шейін қазақша шыққан жырлардың ішінде жақсыларынан дұр. Қазақтың бұрынғы уә бүкүлгі тірілілігін сөйлеп, білім-өнер жолына қызықтырыған бір кітап. Үлкен аға, кіші інілер һәр қайсыныз алып окуынызды мақұл көреміз. Г. Қ. ақынның бұдан бұрынғы кітаптарына қарағанда оку үшін бұнысы көп жеңіл дұр» (№ 12, 1911) деген жарнама-сынды жинақтың поэтикалық қасиетінен басқа «керек-жараптың» бірқыдыруы қыска да түсінікті тұжырымдалған. Сонымен катар «оку үшін бұнысы көп жеңілдур» деген сын да айтылған.

1912 жылы «Айқап» журналында Сейітжаппар Байсейітовтің хаты жарияланды. Онда «Ішкі ордалық ғы-

мар Қарашұлының жаңа шығарған «Өрнек» атты кітапшасын 1911 жылда Уфада, «Медресе Фалиядағы» қырғыз-қазақ шәкіртері жалпақ қазақ тілінде бастырған екен. Оның біреуін алдырып оқып қарадық. Өзі аз болса да сөзі жақсы, терең ойға түсіретүғын болғандығы үшін жиналып Қарашұлы менен шәкіртерге көп сүйсініп дүға қылдық.

Казак көпшілігі татар тіліне тіpten түсінбейді. Қыргыз-қазаққа керекті кітаптар жалпақ қазақ тілінде һәрдайым аударылып бастырылып тұруларынан үміт етеміз» (№ 10, 1912), — деп жазылты.

Осы хатта сыншылық ойдың элементі барлығын айтпаған күннің өзінде, екі мәселенің шеті көрінеді: бірінші, «жалпақ қазақ тілінде» шығарма жазу, екінші; ол шығарманың «сөзі жақсы бол, терең ойға түсіру» кажеттігі. Өйткені қазақ өлең-жырларын жинап бастырып жүрген татар азаматтарын былай қойғанда, қазақтың өзінен шыққан Шәді төре Жәңгіровтің, Ақылбек бин Сабадалың, сол кездегі ірі ақынның бірінен саналатын Мақыш Қалтаевтың жазғандары мен жинағандарының, тіпті F. Қарашев шығармаларының кейбіреулерінің тілі қалың көпшілікке ұфымды да түсінікті бола бермейтін. Орфографиялық жазылуы былай тұрсын, тіпті мағыналарының өзі бұзылып, араб-парсы, татаршаланып кеткендіктен поэзиялық қасиетінен айырылып қалғандары жиі кездесті. Міне, осы жөнінен «Айқап» журналы көрнекті ақын F. Қарашевты мәдениетті түрде, шамдандырмай сынай біліп, таза қазақ тілінде шығарма жазуга үндеді.

Ал екінші мәселе, яғни «сөзі жақсы, терең ойға түсіреді» деген эстетикалық мәселе «Айқап» бетінде жариялаған аннотация мен жарнама-сындардың көбінен кездесе бермейді. Сынның бұл түрлерінен оны талап ету де орынсыз, өйткені олардың «табиғаты» талдау жасауға бейімделмеген. Бұл міндетті эстетикалық және социологиялық талдаулары аралас жүретін күрделі сын мақалаларынан іздестірген жөн. Ондайлар «Айқап» бетінде аз да емес.

Сын жанрының ішкі түрлері дамып-жетіле бастаған кезенде талдаудан гөрі насихаттау, үгіттеу басым, түсіндіруден гөрі үндеу, шақыру басым, дәлелдеуден гөрі жалпылама айту басым, эмоциялық сезінуден гөрі көңіл білдіру, тілек айту басым болғаны аян. 『Айқап』

журналы өлең жинақтарына жазған сындарында көбінене үгіттеуге, тілек білдіруге, үндеуге көп орын берді де, талдауға, түсіндіруге, дәлелдеуге емін-еркін ден қоя алмағаны байқалады. Алайда ол кезде профессионалдық сыншының болмағаны былай тұрысын, сынды кәсіп етушілердің өзі жоқтың қасы еді. Эстетикалық талдаулардың жетіспей жатуының бір себебі осыдан болса, екіншіден, сын жанрының өзі қазак әдебиетінде жаңадан ғана аяқтанып, жаңа ғана қанатын қомдап келе жатқандығынан да болатын.

Демек, эстетикалық талдаулар бар қасиетімен көрінбейді, талап-талғам анық тұжырымдалмайды дегенді сұлтау етіп, сыншылық ойды тудыруға, тәй-тәй бастыруға, өрістетуге септігін тигізген сын материалдарын елемеу қателік. Өйткені осындай сыншылық ой-пікірі бар материалдардың негізінде ғана социологиялық-эстетикалық сындар дүниеге келеді.

Әрине, Әкірам Галымовтың «Жастық жемістері» атты жинағы жөнінде «әдемі-әдемі өлендері бар. Өлең окуды сүйіп оқушылардың алып оқулары тиіс» (№ 13, 1912) деген сияқты баяндалуы жұпымны, ойы айқын жарнама-сындарды да санаттан шығарып тастауға болмайды. Өйткені онда материалдар «әдемінің» не екендігін «көзге көрсете алмаса да», түйсігін оятласа да, әйтеір оқушыға әсер ететін өлендердің барын айтып, тілек құмарлығын тудыра алады. «Көзге көрсету, қолға ұстату» жетілген әдеби сынның еншісіне тисе, тілек құмарлығын тудыру — сәби сынның мінезі.

Кітап болып басылған шығармаларға «Айқаптың» қандай баға, нендей сын айтқандарын түгелдей келтіріп жатпай, қазактың тұңғыш романдарының бірі — «Қалыңмалға» редакцияның қандай көзқарасы болғанын аңғартайық. «Бұл романның бет алысы жақсы, жазуы да әдемі, бірақ емле жағынан ақсаңқырайды. Спандияр мырза қазактың қалыңмал алу турасындағы бірсыныра әдеттерін өте ажарлы қылышп жазып көрсеткен. Итбайдың Түрлікүл байға қызын беріп қалыңмал алғандағы, малды алып келіп бағып жүргендегі ойлары, мақсаттары өте жіңішке, өте әдемі көрсетілген. Бұл романды кімге де болса алып оқуға кенес береміз» (№ 4, 1914) деуіне қарағанда, пікір айтушыға роман әбден ұнаған да, өз қуанышын оқушыға тез жеткізуге асыққан. Бұл сында жоғарыда айтылғандай дәлелдеуден гөрі тамаша-

лау, талдаудан гөрі көніл білдіру басымдау болғанымен, көркем сөздің ерекшелігіне назар аудару тенденциясы айқын. Бұл тенденция образдың жасалу жолын көрсетуден гөрі баяндауға құрылғандықтан құнгірттеу көрінген. Соның салдарынан калыңмал алу турасындағы ғұрыптарды дұрыс та дәл суреттегенін байқаудан әрі бара алмағанмен Итбайдың психологиясын түсінуге қажетті детальды анық байқатқан.

Журналдың алғашқы санынан көріне бастаған аннотация мен жарнама-сындар уақыт өте келе татымды сөйлей бастағаның байқаймыз. Осыған айқын дәлел етіп «Қарақыпшак Қобыланды» жайындағы рецензияны алуға болады. «Біздің қазақ жұрты мәдениет дүниесіне аяқ баспаған халықтың арасындағы сөйлеу сөзге бай, жырға шешендердің біреуі. Түрлі өлең-жырлардың арасында батыр қиссалары да едәуір (геройские поэмы). Бұл батырлар қиссасы бұл қүнге дейін халық арасында бірден-бірге аузызекі айтылып келе жатыр еді. Бұлардың арасынан «Ер тарғын» жыры 1859 жылда да Ильминскийдің еңбегімен басылып еді. Бергі жерде «Алпамыс», «Тоқсан үйлі тобыр» (Қамбар) басылып шығып Һәм «Қарабек» деген бір жыр да шығып еді. Бірақ бұлар батырлар жырынан хабары бар, қазақ тілін жете біле-түғын адамдардың қолынан өтпеген, басылуы да нашар болып басылып шыққан еді. «Қобыланды батыр» олардай емес, мұның жазушысы Сұлтанмахмұт та (дұрысы — Махмұтсұлтан Тұяқбаев Т. К.) шамасы келгенице дұрыс жазуға үмтүлған. Бастырушысы «Әш» кітапханасы да техника жағына назарын салынқыраған. Сөйтіп «Қобыланды батыр» әдемі ғана болып басылып шыққан. Қазақтағы көп батырлар қиссасының дықат салынып басылғанының алды болып тұр.

Қазақтың талапкер жастары қарап жатпас, «Қобыландыдан» басқа... жырларды жатқа білуші жыршылардан айтырып жазып алғып, бастыруға үмтүлар деп үміт етеміз. Қазақтың бұрынғы сау қазақша тілін үйренуге бұл батырлар қиссасының көп пайдасы тиер еді» (№ 23, 1914) деп жазған рецензияда бір-біріне сабактаса айтылған мәнді мәселелер бірқыдыру.

«Айқап» журналы «Қобыланды» жырының мазмұнын айтып шығуды қажет деп таппай (өйткені халыққа әбден мағлұм) оның есесіне жұрт көніліне үляйтындаі мәселелерді айтқан. Осы рецензияда үш мәселеге назар аударылған. Бірінші, батырлар жырының бұрын-

ғы басылуы мен жариялануындағы кемшіліктер. Ерте-ректе басылған батырлар жырының поэзиялық қасиетіне тіл кемшіліктері зиянын тигізіп еді, енді оларды билетіндер, түсінетіндер шығарса екен деген тілек айтады. Екінші, осыншама мәдени байлықты халықтың аузында қалдырмай, хатқа түсіру, ерінбей-жалақпай ықтияттап жинау қажеттігіне жұрттың назарын аударалы.

Үшінші мәселе — кітап шығару мәдениеті. Өлең жинақтары және оқу құралдары туралы жарияланған материалдардың барлығында да кітаптың сыртқы және ішкі келбеті мен көркі бірде-бір рет қағыс қалып қоймай, өзекті мәселе болды. «Айқапқа» керегі — аты «тасқа» басылған кітап емес, сырты көз тартарлық әдемі, ішкі сөзі орфографиялық кателерден ада кітаптар. Кітап шығарудың техникасына назар аударудың өзі сыншылық ойдың жан-жаққа көз сала бастағанның бір белгісі.

«Айқап» журналы бұл мәселелерді әншнейін реті келіп қалған соң айтып отырган жоқ. Бұлар жөнінде оның дәйекті көзқарасы болды. Халықтың әдеби мұрасын жинау жайында «Айқап» басқармасы 1912 жылы: «өз білгендеріңізше һәм сақ құлак, ұғымды адамдардан, көпті көрғен, естіген көне қарттардан сұрастырып, қазақтың бұрын қандай білгіш, жүйрік, шешен, акын, жырши, тапқыш адамдары өткен... айтқан сөз, қылған істерінің жазылғаны болса содан көшіріп, болмаса жұрт аузынан жинап, «Айқап» басқармасына жіберсеңіз екен.

Осы шала-шарпы есте бар кезінде жазып алғып қалмасақ, күні ертең түгел ұмытатынымыз ашық түр ғой» (№ 15, 1912) деп жазуының өзі үлкен парасаттылықтың белгісі екені аян.

Әдеби-мәдени мұраны жариялау және оның қадір-қасиетін ел-жұртқа түсіндіре білу саласында «Қазақ» газетінің істегені аскар алатаудай, журнал мен газетінің ой-пікірлері мен көзкарастары жанаса қалған кезде қазақ әдебиет сынының туып, қалыптасып келе жатқанына дәлел ретінде қосарландыра көрсетіп отырмақпиз. Өйткені біздің осы уақытқа дейінгі зерттеулерімізде «Қазақ» газеті тындырған ірі істер ескерілмей, орынсыз датталып келген болатын.

✓ «Қобыланды жыры» жайында «Қазақ» газеті «Қыр баласы» — Элихан Бекейхановтың сериялы мақаласын 126—129-сандарында 1915 жылы жариялады. Бұл өзі-

нің айтары жағынан да, меңзеуі жағынан да «Айқаптағы» рецензиядан өзгеше сипатта. Олай болуы алдына койған мақсатына байланысты болды. Біріншіден, білімдар, көз-қарасы тиянакталған, екіншіден, эстетикалық талап-талғамы қалыптастан, үшіншіден, қаламы орысша-қазақша жазуға бірдей жаттыққан Ә. Бекейханов қолынан тууы еді...

Мақала алты бөлікке бөлініп, алты мәселеге арналған. Бірінші бөліктө «Қобыланды» жырының жалпы мазмұны оқушы-тындарманың есіне түсірілсе, екінші тарауында Қобыланды тарихта болған, болса қай кезде жасаған батыр дейтін ең бір өнімді арнаны қазады. Егер Едіге бидің Тоқтамысқа өкпелеп, Ақсак Темірге одактасатын кезінде жасаса, онда Қобыланды XIV ғасырдың аяғында болған тарихи тұлға болмақ, ал Ақжолды өлтірген осы Қобыланды болса, онда ол «15-інші ғасыр ортасындағы жігіт болады. Онда Тоқтамысқа жігіт бола алмайды. Шәкерім айтқаны тарихқа жөн болса, Қарақыпшақ пен Әз Жәнібек қазағы Қобыланды үшін араз болған көрінеді. Қобыландының атысқаны Қызылбас та, қалмақ та болмай Жәнбітің жұрты Арғын һәм өзге қазақтар болып жүрмесін», деген пікір қозғап, эпостың тарихқа қатысы жөнінде болжам айтады. Оны үш Қазан ханның, екі Орақ батырдың тарихта өмір сүруімен жанастырады да, жырға әр дәуір жыршысы өз жанынан естіген білгенін қосып отырғанын көрсетеді де тарихқа тұра келмейтін көп қосымша бар. Қазақ тарихына пайдалы сөз «Қобыланды да аз» деп табады. Осындай ой түюнің өзінен-ақ, эпосты қазақ халқының тарихын жасау процесіне пайдалану идеясы айтылғанын аңғармау ағаттық болар еді.

Қобыландыны Ақжолға тұстас қылған уақытта сол заманың ерекшелігін аңғартатын өмір шындығы мен тұрмыстық детальдарға мақаланың үшінші бөлігінде көп көніл бөлінген, нақты дәлел, мысалдар келтіріп «кейінгі айтушының текпісін «Қобыланды» көп көріпті. Бұл айтушылар өз жандарынан көп сөз қосқан» деп талай арам жолдарды ғана емес, кесек-кесек көрініс, суреттерді, оқиға эпизодтарды, әдет-ғұрыптарды бадырайтып көрсетеді. «Қобыланды заманының салтына үйлеспейтін қаңғыбас қосымшалар толып жатыр» деп жырдың әу бастағы нұсқасына іш тартып, мүмкін қадерінше эпос үлгілерін бастапқы қалпына келтіріп, тарихпен орайластыру қажеттігін тағы бір пысықтап өтеді.

Мақаланың төртінші бөлігінде жырдың көркемдік әуеселесіне назар аударып, «батыр — аңғырт, бай — салғырт» заманының ізін көреді. Мысалдармен дәлелдейді де «Қазақта «Қобыландыны» шығарған кісі тегінде жақсы ақын екен деген сөз осы өлеңдерге қарап айтылған болар» деп ризашылық көңілін білдіреді. Ал бесінші бөлігінде «бөтен сөзben былғанса сөз арасы» деп Абайды арқа тұта келіп «жақсы өлеңдердің қосағына көп дәмсіз өлеңдер қосақталған көрінеді» деп ажарсыз сөздер мен қисынсыз шумактарды тізіп өтеді. Тіпті осынына қарамай «Қобыланды» кітабы аз уақытта сатылып, өтіп кетті. Мұнан көрінеді: «біздің қазақта оқушы бар болғаны» деп медет қылады да «кітап бастыруши қазақ матбуғатын көркейтем десе (бұл жүртқа қызмет қылам деген ерге міндеп), қолға не түссе, соны баса бермей, жақсы, көркем қылып басуды көздеу керек» деп әдеби мұраға айрықша іждағаттық көрсетуге шақырады.

Мақаланың алтыншы бөлігі түгелдей кітап шығару мәдениетіне арналған. «Айқапқа» ұнаган батыр суреті мен тұлпары Элекенің көnlінен шықпаған. «Кітаптағы ат — орыстың «тяжелевоз» дейтін жүк аты. Сүгірете Қобылекен бір нашар бақалшы болып салынған. Батыр мұрынан айырылып, пүштиып тұр», деп мінеп алса, екінші жағынан Васнецовтың атақты суретін еске түсіріп, «Қобыланды батырға мінгізген бол айғыр — Добрыня Никитичтікі, Қобыланды батырдың өзі — Александра Попович, күн салып қарауы Илья Муромец көрінеді. Бұл менің жоруым рас болса, «Қобыландыны» басқан басқарма адасқан. Бұл — ұят. Мұны мәдени жүрттарда үрлық дейді» деп Элекен тым қатты кеткен. Расында, «Қарақыпшақ Қобыланды» кітабы «Айқап» айтқандай «әдемі» бола қоймағанмен, кітап шығару мәдениетінің қазақ арасында өсіп келе жатқандығына дәлел бола алатындағы деңгейде еді.

Көпті көрген, талай басылымдарды оқыған Э. Бекейханов «жер-су һәм кісі аттарын әліпби тәртібімен кітаптың аяғына басса һәм қайсы бетінде екені көрсетілсе, бірінші — кітап тәрбиелі болар еді. Екінші — бұл жырдан қазақ тарихына жем іздеғен адамдарға оцай болар еді. Еуропада мұндай кітаптар сол ретпен басылады. Ана географический общество басқан Шоқан кітабы осылай басылған», — деп көрсетуі әрине көтеріңкі мәдениеттің талабы екенінде дау жоқ. Әсіресе, батырлар

жырын осылайша жариялағанда халықтың тарихына қатысы бар деректер бірден анғарылар еді деген ой басым. Оны мақаланың соңында жасаған ескертпесі анық көрсетіп тұр. «Көкітай хан», «Едіге» жырларының Шоқан жазған қазақшасы Петербургте географиялық обществода бар. «Ондағы қазақ студенттері көшіріп алса жақсы болар еді. Бұл екі жырдың екеуі де Шоқан жазған орысшаға қарағанда көркем көрінеді» деген ескертпесінің өзінде әдеби мұраға деген қам көнілді ғана емес, оның көркемін, ажарлысын, тәттісін халыққа ұсынып, эстетикалық талғамы жақсы үлгілерін бастыруды еске салған.

Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ баспасөздерінде, әсіресе, «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде сыншылық ой-пікірлер шағын формада ғана көрінбей, көлемді еңбектерге, мәнді шолу (обзор) мақалаларына ұласты, сөйтіп эстетикалық қауқары қомақталып келе жатқан әдеби сынның туу процесі жүйелі арна таба бастады.

Біз әдетте проза жанрын әңгімелегендеге Ұбырайдын новеллаларын, Абайдың ғақлияларын, Міржақып Дұлатовтың «Бақытсыз Жамал», Спандияр Қебеевтің «Қалыңмал» мен Сұлтанмахмұттың «Қамар сұлу», Мұхаметсәлім Қәшімовтың «Мұнды Мариям», Таһир Жомартбаевтың «Қызы көрелік» романдарын, ал драматургияны сөз еткенде Қөлбай Тоғысовтың «Надандық құрбаны» драмасын, тініт И. Лихановтың «Манап» атты шатпағын ілтипатпен атап, міне бұлар әдебиет жанрларының элементтері деп тұжырымдаймыз да, ал сын жанрының туу мәселесіне келгенде, көптеген ғалым-зерттеушілердің әдебиет тарихы жайында жазған еңбектерінен жиі де мол дәйексөз алышып, белгілі бір ой-пікір түюге септігі тиіп жүрген ой-пікірғе назар аудармаймыз, олардың жанрлық сипатының көз тастамаймыз. Соның салдарынан қазақ әдебиетінде сын жанры болған жок, тумаған еді деген жаңсақ пікір түйіп келдік.

Әдетте сын жанры жазба әдебиетпен үзеңгілесе туып, көркемдік сахнасына шығады. Эр халықтың мәдениеті мен әдебиет тарихына көз салсақ, сын жанрының тууы көбінесе құнды көркем шығармалардың, ірі таланттардың дүниеге келуіне сабактас, тіпті қанаттас болғандығын көреміз.

Қазақ әдебиет сынның туу шағындағы ең үлкен де келелі проблема және сыншылық ой-пікірлердің өзекті

арнасы көбіне-көп ана тілінің тазалығын сақтау, өркендету мәселелеріне лингвистикалық тұрғыдан емес, эстетикалық тұрғыдан да назар аударуды қалайды. Өйткені әдебиет үшін, сонымен қатар сын үшін ең алғашкы шарт тіл қолданысын жүйелеу екенін (А. Луначарский. «Критика и критики», 1938, 71-бет) естен шығара алмаймыз.)

«Айқап» ~~журналы~~ мен «Қазақ» газетіндегі сыншылық ой-пікірі бар материалдардың басым көвшілігі айтыс (полемика), пікір жарыстыру түрінде жарияланған. «Тіпті келген өлеңнің бәрін бірдей басуға журиалда орын жок. Ләкіп тәуір өлеңдер еш уақытта ілтипасыз қалмас» (№ 1, 1912) дегені әншейінгі ескерту ғана емес, белгілі бір айтар ойға, қояр талапқа өзек болар пікір.

«Айқаптың» алғашқы жылдары жарияланған материалдарының сүбелісі көбіне-көп тіл мен әдебиетке байланысты болды. Ахмет Байтұрсыновтың емле, жазу туралы мақаласы айтыс туғызды. Тіл — халықтың рухы, жаны деген тұжырымы бар мақаланың лейтмотиві болды. Халели Уалиолла: «Тіл, әдебиет сияқты нәрселер мол дәulet арқасында сақталса алынбайды, жүрттың ішінен шықкан талантты, жау жүрек, халық үшін білімін, қаламын аямайтын ер көңілді жігіттердің қызметімен сақталады» (№ 10, 1911) деп тапты да, тілдің сақталуын әдебиетке, оның дарынды өкілдеріне тәуелдеді. «Ондай халық адамы екі түрлі болады. Біреуі — шайырлардың, яғни өлеңші ақындардың жыры, өлеңімен сақталады. Екіншісі — романістер, яғни халық жайына, халықтың жақсы-жаман жағын ақырат қылып жазып, жүртқа көргізуі адамдармен сақталады» деп ақын мен жазушыны екі айрып қарагандығын сөкеттемей, негізгі ойына үңілер болсақ, «біздің қазақ-қырғыз тілінің жоғалмауы үшін қаламын халық пайдасына жұмсайтын жігіттер шығып, халық пайдаланғандай әр түрлі өлеңдер, әр түрлі халық жайынан кітаптар жазуға керек, келешек күніміз үшін зор дәulet әзірлеуге керек» деп үлкен талап қоюы, болашақ қамын ойлауы құнтарлық-ақ.

Пікір айтушы авторлардың басым көвшілігі бір мәселеге, атап айтқанда, ағартушылық идеяға айрықша назар аударып отырды. Осы тұрғыдан алғанда өзіче ненің ұнайтын-ұнамайтындығын білдіретін импрессионистік сын мен әмәнде пайдалыны, елді оятуды көздей-

тін ағартуышы сындардың элементтері араласып жатты. Әсіресе, «Айқап» журналында сынның осы екі түрі айқын көрініп, нақты пікір туюге бейім тұрды. Тілді сактаудың жолын дұрыс бағдарлаған автор «қашанга шейін кіз үйлерімізбен сары қымызға мас болып күнімізді өткіземіз. Ау, жұрт ашайық көзімізді, ұмытылайық ғылым-блімге» деген ұндеумен мақаласын аяқтайды. Бұл да сол кездегі сыншылық ойдың бір белгісі ретінде елеусіз қалмауы керек.

Журналдың *M. F.* деген авторы «Тіл, әдебиет» деген мақаласында тіл мен әдебиетті айрықша ардақтап, олардың халық өміріндегі орнын төрт салаға бөледі. Мәселенің негізін белгілі жүйемен түйіндеудің өзі тек сыншылық тұрғысынан ғана емес, айтар ойды тұжырымды баяндай білгендейінен, нені насиҳаттауды мақсат еткендігінен, материалды игере алғандығынан анық хабар береді. Өз ойын өзгеге ашық та айқын жеткізу және оған жұртты сендейре білу, айтқандарын дәлелдей білу — сын жанрының алғашқы табысының нышаны болмак. Осы автор әдебиеттің қоғамдық рөлін бірқыдыру дұрыс бағдарлай алған.

Ең алдымен «тіл, әдебиет — бар милләттің (ұлттың — *T. K.*) жаңы һәм рухы» деп тұжырымдайды. Бұл тұжырым бүкіл «Айқап» авторларының бисмиллиясы. Қайсібірі оның ішкі мәнін терен аша бермегенімен, бірі халықтың не, себепті жаңы мен рухы болатындығына өресі жеткенше ой жүгіртіп, көбінесе жоғалту-жоғалмау тұрғысынан әңгіме көтерген. Осы мақалада «бір пендешің дүниеде жасауы, бар болып тұруы үшін жан-рух керек. Бір халық, бір елдің де дүниеде бір миллет, ел болып жасауы үшін тіл керек, әдебиет керек, ал бұлары болмаған халық әдебиеті, яғни жаңы бар милләттарға азық болар, жем болар, сүйте-сүйте сол миллэт өзі де дүниеден жоқ болар» деп өмір мен өлімді қатар жарыстырганда негізгі себептердің сырын ашуға талаптанбаған.

«Әдебиеті болмаған миллэт тілі шықпаған жас бала көбі дүр: сәби өзінің басындағы қайғы һәм шаттықтарын басқаларға түсіндіре алмас» деген екінші тұжырым әдебиеттің қоғамдық рөліне, оның белгілі дәрежеде әлеуметтік құрал екендігіне назар аударса, үшінші балпа «дүниеде бір милләтті өз басына айырым бір миллэт еткен һәм бір милләтпен екінші бір миллэт арасын жуықтатқан, бір-біріне біріктіріп, екі милләтті бір миллэт қалпына келтірген себептердің ең зоры да тіл уа

әдебиеттер» деп, тіл мен әдебиеттің атқаратын рөлін асыра бағалайды. Коғамдық сананың мәнді бір саласы есептегендегі әдебиетке «Күшті миллет пен күшсіз, яки шағын миллет пен мықтылар арасындағы дау-жанжалдардың көбісі осы тіл, әдебиет мәселесінен қозгалады» дегеніне бас шұлғи бермегенімізден әдебиеттің шығарбиягінің жоғары болуын тілегенін, осыған көпшіліктің назарын аударғанын анғармасқа болмайды. Өзінің осы көзқарасын нықтай түсу үшін төртінші бапта «тіл, әдебиет дүниедегі барлық бақыт, сығаттың, ғылым, өнердің, дін уа мәдениеттің асыл үршығы дүр» (№ 10, 1912) деп тағы да шығандатып жібереді.

Ал сыншылық ойдың ояну процесі түрғысынан алғанда мәселенің түйіні — автор пікірінің дүрыс-бұрыстығында емес, өз ойын жүйелеп, нақтылап айтып беруінде. Айтартайтын жағастырып, өзі айтқанын дәлелдеуге тырысу — логикалық ойдың, сынның қасиеті. «Айқап» журналында жарияланған материалдар жыл асқан сайын нақтылана да қомақтала түскендейгін анғарту үшін 1913 жылғы сын мақалаларға ерекше назар аударған орынды. Өйткені «Қазақ» газетінің шығуы зор қуаныш болу үстінен бәсекелестік сезімді де туғызбай қалған жок.

Мәмеков Галиолданың «Өлең-жырларымыз туралы» мақаласы өз ойын дәлелдеу талабымен құнды. Осы мақалада негізінен үш мәселе сөз болады. Ең алдымен, «бір миллеттің ілгері басуына өлең-жырдың көптігі себеп емес, неғұрлым тәрбиелі болуы себеп» (№ 2, 1913) деген терең мағыналы пікір айтылған. Автор саннын да сапаға айрықша мән беріп, аты өлең-жыр дегендерді емес, елді жаңағында бастайтын, үлгі-өнеге көрсететін тәрбиелі өлең-жырды қадірлеу қажеттігін айрықша ес-кертелді. Өзінің осы ойын дәлелдеу үшін араб және орыс әдебиеттерінен мысал келтіріп, шығарманың идеялық мазмұнының терең, айтары мол болуына үндейді де, көркем сөздің эстетикалық әсерінің қуатты болуын қалайды. Автор өзінің осы пікірін дәлелдей түсу үшін «Осы қүнгі алға кеткен миллеттарда өлеңшілердің қадірі жоқ емес. Русларда бұрынғы өткен өлеңшілері Пушкин, Лермонтов жаңрларының сөздерін қадірлең, бір кітабын қаншама сапаға бағалайды. Осылар бізге өлеңнің керектігін білдіре ме, болмаса өлеңнен аулақ жүрудің керектігін білдіре ме!» деп алдыңғы ойын нығызы-

дай түседі де, екінші жаңа проблеманың шетін көрсетеді. Ол проблема — ақын-жазушының қоғамдағы орны. Пушкин, Лермонтовтар өздерінің «тәрбиелі», өлендерімен елді ағарту, тәрбиелеу ісіне көп пайда келтіргендіктен де кейінгі ұрпаққа қадірлі болып отыр, ал қазактар өнер адамын онша қадірлей бермейді деген ой айтпақ болған. Бірақ осы ойын: «Өлең айтушы әнпаз адамдарды жұртқа есерсоқ деп көрсетпей, есті деп, қадірлі етіп көрсетуге тырысындар» деп Сұлтанмахмұт айтқандай айқын тұжырымдай алмаған.

✓ F. Мәмековтың мақаласында айтылған үшінші мәселе — «өлең-жыр кетсе, бізде ана тілі де азаяды» деген пікірі. Қазақ тілін қадірлеу, өркендету жайына келгенде бұл автор ескі, көне сөздерді (архаизмдерді) ұмытпау, оларға қайтадан жан беру, пайдалану, санаттан шығарып тастамау керек деп тапты. Сонымен автор өнегелі, тәрбиелі өлең-жырды қадірлеу, ақын-жазушыларды құрмет түту, қазақ тілінің сөздік қорын молайта тұсу жөніндегі ойларын нақты мысалдармен дәлелдей білді.

Мәселен «Айқапта» жарияланған материалдардың нақтылана да қомақталған түскендігін көрсете тұсу үшін «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» (19, 21—23, 1913) және «Өлең мен айтушылар» (13, 1913) атты Сұлтанмахмұттың сын мақалаларына ерекше назар аударып, сынның қашшалықты есейіп қалғандығын көрсеткен абзал.

Қазақ тілінде шыққан кітаптарға шолу жасап, әдебиеттің негізгі мәселелеріне назар аудара сын жазу бұған дейін жоқтың қасы еді. Осы тың саланы тұңғыш рет Сұлтанмахмұт колға алды. «Мен сыншы болып, сынап жазып отырғаным жок, сыншы болуға өзім сыннан өткен кісі емеспін. «Сабасына қарай піспегі» деп, көргенімше көзге шыққан көсеведей-көсеведей сүйелдерін көрсетіп отырмын. Шын тездің (сыншының — Т. К.) қолына түсіп, түзете бастаса, бір журналды бір кітаптың «сыны» толтырар әдебиетімізді бар деп атауға болады» (С. Торайғыров, Шығармалар, 1957, 360-бет) деп күшіне баяндады.

✓ Сынның жай-күйін, оның басып өткен жолдарын әңгіме еткенде әдебиетке көз салмай, оның тарихына үңілмей өте алмайсың, біріне-бірін сабактастырып отырасың деген В. Г. Белинскийдің де пікірін Сұлтанмахмұттың осы мақаласы дәлелдейді де, XX ғасырдың басын-

дағы әдебиетіміздің өзекті мәселелеріне еріксіз көз тас-татады.

«Айқап» және оның төңірегіндегі прогрессіл күштер Абай негізін қалаған жазба әдебиет дәстүрін ағартушылық-демократтық бағытта өркендете түсті. Көркемдік шеберлік жағынан Абай көтерілген биікке шықпаса да, идеялық нысана жағынан біршама айқындыққа, қанауышы мен қанаушылардың айырмашилығын ажыратса да, аларлықтай дәрежеге жетті. Ал «Қазақ» газеті азаттық идеясын пәрменді насиҳаттағанда революционер-демократтар деңгейіне дейін көтерілгенін аңғармауга болмайды.

«Айқап» журналы қазақ тілінде жарияланған кітаптардың мәні мен құнына, насиҳаттар ойына назар аударғанда діни уағыздарға да, зарланып-құнреноғе де, «қатын ойбаларға» тосқауыл қойып, шын өнерге үмтүлу қажеттігін сөз етті. Батыс-Шығыс әдебиетінен, Абайдан үйренейік, сынаптай таза, күмістей кіршіксіз халық өнерінен, бұрынғы билердің шешен сөздерінен үйренейік деген пікірлерімен қатар көркемдік шеберлік мәселелерін де ауызға ала бастады. Міне, мұның өзі қазақтың сыншылық ойының едәуір биікке көтеріліп, жан-жаққа көз тастай бастауының айшықты белгісі еді.

Сұлтанмахмұт «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» деген мақаласында шын мәніндегі көркем шығармалар қандай болу керек деген мәселеге назар аударады. Бұдан 10—15 жыл бұрын, яғни XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың алғашқы жылдары «хат біледі-мыс деген қазақтардың қолдан-қолға түсірмей, құлқынын құртып, құмартып оқитын кітаптары: «Зарқұм», «Салсал», «Алпамыс» тағы солар секілді «қырды, жойды, қиратты»... Жеті басты айдаһар, пері қызы, жалмауыз кемпір, дәү... дегендегі ұшы-қыры жоқ, түпсіз өтірік, қисынсыз хикаяттар еді... Бұрынғы қиссаларымыздың (әдебиет) ак көңілге күйе жағып адастырудан басқа пайдасы жоқ, бас катырғыш» (сонда, 367-бет) «шөп-саламдар» еді деп шорт кесті. Өз заманындағыларға да разы екендігін жасырмады.

Абай дәстүрі өнімді екендігіне Сұлтанмахмұттың көзі әбден жетіп, кәміл сенді. Сондықтан әдебиетіміз жаңа арна тапты, құр айғайға мәз болмай, дәні бар, сөлі бар пайдалы үндеулерге ойысып, «ескі достарына қош айтysа бастады», жаңалыққа құмарлана түсті. «Қазақ секілді қаранғы көшпелі халықтың ішінде шық-

кан газет-журналдардың малтықпай тез жүріп, жеңіл кетулері сол етпептеп тұруларының арқасы: әйтпесе, Самарқан, Түркістан, Бұқар, Ташкент жақтағы газеттер секілді адым жер шықпай, арбасы төнкерліп кала берер еді» деп жазды. Сұлтанмахмұт қазақ газет-журналдарын ауызға алғанда әлеуметтік ой-пікірдің қордасы екенін айқын аңғарып, әдебиет саласында да игі іске мұрындық болатындығын, заманның жана ыңғайна бейімделетіндігін анық көріп-білген-ді.

Сұлтанмахмұт өзінің осы мақаласында данышпан Абайдың көрсеткен өнеге-улгісі, қалдырған орасан зор мұрасы болғансын ғана қазакта әдебиет жоқ дей алмады. Бірақ «шының айтқанда, қазақ тілінде деп бастырылған кітаптардың көбінде қазактың іісі жоқ» деуі Белинскийді еріксіз еске алдырады. Ол: «Ия, біздің әдебиетіміз жоқ» деген уақытта шын мәніндегі реалистік әдбиеттің қалыптаспағанын есіне алған болатын. Ал Сұлтанмахмұт «қазактың іісі жоқ» деп көбіне тіл жағына ғана ойыса береді деуге болмайды. «Бұзылған қанымызды түзеп, қарайған көnlімізді жуып, жанымызға пайда, дертімізге шипа болады-мыс деген «жарып сал жаңа әдебиетіміздің» сыңайы нұсқаған қол, көрсеткен жолы жоқ, күр «қатын ойбайға» айналып, әркім соны сән көріп бара жатқан соң, қазақ жазушылары-ау, алдарыңа салып, айтып отырмын» дегені әшейінгі шалқу емес, үлкен идеялық мәні бар тұжырым екенін аңғарамыз.

Сұлтанмахмұт «кеііп жоқ, келісім жоқ» әдебиеттің күр ойбайында сән де, мән де қадір де, болмайтының ескертіп, айтар ой, насиҳаттар пікірдің барынша айқында көркем болуын талап етті. Соңдықтан ол «канық ақ сүйек, аты жоғалмайтын «өлең» деп, «өнер» деп соны айтамын: сырт көрінісі «қатын ойбай» тұрсын, «шайтан ойбай» болып көрінсе де, дәмі бар, маңызы бар «ойбай», сол қайнаған қанның, қиналған жанның, толғатқан көңілдің, толғанған жүректің сығындысы осы. Соның үшін ондай «ойбай», ондай «бебеу» табыла қалса-ак, «салған жерден өзі де дертке шипа бола кетеді» деп білді. Ал В. Г. Белинский: «Көркемдік — қазірде де әдеби шығармалардың құнды қасиеті. Егерде қазіргі заманның рухындағы сапаны қамти алмайтын көркемдік болса, онда ол, бізді оншалықты қызықтыра алмайды. Конғамдық санаға әсер ететін мәселелерді қозғайтын немесе шеше алатын орта қолды көркем шығармалар, сана-

мызға әсер ете алмайтын көркемділігі басым шығармалардан анағұрлым маңызды» («О классиках русской литературы», 332-бет) десе, осы ойлардың құяр арнасы: түйер қорытындысы бір-бірінен онша алшақ жатпағанын байқаймыз.

Сұлтанмахмұт көрінген әңгімелерді көркем шығарма деп танымайды. Әдеби шығарма болу үшін көркемдік түрі (формасы) мен мағынасы бір-біріне сай болуы керек. «Құндікке ізденіп, өзінше ойыннан үйқасынқыран шыққан, керекті-керексіз сөзді өлең деп қуанып жаза беру — дерті (ауруы) жоқ кісінің ынқылдағаны, толғағы жоқ катынның бебеулегені қандай жексүрүн болса, бұз да сондай жексүрүн болады. «Қынысыз қышқырған неткен тантық» деп Абай айтқаның кебіне ұшырап жүргендер көп» (359-бет) деп жазуының өзі әдебиетті тек мағына жағынан ғана емес, көркемдік, шеберлік жағынан да дамыту, өркендету керектігін ескергеніне дәлел.

“ Сұлтанмахмұт қазақ тілін орынсыз шұбарлап жүргендерге, «білімдарлығын» көрсету үшін басқа тілдерден әдейі сөз алып, айттар ойын тұмандатқандарға, қазақ тілінің грамматикалық құрылышына жат оралымдарды қолданғандарға қарсы құрес ашып: «Мен тілімізге шата тілдердің шалмасуынан, тілдің ағыны теріс бейімделіп өріс алып бара жатқанынан қорқамын... мұнын аты тіліміздің орнын сипалап қалуга бейімдеп бара жату болады» деп күйіне жазды. Сұлтанмахмұттың осы ойын Ж. Әбубекір өзінің «Тіл уә әдебиетімізді сактарға керек» деген мақаласымен қоштап, себебін ашпаққа талаптанған. «Қазақ тілінде жазылған хикая кітаптардың көбі қазаққа сініспін, қазақша былдыrlайтын қырық ру құрама молдалар жазғандықтан құрама тілменен қорда...нып жүріс алған, қазақтың өзі жазса да өз тілін мүлдем ұмытқан, яки шұбарлауды «сән» көрген қазақ жазған. Қазақ әдебиеті басталғанинан бері қарай жазылған кітаптарды екшеп карасақ (әне — бір-екі кісінің кітаптарын былай қойғанда), ашып жібергенде ақ шата тілдер топтанып, тіпті көзіне жол бермейді» (№ 19, 1913) деп пікір қорытты. ✓

Сұлтанмахмұт қазақ тілінің тазалығын сақтау мәселе-лесіне көбіне поэтикалық жағынан, көркем сөздің әсемдік бояуы, эстетикалық мәні тұрғысынан пікір айтты. Сондықтан да ол кейбір ақындардың өлеңдері «шүлдір-

леп», «шолжыңдап», «сүрініп», «соқпағы қызыспағандығын» талай нақты мысалдармен дәлелдей сынады.

«Халыкты бүкіл қиян шырып шеттен,
Ыслаклық енді керек ертеректен.
Ашық қыл бизнің ғазым атам», —

деген сияқты «өлең» шумактарының қасиетсіздігін, мәнсіздігін окушыға көрсете отырып, «қараңыз, осылардың ішінде қайда қазақ тілі? Қайда қызықан назым? Қайда көңілге, тілге ұнау, теп-тегіс өрескелсіз өлшеуілі өлең» деп ашынды. Өзінің осындай эстетикалық тұжырымын дәлелдей түсу үшін Сұлтанмахмұт әдебиетке өнек бола алмаған «Милли шығар», «Әдебиет өрнегі», «Ахірет» сияқты жинақтардан мысал келтіріп, М. Дулатовтың өлеңдерін көркемдік түрғыдан үлгі етіп ұсина алмады.

Бүкіл қазақ поэзиясының сол кездегі дамуы жайында келелі әңгімені қозғағанда, Сұлтанмахмұт әрбір ақындық дүние, соны әуен, тың идеямен көрінуі шарт деген эстетикалық талап қояды да, газет-журналдарда жарияланып жатқан не жеке жинақ болып шырып жатқан көп өлеңдердің мәні мен маңызын нәрлендіруге, көркемдік шеберлікті арттыруға үндейді.

Сұлтанмахмұт XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясының туындыларын жалпылай шолып, түйінді ой-пікір айтқанда, эстетикалық талап түрғысынаң қараганын көреміз. Қазақ поэзиясының бұл дәүірдегі өркендеуін місе тұтпады, көркемдік шеберлік жағынан да, идеялық мән-маңызы жағынан да көптеген кемшілік табады.

«Бұрынғы «Зарқұмдарын» құмға көміп, «Сал-салдарын» суға лақтырып, пері қыздарын аспанға ұшырып, ақырында ескі достарына қош айтыса бастады. Содан бері қарай беттері бермен етпetteуде, жана бір жас іс туды дегенді құлактары шалса, қолдарын жайып, құшактарын ашып, ііскеуге мұрындарын, суюге ауыздарын даярлап» түрган окушылардың үміті аяқталмады, салы суға кетті деп айрықша қынжылғанымен, түңілмейді.

Сондай Сұлтанмахмұттың көрсеткен жолы — Абай поэзиясы. «Пайғамбардың жүргегінен құйылған құран-дай соқыр кісі сыйдырынан таңырлық, аққұла ашық тұрады марқұм Абай өлеңдері» деп білді. Абай өлеңдерін құранға тенеудің өзі сол кезде үлкен батырлық еді, өлең-жырмен айналысу жындының ісі, еріккеннің ермегі деген қазақи түсінікке қарсы айтылды. Пайғамбар-

дың құранын қандай қадірлесен, дарынды ақынның өлеңін сондай қадірле, тәлім-тәрбие ал. Абай өлеңі жаттайтын құраның болсын, сонда ғана дертіне шипа, жаңыңа дәру табасың деп тұжырымдады.

Сұлтанмахұттың да, сондай «Айқап» авторларының да көздеңген негізгі мақсаты «қазақ әдебиеті — қазақ жүртіңін жаны. Жаны жақсы тәрбиеленіп, әлпешпенен өсірілген кісі тез жоғарылыққа жетіскеңі секілді, шата тілдер араласпай, әдебиеті өріс алған жүрт та тез алға басады. Бақ қонып, қыдыр дариды. Мұратына жылдам жетеді. Неге десен, қай жүрт болса да бастаң аяқ өнерлі, білімді болу қара бұқара арасына оқудың тез таралуымен болады. Бір жүрттың жабайылары арасына оқудың тез таралуы үшін жазылған кітаптар нағыз сол жүрттың өз тілінде болу керек» (№ 19, 1913) деген пікірде бастау алып, халықтың жаппай мәдени дәрежесінің артуына байланыстырылды.

Сұлтанмахұттың «Өлең мен айтушылар» атты екінші мақаласы өзінің мән-мақсаты жағынан «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» деген еңбегін толықтыра түсіп, әдебиет пен көркемөнердің егіз екендігін дәлелдеуге арналған. Көркемөнерді сахнаға шығару мәселе сін Сұлтанмахұт алғаш сөз етті. Осы мақаладан кейін Семей, Омбы, Томск, Орынбор қалалары мен қырдағы елде (Петропавл уезі, Қуанышовтар ауылында) әдебиет, ойын-сауық кештерінің өткізілуі, қазақтың тұнғыш журналист қызы Нәзипа Құлжанованың «Бір керек жұмыс» деп айрықша мақала жазуы, Сұлтанмахұт ойының практикалық мәні құнарлы екендігін көрсетеді.

Сұлтанмахұт «Өлең мен айтушылар» деген мақаласында қазақ көркемөнерінің қандай халде екендігін көрсетуді ғана емес, қайтсе оны гүлдендіріп, мәдениетті елдердің қатарына тұру қажеттігін айтуды мұрат етті. Көркемөнерді әдебиеттен бөле қарамай, қайта оларды көпшілік мұддесіне жарату жолын іздестірді. Халықтың рухани тілегін орындау, жаңа үлгі-өнегеге баулу жолында көркемөнердің ірі құрал екендігін Сұлтанмахұт айқын түсініп, ғылым мен білімнен, оқу-ағартудан бөлуге болмайтындығын мықтап ұққан.

«Көңілді түзейтін машина — өлең-жыр... Ол машинаның тетігін біліп, сайрайтын, естігендердің аузынан сүйн ағызып, көңілдерінің уын шығаратын кім? Ол неше түрлі әуез білетін әнге ұста әншілер, жыршылар» деп тұжырымдауынан-ақ өнердің қоғамдық орнын да, оны

жасауышы өнерпаздардың рөлін де жоғары бағалаған-
дығы көрінеді. Сондықтан да өнерді ғана емес, соны
елге танытатын өнөрпаздарды бағалап ардақтау, құр-
меттеу, дәрінтеу керектігіне назар аударды. «Молда-
лар, жас балаларды ән үйренуғе қызықтырындар! Жана
шыққан өлендердің жүрек қандыратындарын үні жақ-
сы балаларға әнге салғызып қойсандар, уай шіркін,
қандай өтімді! Өлең айтушы әнпаз адамдарды жүртқа
есерсөк деп көрсетпей, есті деп қадірлі етіп көрсетуге
тырысындар» дәүінде прогрессивтік ой мен утилитар-
лық мақсат қабаттасып, ел елерлік мәселеге айналған.
Өзінің ойын дәйектей түсу үшін «бір халықтың әні кет-
се, әдебиеті жесір қалады, сәні кетеді, жаны кетеді»
деген мәселені әдейі насырға шаптыра баяндап, жүрт
назарын осы салаға аударады.

«Аса суырып әкетерлік болмаса да, тәуір-тәуір ой
қозғарлық өлендер бізде болып келеді. «Бірақ болғаны-
мен, жүргізе білуші жоқ, айтушы жоқ, жесір тұр» деп
қазақ даласындағы көркемөнердің өркендей алмай келе
жатқандығын ашық айтады. Мәдениеті «бізден басқа,
бақытты, талайлы жүрттардың өнерпаздары өнегелі өлең,
үлғілі тақпактарды жаттап алады. Сонымен шаһар-ша-
һарға жүріп, халыққа естіртіп, жүрек қозғап, буын бо-
сатады. Халықтың арғы-бергісін қозғап, естеріне түсі-
ріп, мұң-мұқтаждарын зарлап, кем-кетігін көрсетіп
трупалар үйымдастыру қажет екендігін ашық айтады.
«Байқаймысың, біздің қазақ әнқұмар халық, егер бір
жерден әннің не домбыраның даусы шықса еңкейген
кәрісі, еңбектеген жасы соның маңын қоршап, «айт, айт-
тың» астына алып, шын пейілімен беріліп, үйып тың-
дайды» деуі осындағы игі істі бастаушылар табылса екен
деген арманнан туған.

Өзінің ойы отаршылдық заманда жүзеге асар-аспа-
сын шамалай алмаса да, Сұлтанмахұт көркемөнерді
насихаттау қажет екенін айрықша сезінген. Халыққа
шын өнер туындысын ұсыну керек, өйткені «сырнай,
домбыра тарта білмей, құр перне басып барқылдату
қандай сүйкімсіз болса, әнімен айтылмаған өлендер дे
сондай сүйкімсіз болады. Маған десе майы тамып тұр-
сын, әнсіз құр өлеңменен жақсылық сездіргенің сол,
жүртты өзінен бездіріп аласың» деп елге таратар үлі-
өнегенің шын өнерпаз қолынан шығуын талап етеді.

Сондықтан, халықтың жан-сезіміне «жана рух, таза
қан» кіргізетін «таза пейілмен жандандыратын маши-

на — шын жүректен шын-шып шырқырап шыққан өлеңжыр, әдебиет» деп білді.

Сұлтанмахмұттың осы сыншылық еңбектеріндегі игі ойлары мен құнды пікірлерін дәлелдеп жұртқа әсерлі етіп көрсету үшін «Батыр деген бір барак ит, екі қатынның бірі табады. Би деген — ақ шарифат, ілуде бір-ақ қатын табады. Ұлы жүзден шықты Төле би, Орта жүзден шықты Тәйтеке би, Қіші жүзден шықты Алшын Эйтеке би. Ең ақыры қазақ Ресейге қараған заманда Шоң билері болды. Ол қазақтың ортасынан құдай жаратқан билері бар заманда халық қандай халде болды. Қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған заман болды» (22. 1913) деп жазуы, немесе «Заманың айдауымен күн асқан сайын» қазақшылықтың «шылығы жылжып кетіп барады. Байқаймын, сірә, «шылық» кеткенменен, жай жетпесе керек. Қазақтың бұрынғы сән-сәүлетінің бәрін тік көтере ала кетсе керек. Айқай! Қек шалғынға боз үйді шаңқайтып тастап, шалжиып жататын сән-салтанат қайда? Оған аузымды ауыртпасам да белгілі, ол енді көрген тұс есебінде, жер бауыры сұық деп қоюға лайықты нәрселер. Көрдің бе? Ең арты домбыра, сауық, тәтті-тәтті әндерімізге дейін азайып, қара күңгірт қапаға, булықкан заманға қарай дедектеп барамыз деуі замана дүмпүйінің зорлығы мен озбырлығын сездіргендей еді. Оны патша цензурасы журнал жабыларда мықтап «ескерген» болатын.

«Айқап» журналына да, оның хатшысы әрі сыншысы болған Сұлтанмахмұтқа да онша жайлы бола бермеген бір макала 1913 жылы 17 санында жарияланды. Мұнда М. Дулатовтың «Азамат» жинағына өзі шағын болғанымен тиген жерін ойып тұсіретіндей сынни пікір айтылды. «Кейбір өлендері бірінен-бірі қысқа, ойнақы емес, оқушының арбасы сазда жүргендей ауырланып шығарлық. Алдыңғы туғандарды «көш жүре түзелер», жоқтан да бар жақсы, біздің неміз жетісіп тұр деп жүген-құрық тигізбедік. Мұнан былайылардың мінін қолға алып, үлгіні осы бастан түзете беру керек. Қанша дегенмен «жаманың барынан да жоғы жақсы» дейтін мезгіл болыңғырады ғой. Бұл турадағы білгенімді өз алдына жазармың» деп жоғарыда талданған «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» деген шолу мақаласының бисмиллясын «Оян қазақтан» бастаған болатын. Өзін-өзі қайталаушылық, біреудің айтқан ойын басқалардың пайдаланып, еліктеушілік көбейгендігін мысалдармен

көрсетті. Негізгі идеяны солай насихаттау, масадай ызындағы беру керектігін Сұлтанмахмұт түсінгісі келмеді, ылғи жаңа поэтикалық образ, тың теңеулерді оқығысы келгені тағы бар. Эстетикалық талап-тілек түрғысынан келгенде бұл сынның сөкеттейтіні шамалы, бірақ та журнал мен газет арасына, пенделік қарым-катынасқа бірқыдыру қындық әкелгенін жасыруға болмайды. Сын өзінің тісін көрсете бастағанда айтыс-тартыстың майданы қызатындығы, сөйтіп шындық табалатындығы айқындала берді.

Сонымен, Сұлтанмахмұттың әдебиет пен көркемөнер жайындағы еңбектері өзінің көтерген мәнді мәселелерімен, айтқан құнды ойларымен, насихаттаған идеясын нақты дәлелдермен баяндауымен, оқушының көңіліне үялауымен «Айқап» журналында жарияланған сын мақалалардың ішіндегі ең құндысы және өнегелісі болды. Қазан төңкерісіне дейінгі сыншылық ойды жаңа бір белеске көтеріп, қанат қаққан жас сынды ілгері бастырған, жанрлық сипатқа ие бола бастағанын анғартқан еңбектер болды.

«Айқап» журналында бұдан кейін жарияланған материалдар Сұлтанмахмұт шыққан сыншылық биігіне көтеріле алмады. Жұмағали Тілеуленнің «Баспасөз», Есенқұл Қасабулатовтың «Баспасөзге қарсы», Махмұт сұлтан Тұяқовтың «Кітаптар жайынан», редакция тарапынан жазылған «Роман жарысы туралы» мақалалар әдебиеттің өзекті мәселелерін жаңаша толғаудан гөрі, жоғарыда баяндалған түйінді ойларды өзінше топшалап айтып, азда болса сыншылық ойды оятуға септігін тигізіп жатты. Казақ әдебиет сынның бағы «Казақ» газеті арқылы жанғандығын және бірден эстетикалық-көркемдік талап-талғамы биіктеп кеткендігін ең алдымен мықтап айтқанымыз орынды. Өйткені осы уақытқа дейін «Қазақтың» рөлін кем, тінті теріс бағалау салдарынан оның бетінде жарияланған дүниелерге көз жүгірткеніміз болмаса, ішіне еніп, жанын түсініп, максатына ортақтас болар пифыл танытпағанымыз былай тұрсын, онды-солды қаралап-даттаудан жалықпадық. Соның салдарынан қазақ зиялыштарының не тындырғанын ғана емес, бүкіл қазақ халқының мәдени өресін білмедік, қолдан төмендетіп, елдің жігерін құм қылып, үнжүрғасын түсірдік. Тапшылдықты өзінің білместігіне серік еткендер мейлінше көп болды.

Сол өкініш етер саланың бірі — жанадан туған жас

сынымыздың мәртебесін биіктетіп макалалар мен зерттеулердің еленбей атаусыз қалуы деп тапқан жөн. «Қазақ» газеті 1913 жылы шыққан күнінен бастап қазақ әдебиеті мен мәдениетінің жоғын жоқтап, үлкен эстетикалық өреге көтеріле білді. Біз енді жарнама, аннотация түрлерімен ғана емес, кәдімгідей ауыз толтырып айтатын рецензияларға, сұқтанатын ғұмырнамаларға, сүбелі де ойлы сын мақалаларына, қарымы кең ғылыми зерттеулерге кездесіп, қазақ халқының көркемдік таным-білігінің қол созым биікте екенін, ешкінен де сорлы болмағандығын анық көреміз.✓

«Қазақ» өзінің алғашкы сандарының бірінде «Қазақ тарихы» деген мақала жариялад. «Кияметке шейін қазақ қазақ болып жасамақ, осы ғасырдың ғылым жарығында қазақ көзін ашып, бетін түзесе, өзінің қазақшылығын жоғалтпас және өзіміздің әдет-ғұрыпқа сай «қазақ мәдениетін» (казахская культура) құрып, бір жағынан «қазақ әдебиетін» (казахская литература) тұрғызып, қазақшылығын сактамақшы» (№ 3. 1913) деуінін өзі газет жұмысының ең өнімді салаларын мензейді.

Шәкәрімнің «Керек», Сәбит Дөнентаевтың «Керекті өтініш», К. Төгісов, Ж. Сайдалин, С. Торайғыров басқалардың өтініш-тілектерімен қатар, «Фалия» медресесінің 17 шәкіртінің жастық екінімен «осы замандағы, бұрынғы замандардағы халықтардың басқа жұрт қасында қадірлі, құрметті болулары, басқа жұрттарға өриек, үлгі болулары — әдебиеттері арасында болады. Әдебиет — жан, матбуғатын соның тәні. Мысалы, әдебиеттің осы таза күйінде жоғалтпай сактау керек» деп тілегендері болашақ сүбелі де ойлы, толымды да көрнекті әнгімелердің бисмиллясы ғана еді.

✓ 1914 жылдан былай қарай «Қазақ» газетінің әдебиет пен мәдениетке арналған мақалалары әрі көркемдік таным-білік жағынан да тарихи түсінік жағынан да коюланып, терендей берді. Әдебиеттің жалпы мәселе-лері жанрлық шолу, кейде баяндама түрінде, кейде накты акын-жазушыларға арналған ғұмырнама түрінде көрініс беріп жатты. Тіпті әдебиет тарихын дәүірлеу талабы да кездесті.

Ә. Бекейханов қазақ эпосынан азаматтық тарихы-мыздың ізін іздесе, Райымжан Марсеков 1915 жылы 13 акпанды болған әдебиет кешінде «Қазақ әдебиеті жайынан» жасаған баяндамасы «Қазақтың» 15 және 19 наурыздағы сандарында жарияланды. «Әдебиет» дегеннің

не екенін түсіндіріп алғаннан кейін қазақ әдебиетінің тарихын үш дәуірғе бөледі. «Бірінші дәуірі ескі замандағы қазақ арасына жазу тарамай тұрғандағы кезі, екінші дәуірі жазудың халық арасына күйрек таралған заманы. Абай марқұмнан бері қарай қазақ әдебиетінің үшінші дәуірі басталады» деп жіліктеуінің өзі ғылыми көзқарастың жемісі. Осы тенденция «Әдебиетімізге көз салу» сияқты (09.01.1916) ғылыми-зерттеу мақаласына үласты. Онда әдебиеттер байланысы, бір-біріне әсері, үйрену, тәжірибе мектебі, дәстүр мен жаңашылдық мәселелері сөз болып, қазақ әдебиетінің бағыты болуы керек деген проблема төңірегінде ой қозғалды. Қазақтың жазба әдебиеті жаңа қалыптасып келе жатқан жас әдебиет, ендеше ол кімнен үйрену керек, кімге қарап түзелу керек деген мәселеде автор Еуропа әдебиетінен үйрену керектігін ашық айтады. Алайда көzsіз еліктеуге қарсы болмағанымен «басқаларға басы бутін ермеу біз секілділер үшін қын іс. Еліктеу дәуірін басымыздан кешірмей кете алмаймыз» (№ 164, 1916) деп үйрену, үлгі алу солықтап кетуге апармауын тілейді. Шағатай әдебиетінің Науай сияқты ірі өкілдері Ширази Сағди, Хайям сияқты парсы әдебиеті классиктерінен көп үйренгеніне зер салып, өз тізгініне ие бола алмай қалған осман-түрік әдебиетін мысалға келтіреді.

Еуропа әдебиетінен үлгі алушың айрықша бір қажеттігі мынада, олардың «бір асылы — рух, сыны — дух критицизма. Бұл бізді жүре алмайтын, тұйыққа шыға алмайтын шыңырауға алып кетпес. Еліктеуіміз өлшеуден шығып бара жатса, рух сыны біздің көзімізді ашып, қатамызды көрсетер.— Әдебиетіміздің атасы Абай бұя жолдың қорқынышсыз, біздер үшін пайдалы екендігін сезіп, сол жолға бұрылды. Эйтпесе, Абай үшін ғараб, парсы жолы да ашық еді» деген дәлелін де жасырмай айтады. Үлттық келбетті, психологияны сақтау үшін не қажет екендігін де айқындаі кетеді. «Үлт әдебиетін майданға шығармақ үшін ең әуел өз тұрмысымызды білмегіміз, үйренбегіміз, халық аузындағы әдебиетімізді жиып, бір тәртіпке, белгілі сарынға салмағымыз, өз жұмысымызды әр жақтан білмегіміз керек» деп тапқан. Әдеби шығарма халық өмірін шынайы көрсеткенде ғана үлттық рух, келбет, бейне айқынырақ сақталатынын айта келіп, «адабият һәрқашан тұрмыстан айрылмай қол ұстасып бірге кетсін. Тұрмыстың һәrbір сазына адабият жаңғырық саз қайтарсын, халықтың һәrbір қай-

ғысын адабият айнадай көрсетсін. Сөздің қысқасы, адабият тұрмыспен берік байлаулы болсын» деген ең бір өнімді жолды нұсқады.

«Әдебиетті өзінің мамандығына айналдырмақ болған дарындар сөз өнерінің даму тенденциясына ғана емес, оның жанрларының сыр-сымбатына да көз сала бастағанын көрмей өте алмаймыз. 1915 жылы «Мың мақал» деген кітап шығарып, Г. Н. Потанин экспедициясына қатысқан, халық творчествосының талай үлгілерін жинаған, кейінде де осы саладан көз жазбаған Ахмет Баржақсиннің «Мақалдар» атты мақаласының ғылыми терендігіне, жанр ерекшелігін тамыршыдай дәл басып ажыратуына, түр-түсіне қарай жіктеуіне, тіпті қазірдің өзінде құлақ қоюға болады. Қазактың он мыңдай мақалын жинап, жүйелеп, тақырыпқа бөліп, көркемін таңдал алыш жүргендеге талай ойға батқанын, оның сыйындысын енді үлкен зерттеуге айналдырғанын көреміз.

«Халық аузынан шыққан әдебиет түрлерінің аралары тіпті жақын. Олар халықтың дүниеге әм өмірге қандай көзben қарағанын көрсетеді. Бұлардың арасында мақалдардың пайдасы басқа өлеңдер мен ертегілерден кем емес. Әсіресе, халықтың заңын, әдетін, ғұрпыш білу үшін жаһит қылып жүрген этнографтарға һәм тарихшыларға өте пайдалы» (18.04.1915) деп бастауының өзі жанр сырының ішіне кіріп, талай соны да қомақты ой айта алатын қалам иесі екенін аңғартады. Ауыз әдебиеті үлгілері ауыздан-ауызға өткенде өзінің алғашкы иесінен көз жазып қалып, жалпылық сипатқа ие болып кететінін, «халықтың таза ойы, мінезі» сынни мақал мен мәтелде көрінетіндігі, олардың ұқсастығы мен айырмашылығы жайында толғамды ой айтып, танытады.. «Мақалдарда басы артық сөз болмайды, ұйқастырылып айтылады, бұл жағынан алғанда өлеңге ұқсайды, оңай жатталып кетеді. Оның сыры — мақалдың өсиеттік қасиетінен» деп (мақал — халық ойынан шыққан өсиет) табады, оған әр елдің қандай мән беретіндігін атап өтіп, өз ойының ғылыми арнадан өрбігендейтін көрсетеді.

«Мақал турасында әр халық әр түрлі қылып сөйлейді. Онтүстік халықтары (араб, фарсы, түрік һәм басқалар) айтады: мақал — тілдің гүлі; қытайлар — бұрынғы данышпандардан қалған өсиет; немістер — көше арасындағы данышпандық; итальяндар — халық мектебі; ағылшындар, француздар — көп көргендіктің жемісі; орыстар — қанатты сөз, әдемі сөз деп айтады».

Біздің қазақтың қалай дейтінін мына мақалдың өзі айтады: «шарифат ағып жатқан бұлак, бұрынғылардың сөздері жағалай біткен құрак».

«Басқа халыкты білмеймін, иогай мен орысқа қарағанда, біздің қазақ халқы мақалдарды көп айтады. Би-лер, шешендер, былай тұрсын, біздің қазақтың ерек-әйелі, үлкен-кішісі мақалсыз сөз айтпайды. Ең аяғы кішкентай балалар үлкендерден есіткен мақалдарын сөз арасына қыстырады», деп қазакта сөз күltі күшті екеніне назар аударады да, өз ойын практикалық арнаға бұрады. Халық әдебиет үлгілерін «бізден басқа ғылымды жүрттар пайдасын біліп жинаиды» деп әдеби мұраны қадірлеу мәселесіне ойысады. Бұл әуел XX ғасыр басында айрықша күштегендігін «Айқап» пен «Қазакта» жарияланған әр мақаладан кездестіруге болады десе де артық емес. Мұндай процесс, сөз жоқ, халықтың әстетикалық талап-талғамы өскендіктен ғана емес, бүкіл мәдени өресінің көтерілгендейтінде дәлел, қоғамдық-әлеуметтік сана-сезім оянғандығының анық айғагы. ✓

Қазақ даласына ене бастаған жаңалықтардың бір парасы әдеби кештердің жүйелі үйымдастыруына-ақ көрінеді. Сырт көзге мұның сына тікелей қатысы жоқ сияқты болғанымен кешті үйымдастыру, бағдарламасын жасау, мәнін түсіндіру, қандай мақсат көздеу, кімге қандай әсер-ықпал жасап, үлгі-өнеге шашу ниетінің өзі-ақ сынни ойдаң жемісі болмақ. Оның үстіне 1913 жылы Сұлтанмахмұт «Өлең мен айтушылар» деген арнайы мақала жазып, көркемөнер үйрмелерін көбейтуге үндеғенін, ал Райымжан Марсековтің әдебиет жайындағы баяндамасы осындай әдеби кеште жасалғанын еске түсірсек, онда қазақ даласының әр түкпірінде болған мәдени оқиғалардың қоғамдық-әстетикалық сананы өсіргені сөзсіз.

✓ «Қазақ» газеті ел арасында өріс алып қеле жатқан әдеби кештер өткізу дәстүрін қолдап, үнемі насиҳаттап отырды. Әдебиеттің қанатын кең жайып, бұқаралық сипат алуына септігін тигізеді деп білді. «Семейдегі әдебиет кеші», (№ 51, 1914) «Қазақ әдебиеті кеші» (№ 114, 1915), «Торғайдағы әдебиет кеші» (№ 166, 1916), «Қырда әдебиет кеші» (№ 167, 1916) мақала-хабарлары осындай мақсаттарымен бағалы. Әдебиет кешін үйымдастырып, ел үшін игілікті іс атқарып жүрген семейлік Нәзипа ханым мен оның жары Нұрғали Құлжанов, тор-

ғайлық Ғұмар Алмасов пен Қосмұхамет Жабагин сыйнды азаматтардың еңбегі айрықша аталды.

Әдеби кештерде қазақ әдебиеті туралы сөз айтылып баяндамалар жасалып, ойын-сауық көрсетіліп отырды. Оның ел-жүртқа жасаған эсері де жазылды. «Атақты ақынымыз Абай Құнанбайұлы тұрасында... баяндаманы Нәзипа ханум ...орысша оқыды. Халықты сүйсіндіріп, көңілін ашты; «Бізде де Абайдай данышпан адам туады екен-ау, атағы қазақ түгіл орысқа шығып, өзі өлсе де терең ойларын, қымбат сөздерін, түрленген күйлерін жүрттына мирас қылыш артына қалдыргандай деп жүрт шаттанады» дегенді әшейінгі хабарлама деп түсінуге болмайды.

Газет сонымен қатар мұнданай игі істің екі жақты пайдасы бар екендігіне де назар аударды. Бірі — елге рухани азық болса, екіншісі — қаржы пайдасы. Жиналған қаржының ысырап болмай, жөн-жосығына қарай бөлінгенін де көреміз. Студент Мұхтар Саматовтың «Ардақты Назипа ханумға» жазған хаты — көп жайды аңғартады. «Былтыр Семейде мұқтаж оқушылар пайдасына деп сіз басшылық қып жасаған әдебиет кешінен маған да 18 сом үйғарылды дегенді «Қазактың» бір нөмерінде шығарып еді. Оның артынан сіз маған хабар бердініз... Енді ол ақшага мұқтаждығым жоқ, биыл маған стипендия шықты. Егерде областной правлениеден ол ақшаны ескеріп қайта алсаңыз, басқа бір пайдалы жеріне жаратар едіңіз» (№ 171, 1916) дегені саналылықтың белгісі болумен қатар әдеби кештердің рөлі жөнінде Г. Н. Потаниннің мына естелігін келтірейік. «Былтыр Тоқырауыннан қайтып келе жатып бір ауылға қондым. Бұл ауылда Семейдегі семинарияның қазақ тілі мұғалімі Нұрғали Құлжанов жамағаты Назипа хануммен келіп жатыр екен. Сонда Назипа ханум әдебиет кешін жасады. Ойнаушылар: Назипа ханум, гимназист, 11 жасар қызы гимназистка һәм бір қызы. Бәрі де қазақ. Оқылған өлеңдердің ішінде Некрасовтың да өлеңдері болды. Бұл уақытта қазақ ауылында отырғаным, алдыңдағы оқып тұрған жас қыздың қазақ қызы екендігі... ойыннан шығып кеттіпти» (№ 156, 1914) дегені қазақ өнерінің жанашыры болған жанның енді «бір елу жылдан кейін қазақ әні үлкен театрдан айтылады» деген сенімін күшейте түскеңнің аңғармасқа болмас.

Сұлтанмахмұттың «Айқап» журналында 1913 жылы жазылған «Өлең мен айтушылар» атты мақаласындағы идеяның қазақ даласында біртіндеп жүзеге аса бастағанына бұл бір дәлел болса, екіншіден, мұндай кештер репертуарсыз болмайтындығы айқындала түсті, яғни ойын кітабы — пьесалар қажет еді. Міне, осы тың аңызға түрен салған «Айқап» журналы болды.

Х Алматы уезінің бастыры А. Лихановтың «Манап» драмасын Есенгелдиннің аудармасымен жариялады бастағанда: «Бұл драма оқушыларымызға ұнайтын болса, бөлек кітапша қылышпастырып шығармақ талабымыз да бар. Жұрттың ұнатар-ұнатпасын білмеген соң ойға қалыңқырап тұрмыз. Енді біздің оқушыларымыздан сұрайтын өтінішіміз: «Манап» драмасын бөлек кітапша қылышпастыруға лайық па, жоқ па, соны бізге ашық хатпен білдірсөніздер екен» (№ 18, 1914) деп жарнама жазуы иғлікті қадам болуының үстіне, сауық кештеріне репертуар тауып бермек көнілден туған еді. Осы өтінішке алған пікір қатқан адам М. Дулатов болды. «Манап» драмасы деген атпен «Қазакта» (16. 26. 10. 1914) сын мақала жариялады.

Аудармасы әлі толық басылып үлгермесе де, ол шығармамен толық таныс екендігін айтып, «Манап» драмасын тәржімә қылушки Мырза әм оны басуыш «Айқап» журналы, жақсы-жаманына қарамай, тек қазақ жайынан жазылған нәрсе болғанға атына қызықты ма, болмаса шынымен қазақ әдебиетіне өрнек боларлық, нағыз тұрмысынан алынған ғибратты оқыға деп түсінді ме, бізге әуелі осы арасын айыруға керек. Әуелгі оймен басылған болса, текке уақытын бөліп тәржімә қылуда әм оны басып, журналды нөмір сайын пайдасыз нәрсемен толықтыруда мағына жоқ болса керек. Егер екінші оймен басылған болса, тәржімә қылушки да, «Айқап» басқармасы да адасқан деп білемін» деп бірден аңы да ашына сөйлеген уақытта «Манап» драмасынің көркемдік сапасы ғана емес, намыска тиер мазағы, бір елдің әдет-ғұрпынан хабары болмай тұрып, шығарма жазғансын қорлауы, ожарлық көрсетуі себеп болғаны мақаланың өн бойынан аңғарылады. Осы тұста М. Дулатовтың жалпы әдебиетке, оның ішінде жазушыға қоятын талағы айқындалады. «Бір жұрттың жайынан мұндай нәрсе жазу үшін жазушы әуелі сол жұрттың өз баласы, иә өзіндей болып сіңіскең, ол жұрттың жайын білуінде зәредей кемшілігі жоқ болуы шарт. Екінші көргенін,

білгенін әм сезінген оқушының дәл көз алдына елестегендей суреттеп жаза білерлік туда шебер, жүйрік (таланты) болуы шарт. Осы айтылған екі қасиет бір кісінің бойында түгел болмаса, ол кісі әдебиет майданына қалам ұстап шығып жазушы бола алмайды» деуі, сөз жоқ, казак әдебиет сынның тұғандығын ғана емес, ірі эстетикалық таным-білікті қисындан айтуға мүмкіндігі мол екендігін ацғартады. Осы екі үлкен талап өресіпен шықпағандығын, әсіресе, халық өмірінен хабарсыздығын драманың мазмұнын баяндай отырып ашады.

Бұл да сынның ішкі творчестволық шартынан туады. Эрине автор өз ойын мысалсыз-ақ қисынданай салуына болады, бірақ ол үшін әңгіме болып отырған шығармадан калың оқырман хабардар болуы, оқуы керек. Олай болмаган жағдайда шығарманың мазмұнын сюжет же лісін айтып түсіндіріп беру, сонымен бірге пьеса дегенің не екенін ұқтыру осы сынны басым рецензияның айрықша міндеті болған.

Хал үстінде жатқанда ұзақты өмірде жасаған қызы-мыс-зұлымдығынан арылмақ болып, күнәсін саудалағаны, алғаш 100 жылқы аталған күнәнің «құдық суынан» ант ішкен адамға бір жорғаға сатылуы, аз шығынмен күтылған бай маужырап үйқыға кеткен кезде үйдегілердің ойын-сауық жасауығын түгіл, шындыққа сыймайтын жайлар екенін көреміз. Сырқатынан жасаған Ұзак бұрын Элімбектің немересіне айттырылған қызы Гүлбаһрамды енді сол шалдың өзіне бермек болғаны, оның дәмеленгені, бұл шешімге разы болмаган қыздын Атакүл деген жігітпен қашып кетуі, қолы мен құлығы ұзын бай-манаптар екі жасты ұстап алып зорлық-зомбылықпен айрыруы әнгімеленеді. Манап тіл алмағаны үшін қызын жарып елтірген. Қызымнаң қалмаймын деп шешесі пышакқа түсіп өлген. Мұндай іс қазак арасында ұшырай ма?

Міне, осы секілді ерсі күлкі, тіпті жиіркенішті орындар көп, оның бәрі бастаң-аяқ сынға алынса, газет жүзіне сиярлық емес деп, талай әбестіктерді тізіп көрсетеді де мазмұны да, аудармасы да қазаққа жат пьесаның әрі қарай жариялануына қарсы болады. Көрсе қызарлықпен мұндай нәрсені журналға басу, кітап қылышын халыққа таратудың лайығы болмаса керек, аты казақша екен деп мұндай мағынасыз нәрсені қазаққа өрнек үшін таратпау керек. Мұны халыққа үлгі қылыш көрсетудің орнына, қазақта болмайтын ұятты-ерсі істерді

бізге тапсырғаны үшін намыстанатын жөніміз бар емес пе дегені жалғыз патриоттық қана емес, көркемдікті та-нып-білудің бір арнасы болғаны даусыз.

Автор «Манаптың» тіліндегі түйткілдерді шеней отырып, жалпы аударма мәселесіне қатысты ойларын ортаға салды: «Тәржіма көп орында қата етілген. Орысша сөздер қазақша сөзге тұра тәржіма етілгенде түсінік-сіз келетіндіктен бүрді дейін десек, орысшасын өзгертуін тәржіма қыламын деп күлкіге айналдырган жері көп», — деп, аударма жасаудың жөн-жосығына көңіл аударған.

Міржақып осы мақаласында «Манаптай» шығармаларды кітап етіп бастыруға асықпай, білікті кісілердің сынынан өткізіп, көркемдігіне көңіл толған жағдайдаған шығаруды ұсынды. Міржақынтың «Манап» драмасы атты мақаласы — қазақ әдебиетінің көкейтесті көп мәселесін көтерген. Әсіресе, алғаш көрінген драманың кем-кетігін тізіп айтып, ондайды аудару-аудармау, жариялау-жарияламау туралы өз пікірін ашық білдіруі әдебиеттің көрікті де ажарлы, тартымды да шынайы болу талабына ұласып жатқаны айдан-анық.

«Манаптың» сюжетін де, аудармасын да ұнатпагандардың бірі — Сәкен Сейфуллин. Жас дарынның әдебиет жайындағы алғашқы үні көп ретте М. Дулатов ойларымен қабысып жатады. Сәкен шығарманың мән-мағынасына түсініп, эстетикалық талап-талғаммен қарауға және өз ойын дәлелдей баяндауға, жанрлық сынның ерекшелігін сақтауға талаптанғанын көреміз. Қазақ әдебиет сынны туып жатқан кезде сыншылық ой-пікірдің осындай түр-келбетпен, таным-біліммен көрінуі елемерлік құбылыс.

Қазақ түрмисынан жазылған бұл драмада қазақтың әдет-ғұрыптары бүрмаланғанын, сюжеттік желісіне өзек болған оқиғалардың шындыққа жанасымы жоқтығын атап өткен. Ал драмага қатысуышылдардың диалогтері қимыл-әрекетті өрбітуге құрылмай, құр баяндау формасында берілгені және қазақ ұғымынан тумайтын, көңіліне қонбайтын сөздер көп айтылғаны сыншыны бірден сақтандырган.

Сәкен Сейфуллин осы драманы сынай отырып, үш мәселеге айрықша назар аударған. «Бірінші, «Манаптың» оқиғасы рас, қаһармандары осы күні тірі деп жазғанменен, қазақтың түрмис қалпына ұлдем келмейді. Қаһармандарының сөйлеген сөздері, істеген істері қазақ

болгалы сөйлемеген сөз, істемеген іс» деп табады да, Гүлбаһрамды атастырған күйеі өліп қалған соң, қайын атасына бермек болғаны, он жақта отырған қызға оның сыйлық әкелуі, өз қызынан әменгерің келе жатыр деп қыз экесі Ұзактың сүйінші сұрауы сияқты әбестіктер казақ түрмисын автордың не білмегендіктен, не мазақ қылғысы келгендіктен деп тапты.

М. Дулатов пен С. Сейфуллиннің жазушы өмірді білу, халықтың түрмисын, оның әдет-ғұрыптарын білуге тиісті екенін принципті мәселеге айналдыруы, білмегендік әменде жансақтыққа, ерсілікке апарып соқтыратынын тұжырымдауы қазақтың сынни ойының ұшталғандығын көрсететін эстетикалық критерийлер екенін байқаймыз.

Екінші, көзге үрар осындан бадырайған оғаштықтарды ғана емес, көтеріңкі талғамды талап ететін жайларға да Сәкен назар аудара білген. «Гүлбаһрамның бір қызбен сөйлескен сөздері, Гүлбаһрамның өлеңі едәуір оқыған қыздардың сөзіндей... Бірақ Ұзақ секілді надан адамдар қыздарын оқуға бермейді. Оқымаған надан Гүлбаһрам менен жолдас қызының миларына ондай сөздер, ондай өлеңдер кірмейді» дегенінен сыншилық көзқарастың сілемін байқаймыз. Яғни автор әрбір кейіпкердің аузынан шығатын сөз, іс-әрекет оның бойына сіңімді де қонымды болуға тиіс екендігін ескертін, типтілік шартын сақтау қажеттігіне ой жүгіртеді. Мұндай пікірдің сол кезде айтыла бастауы сыншилық ойдың көркемдіктің әр алуан саласына көз тастай бастағанын анғартатын мәнді деталь екені айдан-анық.

Сәкенин макаласындағы үшінші мәнді мәселе — аударма тілінің жатық, әдемі, түсінікті болуы жайындағы талаптан туған, «Манаптың» тағы бір зор кемшілігі, оны қазақшага аударғанда сөзбе-сөз аударыпты. Соның үшін сөздерінің тәртібі нағыз қазақша болып шықпап-ған» (С. Сейфуллин, 4-том, 198-бет) деп, қазақ тілінің грамматикалық құрылышынан шалғай жататын, қазақ құлағына түрлідей тиетін оралымдарды көрсетуі ілтилатқа алынар жайлар. Аударма өнерінің таң шапағында осындан пікірлер айтылып, басқаларды сақтандыру тек сыншилық тұрғыдан ғана емес, практикалық тұрғыдан да мәні бар еді.

Аударма болсын, не төл туынды болсын, әйтеуір қазақ драматургиясы туралы осындан ой-пікір айтылуының өзі жалпы әдебиет үшін, әсіресе, қанатын қомдап келе

жатқан әдебиет сынны үшін өте қуанарлық құбылыш. Бұл саладағы үлкен де толымды ой Қөлбай Төгісівтің «Надандық құрбаны» пьесасы жайында айттылады. Ол мақаланың авторы Міржакып Дулатов екенін атап айтудың бір мәні бар. Қөлбайдың көп адамға, әсіресе, «Қазақ» газеті төнірегінде жарияланғандағы өзінің іс-әрекетімен ұна-мағаны, әсіресе, «Ұш жұз» партиясын үйімдастырғаннан кейін айттысып тартысқаны тарихқа белгілі. Бұл ки-кілжің сонау алғашқы орыс революциясы заманынан келе жатқан-ды. Соның ең бір ушықкан тұсы 1914 жылдың 24 желтоқсанындағы «Қазақ» газетінде «Зайсанның Хлестаковы һәм Фергананың Добчинский» деген әшкерелегіш мақаланың жарияланған кезі еді. Пьесада жазылған сын сондагы ой-пікірден құлан-таза, тек көркемдікті ғана арқау етеді деуге келе бермейді.

Қосарлана жүретін көніл иірімдерін санаттан шығармаған күннің өзінде де жалпы драматургияға қойылар талапты айтудың өзі сынның азулана түскенін, сонымен қабат әр салаға көз тастай бастағанын көрсетеді.

Автор: «Қазақтың көбіне «театр» деген сөздің өзі жат. Театр кітабы әдебиеттің бір мүшесі екенін, оның өз алдына мағынасы, пайдасы зор екенін білуші кем» деп әріден тартады. Ол драма жанрының өзі әдебиеттің дамуына, жетілуіне тікелей байланысты деп білді. «Қазақ театры, қазақ артистері болуға әлі ерте екендігі әркімге белгілі болса да, театр кітабының керектігі де ерте деуге болмайды. Әлгіндей әдебиет кештерін турлендіру, толықтыру һәм қызықтырақ болу үшін бірер тәуір театр кітабы керек еді» деп, практикалық қажеттілікті айттып алады. «Біреудің кітабын сынағанда шығарма-шының кім екенінде жұмысы болмауға тиіс» деп ескерткенімен, «бұл кітаптың шығарушысын еске түсірмескө мүмкін болмайды. Өйткені мұнда қөлбайлық көзге түртіліп, мен мұндалап тұр» (№ 175, 1916) деуінде пенделік пікірдің араласқанынан хабардар болғандаймыз. Әрине сыншы өз пікірін білдіруге тиіс, бірақ пенделік пиғылын қосарлауы онша жараса бермесі белгілі. Сонымен театр кітабы шықты, оған сын айтпаққа оқталған автор табылуының өзі сын жанры үшін қуаныш.

«Жазушы да — суретші. Жақсы суретші адамның сыртқы түрін айнатпай сала білсе, жақсы жазушы да адамның ішкі сырын, мінезін, әдетін бұлжытпай көрсете біледі, оқығанын көріп тұрғандай болады. «Надандық құрбанында» мұның бір нұсқасы жоқ, байлаусыз-матау-

сыз құр сөз, біріне-бірі қарсы оқиғалар» деп ең негізгі қорытындысын алдын ала жасап алады. «Бірнеше кісіні сөйлестірумен біреуді үйден шығарып, біреуді үйге кіргізумен, біреуді ауыртып, біреуді өлтірумен драма болмайды» деп драманың мазмұнын баяндайды. М. Дулатов талаптарының бәрі де көркем шығарма үшін міндетті, қажетті критерийлер болуы қазақ сынының қанатын кенге жаюға мүмкіндігі мол екенін толық дәлледейді.

Ал «Надандық құрбаны» бойындағы 7 түрлі кем-кетікке тоқтағанда, осылар шындыққа жанаса ма деген ойларды айтқанда, Лихановтың «Манап» пьесасындағыдай әдеттерді емес, көбіне қазақ аңқаулығына тән құбылыстарды атап көрсетеді. Олар пәлендей ауыр қорытынды жасарлық детальдар да емес. «Алайда тұңғыш көрген кітабымыз өлі туды. Мұны әдебиет кештеріне коюға жарайды деп айтуда ауыз бармайды. Ұзын сөздің қысқасы — Қөлбай драма жазудың орнына өзі драманың батыры (герои) болып кірсе, көркемірек болар еді» дегені — игі ойдың сілемі бола коймас. Солай бола тұрса да қазақ әдебиетіне жаңа жанрдың үлгісін көрү, ол жөнінде жалпылық сипаттағы талап-талғам қоя білудің өзі сын ауқымынан алыс жатпағанын көреміз.

Әдебиеттің жалпы мәселелері мен жанрлары жайындағы мақалалар мен зерттеу «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде там-тұмдан көріне бастаған уақытта жалпы қазақ баспасөзі өз халқының данышпан үлдарына, дарынды ақындарына, жалынды жырауларына, елді өнер бұлағынан сусындарып жүрген өнерпаздарына ілтипат білдіріп, олардың артында қалдырган мұраларын насиҳаттау, үлгі-өнегесін көпке таныстыру үздіксоздық болса да жүріп жатты. Осы салаға айрықша қалам тартқан «Қазақ» газеті. Соның ең үлкен де мағыналы көрінісі Ахмет Байтұрсынов қаламынан туран «Қазактың бас ақыны» дейтін атақты мақаласы. Ол Абайға арналғандығымен емес, терендігімен, білгірлігімен, талап-талғамының қомақты да ажарлығымен дараланатын ғылыми қысынды кесек еңбек. Бұған дейін де баспасөз бетінде Абай туралы талай рет сөз болған. Алайда Абай шығармашылығына шынайы әдеби талдау жасап, Абай ақындығына көркемдік түрғыдан зерделі ой, қомақты пікір айтқан сыншы А. Байтұрсынов болды. Олай дегенде қайсыбір түйіннің ойланатыны болуының

өзі мақалаға айрықша мән бітіре түскенін көреміз. Автор казақтың бас ақыны Абай (шын аты Ибраһим Құнапбаев). Оナン асқан бұрын-сонды заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ (№ 43, 1913) деп бірден өз тұжырымын білдіреді.

1903 жылы Абай сөздерімен алғаш танысқан Ахмет оның өнеріне қызыға да тұшына оқып, құдіретті сөздің бар болмысын, асылдың қыры мен сырын ұғып терецен шыққан тұнық сезімі мен тың ойларын оқырманмен бөлісуге асығады. Және осы мақаланың құлақ күйіндей. «...Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас, бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағандығынан болатын кемшілік», дегені бірнеше рет қайталап ойлы, мағыналы поэзияның қандай болатынын көрсетуғе ұмтылады, шеберлік сырь неде деген сұраққа жауап іздестіреді. «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдаң шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек, мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайдың осы ушеуі де болған» деп шеберлік көздерін білгірлікпен айқындайды.

Осы мақалада Абай творчестволық тұлға ретінде тұтас болмысымен көрінеді. Абай шығармашылығының ерекшеліктерін тамыршыдай дәл басып, нақты көрсеткен мақала қазақ көркемдік танымының алуан иірімдерін ангарып алатын мүмкіндігін танытты. Қазақ әдебиетіндегі эстетикалық сынның соны сүрлеуін данғылға айналдыруға А. Байтұрсынов өлшеусіз үлес қосып, жеке ақынды творчестволық-көркемдік тұрғыдан талдап-түсінудің есігін ашты.

Мақалада Абайдың өмірбаянына қатысты деректердің жүйелі баяндалуы. Абай заманының өзгешелігі, оған өзгеше өнер көрсетуге, себепкер болғандығын айтқанда бір мәнді арнаға, яғни орыс мәдениеті мен әдебиетіне жанасу жайына айрықша мән бере баяндаиды. «Орыс ақындарымен танысып, өлең орны қайда екенін білген нең кейін, Абай өлеңге басқа көзбен қарап, басқа құрмет-ықыласпен күтіп алғып, тәр түгіл, тақтан орын берген. Өлең жазу, сөз жазу нағыз қадірлі істің бірі екенін Абай үққан» («Ақжол», 218-бет) дегені осы мақаланың өзегі, яғни әдебиетті жаңа арнаға бұрудың ең бір шешуші сәтіндей баяндалады. «Әрине профессионалдық даму жолына тұсу тек қана сөзді, ойды салмақтандыра да

көркемдей түсудің ғана айла-амалымен шектелмей, сол кезеңдегі ерікті де еріксіз жағдаятың, яғни замана дамуының эсері еді деп қорытуға негіз бар еді. Әйтпесе «айтуши мен тыңдаушының көбі надан болғандықтан, өлең болып айтылып, тыңдалып жүргендердің көбі өлең емес екендігі, өлең жазушылар болса да, келістірін жазушылары ішінде бірен-саран таңдама екендігі, жұрт мағыналы, маңызды терең сөзден гөрі мағына жок, маңыз жок, желдей гулеп, құлакқа дыбысы тиіп ете шығатын жеңіл сөздерді тыңдауға құмар екендігі Абайдың өлең жайынан жазған сөздерінде көрсетілген. Сол сөзінен Абайдың сыншылдығы, өлең жақсы болуға не керектігін білетіні де көрініп тұр» (сонда) деген түйіні дұрыс ойдың ішінде кейіннен етек алған, басқалар даурықтырып әкеткен теріс көзқарастың ұрығы жатқанын анғармасқа болмайды. Орыс, батыс үлгісіне іш тарту керек болғанымен өзінің ғасырлық көркемдік тәжірибелді жүдептесу, төмендетпесу керек еді. Әсіресе, осы пікір кеңес заманында қаулаған өртке айналды, құбыламыз батыс болып, үлттық дәстүрлер аяқ асты болды. «Абайға шейін қазақта қолға алып қызырлық, тап мағынасында қазақ дерлік бір нәрсе болған жоқ еді» (М. Дулатов шығармалары 250-бет) деген қорытындылар әрине үлттық әдебиетті өсіру, жетілдіру жолындағы пікір екені даусыз. Белинский орыс әдебиеті Пушкинге дейін жоқ еді деді деп біз де далақтап шаптық. Тіпті Белинский болсын, онан кейінгілер болсын, не өзіміздің сыншыл-ойшылдарымыз болсын бір халықтың ғасырлар бойына азықтанып, рухани қуат тұтып келе жатқан көркемдік арналарын даттау, көріне кемсіту дұрыс емес екендігін енді анық көріп отырымыз.

«Соқырдың тілегені екі көзі» дегендей, патша заманында болсын, әсіресе коммунистік қызыл ту мен мәңгүрттендіруде болсын алдымен өзінің бесігінен, ана бауырынан, ата төсегінен шығарып жіберіп, не істеп, не жазып жүргенің андатпай қоюдың алғашқы қадамы өзінді өзің мансұқ етуден басталғанын көрмеске болмайды. Әрине жетілу, өркендеу, тең болу, мәдениетінің басқалармен иყқас болуы ете керекті құбылыс, бірақ қалыптасқан негіздің астына су жіберіп босату, үстіндеңі құрылыштың олпы-солпышы көп, анаған-мынаған үқсауы керек еді деп үстіндегіден жеру, әрине жақсылыққа жеткізген жоқ. Өсу, мәдениеттену халықтың көркемдік таным-түсінігін бұлышырлату арқылы емес, үлт-

тық келбетін ажарландыру, даралау бағытында болса ғана әлем әдебиетіне өз бүйыммызыбен ғана бара аламыз.

✓ М. Дулатов осы эстафетаны «Абай» атты мақаласында жалғастырды. Онда тарихи деректер мен ұсныстардың бірқыдыру молдығы сын жанрын әрлендіре түсті. Эрине автордың ақпараттары мен кейбір көтеріңкі ойлары әдебиеттану елегінен өтіп, бағасын аларын ескерген күннің өзінде М. Дулатовтың «Қай жұрттың болса да жалпы әдебиет, жансыз тән жасамақ емес. Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш — Абай сөзі, Абай аты боларға керек. Абайға шейін қазақта қолға алып оқырылғы, шын мағынасында, қазақ әдебиеті дерлік бір нәрсе болған жоқ еді. Абайдың бізге қымбаттығы да сол. Бәлки, мұнан кейін Абайдан үздік, артық ақындар, жазушылар шығар, бірақ, ең жоғарғы, ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына сәуле беріп алғашқы атқан жарық жұлдыз — Абай» (23.06.1914) деуі ұлттық әдебиеттің классикалық үлгісін көріп, оны елжұрттың жаны мен тәніне сіңіру мақсатынан («Халық пен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар») туғандығын байқаймыз. Мұндай пікір артық мадақ қажеттігінен емес, қуатты ақындықтың тепкісінен пайда болғаны да сөзсіз. «Қазақ» газеті буырқанған бес жыл ішінде жер-жерлерде өткізілген әдеби кештер туралы, онда айтылған, жалпы қазақ елінің аузында жүрген ән-өлеңдердің қасиеті жөнінде талай құнды жарияланымдар басты. Мәдениетіміздің ұлы тұлғасы Шоқан, Ыбырайлар жөнінде кесек-кесек дүниелер беріп, сын мен ғылымның өресін биіктетіп тастағаны тарихи шындық.

Газет қазақтың прозасын өркендету мәселесіне айрықша назар аударды деп именбей айтуымыз керек. 1914 жылы «Роман не нәрсе» деген алғашқы түсіндірме мақала жарияланды. Авторы Арысұлы. Онда романың жанрлық ерекшелігі, оның табиғатынан туындастырылған қасиеттер кеңінен әңгімеленеді. «Ұлы әңгіме, яки роман өмір жүзіндегі ұлы — кіші ғамалдар, ұлы — кіші оқиғалар қалай бір-біріне байланысып, ұшы қайдан басталып, қайдан барып токтайтынын мысалмен көрсеткен секілденіп, алдыңа әкеліп түрлі жолмен байланыстырады, шиеленістіреді» (31.01.1914) деген қысындар әдеби таным-бліліктің өрелі екенін аңғартады.

Еуропа жазушылары Вальтер Скотт, Чарльз Диккенс, Теккерей, орыстың Пушкин, Толстойның атап қана

қоймай, олардың дәстүрлерін, бағыттарын, ағымдарын сөз ете отырып, қазақ әдебиетіне ат басын бұрады. «Қазақта бұрын роман жоқ еді. Біздің арамызда бірінші роман жазып шыгарған Міржақып Дулатов болды. Оның «Бақытсыз Жамал» деген романы 1910 жылы басылып жарыққа шықты. Мұны қазақ әдебиетінде тәуір кызметке санаيمыз» деп қазақ қызының бақытсыздық-ка ұшырауын жазушы қалай суреттеп көрсеткеніне токтадады.

Газет-журналда айтылған, жазылған пікір, ойдың семіп қалмағаны, жалғасын тапқаны үлкен абырай. Әуелінде шыгармашылық жағынан әңгімеленген роман мәселесі бір айға жетпей нақты іске айналып, әдебиеті міз бен сыйнымызға олжа салды.

«Қазақ» газетінің айрықша бір еңбегі қазақ халқының ғана емес, әлемнің, әсіресе, бүкіл түркі тілдес елдердің ұлы перзенттеріне арнаған құнарлы мақалалары мен зерттеулері десе де болғандай. Бұл салада тарихи тапымды дүниелер, әсіресе, Міржақып Дулатов қаламынан көбірек туды. «Тоқай» (1913, № 9), Ахмет Яссауи (№ 16—17, 1913), «Абай» (№ 67, 1914), «Шоқан» (№ 71, 73, 76, 77, 1914) сияқты тұлғалар жайлы жазылған мақалалар тарихи құндылығымен дараланады. А. Байтұрсыновтың «Исмаил Гаспринский» (№ 72, 1914), қазақ ушін еткен еңбегі әрқашанда бағаланған Григорий Николаевич Потанин туралы Бекейханов (№ 15, 1915), Дулатов (№ 15, 1915), қызметіне 25 жыл толған «Әбубәкір Ахметжанұлы Диваев» (№ 155, 1915), Мұстафа Шоқаевтың «Әбубәкір Диваев» (№ 155, 1915) т. б. жайында арнайы мақала жазуы осындай жақсы дәстүрдің көрінісі екені даусыз. Әрине, бұл мақалалардың көлемі, мақсаты, көркемдік деңгейі әр түрлі. Дегенмен де, оларға тән ортақ қасиет — ел көсегесін көгертуге өмірін арнаған халық ұлдарын жұртқа таныстырыны, өлмес ісін кейінгіге үлгі, болашаққа аманат ету.

Осы санаттағы қомақты да көлемді, алымды да көрнекті дүние — Міржақыптың «Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов» атты мақаласы. Бұл мақала Шоқандай дарын иесін, тағымы мол ғылымды қазақ окушысына бұрынғылардан әлдеқайда терең таныстырады. «Оның опат болғанына биыл 49 жыл өтті. Қазақ сияқты өнер-білімнің асылын танымаған, қаламмен қызмет етушілердің қадірін білмеген жұртқа 49 жыл ұмытарлық көп заман. Қылышынан қан тамған батыр болмаса, Қарынбайдай

ертең болып қалған бай болмаса, оқушысы жоқ біздің қазақ ғылым жолында еңбек сіңірушілерді тез ұмыттыш келеді» (№ 71, 1914) деуінде уақыт шындыры жатыр.

«Қазақ» газеті сын-библиографияның үлгісі болатын бірнеше рецензия берді. Ол окулық па, көркем туынды ма, жоқ публицистикалық шолу ма, әйтеуір шыққан кітаптар жайында көптеген материалдар жариялады. Солардың ішінде Шәкәрімнің «Қалқаман — Мамыр» дастарына Элихан Бекейханов жазған рецензияны мысал етелік. Шәкәрім өмірбаяның қысқа қайырып, «Абай барда таласып ақындық қылып, жарыққа шықпай, көлеңкеде жүре беретіндігін айтып, соңғы екі-үш жыл ішінде Шәкәрім «Мұсылманшылықта», «Қазақ айнасы», «Қазақ һәм ханлар шежіресі», «Жолсыз жаза» һәм «Қалқаман — Мамыр» кітаптарын шығарды» деп мол дерек келтіреді. Ақындық шалқудың болатындығын («шын ақын бір көпірмен қоймайды»), Абай өлеңінде, Шәкәрімнен де үзінді келтіре отырып дәлелдейді. «Өлеңді ақын сынаған жөн» деп алады да «Белинский сөзге ақын емес ойға ақын еді. Шәкәрім Пушкин болмас, біз Белинский болмаспзыз. «Қалқаман — Мамыр» туралы біраз сөз жазайын бұл кітапты оқушыларға жаю үшін» дегені рецензияның міндеттін анық аңғартады.

«Қалқаман — Мамыр» оқиғасының бұдан 190 жыл бұрын болғандығын, екі жас «ғашық болып қосылып, бишара болған сорлыларды өлең қылып жазған жыр» деп түсіндіргендеге Пушкиннің «Царь Борис Годунов», Лермонтовтың «Песня о купце Калашникове» деген шығармаларына ұқсатып, «историческая хроника» деп табады. Және «Қалқаман — Мамырда» бұрынғы қазақ жүртінің салты, қазақ мінезі, қазақтың іс-қылдыры әлгі орыс өлеңдеріне қарағанда тіпті аз. «Шәкәрім жақыннан қайырып, ойдағыдай толымды қылып жазбады» деп тарихи танымдылығын олқысына, сезім сыр-құпиясына назар аударғанда, «дүниеде адам баласы айналып өтпес екі-ақ көпір бар: бірі — өлім, бірі — махаббат. Қалқаман мен Мамырдың жалынғаны махаббат емес не еді?! Сүйіскен екі ғашық молла айтты, шаригат та солай деп мыжи ма? Махаббат адамды байлағанда шаригат пен моллаға уақыт қала ма? Бұл жерде Шәкәрім ақындық жолынан шыға жаңылып, Пушкин, Лермонтов, Шекспир, Толстой қарауылана салсақ, зор кү-

нәға батып түр» деп үлгіні орыс-батыс жағынан іздейді де, әдебиеттің профессионалдық өресінің биік болуын тілеген сыңай танытады. «Бұл өлең сырты сұлу болса да, ішінен ақаулы көрінеді. Қоштасқан зарлы адам көңілге жалынушы еді. «Деймісің қалмақ сені тентіретпесті» айтуға ол жерде Қалқаманның әлі неге келе койсын» секілді ескертпелері сынни байқампаздығын аңғартады.

Жалпы «Қалқаман — Мамыр» поэмасын жоғары бағалаған ииеті байқалғанмен, талап қою, тілек айтуды орынды көрген. «Өзге кітабына тағы бір кезде айналармын. «Қобыландыны» аз уақытта талап алғанда біздің жұртта оқушылар бар көрінеді. Бұл кітап та кешікпей өтер. Қайта басқанда ана Ахметтің «Масасы» формына салып, қазақ емлесімен басса, жақсы болар еді» деген пікірмен аяқтайды. «Қыр баласының» бұл мақаласы сын жанрының рецензиясына қойылар шарттың талабына толық жауап бере алады. Осындай рецензиялар бір-кыдыру шығармаларға жазылды. Алайда, олардың бәрі мінсіз еді, сынни діттеген биіктен табылып еді деп ешкім айта алмағанмен қазақ әдебиетінде сын жанры тұғандығына айқын дәлел екені даусыз.

✓ «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің сыншылық ой-пікірін қалындана түскең бір арна — әдебиеттер байланысы. Өркені өсken әдебиеттердің күрделі шығармаларына, данышпан ақын-жазушылардың мүшелді тойлары мен мерекелеріне арналған мақалалар мен хабарлардың сыннына тікелей қатысы бар. Алайда бұл салада ең бір киын түсініктерден өттік. Орыс, батыс жағынан келгендердің бәрі прогресшіл, ал шығыстікі кертартпашыл, артта қалған деген көзқарас басым болған кездегі бір жарлықты, яғни қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған 1959 жылғы ғылыми-теориялық конференцияны пайдаланып Мұхтар Әуезов: «Жалпы шығыс әдебиетінің классиктеріне жаппай таратат айтылып жүрген «сын сөздерді» енді бұрынғыша жалпылама айта салуға болмайды» дегенін де естен шығармайык.

✗ Сәбит Мұқанов шығыс әдебиетінің қазақ әдебиетіне жасаған ігі әсерін төрт салаға бөліп қарады. Шығыс әдебиеті деген уақытта ең әуелі — Эбілқасым Фердаусидың эпос жасау жолы, екінші — Шайқы Сағидидың дидактикалық поэзиясы, үшінші — Хожа Хафиз бен Омар Һәйямның бұл дүниенің рақатынан ләззат алуға

үндеген лирикасы, төртінші — софы ақындардың жолы («Жарқын жұлдыздар», 226—229-беттер) деп тарамдастып, әрқайсысының пайдалы жағын да, пайдасыз жағын да атап өтті. Демек Шығыс әдебиетіне, оның татар мәдениеті арқылы қазақ даласына жету мәселелерін сарапал, жіктеп қарау қажет.

«Айқап» журналы сол кезеңдегі тарихи шындық шенберіне сай халықтар мәдениеттерінің интернационалдық байланысын орнатуға қолынан келгеннің бәрін істеуге ұмтылғанын оның бетінде жарияланған материалдардан айқын байқаймыз. Және де «Айқап» әйтеуір байланыс атаулының бәріне табына берді дегенмен гөрі, өзінің ағартушы-демократтық бағытына жанасымдыларға орын беріп отырганын айту әділетті болмак. Оның айқын мысалын қазақ тілінің тазалығын сақтау жөніндегі мәселелерден айқын көреміз. «Айқап» журналы қазақ тілін шұбарландыруға себепші болып келе жатқан татар, араб-парсы сөздеріне қарсы шығып, бүкіл шығыс мәдениетін мансұқ етті деуге, ал шығыс әдебиетіне үлгі-өнеге алуды қажет деп тапқанда, одан келгендерді талғамай, өзінің ұстаган ағартушылық-демократтық бағытына лайық әрбір құбылыстың мән-мағынасына әрдайым назар аударып, пайдалысын алған деуіміз керек.

XIX ғасырдың аяғы, әсіресе XX ғасырдың басында қазақ, башқұрт, қырғыз, тағы басқа халықтарды «татарландыру» мақсаты көзделген болатын. «Ислам империясында» бір «зоналық» тіл, әдебиет пен мәдениет жасалып, «татар» деген атаумен аталуы керек деген көзқарасқа тек «Айқап» пен «Қазақ» қана емес, татардың озық ойлы азаматтарының бәрі де қарсы болғаны, әр халықтың тілі мен әдебиетінің өзіндік дамуына мүмкіндік беру қажеттігін айтқандары тарихтан белгілі.

Медресе «Фалияның» 34 қазақ шәкірті «Мұғалімдерге ашық хат» жазды. Онда «қазақ балаларын оқытып жатқан мұғалімдеріміз қазақша оқу құралдары бола тұрып, норай тілінде жазылған оқу құралдарын алдыруларын көреміз. Бұл — балаларға бір нәрсе білдірем деген мұғалімге адасқандық. Қазақ балаларын оқытып, бір нәрсе білдіру үшін барынша қазақша оқу құралдарын һәм қазақ емлесін қолдану тиіс. Мұғалімдерден осыны өтінеміз» («Қазақ», 23.12.1915) дегенді татардың «Уақыт» газеті шам көрін, 1915 жылғы көңілсіз оқиғалардың қатарына қости. Оны медресе «Фалияның» та-

тар шәкірттері қолдап, қазақ шәкірттерінің кітапханада жатқан қолжазба журналы «Садақтың» екі санын жыртып-жыртып дәретханаға апарып тастайды. Медресе жастарының арасына жарықшақ түсіп, мәселе насырға шаба бастағанда Ахмет Байтұрынов «Қазақтың» редакторы ретінде «Уақыт» газетіне жауап қайтаруға парыз санап, «Шекіспей бекіспейді» деген мақала жазды. Қазақтың төл әдебиеті, журналистикасы, әсіресе мектебі, өзіндік жолмен дамуы ең басты шарт, өзгенің қол жаулығына айналып, жетегінде кетпеуі керек деп сыйнайтындығын ашық жазды. «Даудың асыл тубі — шәкірттердің хатында емес, қазақша газет һәм кітап шығып отырғандығында. Қазақша кітаптар һәм газета шықыса, шәкірттер балаларды қазақша оқыту керек деп айтпас та еді. Сөз тубі бізге тірелетін болған соң, қазақша газета һәм кітаптарды неге қазақша шығарып отырғанымызды баяндан, заңды тубін арылтпасқа болмайды» (№ 167, 1916), деп әріден тартты.

Татар зиялышлары арасында өзінен басқаға болмасын деген пифылдың, басқаларды татарландыру ойының туғандығын нақты мысалдармен дәлелдеді. Сөйтіп, қазақ кітаптары мен қазақ газетін қазақша шығарудан тартаңбайтындарын білдірді. «Газета һәм кітаптар халық оятып, ілгері үмтүлүзуна себепші зат болса, олардың да шығатын кезі осы шақ. Сондай заманда татарша болмаса, газета да, кітап та жоқ деп татар бауырларымыз отырса, қазақ үшін татарша газета шығаратын едік, татар тілін білмейміз деп қамалып біз отырсақ, татар үшін өте жағымды болар. Бірақ қазақ үшін қалай болар? Құрбандық тым зор болмас па?» деп келіп, «Басқа тілде шыққан газета һәм кітаптар халық ықыласын түсіре алмайды. Халық ықыласы түспеген газета һәм кітаптар халыққа тарап оқылмайды. Халыққа тарамаған газета һәм кітаптан пайда болады дей алмаймыз» деп жазды. Бірақ осылайша әрекет ету ірге ажыратуға емес, бауырлас екі ел зиялышларының бір-біріне кешіріммен қарауын, өзге ұлттың әдебиетін, тілін қадірлеуін қажет ететіндігін ескертті. «Татар балаларын татарша оқытқанына қазақ тарылмай, қазақ балаларын қазақша оқытқанға татар тарылмай, көніліміз кең болып, жасауымыз тең болса, бетіміз жөн болар» деп тендікке шақырды. Медреседе осы мәселеге арналған жиналыс болғанда Уфаға барып, Фалымжан Ибрағимовтың бітімшіл ойына, толымды пікіріне риза болғанды-

ғы тарихқа аян. F. Ибрагимов тіл мен әдебиет мәселесін кең рәуіште толғап, жаш-жақты қарастырады.

Тарихи дамуға көз салғанда тіл мен әдебиет мәселе-сінде қазақ зияллылары «татарландыру» идеясына қар-сы болғанмен, татар мәдениетінің озық үлгілеріне, ке-менгер қайраткерлеріне құрмет көрсетуден тартынған емес. Татар халқы біздің «бауырымыз, туысқанымыз, карындастымыз» деген жылы сөздерге пенделік жасал-мады, оқу-ағарту, өнер салаларындағы жетістіктерінен үлгі алуға үндеген материалдарды «Айқап» пен «Қазак» бірқыдыры мол жариялады.

Татар мәдениеті мұсылман дінін, шығыс әдебиетін насиҳаттаушы болумен қатар батыс үлгілерін таратқа-ны да тарихи шынық. Е. Ысмайловтың «Россиядағы шығыс халықтарының бәрінен бұрын татарлар орыс әдебиетінің озық дәстүрін қабылдады да, сол арқылы дүние жүзі әдебиеттерінің дәстүрлерін бойына сіңіре бастады. Үлттық мәдениетті, әдебиет пен көркемөнерді дамытудағы осы процесс 1905 жылғы буржуазиялық-демократиялық революциядан кейін айрықша күшіне түсті» деуі содан.

Қазақ баспасөздерінің туысқандық ынтымаққа қаш-шалықты мән бергендейді Габдолла Тоқай мен Әкірам Фалимов жөніндегі азасөз мақалаларынан көрінеді.

«Қазақ» газеті «өткір, терең мағыналы өлецімен но-ғай ғаламына өзін жастан танытқан Габдолла әфенде-нің өлімі жақындарының, өлеңнің қадірін танығандар-дың жүргегін өртеді. Оны білмейтін жазу, танымаған но-ғай жок. Біздің қазақ халқына марқұм Ұбрай Құнанбаев қандай құрметті болса, Габдолла әфенде ногайларға да сондай еді» (М. Дулатов. Шығармалары, 1991, 227-бет) десе, осы бауырлардың идеясы «Айқап» бетінде тарам-датыла да терендетіле баяндалды.

«Айқап» журналы Габдолла Тоқайдың 1913 жылы 2 сәуірде дүние салғанын хабарлай келіп, оны «татарлар-дың тоқсандары шалынан бастап, алты-жетідегі бала-сына шейін ерек-әйелде білмейтіні жоқ», өйткені ол «өзі үшін қайғырмай, милlet үшін қайғырды», озбыр-лық-зорлыққа қарсы күресті дең жазды.

«Ар менен жақсылыққа балауызбын,
Мактаймын көркем істі балды ауызбен.
Қөрінсе келіспеген жаман істер
Кетермін онда соғып мен жауызбын»,—

деген сөзді айтып, майданға шыққан салиқалы ірі ақын «сол сезінде тұрып, бірнеше жыл тере, қара, бай, жарлы демей бар халыққа бірдей қарап, туралықты баяндап, кемшіліктерімізді көрсетіп, артына оннан артық кітабын қалдырып, залым дүниенің қиянатына шыдай алмай:

«Күндерді алдындағы ақ дей алмай,
Көшімді қалдым сынға сактай алмай,
Тура тіл көбейтті дүшпанымды
Қөп тәлім мен міндерді мактай алмай.
Құш бітіп, өшім қандай мен кәрілендім,
Бұл іәжіс кір дүниені пәктай алмай,—

деген сөздерді айтып арамыздан жоғалды» (№ 7, 1913) деп жазған мақаланы азасөз деуге келмейді. Бұкіл Фабдолла Тоқай творчествосының өзегі болған ұлы идеяны — заманның зорлығына кәр жұмсау, қарсы тұру идеясын жеке-дара бөліп «Айқап» журналы қазақ жұртына, әсіресе, ақындық өнерден дәмесі бар талапкерлерге үлгі-өнеге етеді. Тоқай идеясы «түсініректірек болу үшін өлеңдерін қазақшаға айналдырынқырап жаздық» деп ескертпе жасауының өзінде үлкен мән бар емес не?

«Айқап» журналының бұл қазанама-мақаласынан екі түрлі мәнді мәселенің шеті көрінеді. Бірінші, журнал татар әдебиетінің озық ойлы өкілдерін қазақ халқына бауыр-туысқан деп түсіндіріп, оның істеген азаттық ісін үлгі-өнеге етіп ұсынған. Мұның өзі журналдың ағартушылық-демократиялық бағытын анықтай түсken. F. Тоқайдың өзге өнегелі өлеңінен тек күрес идеясына толы, зұлым заманды даттаған өлең шумақтарын келтіру арқылы халықтың жаршысы боламын дегеп таланттарға жөн-жоба көрсеткен. Осы ойын нәрлендіре түсу үшін журнал редакциясы «өзінің азғана күн тіршілігінде қашама ауырталықтарға душар болса да, ол сол ауырлықтың астында өзі үшін қайғырмай, миллэт үшін қайғырды» деп айрықша атап көрсеткен. Фабдолла Тоқайдың «фани дүниеден бақи дүниеге көшкен» күнінде оның әділетсіздікке қарсы күреске шақырғанын, «бұл іәжіс кір дүниені пәктай алмай» арманда кеткенін, істей алмаған істі кейінгі үрпақ жүзеге асыратын шығар деп үміт еткенін айту «Айқап» позициясының нық та берік екендігін дәлелдей түседі.

Журнал өз бағытында тұрақтылық, дәйектілік та-

нытып отырады. Соны Ғабдолла Тоқайға байланысты жарияланған екінші мақаласынан көреміз.

Атақты ноғай ақыны Ғабдолла Тоқаевтың өлгеніне биыл апрельдің 2-сінде бір жыл толды. Татар қарындастарымыздың қара уақытында туып, дүниеде өзі аз ғұмыр етсе де, ұмытпастық терең мағыналы өлеңіменен халықты ағартып, бірінші дәрежеде халық үшін жаңын фида қылғандығынан марқұмның өлуіне бір жол толу жөнінен татар қарындастарымыздың матбуғаты есіне түсірді. Дін қарындасымыз болғандықтан біздағы марқұмды есімізге түсіріп «рухы шат, қабыры нұрлы болсын, артында қалған аты көп жасасын деп дүғада болып қаламыз» (№ 6, 1914). «Айқап» басқармасының Ғабдолла Тоқайдың «Халықты ағарту», он жолға бастау үшін: «бірінші дәрежеде халық үшін жаңын пидә» қылғанын айрықша атап көрсетуінде үлкен мән-мағына бар.

Осы азасөз түрінде жазылмай, журналдың насиҳаттамақ идеясына орай мақала түрінде жазылуы, айтар ойды, қорытар пікірді екшеп-өлшеп, саралап баяндауы сынни ой-пікірмен астасып жатыр. Осы ретте ұлы ақынның негізгі ой-пікірін талдай айтуда, оның творчествосы мен өмірін үлгі-өнеге ете білу әрине сыншылық ойдың ауқымындағы құбылыс.

Осы реттен «Айқап» журналының хатшысы Экірәм Ғалымов жайында жазылғанға назар аударсақ, журналдың интернационалдық байланыска дәйекті болғандығын және сынни пікірінің қашалықты жетіле түскендігін айқын аңғарамыз.

Экірәм Ғалымов «Айқап» журналына бір жылдай хатшы болған. 22 жасында мезгілсіз қазаға ұшырап, құрметпенен жерленген, «Степь» газеті мен «Ақмолла», «Айқап» журналдарынан және Троицкий шәкірттерінен оның жас қабіріне ғұл қойылып, қаралы митинг өткізілгенін хабарлайды. Мәселенің негізгі мәні — қайғылы қазаға қазақтардың қалай күйінгендігі ғана емес, өнерлі жастың тарихтан аты өшпеуіне «Айқап» журналының жасаған қамқорлығында. Қазақша және татарша өлең жазып, «Еділ», «Шора», «Ақмолла» және «Айқап» журналында жарияланғанын, оларды көбінесе «Шала гаттар», «Қара торы жігіт» деген бүркеншік атпен бастырғанын, татарша «Май мәселесі» деген комедиясы мен қазақша «Жастық жемістері» атты өлеңдер жинағы барын, орыс өлеңдерін қазақшаға аударып, басуға талпынғанын

айтып, Экірәмнің қабіріне ескерткіш орнату жайын тәп-тештеп жазды.

«Өзі өлсе де сөзі өлмесін» деген ойдың өзі үлкен бауырмалдық сезімнен туғаны аян. Фабдолладай танымал болмаса да, Экірәмнің тарихта аты қалуына «Айқап» журналы баға жетпес көмек көрседі. Осы туысқандық идеясы «Айқап» журналының демократтық нысанасын зорайта түсті. Осындай мақалалар негізінде жалпы түрік халықтарына ортақ мәселелерді қозғап, өз ой-пікірлерін білдіріп, ақылдастып-кеңесіп отыру дәстүрге айнала бастагын көреміз.

Қазақ оқығандары жалпы түркі қауымының өнерін өрістетіп, мәдениетін гүлдендіру жолында өлшеусіз еңбек еткен Маржаниды, Гаспринскийді өздеріне ұстаз тұтып, Тоқай сияқты айтулы ақындардың жырларына тұшынды. «Казақ» газетінде ондай азаматтардың еңбейгін насхаттаң, тарихи рөлін бағалап отырды.

Түркі халықтарының «ғұлама бабайы» атанған Исаимилбек Гаспринский туралы Ахмет Байтұрсынов кейбір келіспейтін, құптай қоймайтын пікірлері бола тұра, жалпы қызметін құрмет тұтты. Ұстаздық еңбектерін жоғары бағалап: «...Россия мұсылмандары арасындағы бес-алты мынға жуық бастауыш мектептің бәрінің үлгісі Гаспринский мектебі... Бұл күнде төте оқу үшін шығарылған неше түрлі әліппе болса, бәрі де үлгіні Гаспринский шығарған әліппеден алған еді. Бұл күнде 10 мынға жуық мұғалімдердің бас ұстазы, жолбасшысы — Гаспринский осы» деп (№ 79, 1914) оқу-ағарту саласындағы ісін бағалауы, 4—5 жылдың ішінде шығып тоқтаган һәм осы күнде шығып тұрған түрліше газета-журналдардың бәрі «Тәржіманнның балалары» деуі адал көнілден шыққан ризалық белгісі еді.

Бұл піфылды М. Сералин жалғастырып: «Біздер марқұм Ысмағұлдың арқасында өзімізді тани бастадық, дүниеде қандай ғылым, қандай өнер барлығын көре бастадық, бұрынғы еткен-кеткен аталарымыздың қандай ғылымды, қандай өнерлі екендігін біле бастадық. Женіл тәртіппен оқытудың пайдалы екендігіне, өзіміздің ана тіліміз сүйкімсіз тіл емес, ең қадірлі тіл екендігін білдік. Тілсіз жұрт — жансыз жұрт екендігін аңғардық. Біз бұрын жансыз өлі кеуде едік, Гаспринский бізге жан бітірді, өлі денеге рух кіргізді» (№ 17, 1911) деген елдің сана-сезімін ояту бағытындағы иғі іске үласын жатқанын аңғармау аңғалдық болар еді.

Осындағай толымды пікір Маржапи жайындағы көлемді зерттеуде де қайталанды.

«Айқап» пен «Қазақ» басылымдарының орыс мәдениеті мен әдебиеті жөніндегі көзқарасы ешқандай айрықша қолпаштауды қажет етпейді. XX ғасырдағы қазақ зиялыштарының басым көвшілігі, әсіресе жетекшілері батысшыл бағытта болғаны даусыз. Тіпті өзінің ақындығының бастауын Крыловтың «Қырық мысалынан» тартқан Ахмет Байтұрсыновтың айтсақ та жеткілікті. Сондықтан орыс әдебиетінің үлгілерінің аудармалары қандай, олардың авторлары кім екенін тізіп өтсек, журнал насиҳаттағаны, кімнен үлгі-өнеге алуға үндегені айқындалады.

Қазақ даласына Абай, Ахмет, Спандияр Қебеев және басқалар арқылы И. А. Крыловтың мысалдары жетіл, орыстың үлттық әдебиетінің негізін қалаушы А. С. Пушкиннің «Пайғамбар», М. Ю. Лермонтовтың «Айтыс», «Ұш құрма терек», И. С. Никитиннің «Сәскелік көлдің жағасында» деген өлеңдері, Л. Н. Толстойдың «Ілияс», А. П. Чеховтың «Кара қарға», Антон Сорокиннің «Ұғымай қалған өлең» және «Отанның исі, яки сахараның сыйы», «Жұсан» деген әңгімелерінің қазақ тіліне аударылуы әдебиетіміз бен мәдениетіміз үшін аз олжа емес еді. Олардың атына ғана мәз болып қоймай, еңбектерінің қадір-қасиетін ел-жүртқа жеткізе білді. Мәселен, «Орыс жұртының данышпаны Толстой, бұл құндеңі жазыпаз Короленко күллі жан несіне бір көзбен қараған, қай жерде жәрдемге қосылған жан болса, қаламымен соны қорғаған адамдар» (№ 1, 1914) деп таныды. «Бізден де Писарев, Белинский, Добролюбов шығып, жолдан тайған жазыпаздардың қаламын түзеп тұрады гой деп» келешекке зор үміт артты. Декабристердің «халық үшін жандарын құрбан еткендерін» (№ 2, 1914) айрықша қадірледі.

Қазақ баспасөзі аударма арқылы халықтардың интернационалдық байланысын, алыс-берісін қүшайтуге тырысқан, екінші жағынан қазақ ақын-жазушыларын, зиялыштарын озық үлгі-өнегеден тағылым алуға үндеген болатын. Әсіресе, қазақ шындығына жақын болғандар айрықша құрметке ие болды.

Қазақ халқының тілеулісі, жанашыры бола білген қайраткер туралы Міржақып: «Атақты жиһангер, кең ойлы ғалым, кеменгер, әлеумет көсемі Г. Н. Потаниннің 80-ге толған күнін бүкіл Сібір мейрам етіп отыр. Сон-

дықтан бұл күні жалпы куанышка біз де қосылып, ардакты қартқа құтты болсын айтамыз» (№ 158, 1915) деп мақала жазуының өзі көп жайды аңғартқандай.

Әлихан Бекейхановтың Е. П. Михаэлис қайтыс болғанда жазылған мақаласында Абай досының үлкен азаттығын, күрескерлік жолын үлгі ете баяндайды да «Абайды тұра жолға салған осы Михаэлис еді. Абай өле-өлгенше менің көзімді ашқан, маган жана шырлықтың қылған Михаэлис еді деп айтып отыруши еді» (№ 44, 1913) дегендерді жадымыздан шығармасақ керек. «Айқап» пен «Қазақ» шығыс пен батыстың орыс, татар мәдениеті мен әдебиеті арқылы жетіп жатқан үлгілерімен ғана шектелмей, қырғыз әдебиеті мен баспасөзіне бауырмалдық көрсетті.

1912 жылы «Айқап» журналының басқармасына қырғыз халқының ииетін аңғартатын мынадай хат келді: «Журналыңызда һәр уақыт қазақ сөзі жазылады. Алатаудағы алты жұз мындағы қырғыз туғандарыңызды да шетке қақпай, ортақ ұранымыз «Алаш» сөзін немесе «Тәржіманше», қазақ-қырғыз сөзін тұтынсаңыз қолайлырақ болмас па еді?

Қырғыз ұраны алаш болғанымен үш жүзге қосылмайды, сонда да журналыңызды қазақтың біріндей оқып түсінеміз. Саяси, тіршілік халдеріміз бір болғандықтан әңгіме-насихатыңызды бек сүйеміз» (№ 4, 1912) деп қырғыз халқының өмірінен жазып тұру жайында тілек білдірген. «Айқап» осы тілекті елеусіз қалдырмады. 1912 жылдың аяғында өзінің тілші-агенті, саяхатшы Мұхаметсәлім Қәшимов Жетісу, қытай қазақтарын аралап, қырғыз елінде болып бірнеше жолсапар очерктерін жазған болатын (№ 2, 3, 1913). Сондай-ақ татар, башқұрт елінің зиялыхары да журнал жұмысына арасын, өздерінің хат-хабарлары мен мақалаларын басырып тұрды.

Сонымен, «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті әр халықтардың мәдениеті мен әдебиетінің интернациональдық байланысын орнату жолында өзінің ағартушылық-демократиялық позициясына сай қызмет атқарып, халықтың эстетикалық талап-талғамын тәрбиелеу, жетілдіру үшін қолынан келген илгі істерді жүзеге асырып отырды.

«Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің әдебиетінін тудыру саласында сінірген еңбегі нақты материалдармен көрсетуінен де сыншылық ойды қомақтандыра түсken, сонау Шоқан мен Ыбырайлар заманынан

байқалған әдебиеттандыру элементтерінің қандай көрініс алғанына назар аудару шарт.

Қазақтан «бертінгі кезде Үбýрай Алтынсарин, әсіресе, Абай Құнанбаев сықылды кеменгер ақындар шығуы, олардың өлеңі әніне жан кіргізін, өң беруі, үлттық әуезін сактауы, жоғарылауы жалғыз әдебиеттің аркасында» (№ 5, 1915) деген пікірдің әдебиеттандыруға ауыл-үй қонары сөзсіз. Шоқан мен Үбýрайдан тартылған әдебиеттандың желісі «Айқап», «Қазақ» беттеріндегі материалдармен толыса тұсті. Мұхаметжан Сералиннің «Рустем—Сұрап» аудармасына жазған «Сөз басы» Э. Бекейхановтың Қобыланды жайындағы зерттеуі осының айқын көрінісі. Әсіресе, М. Сералин шығыстың да нышпан ақыны Әбілқасым Фердаусидің «Шаһнамасы» жайында, оның негізгі бөлімі —«Рустем — Сұрап» жайында, оның ойнанған ой-пікірін айтумен ғана шектелмей, зерттеу еңбектеріне тән болатын бірқыдыру жайларға бой ұрып, әдебиеттандушы екенін көрсетті.

Мұхаметжан Сералин өзінің осығының мәні зор еңбегін жазған уақытта қазақ халқының сол кездегі мәдени дәрежесіне сай тарихи деректерді қарапайым баяндауды және барынша екшеп, ең негізгілерін ғана айтуды көздең. Мақаланың жазылу жүйесіне қарай, қандай мәселелерге назар аударылғандығын айқындастақ М. Сералин еңбегінің ғылыми құндылығы ғана емес, қазақтың сыйнышылық ойының едәуір биікке көтерілгенін де аңғарамыз. Бұл мақалада айттылғандарды жинақтай келгенде 1) Фердауси кім? 2) «Шаһнама» қалай туған? 3) «Шаһнаманың» көздең мақсаты не? 4) Сұлтанмахмұт Газнойдың «Шаһнамаға» көзқарасы және оны маңақтап шығарған Фердаусидың сатирасы. 5) «Шаһнаманың» басқа тілдерге аударылуы мен зерттелуі және оның творчествоның ықпалы, 6) «Шаһнаманың» тарихи мәні мен дүниежүзілік данкы қандай деген мәселелерге назар аударып, онтайлы жауап бергенін көреміз. Осы проблемалардың бірі етіп М. Сералин «Рустем—Сұрапты» аударудағы мақсатын айқындаған, оған қандай көзқарас болғандығын да аңғарта кеткен орынды.

М. Сералин «Шаһнама» жайында мақала жазарда В. А. Жуковскийдің «Рустем — Сұрапты» аударғанда берген түсіндірмелерін ғана пайдаланып қоймай, «Шаһнамаға» байланысты орыс тіліндегі, сондай-ақ мұсылман тілдеріндегі ғылыми-зерттеу еңбектерін барынша кең

пайдаланған. Өзінің ойын өрбітуге қажетті детальдарды таңдап, сұрыптаپ, ен қажеттілерін ғана алған.

Авторы мәлім болғанымен, Фердауси шығарған шығармалардың, әсіресе «Жүсіп — Злиханың» құрандық варианты мен Фердаусилық вариантының қосындысынан туған қиссаның көптен бері қазақ еліне таралып келе жатқанын ескеріп және «мұнан жиырма-жиырма бес жылдар бұрын Ақмешіт (Перовский) шаһарында Молда Ораз деген бір найман «Шаһнаманы» қазақша аударған екен. Баспа болып шыққан-шықпағанын біле алмадым» (№ 25, 1914) деп ескертіп, «Шаһнаманың» ауызекі қазақ арасында таралып келе жатқанын айтып, оның авторы кім екенін жазуды қажет деп білген.

Ағартушылық идеясы тек оку-білімге шақырудан ғана өрбімей, осындағы тарихи адамдардың сіңірген еңбегін көпшілікке жария етумен де сабактасып жатады. Дүние жүзіне жайылған «Шаһнаманы» қазақша түсіндіру, рухани байлықты молайту, мәдениетін көтеру ие-тінен туғандыры өзінен-өзі түсінікті. Сондықтан да Сералин өзі аударып отырған «Рустем—Сүхраптың» мазмұнын айтудан гөрі, Фердауси туралы, «Шаһнама» жайында айтуды орынды да қажетті деп білген.

Мұхаметжан «Шаһнаманың» тарихи арналарына назар аударып қоймай, ұлы эпостың дүниежүзілік көркемдік сахиадағы рөліне де көніл бөлген.

М. Сералин өзінің көп ізденуі арқасында аңгарғаны мен көргендерін былайша тұжырымдайды: «Шаһнаманың» асыл нұсқасы болған «Құдайнаманы» ғараб ғалымдарынан Ибн Мәнне 8-ғасырда Фаббаси халифалары заманында ғарабшаға аударған. Бірақ оның тәржімәсі бұл заманда дүние жүзінде жоқ. Лекін ғараб тарихшысы А. Табаридың кітабында онан көшірілген сөздер көп.

«Шаһнаманың» тәржімесі барлық мұсылман тілдерінде, тіпті грузин тілінде де бар. «Шаһнаманы» ғараб тіліне Элбаидари Асағанан аударған. Мұнан соң ағылшын, француз, неміс, итальян тілдерінде шыққан. Мұнан басқа Еуропа тілдерінде «Шаһнаманың» үзінділерін аударғаны толып жатыр. Орыс тілінде «Шаһнама» түгел аударылған жоқ. Жоғарыда айтылған Жуковскийдің «Рустем—Сүхрабы» бір саласы ғана» (№ 22, 1914) деп баяндайды. М. Сералин Еуропа ғалымдарының түркі тілдерін білмегендіктен ауызға ала қоймайтын фактілер де келтіреді. Оған нақты мысал етіп «Түрік

ғалымы» деген еңбек жазған Ахметбек Агаевты ілтилаг-ка алуы және Ақмешітте Молда Ораз дегеннің «Шаһнаманы» қазақ тіліне аударғанын хабарлауы дәлел.

Осы тарихы мол деректерді жинақтай келгенде, М. Сералин «Шаһнаманың» басқа ел әдебиеттеріне жасаған ықпалы болғандығын көрсете кетуді көздең. «Шаһнама» жыры дүниеге таралған соң, ол шайырларға, орыс әдебиетіне де зор әсер етті. «Орыстардың Стасов деген бір галымы «Шаһнама» мен бірқатар орыс қиссаларын салыстыра қарап, соңғылардың кейіреулерінің «Шаһнамадан» алынғандығын түсінген. Мәселен, орыстардың «Еруслан Лазаревич» деген қиссасындағы «Еруслан—Рустем, Лазары—Залзар, Керғаус—Кейкуас» деп тапқанын жазады. Мұның шындығы кейінгі көп зерттеулерде дәлелденді де.

М. Сералин «Шаһнаманың» қазақ әдебиетіне жасаған ықпалы жайына тоқталғанда «Біздің қазақ тілінде өлеңменен жазылып жүрген «Хазіретғали менен Дариха қызы һәм баласы Мәһди» қиссасы да осы «Шаһнамадан» алынған боларға үқсайды» деп жорамал жасап, көкейіндегі мәнді ойда аңғартады.

«Кішкене ғана «Рұстем—Сүхрап» қиссасының басына көбірек кеңес жазуға тұра келді. Оқушылар айып етпес, мақсұт кейбір сыйнышлар: «бұл жыр баяғының мылжыны, мұны несіне жазып машақаттанған, мұнан халыққа келер түк пайда жоқ» деп айта қалсалар, солардың сондай айтатұғын сөздеріне қарсы жауап орнына тұрсын деп, жогарыда аталған жұрттар адасса, менің де адасқаным дегім келгені» дегені расқа айналып, «Қазақ» газеті қағытып өткен болатын. Совет заманында да қоштау көре алмады. Мұндай жәдігерлікті болашакта кім қалай бағаласа да, М. Сералин Фердаусидың ерлігіне риза болды және «мен өзімнің жырымменен бійк сарай салдырдым, жел, жаңбыр оған жетпестей, ақылы барлар оқырлық жыр кітап қалдырдым, өмірде өшіп кетпестей» деген сөзі түп-түгел расқа шығып отыр деп тұжырды.

М. Сералин классикалық шығарманың мәнін жақсы түсінгенімен, оның негізгі саяси сырын терең ашпай, Сұлтан Махмут Газнайдың Фердаусиге жасаған жәбіріне көбірек назар аударған. Алайда «Фердауси өзінің фарси жұртын, фарси тілін суюші, жұрт тізгінін қолынан жоғалтып, саяси өлім халіне келген болса да, сол фарсылықты қайта тұрғызбак, тіліне жан кіргізбек

үшін тырысушы, шаршамайтын, талмайтұғын, барып тұрған бір ұлтшы екендігі. Шайырлығының арқасында Иранның поэмаларын бүкіл дүние жүртyna таныстыруды, бүкіл дүние жүртyna оқытты. Мінекей, тусаң осылай ту» дегенді М. Сералиннің айта білуінің өзі әпопеяның патриоттық қадір-қасиетін дұрыс ұғып, оның авторына құрмет көрсетуі қазақ әдебиеті тарихында еленуге тиісті құбылыс және қазактың ғылыми ойының XX ғасырдағы өресін танытады. Басқа елдер «Шаһнамаға» жанасқанының өзін зор мактанды санайды. Ал қазақ тілінде революцияға дейін аударылғаны, Сералиннің арнайы мақала жазғаны, кеңес заманында Тұрманғанбет Ізтілеуовтің «Рустем — Дастанды» «Шаһнамаңың» ізімен жырлап шыққаны ілтишатқа алынбауына басқалар емес, өзіміз кінәліміз. Истелген істің қадірін жете бағалай алмай келеміз. Қазақ зерттеушілерінің ішінен Б. Қенжебаев қана «калай аударса да, бір саласын аударса да, жер жүзі әдебиетінің асыл қазналарының бірі болған «Шаһнаманы» ол заманда қазақ тіліне аудару әрі үлкен ерлік, әрі тарихи, мәдени зор жұмыс еді» (82-бет) деп тапқанына да мән бермедік.

1959 жылы қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына ариалған ғылыми-теориялық конференцияда «Сералин — ақын» деген тақырыпта арнаулы баяндама жасаған Э. Дербісалин «М. Сералин Октябрь революцияна дейінгі жылдарда «Топжарған» мен «Гулқашима» поэмаларынан өзге көркем шығарма жасай алмады. М. Сералин 1914—1915 жылдары орыс әдебиетінен не орыс әдебиеті арқылы өзге әдебиеттен бірен-саран аударма жасап, оларды «Айқап» журналында жариялады. Бірақ бұл аудармалар орыстың классикалық әдебиетінің тандаулы мұраларынан алынған емес еді» деп үлы «Шаһнамаңың» ең негізгі бөлімі саналатын «Рустем—Сүхрап» хикаясын аудару фактісін ауызға алмай, «бірен-саран» бірдеме, оның өзі де «орыстың классикалық әдебиетінің тандаулы мұраларынан алынған емес еді» деп қораш көруі сол кездегі жарамсак ғылымның әсері екені айдан-анық.

Ал шындығына келгенде М. Сералиннің «Рустем—Сүхрап» аудармасы қазақ әдебиетінде аударма өнерінің классикалық үлгісі болмағанымен, эпикалық шығармаларды аударудын алғашқы тәжірибесі екендігін, көркемдік қасиеті онша ойсырап жатпағанын, шытырманды оқиғаға құрылған, оқушыны қызықтырып отыратын

сюжеттік желі казақ оқушысының талап-талғамын тәрбиелеген даусыз көркемдік шындық. Дүниежүзілік асыл мұра қалдырыған Фердауси және оның «Шаһнамасы» туралы Мұхаметжан Сералин қазақ әдебиеті сыны тарихында ең алғаш зертте, дұрыс пікірлер айта білгенінде өзі елеулі эстетикалық-ғылыми олжа және «Рұstem—Сұҳрапты» аударғаны ғана емес, осындай құнды мақала жазып, қазақ еліне «Шаһнаманы» насихаттаған еңбекі де қазақ тарихында айрықша айтылуға лайық. М. Сералин Шоқан мен Ыбырайдан тартылатын желіні қомақтандыра түсіп, қазақ әдебиеттануғының бастау алуына үлкен еңбек сіңірді, әлемдік шығарманың мән-мақсатын, көркемдік қасиетін қазақ еліне дұрыс туғындарда білді. «Рұstem—Сұҳрапты» аудару және «Шаһнама» туралы еңбек жазу арқылы Қазан революциясына дейінгі қазақ мәдениетіне үлкен олжа салды. Халықтардың рухани жақындысауына алтын көпір жасады.

Сонымен қазақ әдебиетіның туу процессін шолған ұзақ сонар баяндауды корытқанда, оның жанрлық сипат алуына қазақ баспасөзі, әсіресе «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті айрықша еңбек сіңіріп, тарихи рөл атқарды.

Көне мәдениетті елдер қағазға түскен сөздің қадірі айрықша екенін білгендіктен қолжазба кітаптар мен басылымдарды қөздің қарашығында сақтап, ақылдың алтын қоймасына балайды. Оқымаған қараңғы мәдениеттен жұрдай, ештенесі болмаған деп қыска күнде қырық рет көзге шұқып келген қазақ елінде қолжазба басылым дәстүрі ерте заманда болған белгілі, ал XX ғасырдың дауылды алғашқы жылдарында қайтадан жанданғанын дәлелдеу оңай. Оған 1915 жылдан 1918 жылға дейінгі аралықта медресе «Галияд» оқыған қазақ шәкіртері ең аз дегенде 40—45 санын шығарған қолжазба «Садақ» журналын нақты дәлел етіп, оның бетінде жарияланған көркем шығармалар мен сүни пікірге назар аударған абзал.

XX ғасырдағы ояну процесі тек сауаттыларды көбейтіп қана қойған жоқ, тіпті құранның тексін тацертеннен кешке дейін жаттатып, жазу-сызуға мән бермейтін қадым жүйесін насихаттап жүрген керенау молда, пірәдарлердің өзі жаңа заман ыңғайына бейімделіп, атап-аналардың талабына бағынып, төңірегінде болып жатқан жаңалықтардан үйрене бастады, ағартушылар-

дың рухында өлең-жыр, насихат жазды. Солардың, әсіресе жәдитшілдердің іждағат-ықыласымен талай қолжазба газет-журналдар шығарылды. Оның шет жағасын Х. Бекхожин өзінің ендектерінде атаған болатын. Соңғы деректерге қарағанда «Сәүле» мектебінің мұғалімі, ақын Қенжеғали Фабдуллин «Талпын», Салахаддин Сарталиев 17 санын шығарған «Абайлау» сияқты қабырға газеттері. Мағжан Жұмабаев басшылығымен «Айна», «Жас азамат», кім шығарғаны анықталмаған «Жаңа заман», «Фалия» шәкірттерінің сатиравы «Тұзақ», «Бұлтартпас» деген журналдары шыққан. Әлі де ашылмай, архив астында қашшасы бұғып жатқанын құдай білсін, әйтеуір қолжазба басылым дәстүрі болғаны даусыз.

Соның ішінде азды-көпті насихатталғаны «Садақ». Оның 19 саны жөнінде хикая да шықты. Бейімбет Майллин, онан кейін Жиенғали Тілепбергенов редактор болған. «Садақ» журналының бірінші саны 1915 жылы 9 қарашада шығып, 1918 жылдың 10 ақпанында тоқтады. «Садакты» түгелдей әдебиет журналы десе де болғандай. Оған дәлел етіп 1917 жылы шыққан бірінші сандары ығланға, яғни хабарламаға көз салайық. «Садақ» мазмұны бірнеше бөлікке бөлінеді.

«1) Жидди һәм бас сөз. Әрине өз арамызға тиісті болған мәселе.

2) Оқшау сөз. Уакиға, хикая, роман-хикая.

3) Өлең. Әдеби-жидди өлең, халық өлеңі.

4) Халық көркем сөзі. Ертегі, батыр, билер сөзі. Тақпақ, жұмбак, жаңылтпаштар осыған кіреді.

5) Құлкі. Шәкірттердің келіспеген мінезіне құлу. Матбуғаттағы адамдарға құлу. Халық аңқаулығына құлу. Қызықты құлкі сөздер.

Одан соң сын болімі де болады. Бір-біріміздің мінезімізді сынап, түзетуде оқа жоқ. Кісі сынауламен түзелді дегендері баланың ойыны еместігіне дәлел бола алғандай.

Журналды мазмұнды да қызықты етіп шығару үшін Жиенғали болсын, ол жолаушылап кеткенде уақытша редакторы, кейіннен қазақ тілінің ірі маманы, профессоры болған Қажым Басымов болсын талай шырылдаپ, түң үйқысын төрт бөлгендерін және қаламдарына жел біте бастағанын аңғартатын деректерді көпtek келтіруге болады. «Газет-журнал екі нәрсемен, бірінші — пұл,

екінші — жазушылармен шығады. Пұлға қамсызызы, бес-алты түп қағаз жетіп жатыр. Журнал болғансын оның әр бетіне әр түрлі өлең, хикая, роман, сын, жұмбак, жаңылтпаш дегендей түрлі-түрлі әдемі сөздер кепрек. Бұлардың біреуі болмай, яки аз болса да журнал мақсатына жетпейді. Соның үшін құр қеріліп жатпай, журналды еске алып, ішкі керекті жемістерін беру кепрек.

Бұрынғы жазушыларымыз бірден-бірге таралып, сүйніп бара жатыр. Роман, өлең жазатын кісімізден басқалардың көбі жалқауланып осы күндерде жазуды «қойды» (№ 2, 1917) деулерінің өзі қам көңілділікті аңғартқандай. Эрине, өлең мен роман жазушылар қайрат көрсетіп жатса, оған да тәубе демеске болмайды. Ра-сында, жақсарған үстіне тартымдырақ болсын деген жастық көңілдің алып қашпасы болғанын кейінгі сандардың мазмұндылығы дәлелдейді.

ХХ ғасыр басындағы қазақ прозасының ажарлы беті бола алатын повесть — Қажым Басымовтың «Ірысты», Салахаддин Сарталиевтің «Мақтым» дейтін шығарма-ларының жарияланып, қазақ қарасөзінің қазынасына қосылуының өзі-ақ «Садактың» көркемдік бағасын көтере түсүмен қабат, эстетикалық ойға да қозғау салғанын көреміз. «Мақтым» повесінде қазақ әдебиетінде бұрын ешбір шығармаға арқау болмаған өмір шындығы суреттелген. Рас, әйел теңдігі, махабbat бостандығы жайында біраз туынды жазылған, алайда Мақтымың басынан өткен оқиғаның сыр-сипаты мүлде басқа. Бұл шығарманың негізгі идеясы — махабbat сезімін аяқ асты еткен алайқ Асандардың айуандық келбетін көрсету, әйел қасіретін қоюлата түскен көрсе қызарлықты әшкереleу. Асан кудың құрған тұзағына Мақтим түсіп қалып, қатты алданады. Мақтымың сөзіне беріктігі, уәдешілдігі, анқаулығы жағымды мінез-құлқымен көрінгенімен, Асан сықылды алайқа шылбырын ұстасып қоюдан онбай опық жейді. Оның тағдыры да, тартқан тауқыметі де, жан азабы да Қамар, Шұғалардан мүлдем бөлек.

Осы шығарма туралы сын жазған Ж. Тілепбергенов: «Сөздің түзу жақтары өте әдемі, басқаларға өрнек боларлық. Сырттай қарағанда жақсы шықкан. Бірсыныра роман жазып жүрушілердің көбінің сөзінен ажарлы, кітап қылып бастырып, халық көзіне көрсетіп, жарыққа шығаруға да үялатын емес. Өз ойымша, бұл «Мақтим-

ды» жазушының ішінде бір жігерлі от барын сезем. Қаламыңды тек жатқызба!» деп тілек білдірген сыншы «Садақтың» 12, 13, 14-сандарында білікті талдауын, орынды ойларын айтты.

«Мақтый» романына сын» деп аталатын рецензия әр халықтың басқа елмен терезесі тең болуы үшін көкірегінде көзі, ішінде оты бар жазушылар көркем сөз жазады, роман жазады, өлеңдер жазады, ойын кітаптарын жазады. Өйткені «көркем сөз — халықтың айнасы» деп білген Ж. Тілепбергенов әр жанрды сипаттай келіп, романның көркемдік шартын кең толгайды, ірі талаптар қояды. Осы тұрғыдан «Мақтыйды» сынауының мәнін ашады. «Жазылып шыққан әдеби, фәни сөзді, кітапты сынау — ішінде керек болмаған жерін алғып тастап, тәуір жерінің ішкі сырын жарқыратып жүрттың алдына салу — өнерлі жүрттың әдеті. Ол үят, айып емес. Сынау бір-бірінен кек алу үшін, яғни жазушыны халықта жаман көрсету үшін емес, қайта көркем сөзді, фәни кітаптарды дұрыс жолга салу үшін керек» деп сынның әлеуметтік-көркемдік сипатын аңғартады да, сынни ескертпесіне кіріседі. Мақтый мен Асанның кездеспек мерзімін ала-құла көрсеткені және іс-әрекетті әшейін баяндай салғаны, шешесінің сезіктенуін дұрыс жеткізе алмағандығы, кейіпкер өресіне лайық сөз айтқызы сияқты он шақты детальдарды атап-атап көрсетеді.

Суреттеу барысында автордың өзі араласып кетуі орынды болмайтындығы, «Оқушылар айып ете көрменеңіз» деген сөздер жазушының өз сөздері. Романда ондай сөздер жазылмайды. «Жазушының мақсаты уакыфа арқылы ғана білінеді» деуі жазу техникасына көңіл бөлгениң аңғартады. «Ал енді роман болу жағына келсек, көп бөгеттерге ұшыраймыз. Айналасы аумақты, етекті болып шыға алмаған. Мәселен Мақтыйның өз басына келген халдерді, құндерді келістіріп тұрып ұзын тәсүиляған. Кең жазған. Ал енді Мақтыйға қатысы бар халдарды, құндерді, жаратылысты суреттемеген. Оның ішіне тіпті кірмеген де» деп талай жайларды көрсетті.

Жиенғалидың бұл шығармадан біраз кем-кетік табуы, «аумақты, етекті болып шыға алмаған» деуі повесті роман ретінде талдауынан туғандығын, яғни жанр талабын ауыстырып алғандығының әсері деп те түсіндіруге болады. Қазақ әдебиетіне медресе «Фалия», оның жапынан шыққан «Садақ» журналы талай ақын-жазушыларды, қайраткерлерді, оның ішінде Бейімбет пен

Жиенғали сыңды қаламгерлерді әкелуінің өзі үлкен эстетикалық табыс еді.

Қолжазба дәстүрінің өркендеуі қанша қызықты болғанымен, таралу аумағы тар, ықпал жасау аясы аздау болатынын ескерген уақытта, бұырқанған 1917—1918 жылдардың дауылды айлары мен күндерінде шыққан газет-журналдарды естен шығаруға болмас. Олардың басым көпшілігі алаш оқығандарының қолынан шыққандықтан, ұзак уақыт ауызға алынбай келді.

Мазмұнында еш киястыры жоқ, тек аты «Алаш» болғандықтан іргемізді алыс салған газет Ташкент қаласында 1916 жылы 26 қарашадан 1917 жылдың 25 ма-мырына дейін шықты. 22 саны жарық көрді. Саясат саласында газеттің айтқан-жазғаны көп, өйткені оны Қөлбай Тоғысов шығарды да ылғи құрес-тартыс материалдарына көп орын берді. Олай болмауы мүмкін емес еді, өйткені газет өмір сүрген кезеңнің өзі саяси ахуала бай, аумалы-төкпелі шақ еді.

Алгашқы арнау сөзінде қазақ баспасөзінің өркенделеп келе жатқанын, халық мақсатын көздейтіндігін әуелі айтып алып: ««считаем своим долгом посыпать искренний привет нашим старшим братьям — газете «Қазақ» и журналу «Айқап», временно приостановленным, и выразить надежду, что в широких гостеприимных казах-алашских степях нам не будет тесно вместе. В единении сила. Бог даст, киргизскую прессу минуют те бесполезные для народа трения, которые иногда лишают газеты возможности исполнять свой прямой и единственный долг служения народу и отвлекают в сторону бесконечных взаимных препирательств. Мы признаем, что могут существовать разные взгляды на один и тот же вопрос, и мы исповедуем, что к взглядам других нужно относиться спокойно и с уважением» деп айрықша ес-кертуінің себебі де жоқ емес. Осы уақытқа дейін қазақ-орыс баспасөзінде Қөлбай жөнінде бірталай мақалалар басылған болатын. Қөлбайдың соны салауат етпек ойы барын анғарамыз. Қазақ зияллыларын ауыз-бірлікке шақырса да ол тілегі жүзеге аса қоймады, әсіресе, Омбы мен Қызылжарда «Үш жүз» газетін шығарғанда ымыраға келмес айтысқа айналып жүлкысқандары, ел-жүрт алдында бірін-бірі әшкөрелегендері тарихқа мәлім. Қөлбай осы ала ауыздықтың құрбаны болып қаза тапты. Оның үстіне таптық жікті ажыратуды қөздеғендер ішінде қазақтың, оның ішінде оқығандары-

ның ала ауыздығын әдейі қоздырып отырғандар да болды.

Жарты жылда 22 саны шыққан «Алаш» газетінде әдеби шығармалар көп жарияланды. Таһир Жомартбаевтың «Жасасын, Алаш» өлеңі, Шайбай Аймановтың «Мұңлы катын» әңгімесі, Жиенғали Тілепбергеновтың «Арсыздар», «Аттон айып» сықылды бірнеше оқшау сездері мен новеллалары, Бейімбет Майлиниң «Қара күн» толғауы, Ахмет Баржақсинаның «Жанды мәселе», «Қайран ак текеметті алашым-ай» мақалалары, Берніяз Құлеевтің «Қазақ қызы», «1917 жылға» өлеңдері, Құләйім Төлешқызының жыры, Нығметолла Күзембаевтың «Ұраным алаш» өлеңі, Семей семинариясында оқытын Аймауытов пен Әуезовтің «Қазақтың өзгеше мінездері» дейтін мақаласы, Қөлбай мен Жүсілбектің бірнеше өлеңдері жариялануы қазак әдебиеті ушін аз олжа емес. Соның ішінде шын қуаныш сезімін білдіру қажет деп тапқанда Галиасқар Айтқожин сияқты әдебиет тарихына кейін ат ізін салмаған автор «Марселье-за» жазды.

Казак атты ұлттымыз
Бастан кетті бұлттымыз,
Бұзылмасын ағалар,
Бұрынғыдай халқымыз
Алла әкпір, алла әкпір —

деп жатқап, «төңкерісшілдік» әуендердің поэзиялық қасиетіне күле қараганмен, жалпы ой аңдарып түсінуге болғандай.

1917 жылдың аяғында «Үш жүз» газеті шығып, Құрылтай жиналысына депутат ұсыну таласы күшейді. «Алаш» пен «Үш жүз» партиялары өз газеттерінің бетінде бағдарламаларымен қатар әшкерелегіш мақалалар да көптеп жарияланды. «Жығылып жатып сүрінгенге күлгөн сорлылар! Мұнан да жаман масқара боласындар, онан да көрпенді жамылып жата бер, бастарыңың тазы көрінер» дегендер ойланбай жазылды. «Сасық ми-лы жалған айтушыларға» деген мақалада Шәймерден Әлжанов қарсыласын суреттеп көрсету үшін талай тещеулерді колданды. «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу арасына түскен Кодарқұл секілді мұсылманды бір-бірінен айырамыз демесе» арандатар әрекеттен тыйылулары керек (№ 2. 24.12.1917) деген сияқты саяси салғыласулар да кездесті.

1917—1918 жылдары «Бірлік туы», «Дұрыстық жолы», «Тіршілік», колжазба «Айна» журналы, «Азамат» серіктігі атынан «Жас азамат», «Қазақ» эстафетасын жалғастырган «Сарыарқа» газет-журналдары шығып, әдеби шығармалар мен мақалаларға біраз орын берілді. «Сарыарқада» М. Эуезовтің «Адамдық негізі — әйел», «Қайсысын қолданамыз», (№ 12, № 17, 1917), Ғұмар Караваевтың «Алашқа», «Алаш азаматтарына» (№ 28, 1918) т. б. дәлелге келтіруге болады. Солай бола тұrsa да осы лекте «Абай» журналының орны да, тілек-максатка жету жолдары да біршама өзіндік сипатта болғанын айту ләзім. «Абай» журналы 1918 жылдың акпанынан бастап шықты. Оны шығаруға Жүсінбек Аймауытов пен Мұхтар Эуезов белсene қатысты да, бар өнерпаздық ауыртпалықты екеуі көтерді.

Журналдың алдына қойған максаты жайында Жүсінбек «Қазақ хандық құрган заманда сөз бастаған шешендер, топ бастаған көсемдер, иелер жүйрік ақындар болған екен. Жауға шапса — батыр, сөзге салса — шешен, көптен шыққан көсем, үлгілі билер заманы өтті. Енді партия, барымта, өтірік, үрлік — не түрлі әрекет керней бастады. Сөз сыйырға, іс жыбырға айналды. Береке кетіп азды, тозды. Сол кезде қалың надан, кара тұманды қақ жарып, тас жарып шыққан бұлақтай жарқ етің Абай туды. Ақылды дана, ракымды, әділ, шынға су-саған, қыңырды жөнге, қисықты тезге салмақ болған, бұзықтықпен алсыып өткен Абай еді. Қазақтың әдебиетіне жан берген: сөздің сыртын сырлап, ішін түрлеген, өлеңмен өрнек шығарған, ақындық, сыншылдық бірдей дарыған Абай еді. Өпер тап, оқы, харекет қыл, тәрбие ал, ынсапты, адап бол деп қақсан өткен Абай еді. Халықтың қамын же, адам баласын бауыр тұт, адамнынлыққа қызмет ет деген Абай болатын, өмір жолында Абайдың айтпағаны аз. Ақыл, білім, сезім, терең ойлылығына қараганда Абай казақтан шыққан философ (данышпан).

Осы сықылды кемеңгердің атына арнап, журналыныздың атын «Абай қойдық» дейді де, журналдың пегізгі бағыты әдеби-мәдени және ғылыми болатындығын хабарлады. Бұрынғыдай оқы, біл деген емес, енді мәдениеттікің биік сатысына көтерілу үшін ғылым-білім қажет деген ойды бүкіл мақаланың өзегіне айналдырыды. Бір-бірімен байланысып жатқан өмір құбылысын айғанда «газеталар саяси хабарларды жазудан артыққа

босамайды. Сондыктан әр түрлі мағлұмат жазылып тұратын журнал өте керек» деп дәйектейді де «бұл заманда жан сақтауға, бас қорғауға, тұрмысын түзетуге қалып отырған құрал — өнер, ғылым, қысқаша айтқанда, мәдениет» деп өркен жаяр өрісін айқындайды. Эрине, бұдан әдебиетке орын аз тиеді еken деп сескенуге болмайды, сөздің күлтін аспанға қотерген, мемлекеттік деңгейге шығарған елдің зиялышының бұл саланы жүдегепесі бесенеден белгілі.

Сонда да осы бірінші санда Мұхтар Әузов «Ғылым» деген түсіндірме мақаланы әдейі жазды. «Осы күнгі біздің көп мұқтажымыздың ішінде ең ірісі — ғылым» деген түсінгені журнал бағдарламасын дәйектей түсті. Осы мақсаттың үдесінен шығу үшін «Ғылым тілі (научный термин)» деген мақала жазған уақытта журналдың ағартушылық идеясы ірілене, биіктей, терендей түскенін аңғарамыз.

«Абай» журналының не бары он бір саны шықты, солай болса да тарихта өзінің өшпес ізін қалдырып, казак тәуелсіздік алған заманда қайтадан шығып жатуы алғашқы егілген дәннің семін қалмағандығы және өріс алар бастау сүй мөлдір де нәрлі болғанын аңғартады. Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әузов 1917—1918 жылдары өздерінің публицистік дарындарын осы «Абай» журналында ашық танытты және болашақтағы қаламгерлік сипаттарын да көрсетті.

Жүсіпбектің алғашқы мақаласының өзінен-ақ қазақ сөзінің нәрі мен сөлін бойына сінірген ақпа-төкле шешендіктің, ауызекі шешендік емес, жазба шешендіктің самалы есті. Журнал мақсатын баяндаған алғы сөзінде ақ жазба шешендіктің, ойды дөңгелетіп ажарлы жеткізудің жаңа бір амалына кезіккендей әсерлендіреді. «Тіршілікте адам баласы нелер қүйге түспек: бейнет шекпек, ракат таппақ, өкінбек, үміт етпек, адаспақ, түзелмек, талай ажалға басын да байламақ, талай соққы да жемек, бұған себеп не? Мұнша түрлі халге түсіретін не? — ол тіршілік күресі, бас қорғау, мал қорғау, ел қорғау, жер қорғау, айналасы бір тұрмысты жеңілдетін күнелту» немесе «Қазақ мәдениет жүзінде ерте туын, кеш қалған халық. Кенже қалғандығымызыда, әрине көп себеп бар: жер, тұрмыс, гұрып, әдет, надандық, жалқаулық, діни адасқандық (фанатизм), партия, өтірік мақтан — міне, бізді ілгері бастырмаған осы сияқты себептер» дегендер оқуға жеңіл болғанмен оп-оңай қаламға

іліне салмайды. Сөзді еркін менгерген төкпе шешендіктің белгісі ой ағынының бұзылмауынан, жер астынан шымырлап шықсан кәусардың мөлдіріндей болуынан анық байқалады. Осы қалам сілтес Жүсіпбектің бүкіл асыл мұрасының хас белгісі.

Ал Мұхтар Әуезовтің ең алғашқы мақаласынан-ақ сөйлем ішіндегі сөздерді терең ой айтуға еріксіз иіп әкеletін машиғы, алыстан асыл зат әкеле жатқан керуендей асықпай-аптықпай ауырлау баяндау тәсілі, ілгерілген сайын ажары мен ақылдылығы, көркі мен мағынасы біріне-бірі сәуле түсіріп, астаса араласып жататын қалам дабы айқын көрінеді.✓

Қазақ сынының бастауына көз жіберген уақытта «біздің мақсатымыз — мал табу, шен тағу емес, надандық неше батпан болып үстіне артылып, зілдей қылыш жатқан ауыр халқымызды өрге сүйреудің әдісін, тәсілін табуға тырысу екенін ұмытуға жөн бе? Қашан да болса адад махабbat ақтыққа жастай шөлдесе, жастай сағынып талпынса ұлтын суюге, адамшылыққа жетпекші емес пе?» деген ойлы сауалдар немесе «Философияның құралы — толғаулы терең ой. Іздейтіні — бүткіл дүниенің ең әуелгі сыры, негізгі ҳақиҳаты. Философияның кірісетін жері — қолға үстательп, көзге көрсетер дәлелдер табылмайтын, таза ақылға шешетін сауалдар. Философия адамның басынан шықкан бар ғылымның тамырын бір арнаға жиып, сол шығарған қорытындысын адамның ақылына, жанына азық қылыш береді» (15-том, 10—11-беттер) дегендеге ой жүзімен де, стилистикалық тұрғыдан да, сөйлемнің синтаксисі тұрғысынан қарағанда да өнімді қаламгердің аяқ алысын байқамау қыын. Алғаш сәттен-ақ М. Әуезов ажарлық пен ақылдылықты қаламгерлерінің хас белгісіне айналдырды. Бұл да қазақ публицистикасының табысы болып сыйни-ғылыми ойдың теңізіне қуып жатты.

М. Әуезовтің «Окудағы құрбыларыма», «Ескеру кепек», «Қайсысын қолданамыз», «Философия жайынан», «Ғылым тілі (научный термин)», «Оқу ісі» сияқты «Абай» журналы мен «Сарыарқа», «Жас азамат» газетінде жарияланған мақалалары, сөз жоқ, сыйни-ғылыми ойдың жемісі ретінде қомақты да мәнді ұсыныстармен көзге түседі. «Елге, елдікке мұқтаждығы саясаттан артық болмаса кем болмайтын біздің бір мұқтаждымыз бар, ол — оқу» деп табады да, халықты ағарту үшін мұғалімдерді, оқу құралдарын, мектеп жүйесін өркен-

дегу мәселесін нақты әңгімелеп, талай айла-амал, жолжоба ұсынады. Әйтеуір хат біліп, кара тану межесінен өттік, енді мәдениет биғіне шығар данғыл іздеу шарт деп талай асуларға көз тікті.

«Ғылым тілі» деген мақаласына «научный термин» деген қосымша атау бергеніне қарағанда, жазбағы мен айтпағы әріде жатқанын көреміз. «Мәдениет бәйгесінде алда келе жатқан жүрттың катесі кейінгіге сабак» деп үлкен тұжырым жасап алған соң «орыс әдебиеті апылтапыл басып, буынын бекіте алмай жүргенде, жазушылардың қолданатын әдеби тілдері «церковнославянский» (дін кітаптарының тілі) болатын. Орыс әдебиетіне негіз салушы Ломоносов, Қантемир, Тредиаковскийлер жүрттың бетін бұра алмай, өлеңі, қарасөзі болсын, бәрін де сол тілмен аламыштап былғап жазған. Орыс елі катесін бері келген соң зорға түзетті» деп тіл тазалығына айрықша мән береді. Осы ретте жапондардың басынан өткен кияметті де әдейі көрсетті. Ойлануға шақырды.

«Казіргі қазақ тіліндегі оку екі ағысқа бөлініп баралы. Бірі — мұсылманиша оқығандардың жолы. Ғылым тілін арабшаға, мұсылман негізіне тартады. Екіншісі — орысша оқығандар, ғылым тілін орысшаға, Еуропа үегізіне тартады. Бұл жік тәртіпті бастауыш мектентердің һәм курстардың оқуында айқын біліп отыр. Әркімнің өз білген негізіне тартатыны мәлім нәрсе» (17) деп баяндағанда өзі орыс, Еуропа жағына іш тарта береді. Жалпы, қазақтың атақты оқығандары, әсіресе, Элихан, Ахмет, Міржақып, Жақып Ақбаев, Бақытжан Қаратасев сияқты көсемдерінің «батысшыл» болғандығы, өркендеудің ең бір озық үлгісі осы жақта жатыр деген түсінікте болғандары М. Әуезов мақаласының өн бойынан айқын ангарылады. Бір кезде бұған имандай сенсек, енді бүгінгі Жапонияның, Түркияның, Кореяның, Сингапурдың зор екпішімен келе жатқан ұлы Қытайдың үлгі-өнегелері бізді еріксіз ойлантуға тиіс.

Ол кезде болсын, бүгін болсың, шығыс жайындағы ойды байқап айтқапының артығы жоқ. М. Әуезовтің мұсылмандылық ағынды, оның ішінде түрікшілікті кемсіте сөйлеуі ол кездің өзінде де жарасып тұрғаны шамалы. «Қазақтың мәдениетін түрік үлгісіне қарай тарта беретін мұғалімдердің тұтынатын негізгі жолдары — «пантуркизм», «панисламизм», тағы әр түрлі «панпәлизмдерді» жол қылып ұстайтыны белгілі. Бірақ сол

«пандардың» жолына қай ел болсын надан күнінде ғана мойынсұнады. Мәдениетке бет қойып, басқыштан ілгерілеген сайын «пандардан» жұрт жиреніп, пайдасыз бірдеме санап, далада қалдырады» (17) деген тұжырымға тұксінбей қарау мүмкін емес. Европоцентристік көзқарастың алғашқы көрінісі бізде осылай біліне бастаған-ау демеске шараң жок, өйткені М. Әуезов үлттық таным-білікті өркендету жайындағы ойларының 1932 жылғы хатынан кейін бастапқы қалпында қайта оралғаны, «Коммунистік шындық» жеңгегінен еңбектерінен көреміз. «Мұның бәрін кім шығарды? Еуропа шығарды... Түріктен білгіш шығып, оның тапқан нәрсесін түрік тілімен қолданып жүрген Еуропа жоқ. Міне, заман көрсетіп отырған дәлел осы» деп нығарлауы әрине уақыттың зұмалы-төкпелі екендігіне кепілдік бере алмайды. «Кеше қытай апасының тілімен, оқуымен былдыраған» жағондықтардың бүгін дүние жүзін аузына қаратуы, өзінін техникалық, тіпті моральдық ықпалын қүшейтіп бара жатқаны мәнгілікті болмас. Алайда автордың «жә, түріктің өз бетімен тапқан мәдениеті жоқ болса, өзі де Еуронаның дастарқанының шетінен орын алғып отырса, біздің не істеуіміз керек?» деген дәүірлік сауалына пакты жауап берейік, «бұл мәселеге қарсы пікірдегі кісілер болса, дәлелдерін баяндаган жөн» (19) деп сөз аяғын бұлыштыратып жібергенін де байқаймыз. Бұл ойлар дұрыс па, бұрыс па, оны келешек айқындар, ол осындағы мәселе көтеріп, елдің санаасына от тастау, толымды үйірді білімдарлықпен айту қалыптасып келе жатқан қазақсыны мен ғылыми үшін зор олжа болды.

✓ Казақ әдебиеттануында Абайтану ілімін негіздеуде М. Әуезовтің 1918 жылы «Абай» журналының екінші санында «Абайдың өнері һәм қызметі» дейтін мақала жазғанын айрықша атап өткен орынды. Өйткені теңіз — өзеннен, өзен — бұлактан басталу заңдылығы творчествоға да тән. Жаңды бұлак қаусары болашақ ұлы жазушы, ғұламағалымның өмір бойы сусындар нәрі, өнеге арнасы, алдағы үміті болуы қазақ әдебиеті мен ғылыми, сыны үшін зор табыс.

✓ Сонымен баспасөз берілгенде қандай мол дерек-акпарлардан ғана емес, сүбелі де жүйелі ой-пікірлерден аңғарылады. Бірден-бірге қоюланып, толыса түскен таным-біліктің түр-формасынан анық көрінеді. Халықтың талап-талғамын білдіріп қана қоймай, артық-кемін сарапқа сала білген, өркендеуғе

қажетті алғышарттарды білімдарлықпен жазған зиялышардың ой-пікірі профессионалдық сын арнасына құйылып, эстетикалық құнารлығымен көрінгендеңгіне қуанған абзал. Сын — коллективтік үжымның жігер-кушімен дүниеге келер жанр. Өз өнерпаздығын тек сыймен байланыстырган дарынның жеке-дара бөлініп шықпағанына қарамастан, қазақтың әдебиет сынны туып, өзінің жаңырылғы сипатымен даралана бастады. Ұзак толғақпен туған жанрды қазақ басылымдары аяқтандырып, көркемдік сахнасына еркін шығарды.

Үшінші тарау

ЖАЗБА ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ СЫН

Қазақ әдебиеті сынның түү процесі баспасөз орындарының пайда болуымен және жазба әдебиеттің өркендеуімен тығыз байланысты. Әдебиеттің даму процесі өзіне тән ерекшеліктермен көрінеді де, соған орай сын пікірлерін тудырып отырады. Жазба әдебиеттің идеялық-шығармашылық арнасынан бағыт-бағдар алыш, үлттық ой-сана мен эстетикалық талап-талғам деңгейін көрінеді.

Мәнді шығарманың нәрлі сынның тууына, үлкен дарын ойлы пікірдің өрбүіне жағдай жасайтынын Абай неғізін қалаған реалистік әдебиеттен айқын аңғарамыз. Бұл процесте әлеуметтік-қоғамдық және эстетикалық жағдаяттар шешуші рөл атқарады. Сондықтан Абай жолымен өркендеген қазақтың жазба әдебиеті өнерпаздық тұлғасы зор сыншыны дүниеге келтірмесе де, эстетикалық құны бар сана-сезімді, ой-пікірді оятты. Мәселенің түйіні — Абай дарынына пара-пар келетін сыншының жеке-дара шығуында емес, Абай салған жана, соны жолмен әдебиетті әрі қарай өркендете беруге бас-көз бола аларлықтай үжымдық сын пікірдің тууы казақ мәдениеті үшін аз олжа емес. Сондықтан қазақ сынның түү процесін белгілі бір сыншының дүниеге келуімен сабактастыруға келмейтіні осыдан.

Сонымен ана тіліндегі баспасөздің пайда болуы жазба әдебиеттің өркендеуін тездettі, нәрлендірді, ал ол өз тарапынан сын жанрының негізін қалап қана қоймай, оған творчестволық ықпал жасады.

Ең алдымен, казақ әдебиеті сынының түу процесіне өнерпаздық өре берген Абай шығармашылығы екенін айту ләзім. Абайдың азаматтық лирикалары, әлеумегтік сатирасы, ойлы да өткір толғаулары, үлгі-өнегесі мен гибраты мол ғақлиялары — өз оқушысын ойланыптырымай-толғандырмай қоймайтын көркем туындылар. Қазақ өмірінің болмысын суреттейтін Абай өлеңдері біреуді қуантса, біреуді ренжіткені ақиқат, демек ол жөніндегі пікір де әр қылыш болуға тиіс. Қалай болғанда да, Абай шығармасы тыңдаушылар мен оқушылардың ойын оятып, пікір айтқызғаны анық. Қазақ баспасөзінің кешендеуі салдарынан көп нәрсе із-түзсіз кеткендігін өкінішпен айтқанның өзінде, қолда бар аздаған материалдардың өзі Абай шығармаларының нәрлі пікірлерге өзек болғанын көрсетеді.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың алғашқы он бес жыл ішінде қазақ тілінде 500-ге тарта кітаптар шықты. Мұның дені — поэзия. Поэзияның ауқымына халық творчествосының үлгілері де, қисса-хикаяттар да, жеке авторлардың өлең-жырлары да кіреді. Олардың ішінде Абай, Ахмет, Міржақып, Шәкірім, Сұлтанмахмұт, Ғұмар, Сәбит, Шәңгерей, Мұхаметжан, Мағжан, Сәкен, Спандияр т. б. жазба әдебиет өкілдерінің, Мақыш Қалтаев, Ақылбек бин Сабал, Шәді төре Жәңгіров т. б. кітаби ақындардың шығармалары, «Қызы Жібек», «Ер Тарғын», «Қарақыпшақ Қобыланды», «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» т. б. батырлық жырлар мен лиро-эпостардың үлгілері, қазақ ұфымына бейімделе аударылған шығыс азыздары мен хикаялары, орыс ақын-жазушыларының қазақ тіліне тәржімаланған туындылары бар. Осылардың өзі тек поэзиялық қадір-қасиеті жағынан ғана емес, идеялық бағыт-бағдары жағынан да, көркемдік өресі жағынан да әр қылыш.

Қазақ халқының көркемдік таным-білірі сынының жанрлық сыр-сипатымен көрінуіне жағдай жасап, жазба әдебиеттің ішкі дамуынан тарамданып жатқаны аңғарылады. Бұл процесті екі арнадан өрбіткен орынды. Бірінші — жазба әдебиеттің жұрнағы болуға жараган және болуға жарайды деген шығармалардың мән-манзына арнайы тоқталмай-ак, олар жөнінде сол кезенде қазақтың сыншылық ойы не айтқан және шығарма авторы өз туындысы туралы нендей ойда (автокритика) болғанын көрсетсек, екінші — бүкіл қазақтың реалистік әдебиетінің аскар биігі — Абай шығармаларының сол

заманда және өзінен кейінгі дәуірде қазактың сынышылық ойын оятуға, сөйтіп сын жанрының нәрлі де көрнекті, өзіне лайықты түр-сипат таба білгенін, оған себепші болған өнерпаздық әсер-ықпалды нақты деректермен көрсетсек, сондай-ақ Абай даңқының жайылуы жайындағы кейбір пікірлердің сырын ашсақ, қазақ жазба әдебиетінің жаңа жанрмен толысу процесін ашық байқаймыз.

1. ДӘЙЕКТЕМЕ-СЫН

Қазан революциясына дейін шыққан өлең жинақтары мен белгілі бір авторлардың шығармаларына чазар аударсақ сынни ой-пікірі бар дәйектеме материалдар жиі ұшырасады. Оқушы көшпілікке нендей мәні бар, қай уақытта, қандай себеппен жазылғанын, авторы кім екенин түсіндіретін және алғы сөз не соңғы сөз түрінде жазылған дәйектемелер де көп кездеседі.

Дәйектеме-сынның жарнама-сыннан және аннотациядан едәуір айырмасы бар. Егер жарнама-сын көркем шығарманың дүниеге келгендейтін хабарлау міндетін аткарса, аннотация сол шығарманың негізгі мән-маңызын қыска түйіндейді, талдау жасауды мақсат етпейді. Ал дәйектеме-сын пәлендей талдау жасай қоймағанмен, окушыға шығарманың оқиғасын, мәнін, жазылу себебін түсіндіреді. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің шығармаларында осындай сын материалдары жиі кездескендіктен, оны аннотация мен рецензия аралығындағы құбылыс екендігін ескеріп, дәйектеме-сын деп атап орынды. Оны іштей үш топқа бөліп қараған жөн.

Ең алдымен, ағартушылық сипаты бар шығармаларға жазылған дәйектемелер бірқыдыру. Өйткені жаңа заман қарсанында қазақтың қоғамдық ойының ең өзекті саласы азаттықты аялаған ағарту проблемасы болды. Қолына қалам алған адамның өнер-білім мәселесі жайында пікір айтып, өз ойын ортага салмағандары кемде-кем. Сондықтан да осы кезде ағарту идеясы мол жырланды және сыншылық ой елегінен мүмкін қадірінше өтіп отырады. Екінші, өз шығармасы туралы өзі пікір айтып, түсіндірме жазушылар да едәуір кездесті. Автосынның (автокритика) алғашқы көрінісі қаншама аныйлау болғанымен де, окушының назарын өзінің айтайын дөгенине бағыттауға әсері болғанын көреміз. Үшінші, әдеби-сын элементтері айқын да басым дәйек-

темелер. Осы үш саланы қаастырудың өзі дәйектеме сынцың қауқары мен қарымын ғана аңғартып қана қоймай, оның іштей өсу-өркендеу процесін аңғартса керек.

Кеңес заманына дейінгі кітаптардың дені 1905—1915 жылдар аралығында шықкан. Осы он жылдықта 300-ге тарта кітап шықса, оның жартысына жуығы ақын-жазушылардың ағарту идеясына берілген молла-мұғалімдердің, тінді қажы-пірәдарлардың шығармалары, өлең жинақтары, дастан, поэмалары, әңгіме, романдары еді. Осы кітаптардың авторлары қазактың жазба әдебиетінің жана түрін бекітіп, шұрайландыра түскен, қайсыбірі өзінің шығармашылық тұлғасын танытып, әдебиет әлемінде елеулі ізін қалдырган, ал кейбіреуі бірді-екілі кітап шығарумен шектелген.

Бұл авторлардың ішінде өзінің суреткерлігі айқын ақын-жазушылар да, замана ағымын жіті аңғарған қайраткерлер де, жас өркенді өрге бастамақ зиялыштар да, дәүірдің дубірі қаламына жел берген мұғалімдер де, өз ойын ортаға салуды қажет деп есептеген қажы-молдалар да, жаңалыққа жаңасан әңгіртердің ба-лауса жыр-толғаулары да бар. Сайып келгенде, өздерінің қоғамдық көзқарасы әр қылы идеядан өрбігеп, ақындық өнерге бейімі, қаламының желі бар адамдардың бірқыдыруы өлең жинақтарын, кітаптарын шығарған. Ол кітаптардың бәріне ортақ мәселе — алыстағы азаттық арманына қол жеткізу үшін халықты ағарту, өнер-білімге шақыру, үндеу идеясы. Эрине қажы-молданың үгіті мен насиҳаты күрескер демократтың, ағартушы ақын-жазушының, жадидшіл мұғалімнің үгіті, насиҳатымен түр жағынан да, идеялық пысанаасы жағынан да бірдей деп қарауга болмайды. Бисмилламен бастап, алламен аяқтағандардың өлеңдері қарымының кеңдігі, қарпуының молдығы, ойын түйіндеуі көзделген мақсатының айқындығымен көрініп, көк жиекке бастап еді деуге келе бермесі айқын. Алайда олардың жазғандарында халықты ояту, ағарту, өнер-білімге шақыру ұраны кездескенін осы уақытқа дейін елемей келгеннен үтканнымыз шамалы.

Қазақ халқының XX ғасыр басындағы қоғамдық-әлеуметтік ойы Шоқан, Ұбырай, Абайлардың ағартушылық идеясын онан әрі дамыта түсіп, азаттық, тендік, бодандықтан бостандыққа жету үшін күресетіндерге, өнер-білімге үндеумен шектелетіндерге әрекет жасауға мүмкіндік берді. 1905 жылғы орыс революциясының

куатты қарқыны қазақ сахарасында демократтық ой-пікірдің өріс алуына айрықша ықпал жасағанын аңғармау ағаттық болар еді. Қөрпесін қазақ даласы қалың қымтаймын, үйқымды қандырамын десе де, қоғамдық даму еріксіз өз орбитасына тартты. Маса болып ызыңдау аздық жасаған тұста «Оян, қазақ!» ұраны жаңғыра шықты.

Сонымен қазақ халқының қоғамдық сана-сезімінің оянуы, өнер-білімінің қадір-қасиетін нақты істе танып-білуі, ҳалықтың мұнын жырлаған зиялышардың өр даусының естілуі, Ресей империясындағы қуатты қоғамдық қозғалыстардың шет аймақтағы елдерде әлеуметтік сананың өріс алуына мүмкіндік жасау қазақ қауымы үшін елеусіз өтпей, ағартушылық идеясын бұрын-соңды болмаған биікке көтерді. Бұл процесс әдебиетке өзінің айбарлы да айдарлы таңбасын басты.

Қаламының желі бар қажы мен молдалардың халықты өнер-білімге насихаттауын, әрине қайшылыққа кездескенімен дүниеде болып жатқан өзгерістерге үн қатпақ болғандарын сөкеттеуге болмайды. Бұрынғыдай «алланы ауызга алдың, таза атеистік қөзқарасты насихаттамадың» деп айыптау, сөйтіл олардың атқарып кегікен ігі істерін көзге іліп алмау, мән бермеу енді әбестік болмақ.

Осы түрғыдан келгенде Мұхаметсәлім Қәшімовтің шығармаларын мысалға келтіру арқылы діндар ақын-жазушылардың не тындырғандарын анық аңғарып, сынни ойға қанша үлес қосқандарын байқаймыз. 1907—1909 жылдары «Әдеп», «Үгіт», «Насихат қазакия», «Ақыл кітабы», «Сұлу қыз» жинақтарын жариялаған, «Айқап» журналының белсенді авторы және агенті болып, бүкіл Кытай, Жетісу қазактарын аралап шыққан жиһанкез, 1914 жылы «Мұңлы Мәриям» деген роман жариялаған М. Қәшімовты молда болып еді деп әрдайым айыптап келдік. Ал ол болса

Оқып қал, әй балалар, жас шағында,
Окуға уақыт кеңдік бар шағында.
Ендігі заманаға оқу керек
Окүсyz өнер сатқан адам бар ма?

Пайғамбар хак, алланы бір біліціз,
Орысша, мұсылманша тіл біліціз.
Казіргі күнімізге карағанда,
Казакты еш жарықсыз түн біліціз,

Каранғыдан шығайық жарық жаққа,
Алышдар бұл сөзімді ілтипатқа.
Білгенінше насиҳат жазып берген,
Рақмет айтып оқындар Қашімовқа,—

деп өлеңдетіп қана қоймай, бүгінгі қоғам дамуынан мол хабардар екенін басқа еңбектерінде мықтап танытады. Діни дүниетанымы айқын осы автор ислам хадистарымен жастарды оқуға үгіттейді. Алланы ауызға ала отырып, өнер-білімнің пайдалы екендігін насиҳаттайды.

Кеменғер Абай «алланың өзі де рас, сөзі де рас» деңгенді кейбір өлеңіне арқау еткенін көре тұрсақ та, оның шығармасының жалпы мән-мақсаты діншілдіктен өрбі-мейтіні белгілі. Осы тәсіл діни уағызды аузына алған-дардың бәріне де қолданылуға тиіс екенін ескере бермәдік.

Әүелі сөз бастайын бисмилләдан,
Жаратқан жәрдем сұрап бір алладан.
Нәркімге сәйлеп қалар уақыт жетті,
Қазіргі гибрат алып заманадан.

Қарағаш қарап қалар деген сөз бар,
Бұрынғы өтіп кеткен қариядан.
Секілді біздің қазак тілсіз хайуан,
Барады үндеместен бұ дүниядан.

Кор болды надандықтан біздің қазак,
Мәдени тұқымдарға болып мазак.
Ойламай кен сахарада не боларың,
Ақырында надандықтан көрдік азап,—

деген Фалиолла Фалымжанов өлеңінің екі жолына қарап, дінді уағыздайтын шығарма деуде қандай шындық болмақ, Не болмаса «Замананың түріне қарап һәр бір мілляттар (халықтар) алға қарап ұмтылууда һәм сол еткен жігерлерінің арқасында күннен-күнге ғылым, өнерлері де алға қарап жүріп бара жатыр. Енді біздің қазактарға қарасақ, тінті басқа һәммен баяғы надандық, жалқаулық жақтарын қуаттай береді. Бірен-саран ішімізден туралыққа, ғылымға қарап үndeушілер болса, жан-тәндерімен дүшпандықтарын арттыра береді. Қашан бұл әдеттер жойылмайынша қазакқа ғылым-өнерлердің тегісінен тарауы бек қын дүр. Алла тағала осы қисық пікірлердің бітуіне жәрдем берсін» деген Ахмет Мәметов ойын алладан жәрдем сұрады деп даттауға бола ма? («Әбірет», 1912. 2).

К. Бейсембиев дінге белшесінен батып, соның уағызын насиҳаттаушы болды деп айыптаған М. Қәшімовтің өзі әдебиет майданында едәуір еңбек еткен. Оның 1907 жылғы «Әдеп» атты кітабы 31 насиҳаттан тұрады. Жас баланың өз төнірегіндегіні қалай танып, дүниеге қалай қарауы керектігі баяндалады. Ең әуелі ата-анаңды, туған-туыстарынды сыйла, көршілеріңмен тату бол, тазалық сакта, өзің оқитын мектепті қадірле, сабагынды жақсылап оқы, мектепте оқылатынмен шектеліп қалмай пайдалы кітаптарды көп оқы, молда-халфе, мұғалімдерді сыйла, шәкірттермен дос бол, ниет, көз, ауыз, мұрын, құлак, қол, бас тазалығына үйрен, үйқы, әңгіме, тамак ішу, қонақ күту, аурудың көңілін сұрау, көңіл айтту, күім киу, сөйлесу әдептерін мұқият сақта деген қалықтық педагогика шарттарын баяндан, ең ақырғы 31 насиҳатында бес уақыт намазды қаза қылмай, құдайдың хақтығын ұмытпауды ескертеді. Осы өмірге керекті қағидаларды айтқанда Қәшімов «құдайдың құдіретіне» сүйеніп, адам тіршілігіне пайдалы ақыл-кенестерді баса айтады.

«Кітап оқу» деген насиҳатында: «Кітап оқу деген бек пайдалы, қызық нәрсе. Жолдассыз уақытта жолдас болады. Көңілін жабырқап қайғыланған уақытта көңіліңді ашаады, шаттандырады, бұрынғы заманда пелер болған, милләттар қандай, ғылымды кісілер қандай — солардың бәрін көзге көрсетуші, аз бағалы көп пайдалы нәрселер дүр. Соның үшін кітап алуға сараптық қылмай, өздеріңе пайдалы болатын кітаптарды алыңыздар» деп өнегелі өнірге шәкірттердің назарын аударды. Оның бұл ой-пікірлерін мансұқтауға болмайтыны өзінен-өзі түсінікті. Ал 1908 жылғы «Ақыл кітабында» «Ғылым иесі һәр жерде қадірлі уа құрметті болар, қайда барса да қадірі қолдан-қолға артар, әркім жақсы көрер» деп адамға қажетті үшінші қасиетті ғылым деп табады. «Адам баласының тірлікте рақатта болуы үшін ғылымнан басқа һәші бір дәру уа қару, ондай қуатлы һәм бір нәрсе жок дүр. Қім оқу, ғылым білсе, ол кісі рақатты, бакытты, алла тағаланың сүйген құлы болар» деп ғылым үйренуге, ғалым болуға үндейді. Эрине бисмилла мен бастап, алламен аяқтайтын өлең-шығармалар мен ой-пікірлердің қоғамдық сананы өсіруге тигізген шапағаты мол болғандығын енді жасырмауымыз керек.

Казак әдебиетінде мұндай құбылыстың болғанына таң қалуга болмайды. Өйткені кенеске дейіп қалам үс-

тағандардың бәрі бірдей атеист болмағандығы бір болса, екіншіден, дін шырмауына мatalып қалмаған қазақ халқына біраз идеяларды «құдайдың» атымен өткізбесе, құран хадисімен хаттамаса, айтқанына көндіре қою да оқай шаруа емес еді.

Бұндай құбылыс жалғыз қазақтаға емес, бар халықта кездескен тарихтан аян. «Орыс сыны тарихында» діннің ықпалды құш екенін, ертедегі әдебиет үлгілері үстем идеология болған діннен құлан таза бола алмағандығын, сондықтан діни сөздер мен танымдардан шошыму керектігін сонау 1957 жылдарда-ақ қатты ес-кеерткенін еске сала кетудін артықтығы жоқ.

Ағартушылық сипаты қалың дәйектеме-сынның өзін-дік ерекшелігін таңбалап көрсететін пәлендей көзге түсер қасиеттері болмағанымен де, халықта өнер-білімді айрықша насиҳаттағанынан да, окуды жақтауынан да ангарылып жатады. Ойдың жалпы аңғары оқу-білімнен өрбиді. Жалпы мақсаты ағартушылық идеяға бағытталған шығармаларға жазылған дәйектемелердің көбі бүкіл жинақтың мән-маңызын, автор мұратын оқушыға ашып беруге ұмтылады. Мұны Ғұмар Қарашевтің «Өрнек» атты жинағына жазылған дәйектемеден анық көруге болады. «Надандық себепті халқымыз арасында жайылымдықта болған жат ақиқат та, түрлі гадеттер бек көп. Оларды бірден сыптырып алып тастау һәш мүмкін емес. Қашан халықтың ұлы-қызы бірдей оқып, мұқырғыт хасыл етсе, бұл надандықтан келген гадеттер өзінен бітешек.

Солай болса да, бұлардың ішінен бірнеше бастыларын айтып, себептерін көрсетіп жаздым. Бұл «Өрнек» атты кітапшаны жүзден біреу оқып, өрнек алса да пайда болар. Қоре тұра үндемей «тілсіз шайтан» болып тұруды тарих мақұлдамас» дегені қаламгердің қоғамдық борышы мен міндеттін ғана аңғартып қоймай, оқушының назарын қай жаққа бұрғысы, жетектегісі келетінін көрсетсе керек. Нинетін емеурінін танытады.

Дәйектеме-сынның көзге түсер бір парасы — авторлық сын, яғни өзінің шығармасына өзі түсіндірме, кейде сын пікір айту. Дәйектеменің бұл түріне жататындар әр автордың кітабынан кездеседі десе де болғандай. Кейде бұл дәйектеме жалпы жинақ туралы ғана болмай, әр өлеңнің жазылуына не себеп болғанын да көрсете кете-тін кезі аз емес.

1911 жылы Фалиолла Фалымжановтың «Есіл жұрттым» атты өлеңдер жинағы басылдып шықты. Бұл жинақта «Жазушыдан бір-екі сөз», «Жазылашак сөздің басы үшбу дүр», әр өлеңге түсіндірме, «Хұрметлу оқушыларына» арналған соңғы сөзі бар. Жинақ авторы ірі ақын болмағанмен, өз өлеңіне сын көзімен қарай білгені әр дәйектемесінен анғарылады.

Жарық көрер енбекке ат қою, әр өлеңнің мәніне қарай тақырып қою да жазушыны толғандыратын, ой елеғінен өтетін мәселе. Жинаққа қойылар ат бар шығарманың айтар ойы мен көздеңен мақсатын айқындауға тиіс. Өз жинағына әрі ықшам, әрі мәнді ат қойғысы келген автордың «халқымыздың надандықтан көр болғанын көріп, жаным ашығандықтан есіл жұрттым-ай, көр болдың-ау деген мағынаға келтіріп, рәсіләмнің есімін де «Есіл жұрттым» деп атадым» дегені жоғарғы ойлардың нақты дәлелі болуға жарайды.

Басқа ақын-жазушыларға қарағанда, бұл автор оқушылардың ықыласын өзіне қаратып алу үшін басқаша тәсіл қолданған. Сөз арасында 1907 жылы Троицкідегі «Медресе Мухамедияны» тамамдағанын айтады. «Дүниенің о жақ, бұз жағын еркін болжамаған жасырақ шағында» жазған өлеңдеріне көп үміт артиғағын, ет қызумен Каримовтар баспасына жібере салғанын, бірақ «өз сөзіме өзім риза болмаушылық» автордың өзіне сын көзімен қарауын және поэзияға кояр талабының едәуір биік екендігін көрсетсе, екінші жақтан, үлкен ой, пікір айту, халық қөңілінен шығу үшін «дүниенің о жақ, бұз жағын еркін» білу, яғни өмірді жетік білу қажет екендігіне мензейді.

Сондықтан автордың «рәсіләмнің іші, сырты мұқият па, жоқ па? Ол арасын оқушылардың сынауына тапсырамын. Келіспеген жерлері болса, қаламы жүйрік мырзалағымыздан таңқит етіп, кемшілігімді көрсетулерін өтінемін. Таңқит айтушыларға ракметтен басқа айтатын сөзім жоқ. Және әріптестерімнің таңқиты маған берген сабактары деп білем. Мен өзім де бұл рәсілімнің әуелгі жазған ресілім болғандықтан жақсы жазылды деп айта алмаймын. Бәлки жаман жазылғандығын басқадан бұрын өзім сеземін» деп кемшіліктерін санамалап кетеді: «Рәсіләмнің ең әуелгі айыбы: сыртынан қарағанда ішінде һемма қазақ милләтінә ғылым болуға керек еді.

Өлеңде ғылым болған жоқ» деп ең ауыр сын айтады, яғни шығарманың ғибрат берер сипатын күшетуге үндейді. Дәйектеме-сынның бір парасы осы авторлық сын қашшама қораштау болып көрінгенімен қазақ әдебиеті тарихына көп дерек, мол мағлұмат берген бір сала болғандығын аңғармауға болмайды.

Әзінің жинағын аяқтарда:

Жазсам да жақсы, жаман тіл тигізіп,
Мақсатым оятуда қазақ халқын.
Болмаса құр әшейін далбасалық,
Жүргем жоқ «мен» деп жүрттап аскан ақын,—

дей келіп, өзінің оқушыларына соңғы сөзін арнайды:

«Оқыған уақытта қатты да, жұмсақ та, аңды да, түщы да сөздерді көрдініз. Ықтимал, қатты сөздер көзіңізге көрінген соң көңілініз қайтып, мені бір дүшпан да көрген шығарсыз. Ләкін, мен қашшама қатты сөз жазсам да халықтың надандығына һәм осынша қорлықта қалғанына ішім күйіп, шыдамағандықтан шығып жатқан сөздер. Ықтимал, менен басқа да солай қаттырақ қылып жазушылар болса халыққа пайдасы болмай қалмас. Аз да болса пайдасы болар. Менің сөзімді кім тыңдайды, құр әшейін жүртқа күлкі болармын деп, менен басқа да жазушылар болар деп қарап тұруға жарамайды. Эркім өз білгенінше жазуға керек. Әуелгі уақытта жазған нәрселері нашар болса да, ықтимал жазған сайын түзелер» дегені әдебиеттің әлеуметтік мәнін аңғартады да, ақын-жазушылар үздіксіз еңбек етудің нәтижесінде көркемдік шеберлікке жететіндігін байқатып тастайды. Шеберлік үздіксіз еңбек үстінде жетілетінін, шындалатынын айтып қалмай, «қазақ тілінде уа басқа тілдерде жазылған басқа ресіләларды да көбірек оку керек» деп білім корын молайтуға шақырады. Еңбек біліммен ажарланғандағана діттеген жерден шықпак.

F. Фалымжанов осы жинакқа енген өлеңдерінің жазылу себептерін және не мақсат көздегенін әрдайым жазып отырған. Олардың ішінен бір-екеуіне ғана тоқтала кеткен жөн. «Қазақтың ескі халдері» деген бөлімде бұрынғыдай бос далбақтауды қою керек, одан да өнер-білімге жақында, «сатсан да жалғыз атынды баланды оқыт», әуелі мұсылманша «жақсылап намаздығын білгеннен соң, баланды орысша оқыт» деп ақыл айтады. Бір өлеңінде қалаға барған қазаққа ақшанды орынды жұмса, арак пен картага жолама деп кеңес

берсе, екінші бір өлеңінде ел ішін лаң қылған, ынтымақтың кетуіне себепкер болған болыс сайлауларын әшкерелейді, қазақ өміріндегі келіссіз қылықтарды сынайды.

Осы жинақтың негізгі мақсаты — қазақ халқын өнербілімге шақыру болғандықтан автордың мына түсіндірмесіне орын берген жөн: «Һәр бір өнерлі жұрттарға көз салып қарасан, баршасының да өнерлі болуына себеп болған нәрсе — оқу дүр. Окуға тырысқан жұрттың һәр бір уақытта қор болған жері жоқ. Біздің жұрттың окуменен көп ісі де жоқ. Қайсысы молда ұстап, балаларын оқытса да, молданың қандай кісі екендігіне көз салмайды. Ондай молланың көбісі өздері жөндеп түркі тәни алмағандықтан балаларға да еш нәрсе түсіндіріп үйрете алмайды. Біздің надан болуымызға себепші — жас уақытымызда түсіндіріп оқытпай, қалың қазакты алдап қана жүрген молдаларымыз деп ойлаймын. Қазақтың баласының оқығанын-оқымағандығын байқамай, тек казақтың қымызы мен ақшасы үшін ғана шықкан молдаларды айтамын» дей қеліп, ондай «ұстаздардың» қандай кесінді болатынын былай суреттейді:

Білген сабағын ұмытар,
Корықканнан жас бала.
Корықпай бала не қылсын,
Молласының қөзі ала,
Сырыктай болған таяғы,
Жанында жатыр ол жана.

Автордың бұл айтқаны қазақ болмысында етек алған жай екені әмбеге аян. Автор надан молдаларға, қадімшілдерге қарсылығын осы өлеңге жасаған түсіндірмесінде аңғартып, өз ойының мәнділігін арттыра түсken. Өз өлеңін өз түсіндірмесімен қуаттандыра түсу — шығарманың идеялық ықпалы мен эмоциялығын арттыра түсуге септігін тигізеді, сондықтан сын жанры мұндай тәсілден іргесін аулаққа сала алмайды. Әйткені сынның ең негізгі мақсаттарының бірі — шығарманы оқушының түсіне, үғына окуына жетекші болу, сөйтіп көркем сөздің эстетикалық әсерін күштейтіп, ізгілікке бастау ғой.

Тағы бір айрықша айта кететін мәселе — F. Галымжанов өзінің айтар ойын, насиҳаттар пікірін халыққа жеткізу үшін тек өзінің өлең-жырымен ғана шектеліп қалмай, орынды деп тапқан уақытта өзге әдебиеттің үлгісінде пайдалана білген. Атап айтқанда, Фабдолла Тоқайдың «Сүтке түсken тышқан» дейтін атақты мысалын

әзі айтпақ пікірге сәл бейімдей аударған. F. Тоқайдың мұсалын аудару фактісі қазақ әдебиетінің творчество-лық байланысын көрсетерлік бір құбылыс болса, екінші жағынан, оның өткір де улы мысқылын қазақ өмірінде онцა елена бермейтін, бірақ зияны көп тиетін кесірге қарсы бағыттаған. «Біздің қазақ халқында әуелден қалмай, келе жатқан келіспеген бір іс бар. Басына бір қынышылък іс келсе «сабыр түбі сары алтын, сабыр етерге керек, алла тағала өзі жеткізеді» деп екінші бірі келіп ақыл айтады. Оның үстіне жанды сурет секілді, өздері һәш нәрсе білмеген надан молдамыз келіп «Әл сабыр, әл рахым, һал сабыр — шайтан» деген бір мағынасыз сөз оқып, ол да сабыр етуге қосады. Соңан соң өзі ақылынан айырылып ұтырған бишара құлағын кесіп алса да қозғалмайтын бірі ғабырлы хайуан болады да қалады. Мен енді соның үшін ғабырдың да орныменен гана керек екенін білдіріп, және де қандай іске болса да себеп керектігін білдіріп, бұжырда бір үйікке түскөң тышқаның хикаясын жаздым» деп автор қазақ халқын надандыққа, харәкетсіздікке ұрындырған енжарлықты шенейді. Өмірдегі осындай елеусіз құбылысты үлкен пайымға көтеріп, сынай білудің өзі пайдасыз кетпеген пікір болса керек.

Дәйектеме-сынды шартты түрде іштей жіктеген уақытта, олардың араларында қытай қорғаны жоқ екені өзінен-өзі түсінікті. Сондықтан оның барлық элементтері араласып жүретіндігін де ескертеп кеткен жөн. Егер Фалымжановтың «Есіл жұртым» атты жинағынан авторлық сынға қатысты пікірлерді бірқыдыру мол байқасақ, К. Тоғысовтың 1915 жылы басылып шыққан «Надандық құрбаны» пьесасына жазған алғы сөзі өзінің ағартушылық бағытымен де, өзіне-өзі пікір айтып, шығарманың мәнін түсіндіру ниетімен де, сондай-ақ дәйектеменің әдеби-сыни сипатын сактап, пікір дәлелдеуге үмтүлу сыңайымен де көзге түседі. Алайда оның негізгі салмағы өз шығармасының мән-жайын, қалай жазылғандығын әңгімелу саласында болғандықтан авторлық сынның ауқымында қараған жөн.

Ағартушылық идеясының туы көтерілген шакта қазақ авторлары қебіне жалпылама сөйлеп, халықтың таптық жігін ашпай, бүкіл елді тұтас қалпында алғып суреттегені аян. Бұл сарынды Қөлбайдың осы шығармасынан, әсіресе, оған жазған алғы сөзінен де байқаймыз. Қазақ публицистикасының тарихынан өзіне тиісті орын

ала алмай келе жатқан Қөлбай «Алаш» (1916-1917 ж.) «Үш жұз» (1917-1918 ж.) газеттерін шығарып прогресс жағында болғаны, талайлармен айтысып-тартысқаны, кеңес өкіметі орнаған уақытта Батыс Сібір өлкесінің еңбекшілер кеңесінің атқару комитетінде заң комиссариатын басқарып түрған уақытта орынсыз жаламеі турмеге түсіп, Қолчактың қолынаң қаза тапқан Қөлбай Тоғысов өзінің алғашқы шығармаларында, ағартушы демократтық позициясын аңғартты. «Надандық құрбаны» атты пьеса — осы көзқарастың жемісі. Мұны оның дәйектемесі де айқындай түседі.

Надандық пен жауыздықтан, сокырлық пен киянаттан құтылудың Қөлбайша екі жолы оар-«Бірінші — оку, екінші — сол оку арқасында Жетіліп, жүрттың қамын ойлап, неше түрлі өнер-білімнің кілтін алып, есік ашқан жігіттер» деп тапқан. Әрине пәле жалғыз надандықтағана емес, блеуметтік құрылышта жатқан сыйрын ашилай Жалпы халыққа, жүртқа пайданы тең бөлу ағартушы-демократтық көзқарасқа тән құбылыс. Мұның өзі сол кезеңде қоғамдық ой-сананың жеткен деңгейін де аңғартады. Қөлбай да сол деңгейден үзап кете алмаған.

Қөлбай басқалардан теренірек көре де, жүртқа көрсете де білді. Мәдениетті, өнер-білімді елдің адамдары «Кітап жазды, газет, журнал шығарды, халықтың арасында болған надандық, қиянната «ойын кітабына» жазып, айнаға қарап жарасын көрсеткендей қылып, жүрттың көзіне көрсетіп, һәр түрлі жаман істен сактануына себепші болды, қайсылары бала оқытып пайда келтірді, қайсылары докторлық оқумен науқастарға дәрuler беріп жазылуына себепші болды...» дей келіп, қазақ бойындағы мін мен керенаулықты, надандық пен жауыздықты нақты дәлелдермен тізіп өтеді.

Қазақ драматургиясының туу шағында кітап түрінде көзге түскен «Надандық құрбаны» пьесасы шындықтан туғанын көреміз. «Алты қатыны бар бір шалдың үйіне қондым. Кешке жатқанда алты қатынын төр алдына бір көрпенің астына жатқызып, есікке ішкі жағынан құлып салып, кілтін жанына алып, өзі кроватқа жатты. Ол шалдың аты — Мірсәлім Бектенұлы. Жасы 66 да. Осындай шалдар Зайсан уезінде жүзден аса бар.

«Міне, осындай қырда болып жатқан көп надандықтың бірер жарымын қолдан келгенше «ойын кітабына» (пьеса) жазып, қазақ жастарына ұсынамын» деп жазған Қөлбай. Осы пьесаны автор еріккеннің ермегі деп

түсінбей, халықты ағарту ісіне бір себі тие ме деп жазған. Және пьесаның кейіпкерлерін өз көзімен көрген нақты шындықтан алып, надандық иелерін масқарала-мақ болған. Осы пьесам «егерде ұнаса һәр шаһарда, һәр ауылда ойнап, қазактың өз көздеріне көрсетсе, мұндай жолдан тыйылар еді деп үміт кыламын. Бұл драманың бірнеше қаһармандары осы күнде де тірі» дегенде Қөлбай көркем шығарманың қоғамдық мәнін, жасар ықпалын айқын бағдарлайтындығын аңғартады. Бұл шығарма жайында М. Дулатов рецензиясы жоғарыда баяндады.

Дәйектеме-сынның алғашқы көріністерінде әр автор өз шығармасының нендей мақсатпен жазылғандығын түсіндірсе, оны оқып шығуды, кем-кетігі болса сынап, келесіде түзерліктей тілек-талаптарын жазып жіберуді, жазған еңбегі ұнаса оны көпшілкке таратуды, ойын қылышып қойып беруді өтінген авторлық пікірлер XX ғасырдың басында шыққан кітаптарда бірқыдыру мол кездеседі.

Сонымен қатар, дәйектеме-сынның сапалық қасиетін көтере түсетең, әдеби талдауға ұмтылып, өзінің ойын айтуға талаптанатын сын пікірлері де жоқ емес. Бұлар сан жағынан аз болғанымен, мән-маңыз жағынан әлде-кайда алымды да құнарлы.

XX ғасырдың бас кезінде жарияланған кітаптарда әдеби-сын элементі басым материалдардың сыр-сипатын М. Дулатовтың «Оян, қазақ», Фабдолла Мыштақтың (F. Қарашевтің бүркеншік аты) «Көкселдір» мен «Шаир» жинақтарына жазған дәйектемелерімен көрсете кетсек, сынның көздер мақсаты, құлаш сермер өрісі қалай бағытталғанынан хабардар болар едік.

Міржақып Дулатовтың «Оян, қазагы» бүкіл қазақ әдебиетіне жаңа леп, соны тыныс әкелген күрескөр шығарма, яғни революцияшыл-демократиялық әдебиет бағытын негізделген атақты туынды екені тарихқа мәлім. Қ. Кеменгеров: «Оян, қазақты» ел қазақтары құрандай жаттады» деп растайды. 1909 жылғы басылымында тарамдатыла жазылған алғы сөз бола қоймаса да, бүкіл жинақтың сыншылдық, азатшылдық тенденциясының өзі туып келе жатқан қазақ сынның дұрыс өріс табуына, құнарлы арнамен өркендеуіне ықпал жасайтынын аңғармау ағаттық болар еді. Әйткені шағын болғанымен, айтары мен насихатары мол «Сөз басы» оқушы қауымды осы жинаққа бірден көніл аудартты. Бірінші-

ден, «Оян, қазақ» деп ұрандатуы, екіншіден, оған себепті болған жағдайды түсіндіруі, үшіншіден, өнер-білімнен құр алақан қалғандар ел санатына іліге алмайтындығын зор екпінмен ескертуі шығармаға салмак берді.

Міржақып қазақ халқы душар болған бүйірі гірлік, әрекетсіз өмір белгілерін тізіп өтеді де, «қой бүйтіпелік, әр халықтың күші өнер болса... біз қазақтар да ортақ болсақ керек, соның үшін мұсылманша ғылымдар оқып, дінімізді танып, надандардың көзін ойып, көңілін ашып, ахиреттік пайдамызыды табалық. Екінші, дүниеміздегі қажетті хақыларымызды алып, жерімізді, ма-лымызды сақтау үшін, басқалардан қорлық көрмей үшін орысша оқып, өнерлі болалық» деген саяси-әлеуметтік және ағартушылық сыңайы басым ойларын біріне-бірін сабактастырып жіберді. Жинақтағы өлендері нені насихаттайтынын алдын ала аңғартады. Сондықтан «Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі халі», «Сайлаулар хакында», «Қазақ жерлері», «Насихат гумумия жырларының қай-қайсысы болмасын публицистикалық екпінмен жазылуының өзі талайларды қатты ойландырып, елдің қоғамдық санасына атой салды. Автор халық арасында зор абырайға ие болумен қатар патша әкімшілігіне де үлкен үрей әкелді. Расында да, қазакты өнер-біліммен қатар бірлікке, ұжымдылыққа шақыруы, мақсаттылыққа үндеуі күрескерлік сипатқа ие болып жатты. Не айтса да бәрі қазақтың өнерлі, азат ел болу идеясынан өрбіді.

Сүйегі жоқ, тіске жұмсақ болған соң.
Інгеркім жейді біздін қазақ баласын,

Бірлік жоқ, алты ауызды халықпаз ғой
Қатардан сол себепті қалыппаз ғой,—

дегендердің бәрі де қимыл іс-әрекетті меңзеп жатты.

Қазагым көрмегенің әлі алдында
Боларсың көне берсөң мұнан жаман.
Барында аяқ-қолың қымылдаң қал
Бір қүнде тыпырлауға келмес шаман,—

дегендердің бәрі күресшілдікке үндеген кесек, ірі ойлар екенін халық та, патшаның жандайшантары да анық түсінді. Әрқайсысы өзінше қабылдады. Халық азаттық, теңдік алу, өнер-білімге жетілу жайын ойласа, отарышыл әкім мұндай автордың үнін өшірудің жолын із-

dedі. Міржақыптың өз дәйектемесімен айтсақ, «Оян, қазақ» атты өлең кітабымды ескі өкімет шам көріп, «қазақ оянып кетеді» деп корқып, 1911 жылы мені сотка берді, сол себепті жыл жарыман артық абактыда жатып шықтым» дегені, жинақтың әрі қарай тарауына тыйым салынуы автор үшін қаншалықты азапты болғанымен, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті үшін үлкен олжа болды, жаңа бағыттың серкесі деңгейіне көтерді. Сондыктан да «Оян, қазақ» бүкіл әдебиеттің ендігі даму арнасын айқындаумен қатар, әдебиеттің қоғамдық мәнін түсінін-анғартатын сынни ойға парасатты дарытты, шын эстетикалық талап-талғамды биіктетуге мықтап ықпал жасады. XX ғасыр басындағы шығармаларда әлеуметтік сарынның құшті болуының бір сырь осындай құрескерлік және сыншылдық сипатына байланысты еді.

«Шаир, яки қазақ ақындарының басты жырлары» жинағына жазған алғы сөзін F. Қарашев сол кезеңнің күрделі мәселесі — «тіл сақтау» проблемасынан бастайды. «Белгілі, бақ иесі адамдар айтады: жыр, өлең һәм билік сөздерін сақтамаған халық жансыз деп. Бұл сөз бек дұрыс, неге десеніз, әр елдің елдігі, мысалы қазақтың қазақтығы, татардың татарлығы, орыстың орыстылығы ата-бабаларынан қалған айырым тілдерін жоғалтпай қолданумен сақталады. Һәр ел өз тілін сақтау — ол елдің жыр һәм ескі сөздерін сақтамай мүмкін болмайды. Мұның үшін де өнерлі, ғылымды халықтарда бұ «тіл сақтау» жайында бек мұқияттық бар. Медреселерінде балаларға қалдырмай оқытады, һешбір жырши я шешен, ділмәрлардың аузынан шықкан сөзі жазылмай-басылмай, далада жоғалып қалмайды». Автор бірнеше мәселелерді сабактастыра, біріне-бірін қосақтай баяндағанда, әр елдің өзіне тән ерекшелігі мен тілін сақтауда көркем әдебиеттің айрықша орын алатындығын баса айтады. Әдебиеттің бұл рөлі баспасөз жүзін көрген уақытта еселей түсетіндігін аңғартады.

Мұндай әдет мұсылман жұртында, әсіреле, араб елінде болғандығын айта келіп, «тек соңғы замандарда біздің халыққа басшылық еткен надан адамдар біздің халқымызды (қазақтығымызды) сақтайтұғын қымбатты жыр һәм билік сөздерді ескеріп айтуды күнә деп көрсеткен, мектептегі балаларымыз «Бозжігіт», «Зарқұм» оқып құлықтарын бұзып, рухтарын (казақшылығын) жоюға айналған» деп біріне-бірі сабактасып жатқан екі

мәселеге назар аударды. «Халыққа басшылық еткен на-дан адамдардың өлең мен жырды, шешендік сөзді айту күнә» деп тапқанына F. Қарашев мұлде қарсы. Өйткені сез күлті айрықша өркендеген, сөйтіп дүниені көркемдік түрғыдан танып-білген халықты рухани аринасынан ажыратпақ болған әкімдер мен қожа-молдалардың іс-әрекетіне өзі дін мәселесінде белгілі қөзқарасы болатұрғашына қарамастан өлең мен жырга тыйым салушыларға мейлінше қас екендігін жасырмадан. Олардың түс-түгін ашып айтпайды, «бізге басшылық еткен на-дан адамдар» деп жалпылай сөйлейді. Ал шындығына келгенде, олар қазактың аузын аштырмауды, ой ойламауын, пікір білдірмеуін тілеген отаршыл әкімшілік пен оның жандайшабы — өзіміздің мал мен жанды рәсүә етіп, есінен адастырып жүрген болыс пен атарман-шабармандар екені сөзсіз.

Әрине «Бозжігіт» пен «Зарқұмдарды» оқытып, бала-лардың құлықтарын бұзып, рухтарын жоюға айналған діндарлар қазактың төл әдебиетін өркендетуге онша құлықты болмағанын көбіне-көп діни-схолостиканы наси-хаттағанын, сөйтіп халықтық творчествоға, ақын-жыраулардың шығармашылығына тосқауыл койғандығын байқаймыз. Халықтың құлқын бұзып, рухын жою үшін оны сез өнерінен айрыып, тілсіз хайуанға айналдыру саясаты ертеден-ақ жүргізіліп келе жатқанына бұл нақты дәлел бола алады.

F. Қарашев бұл саясатқа әлдеқалай қарсы бола салмағанын мынадан көреміз: «Бұл себепті, бар жерлерінен жинастырып ескі, жаңа жырлар, бірен-саран қысқаша бөлек әңгімелерді жаздым. Медреселерде әдебиет (литература) дәрісінде бағдарламаға алынып, қазақ балалары пайдаланып, «Әлжамат әл дәбәриелердей» әр тағзырық көріп жүргізетін бір күндердің бек жақын екенінде һәш шек-шубіра етпеймін» деп қазақ әдебиетінің белгілі пән болатындығын, оның діни оқудан мәндірек болатындығын және таяу арада жүзеге асатындығын зор сеніммен айтады. Мұның өзі қазактың ұлттық әдебиетін өркендету саласындағы игі тілек еді.

F. Қарашевтің 1912 жылы қазақ әдебиетінің өз алдына жеке пән болып оқылатындығы туралы пікірі өмірдің өзі еріксіз туғызған шындық болатын. Fұмар мұғалім болып бала оқытқанда, бір жағынан ара-тұра дін ісіне араласып қойғанда талай рет қажеттілігін сезген іс Ахмет Байтұрсынов пен Міржақын Дулатовтың

жәдігерлігімен нақты жүзеге асты. Олар мұны тәжірибеде қатты сезініп жүргендігін 1905 жылғы Қарқаралы петициясында қазақ мектебін орыс мектебінен ажыратып, ана тіліндегі оқу құралдарымен қамтамасыз ету мәселесін көтерген кезде-ақ анық аңғартқан болатын. Әсіресе, алдына қойған мақсатты белгілі тиянаққа жеткізбей тынбайтын, басқа жаққа аландамайтын А. Байтұрсынов көп жылғы мұғалімдік тәжірибесінде әуелі араб алфавиті негізінде қазақ тілінің зандалығына, сингармонизм шартына сай қазақ емлесін жасауды көпшіліктің талқысына сала жүріп, өзінің тұңғыш оқулығын даярлады.

Оқулық — ғылыми-педагогикалық сананың ең биік те ауқымды түрі. Ол — тіл мен әдебиеттанудың ең негізгі арнасы, өйткені оқулықтар — сынни ой-пікірлердің ұлы олжасы. Олай болса, А. Байтұрсынов қайраткерлігіне назар аударғанда ең әуелі оқулықтан бастауы М. Дулатовша айтқанда: «қалың түрік тұқымының бір тарауы болған қазақ жүрті өзінің тұқымдастарынан кейін қалмасқа тырысып, олармен аяғын тік басуға, тағы да төтерек жол тауып, ілгері үмтүлүү» (225) үшін қажет болды. Сондықтан қазақ емлесін түзеп, тіл, оқу құралдарын аз жыл ішінде шығарды. Олар ел ортасында малтықпай тез жүріп кетті. Осыған қуанған автор «Тіл құралы» туралы арнайы рецензия жазды. Ол рецензиядан гөрі, ғылыми трактат сипатында болды. «Қазақ тілі — бай, таза, іргелі жүрт тілі» болып саналатынын, орысша, ногайша, арабша оқығандардың тілді шүбарлауға құмар болып тұратынын өз мысалымен дәлелдеді.

«1908 жылы «Оян, қазакты» жазып жүргенімде «әдеби тілдерді» неғұрлым көбірек кіргізу жағын еске ресіз қалдырмадым. Сол жылдарда Абай кітабы һәм «Қырық мысал» шықты. «Қырық мысалды» көргенімде өзімнен-өзім үялдым. Өзімнің һәм өзім секілділердің адасып жүргенін сонда байқадым» (266) деп ағынан жарылды. Яғни ана тілінің тазалығын сақтаудың орны бөлеқ екенің, оған Ахандай ұлы ғұламалардың жәдігерлік көрсетіп жүргенін, талай үлгіні айта келіп «Тіл құралының» бұрынғы оқулықтардан артықшылығы «қазақ тілінің табиғаты сақталып, тұра мағынасы өзгермей, өз атымен» аталғандығы деп табады да, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айттарда: «қазақ тілін сақтаймыз, балаларымызды қазақша шықкан кітаптармен үк-

тырамыз һәм әдебиетіміз қазақша болсын дегенде, бұлардың бәрінің негізі «Тіл құрал» екенін ұмытпаса керек» (268) деп қорытты да, F. Қарашевтің қазақ әдебиеті пән ретінде мектепте оқытылса екен деген тілегінің орындалғанын аңғартады.

Бұл мақала таза ғылыми-сыни тенденциясымен даралғанын көрсек, Ахмет пен Міржақып өздері шығарған оқу құралдарында педагогикалық әдіснама түрінде жазған дәйектеменің жаңа түрін шығарған. Олар қазір сиының бір формасына айналып, кеңінен қолданылып келеді.

Қазақ әдебиетінің келешегіне үміт артып, оған тоқауыл қойғандарды F. Қарашев сынаумен шектеліп қалмай, әдебиет үлгілерін бастыру мәселесіне де назар аударды. «Бұл күндерде Қазандағы Каримовтар қаржатыменен бағзы бір қазақша жыр, өлеңдер басылып таралса да сөздері жаңылыс, қағаздары да жаман болып шығынан саудагерлердің тек ақша жағын ойлап қана, бала-шағаға жаздырғандары ашық білініп тұрады. Соның үшін мен олардан да қазақ балалары көп пайда алады деп айта алмаймын» деген пікірді жасқан бастаң айтуы да ілтипатқа алынған, «Айқап», «Қазақ» беттерінде талай жазылған ой екені өзінен-өзі түсінікті. Ал бұл жөнінде өзінің нендей мақсат көздеғенін «Көкселдір» атты жинаққа жазған әдеби мәнді алғы сөзінен ашық аңғартады.

«Жыр шығарудан бірінші дәреже мақсұт: һәр елдің ана тілін һәм ондағы шешендікті жоғалтпай сақтау болады.

Екінші дәреже мақсұт: ол тәтті жыр арқылы оқушыларға әсер беріп, «батыршылық», «жомарттық», «ғылымға қызығу» секілді көркем сипаттарға үндеу болады» дегенде F. Қарашев «Шаир» жинағында айтқан пікірін бір пысықтап өтіп, әдебиеттің оқушыларға әсерін, өнер-білімге үндейтін қасиетін атап өтуді қажет деп табады. Мұның өзі әдебиеттің қоғамдық мәні мен рөлін аңғартудан туғанын көрмеске болмайды.

Сонымен қатар Ғабдолла Мыштақ әдебиет шығармаларының қадір-қасиетін айқындау үшін қандай шарт болуға тиіс деген мәселе жөнінде де өз ойын айтады. «Бір жырдың жақсы-жамандығын өлшегенде осы тәртіп бойынша, бірінші — шешендік, тәттілік (яғни көркемдік Т. К.) жағына көз жіберу, екінші — анау соңғыларға (яғни пайдалылығына, ықпал, әсер жасауына

Т. К.) назар салу» керек деп біледі. Осы қарапайым пайымдаудың өз мазмұн мен түрдің бірлестігін, бірінен-бірінің сай болуы керектігін аңғартқандай. Қалай болғанда да жарияланатын шығармаларға осындай эстетикалық талап қойғандығы сөзсіз.

Сәл шәлкем-шалыстыры бар мына сөзі әлгі пікірді қуаттай түседі. «Мен бұл ескі жырлардың тарих жағынан дұрыстырының көз жібермедім, көңіл салмадым. Бәлкім, ол жактан хата да болса болар. Онысы маған қажет емес, маған қалғанда жыр біреуді мақтасың, яки жамандасың, бәрібір: тек тілі тәтті, сөзі әсерлі болып әдепке жолақ болмаса, сол жетеді» дегеннің өзінен осы автордың көркемдік мәселесіне айрықша назар аударғанын байқаймыз.

1914 жылы Міржақып Дулатов казақ мектебінің мұқтаждың өтеу үшін «Қирапат», яғни әдеби оқу кітабын шығарды. Оған «Мұғалімдерге» деген атпен үлкен дәйектеме жазды. Әліппе, оқу құралдарына жазылып келе жатқан, әсіресе, Ахаң кітаптарында мәндене түсікен кіріспе, алғы сөздердің мәні де, түрі де жаңа сипатқа ие болды. Яғни бұл дәйектемелер неғізінен әдіснамалық (методикалық) нұсьқау түрінде көрініп, ойданың тынысы кеңіді де практикалық зәрулікті өтеді, сөйтіп жаңр формасын жасады.

«Қазір біздің қазақ халқында оқудың жаңа дәүірі басталған кез. Шын қазақша мектептің керектігін біле бастаған шақ» деп М. Дулатов елді жаңаша оқыту саласында жасалып жатқан қадамдардың жеміс бере бастағанын, жадидизм қазақ үшін төте оқумен араласа жеткендігін баяндады да, әуелі «сүйікті қазақ мұғалімдер! Міне, сіздер керексінген қазақ тіліндегі оқу кітаптарынның бірі — осы кітап. Кемшілігі болса, көрсеткендерінізге шын көңілімнен ракмет айтамын» деп максатты ойына ойысты. «Енді бұл қирапат кітабын қалай пайдалану, яғни қалай оқыту жайынан кеңеселік» (238) деп педагогикалық та, әдіснамалық та, эстетикалық та жөн-жосықты көрсетті, оларды бір-бірінен ажыратпай, тұтас күйінде баяндады.

Қазақ түгіл, татар оқу орындарында да педагогиканың тереніне бойлай бермейді, көбіне орысша әдіснама-ға иек артып отырады. Бірінен-бірі туындастын занды процесс екенін айтқанда, балаларға әдеби шығармаларды қалай оқыту, тоқыту жөнінде кең толғанып, творчество психологиясын білгірлікпен ашады.

«Мектеп программасында бірінші орын алған нәрсе — қирагат, баяндап оқу. Соның үшін оқытушы ең әуелі баяндап оқытудың асыл мақсұтын жақсы білерге керек» деп бастайды да, сүйлдатып, даңылдатып оқығанға мәз болмай, баланың зердесіне қонуына күш салу, «оқыған нәрсесін бір-біріне үйқастырып ойлауына, оқып шыққаннан кейін жадында ретті һәм толық магынасымен қалдыруға әдеттендіру керек» деп педагогиканың ең негізгі талабын көлденен тартады. Сапалы оқу-тоқу процесін сөз еткен тұста Міржақып көркем шығарманың қалай туатынын, қалай бейнелейтінін оқушы түгіл, мұғалімнің өзі біле бермейтін сәттерін баяндайды. Міне, осы тұста автор өзінің эстетикалық сауаттылығын танытып, әдеби сынның өңімді қаламгері екенін анық аңғартты.

«Әрбір жазылған сөз жазушының сезінуімен, естуімен, көруімен (табиғаттан һәм адамның тұрмысынан) шыққан нәрсе. Өзін қоршап тұрған табиғат һәм тұрмысты сезуі, көруі, жазушының ойында ретке келіп, магынаға айналғанынан кейін сөз болып сөйленіп, жазу болып жазылышып шыққан хикаялар, мысалдар, ертегілер, өлеңдер жазушының ойы, табиғаттың, тұрмыстың көңіліне түскен суреті, соның үшін оқушысы да жазушының сезінгенідей сезіп, ойлағаныңдай ойлап һәм сол ойлағанын өз ретімен, өз магынасымен түсінерге һәм жадында қалдырарға керек» деп педагогика мен эстетиканы қосақтап, айрықша білімдарлық танытады да, жазушылық шеберліктің детальдарына, яғни ішкі құпиясына кірер соқпақтарды белгілейді. Бұл енді әдіснамалық нұсқаудан нагыз көркемдік талдауға ауысып, қазақ сынның сол кездегі өресіне көрсеткіш боларлық деңгейге көтеріледі.

«Жазушы әлгі ойларын қалай тізді, басқаларға қалай сездіргісі келеді, соның бәріне жазушының өз көзімен қарап, өз ойымен ойлауы керек. Жазушы қайғырса қайғырып, күлсे күлу керек. Оқыған нәрсенің ішкі магынасымен бірге оның сөзін һәм қалауын есінде қалдыруға керек» дегені әшейінгі нұсқау еместігі жас пен егде оқушылардың қабылдау ерекшелігін әрі қарай талдаң кеткенде әбден бадырайып көрінеді. Сондықтан жазушыларды шығарма жазған тұста болсын, оқу кітабын құрастырғанда болсын бала табиғаты мен танымына орайлы, мінсіз, үлгілі де ыңғайлы туындылар шығаруға үндейді. «Балалар үлкендердегі сынмен оқымайтынын»

ескертіп, тәуір дүние «өз ұлтының тұрмысынан һем табиғатынан» жазылғанда ғана «баланың ойына, қанына, сүйегіне ұлт рухы сіңіп, ана тілін анық үйреніп, керекті мағлұмат алып шығады. Мұндай балалар бастауыш мектепті бітіргеннен кейін қай жүрттың мектеп-мәдресесінде оқыса да, қай жүрттың арасында жүрсе де сүйегіне сіңген ұлт рухы жасымайды. Қайда болса да, тіршілігінде қандай ауырлық, өзгерістер көрсө де ұлт ұлы болып қалады» деген ұлken де дана тұжырым, сөз жоқ, қазақ сынының алтын қорына енетін толғам екенін ауыз толтырып айтуға тиіспіз.

Осындағы ұлы мақсатты келістіріп айтып алғаннан, жалпы оку-өнер мен әдебиеттің қоғамдық-әлеуметтік салмағы мен орнын білкке көтергеннен кейін жастарды тәрбиелеу мәселесіне ат басын бұра келіп, балаларды баяндап оқытудың накты тәжірибелерін әңгімеледі. Оның ұлгісін «оқымысты бала» деген әңгімені талдаумен, яғни мұғалімнің сұрауына оқушының орныкты жауап беруімен көрсетті. Тәжірибесіз мұғалімдердің жүрер тұра жолын сзып, нағыз әдіснамалық нұсқау жасады. Қітапта баяндап оқытудың әр килем амалдарын қолданған уақытта бүкіл класс оқушылары қатысуы, бірін-бірі толықтыруы, өлеңдерді үгынып, түсініп жаттап алуы міндет екенін ескерте келіп, бұл оқыту әдісінің тағы да «мынандай шарттары бар» анық, айқын оку, ыңырсымай, сөзді орынсыз созбай, салмақты айтатын орында асықпай, кісі қалай сөйлесе солай оку керек. Сұрау, тандану, кідіру белгілерін тиісінше оқып, дауысты көтеретін орында көтеріп, бәсендегетін орында жай оку тиіс. Балалар дұрыс оқи алмай қиналған жерде, мұғалім өзі оқып көрсету лайық» (242-бет) деп атап-атап баяндаған нұсқаудың бүгінде қажет екендігін анық байқаймыз.

М. Дулатовтың «Қирагат» оку кітабына осындағы дәйектеме жазуының өзі педагогикалық мақсатты көздеңімен эстетикалық өнірлерге қол созып, талай шүрайлы ойларды айтуы, жазушылық шеберліктің қыр-сырын аңғартуы, көркемдік таным-білікті қалыптастыруы, сөз жоқ, ғылыми негізі қалың нұсқауды сын жанрының төл туындысына айналдырып жібереді де, қазақ сынының жан-жаққа көз тастай бастағанын аңғартады.

Әдеби сынның ауқымына кіретін осындағы дәйектемелер тек қана түсіндіру, айтып беру мақсатын көзdemей, ара-тұра өз ойын дәлелдеуге ойысатындығын байқатып

отырады. Алайда мұның бәрі де дәйектеме-сынның ау-
қымында көрінгенің байқаймыз. Өйткені дәйектеменің
қайсыбір түрінде дәлелдеуден гөрі декларативті ой түю
басым жатады. Қөлбай Тоғысов Ақтамберді мен Қекей
қыздың айтысын тамашалай келіп «Қазақтан да неше
түрлі орыстың Пушкин, Лермонтов секілді ақындарын-
дай ақын шығуын көрсетеді. Қазақтың оқу оқымаған
бір жігіті мен бір қызы ешбір дайындалмай, тойға кезі-
гіп осындей өлең айтса, оқу оқыған Пушкиннен кем бо-
лар ма еді?!» деп ой түюінің өзі дәйектеме-сынның дек-
ларативті тұжырымға бейімдеу екендігін аңғартса
керек.

Сондай-ақ әдебиеттің ішкі әлеміне сұғынып, өткен-
кеткенді айтып беруге ғылыми дәлелдемесі жетпей жат-
қанымен тұтіні дұрыс шалқыған ой-пікірлерді көреміз,
тіпті өнімді қаламдарда методикалық нұсқаудың өзі
дәйектеменің бір түріне айналып кеткенін аңғарамыз.
Дәйектемелер социологиялық-эстетикалық сынға барап
жолдағы үлкен өнерпаздық өткел болғаны анық.

Сонымен қазақ баспасөзінің туу дәуірінде шыққан
көркем шығармалар мен өлең жинақтарына, оқу құрал-
дарына, басқадай кітаптарға жазылған, олардың мән-
мақсатын түсіндірген комментарийлердің эстетикалық
өрісіне қарап, оларды дәйектеме-сын деп атаған орынды.
Ал дәйектеме-сын көркемдік талдауы мен эстети-
калық дәлелдеуі, социологиялық түсіндірмелері аралас
жүретін мәнді сын мақалаларға, құнды рецензияларға
барап жолдағы бір басқыш.

2. АБАЙ ӨНЕРІ – ӨСЕР СЫНҒА ӨРЕЛІ ӨРНЕК

Қазақ әдебиет сынның туу дәуірінде оның эстети-
калық өрісін едәуір биікке көтеруге себепші болған ше-
шуші фактордың бірі — ұлы Абай творчествосы.

Абайдың кеменгер өнерпаздығы өзінің зерттелуі,
насихаттауы жағынан қазақ әдебиетінде теңдесі жоқ
сала екенін ескеріп, біз Абай шығармаларының Қазан
төңкөрісіне дейін сын объектісі болуына, ол жөнінде
артық-кем айтылған пікірлерге және Абай даңқының
жайылу мәселелеріне назар аудармақтыз. Әрине Абайдану
ілімінің негізін қалаған М. Әуезовтің, Абайдың
қазақ әдебиетіндегі орны мен ақындық шеберлігін зй-
қындастын С. Мұқановтың, кеменгер ақынның поэзия-
сын зерттеген Х. Жұмалиевтің, Е. Ысмайловтың,

3. Қабдоловтың, өнерпаздық өмірбаянына барлау жасаған М. Сильченконың, Абайдың орыс әдебиетімен творчестволық байланысын шолған З. Ахметовтің, кара сезіне назар аударған Х. Сүйіншәлиевтің, Абайдың дүниетанымы мен эстетикалық ойна көніл бөлген Б. Габдуллиннің, педагогикалық көзқарасын пайымдаған Т. Тәжібаевтың, Абайдың революцияшыл-демократ орыс достарымен қарым-қатынасын баяндаған А. Жиреншиннің, сондай-ақ Абай творчествосы туралы құнды пікірлер, сүбелі ойлар айтқан Құдайберген Жұбановтың, Т. Әлімқұловтың, М. Қаратасевтың, Ә. Тәжібаевтың, Б. Кенжебаевтың және тағы басқа көлтеген авторлардың еңбектері қазақ әдебиеттану ғылымы мен сынының қарқынды өркендеу арнасындағы ең мәнді олжалар екенін атап, төңкеріске дейін Абай шығармаларының қалай насиҳатталғаны, сын елегінен өткені жайын әңгімелеген жөн.

Ең алдымен 1909 жылы Петербургте басылып шыққан «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбай ұлының өлеңдері» жинағына және Қәкітай Үсқақұлының «Абай (Ибраһим) Құнанбай ұлының өмірі» атты мақаласына айрықша тоқтау қажет.

Абай өлеңдерінің жинағын құрастыруышы Қәкітай Үсқақұлы мен Тұрағұл Абайұлы ақын шығармаларын хроникологиялық тәртіппен орналастырмай, тақырыптық принциппен жүйелеген. Тұңғыш жинақты осы принциппен құрастыру ол дәүірде орынды да еді. Өйткені Абайдың бұрын кітап болып шықпаған өлеңдерінің бар қадір-қасиетін таныту үшін және автордың идеялық бағыты мен эстетикалық мұратын халыққа аңғарту үшін шығармаларды тақырып бойынша орналастыру ең оңтайлы да дұрыс принцип. Ал хронологиялық принципке ойысу көбінесе ақын еңбегін әбден таныған кезде творчестволық өсу жолын аңғару мақсатынан туады. Демек, жинақ құрастырудың өзіне белгілі дәрежеде сынни ойықпал жасайды.

1909 жылғы жинақ Абай өнерінің бүкіл Қазақстан көлеміне жайылуына жағдай жасаса, 1933 жылы М. Әуезов құрастырган бір томдық Абайдың өнерпаздық өсу жолын аңғартуға, ғылыми жүйемен зерттеуге негіз болды.

Тұңғыш жинақты құрастыруышылар Абай өлеңін 17 топқа бөледі. Егер бастапқы 7 тарауы әбден ойланылған, белгілі жүйеге келтірілген десек, соңғы тараулар-

дың тақырыптары тым ұсақтап жіберілген. Ен алдымен Абайдың творчестволық бетін айқын танытатын «Халық туралы», «Өлең туралы», «Замандастар туралы», «Өзі туралы» деген тақырыптарды айрықша бөліп, ой, насиҳат, ғашықтық, аңшылық туралы өлеңдерін даралай топтастыру, аудармаларын, поэмаларын бірыңғай орналастыру әбден орынды болған. Ал табиғат лирикалық жататын «Жазғытүрим», «Жаз», «Күз», «Қыс» өлеңдері топтастырылмайды, «Сегіз аяқ» пен «Аттың сынын» қосар жүйе табылмаған. Соңдай-ақ «Сұлу ұрғашы туралы» дегенді «Ғашықтық туралы» бөлімге қоса салуға болғандығын құрастыруышылар аңғармаған.

Нак осы мәселе жөнінде Мұқтар Әуезов Абайдың «Шығармалар жинағына Қекітай өзінше талдау-жіктеу жасаған. «Ой туралы», «Өзі туралы», «Ел (дүрысы: халық — Т. К.) туралы», «Ғашықтық туралы» деген сиякты тақырыптарды бөліп шығарып, әр өлеңнің мазмұнына қарай мөлшермен жіктейді.

Аныңда, Абай өзі тірісінде шығармаларын бұлай топтаған жоқ еді. Ақынның тілегінен тыс түрде, редактордың өзінше бөлшектеуі, редакторлық, ғылымдық дұрыс түрі деуге болмайды. Бұл шартты түрдегі, біраз зорлықпен жасалған жіктеулер. Себебі көбінше Абай өлеңдерінің ішкі мазмұндарына қарасақ, «Ой туралы» деген бөлімде өзі турасындағы сөздер жүреді. «Ақындық (дүрысы: өлең — Т. К.) туралы» деген бөлімінде — ой туралы, «Ғашықтық туралы» деген өлең тобына көңіл күйінің лирикасы да араласып отырады. Сонымен, Қекітай жасаған жіктеулер дәл, дәлді емес (20-том, 17-бет) деп жазған болатын. М. Әуезовтің Қекітай жіктеуіндегі кем-кетікті сынауы орынды екенін ескерткен уақытта, жинақ құрастырудың творчестволық процесс екенін жоққа шығармайды. Абайдың тұңғыш жинағына енген шығармаларды топтауда кем-кетіктер болғанмен, жинақ құрастыруышылар Абайдың негізгі ойы мен максатын қалың оқушыға белгілі жүйемен жеткізе алған.

Қекітайдың Абай өлеңдерін тақырыпқа бөліп орналастыруы ғылыми түрғыдан олпылы-солпылы болса да, автордың сыншылық ойының ұшталғандығынан айқын хабар береді. Өйткені ақын шығармаларын, оның үстіне тұңғыш рет жарық көреін деп тұрган Абай жинағын белгілі жүйемен топқа бөлу әшейін техникалық іс емес, творчестволық процесс еді.

Абайдың тұңғыш жинағын құрастыру принциптері

жайына аялдауға себеп болған бір жағдай — осы кітапта Қәкітай Ысқақовтың «Абай (Ибраһим) Құнанбай-ұлының өмірі» деген мәні жағынан да, көлемі жағынан да төңкеріске дейін шықкан кітаптарда жарияланған дәйектемелерден әлдеқайда үлкен де комакты мақаласы. Бұл мақаланың мәнділігі естелік дәрежесінде қалып қоймай, Абай творчествосы мен өміріне байланысты проблемалардың бірқыдыруын дұрыс баяндаудың және эстетикалық талдауының біршама дәйектілігі мен терендігінде деп айту керек.

Қазір Абайдың өмірі мен творчествосының қыры мен сыры түгел аян. Зерттеу енбектері, әсіресе, кеменгер жазушы М. Эуезовтің «Абай жолы» эпопеясы ұлы дарыиниң қадір-қасиетін қалың жұртшылыққа әбден таңытты. Біз осы ұлы істің ең арғы бастауын сөз қылған уақытта кейбір қайталауға тұра келетінін сезек те, қазақ әдебиет сыйнының туу мәселесі түрғысынан кейбір мәселелерді айтпай өту мүмкін еместігін ескердік. Өйткені Қәкітайдың мақаласы Абай өмірі мен творчествосының қазіргі уақытта кенейтіле, дамытыла айтылып жүретін жайларын едәуір қамтыған тұңғыш еңбек екенин айрықша ескерту қажет.

Бұл жөнінде М. Эуезов Абай шығармаларының 1909 жылдан кейінгі (1933 жылға дейінгі) баспаларының қате-кемшілігін сыйнай келіп, «сонғы баспалар Абайдың өміrbаянына да Қәкітай жазған сөз, деректерден басқа ешбір тың жаңалықтар қосқан жоқ-ты. Сондыктан Абайдың баспаға шығуында тарихтық, бірінші зор еңбек етуші Қәкітай» деп баға берген болатын. Қәкітайдың осы еңбегін С. Мұқанов та зор ілтиппатпен атайды.

¶ Қәкітай Ысқақов өзінің осы мақаласында негізінен уш мәселені баяндауды мақсат еткен. Бірінші — Абайдың ата-тегі және оның Абайдың ақындық өнеріне жаңаған әсері, екінші — Абайдың әлеуметтік өмірі, үшінші — кеменгер ақын творчествосының негізгі идеялық-эстетикалық арнасы. Бұлармен қатар сөз арасында естелік сипатында айтылатын деректер де бірқыдыру.

Қәкітай Абайдың ата-тегін баяндаған уақытта Үрғызыбайдың да, Өскенбайдың да, Құнанбайдың да әлеуметтік өмірге белсene араласып, билік айқандарына көбірек назар аударады. Әсіресе, Құнанбайдың Каркаралы округіне аға сұлтан болуын, дін жолын үағыздағанын, қажыға баруын және балаларын орысша оқуға бергендігін бірсыдырғы дәріптей көрсетеді.

Абай 15 жасынан бастап әкесіне үлкен қолғабыс тигізе бастағанын айта келіп, «елдің адамдары не қылса да аталарында атақты, үлгі аларлық би болады деген, бірақ ондай би болуға заманның өтіп кеткенін қайдан білсін. 20 жасында Абай халық ортасында маңдай, бас шешен болды... халық жайынан бұрынғы әдетті, ғұрыпты, ескі белгілі билердің қылышатын биліктерін көп білген. Өзінің зейіні артық болған соң кәрі мақалдарды, неше түрлі қазақтың білімділері мысал үшін айтқан әңгімелерді бірін ұмытпай біліп алған. Қазақтың ескі заманы болса бұрынғы қазақтың атақты бінің бірі болмағы анық еді» деп жазған.

Сондай-ақ Абайдың шешесі Ұлжанның да бидің тұқымынан екендігін, Қантай, Тонтайлардың күлдіргі қалжынға ұста болғандығын баяндаған уақытта автор, біріншіден, Абайдың ақындық өнерпаздығында осындай нәсілдік сабактастық бар еді, екіншіден, ата-тегі әшейін қарапайым адамдар емес, билік құрғандар еді, мұндай ортадан өсіп шықкан Абайдың тегін болмағы мүмкін емес деген пікірді айтпак болған.

Қекітай мақаласының шоқтығын көтеретін мәселелер — Абайдың қоғамдық өмірі мен өнерпаздығына объективті талдау жасауға талаптанған білімдері.

Қекітай мақаласында Абайдың 1845 жылы туып, 1904 жылы 23 маусымда дүние салуын, Ахмет Риза медресесінде жүргенде приходская школада З ай орысша оқып, 15 жасынан ел ісіне араласуын, қыскасы бүгінде бүкіл халыққа бүге-шігесіне дейін белгілі Абай өмірінің беленді-беленді кезеңдерін баяндауы тарих үшін айрықша бағалы деректер болды. «Бұл жөнінде қазақтың мәдениет тарихында, Абай мұрасына ерекше еңбек сіңірген, Абай өзі тәрбиелеп баулыған, жас жүртшылықтың көрнекті өкілі болған — Қекітай Ысқақұлының еңбегін айрықша айту керек» (20-том, 16) деген М. Әуезов пікіріне қосылмасқа болмайды.

Абайдың өміrbаяны оқушыларға мәлім бола тұрса да Қекітай жазған бірді-екілі деректерге назар аударған жөн. Қекітай Абайдың оқымыстылығын баяндаған уақытта оның мұсылманша білігіне де, орысша біліміне де деген қойып, оларды бір-біріне қарсы қоймай, бірін-бірі толықтырып отыруының арқасында Абай өрен тұлғалы, өз замандастарынан ақылы асқан кеменгер болып еді деген тұжырым жасаған.

«Уақытында аз да болса ислам діні, ғылымы кіріп

келе жатқан жаңа заманың ретіменен Абай ғарапша, парсыша, түрікше кітаптарды көп оқып, олардың ішіндегі ғылымнан үлкен хабардар болды. Сол талаппенен қырда ғарапшаға, парсышаға Абайдан артық болатұғын һәш кім болмады. Шала оқыған ғылымы бар қожамолдалар Абайдан қашып жүруші еді. Өзге жерде этірікті-шынды жүртты аузына қаратып жүргендер Абай алдында надандығы білініп, масқара болып қаламын ба» (1909, 106-бет) деген қаупін айтқан уақытта Абайдың мұсылманша білімінің молдығын, шығыс ақындарының шығармаларын көп оқығандығын аңғарту мақсатын көздеген.

Абайдың жер аударылып келген Е. П. Михаэлис, С. Гроссен таныс болғандығына айрықша мән береді. Егер олармен таныспаса «Абай әлде бойына біткен өнерін жарыққа шығарып білдірмей кетуге де болатұғын еді» дей келіп, олардан алған үлгі-өнегенің арнасын баяндайды. «Абайдың ғылымға бетін түзеп жібермекке осы кіслер үлкен себеп болған. Абайды орыстың белгілі жазушылары Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Толстой, Тургенев, Салтыков, Достоевский, Белинский, Добролюбов, Писарев деген кіслердің шығарған кітаптарымен таныс қылған. Абай өле-өлгеше: менің әкемнен артық жанашырлық қылып, дүниеге көзімді ашқан Михаэлис деп атап отыруши еді.

Абай соңғы замандарында Спансердің «Опытын», Льюистың «Поэтичной пэлсафа», Дрепердің «Европа-ның ғылымы» туралы жазғанын, Чернышевскийдің заманындағы жазылған статьяларды һәм оның өмірін оқып отыруши еді. Әсіресе, Абай Лермонтовтың жазғанын ұнатушы еді» деп Абайдың әлеуметтік және эстетикалық көзқарасының қалыптасуына шешуші ықпал еткен арнаны айрықша мол да ашық баяндайды. Абайдың ақыл-парасаты, білімі үш арнадан, атап айтқанда, қазақтың көп жылғы өмірінде қалыптасқан билік айту дәстүрінен, сөз өнерінен, екінші — шығыс әлемінен, үшінші — батыс мәдениетінен нәр алып қанағаттанғанын көрсетеді.

Осы тұжырымды толықтыра тусу үшін Қекітай: «Абай 30 жасында барша халық ортасына атағы жайылып, белгілі болды. Бөтен елдің басты адамдары құдатамыр болып, жақындық қылып, араздық, жаулық қылмай журді. Үрлық қылған кісіге, зорлық қылғандарға жазаны аямай салып, қатты қысымшылық көрсетуші

еді. Бірақ осы ұрыны қатты тиямын дегендіктен қазақтың бұрынғы заманнан барытшаыл әдеті қалмағы киын болып, ел ішінде көп найман дегендер партия қылыш, көп әуре қылды» дегенді айрықша атап көрсетті. Ұлы азаматтың иғі істі жүзеге асырамын деп жүріп көп дұшпан тауып алғанын, талай қажыр-қайратын орынсыз шығындағанын:

Адам деген данқым бар,
Адам қылмас халқым бар —

деп қамыққанын айтуды қажет деп тапқан.

Осындай күрделі мәселелерді Қекітайдың дәлелден айтуды, оқушы сенерліктеі, ойланарлықтай етіп баяндауды, нақты мысалдармен нақтылай көрсетуі оның бұл мақаласының құндылығын арттыра түсken. Өз пікірін дәлелдеуге ден қою — сыншыл ойдың қомақтанана түскендігін аңғартатын көрініс.

Қекітай мақаласының ең сүбелі және құнды жағы — Абай өнерпаздығының сырына үнілу, біршама дұрыс талдау жасауы. Абай өлеңдерінің белгілі бір мәселеге байланысы барлығын, өмір болмысының өзінен туындағанын автор нақты мысалдармен көрсете алған. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» дейтін атакты өлеңінің сырын ақтара келіп:

Адамның бір қызығы бала деген,
Баланы оқытуды жек көрmedім.
Баламды медресеге біл деп бердім.
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедин,—

деген шумақты Абай өз балаларының оқуымен, әсіресе, Михайловское Артиллериское училищені бітіріп, енді әскери академияға түспек болған Габдилрахимнің өмірімен тікелей байланыстыра баяндаған. Абай өлеңді «пайда үшін емес, халықты ғылымға ұмтылтып, көзіл көзін ашпакқа ғибрат үшін жазғанын» айрықша атап көрсеткен.

Қекітай Абайдың ақындық өнерді тануы және оған мүлдем ден қоюы жайында дұрыс ой өрбіткен. Абай 14 жасында-ак өлең шығара бастаса да, оған онша мән бермеген, оған кейбір ақындардың біреуді мақтап пайдада табуы және «қазақ ортасында ақындықтың пәлендей қадірі жоқтығын», «тұқымымыздан бақсы, яки ақын шықпайды» деп төрелердің мақтанатыны себепші болғанын дәлелге келтіреді. Орыс әдебиетінің данышпан

Ұлдарының шығармаларын оқығаннан кейін және көркем сөздің әлеуметтік мәнін әбден үққаннан кейін «Абай өзі өлеңін өнер екенін біліп жаза бастаған соң бұрынғы нағандықпен өлеңді өнер орына жұмысамай, гибрат үшін айтпай тіленшілік орнына айтқандықтан ақындықтың да, өлеңнің де қазақ ортасында бағасы кемігендігін айтып, өзін олардың айтқанын басқа» жолмен журуғе ұмтылғанын Кәкіттай құр баяндап қоймай, Абайдың «Бұрынғы ескі биді тұрсым барлап» деген атақты өлеңімен дәлелдейді. Абай жолы — халық жолы, прогресс жолы екендігін пайымдайды.

Автор өзінің осы ойын логикалық түйінге жеткізу үшін Абайдың дуниетанымын кеңейткен, ағартушылық-демократтық қөзқарасын қалыптастырыған орыс мәдениеті екендігін айрықша атайды. «Абайдың өзі Толстой мен Салтыковтың шәкірті еді» деп тұжырымдағаннан кейін, «орыс ғылымиң кітаптан оқығандық Абайдың көңіліндегі ақындығын қозғап, Абай өзін қазақтың гибрат алатұғын ақыны» деп үлкен де құнды қорытынды жасады.

Кәкіттай Абайдың ұлы ақын екенін танытпаққа күш жұмысаған. Бұл мақсат ол кезде әбден занды да еді. Өйткені қазақ даласына Абайдың даңқы жайылғанмен, оның бар творчествосымен қалың көшілік түгел таныс еді деу қыын. Сондықтан да Кәкіттай Абай ақындығына мақаланың әр жерінде саналы түрде әдейі айнала бір соғып отырған. «Абай өзінің теренен жазатұғын ақын екенін біліп, елдің ұғымсыздықтан әшейін өлеңнің артық қадірін білмегендігіне ыза болып» шығарған өлеңін де, «өзге алыс ел құмар болып Абайдың өлеңін жаздырып алыш, жиылған топта Абайдың насхатын үқса үқпаса да құлақ қойып» тындағанын да, «Қайран сөзім көр болды тобықтының өзіне» деп ызаланғанын да көздейген мақсаттың ауқымына тарта білген.

Кәкіттай осы мақаласында Абайдың ұстаздығына да арнағы тоқталған. «Абай жазған өлеңдерінен басқа, әшейін оқығанда өзінің қызықты көріп, көнілі ракат болатұғын сөзін ұғар деген бала-шагасы, ұғыри жаңа талап, байыпты жас жігіттер ортасында өзге ел сөзі, шаруа сөзі сөйленбей, өзінің білгенін, сезгенін айтып, адамның адамшылығы қандай мінезбен · түзеледі, қандай қызықпен бұзылады, ғылымды қалай іздеуге керек, өмірді қалай қөшірсе жөн болады, қандай ғалымдар өткен, олардың артықша айтқан сөздері қандай — әй-

теуірінде түрлі насихат болсын жастарға, ғибрат болып адамшылығы түзелер деген сөзді айтып отырудан қанша уақыт болса да еш жалықпай, ынталы көңілмен бек ракаттанып айтып отыруши еді» деген естелік сипатты баяндау Абайдың ақындық тұлғасын өсіре түсірген, оның халық ұстазы екендігіне меңзеген. Өзінің осы ойын көрген-білгеннің сөзі ретінде қалдырмау үшін Қәкітай: «Қанша халық надан болса да Абайдың насихатын көл тындал, қасында болған жігіттер өзгелерден бір түрлі медреседен оқыған, ғылым жолындағы кісі сықылды һәр нәрсенің жөнін біліп, жаман-жақсыны қөп айырып, надандықтан шығып қалушы еді» деп қомакты да дұрыс ой түйеді.

Сонымен қатар, осы мақалада ой өрбітуге, пікір тұжырымдауға өзек болар естелік те бар. Олардың ішінде Абайдың өлеңді кез келген қағазға жаза салатын әдеті, достық пен жолдастыққа үндеген насихаты, жас кезіндегі міnez қылыштары және жоғарыда көлтірлген естелік сипаттас кейбір пікірлері кездеседі.

Біз Қәкітай Ысқақовтың бұл мақаласына бірқыдыру мол тоқтаған уақытта ең алдымен Абай жөніндегі тұңғыш еңбек екендігін және екіншіден, осы мақала кейінгі баяндауымыздың негізгі объектісі болатындығын ескердік.

Абайтану ғылымының бүгінгі өркені өскен тұргысынан қарағанда бұл тұңғыш мақалада бірқыдыру мәселелер жетпей жатқаны, айтылмай қалғаны байқалады, бірақ қазақ әдебиет сынның таң шапағында туған осы құнды еңбектен Абайға байланыстының бәрін талап етуге болмайтындығы өзінен-өзі түсінікті. Сондықтан да осы мақаланың тарихи тағдырына назар аударған жән болмак.

Қәкітайдың бұл мақаласы Абай жинағында 1909 жылы жарияланса да, одан әлдеқайда ерте жазылған. Абай дүние салғаннан кейін Қәкітай Абайдың өлеңін жинап, кітап етіп бастыру қамына кіріседі. Макала 1904 жылдың екінші жартысы мен 1905 жылдың алғашқы айларында жазылып, даяр болғаны күмән тудырмайды. Өйткені бұл мақала 1905 жылы 27 тамызда Орыстың императорлық география қоғамының Батыс Сібір бөлімінің Семей бөлімшесіне келіп түсken. («Записки...» 1907, 4 және 9-бет). Оны орыс тіліне Э. Бекейханов аударып, «Абай (Ибраһим) Құнанбаев (некролог)» деп өзінің атынан 1905 жылы «Семипалатинский листок» га-

зетінде, содан кейін «Запискийдің» 1907 жылғы басылымында жариялаған. Мақаланың ең сонында Абайдың өміріне байланысты деректерді Кәкітай Ыскакұлы Құнанбаевтан алдын деп ескерту жасаған.

Біз осы мақаланың орысша және қазақша текстерін салыстырған уақытта болмашы ғана өзгерістері барын көрдік. Орысшасы қазақшасынан бұрын шыққан. Демек, бұл мақаланың авторы кім деген мәселе жауапсыз қалмауға тиіс. Мүмкін, Кәкітай орысшадан аударып алған шығар, әлде Бекейханов Абайдың өміrbаянының деректерін Кәкітай берді дегенді айтЫП, өзі жазып шыққан болар, не Кәкітай мақаласын аударып қана шыққаны автор болуға негіз деп есептеген шығар. Қалай болғанда бүкіл қазақ әдебиеттандында, әсіресе Абайтануда сүбелі орны бар дүниенің ақиқатына жетуге тиіспіз. Өйткені Қазан төңкерісіне дейін Абай жайында жарияланған орысша, қазақша макалалардың бәрінде де осы «Запискide» шыққан мақалага мензеу жасалады. Соңғы кезде, яғни «Жұлдыз» журналының 1991 жылғы 9 санында орысшадан аударылып жарияланды. Соңда мақаланың шын авторы кім? деген сауал өзінен-өзі туындейды.

Культ заманында жазылған еңбектердің бірде-бірінде бұл мақаланың атын атамақ түгіл, шын сырын анықтауға ешбір зерттеуші назар аудармады. К. Жұмалиев «1907—1909 жылдар Кәкітай Ыскакұлының әуелі орысша, артынан қазақшаға «Абай Құнанбайұлының өлеңдері» деғен кітапта Абайдың өміrbаяны басылды» деп хабарлағанына қарағанда бір шикіліктің барлығын сезген де, Әлихан атымен жүрген мақаланың мән-жайын айқындауға жүргегі дауаламаған. Ол кезде осылай жасауға мәжбүр еткені белгілі, алайда Абайдың кеңес заманына дейін танылуы, данқы жайылуы, насиҳатталуы жайындағы мәселені енді айқындау шарт. Қайта күрумен жариялылық заманында акталған ұлы дарындардың әрбір ісіне зор ілтипат білдіріп, жасаған істерінің қадір-қасиетіне жетуіміз керек. Бірақ бұл ниет бұрынғыдай бірыңғай бүрмалап көрсетуге негізделмей, шындық деңгейінде айтылса ғана мұратқа жеткізбек, өткен өміrіміздің ашы ақиқаты болып көрінбек. Қазақстан тәуелсіз ел болғаннан бері тарихи шындықтың қандай күйде болғандығын ашып айтуға мүмкіндік туды. Кеңес заманында қалыптасқан орынсыз қауіптену мен күдік-тенушіліктің зияны қаншама мол болғандығы осы ма-

қаланың авторын айқындау барысында айқынырақ көрінуге тиіс.

«Семипалатинский листок» пен «Запискиде» жарияланған мақаланы қазақшаға Т. Жұртбаев аударып, «Жұлдыз» журналының 1991 жылғы 9 санында жариялады, авторы — Э. Бекейханов.

«Сын сапары» (1971) монографиямызда және жоғарыдағы талдауларда мақаланың авторы Қәкітай Ысқақұлы екеніне шүбә келтірmedік. Оны дәлелдер материалдарды түгел есепке алу керек.

Ең негізгі дәлел — Қәкітай мақаласынан естелік сипаты бар тұстарынан әдей молырақ үзінді алдық. Мұндай мақаланы көп жыл Абайдың төңірегінде болған, оның өмірінің бар қалтарысын күнбе-күн көзімен көріп отырған адам ғана жазбақшы. Ал ол адам Қәкітай, одан басқа ешкім емес. Э. Бекейханов Абай қасында ұзақ жыл болмағаны былай тұрсын, Абаймен жүздеспеген, кездеспеген. Оны осы мақалаға өз жанынан қосқан сөздерінен аңғарамыз. Қәкітай «қазақтың ұғымына ыңғайлы деп Абай қазақша өлеңмен Онегинді перевод қылды. Қазақ арасына қатты жайылып кетті. Қазактар Татьянаның хатын бек жақсы көрді» деп жазғаны орысшаға аударған уақытта Бекейханов өз жанынан мынадай сөздер қосқан. «Абаем переведен на киргизский язык «Евгений Онегин», особенно в степи популярностью пользуется «Письмо Татьяны», для которого тот же переводчик сочинил мотив. В 1899 году в Кокенской волости киргизский певец Адылхан предложил нам послушать «Письмо Татьяны» под аккомпанемент его скрипки. На наше удивление, откуда он знает «Письмо Татьяны». Адылхан не без гордости указал на себя, пояснил, что у русских был такой же, как он, певец — «ахын» Пушкин, который воспел, как Татьяна «слу» (красавица) полюбила жигита Онегина, которому и написала письмо. В тот же вечер Адылхан, знающий много оригинальных стихов Абая, спел нам несколько его переводов из Лермонтова, пояснив при этом, что Лермонтов был недоволен жизнью, а Пушкин относился к ней, как мудрец. Впоследствии автору этих строк пришлось убедиться в том, что в киргизской степи в разных уездах «ахыны» знали и распевали на балалайке (домбре) переводы Абая из Пушкина и Лермонтова («Записки» 1907. III. 5) деп «Татьянаның хатын» қай жерде, қалай естігені хабарлайды. Абайдың аударма-

сын естігенін сөз арасына осылайша үйлестіре білген автор, егер Абайды көрсө, онымен дидарласса, сөз жоқ, келістіріп баяндауға дәрмені жетер еді. Бірақ ондай оқиға болмаған.

Аудармада Абайдың қажы-молдалар туралы айтқа-нын, 1822 жылы Сібір қазактарын басқару ережесінің жай-күйін баяндауы, Тұрағұлдың Абай шығармаларын бастыруға ниеттеніп жүргенін, бұған өзінің басшылық еткісі келетіндігін, Абайдың жыл мезгілдеріне арнаған өлеңдеріндей өлең жазу Еуропа ақындарына үлкен абырой болатынын айтқан төрт абзац қосымшасы бар. Сонын Абай өлеңдерінен келтірілген үзінділерге подотрочный аударма беріп отырған.

«Запискиде» жарияланған мақаланың аударма еке-нін дәлелдеу жағына келгенде, ең алдымен оның струк-туралық құрылышын салыстырған жөн. Жоғарыда айттылған қосымшалар мен қыстырмаларды есептемегендे бұл мақалалар егіз қозыдай, бірінен-бірі айнымайды. Мақаланың құрылышы қаз қалпында сакталған, абзацы абзацына, сөзі сөзіне сай. Сөзіміз нақты болу үшін бір-неше мысалдар келтірейік.

Қекітайдың Абай жинағындағы мақаласы «23 июнь-де 1904-жылында туған жері Шыңғыс тауында дуниеден қайтты атакты қазақ ақыны, Шығыс елінің қазағы Абай Құнанбай ұғылы. Кітапта шын аты Ибраһим, бірақ қазақ әдеті бойынша шешесінің еркелетіп қойған Абай атын халық атап кеткендіктен біз де Абай дейміз» деп басталады. Ал «Запискиде» «23 июня 1904 года в Чин-гизской волости (в горах Чингис) Семипалатинского уезда скончался популярный в родной степи киргизский поэт Абай Кунанбаев. Книжное имя его Ибраһим (Авраам), но киргизская степь, следуя матери поэта, укрепила за ним нежное ласкательное имя Абай, которое и мы сохранили за ним» деп аударылып, «Семипалатинского уезда», «Авраам» деген анықтауыш сөздер ғана қосылған. Бұдан әрі қарай ата-ана тегі жайындағы баяндаулар толық сакталған.

Мақаланың орта шенінде Қекітайдың «Абай 14 жасында-ақ біреуді мазақ, яки қалжың қызып, құрбылар ортасында өлең шығара бастаған. Олар жатқа үйреніп айтысып жүрген, бірақ өзі оған өлеңші екенмін деп көңіл қоймаған» деп жатса, оны «в 14 лет Абай сочинял сатирические стихотворения, они заучивались молодежью, но автор не придавал им никакого значения» деп аударған.

Енді бір жерінде «Әсіресе Абай Лермонтовтың жазғанын ұнатушы еді. Бұның өлеңін қазақшаға өлеңмен перевед қылыш еді: «Дума», «Кинжал», «Парус» уа «Молитва деген һәм гаири (басқа — Т. К.) бәйіттерін де переводтап еді» дегенді «Особенно полюбил Абай сочинения Лермонтова, из которых любил делать переводы, между прочим Абай перевел превосходными киргизскими стихами «Думу», «Кинжал», «Парус», «Молитву» и др.» деп кейбір анықтама сөз қосып аударған. Қекітай әр оқиғаға байланысты Абай өзінің өлеңін «Кез келген қагазға жазып тастаушы еді. Әуес қылған жастар алып, таратып кетуші еді. Абайдың халықты сынап шығарған өлеңдері қазақтың қай жеріне болса да жайылды» деп естелік сипатты пікірін баяндаса, «Каждое стихотворение, сказанное или написанное по слуху, на первом попавшемся лоскуте бумаги, разбиралось молодежью и заучивалось. Стихи Абая, особенно сатирические, встречаются во всех концах киргизской степи» деп сол естелік күйінде қайталап шығады.

Назар аударатын бір мәселе — Абай өлеңдерінен автордың ой-пікірін дәлелдеуге келтірілген үзінділер болуға тиіс. Бір цитаттан басқаның бері бірдей, орысшасында етеп қысқартылып, кейбір тұста ой сабакталған. Әсіресе, осы арада Абайдың ислам дініне қатынасын да айтту ләзім. Ол өзінің өлеңінде молдалардың арамзалығы мен алаяқтығын сынап, мұсылмандық жолымен күніне бес уақыт намаз оқуды мінейді. Осы арқылы барлық діни ғұрыпты ұстанатын, әсіресе, отыз күн рамазан айындағы ораза мен тәулігіне бес уақыт намаз оқуға қарсы келеді. «Құнанбайдың отбасындағы діни пікірлер мен ғұрыптар, әкенің үстемдігінің күші — Абайдың ислам әдет-ғұрыптарының бүркеншік қасиеттерін сезінуге жол ашты» (Т. Жүртбаев аудармасы бойынша) деген ойды Қекітай айтпаған, жазбаған. Абайдан жасқанатын шала молда мен қожаларды тілге тиек етіп, Э. Бекейханов өз ойын дамыта баяндаған. Діни ортада тәрбиеленген Қекітай айта алмайтын бірқыдыру атеистік, әрі-беріден соң батыстық түсінік-тапымды өз жанынан қосқан.

Қекітай мақаласының естелігі басым ең соңғы таразуы түгелдей аударылмай қысқартылған, себебі ондай сөздерді Абай қасында үзак болып, талай мәжілісіне қатысқан адам гана жазбақ, айтпақ. Абайдың партия-герліктен көрген қорлығын, оған деген көзқарасын оның

«Өлсем орнын кара жер сыз болмай ма?», «Екі күймек бір жанға әділет пе?!» деген өлеңдерімен дәлелдейді де, онан әрі Абай уағыз айтып отырғанда, «бір адам әншайін шаруа жайынан, ел жайынан сөз сөйлесе, бек ренжіп, ашуланып қалушы еді» дегенді аудару әрине авторға біраз ынғайсыздықтар әкелері сөзсіз. Сондықтан «Абайдың өміріндегі ең жақсы көретіні — таза көңіл мен достық еді» деп «Махаббатсыз дүние бос» деген өлеңімен мақаласын аяқтауы логикалық туйіндеу жайынан дөп бола қоймаганымен естелігі қатарласқан тұс-ты қысқарту қажет болғанын аңғармасқа болмас.

Әдебиетіміздің, әсіресе, әдебиетттану мен сынымызындағы тарихында үлкен орны бар еңбектің мән-мағынасын ашу, оны жазған авторды айқындау айрықша қажет. Өйткені қазақ зиялыштарының істеген өнегелі істерін жарқырата көрсетіп, әр адамның мәдениетімізге қосқан олжасын белгілі бір қайраткерге ынғайлай берсек, онда өрісіміз тарылары сөзсіз. Бұл бір. Екінші, қайраткерлеріміз акталып, тарихымызға қайтып оралғаннан бері анық-канығы дүдемал, күдік тудыратын, анықтауды қажет ететін дүниелердің бәрі сол кісілерге бүйірсын деген түсінік ендеп барады. Қайсыбіреулер көрер көзге шындыққа қиянат жасауда. Қателікке бастар қатерлі жол осы.

Оның шет сілемі осы мақала төңірегінде де бар. Т. Жұртбаев «Шындығында, бұл Қекітайдың әңгімесі бойынша Әлиханның Абай өмірі туралы толықтырылып жазған екінші мақаласы» еді деп («Жұлдыз», № 9 1991, 110-бет) сендіре тұжырымдайды. Э. Бекейхановтың ұлы қайраткер, қазақ елі үшін атқарған қызметі орасан зор екендігін қуана айтқан, жазған уақытта тап осы мақала тұсында аударма жасағанын көрмеске еш болмайды. Оған талай дәлелдер келтіруге болады, тіпті әрі-беріден соң «Абайдың тәржімә халін жазған да — Қекітай» («Казак», 18.01.1915) деп өзі мойындағанын естен шығаруға болмайды.

Т. Жұртбаевтың «Запискиде» жарияланған мақалалы Ә. Бекейхановтың Абай туралы «толықтырып жазған екінші мақаласы» дегені де томпактау, өйткені ол 1905 жылы «Семипалатинский листоктың» 27, 29 қазандары сандарында жарияланғанының қайтадан басылуы ғана. Ал қазақ тіліндегі түпнұсқасы Семей география бөлімшесіне 1905 жылы 27 тамызда келіп түскені тағы да белгілі. 1906 жылы қантарда Ә. Бекейханов Түзқала-

да жол үстінде ұсталғанда Абай жинағының қолжазбасы портфелінен шыққаны да рас, өйткені кітап етіп шығару үшін баспасы бар жаққа апара жаткан болатын. Сондықтан иғі көңіл емес, тарихи шындық қымбат.

Әлихан Бөкейхановтың қолынан мұндай мақала жазу келетіндігін айта отырып, ұлы адамгершілігіне арнағы назар аудара кеткен абзal. Ол да осы мақалада тікелей байланысты. Аудармада Абайдың өмірбаян деректерін Қекітайдан алдын деп ескерткені бар. Ал 1915 жылы Қекітай дүние салғанда оның есімін бүкіл казаққа жариялауды парыз санаған адамгершілігін естен шығармай, осы мәселеге қатысы бар ойларды суыртпақтаған жөн. Және қазіргілердің «Қекітайдың мұндай мақала жазуға өресі жетпейді» дейтін өрекпеулеріне Әлихан келісті тоқсауыл қояды.

«Қекітайдың әкесі Ысқақ — ақын Абайдың інісі. Қекітайды жасынан сүйіп, Абай қасына ертіп баураған. Абай қасында жүріп мектеп көрді. Қекітай орысша оқи да, жаза да білген. Абай білетін Еуропа жазушыларымен Қекітай таныс еді. Іждағаттылық арқасында сөзге ұста болды. Топта орысша сөйлеуге қысылмайтын. Сөз білетін еді.

Мен депутат сайланып шыққан жылы Семей қаласының орыстары бізді клубта конак қылғанда, орыс шешендеріне Қекітай жауап та қайырған еді. «Біз Михаэлис шікіріндеміз. Солардың шәкірті Әлиханды сайланымыздың себебі осы. Абайдың тіржемә халін жазған да — Қекітай. Осы екі істен-ақ Қекітайдың білімі окушыларға танылып қалар» («Қазақ», 18.01.1915, «Егеменді Қазақстан» 17.03.1992) дегені, сөз жок, адалдықтың белгісі, оның үстінен өмірде ізі қалған адамды елжүртқа танытудың үлгісі болса керек.

Ал енді Абай жинағы жайына келер болсак, Қекітаймен 1900 жылы шала-шарпы танысқанын еске алады да «1904 жылы Абай марқұмның өлеңін кітап қызып басындар деп, балаларына хат жаздым. 1905 жылғы шілденің аяғында Қекітай Абайдың қолжазбасын алып, Омбыдағы маган келді. 1905 жылы жазғытұры саясат ісі қалай болғанын біздің «Қазақты» окушылар біледі. Қекітай біздің үйде бірер жұма жатты. Абай, Пушкин, Лермонтов сөздерін бірге оқып, мәз-мейрам болдық. Анық таныстық деп тарихи қызықты деректерді айтып, өзі 1908 жылы абақтыдан шығып, Семейге келгенде соңғы рет «бір түн Қаражан үйінде бірге болып, мені

Қарқаралыға Омарбек, Қәкітай шығарып салып, қоңайтысқан жерде құшактап жыласты. Мен қасарысып, буындырған құсаны сыртқа шығармадым. Бекер жыламаған екенмін... Қош қарағым, достым, Қәкіш!» деуі, сез жоқ, кіршікөз көнілді көрсететінін, екіншіден, қазақ әдебиетінде көріне бастаған азасөз-естеліктің бір түрі болғанын да аңгаруға тиіспіз. Түптеп келгенде, азасөз сын жаңрынан алшақ жатпайды.

Сонымен осы деректер мен дәлелдер мақаланың алғашқы авторы Қәкітай екендігіне еш шұбә тудырмайды. Оның үстіне Қәкітай стилі әрине таза қазақильтырымен, өзіндік оралыммен көрінгенін есептен шығарып тастауға болмайды. Ал енді ол орыс тіліне аударылғанда стильдік жағынан мүлде басқаша сипат алғанымен, ойды жүйелеп баяндауы, бір пікірді екіншімен жалғастыруы, оны өлең үзінділермен бекітуі, бүкіл структуралық құрылышының сақталуы тағы бар. Ал енді орысшадан 1991 жылы қайтадан қазақшага аударылғанда тіпті мүлде жаңа сипат, тілдік өзгешелік тауып, алғашқы түпнұсқадан алшақтап кеткенін көреміз. Аударма процесінде мұндай бола беретін құбылыс екенін айтқанда, соңғы қазақша аударма Э. Бекейханов мақаласы деуге негіз бола алмайды. Өйткені мақаладағы жалпы ой ағыны, олардың түзілуі, әсіресе, Абайдың төңірегінде болған, оның өмірін көп жыл көзінен өткізген ғана адам жаза алатындығын Қәкітай пайдасына ойыстырапы сөзсіз.

«Запискide» жарияланған мақаланы Қәкітайдікі деп табу қытымыр заманда Абайтану ғылымына бірқыдыру жаңаңыз әкелгенін естен шығаруға болмайды. Өйткені XX ғасырдың басында жарияланған мақаланың нақты авторын анықтау тарихи шындық үшін, ғылым үшін айрықша кажет болса, екіншіден, Абай жөніндегі әрбір дерекке баға жетпейтінін еш уақытта ұмытпаған жөн. Тіпті М. Әуезовтің өзі де «Запискideгі» мақаланы атаусыз қалдыруға мәжбүр болғаны тарихқа белгілі.

Қәкітайдың осы мақаласы «Қазақ» газетінде жарияланған бірнеше мақалаға арқау болғаның, яғни Абайдың ғұмырнамалық деректері содан алғанын көреміз. Әрине, тасқа басылып шыққаннан кейін оны қай автор болса да пайдалануға ерікті екені, әрине ынгайы бар жерде авторы елеусіз қалмауга тиіс екендігі тағы бар.

«Қазақ» газетінде жарияланған мақалаларда Абайдың ұлылығын тануда және елге насиҳаттауда біркы-

дыру ірі қадамдар жасалған кезде Абай даңқының жайылуы жайында болсын, Абай жаңашылдығын тануда болсын артық-кем айтылған пікірлер кездескеніне назар аудармасқа болмайды. Абай жөнінде классикалық макала жазған А. Байтұрсынов, Абайдың қайтыс болғанына 10 жыл толуына арнаған М. Дулатов мақаласы болсын, әр қылыштың әңгіме ыңғайында Абайға ілтират білдірілетін материалдар болсын «Абайды біз ашып, жүртқа танытып отырмыз» деген ойдың секеттейтіні болмағанмен, түсіндірер тұстары да жоқ емес. Әйтпесе «туғанын, жасағанын, өлгенін өз елі тобықтыдан басқа қалың қазақтың көп жері білмей де қалды. Абай сөзі өзі өлгеннен кейін бес жыл өткенде басылды. Абай кітабы басылғаннан соң да елге көп тараі алмады», («Қазақ», 23.06.1914) деп Абай даңқын тар шенбермен өлшеуді тарихи шындық қоштамайды.

Казақ әдебиеттану ғылымында Абай даңқының жайылуы мен өнерпаздығының танылуы жөнінде көптеген құнды деректер бар. Олардың біразы оқушыға мәлім.

М. Эуезовтің «Революциядан бұрын Абай жөнінде еш нәрсе жазылмады, айтылмады деуге болмайды. Абайды танудың басы, алғашқы адымдары революциядан бұрын басталған. Бұл жөнінде Абайдың еңбектері үш түрлі бол жайылып тарағанын еске алу керек.

Бірінші жол — баспа арқылы тарауы; екіншісі — халық арасына ауызша жатталып, әнмен аралас тарауы; үшіншісі — қолжазба түрінде әр көлемді жинақтар болып, көшіріліп тарауы» (20-том, 16) деп тұжыра және ғылыми тұрғыдан дәл айтқан ойының бірінші бабына, яғни баспасөз арқылы таралу жолына ғана назар аударсақ, біраз шындықты көреміз. Және бұл дұдамәл, құдік тудырмайтын ең өнімді де тарихи шындықпен айқын дәлелденетін жол.

Абайдың аты қазақ баспасөзі бетінде тұңғыш рет «Дала уәлляты газетінде» аталғаны және «Айқап» журналының бетінен емін-еркін орын алғаны оқушыларға белгілі. Орыс және қазақ тілінде Абай және оның ұлы өнері туралы айтылған пікірлер «Қазақ» газетіндегі ойды қоштамайды.

✓ Әзірге белгілі болған деректерге қарағанда, Абайдың аты ағылшын тілінде 1891 жылы Лондонда шыққан Джорж Кеннанның «Сібір және жер аудару» деген кітабында аталды. Бұл кітап 1905 жылғы революция тү-

сында орыс жүрналдарына аударылып, жеке кітап болып басылып шықты. Семей кітапханасын пайдаланып жүрген қазак зиялышы — Абай Құнанбаев бұл еңбектерде экзотикалық түрғыдан баяндалып, Қазақстанда талай рет насиҳатталып келе жатқан дерек болғандықтан Абай даңқының шетелге жайылуының бір көрінісі ретінде аталуға тиіс.

Қазақ туралы жазылған кітаптардың, газет-журналдардағы мақалалары мен заметкаларының көрсеткішінде А. Алекторов Абайдың «Дала уәлаятының газетінде» 1889 жылы жарияланған «Қүлембайға» деген өлеңіне мынадай түсіндірме берген: «В стихотворной форме неизвестный автор (Абайдың қолы қойылмаған фой — Т. К.) бичует за безделие и незаконные поступки; между прочим он говорит:

Вы, простофили, имеете мало ума,
А таким быть управителем трудно,
Если же вы не способны к делу,
Зачем тогда стремились на должности?

Все стихотворение проникнуто в некотором роде гражданскою скорбью» деп Абай өлеңіне баға бергенін де естен шығара алмаймыз.

Ә. Марғұлан мен М. Сильченконың орыс географиялық қоғамының этнография бөлімінің архивіне И. Н. Куташев тапсырған материалдардың ішінде Абайдың 7 өлеңі жатқанын анықтауы да айта кететін факті.

Абайдың аты аталуы, өлеңінің архивте сакталуы сияқты деректер қаншама мәнді болса да, Абайдың өнерпаздығы жайлы тереңнен толғаган, қазақ әдебиетінде жана бағытты бастағанын жазған бір еңбекке айрықша тоқталу керек.

1903 жылы П. П. Семенов пен В. И. Ламанскийдің басқаруымен «Россия. Полное географическое описание нашего отечества. Настольная и дорожная книга для русских людей» деген жалпы атаумен шыққан еңбектің 18 томы түгелдей қазақ өлкесіне арналды. Оның «халкы» дейтін екінші бөлімнің төртінші тарауы «Историческая судьба Киргизского края и культурные его успехи» деп аталады. Бұл тараудың авторлары — А. Н. Седельников, А. Н. Бекейханов пен С. Д. Чазов. Ал бесінші — «распределение населения Киргизского края по территории, его этнографический состав, быт и культура» деген тараудың авторы жалғыз А. Н. Седельников. Эде-

бietetке, әсіресе Абайға байланысты пікір осы тарауда айтылғандықтан Э. Бекейхановтың қатынасы болуы қай дәрежеде екенін аңғаруға тиіспіз.

Тарау авторы, яғни А. Н. Седельников: «среди тюрков, кочующих в Азии, киргиз-казахи — наиболее культурный народ, и несомненно, что ему предстоит лучшее будущее: количество его увеличивается, и он оказывается восприимчивым и культурным приобретениям.

О сравнительной культурности киргиз-казахов можно судить отчасти по характеру языка, по способности и форме излагать свои мысли, по богатству народной литературы и, наконец, по состоянию развития искусств» деген толымды ой айтып, талай қызықты деректер келтіріп бакылаулар жасайды. Өз ойын логикалық жүйемен өрбіткенде халық творчествосының бай екендігін, Қозы Қөрпеш — Баян сұлу сияқты лиро-эпосты қызыға баяндап, Аягөз маңында ескерткіш салғанын айтып, жазба әдебиетке көңіл бөледі. Сол кезде жиі аталған, күні бүгінге дейін қазақтар көңіл аудармай келе жатқан Ноғайбайды және оның ізін қуушыларды («певцов народного горя, выразителей нужд и положения беднейшей части киргизов-джатаков»), Шортанбайдың «Зар заманын» атый отырып, жазба әдебиеттің соңғы кездегі биігі ретінде Абайға тоқталады. «Наконец, как представителя нового течения в киргизской поэзии, следует называть Кномбая (в Семипалатинске), — автора многих стихотворений, изящных по форме и поэтических по содержанию (особенно описания природы)» деп Абайдың көзі тірісінде тұңғыш рет ғылыми мәнді қорытынды жасаған болатын.

Ал енді осы «Кномбай»— Абай ма дегенге келсек, автор мынадай мағлұматтар келтіреді. «Этому же автору принадлежать хорошие переводы «Евгения Онегина» и многих стихотворений Лермонтова (который оказался наиболее понятным для киргиз), таким образом, у семипалатинских «уленши» (певцов) можно слышать, напр.: «Письмо Татьяны», распеваемое, конечно, на своей мотив» (204-бет). Эрине Абайдың әнерпаздығын, әдебиетке әкелген жаңалығын дәл бағдарлаған уақытта Э. Бекейхановтың ауызекі кеңесі болған да шығар. Өйткені 2-бөлімді бірге жазысқан авторлардың бір-бірімен ақылдаспауы мүмкін емес. Абай 1904 жылы дүниеден өткенде шығармасын жинап, жариялау жөніндегі ойы осы кезден тұтануы да ғажап емес. Эйтеуір Абай-

дың творчестволық тағдырына Э. Бекейхановтың қам-коршы жанашыр болғаны даусыз.

1909 жылы Уфа қаласындағы «Шарық» баспасында Омбы қазағы Зейнелғабиден бин Ялқаж Мұқымырак Әлжаяуари (яғни Зейнелғабиден Әмрин) құрастырған «Насихат қазакия» атты кітаптың «Әдебиет қазакия, яки қазақтың тіл өнері» деген бөлімінде «сөзге ұсталық әр халықта мактаулы болғаны сықылды, өлеңшілік те құрметсіз, қадірсіз емес. Фарантардың Лібіе, русларының Пушкині қияметкеше халық тілінде сөйленіп, тарихта жазылды... Басқа халықта болған сықылды қазактарда да бар...

Енді миллэт бақшасын ғылым мағариф пenen зейнеттеп (ғадірлеп), тендік сарайында шешендерімізді сөйлестіріп, өлеңшілерімізді озыстырысқа, мәжілісіміз — гүлді, сөзіміз — пұлды болар еді.

Жалғыз-ақ шешендік байлаусыз, дәмсіз, көпке пайдасыз құрғақ ұғымнан болғаны сықылды, мактаулы өлеңшілік те біреуді мақтап-мадақтауменен, біреуді сактап-жақтауменен болмайды, бәлки шешенің тілі, шебердің қолы ортақ болсын. Өлеңнің іші алтын, сырғы күміс болып, үлгі өрнекпенен болсын» деген өзінің әдебиет жайындағы көзқарасын баяндайды да, «Жақұт қазақ әдебиеті» деген тақырыпша қойып, Абайдың «Өлең сөздің патшасы сөз сарасы» деген шығармасын толық келтіреді. «Тобықты Ыбырай марқұмының сөздерінен» деген бөлімде «Қартайсаң қайғы ойлайсың, үйқын сергек», «Бай алады кезінде көп берем деп» шығармаларын даралап алған уақытта, ақындық туынды осындай болсын деген эстетикалық талабын айтпақ болған.

Қазақ баспасөзінің жандана түсінің арқасында Абайдың аты қазақ даласынан тыскары аймақтарға да тарай бастады. Оның бір көрінісі Д. Кеннан кітабы болса, енді М. Мырзахметов «Абай туралы жана деректер» деген мақаласында «Абай шығармаларының революциядан бұрын Таһридің аударуымен Иранда басылуы, Шәдінің Абай шығармасына өлеңмен түсінік жазуы, «Шора» журналына 1908 жылы Абайдың философиясы туралы зерттеу мақаланың түсүі» («К. Э.» 12.10. 1962) деген деректер айтып отыр. Соңғы екі факті бір қыдыру зерттеушілерге азды-көпті мәлім болса, Абай шығармаларының Иранда шығуы нақты деректермен дәлелдей түсуді қажет ететін жағалық.

Осы ретте, татар, башқұрт ақын-жазушыларының Абай жайында айтқан пікірлерін зор ілтиpatпен атау парыз. Татар ғалымы, филология ғылымының докторы Хатип Усманов өзінің «Егіз жырлар» атты мақаласында башқұрт ақыны Шаихзада Бабич 1913 жылы «Мен Құнанбаев жырларынан керім әсемдікті, абзал сұлулықты көрем де, рақат сезімге бөлгенем, мен оның орнын татар ақыны Тоқай мен араб ақыны Имраилькаис түрған биікке апарып қойдым» («Қ. Ә. 26.10.1962) деп жазған екен деп хабарлады.

Татардың қайсыбір ауыздықпен алысқандары қазақ әдебиетін татар әдебиетіне бағындырамыз деп шу көтеріл, әлек болып жатқан уақытта татардың классик жазушысы Ибраһим Фалимжанов: «қазақ әдебиятты инде болған бір факт. Бөтен қазақ сахараасына әдеби азық булып ве жирлар, бизнең хәзерге шағыйрләремезден күп әләк яшап, киң далада авазы яңғыраған Ибраһим Құнанбайлар, соңғы Сәедуллинлар...— гамум ән қазақ теленде баш көтерген әдебият хәзэр инкар итәргө мөмкін булмаған бір факттыр» («Аң», № 5, 1916) деп жазған болатын.

Абай өнерпаздығының танылуы мен данқының жайылуында айрықша атап өтетін жыл — 1914 жыл. Данышпан ақынның тұңғыш жинағының қазақ еліне кең таралуына және дүние салғанына 10 жыл толуына байланысты газет-журналдарда бірқыдыру мақалалар жарияланды. Арнайы әдеби кештер үйімдастырылды. Соның ішінде орыс география қоғамының Батыс Сібір бөлімінің Семей бөлімшесінің ұлы ақынға көрсеткен ілтипатын айрықша атаған орынды.

1913 жылдың желтоқсанында Абайдың ең жақын досы Евгений Петрович Михаэлис дүние салғанда «Занискидің» VII санында жарияланған қысқаша қазанамада Михаэлис «открыл за Иртышом большой поэтический самородок в лице Ибрагима (Абай) Кунанбаева. Заметив живой ум, большую любознательность Абая, Михаэлис серьезно занялся его воспитанием.

По указанию Евгений Петровича Абай перечитал русских классиков — Пушкина, Лермонтова, Некрасова, Тургенева, Достоевского и др., познакомился с сочинениями Спенсера, Льюиса и Дрэпера.

Абай прекрасно потом понял, чем он был обязан Евгению Петровичу и с трогательной благодарностью воспоминал о нем до конца своей жизни: Открыл мои

глаза Г. Михаэлис — обыкновенно говаривал Абай» дегінде, 1914 жылғы VIII шығуы түгелдей Михаэлистің өмірі мен қызметіне арналғанда «Его талант со всей силой проявился в делом ряде поэтических произведений; которые захватывали степь, и сделали имя Абая весьма популярным» деп жазуы Абай даңқын Тобықтының тар көлеміне шектеуге болмайтынын көрсетсе керек.

Семей бөлімшесінің қазақ мәдениеті тарихында істеген баға жетпес еңбегі көбіне Абайға байланысты десек те артық болмас, өйткені 1914 жылы 26 қаңтарда данышпан ақынды еске түсіру кешін өткізді. Өзінің осы дәстүрін берік сактаған бөлім 1924 жылы да Абайдың қайтыс болғанына 20 жыл толуын атап өтті.

1914 жылы Абайға арналған кеш қазақ тарихында бұдан бұрын болып көрмеген мәдени оқиға екенін айрықша айту керек. Соңдықтан да «Айқап» журналының «Біз өзіміз істеуге тиісті болған бір істі бізге орыстар істеп берді. Алашқа аты мәлім атақты ақын әм философ Ибраһим Құнанбаевтың өлгеніне биыл он жыл толады, ілгері басқан жұрт бұндай қадірлі адамдарының атағын шығару үшін талай белгі істеген болар еді» (№ 4, 1914) деп өкініш білдіре жазуында үлкен мән бар екенін айтармасқа болмайды.

Абайдың шығармаларын насиҳаттау, халыққа таныту ісінде қазақтың тұңғыш журналисті Нәзипа Құлжанованның еңбегі айрықша. Осы еске түсіру кешінде баяндама жасаған Нәзипа «Абайды туғызған қазақ даласы тағы да талай Абай секілді, бәлки онан да артық данышпандар туғызар» дегенде тындаушы қазақтардың жүйкесі босап, көзіне жас алғандары да болды. (Байғұс казак қам көнілді фой). Нәзипа ханымның орысша таза сәйлеуіне орыстар таң қалды дегенді айта келіп «Айқап» тілшісі «Абайдың қадірі халыққа зор екен. Абайдың өлеңі оқылғанда талай қазақтың көзінен жас мөлдіреді. Абай секілді сұңқардың орны бос қалmas деп үміт етедіміз» деп қорытынды жасаған.

Осы кеш жайында «Қазақ» газетінде де хабар жарияланды. Тілші «Атакты ақынымыз марқұм Абай Құнанбайұлы тұрасында баяндама оқылады деген хабар халық арасына бұрынырақ таралған себепті, жұрт ол күнді асыққандай күтіп тұрды» деп хабарлай келіп, бұл жағрафия жамиғатының кеші халықты сүйсіндіріп, көнілін ашты. «Бізде де Абайдай данышпан адам туады екен-ау, атағы қазақ түгіл орысқа да шығып, өзі өлсе

де терең ойларын, қымбат сөздерін, түрленген күйлерін жүрттына мирас қылып, артына қалдыргандай» деп жүрт шаттанды (21.02.1914) деп тілші Абай жөніндегі халық пікірін көлемі жинақы, мәні қомақты сөздермен бітірген.

Абайдың данқының жайылуын Мәскеудегі Лазарев Шығыс тілдері институтының академик А. Н. Веселовскийдің 70 жылдығына арнал 1914 жылы шығарған «Әлшариқат» жинағындағы материалдармен көрсете кеткен жөн.

Абайдың өмірбаянын жазып, шығармаларының мән мақсатын орыс оқушы қауымына түсіндірген Нұх, Рамазанов «в нем ярко олицетворяется переломная пора в духовной жизни киргизского народа. Первый из киргизов испытал он на себя силу русской школы, а знакомство с политическими ссылочными в 80-х годах расширило его умственный горизонт — он горячо полюбил русскую литературу» (224-бет) деп Абайдың ақындық арнасының ең мәнді жағын ашып алады да, Пушкин шығармаларының әшкөрелегіш рухы оған жақын да қонымды · болғандығын, Крылов мысалдары Абай сөзінің мәнділігін, әсерлілігін арттыра түскендігін, өзінің тамаша шығармаларымен халықтың қалаулысына айналғандығын баяндай келіп, Абай шығармаларының тарапалуы жайында «стихотворения Кунанбаева путем устной передачи и переписывания распространяются среди киргизов, живущих за пределами его волости» деп ел аралап жүрген ақындар мен өнерлі жастардың еңбегін дұрыс көрсетеді.

Н. Рамазановтың мына баяндауы да елеусіз қалмауға тиіс. Өйткені автордың Абай өлеңдерін талай тындац, гибрат алғаны байқалады, сонымен катар Абай өлеңдерінің мәні мен мазмұнына, қөркемдік қасиетіне орынды пікір айта алған. «Стихи Абая особенно привлекали слушателей по содержанию, они все взяты из жизни народа и художественны по форме.

Когда певец начинает петь насмешливые стихи Абая, слушатели ожидают: они находят у себя или у другого те или другие недостатки, остроумно подмеченные Абаем.

Постепенно веселый смех умолкает, слушатель задумывается» (226-бет) деген пікірдің шындықтан туғандығы бір болса, екіншіден, автордың сыншылық көз-

карасының құнарлы екендігін де аңғартады. Абай өлеңдерінде мазмұн мен түрдің тұтастығына ой жіберуі, казак тұрмысының шындығын көркем бейнелегендігін айтуы, ойдың оқушыға әсер етуін баяндауы әншнейін ғана айтыла салмағанын Н. Рамазановтың: «В стихах Абая нет лишних слов, как у других киргизских поэтов, которые в погоне за рифмой загромаждают тему стихотворения вставочными эпизодами и мотивами (такие стихи Абай называет стихами в заплатках). У Абая слова на своем месте: каждое слово имеет свой глубокий смысл. Киргизы прекрасно понимают достоинства его произведений, поэтому слушают с интересом, хотя Абай безпошадно высмеивает и порицает их, иногда даже проклинает за беспечный образ жизни» (227) деп білімдарлықпен айтқан пікірі автордың эстетикалық талзаталғамның жетілгенін де, сыншылық ойының қомақтылығын да көрсетеді. Сонымен қатар осы айтылған ойлар А. Байтұрыновтың «Қазақ» газетіндегі мақаласында «Абайдың терең пікірлі сөздерін қарапайым жүрттың көбі ұға алмай ауырсынады. Абайдың өлеңдерін мың қайтара оқып, жаттап алып жүрген адамдардың да Абайдың қейбір өлеңдерінің мағынасын түсінін жетпей жүргендерін байқағаным бар, құты осының мағынасы не деп сұрағандары да бар» деген пікірге біршама жауап болуға да жарайды.

Осымен қатар Аханың осы классикалық мақаласында теориялық тұрғыдан түсіндіретін бір қисын бар. Абай әрі жазушы, әрі сынши, әрі шебер болғандықтан қазақ поэзиясына көп жаңалық кости, «Абайда өлең сөздің неше түрлі үлгісі, өрнегі табылады. Ол өрнектерді ойдан шығармай, орыстан алса да, орыс өлеңдерінің өрнектері қазақ тіліне жарайтындығын бастап көрсеткені де зор көсемдік» деп Абай жаңашылдығының төркінін дәл басады, оны ұлы жаңалыққа, көсемдікке теңеді де «Абай өлең жақсы болуға керек шарттардың бәрін білген. Сондықтан өлең қай тарапынан болса да толық. Жалғыз-ақ міні бар. Ол мін — өлең бунақтары тексеріліп орнына қойылмағандық. Оны оқығанда я әнге салып айтқанда кемшілігі зор болады. Дауыстың ағынын бұзып, өлеңнің ажарын кетіреді, мысалы, төсөліп желіп келе жатып, шоқытып кеткен сияқты, Бұл кемшілікті түзетуге болады. Өлеңнің үш буынды бунақтары мен төрт буынды бунақтары алмасып кеткен жерлерін алып, өз орындарына қойса түзеледі. Мұнан басқа өлеңдерін-

де мін бар деп өз басым айта алмаймын» (219-бет) де-
ген кемеңгер байқампаздық, эстетикалық білімдарлық,
сөз жоқ, қанатын қомдаған қазақ әдебиет сыйны үшін
ұлы олжа, мақтан тұтар ғылыми тұжырым екендігін ал-
дымен айтып алу шарт. Өйткені мұндай пікірді сонау
заман түгіл, әжептәуір жетіліп қалдық деп жүрген дә-
уірде де келістіріп айтып, түсіндіріп жүргендеріміздің
өзі некен-саяқ. Өлең құрылсызы, оның ішкі үйымдасу
шарттары, дыбыстың әуезділігі тұрғысынан келгенде
бұл тамаша теориялық қысынды Ахаң «Әдебиет таныт-
қышта» әрі нақтылай дәлелдей түскен. Ол ойларын
жалпы «Өлең шығару» бөлімінің «Өлең ағындары» деп
atalатын тарауында ауысып түскен бунақтардың өлең
ағынына, әуезділігіне тигізетін зиянын айтқанда «бұл
кемшиліктен қазақ ақындарының көбінің-ак сөзі аман
емес. Әсіресе, Абай өлендерінде көбірек ұшырайды.
Мұндай кемшилігі бар өлендерді сол күйінде өзгерпей
әнге қосуға болмайды» (389-бет) деп 1913 жылғы пікі-
рін монографиялық еңбегінде онан әрі қоюлата түсті.

Алайда Ахаңның бүкіл теориялық негіздеуіне қарсы
болмаған күннің өзінде, бір ғана жайды ескертпей бол-
мас. Дауыс ырғағын өзгерту, өлең ағынын құбылту,
әуезділікке екпін түсіру тек бунақтардың алмасып ке-
туінен емес, автордың алдына қойған максатынан ту-
ғанына аян. Орыс өлендеріндегі тоникалық жүйенің
әсерін Ахаң көре білсе де, өлең өрнегіне келгенде есепке
алғысы келмейді. Тамаша білімдарлықпен «орыс өлең-
дерінің өрнектері казақ тіліне жарайтындығын» Абай
дәлелдеп, көсемдік жасады деп отырса да, екі өлең
жүйесінің, яғни тоника мен силлабиканың өзіндің ерек-
шеліктерін санатқа алуға ниеттенбегені байқалады. Бір-
неше рет бунақ тұрақтылығын әнге қосу қажеттігін
қайталап айта беруі силлабикалық өлең жүйесінің не-
гізгі талабынан туған да, тоникадағы дауыс ырғағының
рөлі айрықша зор екені ескерілмеген. Тоникадағы ин-
тонациялық принцип дауыс екпінін құбылтып отыруды
талап етеді. Ондай өлендер тақпақтап айтуды, ұранда-
туды қалайды. Абай өзінің диірменінен ұнтақтап шығар-
ғанда бұлардың қосындысы былайғы жұртқа біліне қой-
майды. Бұл процесс ақындарда, әсіресе, төңкерісті жақ-
тағандарда көбейіп, қазіргі қазақ поэзиясында сезіл-
мейтін күйге жетіп отыр.

Н. Рамазановтың бұл мақаласы төңкеріске дейінгі
Абайтануға қосылған шоқтығы биік құнарлы еңбек бол-

ғаны осындай өнімді ойларға өзек бола алғанынан да аңғарылса керек.

«Әлшариқат» жинағына Сатылған Сабатаев аударған «Жаз», Н. Рамазанов аударған «Ауылдың жаны терең сай», «Ызалы қол, улы сия, өткір тіл», «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма» өлеңдері поэзиялық қасиетін жоғалтпай бүкілресейлік оқушы қауымға жетті.

Орыс тілінде Абай жайында айтылған ой-пікірлерді В. Н. Белослюдовтың Абай музейіне тапсырған қолжазбаларынан да, сондай-ақ 1915 жылы Томскі қаласында шығатын «Сибирский студент» журналындағы «О киргизской поэзии» деген үлкен мақаласынан да көреміз. Бұл мақаланың авторы қазақ поэзиясының әргі-бергісімен таныс сияқты. Жанақ пен Орынбайдың, Шәже мен Эріптің, Біржан мен Сараның аттарын атаң қана қоймай, әрқайсысының еңбектері жайында, сондай-ақ қазақтың бай ауыз әдебиетінің үлгілері туралы өз ойын тартынбай айтқанынан байқаймыз.

Шокан Уәлихановтың асқан ғалымдығына, Үбрай Алтынсариннің ағартушылық қызметі мен ақындығына айрықша алтипат көрсетіп, Абайды «Великий киргизский поэт» дег табады да, «Абай открыл богатства родного языка, простыми словами, понятными каждому, излагал основные идеи философии» (№ 3—4) дег қазақ тілін білетіндігін аңғартады. Соның арқасында қазақ поэзиясының, оның ішінде ұлы ақын творчествосының көп ориенталистердің көзіне түсे қоймайтын шкі мәселелеріне үніліп, құнды пікірлер айтқан.

Абай жөнінде 1917 жылға дейін айтылған жазылған пікірлер бірқыдыру, біз олардың ішінен тек негізгілерін ғана ірікеп алдық та, Абай творчествосының насиҳатталуы мен танылуы процесінің қандай арналармен жүргендігін инфартуды көздедік.

Әбіш Жиреншиннің дерегіне қарағанда 1917 жылы Абайдың өлеңдері Самат Әбішұлы Нұржановтың құрас-тыруымен «Абай термесі» деген атпен Орынборда шыққан көрінеді. Семейде «Абай» атты журнал шығуына байланысты Абай творчествосының насиҳаттаудың жаңа кезеңі басталды. Енді тек үгіттік түрғыдан емес, ғылыми игерудің алғашкы нышаналары көріне бастаганда, замана қысастығына кезікті. Алайда Абайтану процесі күшнейіп, ғылым саласына айнала бастады. Ал 1918 жылы жабылған «Абай» журналы енді кайтадан шыға бастады.

Сонымен, кеменгер ақын творчествосының танылу, насихатталу, Абай даңқының жайылу жайы баспасөз бетінде жарияланған осыншама материалдар Абай даңқы Тобықтының төнірегіне ғана, әрі кетсе Семей мен Ақмола облыстарына ғана белгілі еді деген пікірлердің шындықтан алыс жатқандығын көрсетеді.

Егер әрбір өнерпаз тұлғаның еңбегі мен даңқының баспасөз бетіне түсүін есепке алатын болсақ, онда төңкеріске дейін Шоқан мен Ыбырайдан кейін Абайды ғана айта аламыз. Бұлар бүкіл қазақ даласына әрі ғалым-саяхатшы, әрі асқан педагог, әрі данышпан ақын бейнесінде танылды да ара-тұра орыс тілінде, қала берді шетел тілдерінде аттары аталағып, өздерінің географиялық шенберін кеңейткен болатын.

Баспасөз бетінде Абай жайында, оның шығармалары туралы арнайы пікірлер айтылып, қорытындылар жасалуы — кеменгер өнерпаздың танылу және даңқы жайылуының ең негізгі жолы. Сонымен қатар, осы жолға жанамалап қосылатын екі соқпақ бар. Оның бірі — Абай шығармаларынан үзінділер алу, цитат көлтіру, ал екіншісі — Абайды ақындықтың атасы тұтып, оған өзінің ілтипатын білдіретін өлең-жырларын арнау жолдары.

Бірінші жанама жол жайында онша көп деректердің қажеті шамалы. 1909 жылдан кейінгі қазақ баспасөздерінде Абай өлеңін өзі айтайын деп отырған мәселеге эпиграф қылыш алу, сондай-ақ өз ойын дәлелдеу үшін мысал етіп алу өте жіні кездесетін құбылыс. 1912 жылы Молдағали Жолдыбаев Шаймерден Әлжановтың «Жұртқа қайтсөң жағасын» деген мақаласына жауап жазған уақытта орысша оқығандар туралы айтпақ ойын Абайдың «Интернатта оқып жүр талай қазақ баласы» дегенінен едәүір үзінді алып дәлелдеген.

Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ баспасөзінің бетінде Абай өлеңінен көбірек цитат альянған өнерпаз болған емес. Әдебиет жайлы мақалада, хат-хабарда ғана емес, саяси-шаруашылық, әлеуметтік мәселелерге арналған мақалаларда Абай шығармаларынан үзінді алып, циттартар көлтіру объективті түрде Абайдың творчествосын насихаттаумен, Абайдың даңқын жаюмен параллар еді.

Ал Абайды насихаттаудың екінші жанама жолы әлгіден сәл өзгешелеу. Мұнда кездейсоқтықтан ғөрі саналылық басым. Өйткені өзінің қадір тұтқан адамына арнайы өлең шығару, біріншіден, саналы шығармашылық

процесс, екіншіден оны насихаттаудың бірден-бір ұтымды жолы, поэтикалық жолы. Революцияға дейін шыққан кітаптарда, газет-журналдарда Абайға әдейі арналған өлеңдер де, сондай-ақ өзінің ақындық жолында Абайдай өнерпаз болуды армандаған шумақтар да едәүір кездеседі. Олардың бәрін бірдей тізе бермеу үшін тек негізгілерін ғана пайдаланған жөн.

Әрине, баспа бетін көрмей кеткен, өзінің ағайынтыстары шығарған, тіпті әрі-беріден соң жоқтау түріндегі өлеңдердің болғаны тарихқа белгілі бола тұрса да, әдебиетте өз орны болғандардан біраз шумақтар келтірген орынды, өйткені онда таным-білік әрі жоғары деңгейде, әрі саналы кадам басым.

1912 жылы қазақ поэзиясына жарық жүлдyz болуды армандаған Мағжан Жұмабаев «Шолпан» атты өлеңдер жинағын шығарды. Сонда сыйынған пірінің бірі — Абай болды.

Шын хакім, сөзің асыл — баға жетпес,
Бір сөзің мың жыл жүрсе дамі кетпес.
Қарадан хәкім болған сендей жанның
Әлемнің құлағынан әні кетпес!..

Ай, жыл өтер, дүние көшін тартар,
Өлтіріп талай жанды жүгін артар.
Көз ашып, жұртың ояу болған сайын,
Хәкім ата, тыныш бол, қадірің артар!—

деп зор сенім білдірген еді.

1914 жылы Абайдың дүние салғанына 10 жыл толғанда «Абай кітабына» деғен атпен «Уақ» деп қол қойылған өлең жарияланды. Авторы кім екенін анықтай алмағанымызben, алдыңғы ойдың үрдісімен шыққан шумақты оқығанымыз жөн.

Құнінде жұз оқысаң жалықпайсын,
Көз талды, шаршадым деп талықпайсын.
Бір сөзін бір сөзінен артық көріп,
Күмар бол қайта-қайта анықтайсын,
Бойды ертіп, буынды алып мағынасы,
Тұрғанда оған нағып қамықпайсын,
Сөзі рас, сөзі таза, сөзі ақыл,
Көңілге бір жері жок жабыспайтын.
Қазакта мұнан артық сөз шыққан жок,
Багалад мынау не деп пар ұстайтын...
Жол тауып, жоба тауып, жолдас тауып
Халқының жоғын іздел табыспайтын.
Есіл ер бүл заманда болмады-ау деп,
Қазакта қабырга жок қайыспайтын.

Сәкеннің 1914 жылы шыққан «Өткен күндер» жинағында «Ақын» атты өлеңі Абайға арналып:

Саналы көзі ашыққа сөзін алтын,
Санасызға жел сөз — сокқан салқын.
Ойында санасыздың еш нәрсе жоқ
Ілгері бассын деген қазак халқын.

деген мәнді ой-пікірлер айттылууның өзі көп мәселені аңгартса керек.

Абайдың халықты жақтап, әділет үшін күрескені жайында Шәкәрімнің талай шығарма арнағаны, оның ішінде «Қалқаман — Мамыр» дастаны мен «Қазақ айнасы» жинағында аталғанына арнайы тоқталмай, Тайыр Жомартбаевқа көшсек:

Бос жүрген атан-бабаң не калдырды,
Өмірі өткен қар жамылып, төсөніп саз
Кешегі үлгі шашқан хакім Абай,
Оның да сөзін ұғып қалғандар аз,

деп қапаланғанын айтпасқа шарамыз қалмайды. Осы шумақтың өзі-ақ оқушының көнілін алаң қылатыны, Абай не жазып кетті еken деп іздестіруге себепші болатыны ақиқат.

Қалың көвшілікке Абайдың кім екенін танытуда, даңқын жаюда мынадай өлеңдердің септігі де аз тимеген. Б. Айтқожаұлының 1915 жылғы «Шын мақсұдтар» жинағында:

Жазылған кітаптары жүр шашылып,
Канжардай жүреккө тік шанышлып,
Үй басы іздең жүріп беріп кетті,
Ескер деп осынымды қол тапсырып.

Енді ойласақ мақсұты — елдің қамы,
Қара қазан, сар бала таңдағаны,
Сұрамай біліп кету мүмкін емес,
Іші ұзын, сырты қысқа мағыналы.

деген өлеңдер Абайдың ұлы өнерін, асыл арманы мен мұратын мойындаудың белгісі болса, екінші жағынан, Абай даңқын жаюдың негізгі тәсілі болды. Осындайлардың бәрінен хабардар болған және Абай творчествосын жетік білген Қөлбай Тоғысовтың «Абайды Пушкиннен кем деп айтуга бола ма?» деген риторикалық сауалының өзі сол кезеңде жария болған пікірлердің түйінде месі сияқты.

Сөйтіп Абай творчествосы және оның өнегелі өмірі Қазан төңкерісіне дейін орыс, қазақ тілінде жарияланған арнайы мақалалар мен енбектер арқылы қазақ еліне жария болды. Осы негізгі арнаға жанама сопактар — әлеуметтік, қоғамдық, шаруашылық, оқу-ағарту мәселе-леріне арналған енбектерде Абай өлеңін цитатка алу және ұлы ақынға арнап өлең шығару жолдары да тогызып жатты.

Абай өнерпаздығына, даңқына мүмкін қадерінше мол тоқтағанда, ең алдымен сының қанаттануына, айтарының нақтылануына, баяндаудан гөрі дәлелдеуге ұмтылуына үлкен өнер, ұлы дарын ғана жол ашатындығын көрсету бір болса; екіншіден, жоғарыда әдейі ұзақ-ұзақ келтірілген үзінділер қазақ сынының зор екпінмен көрінгенін және көпшілік көзінен тыс қалып келе жаткандығын аңғарту мақсаты жеңе берді. Оның үстіне жазба әдебиет пен сының творчестволық арақатынасын сез еткен уақытта мұндай материалдардың бәрін пайдалану қажет. Өйткені теория жүзінде айтылатын қағидалардан бұрынғыдай мысал іздең, құрак-жамау жасаудан безу үшін ұлттық таным-біліктен туған материалдарды көрсету абзал. Өл тың деректерді оқушылардың өзінше пайымдауына жол ашады, танытқыштық (познавательный) сипатын күштейте түседі. Сондықтан өз топырағында туған қисындар өз шындығына үйлескенде ғана өміршеш болмақ.

Қазақ әдебиет сынының туу, жанрлық сипат ала бастаудың әңгімелеген уақытта оның қайнар көзі, творчестволық арғы арнасы болған ауыз әдебиетінің тамаша үлгілерінде, әсіресе, ақындар айтысында халықтың эстетикалық таным-түсінігін танытатын көркемдік құбылыстар мол екенін аңғарамыз. Айтылар ой, корытар пікір, берер баға сөз өнерінің қадір-қасиетіне, өнерпаздық дарын қуатына жүйелі талдау жасамайтын, бірақ сыншылық ой-пікірдің, көзқарастың, көркемдік таным-біліктің сілемдерін танытып отыратын халықтық эстетиканы еш уақытта санаттан шығарып тастан алмайды. Көне дәүірдің сүбелі ойлары да ескерілмек.

Қазақтың сыншылық ойының оянып, түа бастау шағында ұлы ағартушы-демократымыз Шоқан, Үбірай және Абай қоғамдық сананың үш мәнді саласы бойынша ой өрбіткені мәлім. Шоқан Үәлиханов өзінің әдебиет жайындағы ой-пікірлерін ғылыми арнамен, Үбірай Алтынсарин педагогикалық жүйемен баяндаса, Абай Құ-

нанбаев эстетикалық таныммен тұжырымдады. Демек қанатын қомдап, ұшуға талпынған сәби сынға бұл уш сала, яғни ғылыми, педагогикалық және эстетикалық баяндаулар мен танымдар үлкен таяныш болып, оның алар камалдарын, асар асуларын бірсыздыргы дәл белгіледі. Қелешектегі социологиялық-эстетикалық ойлардың озық та мәнді, өрелі де биік деңгейіне жөн-жоба көрсетті.

Сынның негізгі көрінер арнасы — газет пен журнал. Сын жанрының табиғаты көбінесе өзінің кезеңдік сипатына орай әлеумет көңіліне ой салып отырған көркем туындының мән-жайын окушы қауымға түсіндіру міндеттімен қатар, сол шыгарманы жазған авторға мүмкін кадірінше көмектесу, жәрдемдесу мақсатын көздейді.

Сыншылық пікір өзінің осы қасиетіне сай үақыт жағынан онша алшактықта ұрынбайды. Окушының ойына нәр берген, ойландырып-толғандырып отырған шыгарманы сын ертеңге қалдырмай, бүгін айтады. Сонда ғана ол әдебиеттің даму барысына әсер етеді. Ал сынның сол күні айтқан тұжырымы өміршен бе, жок болмаса бір күндік қана ма және қандай эстетикалық талап-талғам тұрғысынан жазылды,— ол мұлде басқа мәселе. Өйткепі әр кезеңнің талабы мен түсінігі әр қылы. Бірақ та, сол сын пікірлер мерзімді баспасөздерде хатталып, аратұра кітап беттерінде жариялануы да мүмкін. Қалай болғанда да, Пушкин айтқандай, сынның өресі сол кезеңдегі әдебиеттің деңгейінен шығандап кетпейді.

Демек қазақ баспасөзінде жарияланған сынни материалдар мен мақалалар өзінің эстетикалық деңгейі жағынан да, баяндау тұрпаты жағынан да дәлелдеудің тәрендігі мен саяздығы жағынан да мансұқ етілмеуге тиіс. Өйткені қазақтың қоғамдық өмірінің көгінде пайда болған баспасөз орындары, әсіресе, «Түркістан уәлаятының» және «Дала уәлаятының» газеттері халықтың әлеуметтік сана-сезімін ояту бағытында бірқыдыру енбек етсе, екінші жағынан, әдебиет сынның тууына дайындық жасады. Бұл кезеңдегі әдеби сын элементтері әлі де болса жалпы әлеуметтік, қоғамдық мәселелермен қабаттаса айтылып, өзіне мәнді арна табуға ынғайы барын аңғартты. Сондықтан қазақ сынның эстетикалық дәрежесі онша көтеріңкі талапқа жауап беріп, өрелі биіктен шыға қоймаса да, өзінің жанрлық сипатын «Айқап» журналынан, әсіресе «Қазақ» газетінен тапты.

Қазақ әдебиет сынның туу процесін кейінгі кезге

сүйреушілердің ойынша сын қомақты формада көрінуге, ал газет-журналдарда жарияланғандар тек сын элементі болып есептелуге тиіс. Бұл тарихи шындықпен, көркемдік таныммен санаспай, өзгелердің үлгілеріне мөлие қараудан туған түсінік. «Орыс сынының тарихында» ой өрбітуге себепші болған әдебиет сынының алғашқы нұсқалары «тірнектеп» жиналғаны және оған қайтадан өмір беру үшін кесек-кесек үзінділерді әдейі көбірек көлтіріп отырғаны тегін емес, ұлттық таным-блікті накты қорсету мақсатын көздеген.

Ұсақтан іріге, саннан сапаға көшу жолындағы сынни пікір тап мына материалдан басталады деп айту қын. Аздың көпке, мәнсіздің мәндіге айналуы көбіне жинақтай, топтай білгенде ғана анық көрінеді. Бұл арада жеке-дара бір тұлғаның (сыншының) айқын көрінуі қажетті болғанымен де, әр адамның айтқанынан құралын сынни пікірді мансұқ етуге, елемеуге еш болмайды. Өркені өскен сын тарихтары осыны қорсетеді, ұқытырады.

Қазақ сынының туу кезеңдерінде сынды өзінің негізгі кәсібі еткен дарынның болмауы әрине эстетикалық таным-бліктің қалыптасуына әсерін тигізді. Алайда, бұл міндетті көбіне ақын-жазушылардың атқарғанын, тіпті кейде кездейсок адамдардың пікір айтқанын көрмесе болмайды. Бұл процесс сынның туу кезеңіне ғана емес, тіпті қалыптасу дәүіріне тән сипат.

Сондықтан «ұсақ-түйек» деп есептелетін сын материалдары да, әдебиетке ат ізін салған-салмағандардың айтқан пікірлері де сын жаңырның туу шағында мүмкін қадірінше ескерілуге тиіс. Бірімен-бірі сабактасып жатқан осы мәселені айтқан уақытта, кезінде жазылған, оқушы ойын оятуға да, ақын-жазушыларға да септігі тиғен материалдардың өнерпаздық ықпалы да әр қылыш болғанын естен шығармаған абзал.

Әдебиетке өзінің үлесін қосқан ірі дарындардың бір кезде жазғандары қалай болған күнде де атаусыз қалмайды, тіпті жинақталып басылып шығады. Ал енді кейбіреулердің жазғандары сол күйінде қалып қояды да, арнайы зерттегендердің ғана көзіне түсіі мүмкін. Себебі біраз материалдардың қайтадан сол күйінде жарайқ көре қоюы екіталаі болса, екінші жағынан бүрын «жоқ» делініп келгенді «бар» деу үшін көптеген накты деректермен дәлелдеу қажеттігі тағы бар.

Сонымен қазақ сынны Қазан төңкерісіне дейін туып,

дүниеге келді. Рас, қазақ сыны өзінің эстетикалық талап-талғамы, көркемдік өресі жағынан пәлендей биіктен табыла қоймағанымен де, өзінің сипатына сай қазақ әдебиетінің көптеген өнерпаздық мәселелерін көтеріп, жазушы мен оқушының творчестволық байланысын орната білді.

Қазақ әдебиет сынны өзінің эстетикалық дәрежесі жағынан соншама биіктен табылмай жатқанымен, өзінің жанрлық ерекшеліктерін айқын танытты. Сынның туу дәүірінде, әрине, оның бастапқы қарапайым түрлері басым болды. Қазақ әдебиет сынның алғашқы нұсқалары қазірға уакытта қаншама қораштау болып көрінсе де, өзінің жанрлық сипатын сақтады да калың оқушыға жаңа кітаптың шыққандығын хабарлайтын **жарнама-сын** мен шығарманың мазмұнын қыскаша баяндайтын **аннотациядан** бастады. Шығарманың оқушыға әсер еткенін анғартатын және оның тілек-талабын хабарлайтын **оқушы хаты** да көрініс берді.

Қазақ тілінде 1917 жылға дейін шыққан кітаптардың басым көвшілігіне сыній ой-пікірі бар дәйектемелер жазылды. Онда шығарманың қандай себеппен жазылғаны, қандай тарихи шындыққа негізделгені, шығарма авторының кім екендігі, қандай мақсат көзделгені жайында, мол дерек-ақпар берген алғы не соңғы сөздер **дәйектемесынды** тудырды. Дәйектеме-сын пәлендей талдау жасай қоймағанмен, шығарманың оқигасын, мәнін, жазылу себебін түсіндіруге, айтып беруғе үмтүлатындықтан аннотация мен рецензияның аралығындағы құбылыс.

Сынның осы түрлерінің игерілу барысында оқушы мен жазушы арасына творчестволық дәнекер болатын **рецензиялар** көбіне көркем шығарманы насиҳаттау мақсатымен көрінді. Шығармаға қойылар талап, берер баға, айтар сын осы насиҳаттау ниетінің төңірегінен өрбіді. Шындықтың сырын ашып алуға жәрдемі тиетін **айтыс мақаласы** (полемика) да сынның қанаттану шағын танытты.

Ал сын жанрының «физиономиялық» ерекшелігін айқындайтын **публицистикалық сын, проблемалық мақала** және **шолу** (обзор), нақты творчестволық тұлғаның өмірі мен өнерпаздығын хабарлап, ішінара талдау жасайтын **ғұмырнама, баяндама, сын мақала** жазылып, халықтың эстетикалық талап-талғамын жетілдіру бағытында қызмет атқарды. Ал әдебиеттану ғылыминың ауқымына кіретін зерттеу **мақала** (исследовательская статья) мен

хрестоматия күрастыру, **әдіснамалық нұсқаулар** қазақ әдебиет сыйнының туу дәуірінде көрініп, үлкен олжа салды.

Сонымен қазақ сыйны Қазан төңкерісіне дейін дүниеге келді және өзінің жанрлық сипатымен көрінді. Өзінің табиғи даму жолымен бір белестен екінші белеске көтөрілген уақытта уақыт екпінің тигізген салқыны аз емес.

Қазақ сыйнының жанрлық түрғыдан қалыптасу дәуірі бұрын-соңды болып көрмеген әлеуметтік жағдайда өтті. Жаңа заманда тек эстетикалық талап-талғам ғана емес, бүкіл социологиялық таным-біліктің өзі таптық түсініктің аясында көрінуге тиіс болып, көркемдік критерийлердің нысананы мұраттары өзгеріп сала берді. Соның өзінде де қазақ әдебиеті өзінің жорын жақтайды, арманын айтатын сыйны бар екенін медеу тұтты.

ҚАЗАҚ СЫНЫНЫң ЖАНРЛЫҚ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ

Төртінші тарау

1. ЗАМАН ЖӘНЕ ҚӨРКЕМДІК МҰРАТ

Қалай десек те Қазан төңкерісінен кейін жаңа заман басталғаны анық. Қазақ даласындағы азын-аулақ өндірісі бар қалалар мен кәсіпорындарда жұмысшы, шаруа, солдат депутаттарының кеңестері (совдептер) үш-төрт ай ереуілдегені болмаса, 1920 жылдың ортасына дейін Қазақстанда жаңа заман орнап еді деу қынн. Азамат соғысының лаңынан Қазақстанда жайма-шуақ күн болған жоқ. Ақтар қашты, қызылдар қуды, әйтеуір қазақ сахаrasы жынының ойнағына айналды. Құлағаны да, орнатайын деп жатқаны да елдің зәресін ұшырды. Халық азды, жүдеді. А. Байтұрсыновтың 1919 жылы «Жизнь национальностей» газетіндегі «Революция және қазақтар» деген мақаласына сенсек: «новодила на киргизов ужас Октябрьская революция своими внешними проявлениями. Она сопровождалась повсюду насилиями, грабежами, злоупотреблениями и своеобразной диктаторской властью» дегені шындық еді.

«Қазақ елінің оңаша отауын құрамыз. Ресейдің қол астында автономиясын алып береміз» деген алаш қозғалысының идеясын Ресейде орнап жатқан не большевиктер өкіметі, не тарихи саҳнадан шығып бара жатқан уақытша үкіметтердің бірде-бірі қолдамады, мойында мады. Соның салдарынан 1919 жылы наурызда А. Байтұрсынов, М. Дулатов бастаған Торғай отряды кеңес өкіметі жағына шыққаннан кейін не істерін білмей, Алашорда қожырай бастады. Ойыл уәлятты 1920 жылдың басына дейін өмір сүргенмен, бүкіл қазақтың тілегін ту қылып көтере алмады. Олай-бұлай қашқан-пыскандарға өткел болған, ереуілдеп шапқандардың шаңында қалған ел ауызбірліктің жоқтығынан опық жеді, қарсыласар, табан тіреп құресер күші болмады. Осы дүрбеленді заңды деп танып, тағдырға мойынсұнып, жоғымызды

кенес тауып берер деп үміттенгендер аз болса да айғайы жер жарды. Алашшыл оқығандардың «бұл тәңкеріс қазактың қалауымен, тілегімен болмаған жат құбылыс» дегені тағы белгілі.

Әрине патша ағзамының табанында екі ғасыр езіліп жанышылса да өз топырағында 70—75 процент болып отырған халықтың қызыл ұранның жетегінде кетуі, ак пен қараны аңғара алмауы, шөкімдей азғана топтың билікті іемденіп кетуі ғажап. Тұптеп келгенде, кенес орнаған кезде сол жеңіске ортақтасуға талпынбауымыздың, талпынуға шамамыздың келмеуі, ішкі ырду-дырду нәтижесі екені саяси-әлеуметтік тұрғыдан ойланатын құбылыс болғанымен, өнер мен әдебиетке қандай ықпал жасағанын бағдарлау шарт.

Ақпан революциясын қуанышпен қарсы алған халық Қазан тәңкерісіне жылы қабак көрсетіп, құшағын ала жүгіргемегенімен, жетектеуге оңай көнді. Өйткені патша заманында көрген қорлығы қайтып орала ма деп корықты, буржуазиялық бостандықтың дәмін тата бастағанмен, не екенін айыра алмай қалды, әйтеуір кедей-кепшікті жақсылыққа бастаймыз дегеннен үміттенушілер көп болды. Қазан тәңкерісінің дүрмегіне ілескендердің қай-қайсы болмасын көпшілікті қызықтырған идея соңына түсті де кетті. Бұл идеяның «бұрын езіліп, тапталған, қорлық-зорлықты көп көрген еңбекшілерді, кедей-кепшіктерді дүниенің әміршісіне айналдырамыз» деген ұранының тартымдылығы құشتі болды. Пәрменді насихатталып, білектің күші, наизаның ұшы, мылтықтың оғы, зенбіректің добымен қалың жұртшылықтың сана-сезіміне зорлап та, зорламай да сіңіру процесі басталып кетті. Қөпшіліктің көңіл ауаны ғана емес, бар ынта-тілегі, ар-ұжданы аспаннан жақсылық түскендей соған ауды, ауғысы келмегенін зорлап аударды, үлкен-кішіміз, кәрі-жасымыз ойланбай арта бердік. Басқаша түсінік болады дегенге нанбадық, әбден етіміз өліп алған соң басқаша ойлайтындар кездесе қалса әуелі шамдандық, содан кейін атып-шаптық, жаптық, тескентау айдадық. Жақсы болсын, жаман болсын социалистік жетпіс жылдың артына тастап кеткен мұрасы бар екенін енді жоққа шығара алмаймыз, алақанмен жауып қоя алмаймыз. Сондықтан ашы да болса шындықты бүрмаламай дұрыс баяндап беру, түсіндіру қажет.

Осыған байланнысты бір мәселені алдын ала ойланып алған абзал. Откен кезенде қолданылған атаулар мен

терминдердің бәрі түгелдей қолданыс таба алмайды, сондықтан ең негізгілері туралы келісіп алғанымыз дұрыс болмақ. Эрине аның, дөрекі қолданыстардың бәрін ұмытуға тиіспіз. Ал 20-жылдарда болған шындықты, яғни идеялар тартысын, әр қылыш түсінік-танымды белгілейтін атаулар жайында шартты түрде болсын бір тиянаққа келуіміз керек.

Қазақ әдебиеті әлемінде идеялық-көркемдік ізденістер мен бағыттарды белгілейтін талай атаулар болды. Қенес жолындамыз дегендердің қаламдарынан байшил, ұлтшил, буржуазияшыл-ұлтшил, оқыған байшил, кертартпа романтизм, алашшил, алашордашыл, жатыптар дегендей толып жатқан даттаушы атаулар қолданылды. Бұған сол кездегі партия-кеңес жұртшылығы демесін жасап, бықси бастаса, қозасын қопарып, лаулатып жіберіп отырған тұстары да жоқ емес. Ал осындағы атауларды жамылғандар да қарап қалған жоқ. Олар да тапшил, төңкерісшіл, марксшіл, революцияшыл, жалған лепірмешілер, өтірік ұрандатқыштар, жалаңаш шындықшылдар, сауатсыз натуралистер дегендерді боратты. Тіпті әрі беріден соң «аймақтық» таным-білік өнірлері де кездесті. Қазақстанда тапшилдық түсінік белен алып, бет қаратпай қойған соң, Ташкентті «қазақтың эмиграциялық» орталығына айналдырмасқа шарасы қалмады. Сондай-ақ Қазақстаннан жылы қабақ көре алмаған оңшылдар мен солшылдар «Мәскеуде оқып-жетілуді» машиққа айландырып алды. Мұны республика басшылары «оппозиция» болдырмадың амалы ретінде «құрметпен» аттандырып жолдама берудің аяр түріне айналдырды. Осылайша жіктелу мен жіктеу идеялық-көркемдік таным-білікті айтып, жазуға үлкен ықпал етті.

Әдеби сынның 20-жылдардағы жай-қүйін әңгімелуе үшін осы атау терминдерді алдымен бір жөнге салып алу абзал. Себебі әсететикалық талап-тілек пен түсініктерді тек адамзаттық ыңғайдан шығармаймыз, сол биіктен көрінеміз дегенмен, өмір шындығы, тарихи құбылыстар алдыннан кесе көлденең шығып, әр қылыш өнірге бастай беретіні ақырат.

Марксизм-ленинизм ілімін басшылыққа алып, кеңестік тәртіптің сөзін сөйлеген, жырын жырлағандардың «төңкерісшілдер» деген негізгі атауына ара-тұра «революцияшыл, тапшил» дегендерді қосақтайды. Онда кеңес әдебиеті және оның жасаушылары мен жақтастарына оңтайлы, мән-мағынасы айқын болар еді.

Ал баррикаданың екінші жағында болғандарды «алашшылдар» («алашордашылар» емес) деп атап орынды болмақ. Себебі «алаш» атауы азаттық алды, бұрынғыдай кияс-қынырлықты, сөгіп-даттаушылықты емес, жалпы халықтық этнонимге айналып, елдің жанына жағымды, құлағына ұнамды естілетін күйге жетті. Сондықтан «байшыл, ұлтшыл» деген қисынсыз қосымшалардан арылуға «алашишыл» деген термин мүмкіндік береді. Бұл атауларда белгілі дәрежеде саяси астар бары сөзсіз, оңсыз өтпелі дәуірдің шындығын әңгімелуе мүмкін емес. Ал көркемдік-эстетикалық терминдерге саяси мән-мағына дарытқышымыз келсе, оны ойдаң ағынына қарай құбылта қолдану, әдебиеттану терминдерін, синонимдерін молайту ушін А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышындағы» көп атаулардың онтайлысын көнінен қолдану жағын да естен шығармаған абзал.

20-жылдардағы қазақтың әдеби салынына сол кездегі қоғамдық сана мен көркемдік таным-түсініктің деңгейінен қарап шарт. Төңкерістен кейінгі 10—15 жылда әлеуметтік және эстетикалық-көркемдік ізденістің қуаты, екпіні айрықша күшті болды. Өйткені түрмис-тіршілік те, сана-сезім де дәуір толқынына кезікті де, ескіні қирату, жаңаны орнықтыру процесі мейлінше катты жүрді. Бұл — бір. Екіншіден, патша заманында тұншықкан ой-пікір демократиялық негізде ағыл-тегіл айтылуына мүмкіндік туды. 20-жылдары ойды тежеу, сақтана сөйлеу, көрбілтелеп айту машиғы болмады. Алашыл ақын-жазушылар мен қайраткерлерді тұтқындау, соттау науқаны басталғанда сәл анырап қалған көзкарас, танымбілік қанатын қайтадан жаза алмай, 1932 жылғы 23 сәуірдегі қаулымен тұмшаланды, бірыңғай ойлау жүйесі күшнейді, екі елі ерінге төрт елі қақпақ қойыла бастады. Ойранды отыз жетіден кейін өзінше ойлаудан, басқаша түсінік айтудан ада болды.

Ушіншіден, субъективтік себеп дейміз бе, шындық болғаннан кейін объективтікке айналды дейміз бе, әйттеуір 1967 жылы Е. Ысмайлов, М. Дүйсенов үшеуіміз сын тұманына орай отырып «Байшыл ұлтшыл жазушылардың творчестволық жағынан профессионалдық дәрежеде болғанын, оқыған, білімді екенін бұгуге, әрине, болмайды. Олардың шығармалары газет-журналдарда жиі басылып, жеке кітап болып ел ішіне мол тарап жатты. Сондықтан да идеологиялық майданда олардың салмағы аз болған жоқ («Қазақ әдебиеті тарихы», З-

том, 1-кітап, 1967, 24-бет) деп бұқпантайлап өткізген пікірімізді енді тарата баяндаған орынды. Шығарманың көркемдік деңгейі деген мәселенің басы ашық. Төңкерісшіл қызын-жазушылардың бірен-сараңы болмаса, басым көпшілігі шәкірттік деңгейде, талпының үстінде болды.

Ескісіз жаңаның тумайтындығы жөніндегі диалектикалық заң өткеніміз бер үгінгінің арасындағы творчестволық сабактастықты аңғарып алуды, біліп отыруды қалайды, сонда гана арналы өрісі айқындалады. Демек, сынның басып өткен жолын, әдебиет жанры ретінде қалыптасу кезеңдерін, әдеби дамуға жасаған ықпалын кезеңдік проблемалар арқылы көрсету қажет. Қазақ сынның қалыптасу дәүірін, оның көтерген мәселелерін, шешкен проблемаларын, шыққан биіктегі мен құлдырай құлаған кездерін барынша шыншылдықпен әңгімелеге тиіспіз. Білмеген адамға бар да жоқ, жоқ та жоқ. Эрине оны білмейсің деп кінәлауға болар, бірақ айыптай алмайсын. Өйткені оның қолында, көз алдында өткен мен кеткеннің, кешегі мен үгінгінің шыншыл қөрінісі жарқырап тұрмаған соң «жоқ» дей салу оп-опай.

Осыдан әдебиеттің басқа жанрынан ғөрі, сынның өзі көп қорлық көрді. «Октябрьге дейін бізде сын атаулының болмауы тіпті занды нәрсе» дегенді аузы кисаймай академик те, қара мен төре де нығыздай айтып, елдің эстетикалық таным-білігінің өресін біліп алуға кескестеп жол берmedі.

Ал шындығына келгенде, уақыт асуы әрі күрделі де қыын, әрі ажарлы да қызық болғанын тарихқа сұнгіген сайын көп кездестіріп, анық байқайсың.

Ұзақ толғақпен туған қазақ сынны Қазан төңкерісінен кейін буыны бекіп, бұғанасы қатып, аз жыл ішінде тез марқайды. Қазақ сынның басқа жанрлардан бір айырмасы — шығармашылық-идеялық талас-тартысы мен дау-дамайының молдығы еді. Солай бола тұрса да әр кезеңнің ұраны мен мақсаты әдебиетке айшықты таңбасын салып, бағыт-бағдар беріп жатқанда әдеби сын бірталай өткелдерден өтіп үлгерді.

Азамат соғысының «байтал түгіл бас қайғы» жылдарында, әдебиет сынны санатқа қосыларлықтай күйде болған жоқ. Оның көркемдік қуатпен қөрінуіне өнер-паздық-әлеуметтік алғышарттар болмады. Сөз бер саясат майданы шешуші сәтке жеткен кезде қалам орнына наиза, қағаз орнына қалқан ұстағандар кездесті. Сол

дәүірде туған әдеби шығармаларға қай тараптан болсын сын құрығы сілтенген жоқ. «Абай» мен «Мұғалім» журналдары ауыз әдебиетінің үлгілерін, қазақ ақындарының өлендерін жинап, жариялаумен көбірек шұғылданды.

«Еңбек туы» газетінің 1920 жылы 1 желтоқсандағы бірінші санында жарияланған «Көтеріл, жастар» атты бас мақалада «Қазақтың саяси ауасында осы күні тоқталыс. Бұрынғы патша заманындағы үлтшылдардың көбі шабысынан тайып, жүрісінен жаңылғандай түрі бар» дегенінің белгілі дәрежеде шындыққа да, әдебиетке де жақындығы бар еді. Өйткені әр халықтың өркендеуіне мәдениет, әдебиет, саясат жол-жоба көрсетеді деген уақытта әдебиет әрқашан елгезектік танытатының ескермей кете алмаймыз. «Қандай халықты алып қарасаң да әдебиеті өспей, мәдениеті өспеген» деген ойын «әсіресе оқымаған ел адамдарына айна бола алады» деп аяқтады. Ал Ә. Айсарин «Әдебиеттің бірінші басқышында тұрған театрды іске асыру керек» (7.12.1920) деп практикалық іске назар аударады. Б. Майлін де өзінің бір мақаласында осыған үқсас пікір айтып, шағын актілі пьесаларды өндіре жазды. С. Сейфуллин де замана талабына бағынып, «Қызыл сұнқарларды» дүниеге әкелді. Сөйтіп практикалық қажеттілік — сыншылық ойды оятты, бірақ сол кезеңде үлкен эстетикалық талап-талғамды баяндайтын деңгейге көтеріле алған жоқ. Өйткені бұл кезде баспасөз бетінде жарияланған әдеби шығармалардың өзі некен-саяқ болуының үстіне нысаналы биіктеге көтерілерлік дәрежеде емес еді.

Қазақ әлемінде негізі жаңа ғана қалана бастаған көркемдік таным-білік, идеялық көзқарас — шығарманың бүгінгі өмірімен тығыз байланыста болса, тапшылдық, партиялық принципті басшылыққа алса ғана proletарлық деп аталағын әдебиетке негіз болады деп ақын-жазушыларға да, сондай-ақ олардың творчестволық еңбегін сарапқа салатын сыншыларға да үлкен талап-міндеттер жүктеді. Бұл бағытты қаламағандарға, әсіресе, алашшыл ақын-жазушыларға қарсы күрес ашу міндеті де қоса жүктеліп, эстетикалық таным-талғамның өзі идеологиялық сипатқа ойысты.

Жасыратыны жоқ, көркем шығарманың қадір-қасиетін түсінү, эстетикалық деңгейін белгілеу, оның қоғамдық-әлеуметтік ықпал-әсерін айқындау тұрғысынан келгенде, алашшыл ақын-сыншылар көш ілгері жүрді. Эрі-

беріден соң олардың ұстаздық рөл атқарғанын да ашық айтқан жөн. Олардың өнер туралы ойлары, толымды пікірлері қазақтың эстетикалық таным-түсінігін білім деңгейге көтеріп, төңкерісшіл ақын-жазушыларды білім айдынын ізденуге еріксіз жетеледі.

Солай бола тұрса да, 20-жылдардың алғашқы жартысында бағыттар қағысы мен айтыс-тартыстары көбіне көп жеке ақын-жазушылар төнірегінен өрбіп, кезеңдің идеологиялық мұрат-тілегін көрсетіп отырды, онда жаңа заманның сырын аңғартатын кесек ой-пікірді анық байқаймыз.

Алашшыл әдебиет бағытын сөз қылғанда келешек баяндауларда айқын сезіліп, білініп отыратын манифесттік мәні бар бір материалға айрықша назар аудара кетейік. Өйткені алдағы жіктеу мен жіктелудің, ірге бөлудің біразы осы құжаттан басталды. Сондықтан оны сыйни ой-пікірдің, саяси көзқарастың, көркемдік таным-біліктің платформасы деп те қараста болады. Ахмет Байтұрсынов 1922 жылы 8 шілдеде «Еңбекші қазак» газетінде 29 санында «Қалам қайраткерлерінің жайынан» дейтін айрықша мәнді мақала жариялады.

1920 жылы 30 қарашада Қазақ АССР Орталық Атқару Комитеті республикадағы «оқыған қазактардың тізімін алу», оларды қоғамдық-әлеуметтік және қаламгерлік іске тарту жөнінде арнағы қаулы қабылдаған-ды. Соның інтижесінде 1921 жылы Қазақстан мемлекеттік баспасы үйімдастырылды. Оны өркендету мақсатымен «Еңбекші қазак» пен «Степная правда» газеттерінде 1922 жылы қазақ қаламгерлерін ігілікті іске шакырған, аткарап міндет-парызын айқындаған үндеу жарияланды. Осы тұста Ахмет Байтұрсынов қазақ жазушыларының съезін шақыру идеясын қолға алды. Небәрі үш-ак кісі қатысып, «Съезге атын атап шақырған адамдар да келмеді. Келмеу себептерін түрліше жоруға болады. Келмеулеріне бір жағынан жол қаражатына қаржы жоқтығы себеп болған шығар, екінші жағынан, Жұсіпбек жолдас сияқты «керексіз съезд» деушілік те себеп болған шығар. Ушінші жағынан, қазақ қайраткерлерінің Орынбор қаласынан қараңы үйден жаман қашатындығы себеп болған шығар, төртінші жағынан, өзгеріс уақытында қайрат жолы өзгеріп, қарқын беті қайтканы себеп болған шығар» деген сұлтауларды Ахаң атап-атап көрсетіп келеді де: «ел азаматтары еріншектік етіп келмей отыр деуге болмайды, мұның мәнісін

әріректен, тереңірекten іздеу керек» деп негізгі ойларын баяндады.

Қазақ жазушылары қайда туған, қашан шыққан?— деген сауалға: «1. Қазақ қалам қайраткерлері орыстан корлық көрген, таяқ жеген, орыстың табанында езілген жұрттан туған. 2. Қалам қайраткерлері казақ басына қыын-қыстау, тар заман түсіп, қайғы бұлты үстін торлап қаптаған шақта шыққан» деп бірден шамырқана ой толғайды да, олардың халқына жаны ашымауы мүмкін еместігін былайша дәлелдейді: «Қазактың бауырмал қалам қайраткерлері Октябрь өзгерісі болғанда бірден интернационал (бібауырмал) болып өзгере алмады, өз-гелердей «әлімсақтан бері» коммунист, интернационалист едім деп айтуға аузы бара алмады. Сондықтан би-бауырмалдық жолға қызмет қылып, қайрат көрсетіп, басшылық қыла алмады. Бауырмалдық жолында қаламмен қайрат етуін бибауырмалдық жолындағы үкімет хош көрмейтін болды. Сөйтіп, қазақ қалам қайраткерлерінің халінде дағдарыс болып, өзгерістен бұрынғы қарқындары қайтып, тартыңқырап қалды. Сол қайтқан қарқын әлі күнге дейін келіп жеткен жоқ, өйткені айтқанды тын dampatyn, жасасын бибауырмалдық» дейтіндер ауызға қағып сөйледіпейтін болды, омырау қағып, күш көрсететін болды.

Мұндай кезде қалам қайраткерлері жолын тастап көрінген жолаушыға ере беретін бұралқы ит емес. Бауырмал болып қалған қазақ қалам қайраткерлері ия бояумен түсін өзертін, ия түленмен түсін өзертіп би-бауырмал болмаса, нақ ішін өзертіп бибауырмал бола алмайды. Жалғыз қалам қайраткерлері емес, қазаққа жаны ашитын басқа азаматтар да қазактың басқалардан көрген кемшілігін айтпай тұра алмайды. Қазактың сөзін қаймықтай сөйлеу керек. Бауырмал десін, қазақшыл десін үлтшыл десін, оған құлақ асып, көнілге ауыр алмау керек. Қазақ қасындағы жұрттардың қатарына жетіп, теңелуіне керекті ісімізді қолға алайық. Бауыр керек емес, ел керек емес, жұрт керек емес, адам баласығана керек, «Жасасын бибауырмалдық» деп айғайланмен адам баласының арасындағы жік құр айғаймен жоғалатын көрінбейді.

Мәдениет жігін жоғалтпай өз жігін жоғалту оңай жұмыс емес. Қазақ азаматтары мәдениет жігін жою жолындағы жұмысқа күшін, ісін сарп етуі керек. Басқалармен мәдениеті теңеліп, жарыса-жармаса - күн етуге

қазақ жеткен күні қазақты қасындағылар қансылатуды қояды, қазақ азаматтарының қазақ үшін айрықша қайғыруы, қаны қызы жоғалады, бауырмалдық сонда өзінен-өзі жоғалады. Бас өзгерді, бастық өзгереді, тәбе өзгереді, тәре өзгерді, басқасы әлі қарап тұр. Қазақ көрген қорлық пен зорлық көбеймese, кеміген жоқ. Жеуге женіл тұрғанда жеу табиғи іс. Қазақты бұрын жегендер әлі де зорлық қылып отыр. Қазақ мәдениеті орыстан кем болған соң, жем болатыны сөзсіз. Қазақ жем болудан түбінде «декрет қуатымен құтылмайды, мәдениет қуатымен құтылады» деген ой ағынының талай абы да батыл сөздермен айтылуы сол кезде қалың өрттей қаулагап келе жатқан тапшылдарды, коммунистерді шошытқаны сөзсіз. Бұл манифесті ұлтшылдық бағдарлама дең тапқандар көп болды да, идеологиялық күресті шығандатып жіберді. Мұның аяғы Ахаңың партиядан шығуы, комиссарлықтан кетумен аяқталған болатын.

Ол кез түгіл, бүгінгі демократиялық жайма-шуақ күндерінде әлгіндей сөз саптауларға біреулер үрейлене, осқырына қарағанмен, А. Байтұрсыновтың қазақты басқа халықтармен терезесін тең ету, шын азаттық алу, ел өресін көтеру мәдениеттілікке байланысты деген ойына қосылмасқа болмайды. Дүниенің бәрін материалистік диалектикамен түсіндіріп келгендеге идеалистік астары бар ой теріс те болып көрінер. Ал 70 жылдық кенестік жол бұл ойдың тұтіні дұрыс екенін, яғни артта қалған елдерді экономикалық жағынан тенелткен соң, шаруашылықты қалыпқа келтірген соң ұлттар тәндігі, халықтар бостандығы, елдің азаттығы өзінен-өзі орнайды деген сөз жалған екенін нақты тәжірибе көрсетті. Шындыққа көзіміз жеткендіктен, Ахандардың ой-пікірі— теріс, адал сөзі— қасқунемдік, патриоттық санасы — ұлтшылдық, ғұламалық толғамы— жауыздықтың қордасы болып бағаланып келгені ешбір рабайға сыймайтын киястық екенін көріп отырмыз.

Әрине бәрін мәдениетке тіреп қоюға болмайтынын, бар саланы қатар өркендету қажеттігін сезгенмен, қазіргі заманда ең шешуші буын мәдениет екенін Ахаң сол тұста жыға түсінген.

Қазақтың оқыған саналы азаматтары биік мәдениетіз өркенде мейміз, тәндік алмаймыз деген ойға ойысканда, «кенес өкіметі тарапынан қазақтың қазіргі күтетін көмегі мәдениеті жетілгеннеше басқалардың зорлығынан қорғау, мәдениетін көтеруге колдан келген жәрдемін

аямау. Солай болған соң қазақ үкіметі күр декретті қөбейте бермей, қазақтың мәдениетін күшету жағына қөбірек көз салып, қөбірек күш жұмсау керек. Мәдениет күшейеді — өнер-білім күшімен, өнер-білім күшейеді — оқумен. Оқу ісі сабактас әдебиетпен.

Қалам қайраткерінің жұмысы — әдебиет. Әдебиетсіз оқу қуаттану жоқ, оқусыз мәдениет қуаттану жоқ, мәдениет қуаттанбай қазақ қорлықтан, зорлықтан құтылу жоқ. Орыстан қазақтың көрін отырған отаршылығы, омыраулығы қазақ мәдениеті орыс мәдениетінен төмен болғандықтан. Азаттық, асылы, мәдениетте, мәдениет күшеюінің тетігі — оқу мен әдебиетте» деген Ахмет Байтурсыновтың қомақты пікірін енді түсінетін кез келді. Қазақ мәдениетін өркендешту арқылы тәндікке жетудін ең бір онтайлы жолын Ахаң көрсеткен соң, халқына жаңы ашығандар алаш қозғалысының негізгі идеясынан айнаймай, жаңа қоғамға ұнай бермейтін әрекеттер жасап, ой айтты.

Әрине бұл манифесте саясатпен қосарлана айтылған толымды эстетикалық ойлар барлығы, әсіресе, әдебиетке артылар міндет молдығы, сөз жоқ, сын мен ғылымға іш тартатыны айдан-анық. Дүние түлен түртіп, аударылып-төңкеріліп жатқанда алашшылдар болсын, төңкерішілдер болсын сөзден де, істен де тартынбай, әрқайсысы өз керегін айтты, жазды. Төңкерішілдер өкіметтік билікке ие болған қоғамдық-әлеуметтік күштерге арқа сүйей отырып, маркстік-лениндік түсініктің үдесінен шығуға, бұлжытпай орындауға жан салғаны — тарихи шындық.

Төңкерістен кейін бүкіл идеологиялық таным-білік большевиктердің, әсіресе, В. И. Лениннің әдебиет саласында жүргізген саясатын басшылыққа алды. Жаңа эстетикалық мұраттың қалыптасуы пролетарлық диктатураның орнығу процестерімен іштей байланысып жатты. В. И. Ленин социалистік әдебиет пен мәдениеттің негізгі арналарын, ұстар бағытын Қазан төңкерісіне дейін де, одан кейін де баяндап, көркемөнер саласындағы саясаттың негізгі принциптерін алдын ала белгілеп қойған болатын.

Әдебиет дүниені тану және өзгерту формаларының бірі ретінде әрқашан нақты тарихи шындықпен, белгілі бір қоғамның таптық мұдделерімен тығыз байланыста болады. Сондықтан да «ол таптық қоғамда таптық сипат алады» деген тұжырым жасалып, басшылыққа алынды. Бұдан ауытқу күнә саналды.

В. И. Ленин әдебиетке революцияшыл халықтың тілек-мұддесіне қызмет етуі түрғысынан қарады. Әдебиетті эстетикалық әсер алудың, көркемдіктің алуан түрлерінен ләззаттанудың ғана емес, азаттық жолындағы күрес күралы, халықты күрес идеясы рухында тәрбие-леудің, жаңа өмір орнатудың қүралы деп таныды. Міне, сондықтан партиялық принцип, таптық көзқарас әрбір ақын-жазушыдан өмірді шынайы қалпында суреттеуді, еңбекшілердің рөлін бағалап, соның жағында болуды, өмір құбылысъына, қоғамдық оқигаларға еңбекші тәп түрғысынан, оның партиясы түрғысынан қарауды талап етті. «Әдеби іс — жалпы пролетарлық істің бір бөлегі, бүкіл жұмысшы табының саналы авангардының бәрін қозғалысқа келтіретін біртұтас, ұлы социал-демократиялық механизмнің «тегершігі мен винті» болуға тиіс» (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 10-т, 31-бет) деп табылып, жалпы адамзаттық түсінік-талғам тапшылдық негізге ауыстырылды да жаңа эстетикалық норма ретінде қалыптасты.

Пролетариаттың күресіне пайдасын тигізіп, халықты тәңкерісшілдікке үндейтін әдебиет, жаңа өмір құруға немесе негізі қалана бастаған пролетариат диктатура-сын орнықтыруға шақыратын әдебиет қана партиялық, халықтық әдебиет болады деген көзқарас мықтап орнықты.

В. И. Ленин әдебиеттің партиялылығы мен халықтың әрдайым бірлікте қарады. Халықтық әдебиет өмірді шынайы қалпында суреттеп, дұрыс көрсетуге, әрбір оқиғаның ішкі сырын қазбалап терең ашуға, ескі мен жаңа-ның күресінде жаңаны жақтап, оның жеңіп шығуна көмектесуге, халықтың көнілін қобалжытып отырған көкейтесті мәселелерді ашық түсіндіруге, ел еңбекшілерін жарқын болашаққа бастап отыруға тиіс деп ту-сіндірді. В. И. Ленин пролетарлық әдебиет «...нағыз ерікті әдебиет болады, себебі: оның қатарына көптеген жаңа күштерді пайдакүнемдік пен мансапқорлық тарт-пайды, социализм идеясы мен еңбекшілерге ниеттестік тартатын болады. Бұл нағыз ерікті әдебиет болады, себебі: ол ретсіз тойғандықтан маубастанған кейіпкерге, семіздіктен қайғы тартқан және азап шеккен «жоғарғы он мыңдарға» қызмет етпейді, елдің гүлі, оның күші, оның болашағы болатын миллиондаған, он миллиондаған еңбекшілерге қызмет етеді» деп социалистік әде-биеттің жүрер жолын айқындаған берді.

В. И. Ленин еңбектерінде көркем әдебиет идеялар мен жоспарларды еңбекшілерге әсем бейне, көрікті сурет, жалынды сөзбен жеткізуге және бүгінгі тарихи шындықтардың ішкі терең сырын ашып, жарқын болашаққа барлау жасап отыруға міндettі екені де атальп көрсетілді. Өмір шындығын шет-пұшпақтап емес, толық әрі жете білу, оның типтілік қасиеті мен өркендеу барысын аңғарту, оны көркем бояулармен кәстерлей білу мәселесі кеңес ақын-жазушыларының жауапты міндептіне айналды. Сондықтан «әдебиет пен өнер халық өмір-мен тығыз байланыста болсын» деген қағида қалыптасты.

Жаңа эстетика әдеби шығарманың көркемдігіне де талаптар қойып, оның мазмұны мен түрінің іштей қабысусы, әсіресе, насиҳаттар ойының басым болуы, оны шеберлікпен мөлдіретіп жаза білу қажет екендігін ескерттіп отырды.

Көркем шығармаға қойылар негізгі талаптарды орындау үшін жазушылардың қабілет-дарынына, стиль байлығы мен әр түрлі творчестволық ағымдардың мол болуына шек қойылмай, олардың өркендей түсіне қолайлы жағдайлар жасалуға тиіс деп есептелді. Сондықтан В. И. Ленин: «...Әдеби іс жай ғана теңгермешілікке, тігісін жатқызуышылыққа, азшылыққа көпшіліктің үстемдік етуіне онша көне бермейді. Талас жоқ, бұл істе жеке бастың ынта-жігеріне, жеке бастың әуестенушілігіне үлкен кеңшілік болуын, пікір мен шарықтаған ойға, форма мен мазмұнға кеңшілік болуын сөзсіз қамтамасыз ету қажет» деп ескертті.

Большевиктік нұсқауларды жүзеге асыру оңай бола койған жоқ. Әдебиет майданындағы толып жатқан топтар мен ағымдар көркемөнердің автономиялығын, әдебиеттің кеңес өкіметі мен Коммунистік партияның саясатынан тәуелсіз болуын, ағым атаулыға тосқауыл қойылмай, формализмге, футуризмге, символизмге кең жол ашуды талап етіп жатқанда, пролеткультшылдар дүниенің бәрін пролетариат түсінігімен өлшеп- пішу керек деп өрекпіді, әпербақандыққа салынды. Әсіресе, мәдени-әдеби мұра жөнінде дөрекі ұсыныс жасады.

Социалистік эстетиканың өкілдері мәдени мұра жөнінде айрықша көзқарас ұсынды. «Біз әрбір ұлттық мәдениеттің ішінен тек оның демократиялық және социалистік элементтерін аламыз, оларды алғанда тек қана сөзсіз түрде әрбір ұлттың буржуазиялық мәдениетіне,

буржуазиялық үлтшылдығына қарама-қарсы» (В. И. Ленин, 20-том, 9-бет) қою үшін аламыз деуі бір халықтың мәдениетін жыртып, екі айыру арқылы қанды қырғын күрес-тартыстарды қүштейтуге, әсіресе, тапшылдық көзқарастың ожарлық жасауына апарып соқтырарын сол кезенде түсінушілер аз болды. Тұасты жіліктеу, бөлшектеу арқылы мақсатқа жетуді көздеген саясаттың зардабын енді ғана түсінген сияқтымыз.

Сонымен, қоғамдағы қалыптасқан және қалыптасып келе жатқан жағдайлар халықтың көркемдік талап-талағымын өз жағына шығару үшін үлкен күрес жүргізгені даусыз. Өйткені халық ниетін аудару, өзіңе қарату қай идеологияның болмасын негізгі мақсаты. Қазактың төңкерісшіл күштері марксік-лениндік эстетика принциптерін пайғамбардың ақ жолындаі көріп, одан бұлтаруды күнәдай санады және бәрін білетін, бәрін бақылап, қадағалап отырған партия ешқайда бұлтартпады, бұлтандағандарды қақпайлап өз соқпағына салып отырды, көнбекендерге, айтқанды тыңдамағандарға әкімшілік шара қолданып, тарихи сахнадан аластады.

Жаңа заман орнай бастаған шақтан тар өлшеп күсыра түсу, таным-білікті бір қалыптан шығару саясаты алғашқы кезден-ақ қылаң берे бастады. Саясаты да, эстетикасы да сыны мен ғылымы да, өнері мен әдебиеті де осы көрікте мидай араласып, іштей жегі жеп жатты. Ақ пен қараны, күн мен түнді айырудың таптық өлшемі қалыптаса берді, ол 70 жыл дәуірледі.

2. ДАРЫНДАР – СЫН ДОДАСЫНДА

Қазақ әдебиет сынның алғашқы мәнді толқыны 1921—1925 жылдар аралығында өтті. Бұл тұста әдебиеттің жалпы проблемасынан гөрі жеке дарындардың күш-куатын, алған бағытын, ұстанған мұратын айқындау мәселесі төңіреғінде пікір сайыстары болды. Әдебиетте аты шыққан өкілдерінің шығармалары сарапқа түсті.

Жаңа заманның негізгі идеялары жер-жерде ерікті-еріксіз өріс алып, идеологиялық қаруға айналғанда, төңкерісшілдік тенденция көпшіліктің өрекпіген көнілінен шығуға талпынды. Сәкен Сейфуллин оған серке болды. Оның қоғамдық, мемлекеттік ісі, әлеумет алдындағы абыроны 1922 жылы үш кітабын («Асау тұлпар» атты өлеңдер жинағы, «Қызыл сұнқарлар» деген төңкерісшіл

пьесасы, «Бақыт жолында» драмасы) шығаруға жағдай жасады.

Әрине бір жылда бір автордың табаны күректей үш кітабын шығаруы бірқыдыру пенделік ой-пікірге қозғау салмай қалмады. Өйткені, «Қазақстан» баспасын үйимдастыру, оның өнімін халыққа жеткізудің көп тетігі Сәкеннің өз қолында болған-ды. Алайда бұл кітаптар жайында жазылған 20 шакты мақала, қағытпа, құптаулардың бәріне идеялық-көркемдік нысана негіз болды. Элеуметтік мән мен пенделік пиғылдар араласып жатты.

Сәкеннің «Қызыл сұнқарлар» пьесасы бірінші болып сыналды. «Қоңыр» деген бүркеніш атпен «Шолпан» журналының 1922 жылғы 2—3 санында Орынбор қаласынан таяудаға Ташкентке аудысқан Мұқтар Әуезов жазды.

Озі «Еңлік — Қебек», «Бәйбіше — тоқал» трагедияларын жазған автор бұл ныссадағы драматургиялық кем-кеттіктерді, диалогтардың олпы-солпылығын, оқиға динамикасының солғындығын, тіл кестесіндегі кейбір оралымсыздықты, адам образдарын сомдаудағы жетіспеушілігін, «кітапта түгел көрінген бір адам (законченный, цельный тип) жоктықтан, жазушының адам танымайтындығынан бар. кісі тұтасып, бір-ақ кісі болып кеткендіктен, екінші, адамдардың жаныспаты (психологиясы) көрінбейтін жарты адамдар болғандығынан, үшінші, Еркебұлан деген ат сияқты ешбір ойсыз, ақылға сыймайтын, қисындылық (целесобразность) дегенмен алыс тұрған қалыптарына қарағанда, бұл кітапты өзге жақтарынан синау орынсыз» деп тағы басқа көркемдік біраз кінәраттарды көре білгенімен, негізгі қорытындысын, әсіресе қазактың төңкерісшіл сахнасына шыққан Еркебұланды даттай аудызға алып, «бәрі сөйлетіп қойған граммофон сөкілді, бәрі Сейфуллиннің бір-ақ қалыбына соғылған жансыз адамдар» деп табуын қоштай қою қын.

«Бұл пьеса қазақ өмірін көрсете ме, қазақ пьесасы екені таныла ма, қазақ баласы осы кітаптың ішінде бар ма?» деген түбебейлі мәселеге назар аударғанда «қазақ пьесасы болып саналуы мүмкін емес. Жоғарыда айтқан әлгі геройларды түгелімен бір-ақ кісі болудың үстіне, оларда қазақтықтан белгі де жоқ. Олай болса пьесаны қазақтікі деп адасудың орны жоқ. Бұл кітаптың болашағына келгенде айтатыным сол, қазақ әдебиетінің жүрнағы болып, оның ішінен орын алуы негайбыл» деген үкімді тарих қоштамағаны ел-жүртқа аян.

Ал төңкерісшіл әдебиеттің жақтастары бұл тұжырымға қарсы шығып, «Қызыл сұнқарлардан» басқаша қасиет тапты. «Жыл құсы» деген макалада «бұл пьесаны еңбекшілер табының төңкерісі туғызған, оның геройлары — күллі еңбекшіл тап. Мұны көрмеске не Қоңыр сықылды соқыр болу керек, не төңкерісті жақтырмаған кісі болуы керек. «Қызыл сұнқарлар» біздің қазақ әдебиетіндегі жаңа дәүірді бастап, бұрынғы индивидуализм, гамлетизмге шоқынып жүргендеге қарсы соғыс ашып отыр. Оған көп күш, қайтпас жігер керек. «Қызыл сұнқарлардың» әдебиет майданында жаңа жол көрсетіп шығуы Қазан төңкерісімен байлаулы нәрсе, оны ұмытпасқа керек. Қоңыр мырза бұл пьесаның қазақ әдебиетінің тарихының бетінде орын алуына шектенсе де, біз шектенбейміз. Қазақ әдебиетінің бет алысын жаңа ағымга бұрып, жол салған —«Қызыл сұнқарлар». Сондыктан ол —«жыл құсы» («Е. Қ.» 02. 02. 1923) деген төңкерісшілдер қорытындысын әлеуметтік-көркемдік түрғыдан кейінгі тарих толық растады.

Ал қазақ кенес әдебиетінің тұңғышы —«Асау тұлпар» өлеңдер жинағы жайында «Темірқазық» журналында Нәзір Төреқұловтың атынан шыққан макала осы даттау тенденциясын соза түсті. Сәкенді творчестволық тұлра деп тану, ақындық өнеріне әділ баға беру мәселесіне ойысқанда «Сөздің қысқасы, мұндай білімсіздікпен өлец жазып, әуре болып жүрудің өзі үят. Сәкениң өз ақылыменен жазғандары түкке жарамайды. Не десек те байғұс Сәкен өзінен шығарып бір ұнамды пікірлі өлец айта алмаған. «Қазақ марсельезасы», «Жұмыскерлерге» деген өлеңдері Сәкениң пайдасына жүрмейді.

Бір жақтан парнография жазған, бір жақтан Азия мен Еуропаны айыра алмай, басындағы ботқасын жүртқа үлестіріп берген, бір жақтан өзінен шығарып жазуға тұра келгенде білімсіздігін «интернационализм» қылып көрсеткен кісіні революционер ақын деп айта алмаймыз.

Қазақ халқы әдебиетінің енді аяқта тұрайын деген уақытында мұндай «кітаптың» шығуы қайырлы емес. Қазірден қылышатын жұмыс мынау: жас өспірім жігіттерімізге шын революция тәрбиесі берілуіне зиян тимесін деп жастар үйыми бұл кітапты жастарға оқытпасқа тиіс. «Асау тұлпарды» оқыған кісі өзінің кім, дүниенің не екендігі былай тұрсын, оң аяғы мен сол аяғын білмей қалу ықтималы бар» (№ 1, 1923, 30-бет) деп тую, «еш нәрсеге жарамаған 69 өлеңнен», «яғни бүкіл «Асау тұл-

пар» жинағынан іліп алар ештеге таппау, «Бақыт жолында» драмасына жазған сынның (№ 2) осы бағытта дамыта келіп, «шамалы ақынан шамалы пайда. Орынборда Сәкен деген бір казақ ақыны осындай бір пікір «шығарыпты» десе, сол күні-ақ Сәкенді Орынбордан алып келіп, бір музейге кіргізіп кояр еді. Мұндай «қызық» кісіні музейден басқа жерге қойып та болмайды-ақ» деген мазактау, даттау сөздерінің эстетикалық мән-мағынасын былай қойғанда; он тілек пен пиғылдың сілімтігі жоқтығын аңғартса керек.

Эрине мұны сынни қаламның түзу жүре алмағандығынан болды деп желе-жорту қын. Нәзірдің осы мақаласы 1923 жылы орыс, татар, башқұрт, өзбек, қырым татарлары, тағы басқа тілдерге аударылып басылғанда Казақстанның жас қаламгерлері онға тарта мақаламен карсы жауап бергендерін тәптіштеп айтып жатудың қажеті болmas. Өйткені «Известия Киргизского обкома РКП(б)» журналында тарихи-эстетикалық түрғыдан «Асая тұлпардың» қадір-қасиеті айқындалды. «Бұл жинақтың құндылығы мынада: біз әрбір жылдың өзгерісіне байланысты өлең мазмұнының қомақтала түске-ніне ерекше назар аударамыз. Бір кезде үлтшылдық пен халықшылдық ықпалдың күшті болғандығын аңғарымыз, авторға осы ықпалдардан арылу және қазақ әдебиетінде жаңа бағыттың, жаңа жолдың, яғни оны пролетариат идеологиясына жақыннату мағынасындағы жаңа бағыттың негізін салу қанша үлкен қындыққа түскенін көреміз.

Жинаққа енген өлендерді талдаған уақытта біз сахара өмірін көркем сөз өрнегіне көреметтей түсіре білген-дігін, онан әрі Абайдың ықпалымен, тіпті оның өлендерінің түріне еліктеп таза халықшылдық дәуірге ауысуы, ал соңынан революцияшыл кезеңнің оған мүлде тың бағыт — революцияшыл бағыт бергендігін көреміз. Бұл жол — сүрлеуі жоқ жаңа жол, бұрын ешкім жүрмеген жол» (№ 2, 1923, 80-бет), деген қорытынды пікірдің айтары мол. Бұл тұжырымды қаңшаша талпыныс болса да әлі ешкім теріске шығарған ~~жоқ~~, сондықтан тарихтығана емес, жеке ақын-жазушының творчестволық бағытын айқындау барысында айтылған сол кездегі сынни ой-пікірлердің эстетикалық қауқарын да естен шығаруға тиісті емеспіз.

Сәкеннің жеке өлендері де, оқыған дәрісінің мазмұн-дамасы да, жазған өткір мақалалары да онды-солды

сыналып, мінелмеген күні аз. 1923—24 жылдары «Сынға мін», «Сынға сын», «Журналист, жазушы, ақын һәм окушы», «Қазақ әдебиетіндегі орынды һәм орынсыз сипадар туралы», «Сын орнына қисынсыз күн», «Қазақ әдебиеті тарихынан», «Кисық сынға әділ төре», «Өзің адассан да, өзгені адастырма», «Сынау һәм сынауды сынау», «Қисынсыз жала» деген мақалалар Сәкенге, Сәкенің кітаптары мен шығармаларына байланысты жазылып, сын базарын күштейтті.

Сәкенді жақтаушылар болсын, сондай-ақ даттаушылар болсын бірінен кейін бірі туындал жатқан мақалалар авторлары, сайып келгенде, жаңадан қанат қомдай бастаған жас әдебиетті жақтау не жоқ ету мақсаты көздейгенін жақсы ұқты. Сондықтан төңкерісшіл әдебиетті жақтаушылар үстем идеологияға арқа сүйей отырып өздерінің ой-пікірлерін ашық айтып, даттаушыларға карсы шықты. 1923 жылдың басында «Енбекші қазақ» газеті мен «Қызыл Қазақстан» журналы «Октябрь революциясы біздің қазақ еңбекшілерінің саяси, рухани һәм басқа тұрмысын аз болса да өзгертті. Бұл өзгерісті жүрттап бұрын сезген қазақ кедейлерінің шын ұлдары. Олар заманның саяси ағымына қарап әдебиет майданында жаңа жол, жаңа пікір көрсете бастады. Ескі жазушылар заманның ағымына ере алмай қаңғырып, бетімен лағып, жел бол бара жатыр. Жаңа сөз оларға түсініксіз. Төңкерістің арқасында туған жаңа жол — колективизм (ұйымшылдық) ұлтшылдыққа һәм индивидуализмге карсы.

Бұл жаңа жол, жаңа пікір түбінде жеңбекші. Ол — әдебиет тарихының заны, тұрмыстың заны. Жаңа жазушылардың, жаңа балапандап туып келе жатқан ақындардың бастығы Сәкен Сейфуллин («ЕҚ», 02.02, 1923) деп ашық тұжырымдады. Қазақ әдебиеті сыйның қанат қомдау шағында мұндай өнікті ой айтып, қомакты корытынды жасай алатын жас күш шығып келе жатқандығы анық байқалды. Төңкерісшіл әдебиет оп-опаңынан қайырылар құбылыс емес екендігін аңғартты. Осы құбылыстардың басы-қасында болған Габит Мүсірепов «мұнда бір өте нәзік жағдайлар бар. Сәкен ұлтшылдық ықпалында жүрген адамдарды оңай тәрбиелеп аламын деп ойламаған кісі. Сондықтан әдебиеттегі, мәдениеттегі жаңа беталысты тезірек үғынып, қолға алып кететін алдымен жастар болуы керек деп үміт артты» («Жалын», № 5, 1988, 43-бет) деп білуі өмір шындығы

екенін сол кезде жазылған мақалалар анық аңғартады.

20-жылдардың алғашқы жартысында жазылған мақалалардың белгілі бір әдебиет ағымының сойылын соғуының, идеялық-творчестволық нысанасын белгілеп, негізгі арнасын ажыратада білудің өзі әдеби сынның есейіп қалғандығының мықты бір көрінісі еді.

«Известия Киргизского обкома РКП(б)» жуналында «Сәкен творчествосының айқын пролетарлық идеологиясының таптық сипаты бар және қазақ әдебиетінде әбден айқындалған, жаңа ағымның жетекшісіне айналған («Ақку құс», «Жолдастар», «Жұмыскерлерге»), жаңа өмірдің жаңа жолына үзілді-кесліді қөшкендігінің анық көрінісі соңғы өлеңінде («Біздің тұрмыс — экспресс») көркемдікпен суреттелген» (№ 2, 1923, 82-бет) деген пікірдің ашықтан-ашық тұжырымдалуының арғы төркіні әдебиеттің тапшылдығы туралы принциптен өрбігенін көрсетеді. Осы бағытты әрі жаңалық, әрі келешектің шешуші критерийі деп Қазақстан партия үйымының 1923 жылғы III конференциясында Е. Ярославский атап көрсеткен болатын. Осы түйінді С. Мұқанов, Т. Арыстанбеков, Жакан Сыздықов, Иса Тоқтыбаев, Мәжит Даuletbaev, F. Mүсірепов, Құншығыс еңбекшілерінің коммунистік университетінің (ҚҰТВ) студенттері ашық насихаттап, мындаған, миллиондаған еңбекшілерге қызмет ететін, идеялық ықпал жасайтын таптық әдебиетті өркендету қажеттігін құн тәртібіне койды. Сөйтіп тәңкерісшіл әдебиетті жақтағандар партиялық әдебиет принципін қатаң сақтауға үндеп, көркем шығарманың идеялық нысанасы барынша анық та ашық болуды талап еткен болатын.

Кеңес әдебиетінің осы негізгі идеялық-эстетикалық принципі, халықтың өмірімен тығыз байланысты болу, таптық насанадан көз жазбау талаптарының алғашкы нышандары казақ әдебиеті тарихында Сәкен шығармаларына жазылған сындардан айқын көрінді. Осы талаптілектердің бәрі де кейін социалистік реализм әдісінің ауқымына кірді де, өнерпаздықты түсauлап тастауға себепші қызметін атқарды.

Расын айту керек, көркемдік шеберліктің жетіспеуі, шындықты қалайша қалыптастыру жолын ақын-жазушылардың басым көпшілігінің жыға түсінбеуі, екінші жагынан, үнамды жаңа бейненің кескін-келбеті, мінез-құлқы әлі анықталған жоқ еді. Кейіпкерлердің бір-біріне үқсан кетуінің сырғы осыған байланысты болса, екін-

шіден, тарихтың шешуші күшін, яғни халықты көрсетеу, оның арман-мақсатын таныстыру, идеалын суреттеу белгілі дәрежеде жалқылықтан жалпылыққа бастағанды. Оның үстіне жаңа адамның өзі әлі толық қалыптасып үлгермей не болары белгісіз еді. Сондықтан белгілі бір типтің, кейіпкердің, геройдың бойында көпшілік сипат, жинақтағыш қаснет идеялық-көркемдік таным-білімге сабактасып жатты.

Сәкенге байланысты жазылған макалалардың көтерген мәселелерінің бірі ақын-жазушының шығармашылық тұлғасын айқындау еді. Мәселен, Нәзір Төрекұлов «революционер ақын басынан аяғына шейін бір түсте, бір қалыпта болады» дегенді айттып, Сәкеннің көніл күй, махабbat лирикаларын сынайды, ылғи угіт-насихат айгапайсын деп сөгеді. Сондықтан сен «басынан аяғына дейін революция ақыны емессің» деген қорытындыға келеді.

«Қызыл Қазақстан» журналында жарияланған сын осы ойға қарсы шығып, декаденттік сыңайға ден қойған ақындар мен тапшыл жазушының арасындағы айырмашылықты ажырата баяндады. «Сейфуллиннің соңы кезде шыққан өлеңдеріне, пьесаларына қарасақ: бұрынғы көріп жүрген ескі жазушылардың өлеңдеріндегідей «мен-меншілік», арыстандық, жолбарыстық, желдік, оттық, өрттік, гамлеттік жоқ. Сейфуллиннің геройлары бір адам емес, ұйым (коллектив), кейде одан да зор: көп халық. Мысалға «Азия» деген өлеңін алайық. Бұл өлеңді ескі ақындар жазса, мен арыстанмын, жолбарыспын, Еуропа сені жеп қоям, мен пәленмін, мен түгенмін, қиратам, шабамын деп өз атынан ғана айттар еді. Ал Сейфуллинде ол сөз жоқ. Көптің атынан айтады. Өзі корқытпайды, езілген таптардың күшімен қорқытады. Мұндай сөз бұрынғы жазушылардың аузынан мың жылда шықпаған, мұнан былай да шықпас («Қызыл Қазақстан», № 15, 1923) дегеннен ақын-жазушылардың идеялық бағыты ғана емес, шығармашылық тұлғасы да айқын көрінеді.

Осы реттен алғанда Мұхтар Әуезов «Сәкеннің ақындық асуларына атой бергендей: «Жабы емеспіз — тұлпармыз, құладын емес — сұнқармыз» деп дабыл ұрады. Сәкен өзімен, өз басымен тәқаппарлық етпейді. Табымен, Отанымен тәқаппарлық етеді. Олардың да алысқа құлаш ұрған ісімен, киынға самғаған қанат қағысымен тәқаппарлық етеді» (Шығармалары, 17-том, 48-бет) деп

тұжырымдағаны жоғарғы ойды нығыздай түседі. Өйткені мұндай қасиет Сәкен шығармаларында алғашқы кезден-ақ айшықтана көрінген-ді.

Сондай-ақ осы кезеңде «сын қандай болуға тиіс, сыншы қандай қасиетті ардақтауға тиіс» деген проблеманың да күн тәртібіне қойылып, әр түрлі жауап алының занды еді.

Нәзір Төреқұлов сыншыны дәрігермен салыстыра келіп, дәрігер өтірік айтса, зияны бір адамға тиеді, сыншы шынын айтпаса, зияны көпке тиеді деп бастайды да: «сыншы (критик) әр уақыт шынын сөйлеуге міндетті. Шынын сөйлеу — сыншының парызы. Сыншының өтірігі — жүртқа зиян. Жазушы мейлі «өлетін» болсын, сын көңіліне тіпті ауыр болсын, жазушының мінезі мейлі жаман-ақ болсын, аждаһадай «жұтам» деп тұрган болсын, я болмаса «жат туған бұл дүниеге мен бір ғаріп» деп көзіне жас алып, жалынған болсын, сыншы еш нәрсеге қарамай өз міндеттін атқаруға тиіс. Жазушының жазғанына сыншы би, сыншының жазғанына оқушы би» («Темірқазық», № 1, 1923) деген тезисті принцип ретінде ұсынғанымен, оны жүзеге дәйекті асырмады. С. Мұқановтың сөзімен айтқанда, «Нәзір «Асая тұлпарды» колға алғаннан-ақ о жақ, бұл жағын сығалай қарап, ішінен сөкет нәрсе табуға тырысады. «Асая тұлпардың» жақсы еш нәрсесін көрмейді... қате, кемшіліктерін ғана тереді. Былай сынаудан сынамай тек отырган көп жақсы. Нәзір сыны — сын емес, оның аты құр байланысу» («Қызыл Қазақстан», № 16, 1923), — деп Нәзірдің сын мен сыншыға қойған талаптарының сырт көз ушин айтылғанын мін санайды. Демек, сыншы өз ойы мен ісінде қайшылыққа ұрынбауы, дұрыс тезисті бұра тартпауы керектігін айту да елемерлік құбылыс. Шындықты айтқан абзал, бірақ оны өзің көздеген мақсаттың бет пердесі етпеу керек деген ой сыншыларға қойылар талаптың үлкені болды. Ой адалдығы, пікір әділдігі, таразының тәң ұстай білу қажеттігі сынға қойылар эстетикалық шарттың бірі болды.

Сын — мұқату құралы емес, эстетикалық таным-білік арнасы екендігі осы өзекті мәселеге байланысты баяндалды. Ж. Сыздықовтың: «Әдебиеттің өркендеуіне негіз болмайтын сынды жазу — жаңадан талпынып келе жатқан жас қалам қайраткерлерін адастыру екенинде еш күмән жок. Әдебиет — көптің малы, білімнің қазынасы. Әр халық өзінің әдебиетін жалпы пайдалану үшін

кіршіксіз сынның елегінен шайқап, сүзгісінен өткізу керек», — («Бостандық туы», № 11, 1923) деген пікірі сынның аткарап міндептің оңтайлы бағдарлап, сынға тек шындық қана қазы болуы керектігін аңғартады. Сондықтан шығарманы сынау — жазушының қара басын сыннаумен сыйыспайды, жанаспайды деген тезис бой көрсетеді.

Сынның алғашқы адымдарында әдеби шығарманың көркемдік сырын ұғынып, эстетикалық талдау жасау, айтқан-жазған пікірдің дәлелді болуын талап ету де бой көрсетті. Таутан Арыстанбеков М. Эуезовтің «Қорған-сыздың күніне» макала жазған сыншыға: «мына арасы кем, мынасы дұрыс деп толық дәлелдер көрсетпей, құр сұлу сөз бер қызыл тілге сүйеніп сөгу, біздің байқауымызша өзінің ақындық, сыншылық басына зор кемшілік» («Қызыл Қазақстан», № 10, 1923) деп табуы сынның дәлелді, эстетикалық талдауының нанымды болуын талап етудін алғашқы көріністері еді.

✓ Мәжит Дәuletбаев «Сын орнына кисынсыз құн» деген макаласында сынның әдепті, мәдениетті болуын айта келіп, оның рөліне тоқталған. Мәжиттің салыстырмалы баяндауда: «Сыншылардың сыны — бәйгі атын баптау секілді. Әдебиет майданындағы сын ақын-жазушыны баптау. Сын — тұңғыш науқастың емі. Сын — айна. Сын — адамның іші-сыртын бірден аралайтын өткір айна» («Бостандық туы», № 37, 1923) болуға тиіс.

Қазақ әдебиеті сынның канат қағу шағында накты сындар жалғыз Сәкен шығармалары төңірегінде ғана емес, Мұхтар Эуезовтің «Бәйбіше — тоқал» трагедиясына жазған Даниял Ысқақов макаласынан көрінді.

«Затында сынның кесіп тастантың қатал би болуы да, күлін аспанға ұшыратын құйын болуы да, не бас иіп, құлдық ұрып тұратын қошеметшіл құл болуы да мейлінше жараспайтын қылық. Сын қайырымсыз қатал би болып та, қол кусырған құл болып та тіршілік ете алмайды» (Сана № 2—3, 1923) деген пікірдің 20-жылдардың бас кезінде айтылуының өзі қазақ әдебиет сынның зор екпінмен әдеби процеске араласа бастағанын көрсетеді.

Сәкен творчествосы төңірегінен өрбіген ой-пікірлер тек идеялық нысанамен ғана шектеліп қалмай, жаңа бағыттың өріс алуы, өнерпаздық тұлғасы, қолтаңбасы, ерекшелігі, жанр сипаты образ жасау мәселелеріне ұла-

сып, көркемдік талап-талғамынан қылаң беріп жатты. Өсу-өркендеу бағытының алыс көкжиегі қылаң берді.

Тап осындай кер жағдайға Мағжан Жұмабаевтың өнерпаздығы кез болды. Өмір мен өнердің бар қындығы мен қиястырын пенделік пиғылға, бақастық пен қызғанышқа апарып телитін. Мағжан жөнінде пікір айтқандардың бәрін кінәлі етіп шығаратын сыңай сол кезде анық көріне бастады. Мағжанның «нағыз кінәсі, жалғыз-ақ кінәсі — аса үлкен дарындылығында, замандастарының біразынан жоғарырақ тұруында. Сол үлкен дарынмен жер басып, тірі жүргенінде! Адам, әдетте, өзінен төмен, тіпті қатар тұрған адамды қызғанбайды. Замандастарының көпшілігі Мағжаннан әлдекайда төмен тұрған, жартылай адам, жартылай пенделер. Дарын жағынан да, кіслік жағынан да... Арқарлар мен Таутекелер жамандықты әдетте жоғарыдан күтпейді, төменнен күтеді... Иә, етекте қалғандар аса биіктеп кеткендерді ешқашан да кешірмейді» («Қазақ әдебиеті», 28. 04. 89.) деғен Қадыр Мырзалиевтің пікірін М. Әлімбаев: «классик ақын Мағжан Жұмабаев творчествосы төңірегінде пікір білдірушілер о бастан-ақ екі жарылған сияқты» «Мағжаншылар мен жанжалшылдар» («Жалын», № 5, 1990) деп тақпактай жалғастырады.

Тарихтың бұралаң жолдарын білмейтін, хабары аздар үшін бұл ой таптырmas дәлел. Ауыздығымен алысқандар үшін даурықпаға апарар жол. Ал Мағжанның ұлылығын, Абайдан кейін сөзге ұста ақын екендігін айтуда үшін барымызды да, бәрімізді де сағыныш құрбандығына шалу әбестік, өйткені ол тарихи шындықтан, өмір өткелдерінен мүлде алыс пікір. Пенделік пиғылдың эсері болатындығын жокқа шығармаймыз, бірақ оның шешуші сипаты қоғамдық-әлеуметтік, көркемдік себептерге байланысты екенін ұмытпаған абыз.

➤ Мағжан — бірден жарқырап шыққан жұлдыз. Оның 1912 жылғы алғашқы жинағының «Шолпан» аталауының рәміздік мәні бар. Мағжан Шолпан болуга үмтүлды, ниет қылды және болды да. Елі, халқы үміт артты. «Қазақ» газеті арқылы жарияланған өлеңдері ел сенімін күшетьтүсті. Отаршылдық пен озбырлықтың шымбайға батқанын айтуда келгенде алдына жан салмады және оны кестелі сөзбен, аянышты сезіммен жегкізе білді. 1916 жылғы үлт-азаттық көтерілісінің трагедияға үшырауы, Ақлан революциясының жетуі, дәмін тата бастаған шолақ бостандықты жалмап қойған Қазан төңкөрісі, онан

кейінгі апалаң мен топалаң, азамат соғысы, қазақ елінің өз алдына еркіндік, теңдік алу жолындағы алаш азаматтарының іс-әрекеттері сезімтал ақынның жүргінен қан аралас жыр болып төгілді. Оны тапшылдар қарсылық деп түсінді, ал халық болса шерлі жырларды жұта берді, жаттай берді. Ақын халық жанына жол тапты, атак-данқы ен далага жайылды. Бұл кезде саяси құжаттарда болмаса, сын жанрында Мағжанның мынасы оң, мынасы теріс деген мақалалар әлі туа қойған жоқ-ты. Ұзынқұлақ дәстүрімен тарап жатқандарда кенделік болмайтын.

✓ 1923 жылы «Мағжанның өлеңдері» Ташкентте Сұлтанбек Қожановтың алғы сөзімен шықты: «Мағжан Жұмабайұлының өлеңдері қазақ әдебиетінде үлкен орын алған деп санап бастырып отырмыз. Мағжан Жұмабайұлының өлеңдерімен оқушылар бұрыннан таныс. Әдебиеті жаңа аяқтанып, әдебиет тілі енді жасалып келе жатқан жүртта Мағжандай ақындардың қызметі зор екені анық.

Сондықтан біз Мағжан өлеңдерінің саяси мәнісінен гөрі, әдеби мәнісін көбірек кәде тұттық. Сол жақтарын ескеріп, Мағжан өлеңдерінің ішінде кез келетін марксизм дүниетануына үқсамайтын жерлерін окушылар көре салып үрікпей, көркемдік жағынан, сыршылдық жағынан, суреттеу жағына көбірек көз салуы керек. Бұл кітапқа М. Жұмабайұлының баспасөз майданына шыққаннан бері жазған өлеңдерінің көбісі кірді. Әдебиет тарихындағы соңғы 10—15 жылдағы ағымдарды тексеруге де жақсы құрал бола алады деп ойлаймыз. М. Жұмабайұлының өлеңдерінің тіл жағынан, әдебиеттану жағынан пайдасы көп болады деп сенеміз» деген ой ең алдымен Мәскеуде оқып жатқан жастарды дүрліктірді.

Шығыс енбекшілерінің коммунистік университетінде 1924 жылы 24 қарашада жасаған баяндамасында Нәзір Төрекұлов социологияға мүлде бой алдырып: «Біреу айтады: саясат пен әдебиетті араластыруға болмайды дейді. Мағжан өлеңдері көбінесе осы пікірге сүйеніп базылған. Бұл — қате. Саясат жағынан Мағжанды кенес топырағына отыртатын адам емес. Мағжанның өлеңінде казақтың шаруашылығына, әдебиетіне, саясатына үлкен қарсылығы бар. Сондықтан ішін ашып тексермей, мынау әдебиет деп қабыл ала берсек, барлық идея — коммунистік ниеттен айырылып қаламыз. Мағжан ақын, бірақ қазақ ақыны емес, қазақтың тұрмысынан айрыл-

ған ақын» деген түйінді жаңадан қанаттанып, тапшылдықты бойына енді сіңіріп келе жатқан жастар дуылдастып әкетті. Нәзірдің қол астында қызметте, екінші жағынан, Брюсов институтында оқып жүрген Мағжан осы талқылауға шақырылмады. Жиналған 60 жастың жиырмасы желпіне сөйлеп, жалғыз Жекен Сәрсенбұлының «Мағжанды тек саясатпен ғана емес, әдебиет жағынан да тексеріп, пайдалысын алсақ қайтеді» деген пікірін мансұқтай отырып, қазақ әдебиеті тарихында түңғыш рет дәрекі социологиялық қаулы алынды. Ол бұрын жалпылай айтылып келгендерді қорытындылап, келешек кезеңге жол көрсеткен құжат болды. Жастардың зор екпінмен жасаған тұжырымдары күні кешеге дейін сақталып, әдебиетті саясаттың жандайшабына айналдырудың нақты көрінісі болған еді. «Мағжан өлеңдерінде көбінесе өткенді көкseyді, ескілікті іздейді, ұлтшылдықты жырлайды, өзімшілдік, менмендікті дәріптейді. Мағжан өлеңдерінің сырты әдемі, бірақ сыртқы бояуын сипырып тастасақ, ішіне көз жіберсек Мағжанның коммунист партиясы мен кеңес өкіметінің негізгі жолына қарса жерлері бадырайып шыға келеді.

Мағжанның ұстаған беті, негізгі пікірі — түрік атағын көтеру, түрікшілдікті (пантюркизмді) тарату. «Күн шығысым», «алашым», «қазағым» деп жырлағанда Мағжан қазактын байының, бұрын билеп-төстеген ханының, биі, болысының, жуанының қамын қайғырады, соларды жырлайды. Қазактың кедейі, момыны мен байдың күні де, күйі де, тілегі де бір, кедей, бай деп қазакты тапқа бөлудің керегі жоқ дейді. Бұл жол қазактың қалың бұқарасы — кедей, момын, жарлы, жалышыларына зиянды жол» деген тұжырымдар тапшылдық көзқарастың әбден ендеп келе жатқанын аңғартқандай еді! Алайда демократиялық ой-пікір айтуға тұсау түспей, тіл байланбай тұрган кезенде Жұсіпбек Аймауытов 1925 жылы «Мағжанның ақындығы» деген классикалық мақала жазып, жауап бергенімен, әбден танаурап алған тапшылдар әдебиеттің өзіндік ерекшелігіне, көркемдіктің шарттарына назар аудармады.¹

Бұл шын мәніндегі сынни-эстетикалық еңбектің екі түрғыдан, біріншіден, Мағжан ақындығының қыры мен сырын ұғынып алуға, көркемдік әлеміне қалай кіріп, қалай түсіну, ақын жанының қалтарыс-букпелерін қалай ұғу көректігін көрсеткен, әлі күнге дейін жалғыз мағжантануда ғана емес, бүкіл қазақ әдебиеттануында

асқар бел болып келе жатқанымен, екіншіден, әдебиет салының қашалықты биік көтерілгеніне көрсеткіш, сын тарихында белгілі бір кезең жасаған туынды екендігімен құнды. Теориялық ой-пікірлерін мөлдіреген әсем тілмен, ажарлы орамдармен жеткізуінің өзі үлкен өнер. Дұрыс айтқанына да, бұрыс айтқанына да эстетикалық дәлелдер келтіріп, көздеген мақсатына жетудің өнегелі үлгісін осы енбектен көреміз. Осындай ерекшеліктерімен күні бүгінге дейін сын жанрындағы биік шеберліктең эталоны болып келеді.

Мағжан, сөз жок, ұлы ақын, XX ғасырдағы қазак поэзиясының классигі. Осыны ел-жүргірт білді, таныды, бірақ тапшылдық қөзқарасқа әбден бой алдырығандар, әсіресе, партия-кенес жұртшылығы әр сөзден саяси астар іздеумен әуре болды да, төңіректі тұмандатып жіберді. Міне, осындай әлеуметтік-эстетикалық атмосфераны жарып шыққан, шұғыласын айналға нұр қылып шашкан Ж. Аймауытовтың мақаласы көп шындықтың бетін ашты, көркемдік түсініктің ауылы қай жақта болатындығын, оны қалың қөвшілікке қалай түсіндіріп берудің жолын көрсетті.

«Мағжан ақын ба, ақын емес пе? деген сұрауды қоюда мағына жок. Оны ақын емес деп таласуши бола кой мас. Жалғыз-ақ ақындық күші қандай деген сұрауды қою керек. Бұл сұрауға Мағжанды күшті ақын деп жауап береміз. Несімен күшті? Тыңнан тапқан жас пікірімен бе, болмаса терең ой, терең пәлсапасымен бе, әлде қазактың өткен-кеткенін, бүгінгі өмірін айнага түсірғендей көрсетіп, келешекті болжап, пайғамбарлық еткенимен бе? Жок, бұлардың бірі де емес. Мағжан терең ойдың ақыны емес, заманды суреттеуге ол шебер емес. Ол келешекті болжап, жұртты соңына ертетін пайғамбар ақын да емес. Мағжан сыршылдығымен, суретшілдігімен, сөзге еркіндігімен, тапқыштығымен күшті, маржандай тізілген, торғындағы үлбіреген нәзік үнді күйімен, шерлі, мұнды зарымен күшті.

Олай болса, ақындық жүзінде Абайдан соңғы әдебиетте жана түр кіргізіп, соңына шәкірт ерткен, школ (мектеп) ашқан күшті ақын Мағжан екенінде дау жоқ» (Мағжан Жұмабаев. Шығармалары, 1989, 425-бет) деген түйінді пікір Мағжан ақындығының бар сырсынан танытады.

Мұны қостайтын, әр түрлі арнада дамытып алып кеттін ой-пікірлер сол дәуірдің өзінде де аз айтылған

жоқ. Аймауыттың осы мақаласынан кейін іле-шала жазылып, «Еңбекші қазақтың» бірнеше санында жарияланып, кейін «Мағжанның ақындығы, Жүсіпбектің сыйны» (1926) деген кітапшаға айналған Фаббас Тоғжановтың эстетикалық талдаудан гөрі социологиялық баяндауы басым енбегі бар. «Мағжанның жақсылығынан біз безбейміз» деген тарауында «Өлеңнің сыртын (форма) Мағжандай келтірген (бір Абай болмаса) қазакта әлі ақын жоқ. Мағжан сөзге еркін ақын, күшенишек ақын емес. Қоркемдік шеберлік, әдемілік жағынан Мағжанда үлгі қыларлық қасиет көп. Біздің еңбекші ақындарымыз, жас ақындарымыз Мағжанның сырты сұлу әдемі сөздеріне терең ой, тұра жол сала білсе бәйгеден келгені («ЕҚ», 19. 11, 1925) дегені оны әр кез қайталап отырғаны үшін талай тапшыл ақын-жазушылармен ала көз болғанына қарамай 1929 жылғы «Әдебиет және сын мәселелері» атты кітабында тағы да пысықтай қайтады.

Мұндай ой-пікірлерді Сәкен де, Мұхтар да, Сәбитте, Бейімбет пен Илияс та әр кезде әр қылышын да айтқан болатын. Мағжанды ақын емес деп айтқан адамды кездестірмейміз. Алайда, Жүсіпбекше айтқанда, «Мағжанның өлеңдерін аса құниттап, бұлдан пүшпаққа шығаратын мағжаншылар да бар, іске алғысыз қылып, өртеп жіберу керек дейтіндер де бар, қысқасы, Мағжанның қасы да, досы да» болғандығын тарих растайды. Сондықтан таразының басын тен ұстап, енді әділет жолын аттап кетпей керек.

Жүсіпбектің осы классикалық мақаласы Мағжанның адам жанының ең нәзік пернелерін дәл басып, көңіл дүниесін жарқыратып ашатын, анда-санда мұн-шерге орап жеткізетін сыршылдығын алдымен ұзақ дәлелдеп алғаннан соң сөзбен сурет салу машығына тенеу таба алмай қиналды. Суретшілдік жағынан Мағжанмен иық тенестірлерлерді орыс, Еуропа ақындарынан іздеп, кейде қазақ ақынының өресі биік екенін қазақ қауымына туғсіндіріп, еңсесін көтеріп таставайды. Сондай-ақ дыбыс әуендерімен жан дүниенді тербелтіп, керемет сезімге бөлейтін әуезділікті өлеңнің музыкалық ырғағына Мағжан қосқан жаңалық деп ашық айтады. «Өлеңнің тілге женіл, құлаққа жылы тиісін Абай да іздеген. Абай да сөздің ішін мәнерлі, тонын сұлу қылуға тырысқан, бірақ дыбыспен сурет жасауда, сөздің сыртқы түрін әдемілеуде Мағжанға жеткен қазақ ақыны жоқ. Өлеңнің сырт-

қы сұлулығына, дыбысына әуестеніп кеткендіктен кейде Мағжан өлеңдерінің ішкі маңызы кем болып шықса да дыбысымен, күйімен, ырғағымен қазақ даласын суреттейді» (416-бет) дегеніне қол қоймау мүмкін емес, өйткені көркемдік шарттарының ен нәзік қырлары мен сырларын барынша талғампаз білімдарлықпен баяндап береді, окушыны сендіреді, таңдандырады. Эр мақала осындағы өрелі биіктен көрінсе еken деп тілегенімізben бұл кездегі сыншылар өзінің білім өресі, эстетикалық танымы жағынан әр қылы болғандығын, әсіресе, социологиялық ой-түсінікке икем түргандығын естен шығара алмаймыз.

Ж. Аймауытов қоғамдық сананың бұл саласын да қаға берісте қалдырмай, таза саяси тұрғыдан болмағанмен бірқыдыру терең қазады. Онсыз мүмкін де емес еді, өйткені екі жақты талқыға түсіп, әлеуметтік ойды дүрліктіріп жатқан ақын туралы тоқтамды пікір айту үшін анық сезіп-білгенін барынша шыншылдықпен айтуға талаптанды. Сондыктan Мағжан дүниетанымы өзінің әркездегі өзгерісіне лайықтала баяндалды. Эрине, Жүсіпбек айтқан ойлардың ешбір қиғашы жоқ демей, ішінара әр тарапқа бастап жататын ой ағындарын жіті қадағалап отыру да қажет.

«Бір жағынан үй іші әкеге, әлеумет-ру басына бағынған, тапқа, жікке бөлінбеген қазақ ішінде туып өсken болса, екінші — татар медресесінде оқып, түрікшілік, исламшылдық рухында тәрбиеленсе, үшінші — патша саясаты шымбайға батып, отаршылдық зардабы қазақтың ұлтшылдық сезімін оятқан дәүірдің ұлы болса, төртінші — орыс зиялышарының қаймағы бұқаршыл, халықшыл болып жатқанын сезіп білсе, бесінші — Батыстың, қала берсе, орыс ақындарының санашылдық (идеализм), дараышылдық школынан сабак алса, енді Мағжан қай пікірдегі ақын болып шығуы керек? Сөз жоқ, Мағжан ұлтшыл, түрікшіл, санашыл, дараышыл ақын болып шығу керек. Олай болып шықпауы мүмкін емес. Әлеумет ортасының, заманының жағдайы солай» (406-бет) дегенде Ақлан революциясына дейінгі Мағжанның басып өткен жолын көреміз. Эрине, мұның бәрі кейіннен қоюлана түскені де анық. Жүсіпбек ақынның әр кезде жазған шығармаларының көркемдік-идеялық нысаналарын дәл басып, оның дүниетанымының қалыптасу барысында талай жағаға соғып отыратынын жасырмайды және бәрін де нақты мысалдармен дәледейді,

өз ойын оқушыға еріксіз құптағып отырады. Ара-арасында кезеңді кезде көрінбей қалғанына «16-жылғы тарихи оқиғаны жалғыз кестелі орамалмен желпіп еткеніне көңіліміз жарымайды» (409-бет) деп те қояды. Бұған да сенесің.

Мағжанның ұлы оқиғалар түсіндагы ізденістері мен күйзелістеріне де Жұсіпбек мейлінше дәлелді пікірлер айтады да, ақын көзқарасының эволюциясын, өзгерісін, тылсымдық сәтін тамыршыдай дәл басып отырады. Біз Мағжан шығармасын зерттеген, насиҳаттаған уақытта бұл кезеңнің әрбір қалтарысы мен бұрылышын түгелдей есепке алып, шотқа қағып отыруға міндеттіміз. Өйткені 1917—1920 жылдардың, яғни азамат соғысы жылдарының әр айы ғана емес, әр күні, сағаты сезімтал ақынға алып ойлар, ауыр сезімдер дарытып отырғаны талассыз.

«17-жылғы февраль төңкерісі қазақ азаматтарына ұлт сезімінің көтерілуіне зор себеп болды. Ауызда сөйленіп жүрген ұлт қамы, ұлт мұңы іс жүзінде жарыққа шығатындаі көрінді, қазақ азаматы мәре-сәре болды. Төңкерістің болғанына, бостандық туғанына қарқ болып кенеледі. Элеумет жұмысына араласа бастады. Мағжанның өсін келе жатқан бостандық тамырына Сібірді алған патшашил жандарал Колчак балта шапты. Патша заманының қара күні қайта туды... Мағжан ұлтшылдық бетінен танған жоқ... Осы бағытпен келе жатқан Мағжанның мандайына Қазан төңкерісі тақ ете түсті. Ұлт Ұранын көтерген алашорда, алашордашылар қашты, пысты. Саясат майданынан табаны ауды. Мағжан бұрынғы сезімінен, бұрынғы жолынан айрылып, дағдарып қалды. Баяғыдан бері имандай үйіп, жүргегіне сіңіріп қасиетті деп жүрген идеалы, мақсаты бір күнде тас-талқан болды» (409-бет) деп замана құбылышының ақынға жасаған эсер-ықпалын көрсетеді де, ұлтшылдық атынан айрылып қалған Мағжанның Уфада оқып жүрген кезінде көңіліне орныққан, бірақ шығар кезі пісіп-жетілмеген түрікшілдікке, оған көңілі толмаған шакта шығыстық, азиялық әуенге көшкенін мыскылдан баяндаиды. Және біз көп уақыт жалған сөйлем келгендей емес, Еуропаның империалистік іс-әрекетінен әбден көңілі қалып, «Күншығысты батыстың капитал бұғауынан азат ету керек» деген кенес өкіметінің ұраны ақынның жүргегіне жылы тиеді де, «енді ол шығыс жалауына жармасады» (410-бет) дегенді біз жаңаша түсінуге тиіспіз. Бальмонттар солай жазған соң Мағжан оған

шәкірт болып жүре берді дегенді, шығысшыл болуы оның кеңеске қарсылығынан туған еді дегенді де қою керек. Өйткені ол ақынды әуре-сарсанға салған уақыт шындығынан шықпайтын қисын.

Сондай-ақ Мағжан жырындағы зар-мұнның да тарихи дәлеліне назар аудармасқа болмайды. Өлім-жітім-ге толы қан майданды ешкім тілеп алған жоқ, қалаған жоқ, бірақ қайтсек жеңеміз, теңдік аламыз деп дауырыққандардың бұдан тапқан пайдасы аз. Міне, осындай тұста сезімтал әрі ойлы ақынның жан дүниесінде болып жатқан өзгерістер тек көз жасын төккізіп қоймай, талай тұманды ойлар, қасіретті көріністерді суреттетіп тастағаны тағы шындық. Оны Жұсекең мықтап түсіндіріп берсе де түйе үстінен қарайтын әдетке бағып, тапшылдық жолдың таптаурына түсіп кетіппіз. Өйткені Қазан революциясы болғаннан кейін дүниенің бәрі гүлдеп, еш киындықсыз көркейіп, бақытты заманға қолымыз бірден жетті деп жалған айтқанымыз рас қой.

«Төңкерістің алғашқы аласапыран дәүірі қазак тұрмысына қатаң тиді. Қазақ даласы актар қашып, қызылдар күған соғыс майданы болды. Азамат соғысында ел қатты шығындалды, оның үстінен «разверстка» шықты. Әуелгі кездегі милиция, агент тагы басқалардың лаңы қосылды. 21-жылғы зор ашаршылық — осының бәрі ұласып, ел қазағына зор ауыртпалық болды» деген социологиялық баяндаулар Жұсінбек үшін заманың ауыр болғандығын көрсету үшін емес, сезімтал ақын Мағжанға қалай әсер етіп, көз жасын төккізгендігін, тіпті үмітсіздікке дейін алып барғандығын көрсету үшін қажет болды. Эстетикалық ойды өмір шындығымен дәлелдеу осындаилардан бастау алатындығын сонау 20-жылдарда ослалайша көрсете білу қазақтың сыншылық қаламының ұшқырлығына ғана емес, эстетикалық таным-білігінің қол созым биікте болғандығына мықты мысал.

«Мынау ауыр халді көріп ақынның көңіліне шер, көзіне жас келді. Мұндай сорлы жүрттың ішінде туып, бұл күйікті көргеннен өлгенін артық көреді. Міне, ақынның жанындағы трагедия (413-бет) осы» деп түйеді де, шығар жолды бірден-бір мұң мен шерден таппайды. Азда болса келешектен үміт бар фой, соншама сарыуайымға түсіп қайғырып, зорлануға бола ма? Жетектеуге көсемдік көрсете, қайрат-жігер бере жазғаны дұрыс қой. Бұл жағынан қарасақ, Мағжанды уайымшылсың деп

кінә қоюға болады» деп түйеді. Оптимистік желіден көз жазбауын, өмір қаншалықты қын болса да адамзат одан шығудың амалын таба алады деп түсіндірмек те болды.

Жұсіпбек 1924 жылы 16 мамырда Молдагали Жолдыбаев екеуі Мағжанға жолдастық хат жазды. Ол осы талданып отырған мақаладан, тіпті КҮТВ студенттерінен бұрын жазылып, көнілге оралған пікір екен. «Сен — қазақтың ақынысың. Алаштың қайғысын жырлайсың, ұлтынды өліп-өшіп сүйесің, онымен бірге күйесің. Қазақтың келешегінен үміт жоқ болса, онда жойылып кету халіндегі халықта көркем әдебиеттің керегі қанша? Біз сенен кеудемізге рух пен қуат құйып, дертімізден айықтыратын, бақытқа бастайтын сөз күтеміз.

Пушкинді Пушкин еткен — оның керемет ойы, сезімі және зор үміті. Сен — қазақтың байрағысың. Мейлі, тасбақа аянемен жүр, бірак өмірден үмітінді үзбе, өмірге орал, 20-ғасырда тұрғанынды ұмытпа! Өрісінің кенеюін тілеп, қайғылы сезімнің құрсауынан өз-өзінді епте болса да босатуынды қалаймыз» («ЕҚ», 28. 03, 1992) деген өтініш-тілектің эстетикалық қуаты қаншалықты өрелі, адамгершілігі қандай биік, толғамы қандай мөлдір де оралымды екенін көріп, сыншылық қalamға осыншама кесек ойлардың іліккені қуаныш. Бірін-бірі аялап, ардақтап, жан сырын ұғып, қайрақ болулары да, өміршен өнірге бастауы да үлгі аларлық деңгейде.

Азаматтық таным-біліктің осындағы жогары сатысына көтерілген Жұсіпбек Аймауытов Мағжанның ақындығы жөніндегі өзінің лирикалық толғауын, ұзак сонар талдауын түйіндерге келгенде тағы да эстетикалық-социологиялық зерделік танытады. «Ескі тұрмыстың шанырағы ортасына түсіп, жаңа тұрмыс әлі орнықпаған дәуірдің ақындарында мұн-зардың, торығудың сарыны болады. Ақын ескі тұрмыспен тәрбиеленіп қалады да, жаңаңың жақсы екенін білсе де, сол өмірге тосаңсып, түсінчे алмай, жаңа заманың адамы бола алмай көп тайғалақтайды. Ақсүйектер дәуірі күйреп, капитал дәуіріне көшерде ақсүйек ақындарында да торығу, ескіні жырлау болған. Өйткені ескі өмірдің жақсы жақтары көнілде сайрап тұрады, жаңаңың не боларына көзі жетпейді. Міне, осындағы көшпелі дәуір басталарда, адам ескіге көзін сүзіп жабыққан заманда әдебиет бағыты романтизмге айналатын. Біздің Мағжан да романтизмге бері-

ліп отыр Мағжан романтизмге салынып, көшпелі дәуірдің рухын айнаға түсіріп отыр деуге болады» (413-бет) деп қазақ әдебиетінің үлкен бір кезеңінің курделі шындығын барынша нанымдылықпен баяндайды да, Мағжан ақындығының қадір-қасиетін айқындайды, жарқыратып көрсетеді.

Сонымен «Мағжан — заманы туғызған көшпелі дәуірдің ақыны, ескіні жырлаған, жаңаны әлі мойындағы қоймаған ақын. Әлі де болса оның ақындығы, еңбегі алдында. Ол — күшті ақын. Күшті ақын өмірінде талай өзгеріске жолығады. Пікір жүзінде жаңалықтар табады. Мағжан да өзгеруге мүмкін.

Мағжан терең ойдың ақыны емес, нәзік сезімнің, тәтті қиялдың ақыны. Ол кедейдің ақыны емес, ұлт ақыны. Ел ішінде бай, кедейдің арасындағы қияннан, теңсіздікті көрмейді. Ұлтты жалпағынан алып қарайды.

Қазақ әдебиетіне Мағжанның кіргізген жаңалығы аз емес, орыстың символизмін (бейнешілдігін) қазаққа аударды, өлеңді күйге (музыкаға) айналдырды, дыбыстан сурет туғызды, сөзге жан бітірді, жаңа өлшеулер шығарды. Романтизмді қүшетті, ұстартты» (428-бет) деген жалпы тұжырымы Мағжан ақындығын жыға түсініп, сүбелі баяндан бергені қазақ сынны тарихында кезең жасаған еңбек екендігіне дәлел.

20-жылдардың бірінші жартысында Мағжан шығармашылығы туралы жазылған макалалардың, талқылаулардың, «әдеби сottардың» сол кезеңдегі қоғамдық-эстетикалық таным-түсініктеге жасаған әсері әр қылы болды. Қобіне дау-дамай, айғай-шудың, әр сөзге саяси астар берудің данғазасы басым болғандықтан Мәскеуде Брюсов институтында оқу оқып әрі Нәзір басқарып отырған Қіндік баспаның қазақ бөлімінде қызмет істеп жүргені, Маркс, Лениндердің шығармаларын мөлдіретп казақ тіліне аударғаны салауатқа алынбай қалған түстары көп. Қенеске қарсы әрекет тек Мағжанның өлеңжырындаған жазылышы жатқандай дүрлігушілер көп болды.

20-жылдардың алғашқы жартысында сын құрығы сілтенген үшінші ірі дарын Мұхтар Әуезов болды. Әзі де жазды, өзгелер де қарап қалған жок. Және олардың басқа материалдардан бір айырмашылығы көбіне-көп көркемдік арнаға көз салып, саясат мәселесіне назарды азырақ аударды деуге болар еді.

1922 жылы «Қазақ тілі» газетінің 20 санында «Ж» деген бүкеншік атпен Жұсіпбек Аймауытов М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесіне сын жазды. «1921 жылы жазылған «Қорғансыздың күні» атты алғашқы әңгімесімен Мұхтардың шын мағынасындағы еуропалық проза-ның дәрежесіне көтерілуі» (С. Мұқанов пікірі) ешкімді, оның ішінде өзінің дарынды інісіне деген ағалық ақниеті бар Ж. Аймауытовты да енжар қалдырмайды.

Мақаланың кіріспесінде «сұлу сөзбен қызыл тілге сүйеніп» біраз азаматтарды, газет-журналдарды қағытып кекеткені болмаса, негізінен «Қорғансыздың күнін» эстетикалық түрғыда едәуір талдап, жазушы Әуезовке үлкен үміт артуға болатындығын, қазақ прозасын өркендегуте үлес қоса аллатындығын көсіле айтады да, соны шығармаға көркемдік талаптар қояды.

Ең алғашқы үлкен көркемдік талап — бұл шығарма өзінің логикалық мұратына жетпеген туынды дегенге саяды. «Қыз жоғалып кеткеннен кейін болыстың халі не болғаны белгісіз. Оның не ойлағаны, сезгені жазылмайды. Сондай жауыздықты істеп қойып, жазықсыз жан-ның ажалына себеп болған жауыз болыс не ойлады? Таң атқанша қалай үйіктады? Үн жок, түн жок, атқа мініп жүре беруі көнілді тындырмайды» деген сынына «Сақа» деген бүркеншік атпен жауап қайтарған Таутан Арыстанбеков араша түседі де, өзінің түсінік-танимын үсынады.

«Бұдан көбірек жазбадың деп жазушыны айыптауға болмайды. Ақанның жауыздықты істегеннен кейін қандай халде болғанын көрсету үшін жазушының «Қорғансыздың күнінен» басқа осы күнгі адам баласының кеудесінде болатын ізгілік пен жауыздық, «добро» мен «злоның» күресі һәм Ақан секілділерде сол екеуінің қайсысы женгендігін көрсетіп, айрықша кітап жазу тиіс. «Қорғансыздың күнін» жазғанда Әуезовтің көздеген нысанасы бұл емес» («Қызыл Қазақстан», № 10, 1922) деген эстетикалық жауап, сөз жок, Т. Арыстанбековтің көтерілкі таным-білігінен хабар береді. Изгілік пен жауыздықтың күресін суреттеумен шұғылданған Достоевскийді ауызға алып, дәлелге келтіруі де сынни ойдаң пайдасына шыққан.

Бұл сыншы Жұсіпбектің екінші ойына қарсы шыққанда тағы да көркем шығарманы жазудың, айла-амалына назар аударады. «Қазақ суреттеуді тындармайды,

оны сүймейді. Сол себепті ой-санасының өте қажеттігі шамалы дегені адасқандық» деп шорт кеседі. Рас, табиғатты жазушы ұзағырақ, көбірек суреттеп жіберген «күнәсін» айтып өтеді де тубегейлі ойын былай тұжырымдайды: «Әдебиетті көркейтіп, оның ілгері басуына зор себепкер болатын описаниеиң қазақ әдебиетінің бетінен сызып тастауға болмайды» деп мәдениетті прозаны өркендетудің, қазақ оқушыларына жұғымды, сенімді етудің жолдарын іздестіруге шақырады. «Казактың жалпақ тілімен әңгіме жазу қын жұмыс емес, ал описание жасау жазушының ғана қолынан келеді. Ңем Әуезовтің описаниеға үсталығы көрініп түр. Оған сүйинуіміз керек, күйінбеуіміз керек» деп кейіпкердің жандүниесін ашып, харakter жасауға, сонымен қатар бүкіл туындының алапатын айқындайтын тәсілді жақтайды. Оған саналы түрде барған жазушыны қолдайды.

Таутан Арыстанбеков сондай-ақ сыншының үшінші ескертпесіне, яғни диалогтар ұзак, оқушыны жалықтырарлықтай дегеніне де қосылмайды. Оған қызық дәлел де келтірген: «қазақ әйелдерінің бос сөз қылып айтатын әдеті һәм қеудесіне қайғы-шер толған сорлы кемпірдің қолына ел иесі болып жүрген Ақан түскен соң зарлауы орынды» деп шығармаға арқау болған психологиялық сұыртпакты түзу таратып, «жазушының әйелдердің жансырын жақсы білетіндігі көрініп түр» деп табады. Ал өз тарапынан жасаған ескертпесі — әңгіменің аты затына сай емес, өйткені шығарманың мақсаты жетімдердің қорғансыздығын, панасыздығын көрсету болса, біздің қарауымызша, бұл суретте олардың қорғансыздығы айқын, анық көрінбейді. Себебі «жауызық деген нәрсе екі көзі жоқ пәле, ол пәледен қорғансыздар түгіл, тоғыз қабат қорғаның ішінде отыргандар да аман қалмайды» деп пікір айтқан. Эрине шығарма атауы жөнінде пәлендей ештеңе дей қоймағанмен, жауыздық, оның табиғаты туралы ойлары сүбелі екенін көреміз.

Таутан Арыстанбековтің «Сынга сын» атты мақаласын тәптештей баяндағанда, қазақ әдебиетінің төңкерістен кейінгі өркендеу барысында оқыған азаматтарымыздың тапшылдықты қарауылға алып қана қоймай, көркем шығармаларға сан тарау жол, айла-амалдарды мецзей алғандығын анық байқаймыз.

Тап осындағ процесті Даниял Ысқақовтың М. Әуезовтің «Бәйбіше — токал» трагедиясына жазған «Қор-

ғансыздар» атты мақаласынан көреміз. Бұл автордың ерекшелігі — шешендігі, тіпті сөзуарлығы, айтайын деген ойын ұзак-сонар жедіртіп барып түйетіндігі дер ем. Бұл да өзінің жанрлық қалыптасуын басынан өткере бастаған қазақ әдеби сыны үшін қажетті құбылыс еді.

Автор да, «Сана» журналының редакциясы да бұл сынды «тексеру» деген қосымша атпен бергенде ғылыми зерттеу ретінде ұсынған. Сондыктан Даниялдың мақаланың бірінші бөлімінде әдебиет пен сынның арақатынасы жайында шалки сөйлеуі, әр қылыш тенеу-салыстырмалағра баруы өзінің эстетикалық таным-білігін қалай сөйлем, жаза алады екенмін деген сыңайды аңғартуының амалы болып шықкан. Толассыз аққан сөз тасқынынан, «сын — әдебиеттің айнымайтын серігі, ал әдебиет — жүкті арба» екенін ұзак-сонар түсіндіруінен аңғарамыз да «сынның әдебиетке жол көрсетіп, жөн сілтеп, ақылшы болып отыру міндеті болса, сынның екінші зор міндеті бар. Ол міндет, бізше, әдебиет азығын қауымға сініру болмақ» деген қафиданы «асқазан қуатына апарып телиді де» қазақ әдебиеті «жас әдебиет, тап басып, түзу бағыт тұта алмаған әдебиет. Белгілі бір қалыпқа түсіп орнықпаған әдебиет. Керек десе біздің әдебиет өзінің міндеті не екенін түсініл жетлеген әдебиет» деп желе жортады. Қызып кеткен тұста артық-кем сілтеп отырмын-ау деп қымсынбайтын сәті де кездеседі. Орынсыз өрекпіп окушыны шошытатын, ділмәрлыққа салынғанда етеп жалықтырып алатын да тұстары бар. Ал сын жанрының қалыптасу процесін әңгімелеген соң, ондай артық-кемді аңғара бермей ішіндегі нәрі мен сөлін теріп алған орынды болмақ.

Сынның табиғаты жөніндегі Даниял пікірінің субелі де ажарлы екендігін аңғармау ағаттық болар еді. Сын қайырымсыз катал би болып, қол қусырган құл болып та тіршілік ете алмайды. Сын төреліктен де, іздеушіліктен де безіп, әдебиет майданына ғана хас, сырпайы, же місті орнын алуы тиіс. Ондай борышын білген сыннан қазақ қауымына, қала берсе, қазақ әдебиетінің түзу бағыт тұтуына зор пайда бар деген толғауын ешкім теріс деп санаған емес. Мәселе декларацияда емес, соның нақты қалай іске асқандығында екенін осы сынның өзін-аң-аңғарып алуға болады.

Сыншы «Бәйбіше — тоқал» трагедиясының идеясын екінші бөлімде барынша публицистік екпінмен баяндаған, өз ой-пікірін окушыға ұсынып отырады. Тіпті шамадан

тыс тәптештеп кететін кезі де жоқ емес. Алайда шығарманың шын мақсатын ашууда білгірлік танытып отырады. Негізгі айтпағына жетер жолда бүкіл қазақ тұрмысына, әсіресе, елді әлекедей жайланаған партиягерлікке тоқтап, бар пәле содан өрбиді деп білген сынши ең алдымен трагедияның аты дұрыс қойылмаған деп табады. «Біздің тексергелі отырған әсеріміздегі қайғылы хал жалғыз бәйішіше-тоқалдықтан ғана шығып отырған жоқ. Оның негізінде онан да зорырақ мәселелер жатыр. Мұхтар Әуезов өзінің қайғылы халіне (трагедияны осылай атағаң — Т. К.) таң басып, ат қоя алмаған. Суреттеп, басын ашып отырған мәселелері атымен ғана байланыста болған мәселеден күштірек, тереңірек, негіздірек деп трагедияның идеялық ауқымын көнітіп, қазақ ішіндегі алауыздықтың түп тамырын терең қазады. Өз толғамдарын алға көп тартуға тырысып, «Бәйішіше — тоқалдықпен» қазақ өміріндегі жауыздықтардың түпкі себептерін түсіндіріп болмайды. Ол тек жуан түбірден тараған бір жіңішке бұтақ қана деп алады да, трагедияның өзіне анда-санда бір соғып, эстетикалық таным-білігін аңғартып тастап отырады.

«Бәйішіше — тоқал» қайғылы халінде орын алғатын ұлы типтердің ішінде айрықша көзге түсетіндері — Бейсембі мен Әбділда ақсақал. Бұл екі адам қайғылы халдің өсіп-өнуіне, шиеленісіп күшешуіне әменде түрткі болады. Қазактың кең даласына тор тоқып құрып жүрген құзғындар. Екі құзғын бір жемге таласулы. Міне, қайғылы халдің шиеленісіп түйінделе беруінің негізгі себептерін осы құзғындардың ортасындағы тартыстан іздеу керек» деп трагедия тізгінің қолына ұстаган кейіпкерлерге мінездеме береді. Екеуі де зұлым болғанымен олардың іс-әрекеті, мінез-құлқы екі тұрлі екенін көрсетіп, жазушының тип жасаудағы табысын аңгартады. Қөркемдік шарты бойынша дараланған кейіпкерлердің түп-төркінің қаза келіп, олардың жалпылық, жиынтық сипатына да, жеке ерекшелігіне де назар аударады. «Бейсембісі, Әбділдасы жоқ болыс, уез ақыры киіз туырлықты қазақ аулы жоқ десек өтірікші болмаймыз. Бұлар сондай ауданданып, тамырланып алған хас адамдар. Қырдың бар тіршілігі осылармен байланысты, бұларсыз қыр жансыз, сезімсіз, ойсыз өлік болып қалатын сықылды» деген бақылаулардың бәрі де трагедияның мән-маңызын ашуға, әлеуметтік орнын айқындауда үлкен рөл атқарады. Және оны қазақ қоғамындағы қорғансыздықтың сырын

ашу жөніндегі ой-пікіріне қазық етіп, тағы да публицистік ұзақ толғауға беріледі.

«Қайрылы халдің туып, өсіп, ер жетуі қазақ түрмисының шындығымен (действительность) нық байланысты. Сондықтан Мұхтар Әуезұлының бұл әсерін (шығармасын — Т. К.) алдымен шын қазақ тіршілігінен алынған қазақ өмірінің әрбір қаранды, жінішке терең жағын суреттеуден болған әсер деп білеміз». («Сана», № 2—3, 1923) деп қорытады да, жазушының алдына қойған мақсатына қалай жеткенін, драматургиялық шарттарды қалай шешкенін, көркемдік шындыққа қалай үйлестіре білгенін, косалқы образдардың қалай шыққан-шықпағаны жайында өз бақылауларын айтып, көркем шығарманы талдай білетіндігін көрсетеді. Эрине айтқанының бәрін түгелдей қолдай бермегенмен, автордың эстетикалық сауаты қол созым биктे екені анық сезіледі.

М. Әуезов шығармалары төңірегіндегі ой-пікірдің негізінен көркемдік шеберлік арнасына алғып шығып, реалистік және трагедиялық туындыларды қалай оқып-түсінумен ғана шектелмей, оны жасаудың айла-амалдарын танып, насиҳаттаудың өнікті бір саласы болғаны қазақ әдебиет сыйнының эстетикалық өнірге бет алғанын байқатады. Сонымен қатар әдебиет жанрлық жағынан қалыптасуға бет алған шағында жеке дарындар ерекшеліктеріне, әдебиеттен алар орындарына, көркем туындыларының деңгейіне назар аудару Сәкен, Мағжан, Мұхтарлардың ғана емес, басқа ақын-жазушылардың жалпы бағдарын айқындаап алуға жағдай жасады. Және жеке дарындар төңірегінен өрбіген ой-пікірлер қоюлана келе, шығармашылық әдісті айқындау арқылы үлкен проблеманы шешуге тиісті болды. Қазақ әдебиетінің болашағы кімдікі, ол қандай көркемдік әдісті басшылыққа алуға тиіс деген дәуірлік мәселені шешу қазақ әдебиет сыйнына жүктелді, оның келешек өрісін айқындаудың өнерпаздық саласы болды.

3. ӨРКЕНДЕУ ӨЗЕГІ — ҚОРКЕМДІК ӘДІС

20-жылдардың бірінші жартысындағы қазақ әдебиет сыйны Сәкен, Мағжан, Мұхтар төңірегінде шыр айналып, басқа салаларға назар аудармаған екен деп түсініп қалуға болмайды. Өзінің идеялық-эстетикалық өрісі мен өресін айқындау үшін талай талпыныс жасағаны, әр түрлі өнірге жарығын түсіре бастағаны сол кезде жа-

рияланған көптеген мақалалардан анық байқалады. Оларды топтамай, проблема бойынша іріктемей, шықкан мезгілдеріне қарай шолатын болсақ, онда Сейфуллиннің «Әдебиет һәм оның бағыттары», «Асау тұлпар туралы», Сегізбаевтың «Халық әдебиеті туралы», Сыздықовтың «Сынға сын», Даулетбаевтың «Қазақ һәм музика», «Театр жайы», Әуезовтің «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәүірі», Жұмабаевтың «Ақан сері», Желкектің «Театр һәм тұрмыс», Рысқұловтың «Кенес өкіметі тұсында мәдениет қандай болу керек», Нұржановтың «Наши поэты и литература», Тоғжановтың «Сын беріліп тұрын», «Көркем әдебиет туралы марксшілдер не дейді, Жусінбек не дейді», Мұқановтың «Ыбырай һәм халық әдебиеті», «Қара тақтаға жазылып жүрмендер, шешендер», Кенжебаевтың «Абай», Сәдуақасовтың «Бейімбет өлеңдері», Сәрсенбиннің «Көркем әдебиет туралы», Баймахановтың «Жастарды тәрбиелеудің каруы — әдебиет», Бабасұлының «Әдебиет жайынан» деғен сияқты жалпылық және дарапалық сипаты бар мақалалар, зерттеулер жарияланды. Олар орайы келген шақта әңгіме арқауына тартылмақ.

1925 жыл қазақ әдебиеті үшін ең бір өтпелі де жемісті жыл болды. Бүкіл қазақ жерінің басы бірігіп бір орталыққа бағынуы, қазақ мәдениетін өркендету жолында зиялыштар бөлшектенбей күш біріктіруі, әдебиетті идеологиялық қаруғана емес, эстетикалық таным-білік арнасы, өнер саласы дейтін түсінікке ойысу талаптары қым-куыт пікірталасын туғызды. Төңкерістен кейінгі ойлар көңіл күйлер, талдау мен талқылаулар үйымдасты, ұжымдық сипат ала бастады.

Орыс әдебиеті майданында толып жатқан әдеби көркемөнер үйымдары жетекшілік рөлге таласып, қырқысып жатқанда, Қазақстанда өнерпаз күштердің басын біріктіру мәселесі күн тәртібіне қойылды. Мемлекеттік жұмыстан қолы босаған, Социалистік академияда оқымақ ниеті жүзеге аспаған Сәкен Сейфуллин жаңадан өсіп келе жатқан жас күштерді біріктіріп, шығармашылықты өркендестуге мүмкіндік беретін және алашылдар жетегінде кетпейтін жазушылар үйымын құру үшін РАПП және «Кузница» бірлестіктерімен байланысып, екеуінің платформасынан қазақтың төңкерісшіл жазушыларына онтайлы бағыт-бағдар жасауға кірісті. Оны өлкелік партия комитеті қолдап, 1925 жылы 12 маусымда КазАПП-тың (Қазақтың пролетар жазушыларының ассоциациясы — **Т. К.**) үйимдастыру бюросына Сәкен,

Әбдірахман Байділдин, Б. Майлин, Н. Феоктисовтер еніп, бірден іске кірісіп кетті. Жер-жерде жас жазушылардың үйымдары құрылғанда, тіпті коммунист партиясы мүшелерін өз қатарына тартпаған әпербақандықтың шеті қөрінген кезі де болды. Осыны байқаған алашшылдар Мағжан Жұмабаевтың ұсынысымен «Алқа» атты жазушылар қауымын үйымдастырмақ болды.

1925 жыл әдеби түрғыдан алғанда «Қазақ әдебиетінде орынды әм орынсыз сындар» деген мақала — құжаган басталып, Жәкен Сәрсенбіұлы мен Жұсіпбек Аймауытұлының театр кітаптары — драматургия туралы үстасуына жалғасты. «Европа көзімен қараң қазақ әдебиеті жүрдай, Европаның әдебиетіндегі әдебиетіміз бола коймайды деп қомсынуың лайықсыз. Европаның мың жылдық тарихы бар әдебиетімен қазақтың жаңа басталған әдебиетін тенденстіруге бола ма? Болмайды. Олай болса, бастауыш қазақ әдебиетін көтермелеге шылбыр беріп, ат салысу бәріміздің міндетіміз» («ЕК», 11. 02, 1925) деген ойлардың субелі де қомақты екеніне көз жұма қарауға болмайды. Өйткені, европацентристік ойпифыл мен пролеткульттық нигилизм сол кездің өзінде ақ қазақ сыншыларының таным-білігінде қылаң бере бастаған болатын.

Міне, осындағы эстетикалық атмосфера да Жұсіпбек Аймауытов «Ақжол» газетінің 555 санында қазақ әдебиетінің бүгінгі жай-күйін әңгімелеге мүмкіндік беретін әдеби-саяси астары қалың сауалдар қойып, ең маңыздыларына өзінің көзқарасын білдірген мақаласын жариялады. Ол ешкімді енжар қалдырмады, әркім өз білім өресі, таным деңгейінде жауап берді. Ал қайсы-біреулер жас ақын-жазушыларды кекету-мұқату үшін пайдаланып қалмаққа тырысты.

Сонымен қазақ әдебиетінің өтпелі дәуірінде қандай көркемдік-қофамдық мәселелерге назар аударылды, оған кім қандай жауап берді, негізгі көздеген мақсат не еді, ол қалай шешімін тапты, әдебиеттің болашағы кімдікі, басшылыққа алар көркемдік әдіс қайсы болмақ дегендердің айрықша мәнділерін таратса әңгімелесек жол-жөнекей көп мәселенің шетін көтере кетеріміз сөзсіз. Соңда қазақ сыншыларының эстетикалық өресі де, сол кездегі ой-пікірталасының себебі де, кім не үшін құрескені де, онан кейінгі айтыс-тартыстың қалай өрбігіні де айқындала түспек.

Сонымен қазактың сыншылық ойына атой салып, дүр сілкіндірген саяси-әлеуметтік, әдеби-эстетикалық сауалдарды тізе баяндасақ, өтпелі дәуірдің біраз шындықтарын ашатын демократиялық ой-сыңайдан хабардар боламыз.

Төңкерістен бұрынғы қазак әдебиетінің бағыты, рухы қандай еді? Енді қандай болуы керек? Төңкеріс әдебиетке қандай олжа салды?

Қазакта төңкерісшіл, тапшыл ақын-жазушылар бар ма? Болса кімдер? Тапшыл ақындар жоқ болса, себеп не? Қашан болады? Әдебиеттен ұлтшылдық жолы қашан қалады?

Қазак әдебиетінің орыс әдебиетінен өзгешелігі бар ма?

Қазак ақын-жазушылары төңкеріске жолдан қосылған жолбикелер ме? Әдебиет техникамен қатар өсе ме? Қазақ әдебиеті қазір қай дәуірде? Әдебиетке қандай көзбен қарау керек? деген сияқты бірінен-бірі туындал, жауап үстінде жаңаларын қосақтап алып жатқан сауалдарға Тікен (№ 556), Жәкен Сәрсенбіұлы (558, 571), Пошан (№ 574, 576) «Ақжол» арқылы жауап берсе, «Еңбекші қазақ» газеті бірден айтыс аяғын тоспай «Тікеннің мақаласы туралы» (30. 05. 1925) дыз етпе репликамен бастады. Әбдірахман Байдилдин 1925 жылы 24, 25, 27 тамызда, 14 қыркүйекте Жүсіпбек пен Жәкен, Тікендерге қарсы сериялы мақалалар жазды. Оナン кейін Фаббас Тоқжанов «Қөркем әдебиет туралы марксшілдер не дейді, Жүсіпбек не дейді» («ЕҚ», 22. 10, 125) деген мақаласын Магжанның ақындығы жайындағы ой-пікірлерімен сабактастырып жіберді.

«Ақжол» мен «Еңбекші қазақ» газеттерінде жазылған ой-пікірлерді түгелдей бәшайлап жатпай негізгі бір мәселеге, яғни әдебиеттің көркемдік әдісі жөніндегі теориялық-эстетикалық проблемага бұрсақ, қазактың сол кездегі сыншылық, ғылымдық ой-пікірінің өресін анықтағаруға мүмкіндік туады.

Жүсіпбек Аймауитов осыншама мәнді сауалдарды талқыға салу арқылы сыншылық ойға өнікті арна тауып берді де, өзінің негізгі ойын быладай тұжырымдады: «Әдебиет — өнер. Азды-көпті еркіндік тілейді. Қазақ әдебиеті көгерсін, гүлденсін десек, жалаң тап көзімен, не саясат көзімен қарап, сыңаржак кетпей, Маркс көзімен (диалектика әдісімен) сынау керек. Маркс көзі тар емес, кең» деп алады да «қазақ әдебиеті қазір күйрек-

тік (сентимантализм), сарында малық (романтизм) дәуірінде болуға тиіс. Ендеше санашылдықтан да (идеализм) құтыла алмайды. Нағызыңдық (реализм) дәуір қазірге аналардай қабыса қоймас» деген ой айтып, эстетикалық таным-білікке от тастады. Қанша дудәмәлеткінмен романтизмге іш тартып, «Мағжанның ақындығы» деп атап-латын классикалық еңбегімен дәлелдеп шықты. Басқалардың ой-өрісіне биік өре жасады.

Осындай мәселенің күн тәртібіне қоюдағы негізгі мақсатты былай қойғанда, біздің сол кездегі сыншылық қабілет-дарынымызды өсіруге осы сауалдардың септігі тигендігін айтпау ағаттық болар еді. Өйткені эстетикалық дайындығы барлар өз ойларын әдеби-көркемдік түрғыдан баяндал, шешім ұсынуға тиісті болса, ал білімі саяздар мәселенің мәнін түсіну үшін жатпай-тұрмай оқығаны, ізденгені, танымын көзейткені даусыз. Сондықтан бұл айтыстың сол кездегі әдеби сын үшін де, оның кейінгі тарихы үшін де мәні зор. «Ақжолдағы» жауаптарда төңкерісшіл әдебиет бағыт жөнінде, тапшыл ақын-жазушылар хакында шәлкем шалыс сөз берілгенде, айтылғанына қарамастан көркемдік әдіс туралы толғамдарының өзі орыс әдебиеттануында енді ғана еміс-еміс көріне бастаған болатын. Қазақ әдебиетінің даму қарқыны мен ізденісі сол тұста едөүір ілгерінді, көнілге қуаныш себетіндей деңгейде болды.

«Төңкерістен бері, әсіресе соңғы 2—3 жылда қазақ баспасөзі күшегені бастағы бөріктей анық. Осы бағытпен үдей берсек, 5—10 жылда қазақша тым жақсы кітапхана жасап, қазақ тілінде тым жақсы білім алуға болатыннан дау болмасқа керек. Бізде 5 кун шамасында бір жаңа кітап шығып тұратын сықылды. 14—15 қазақша газет-журнал шығады. Бұрын қазақ тілінде не кітап шыққаны әрбір хат таныған адамға беп-белгілі болып отыратын еді. Бұл күнде қандай кітап шығып жатқанын кітап соңына түскен адамдар ғана зорға ілесуге айналып келеді. Сол сандардың өзі де әдебиетіміздің қаулаш келе жатқанын көрсетеді» дегені («Жаңа мектеп», № 4, 1925) сол күбылышты сараптайтын санаға да қозғау салудын бір амалы еді.

Сонымен қазақ әдебиетінің сол кездегі өркендеу барысы, өнімді ізденісі теориялық түрғыдан талай ой-пікірге азық болғанын, әркім әр қылы өре танытқанын, енді ауыз толтырып айтуға тиіспіз. 20-жылдардың орта тұсында Жұсіпбек Аймауытовтың қазақ сынының тамаша

үлгісі болған «Мағжанның ақындығы» атты баяндамасы мен осы мақаласы десек артық емес. Эстетикалық ой-толғамы, көркемдік таным-білігі барлардың ешқайсысы өз ойларын айтудан тартынбады.

Қазақ әдебиет салының тарихында әлі еленбей келе жатқан салынылардың бірі — Жәкен Сәрсенбіұлы. Мәскеуде оқып жатқан қазақ студенттері Мағжан шығармаларын талқылаған кезде көшіліктен өзгеше пікір айттып, өз танымын білдіргені үшін бірқыдыру сөзге қалды. Қейінгі жазған мақалаларында эстетикалық біліктілік танытып отырған Жәкен шын салыны екенін «Ақжолдың» 558, 561-сандарында жарияланған теориялық мақаласында анық танытты.

«Қазақ әдебиеті қазір күйректік (сентиментализм), санашылдық (идеализм), сарындалық (романтизм), пығыздық (реализм), көп измнен құралған қырық қурау деуге болады. Мұның ішінде реализмді заманға үйлесі бар десек те, қазақтың салт-санасы, тұрмысымен әзірге қайшы келуі анық. Соның үшін романтизм мен сентиментализмді әдебиетте қолданбай отыруға әзірше мүмкін емес. Сентиментализм онша ұзаққа созылуы екітадай. Бірақ қазақтың қазіргі тұрмысында романтизм көпке шейін әдебиетке кіреді. Тубінде реализм романтизмді женеу мүмкін. Оған әлі күн ілгері, түрлі жағдай керек. Сол себепті қазіргі әдебиетте көбірек романтизм қуаттырақ шығуы мүмкін» (№ 561) деген пікірі әлгі оймызды нақты дәлелдей түссе, екінші жағынан, проблеманың ішіне кіріп, романтизм әдісінің әзірге жетекші рөл атқару мүмкіндігін өз түсінігімен дәлелдеуге тырысуы басқа көркемдік ізденістердің жолын жауып тастамайды. Жекеннің кейде диалектика заңына сүйеніп төтесінен тартқанда опыра-жапыра пікір айтатыны да бар. Алайда олардың өзі салынылых көзқарастан шалғай жатпайды, тубінде реализмнің қуаттырақ шығатынына, негізгі бағытқа айналатындығына шубә келтірмейі осыдан.

Ал мұнан кейін мақала жазған Тікенде (кім екені бізге әлі мәлім емес) кеудемсоктықпен пікір айту басым. Мәселен, «Маркс жолымен тәрбиеленген орыс жұмыскерімен санасыз қазақ жұмыскерін салыстыруға болмайды. Ал пауыттан неше жұз жылдай тепкі көрген орыс кедейі (крестьян) мен рудын, құдайдың бүйрекінан шыға алмай жүрген қазақ кедейін салыстыруға болмайды. Сондықтан қазақ әдебиеті өзгеше болу керек. Тоғыз

қабат тас үйді, қаңғыр-күңгір зауытты, әуені шарықтаған аэропланды жырлағанша қазактың қара лашық үйін, жерошағын, майсыз арбасын, бақырауық түйесін жырлаған жақсы» (№ 566) деген таным-білік машықтары көркемдік әдіс жайындағы таласта тым анайылау көрінді.

«Қазақ әдебиеті қазір сиырдың бүйрекіндей құранды: күйректік (сентиментализм), санаышылдық (идеализм), сарындаамалық (романтизм), нағызылық (реализм) — бәрі бар. Реализм заманға қабысқанымен, күншығыс қанды қазақ табиғаты, жалпы тұрмысы жеке реализмді көтермейді. Ал романтизм мен сентиментализмнен қол үзуге болмайды» деп қисындауы онша келісе қоймады. Эрине бұл үшін авторды айыптауға болмағанымен, тұтіні теріс шалқып, әдең, ибаны да аяқ асты еткені бар. Өз ойын қысылмай сілтеген автор «тапшыл-ақпыз деп жүрген «ақтардың» бет жуары Сәкен мен Сәбит (Мұқанұлы) гой. Сәкеннің біраз өлеңдерінде суретшілік бар болғанымен, табанды пікір жок. Сәкен қара қазактың қолына түспейтін «Асай тұлпар» болып жүрген, комиссарлықтан түскен күні өшкен Сәкенді қалай тапшыл ақын дейміз.

Сегіз жылдай айқайы таусылмаған, кемпірге үгіт-насихат айтып отырған, өлең жазудың техникасын білмей, соқыр түйедей шалып отырған Сәбитті қалай тапшыл ақын дейміз» дегені әрине айтыстың негізгі бағытынан тыскары еді. Төңкерішілдер мен алаштылдар дегеннің ара жігін алшақтата түскені, тапшылдарды ашындыра бергені даусыз. «Сыйға сый, сыраға бал» аз болған жоқ және олар эстетикалық таным-білікке берекелі ештеңе косқан да жоқ. Пошанның мақалалары (№ 574, 576) алдымен Тікеннің ожар пікірлеріне қарсы («әдебиетке жаны ашығаны болмаса, қиялдан басқа берері жоқ») бағытталып, бірқыдыру өнірге көз тастайды.

Қазақ әдебиетінде романтизм арнасы өрістей түскен-дігін Мағжан творчествосына жанастырып, «Романтик ақын қай уақытта болса да көрікті көнілге қонырау үйлеспеген соң аласұрып, сұлу киял әуенімен әуреленеді. Мағжанның іздегендеге тапқаны қазактың ескі заманы болды. Оның романтиктігін қоздырып жіберген, әсіресе, төңкерістің алғашқы кезі болды» деген ойларына құлақ асқан да теріс емес. Өйткені өмір шындығынан нәр алмайтын дарын болмайды, мәселе сол шындықты қалай танып-біледі, қалай түсіндіреді, қандай көркемдік әдіс-

пен бейнелейді. Пошан пікірінің тутіні осыған саяды да, романтизмнен безбейік дегенді емеуіннен танытады.

«Ақжол» бетіндегі мақалалардың басым көшілігі казақ әдебиетінің ендігі даму жолы романтизм болуы керек деген теориялық қисынға ойысты. Айтыс желеуін желбіреткендердің ішінде мысқылдай әжуалап, төңкереішіл ақын-жазушыларды ел арасына дарынсыздар етіп көрсетпекке тырысқандары да жоқ емес.

Ал төңкерісшіл сыншылар, ақын-жазушылар өздерінің тапшылдық көзкарасын ашық және баса айтуды айрықша парыз санауды. Өйткені марксизм-ленинизм ілімінің кедей-кепшіктің жоғын жоқтайтын негізгі идеясы қазақтың жарлы-жақыбайына болсын, не олардың мұнын мұндаған жүрген төңкерісшіл ақын-жазушыларға болсын қатты ұнап, рухани күшке айналды. «Дүниенің тұқасы — кедей, оған ұнайтындар ғана көркем» деген түсінік өте тез қалыптасты. Мұндай пиғылдардың сөзін, ұраның, ой-пікірін Әбдірахман Байдилдин «Ақжол» авторларына қайтарған жауабында жаңа заманға лайық «жана жүртшылық туа бастаганын, жүрттың мәдени тілектері үлгайған дауір» келгендігін айтып, әдебиеттің жалпы жай-жапсарына социологиялық шолу жасады.

«Бүгінге дейін бізде көркем әдебиет туралы белгілі жол, дұрыс бағыт бола алған жок, көбінесе көмескі жөн, жадағай сарынмен жайылумен келеміз. Әдебиет — әдебиет үшін керек сиякты. Газет-журналдарымызда партия тілегіне, жұмыскер табы мен ел бұқарасының керегіне жарагы-жарамсыз әдебиет жүрнактары талғаусыз базылып келді. Кейбір газеттеріміз (мәселен, «Ақ жол») үлтшылдар мен жолбикелердің ыңғайына көшіп кей кезде жолынан жаңылды. Қөркемдік, әдемілік жауалығын бүркенген зиянды әдебиет жүрнактарын дәріптеді. Бәспаларымызда бүгіннен түніліп, өткенді көксейтін, үлтшылдықты дәріптеп, бай тілегін тілейтін байшыл ақындардың, жазушылардың шығармалары, ертегі-сертеғілері тоқтаусыз базылып жатқанда төңкерісшіл ақындардың шығармалары базылмай келеді. (Бейімбет Майлыұлы мен Сәбит Мұқанұлы т. б. секілді төңкерісшіл ақындардың өлең-әңгімелерінің жинағы осы күнге шейін базылып шыққағаны бұған дәлел» дегендінде («ЕҚ», 24.08.925) уақыт шындығы барын көреміз. Төңкерісшілдердің жыртысын жыртуға әрқашан дайын екендігі сөз саптауынан да, ойын дәлелден айтуынан да анық ангарылады.

Өлкелік партия комитетінің баспасөз бөлімінің мең-

герушісі және сыншы болғандықтан Әбдірахман сол кезеңдегі әдеби процеске белсene араласты, серкелік жасады, таптық поэзияны бекем ұстau жөнінде төнкерісшіл ақын-жазушыларға белгілі дәрежеде жол көрсетіп отырды. Қазақтың алғашқы профессионал сыншысы Фаббас Тоғжанов екеуі тапшылдыққа жетектеп отырғандары тарихқа белгілі.

Әбдірахман қойылған сауалдарға да, оған өз түсінігін айтқандардың ойларына да оңтайлы жауап берді де, көркемдік әдіс туралы өзінің тұжырымды ойын ашық, белгілі дәрежеде дәлелді айтты. «Сентиментализм мен романтизм бағытына әуреленбей, қазақ еңбекшілерінің қазіргі керегіне жауап, келешегіне демесін болатын ашық тілек, айқын ұғыммен суретtelген нағыздық (реализм) бағытындағы және осы бағыттың жан серігі, бұрынғы, соңғы, бүгінгі өмірдің деректерінен туатын, болашақтағы тегістік тұрмысты суреттейтін төнкерісшіл сарындаамалық (романтизм) бағытындағы әдебиет жүрнектарын молайтулары керек.

Бұл көптің тілегі, қазіргі заманымыздың тілегі. Сондықтан бұдан былай әдебиетімізде айтылған нағыздық пен төнкерісшіл сарындаамалық бағыты көркеймек. Сыншылар ұсынып отырған ескі сарындаамалық (реакционный романтизм) бағыты жасырынып жан сақтау, жатып атарлық қылу жолында түспек» («ЕҚ», 09. 10, 1926) деген ойларына назар аудару қажет. Біріншіден, төнкерісшіл ақын-жазушылар мен сыншылар осы қисынды дұрыс деп тапты. Шығармашылық тәжірибеде реализмді өршіл романтикамен қанаттандыруға тырысты, қайсыбірі реализмнің соқлағынан айырылып қалғанда натурализмнің батпағына батқан кезі де жоқ емес. Оны көбіне-көп өнерпаздықтың өсу жолындағы қындық деп есептеп, штампқа айналдырығандарға кір жуытпай арашашы болған кезіміз де жоқ емес. Екіншіден, бұл пікірдің құяр арнасы — 30-жылдардың бас кезінде айқын тұжырымдалған «социалистік реализм» атавы болғанымен, 20-жылдардың екінші жартысы үшін осы теориялық ой-пікірдің өзі өнімді ізденіс екенін анғармау ағаттық болар еді. Түркі тілдес әдебиетте алғаш айтылған осы қисын орыстың пролетарлық әдебиетінде 1928—1929 жылдары айрықша дау туғызыды. Жаңа әдебиетке көркемдік әдіс іздеу қажеттігі туған кезде «динамичный реализм», «революционный реализм», «диалектический реализм» деген сияқты терминдер онды-солды сапыры-

лыстырылғаны да тарихқа белгілі. Үшіншіден, мұндай ой-пікір мансұқталмай, төңкерісшіл әдебиет басып өткен жол, оның өркендеуіндегі бір кезең ретінде қаралып, қазақ әдебиет сынының теориялық негізінде белгілі естетикалық нәрдің болғандығының көрсеткіші деп бағалаған абзал.

Әрине бүкіл бір әдебиетті өмір шындығынан аз да болса да алшактататын романтизм бағытымен өркендету талабы бірден-бір өрнекі жол деп айта қою қын. Романтикалық сыңайда жазылған шығармаларда талай көркемдік ізденістер, үтқыр образдар, кестелі өрнектер кездесетініне қарап реалистік суреттеу тәсілін екінші қатарға ысырып тастау немесе оны жүрер жолымыз емес деп есептеу айтысушылардың бір сәттегі пенделік сезімі ғана болғанын көреміз. Ол пиғыл шын естетикалық тұжырымнан алыс. Өйткені әдебиет өнер болып жарыққа шыққаннан бері реализмнен іргесін аулақ салған емес, ал саналы түрде одан қол үзгендер, аулақтағандар талай опық жеп, тарих қалтарысында қалған сәттері аз емес.

Кеңес әдебиеттануғының өзінің баландық дәүірінде реализм мен өршіл романтиканың жымдаса бірігуі социалистік реализм болады деп анайылау түсіндіріп келсе, кейін өмір шындығын тарихи шынайы қалпында, революциялық даму барысында суреттеу керек деген кисынға айналдырып жібेरгені жүртқа аян. Қазақ әдебиетшілерінің жиырмасыншы жылдарда айтқан ойын да елеусіз қалдыруға болмайтын осындай дәннің болуы біз үшін үлкен абырой. Сондықтан әдебиеттің реализм жолымен дами ма, әлде романтизм жолымен өркендей ме деген сауалдың сол кез үшін әлеуметтік-көркемдік мәні зор болғаны даусыз. Осы теориялық таласта өзінің ойын айтқандарды бұқтырып алу не құфын-сүрғінге салу әрине дұрыс еместігін айтып жатудың кажеті шамалы.

Ал осы естетикалық проблема талқыға түсে келе, қоғамдық-әлеуметтік астары қалың әрі саяси салмағы ауыр мәселеге, қазіргі қазақ әдебиетінің болашағы кімдікі деген дәүірлік сауалға айналып кетті. Тағы да екі түрлі көзқарас қырқысты. Тендік пен билік қолына тиген төңкерісшілдер «Ақжол» газетінде «қазакта тапшыл, төңкерісшіл ақын-жазушылар бар ма? Тап ақыны жоқ болса себел не? Қашан болады?» деген сауалдардың қойылуының өзінен шошып, шабуылға айғайлай шыққанын, көбіне партия-кеңес жүртшылығына иек артып,

көмек алып отырғанын ашық айту керек. Эпербақандықта, төзімсіздік те, ожарлық та осы тұста айрықша көрінді, бір мәселені талқылап аяқтамай жатып, екіншіге ауысу, сөзге қонақ бермеу процестері Ф. И. Голощекин және оның жандайшаптары түсінда ерекше күшейді, бар тірлікті тек саясаттан өрбіту басым болды, қазак оқығандарын жікке бөліп, саналы түрде таластырып, атыстырып-шабыстырып қою партиялық саясаттың машиғына айналды, оның аяғы абақты мен түрмеге отыргызу, құғын-сүргінге салу әрекетіне үласып жатты.

«Ақжолда» жарияланған макалаларда Жұсіпбек: «Қазакта әзір тап ақыны жок» десе, Жәкен: «Ақын тапты тудырмайды, тап ақынды тудырады. Қазакта тап жігі әбден ашылып жеткен жок» деп табады. Тікен тапшылдар бар деғенімен, оның өкілдерін көркемдік тұрғыдан тануға қарсы болды. Ал Пошан болса, «бар, жок» деп кесіп айтпай қысындалп кетті. Тапшыл, төңкерісшіл ақын-жазушыларды баспасөз бетінде осылайша бұлышырлатып жіберу әрине дау туғызбай қоймайтын еді. Солай болды да.

Төңкерісшілдердің сөзі мен ойы тағы да бірыңғай шықты. «Бір жағынан бай табының тілегін тілейтін, бүгіннен түніліп, өткенді көксейтін, қайғыраң, торыққан байшыл жазушылар, ақындар болса, екінші жағынан, жұмыскер табының тілегін тілеп, жұмыскер мен кедейді жақттайтын, төңкеріс жолына түсken, ескілікке қарсы аттанға» шақыраған «айғайшы», төңкерісші жазушылар, ақындар бар. Және бұл екеуінің арасында біресе олай, біресе былай бұлтақтаған, кейде шын, кейде жалған жолбикелер, қалың орташалар тілегін суреттейтін бұқаршыл ақындар, жазушылар бар» деп («ЕҚ», 25. 08, 1925) жіліктеніп, кім не үшін құресіп жүргені ашық баяндалды. Ал «Ақжол» авторлары сөз арасында айтқаны болмаса тап осындай тұжырым жасауға бара қоймады. Эрине «бұқарашыл жазушылардың жазғандарын бірен-сараң үлтшылдығы болса да басып жіберіп, артынан сынға алып көрсетіп отыrsa, қазак әдебиетінің көтерілуіне жағдай болар еді» деген ойды дұрыс қабылдай қояр құлак, ниет ол кезде болған жок.

Сонымен катар төңкерісшіл әдебиеттің туып, өркен жайып келе жатқанын жалпы мойындағанмен, басы Фаббас Тоғжанов болып: «Рас, қазақтың қазіргі тұрмысында пролетариат ақыны шыға қоймайды. Өйткені бізде пролетариат (кәсіп жұмысшылары) аз. Қазак тұрмы-

сына әлі әсер беретіндей халге келген жоқ. Біздің ақындардың көбі шаруа тұрмысын, қазактың даласын жазатын ақын, шаруа ақыны» деп табады да, кімнің тілегін жырлауына қарай байшыл, кедейшіл деп бөлшектей салуының ойланар тұсы да жоқ емес.

Ол кезде ашықтан-ашық кім үстем болмак, яғни әдебиетте жетекші рөлді кім атқарады деген мәселе күн тәртібінде тұргандықтан әркімнен нақты жауап талап етілгенмен, бұлтақтай пікір айтуға тұра келгендігі, тиісті әлеуметтік-көркемдік алғышартар пісіп жетілмелегені РК(б)П Орталық Комитетінің «Партияның көркем әдебиет саласындағы саясаты туралы» (1925) қаулысында бірқыдыру айқын айтылған болатын. Ешбір әдеби топқа, үйымға жетекшілік рөлді таңбай, еркін жарысу идеясын ұсынып, тапшыл көзкарасты қатаң сактау, жолбикелерді ішке тарту, кеңес жағына біртіндеп шығара беру саясатын ұстанған күннің өзінде «барлық жағдай дәүірге сай стиль жасалады деп ойлауға мүмкіншілік беріл отыр. Бірақ ол басқаша әдіспен шешілмекші және бұл мәселенің шешімі әлі белгіленіп болған жоқ» деп ашық айтылғанын естен шығармаған абзал. Сондықтан әдебиеттің қазір қай дәүірде екенін, келешегі кімдікі екенін айқындау мәселесінің дау-дамайға айналып, кейінге қалдырылуы осыдан еді.

1926 жылы күзде, яғни бір жыл өткеннен кейін Сәбит Мұқанов «Көркем әдебиет туралы» мақала жазып, «Ақжол» эстафетасын басқа қырынан жалғастырды, әдебиеттің болашағы кімдікі дегенді ең негізгі мәселеге айналдырып жіберді. Әдебиеттің сол кездегі шындығы ғана емес, оған өзі қолма-қол араласқан Сәбиттің сөзімен алғашқы айтысты қорытындылап, келесі мәселеғе көпір салып алғанның да артықтығы жоқ.

«Қозғалған мәселенің ең маңыздысы «Қазакта тап ақыны бар ма?» деген сөз еді. «Коммунист ақындардың бетін былғадық, масқараладық» деп үлтшыл сыншылар журді. «Тап ақынын бар қылдық, үлтшыл ақындарға кедергі салдық» деп коммунист сыншылар жүрді. Бірақ үлтшыл ақындардың қателігін, залалдығын дәлелдеу жағымыз болмаса, қазакта тап ақыны бар ма, яки бола ма? деген мәселені біз күні бүгінге дейін тиянактап жеткеніміз жоқ» («Өсу жолдарымыз», 1960, 33-бет) деп түйін жасаған.

Көркем әдебиетті өркендету жайы әңгіме болғанда, бізде қазір неше бағыт бар, үгіт керек пе, мазмұн мен

пішін, көркемдік шеберлік неге байланысты, ұлтшылдармен біріге аламыз ба, кім үстем болады, кімнен ұлғи аламыз, қандай тақырыпта жазамыз деген мәселелерге назар аударылды. Айтыс барысында талай ой-пікірлер айтылды. Оның ішінде «кедейшіл жазушыларды қолдау, қөтермелеу аз, бас салып масқаралап сынаушы көп, сондыктан олар үйреніп болғанша қыспактап кету қате» деген де, ал «сөздің әдемілік, суретшілік жағынан келсек, ол бір күнде бола қоймайды. Оки, біле, түсіне, көре болады. Азын-аулақ кемдіктеріне қыл берілсін, бірақ қөнілін қалдырлықтай әзірге зілді сын болмасын» («сонда, 37—38-бет) дегендердің де бұра тартылған кезі аз емес. Таптық түсінікті, қатаң да қatal ой-пікірді былай қойғанда, Сәбиттің осындай ойлары талай сакқа жүгіртіледі.

Сонымен екінші үлкен айтыс Сәбиттің осы мақаласынан тұтанды да, 1927 жылдың аяғына дейін созылды. Ә. Байдилдин «Қазақ әдебиеті қазір қандай дәуірде», Қөшке Кеменгеров «Қөркем әдебиет туралы», Ерғали Алдаонғаров «Жазушылар мен көркем әдебиет», Мәжит Дәулетбаев «Сыншылар мен көркем әдебиет», С. Мұқанов «Қөркем әдебиет туралы қорытынды пікірім», К. Кеменгеров «Сәбитпен айтысты доғардым», С. Мұқанов «Мен айтысты доғармаймын», Жәкен Сәрсенбіұлы «Қөркем әдебиет туралы», Смағұл Садуақасов «Әдебиет әңгімелері», М. Дәулетбаев, Сейітбаттал Мұстафаұлы, Жұмабай Орманбаев, Жақан Сыздықов ойларының «Қөркем әдебиет туралы» атпен бірлесе жариялануы, Екеудің «Қөркем әдебиет туралы», Хамза Жұсінбеков «Байдың толғағы», Үдырыс Мұстамбаев «Қөркем әдебиет туралы», Шаймерден Тоқжігітов «Әдебиет мәселелері», С. Сейфуллин «Қазақтың көркем әдебиеті туралы», Ә. Байдилдин «Әдебиетке қандай көзben қарап, сынау керек», С. Мұқанов «Әркім өзінше ойлайды» деген мақалалардың бәрі де соңғы айтыстың айрықшаша өріс алғандығын көрсетеді.

Сәбиттің ой-пікірін дамыткан Әбдірахман Байдилдин болды. «Ақжол» бастаған айтыстың қорытындысы шықпағанмен, оның екпіні, негізгі идеясы әлі күнге дейін созылып келе жатқанын ескеріп, «соңғы кезде әдебиет туралы сөз қозғалғанда қойылған сұрауга көбінесе «Қазақ әдебиеті қазір романтизм дәуірінде» деген жауп беріліп жүр. Көбінесе бұл жауапты ұлтшылдық бағыттағы оқығандар әдебиет туралы сөйлегенде «роман-

тизмді» қайырылуы қаршығасында қолына кондыра сөйлейтін болып жүр» (ЕҚ, 06. 11, 1926) деп алады да, бұл идеяны алғаш рет 1923 жылы «Шолпан» журналында аузына алған Коңыр еді, соны әлі малданып келеді. «Әдебиетімізді романтизм дәуірінде деушілердікі адасқандық. Әдебиетіміз романтизм дәуірінде емес, көшпелі дәуірде. Бұл дәуірде көбінесе нағыздық пен төңкерісші сарынамалық бағыттар есеюге тиіс» деп тауып кеңес әдебиетінің көркемдік шеберлігін өсіру мәселесіне тоқталды.

Ал мұнан кейінгі Қ. Қеменгеровтің мақаласы Сәбит ой-пікірлерін теріске шығара жарияланды. «Октябрь төңкерісінен бұрын бай, кедей деген жікті айрып үндеу, үгіт жүргізген, оқыған топтары жоқ болатын. Оқыған атаулы отаршылыққа қарсы ұлтшылдықты қөксейтін. Ел ішін алсақ, байға наразылығын ашық көрсеткен кедей жоқ еді» (01. 12, 1926) деп тапшыл ақын-жазушылардың шыққандығын айта келіп, жалпы төңкерісшіл әдебиеттің келешегін бұлдырлатып «әлде болса кедей әдебиеті көрнекті орын алу үшін көп жылдар керек, ұлтшыл жазушылар кейде қоғам кемшіліктерін тереңірек қазып жіберсе, марксшілдік жолмен дұрыс-бұрысын сынға алу керек» деп кеңес береді. Таланттың рөліне тоқтап, әдебиетті, үгіт пен насиҳаттың құралына айналдыруға қарсы шығады.

Өмір шындығын суреттеу, әдебиеттің әлеуметтік міндетін айқындау жайына келгенде, «Біздің көркем әдебиетіміз қоғам тұрмысын пүшпағынан тартып жүр. Сол шет пүшпактың өзін көбінесе кейбір жазушылар романтизмге, символизмге айналдырып отыр. Кейбір жазушылар не үгітке, не «жалаңаш парнографияға» айналдырып отыр. Осы күнге дейін реализммен жазылған Бейімбет Өлеңдері мұның да біразы үгіт, насиҳат, ұран. Шын реализмнің қоныс теппеу себебі не? Шын тұрмыстың бәрін қисайтып жібергендік» деп тауып, өз жіктеуіндегі ұлтшыл, бұқарашиб, кедейшіл ақын-жазушылар үшін қазақ қоғамында реализм жолымен жазатын тақырып, идеяларды нақты атап-атап көрсетті. Қошкенің айтқандарының бәрін түгелдей құптай кою қын болғанымен, сыншылық қөзқарасы мен талап-талғамын анғармау ағаттық болар еді. Бір өкініштісі, осындай толымды ой айта білетін, қаламы үшқыр азаматтар өз ойын айтканда «қып-қызыл» болып шықпағаны үшін екінші лагерьдің қаламгері деп бауырға тартпадық, алыстаттық, жа-

қындағатпадық. Осындай әпербақандықтың ең түрпайы да сойқанды көрінісі Мағжанның «Тоқсанның тобы» жа-рияланған тұста, тіпті суренсіздікпен көрінген болатын. Ал бұл «Қіші қазанды» жүзеге асырып жатқандар үшін таптырмайтың амал, қазақ азаматтарының басын біркітірмеудің зымиян тәсілі болып алған еді. Әдебиет пен саясатты тоғыстыруышлар осындай қадаммен көркемдік-эстетикалық дүниені ластап, әлем-таптырығын шығарған-ды.

К. Кеменгеров «әзірге қазақ әдебиетінде екі ағым бар: біреуі — кедейшілік, екіншісі — бұқарашибылдық. Осы екі ағымдағы жазушылар, ақындар негізгі пікірі түгелімен қосылмаса да, бір үйім жасаса ортақ журнал, термелер шығарса аса жемісті болар еді», сібір жазушыларының бірнеше ағымы біріксе, Мәскеудегілер бас-басына отау тігіп отыр, келісе алмаған жағдайда «бұқарашибыл ағымдағылар бөлек үйымдасуы керек» дегеніне қарағанда, «Алқа» үйыми әлі ойдаған болып, нақты іспен айналыспаған сияқты.

Бұл үйымдар топ құру үшін емес, әдебиетті көркейтін, гүлдендіру үшін керек, «іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын» дегенде Абай пәлсекеш болғандықтан мазмұнға артық баға беріп отыр. Пікір жағынан мазмұны алтын болса, сұлулық жағынан түрі де алтын болу керек дегенді ұран қылу керек», ол үшін «қазақ қалам қайраткерлері де жараны бітемей, таңбаны тегіstemей, ауруды сау қылмай, күн шығысты құлдықтан құтқарған Қазан төңкерісін кінәламай, қазақ ұлтының өткен, қазіргі дәуіріндегі түрмисын көркем әдебиет айнасына түсіруі керек» дегенінің еш әбестігі жоқ екенін байқаймыз. Төңкерісшілер таптық түсінікті, жіктелісті айрықша дуылдатып, тіпті коммунистердің ең тапшылынған ҚазАПП-қа мүше етеміз деп даурыға бастаған кезде мүндай ойлардың айтылуы мүмкін емес еді. Өйткені елге еңбек етер әдебиетті бөле жарғаннан ештеңе өнбейтіні бесенеден белгілі бола тұрса да, уақыттың құштеуімен әдебиеттің болашағын айқындау қажеттігі қазіргі ағымдарды жіктеу, үйым құру мәселелерімен астарласып кетті.

1927 жылдың қантарында Сәбит пен Қошке екеуі қайта үстасты. «Көркем әдебиет туралы қорытынды пікірім» деген мақаласында Сәбит көркемдік шеберлікті жетілдіру мәселесінен бастап, оқып-үйрену, жетілу жайына айрықша назар аударды. Сондықтан, «үйрен,

біл, білу керек» ұраны біздің еңбекші жазушылардың ұлы міндеттерінің бірі» болады деп тапты. Қазақ әдебиетінде үш бағыт бар, «олар — еңбекшілдік, кенес үкіметіне карсы бағыт, шөре-шөреде жүргендер» деп жіліктеді де үйымдасу жағына келгенде «Біз шөре-шөрелмен біріге аламыз. Бірақ олардың күшін пайдаланып, тізгінге өзіміз ие боламыз. Ал Магжандар, Қошкелер бізben бірігер ме екен? Жок, олармен біріге алмаймыз» деген ойын ашық айтып, кімнің үстем боларына келгенде «күш, шаруа, саясат кімнің қолында болса, соның әдебиеті тез өседі. Қазақ байлары ажал аузында отыр. Олар құриды. Олар өлсे, жыршылары да өлеңді. Қазақтың еңбекші табы өркендереп келеді. Олай болса еңбекші таптың әдебиетшілері де өркендейді, келешек біздікі» деген ойларын қысылып-қымтырылмай зор сеніммен тұжырды. Әрине, мұнда көркемдік-эстетикалық құбылыстардың жалпы адамзаттық сипатынан еш ырым байқалмай, сол кезде үстем болып келе жатқан коммунистік идеологияның жетегінде кеткенін аңғару қын емес. Бұл жалғыз Сәбиттің ғана емес, бүкіл қоғамдық-әлеуметтік және мәдени-эстетикалық жүртшылықтың танымына айналып, қалыптасып келе жатқан сананың сілемі болатын. Мұны қаншама даттап, мансұқтағанмен тарихи шындықты ешкім аттап өте алмайды.

Қошке мен «Сәбитпен айтысты доғардым» (30. 01, 1927) дегенде «Мұндай адаммен айтысарлық менің уақытым жоқ. Білім жолымен айтысатындар болса мен даярмын» деуінде сол кезде жіңі қолданылған, яки төңкерісшіл ақындар білімсіз, сауаты жоқ, «еміле білмей жатып жазуға жармасқандарға не дерсін» (Қошке) сияқты кемсітушіліктің сілемі жатқанын аңғару қын емес. Құрескен соң жеңу, айтысқан соң ұту керек болған соң дәлел, себептерді тандауға екі жағы да онша қинала бермепті. Әліпті таяқ деп танымайтындарды жерлеу, сөгу, даттау машығы құрес амалы болса, айтыс барысында кедейшілдердің жауап беру үшін төнірекке көз салып, іздену арқылы жетіліп жатқанын аңғармауда ағаттық болар еді. Сондықтан Сәбиттің «Мен айтысты доғармаймын» деуінде көптік мағына жатқан болатын.

Осы айтысқа тікелей араласқан Жәкен Сәрсенбіұлы Сәбитті жақтап «қазақта тап ақыны жоқ емес, бар. Бірақ таза жұмыскер табының дара шыққан ақындары қазақта қазір жоқ. Сәкен, Сәбит, Бейімбет тағы басқа-

лар кедей қара шаруа табының ақыны. Жиналып, кітап болып шықпай жатқаны болмаса, көркемдік жағынан үлтшылдардан кем сокпайтындар шығып келеді. Кедей жазушылары да өз атының басын өзі алғып жүргендей заманды кешікпей-ақ Қошке мен бізге тұрмыс көрсеткелі отыр. Менің ойымша, үйым біреу-ақ болуы керек. Сондықтан кедей-қара шаруа жазушылары үйымын ашқан дұрыс болар еді» деген өнімді ой айтты.

Айтыс аумагы кеңеңде түскенде мұраны игеру мәселесі де негізгілердің біріне айналып бара жатқанын Смағұл Садуақасовтың «Әдебиет әңгімелерінен» көреміз. Ең алдымен Сәбиттің «қазақ әдебиеті өзінен-өзі үлгі алатын дәүіріне жеткен жоқ» деген нигилистік пікіріне үлкен эстетикалық таным-білімнен жауап береді. «Тегінде, өзінен-өзі үлгі ала алмайтын әдебиет болмауга тиіс. Өткенді ұмытып, өткеннің бәрін мансұқ қылыш тастағанда жаңа қайдан өспекші. Сондықтан біз ескі мұрадан жерімейміз. Есқі мұраның жарайтынын ала-мыз, жармайтыны қалады» («ЕҚ», 15. 02, 1927) деп мұра мәселесінде пролеткультистық түсінікке қарсы шықты, дұрыс қорытынды жасады.

Сол сияқты партияда жоқ жазушылар деген жаңа атау ұсынып «шөре-шөре» мен жолбике дегендерге қарсы шығады да, «Жүсілбек те, Мұхтар да сөзсіз ішімізде болуы керек. Бұлар коммунист партиясы басқарып отырған жаңа жұртшылықтың дұшпаны емес, досы. Жүсілбек пен Мұхтарды жоқ қылу осы күнгі қазақ әдебиетінің бір колы мен бір аяғын кесіп тастаумен бір» деп сол кез үшін өте-мөте таптырмайтын дұрыс қорытынды жасады. Осы үшін де Смағұл сөзге қалды, әсіреле, партия-кеңес жұртшылығы оның «оңшылдығына» осыны сылтау қылды.

✓ Сәкен жөнінде біраз щәлкем-шалыс пікір түйіндегенмен, Бейімбеттің Мырқымбайын — қазақ кедейінің жаңа замандағы бейнесі, образы екендігін білімдарлықпен айтып, айтыс барысында ғана емес, жалпы қазақ әдебиеті тарихында ұнамды пікір айтты. «Тапшыл жазушылардың ішінде осы күні аты шығып отырған Сәкен мен Сәбит. Сәкен туралы жоғарыда айттық. Сәбит әлі жас. Сондықтан оған үйрену керек, оқу керек. Сәбит «Еңбекші қазақта» жазған мақаласында біз орыс әдебиетінен ғана үлгі аламыз» дейді. Орыс әдебиетінен үлгі алу керек, бірақ өзіміздің қазақтың тарихынан да жиренуге

болмайды. Қазақ тарихы бізге үлкен үлгі. Осыны түсін-се Сәбиттің өсуінде сөз жоқ. Сәбит өнерсіз ақын емес» деп жылы сөз айтады да, айтыс-тартысқа орынсыз араласа беруден сақтандырады.

Айтысқанда «қазақ әдебиетінің екі-үш өкілдерін айналдыра бермей тұтас алып, барлық жазушыларды сыннан өткізу, сөйтіп қазақ әдебиетіне толық сын беру керек. Сынағаннан әдебиет ақсамайды, қайта сынның жоқтығынан әдебиетті тот басады. Жазушының қайраты — сын» деп сыншының қофамдық-эстетикалық міндеттін биікке көтереді де, «көркем әдебиет шын өмірді жазсын. Сыртқы түрі көркем, әдемі болсын, ішкі мазмұны маңызды, қазақ елінің үлт тенденциясынан үстемдігі болсын» деген түбекейлі ой түйеді. «Жалпы мәдениетке біз өзіміз жасаған мәдениет бүйіммен барамыз. Біз олардан алсақ, олар біздерден алады. Интернационализмнің негізі мәдениеттің сыртқы түрін (үлттық кескінін) бір түсті қылу емес, ішкі маңызын бір тілекten шығару. Қазақ әдебиетінің сыртқы сипаты қазаққа ұксаса, ішкі мазмұны жалпы адам баласының қызметіне жүмсалуы керек» деген қисынчың айтылуы үлттық танымбілігіміздің жоғары болғандығына дәлел. Әрине Смағұлдың жалтақтамай айтқанын: «әдебиеттің міндеті — қазақтың үлттық сезімін үлтшылдық емес, үлттық тәртіптеу, қазақ та мекемеде қызмет істей алатындықты көрсету, қазақша оқып-ақ іске жарайтындықты білдіру» керек дегенін бүрмалағысы келгендер талай сакқа жүргіртіп бақты, оның қазақтан басқа арманы жоқ деп ағаш атқа теріс мінгізетіндер кездесті. Ал шындығына келгенде, дүние жүзі мәдениетіне әр үлт, әр халық өз әшекейін қосуы керек. Әлемнің әдемілігі, жалпы адамзаттық таным осындайлардан құралатынын енді үғынуга тиіспіз.

Айтыстың екінші қезеңінде Жүсілбек қойған проблемалар қоса әңгімеленіп жатқанын байқау қыын емес. «Еңбекші қазақ» газетінің 2 тамыздағы бетінде Мәжит Дағулетбаев «қазақ әдебиетінің еліктеу дәуірінде реализммен қабаттасып футуризм де қазақ әдебиетінін бір пүшпағына жабысқан сықылды» деп көркемдік ізденісті, әсіресе, төңкерісшіл жазушыларда Маяковскийше сілтеу кездесетінін айта отырып «қазақ әдебиетінен ескі романтизм туы жоғалып кеткен жоқ және тез күнде жоғалып кетерлік те болмай жатқан сықылды» деп жазуы қазақ әдебиетінде әр қылыш көркемдік айла-тәсіл-

дер барлығынан хабар береді. Мәжит футуризмді даттай отырып, соған іш тартатындығын жасырмайды, «түсіндіре жырлауда футуризм — сырлы жаналық. Ол біздің әдебиетімізде әлі тәжірибе жүзінде ғана» дегендері осыны аңғартады.

Ал Сейітбаттал Мұстафаұлы қазіргі қазақ қаламгерлері, әсіресе төңкөрішілдер, қазактың тілін білмейтіндер, сөздің нәрін аңғармайтындар барында, «көркем әдебиеттің беті қалай болу керек, романтизм бе, реализм бе? Жок, өзге түрі ме? Мұнын бәрі соңынан әнгіме болуы керек» деп стилистикаға назар аударады, көркемдік критерийлерінен алшақтайты. Ал Жұмабай Орманбаев бес сауал қойып, қайсысын таңдауды басқаның еркіне бергенмен, «мәселеге тап көзімен қарап, оның сол тапқа жемісті болуы керек» деп бұлдырып сөйлесе, Жақан Сыздықов ашық айтты: «Ендігі мәселе — қазактың еңбекші таптан шыққан кедей ақындарын, жазушыларын бір бағытқа түсіруде. Бұларды Қазақстанда жарлы-жалшы тап ақындарының, жазушыларының үйімүн ашып, таң саясатымен тәрбиелеу керек» дегені сол кезде мендең келе жаткан, кейіннен бір жүйеге түсетін идеологиялық штамптың алғашқы көрінісі еді.

Әрине ізденген әдебиеттің табары едәуір боларын білгенмен, соларды бір арнаға түсіру үшін 1932 жылы арнайы қаулы алынды. Бірақ оған дейін демократиялық ой-пікір айтудың соңғы түрк серіппесі Екеудің «Көркем әдебиет туралы» жазған мақаласы болғаны тарихи шыныдай.

Екеудің түсінігінде мәдениеті өскен «елдің қиялынан да ақылы күшті болады. Міне, сондай елдерде қатып-пісken, кемеліне келген нағызыңық (реализм) түрін көбірек қолданады» дегеніне таңырқай қарағанымызбен, теріске шығаруға асықпайық. Ал мәдениеті көпей ел табиғатта «өздеріне зияны тиетін, қаскунем күштер (иелер) бар, өздеріне болысатын, пайдасы тиетін дос күштер бар деп біледі. Мұндай елдің ақылынан да қиялы басым келеді. Қазақ міне осындей ел» (08—9. 08, 1927) деген сөз салтаулары романтизмге бейімделгенін аңғару қын емес. Ұзақ сонар дәлелдемеде «әр заманда бір үстем пікір (идея), үстем ұран шығады. Әрине оны ешкім ойлап, тауып шығармайды. Тұрмыс туғызады» деп бас шүлғытып алған соң «біреудің ақылы басым, біреудің қиялы, біреудің сезімі басым болады. Сондық-

тан әдебиетте нағыздық (реализм) бағыты басталды-ақ сарындаамалық (романтизм) бағыты пышақ кескендей тоқталады деп ұғу дұрыс емес» деп негізгі айтайын деген ойларына жақындаі түсіп «қазак әдебиетінің бұл күнгі бағыты қөбінесе сарындаамалық, қала берсе нағыздық бағытта болуға тиісті» дегендеріне қонақ берейін десең, ары қарай бұл ойды әрі нағыздай, әрі бұлдырлатып жібереді. «Арманга жету үшін қиялға сұңгімей болмайды. Қиялға сұңгімей нағыз өмірді жазған болмайсың. Идеализм, романтизм деген осындайдан тұрады. Ал нағыздық бағытпен жазғанда бүгінгі тұрмыс нағыз қалпында суреттелу керек» деп натурализмнің шетін қылтитып қояды да «біздің еңбекшіл бағыттағы тапшыл жазушыларымыз жабайы сүр өмірді жазуға әуестеніп, өнер болу жағын ескермей кету қаупі бар. Міне, осы себептен де әдебиетіміз, оның ішінде тапшыл әдебиетіміз жуырда аяқтана алмайды» деген қисынның қайшылықты екенін көреміз.

Талай толғамды ойларды бұлғақтата айтып келіп «бұрынғы жалаңаш ұлтшылдық бұл күнде бұқарашибілдікқа айналса, бұл бір саты, бұл табиғи жол. Қазақ жұмыскерлері шын мәнісінде пролетарий емес. Бұқара көпшілік кедей мен орта шаруа. Ендеше орыстікі тәрізді біздің әдебиетіміздің мінезі де халықшыл, бұқарашибіл болуға тиіс» деген негізгі қорытындыларын жасап, Сәбит ойларынан іліп алар ештеңе таппағандай сынай танытады. Бұл авторлардың әлеуметтік-эстетикалық таным-бліктері едәуір екені байқалады: ойды сендеріне айту, дәлелдеуі, ол үшін әр қылы өңірге ізденіс жасауы, пікірдің дұрыстығына жүртттың көзін жеткізбекке ұмытылуы, сөз жоқ, сыншилық қаламға үлкен абырой.

«Байдың толғағы» деген мақалада «Екеу» әдебиетті бүркеншектеп, біздің ұстаған түпкі мақсатымызға қарсы пікір айтып отыр деп табады да, әр сөзден саяси астар іздең, тап күресінің әүлесіне тарта берген. Сондықтан «Екеудің» оны да, солы да теріске шығарылған. «Бізде жаңа әдебиет қөбейіп келеді. Оның негізгі бағытын біз пролетариат әдебиеті негізіне бейімдеуіміз керек» деген тезис жетекші болды да «біздің жаңашыл жазушыларымыз ескінің құритынын, жаңаның туғанын жазса, оның аты сарнау емес, шындықтың өзі. Сондықтан сыртқы пішінінен де ішкі мазмұны анағұрлым артық, айқын болу керек» («ЕҚ», 29. 09. 1927) деген машықты талап-қа қарай ойыса берген. Төңкерісшіл, тапшыл әдебиеттің

жол-жобасын осылай қорғай беру керек деп социологияга салынған.

«Еңбекші қазақ» газетінде басталған айтыс басқа басылымдарға да қозғау салды. «Жыл құсы» альманагы мен «Қызыл Қазақстан», кейінрек «Жаңа әдебиет» журналдары да араласып кетті. Ідіріс Мұстанбайұлы Сәбит пен Қошке айтысина тоқтала келіп, «мұқату, кекету болмауы керек еді, аяғында бір-бірімен ұрысуға айналып кетті. Елдің айтысудан да көнілі қалды» деуінде біраз шындықтың сыры байқалғандай. Бүгінгі көркемдік процесті анық түсіну үшін алдымен «қазақ елінің көркем ұлт әдебиеті қашаннан басталады» деген мәселе леге назар аударып, «әке-шешесі, тарихы жоқ әдебиеті бола ма екен?» деген риторикалық сұрақпен өз ойна жауап бергендей сынай танытады. «Әр елдің ауыз әдебиеті өзімен бірге туып өседі» деген үлкен тезисін жазба әдебиетке бұрганда, «қазақ елінің тұңғыш шын ақыны Абай» деп табады да, «Ұлтшылдар Абайды жақсы көрді деп Абайды Абай демеуге бола ма? («Қызыл Қазақстан», № 1—2, 1927) деп пікір айтады.

Көркемдік дүниесін түсіну жағына келгенде І. Мұстанбаев реализм жағында екенін анық аңғартады. «Өнер, көркем әдебиет құрғақ қана қиялдың, сезімнің жемісі емес. Бұлардың анасы — тұрмыс, нағыздық. Шын өнер нағызшылдық негізінде болады. Тұрмыстың жайын пернелеп суретпен таныстырады» деп пайымдауы эстетикалық қысыннан алыс еместігін аңғартады. Сол сиякты «қазіргі қазақ әдебиеті көшпелі дәүірдө» деген Эбдірахман пікіріне қосылады да, ұлтшылдық, бұқарашылдық, кедейшілдік ағымдар туралы айта келіп «кедейшіл дәүір әбден орнады, басқа ағымдарға қарағанда кедейшіл ағым басқалардан үstem деуге әзір ертерек. Сәкен мен Бейімбет секілді ақындарымыз молая келе кедейшіл ағым үstem болады» дейді сеніммен. Осы ойын «сарын-дамалық дәүірі өліп бара жатқан таптың, ақынның жолы бізге керексіз дейтін жолдастардың сөзі дұрыс» деп бір бекітіп алады да, әдебиеттің болашағы кедейшілдікте, көркем әдісі — нағыздықта, реализмде деп ой түйеді. «Нағызшылдық жағынан кедейшіл жазушыларымыз тәзірек жаттықса көп кемшіліктерден өткен болар еді. Кедейшіл жазушыларымыздың өсіп келе жатқанын байқамай қалғанымыз рас. Сәкен мен Бейімбет екеуі де иікірі дөңгелектенген, ақындық беті өсіп, белгілі дәрежеге жеткен ақындарымыз» деп табады да, «азырақ

үгіт те керек. Себебі әдебиетке саясат араласпай отырмайды. Бұл заман — күрес заманы. Соңдықтан әдебиетімізде саяси қурестің әсері қайтсе де болады» деп корытынды жасайды.

Шәймерден Тоқжігітұлы да осы өрістен көрінгенімен таптық танымды қаттырақ бұрай түскен. «Қазақ ұлтшылдары пікірінен қайтпай отыр. Мағжанның қазіргі жолға пайдасынан найзасы көп. Мағжандарды пікірінен айыруға әлде болса да көп уақыт керек» деуі дормалық көзқарастың сілімтігі демеске болмайды. Өйткені «Тоқсанның тобы» туралы мақала жазғанда тіпті шығандап шетке шығып, күдік пен шұбәні қарша боратқаны тағы бар. «Бір ғана «Тоқсан тобын» жазғанымен Мағжанның тоқсан жағына шыққан деп әйгілеп жарияладап, айқайлауға болмайды. «Көн құрысса қалыбына тартады» дегендей Мағжанның тиянақты бет алышына әлде болса да сене қоюға болмайды. Мағжан ішінен белін буып, қойнына тас тығып келіп отыр ма, оның жүрегін кім актарапып көріп отыр. Бүгінгі Мағжан мен кешегі Мағжанның түбі бір, жолы бір емес пе. Еңбекші жүртшылығы у мен суды айыратын дәрежеге жетті. Құрғак тілмен, әдемі жырмен алдауға болмайды» («Қызыл қазақстан», № 8—9, 1927) деген сөз саптаулары мен күдіктері әрине Мағжанның оң жолға түсуіне дәнекер болды деп ешкім айта алмайды.

Әкінішке орай, иіліп келген ұлы ақынды кеудеден кері итерген осындай пікірлер бұдан кейін де көп айтылды. Адал қөңілін түсінбеген соң Мағжан ештеңе жазбай қойды, оның аяғы 1929 жылғы құғын-сүргінге үласты, «Тоқсан тобы» төңірегіндегі әңгімелер осымен сарқылды деседе болғандай, өйткені онда әдеби танымбілік емес, саясат мәселесі ширатылды. Ұлтшылдардың жеңілгендігіне дәлел етіп көрсетуден әріге барған ешкім жоқ.

Бұл ой-пікірлер «Жыл құсы» альманағы мен «Жаңа әдебиет» журналында жалғасын тапты. ҚазАПП баскармасы атынан берілген «Октябрьдің он жылдығына» деген мақалада қазақтың пролетариат бағытындағы ақын-жазушыларының өсіп-жетілуі, өсіреле, өсу киыншылықтары көп сөз болды. Оны Сәкен қазақ әдебиеті қалай туып, қалай өсіп, кімнен үлгі алғып келеді, қазақ әдебиетінде қазір неше саяси бет бар, сыншылары кім, кімге қандай әдебиет үнайды, қандай бетті әдебиет үс-

тем болып келеді, оның келешгі кімдікі? деген түбекейлі мәселелерге ұластырып жіберді.

Аузын ашса адап жүргөрі көрінетін шыншыл Сәкен Сейфуллин Қазан төңкерісі — мәңгілік, оның идеясы — бүкіл адамзаттық, кедей-кепшіктің шын бақытты өмір жасайтын дәүірі туды деп түсінді. Осы танымнан бір табан ауытқыған емес. Марксизм-ленинизмнен басқа жол жок, олардың кітаптары, еңбектері еңбекші елдің құраны, темірқазық жүлдизы деген түсініктен таныған жан емес. Ол үшін талай дос-жарапдарымен кетіскені, бұл-талақтауды білмеген тарихқа аян. Әрине, шұбәсyz құлай сену де трагедия, бірақ оның адамгершілік жолында өз артықшылығы бар.

Сәкеннің «Жыл құсы» альманагындағы мақаласы өз сенімі зор адамның ғана емес, замана дамуының барысын бағдарлай білетін дәйекті көзқарасын анық танытады. «Қазақ әдебиетінде қазір екі саяси айқын бег бар. Бірі — байшыл, ұлтшыл, бірі — еңбекшіл, тапшыл. Байшыл-ұлтшыл бетті әдебиетшілер — Ахан, Жақан, Мағжан, Әлихан, Әуезұлы және басқалар. Еңбекшіл, тапшыл бетті әдебиетшілер — Рахметжан, Сәбит, Бейімбет, Сабыр, Самат, сыншы ретінде Әбдірахман, Хамза, Фаббас және басқалар» (Шығармалар, 4-том, 324-бет) деп атап көрсетуі «дипломатиялық ебінің» болмағандығына дәлел. Өз сенімімен әр ой-пікірін бұлдыратпай кесіп-кесін айтатыны және зор екпінмен жеткізетіні белгілі дәрежеде әр қылы түсінік туғызғанымен, авторының шыншылдығына, адалдығына шұбә келтірген емес. Сондықтан алашыл бағыттағы ақын-жазушылар мен сыншылар «көп оқыған, көп тәжірибелі, көп үстарғандар. Және олардың саны да көп. Міне, сол себепті, соңғы бір-екі жылға дейін қазақ әдебиетінде ұлтшылдық, байшылдық бет зор болып, үстем болып келді». дегенді айтудан жасқанбады. Бұлайша «мойындау» кеңес зерттеушілеріне ұнамайтын қылық, өйткені біз «Аврорадан» оқ атылғанмен кейін тоқтаусыз жеңіске жетіп, социалистік бақыттың құшағына еніп едік дейтін жалған тұжырымға жанаспайды. Сондықтан қазақ әдебиеті тарихынан Сәкеннің бұл пікірін осы уақытқа дейін оқыған жоқпыш, ыңғайы бар жерде орағытып өткенбіз. Міне, бұл тарихты бүрмалаудың нақты бір дәлелі.

Алашыл әдебиетшілердің үстемдігі көркемдік шеберлігі мен көптігіне байланысты болғандығын ашық айты. Оларга демесін жасаған субъективтік себепті де

ашты. Және төңкерісшіл әдебиет өкілдері партия-кеңес жүртшылығынан әрдайым көмек алып отырғандығын да жасырмады: «Қазактың көркем әдебиетінің болашағы еңбекші таптікі. Еңбекші тап үкіметі нығайған сайын еңбекші тап партиясына кіруге сұранушы, совет құрылышына қатысушылар көбейіп келеді, большевик партиясының ықпалына жүгіруді көбейтіп келеді» деп жаңа заманың әдебиеті әкімшілік-паргиялық жүйеге арка сүйен өркендейтініне имандай сенді. Бұл процесті уақыт қолдамай жатқанымен, тарихта солай болғанын жасырудың енді еш қажеттігі жок.

Әдебиет қоғам өмірін айнаға түсіретін құбылыс болса, оның әлеуметтік рөлін әсер-ықпалдан бөлін алудың да еш орайы жок. Өйткені Сәкендер өз сенімдеріне еш күдік келтірмей: «жыл сайын еңбекші таптың өзі өнербілім үйренін, балаларын оқытып, жарыққа шығып келеді. Бар жазушылары өсіп келеді. Жыл сайын еңбекші тап оқығандары әр түрлі жайды айыра таңып, жеге баға бере біletін болып келеді. Міне, сонымен барып, ұлтшыл-байшыл жазушыларды және оны дәріптеп көтермелеушілерді еңбекші таптың өсіп келе жатқан екпінді күші, жаз таянған сайын іріген қардай, ірітіп бітірмек. Еңбекші тап жазушылары әдебиет майданында енді қарсы күшпен тіктеп күресуге жетті. Қазақтың көркем әдебиеті енді еңбекші таптікі болмақ» (327-бет) деген тұжырым замана дамуының қорытындысында болды. Кейінгі өркендеу осы бағыттан бастау алды.

Жасыратыны жок, бұған партия-кеңес жүртшылығы әуелі шабындық-егістік жерді бөлу, онан кейін бай-феодалдарды кәмпескелеу, артынан олардың идеологиясын насиҳаттаған қазақ оқығандарын, ақын-жазушыларын, сыншы-публицистерін қуғындау, тұтқындау, сottaу процестерімен «әдебиет майданында төңкерісшілердің қолын жеңіске жеткізді». Бұл жалпы ел үшін ғана емес, айтыстағы, бәсеке жолымен қанаттанып келе жатқан әдебиет үшін де зор трагедия болды.

Сонымен әдебиеттің көркемдік әдісі, бағыты қандай, болашағы кімдікі деген үш жылға созылған айтыстың негізгі қорытындысы өршіл романтикамен қанаттанған реализм арқылы еңбекшіл көшіліктің тілек-мақсатына қызмет ету, бар арман-тілек осы жөннен табылу қажет дегенге сайды. Бұл «жеңіске» таза теориялық, көркемдік жарыспен қол жеткен жок, сол кездегі тапшылдық көзқарасты өршітуде партия-кеңес көмегіне сүйенген

сыншылық ой-пікірдің көп «шапағаты» тиді. Алайда эсі баяндаулар мен дәлелдеулер қазақтың эстетикалық та-
ным-білігінің өресі жоғары болғандығын жоққа шығара алмайды.

4. КӨРКЕМДІК ТӘЖІРИБЕ – ҚИСЫН НЕГІЗІ

Қазақ әдебиет салынын тек айтыс-тартыспен қанатын жайып, буынын бекітіп алған жоқ. Оның сенімді серіктепі — әдебиет тарихы мен теориясы мүмкіндігінше де-
месін жасап, шығар биігін айқындауға жәрдемдесті. Қызу айтыс-тартыс барысында ақын-жазушылардың шығармаларында қолданылып жатқан көркемдік тәжі-
рибелеріне оқтын-оқтын соғып кетіп отырған бір мәселе — кешегінің бүтінгімен байланысы, дәстүр жалғасты-
ғы болды. Бұл проблема теориялық қисын елеғінен өту-
ді тілейді. Өйткені күні кешеге шейін қазақтың көп әде-
биетшілері «социалистік реализмді» қалай мадактасақ екен деген желеумен жүргенде өнімді бір арнаны, яғни Абайдан тартылатын сыншыл реализм дәстүрін сұйыл-
тып алдық. Төңкеріс өкімет машинасын тез алмастыры-
ғанмен, көркемдік танымда қалыптасқан машиқтарды бірден өзгерте алмағаны, дәстүр сабактастырылғаны айдан анық.

Қазақ әдебиеті тарихында сыншыл реализмнің дәстүрі Қазан революциясынан кейін бірқыдыру шығармаларда сақталып келгенін көрмеуге тырысты, айтпады. Ол дәстүрге «маталғандардың» өнерпаздық келбетіне, шығармасына, алған бағытына дақ түсердей сезініп, мәнді құбылысқа назар аудармай келген кез де жоқ емес.

Әдебиетіміздің алғашқы дәуіріне тән осы құбылыс-
тың мән-мағынасын ашып, құпия сырын анықтап алуға, сөз жоқ, әдеби ағымдар күресінің әсері тиді. Бұл кезеңде алашшылардың идеялық қарсылығының үстіне Мұхаметжан Сералин, Спандияр Қебеев сияқты сыншыл реализм дәстүрінде шығарма жазып келгендердің әлеумет жұмысына ауысып, қаламгерлікті бәсекесіткені, ал Сәбит Дөнентаев секілді дарынды ақындардың көп уақыт үндемей қойғаны белгілі. Революция жылдарында қалам жебеген Мұқтар Әуезовтің Абай нәр алған орыстың, батыстың классикалық арнасымен келе жатқандығына, кейбір әңгімелерінде уақыттынысы сезілмейтіндігіне, Берніяз Құлеев сияқты дарындардың талантты

шығармаларын «қиялы дүние» санап, қыр-сырына онша көп назар аудара қоймады. Өйткені ол кезде сыншыл реализм дәстүрінің сабактасып келе жатқанын жаңа көркемдік әдістен ажырата коярлық жағдай да, қисындық дайындық та аз-ды.

Сол кезеңдегі көп сыншылардың тарихи шындықты жазуға үндеуі, ел еңбекшілерінің көңіліне қонатын құбылыстарды суреттеуді талап етуі орынды болғанымен, айтыс әсерімен, әлеуметтік көnl-әуен сарынымен: «Енді біреулері баяғы Шекспирге еліктеп трагедия жазуға түсken. Қазақ әдебиетінде «Гамлетті» туғызбак. Бірақ Гамлет өз заманында қандай жақсы болып көрінгенімен де, біздің заманымыздағы түрмисқа жаратылған кісі емес екенін білу керек» («Қызыл Қазақстан», № 14, 1923) деп пікір айтуы драматургияның идеялық-көркемдік нысанасын айқындалп алу ниетінен тумағаны аян. Соның өзінде де күрғак ожарлықтан гөрі, білімдарлық-лен пікір айту, өз ойын дәлелмен баяндау жағы басым екендігін аңғарамыз да, сынның эстетикалық арқауы ширап қеле жатқанына қуанамыз.

Пролеткульт сыншылары Пушкин, Бетховен, Чайковскийлердің шығармаларын мансұқ етін, пролетариат мәдениетін тыңдан жасаймыз деп жатқан даурықпасының қазақ әдебиетіне жеткен жаңғырығы өзіміздің Абайды шындалп тануға, қадір-қасиетін мойындауға мұрсат бермегенін ұмытпасақ, екінші жағынан, қазақ әдебиеті өкілдерін бүгінгі өмір шындығына орайластыру, соны жаздыру талабы басым болғанын естен шығармасақ, тарихи сабактастықты танымады деп өкілеу де қын. Революциядан кейінгі аз жыл ішінде трагедиялық көрністі суреттеген, жылау-сықтауы мол шығармалардың көп жазылуы, еңсесін көтере бастаған ел еңбекшілеріне көтеріңкі әуенмен жазылған туындылар керек екендігі, мұнды да сыншыл шығармалардың әдейі бүрмалана мінеліп жатуы, «гамлетизмге» еріксіз қарсы шыққызған еді.

Міржакып Дулатов, Шәкәрім Құрдайбердиев, Ғұмар Қарашев, Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармаларының ең ұнамды да сүбелі шығармалары сыншыл реализм дәстүрінде жазылғаны ешқандай күдік тұдырмайды. Мұндай басы ашық, нәрселерді дәлелге тарту орынсыз. М. Әуезовтің кейбір мақалалары мен зерттеулерінде шәлкем-шалыс ой сыңайы байқалып қалғанмен, жазушылық тәжірибесінде сыншыл реализмнің өнімді де

озық принциптерімен келе жатқаны айқын болатын. Жазушының дуниетанымы өзінің өнерпаздық тәжірибесіне қабыса бермей ерекшеленген кезі де бар.

Мұхтар Әуезовтің «Қорғансыздың күні» атты әңгімесі мен «Еңлік — Қебек», «Бәйбіше — тоқал» трагедиялары жарияланғаннан кейін газет-журналдарда бірнеше сын макалалар басылғаны белгілі. Олардың бәрінде де келешегінен зор уміт күттіретін таланттың қазақ әдебиетіне келгендігі айтылып, шын өнерпазга қойылар талаптар білдірілді. Драматург, прозаик Әуезовтің зор дарыны бірден танылды, қошемет көрді. Дарын қуатымен қатар көркемдік дәстүрді терең игеріп, ілгері дамыта түсуге тікелей байланысты болғанын аңғармау ағаттық.

М. Әуезовтің «Қорғансыздың күнінен» тартылатын желіні — «Оқыған азamat», «Кінәмшіл бойжеткен», әсіре-се 1925 жылғы «Жуандық» әңгімелеріне сабактастырылғанда жазу машиғына, ой айту, сурет салу айла-амалдарына ғана емес, бүкіл көркемдік жүйесінде «танысбейтанасты» аңғарғандай боламыз да классикалық әдебиет әдісінің дабын танимыз. М. Әуезовтің қазақ өмірінің ең бір сойқанды жағын көрсетуі және оны бірнеше шығармасында әдейі баса суреттеуі, халықты іштей жеген дерптен алышы сыншыл реализм әдісіндегі туындыжекенін аңғартады. М. Әуезовтің «Сана», «Шолпан», «Таң» журналдарында жарияланып, өзінің көркемдік қуатымен қазақ өмірінің оны-солын сарапқа салған көп әңгімелерінің шығармашылық бағыты сыншыл реализмнен нәр алып жатқанын және әдебиетімізге үлкен олжа екендігін анық көрсетеді.

М. Әуезовтің 20-жылдардағы әңгімелерінің ішінде романтикалық леппен жазылғандары да кездеседі, алайда сыншыл реализмнің классикалық улгісінде пішілген туындылары басым. Оларды аңғармау, көркемдік сипатына тиісті талдау жасамау М. Әуезовтің шығармашылық жолын түсінуді қынданатып келгендігі бір болса, екінші жағынан, қазақ әдебиетінде талай өнерпаздық ізденістер мен арналар болғанын, әр қылы жаңалықтармен толықсанын, профессионалдық әдебиет дәстүріне іш тартқанын аңғарып алуға кеселін тигізді. Осы түрғыдан келгенде, қазақ әдебиетінің 20-жылдардағы дамуында сыншыл реализм дәстүрінде жазылған шығармаларға азды-көпті тоқтап, нақты талдап көрсете кеткен жән. Бұл процесс көптеген ақын-жазушыларымыздың шығармаларында кездесіп, қалыптастып жатқан көркемдік әдіс-

тің буынын бекітуге көмегін тигізгенін енді жасыруға болмайды.

Бейімбет Майлиниң «Сексен сом» әңгімесі алашорда өкіметінің іс-әрекетін сынаумен ғана емес, соған еш қайран көрсете алмаған Егеубай сияқты кедейлердің дәрменсіздігін суреттеуімен көзге түседі. Жиенғали Тілепбергеновтің «Қайран елім-ай» әңгімесінде (1918) аштыққа ұшыраған халықтың басына түскен қындықтан олжа тапқан пысықайларды, алаяқ қуларды сынай отырып, негізгі кейіпкердің аянышты қазасымен көркемдік түйін жасауы сыншыл реалистердің талай қолданған машиқты тәсілдері. Демек, жүрер жолдан, баар өнірден айырылған бишара жандарды аянышпен зарлатып қою — сыншыл реализм дәстүріне тән хас белгілер.

Мұндай көрініс жаңа әдебиеттің алғашқы жылдарында ғана емес, бұғанасы бекіп, жаңа әдістің белгілері айқындала бастаған шақта да кездесті. Мәселен Б. Майлиниң «Күлпәш», С. Сейфуллинің «Аштардың рухы» (1922) Мәжит Дәuletбаевтың «Тұнгі көбелек», «Жұн жайғанда» (1927) әңгімелерінде сыншыл реализмнің дәстүрі ғана емес, идеялық арқауына дейін сақталғанын байқаймыз.

Әдебиетті өркендетуге септігі тиғен көркемдік тәсілді мансұқтауға да, одан ат-тонын ала қашуға да және орынсыз дабырайтуға да болмайды. Сыншыл реализм дәстүрлерінің кейіннен социалистік реализм деп аталған әдісті аяқтандыруға өнерпаздық ықпал жасағанын, көмегін тигізгендігін аңғармау, байқамау, сайып келгенде, творчестволық өмірдегі тарихи сабактастықтың сақталуы жөніндегі диалектикалық заңдылыққа қарама-қарсы шығумен тең болмак.

Жиырмасыншы жылдарда дүниеге келген кейір көркем туындыларды Б. Кенжебаев: «Ежелгі демократтық-ағартушылық бағытта сыншыл реализм әдісімен жазылған» деп түйіндесе («Жиырмасыншы жылдардағы қазақ совет әдебиеті», 1961, 41-бет.). М. Қаратайев: «Ол кезде өнімді жазған Б. Майлин мен М. Әуезов әңгімелерінің тақырыбы ғана емес, тұтас идеялық-көркемдік дәрежесін алсақ, бұл ретте де олар бұкарашыл жазушылар жеткен денгейден асып кете қойған жоқ еді. Ол — сыншылдық реализм деңгейі еді» («Социалистік реализмнің қазақ прозасында қалыптасуы», 1965, 151-бет) деп табады. Ал шындығына келгенде, бұл өнерпаздық арна — қазақтың төнкерісшіл әдебиетінің туу, даму барысында мансұқ-

тауға болмайтын құбылыс, өйткені оның көркемдік нақыштары мен озық үлгілері, окушы жүргегіне жаққан туындылары «сыншыл реализм арқылы социалистік реализмнің принциптеріне үластырған» жолдың бірі болатын (Т. Қекішев. «Октябрь өркені», 1962, 97—105-бет).

Кеңес заманының алғашқы дәуіріндегі шығармаларда өмір көрініс-келбетінің әр алуандығын ғана емес, бүкіл бір әдебиеттің қалай дамығандығын айқындаپ алсақ, өнерпаздық ізденістің қандай көлемде, қандай арнада болғандығын білуге мүмкіндік туады. Сондыктан да тарихи және көркемдік шындықты жасыру, еле-меу, бұра тарту әдебиетке, оның жеке өкілдеріне және көркемдік әдісіне пайдалы емес екенін кейінгі зерттеулер көрсетті.

Қазақ әдебиетінің революциядан кейінгі даму процесінде сыншыл реализм дәстүрінің сілемдері сақталғаны даусыз. Осы шығармашылық көріністі қазақ әдебиеттану ғылымы мен сыны көп уақытқа дейін дөп басып айта алмай келді, жасырды. Г. И. Ломидзе 1963 жылы алғашқы дәуірдегі бірнеше әдіс-тәсілдердің, әсіресе, сыншыл реализм мен социалистік реализмнің иық тіре-се өмір сүріп келгендігін етек алған қателік деп тапқанда көп әдебиетшілер қарсы шықты.

М. Пархоменко өзінің «Чудо или закономерность» деген мақаласында кеңес әдебиетінің алғашқы дәуірінде сыншыл реализм мен социалистік реализмнің шығармашылық әдістері қатар өмір сүріп, бір-бірімен аralасып жатқаны жайлы («Вопросы литературы», № 6, 1965, 23-бет) ой түйді. Ал әзіrbайжан ғалымы Мамед Джадар: «Әзіrbайжан кеңес әдебиетінің қалыптасу дәуірінде жетекші творчестволық әдіс ретінде социалистік реализммен қатар, сыншыл реализм де өмір сүрді» («Вопросы литературы», № 8, 1965, 63-бет) деп тұжырды. А. Овчаренко осы мәселені онан әрі дамыта және мысалдармен дәлелдей келіп: «Совет өкіметінің алғашқы жылдарындағы кейбір жазушылар коммунистік мазмұнды реализмік романтикалық тәсілмен ғана емес, тіпті, символизм, экспрессионизм, неоклассицизм машығымен суреттеуге талаптанғанын (көбіне сәтті талаптанғанын) біз үяла жасырамыз» деп тереңдетіп жібереді («Социалистический реализм и современный литературный процесс», 1968, 104-бет). Андреев пен Б. Сучков

сыншыл реализмнің кейбір белгілері қазіргі біркүйдіру шығармаларда кездеседі деп айтудан жасқанған жоқ.

Қазақ әдебиетінде бұл мәселеге 60-жылдардан шындарап мән берे бастаған уақытта эстетиканы социология-ға алмастырып, партиялық позициядан ауытқымауды серт еткен кейбір зерттеушілер сыншыл реализм деген-нің өзін естуден шошып, шоқпарын ала сала қарсы шықты да, мәселенің сырын толық түсініп алуға едәуір қындық келтірді. Расын айтсақ, бұл әдебиетшілердің пікірі З. Қедринаның 1960 жылы «Из живого источника» атты кітабында айтылған ойға негізделді. Онда: «Октябрьден кейін тұңғыш рет өзінің дербес мемлекеттігін алған қазақ ұлты бірден социалистік ұл болып қалыптасқаны сияқты, қазақ әдебиетіндегі реализм де социалистік реализм болып орынды. Бұл әдебиетте әбден қалыптасып, тамыр жайған сыншыл реализм болған жоқ. Мұның өзі қазақ әдебиетінің жетілмегендігін ғана емес, сонымен қатар, оның революция жолымен дамуында едәуір қындыққа кезіккенін көрсетеді» (104-бет) деп әдебиет тарихы растамайтын пікір айтқан болатын. Бұл пікірін 1972 жылғы «Главное — человек» дейтін кітабында, «Октябрь» журналындағы мақаласында: «Көп жыл бойы жас және таяуда ғана туған жазба әдебиеттерді бақылау негізінде мынадай корытынды жасадым: Революцияның алғашқы жылдарындағы жаңа шындықтың және аға әдебиеттер тәжірибесінің ықпалымен олардың әрқайсысы сыншыл реализмді атап өтіп бірден социалистік реализм әдісін өзінше қалыптастырды» (№ 5, 1972) деп жазып, Кеңестік Шығыс халықтарының әдебиетіндегі реализм мәселесіне арналған Баку конференциясында ашық баяндады. Қазақ әдебиетшілерінің біразы әлі күнге дейін бұл мәселе жайында тіс жармай сырттан тон пішкеннің шылауында келе жатыр.

Әдебиет тарихына байланысты кейбір ойды сол кезеңде, әсіресе М. Дулатов, А. Байтұрсынов, Ж. Құдайбердиев, М. Жұмабаев пен Ж. Аймауытов, Ғұмар Қарашевтардың шығармаларын атап-атап айта алмағандықтан көкейде ұстаған, сыншыл реализмнің дәстүрін сол дарындар мықтап өркендеткенін айта алмаған едік. Идеологиялық қорқытуды европоцентристік көзқарас-пен нығыздағанда орыстан басқа елдің әдебиеті мен мәдениеті өспеген, жетілмеген, жетесіз болып шыға келуі жалпылық сипат танытқан-ды. Ғылыми түрғыдан ешбір шұбә тудырмайтын осы проблема М. Әузовтің

алғашқы әңгімелеріне жазылған сындарда байқалып қалғанмен, оны әрі дамыта баяндап, осында өнікті арнаны ғылыми жолмен зерттей білсек, ең алдымен сыншыл реализм дәстүрінде шығарма жазғандардың творчествосын, одан кейін романтизм мен символизм ықпалында жазылған шығармалардың сырын ашып, көркемдік ерекшеліктерін айқындан алуға мүмкіндік туатын еді. Өкінішке орай, бұл сара жолдан бұрылып кетіп, көптеген жәреуекелікке кезіктік.

Әлеуметтік өмірдегі тарихи сабактастық пышақ кескендей үзіліп, бірден жана сапаға көше салмайды. Ол заң әдебиетке жат еместігі бұлай тұрсын, ұзак сақталады. Қазақ жазушылары ағартушы-демократтық идеяны жырламап еді, ақпан революциясы әкелген бостандықты қуана карсы алмап еді, келешекте қалыптасар дүниетанымына белгілі бір арна іздемеп еді десек, онда әр ақын-жазушының өскен ортасының ықпалын, тарихи өзгерістер мен дәстүрлердің әсерін жоққа сайғандық болар еді. Бұрынғы көркемдік дәстүр қашан болса да өзінің әсерін тигізбей қалмайды, ескінің құрсағында жана өсіп жетіледі. Бұл — диалектика заны. Оны аттап өтуге болмайды, тек зорлықпен көрмегенсуге болады.

Мәселенің түйіні — сол әсердің қаншалықты құаттылығында, дәстүр ықпалын өзінің творчествосында қай өнірден өрбіте беруде және жана тарихи шындыққа оның қаншалықты қабысар-қабыспасында. Демек, қай дарын болмасын бұл жағына назар аудармай өте алмайды. Сондықтан уақыт таразысы да еске алынуға тиіс. Осы ретпен алғанда, Бейімбет пен Сәкеннің 1922 жылғы жазған әңгімелерінде кезең қызындығы тек сыншылық дарытып қана қойған жоқ, тінті қысынсыз уайымшылдық сипат бергенін жоққа шығара алмаймыз. Мұның өзі кешегі дәстурдің оралып соққан бір салқыны болды, бірақ ол өзінің жетекшілік сарынынан айырылған еді.

«Қазақ әдебиеті тарихының» III томының бірінші кітabyна Е. Ысмайлов, М. Дүйсенов, Т. Қекішев жазған «Қазақ совет әдебиетінің алғашқы дәүірі» (1917—1929) деген көлемді тарауда бұл мәселе жайында жаңаша пайымдау ұсынылғанмен, бұрынғы қасаң қорытындылардың салқыны айқын сезіледі. «М. Әуезов қазақ әдебиетінде сыншыл реализм дәстүрінде, кейде романтикалық сарында жазатын суретші ретінде көзге түсті... Эрине, жазушының іздену жолы мұдіріссіз болған жоқ... бейта-

рап объективизмге салынатыны да бар... қайшылықтар мен қындықтарды жеңе отырып, бірте-бірте социалистік реализм позициясына ойыса бастаған М. Эуезов творчествоюсы сол дәүірде әділ сынның ала алған жоқ» (65—66-беттер) деген дұрыс пікірге назар аудара қараған адам біраз бұлан құйрықты аңғарары сөзсіз. Мұндай позиция, біріншіден, сыншыл реализм дәстүрін сол кезеңде ашықтан-ашық түйіндеу қындығынан, екіншіден, баяғыдан бері қалыптасып қалған тұжырымды епте болса да жаңаша пайымдауға ұмтылу қажет екендігінен, үшіншіден, М. Эуезовті бірден төңкерісшіл әдебиеттің өкілі етіп шығарушылардың тарихи дәлелі, көркемдік негізі жетімсіздігінен туған.

Төңкерісшіл әдебиеттің туын көтеруші Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов, Фаббас Тоғжановтар т. б. М. Эуезовтің шығармашылық бағыты мен дүниетанымының арасындағы қайшылықты алғашқы кездे ажыратпай, оны басты бүтін реакцияшыл романтизм құшағындағы жазушыларға қосақтап жібергені, «Мұхтар бүгінгіні көрмейді, келешекке сенбейді. Мұхтардың көретіні, білетіні, іздептіні қазактың өткен өмірі. Мұхтар жаңалықты, үлгіні өткеннен іздейді, қазактың баяғы батыр, шешен біі, салсерісі, ерке қызы, міне Мұхтардың үлгілі адамдары осылар. Соңғы кезде Мұхтарда аз да болса өзгергендей бар. Бірақ, Мұхтар мұнысымен әлі бізге жақындаған жоқ. Жолбике жазушы бола алған жоқ. Мұхтардың негізгі жолы, идеологиясы — әлі байшылдық, ұлтшылдық (F. Тоғжанов. Әдебиет және сын мәселелері, 1929, 160-бет) деп тапқан тұжырымдары 1952 жылға дейін өзгеріссіз келді және 1956 жылға дейін ызгарын жоймады.

М. Эуезов өз шығармаларындағы көркемдік ізденістер мен эволюциялар арқылы жаңа әдебиетке жанасу жолын саяси-әлеуметтік, мәселелерден, әсіресе, идеялық-көркемдік тәжірибеден бөле-жара қарауға болмайды. Сол кездегі үстем пікірдің осы тұжырымында шындықтың астары қалың екені, бірақ жазушының өнерпаздық жолын ұғу жағы жетіспей жатқаны тағы рас.

С. Сәдуақасовтың: «Жүсіпбек пен Мұхтар ішімізде болуы керек. Бұлар кеңес үкіметіне қарсы қайнасып қалған ұлтшылдар емес, бұлардың болашағы алдында. Бұлар жалпы алғанда қазак әдебиетіне үлкен пайдалы жазушылар. Бұларды біз пайдаланамыз. Қатені көрсетіп отырып, қатесімен күресе отырып пайдаланамыз» («ЕК.», 15. 02, 1927) дегені «Партияның көркем әдебиет саласын-

дағы саясаты туралы» 1925 жылғы қаулыда дұрыс жол таба алмай жүрген жазушыларды жолдастық, достық қамқорлыққа алып, кеңес жағына шығара беру керек деген саясаттан туындаған болатын. Осы үшін Смағұлдың өзі біраз сөзге қалып, оңшылдық қамытын мықтап «киген-ді». Жұсіпбек Аймауытовтың шығармалары жөнінде қабындаған айтыс бола қойған жок, өйткені «Картқожа» романына қойылар кінә тіпті атымен жоқ, өйткені пролетарлық әдебиет жасап жатырмыз дегендердің өзі өмір көрігінен өтіп, кеңес ісіне белсене араласқан Қартқожаны ең ұнамды бейне деп таныған еді. Жаңа адам, қазақ кедейлеріне үлгі боларлық кейінте еді. Ал «Ақбілек» романының бірнеше тарауы жарияланып, оқушыны құмартып қана қойған болатын. Жұсіпбектің бұл кезеңде публицистігі, әсіресе сыншылдығы басым, айтар ойы әрқашан кесек те өрелі болғандықтан, көбіне Мағжан, Мұхтарлар жөнінде толымды пікірлер айтып жүргендіктен сол кездегі түсінік бойынша ұлтшылдар санатына қосылып кетіп жүрген-ді. Ал шындығына келгенде, класикалық реализмді өз шығармасында жарқырата пайдаланып, ешкімге жалынып-жалпылдамай өзіндік еркіндік пен тәуелсіздікті пайдаланып, алаштыл қалпын сактап откен дарын — Жұсіпбек.

Қазақ әдебиетінде сыншыл реализм дәстүрінің сілемдерін әңгімеледің екі түрғыдан мәні бар. Бірінші, 20 жылдардағы көркемдік тәжірибеде болып жатқан ізденіс-талпыныстын сырына үніле алмай, оның теориялық сыр-сипаты неге байланысты екенін үға алмай көп қателік жібергенімізді айту болса, екіншіден, күлт түсында еркін ойлау мүмкіндігінен айырылғандар, кешегінің бүгінгіге азық, дәстүр жалғастыры екенін үкпағандар сыншыл реализм принциптерін өзінің шығармаларында жетілдіре қолданған авторларды күнәға батқандай, қателік жасағандай сезінетін, сыншыл реализммен жанасқан да-рындардың шығармашылық келбетіне дақ түсетіндей қарайтындар ғалымдар арасында жиі кездесті. Ескілікпен құресуді ең негізгі идеялық-көркемдік шартқа айналдырып, кешегіден безуіміз керек, тек бүгінгінің үдесінен шығу керек деп үққандар әдебиет әлеміндегі көркемдік құбылыстарды дұрыс таразылап, тәжірибеде қолдануға мән бермеді. Сондықтан жағалықтың, ізденістің сырын дұрыс аңғарып алуға, тарихта атап көрсетуге көп қындық жасап келді.

XX ғасыр басындағы өмір суретінің әдебиеттегі кел-

беті мейлінше керегар болғандығы Ж. Тілепбергенов, М. Дәүлетбаев, С. Дөнентаев, Б. Майлин, әсіресе М. Әүезов пен Ж. Аймауытов өнерпаздығында ғана емес, бүкіл бір әдебиеттің қандай ізденіс жасап жатқандығын білуғе, кейбір ақын-жазушылардың шығармашылық бағыты мен келбетін дұрыс айқындауға мүмкіндік бермеді. Тарихи шындықты саясаттандырып жіберу әдебиетке де, оның жеке өкілдеріне де пайдалы болмады, әдеби процестің шын сырын, қалыптасу жолын ұғуға кедергі келтірді. Сондықтан казақ әдебиетінің революциядан кейінгі даму процесінде сыншыл реализм дәстүрінің сілемдері сакталғанын көрмейміз, білгіміз де келмейді деп жүргенде ұлттық өнерпаздығымыздың құнарлы топырақта өсіп-өніп, өзінің көркемдік дәстүрін жасап жатқанын, дүниежүзілік эстетикалық даму барысында өзінің ерекшелігімен, көшпелілер мәдениетінің жарқылымен көрініп жатқанына теориялық түрғыдан қарай алмадық та басқалардың айтқанына көндік, аузына қарадық. Өзіміз теориялық кисын айта алмайтында күй кештік, ондай ізденістің ұлы көрсеткіші — А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» атты кітабы жаулық, ұлшылдық пиғылда жазылды деп маңына жоламадық, тарихта болмағандай сынай таныттық.

Тіпті өнгені былай қойғанда осы сыншыл реализм туралы сонау 20-жылдары А. Байтұрсыновтың «Сындар дәуір» деп атағанын ұмытпайық. Сындар дәуір дегеніміз «шығарушы өзі жазушы, өзі сыншы болған уақытта шыққан мағыналы сөз. Еуропа әдебиетімен танысқаннан кейін қазақ ақындары сөздің асыл болатын сырын біле бастайды. Сөздің ондай сырын білу — сын білу болады... Абайдан кейін сөзге талғау кіреді. Айтуши да, тындаушы да сөзді талғайтын болды, олай болғаны — Абай асыл сөздің айқын нұқсаларын көрсеткеннің үстіне, аз да болса сөз сипаттарын айтып та жүртты хабардар қылды» («Ақжол», 446—447-беттер) деген ойлардың бәрі де профессионалдық әдебиеттің көркемдік әдісіне, алған бағытына құйылатын таным-біліктегі екені даусыз. Олай болса, өзіміздің даму жолымыздагы олжалар мен шығындарды, пайда мен зиянды қоса есептей білсек, казақ әдебиетінің көркемдік арсеналындағы құнарлы дәстүрлердің мықты өріс алуға мүмкіндігі бар екенін көреміз.

Өскен әдебиет әрине өзінің керек-жарагын іздестірмей тұра алмайды. Әдеби дамудағы әр қылы ағым-бағытты аңғару, көркемдік таным-біліктегі ізденістерді зерттеу,

оны окушы жұртшылыққа жеткізу қажеттігі сын жаңрын қалыптастыруға жағдай жасайды. Эдебиеттің, көркем-өнердің өркендеу барысында өзінен-өзі туатын құбылыстарды теориялық тұрғыдан түсіну біздің жағдайымызда өнерпаздық қажеттік болды. Сондықтан 1926 жылы Ахмет Байтұрсыновтың «Эдебиет танытқыш» атты теориялық еңбегін жариялауы, яғни әдебиет теориясын ұсынуы аспаннан түскен жаңалық емес, қазактың эстетикалық ойының заңды жалғасы, қисыншыл сана-сезімінің жемісі болды. Өйткені мұндай еңбек көршілер түгіл, ілгерінді мәдениетті елміз дегендердің көбінде тұа қоймағаны тағы рас. Осында ұлы табысмызды тапшылдық көзқарастың құрбандығына шалуымыз қазір өкінтпей қоймайды. Өйткені 20-жылдардың орта тұсында осындағы теориялық туынды берген халықтың эстетикалық таным-білігінің мықтап тұсаулануы, тіпті тұмылдырық салынып, ілгерінді ізденіс жасатпай қоюы ғылыми тұрғыдан үлкен шығын, парықсыздық еді.

А. Байтұрсынов қазактың ғылыми-теориялық сана-сында кезең жасаған, әдебиеттану ғылымының негізінде қаланған еңбекті жазуға бірден келе қойған жок. Ілкі мақсаты қазактың жас ұрпағына ана тілінің грамматикасын, тіл құралын жасап бергеннен кейін, енді қазактың сөз өнерін белгілі бір жүйеге салу қажеттігін айқын сезінген сияқты. Бұл ой нақты шешімін табуы қажет екен-дігі А. Байтұрсыновтың «Айқап» журналында, әсіресе «Қазак» газетінде жарияланған мақалаларынан анық байқалады. Өйткені әдеби сынымыздың өресін биікке көтеріп, оны теориялық жөннен негіздеу машығы әр туындысынан байқалып калып отырғанын анғармауға болмайды. Энциклопедиялық білімі бар дарын ел-жүрт, окушы қауым тілегін өтеу үшін көркемдік таным-білікті жүйелейтін әдебиет теориясын жазуға міндеттімін деп санаған сияқты. Міне, осылай іштей сезіну практикалық зәрулікпен астасып, әдебиеттану ұлы олжаға кенелді.

А. Байтұрсынов осы еңбегінің кіріспесінде тіршілік қажетіне жұмсалатын тірнек өнерін түсіріп алғаннан кейін адамның жан дүниесіне, сезім әлеміне әсер ететін көрнек өнерін, атап айтканда, сәулет — архитектура, сымбат — скульптура, кескін — живопись, әуез — музыка, сөз өнері — әдебиет, литература деп жіліктеп тастандай да, өзінің зерттемегі, қазак окушыларына түсіндірмегі сөз өнері екенін әуелі мықтап түсіндіріп алады. «Өнердің ең алды сөз өнері деп саналады. «Өнер алды — қызыл тіл»

деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан. Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама-қадырыниша сөз өнері атқара алады, қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты, я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын сөйлеп, суреттеп көрсетуге, таныстыруға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді» (А. Байтұрсынов. «Ақжол», 1991, 341-бет) деп нақты мысалдармен көрсетеді.

Ахаңын осы пікірі қазақтар үшін баяғыда-ақ шешіп алатын мәселені еріксіз әңгімелетейін деп отыр. Эрине, өнер атаулының бәрі түгел болып, гүлдене өркендегеніне не жетсін. Ал тарихи жағдайға, түрмис ерекшелігіне байланысты бір халықтың мәдениетін аспандатуға да, екінші біреуді тұқыртуға да болмайтынын үқпай келеміз. Осы уақытқа дейін қазақ даласын материалдық байлықтан, әсіресе сәулетті шаһарлардың, көз тартқан күмбезді кешенелердің аздығы, сыр-сымбатына таң қалдыrap мүсіндердің кемшіндігі, құдая тәуба, сөз өнері арқылы орны толып, бір халықтың биік эстетикалық талап-талғамына жауап беріп келгендейтін ескермеске болмайды. Сондықтан рухани байлықтың әр қоғамда атқарған қызметін жүдетьпей бағалаудың он жолына қайтадан түсініміз керек. Оны осы «Әдебиет танытқыш» әбден түсіндіріп бере алады.

Сөз өнерінің ішіне енerde «адам санасының үш негізіне — ақыл, қиял мен көніліне назар аударып, ақыл ісі — андау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау; қиял ісі — меңзеу, яғни ондағы мәселелерді белгілі нәрселердің түрпатына, бейнесіне үқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көніл ісі — тую, талғау.

Тілдің міндеті — ақылдың андауын аңдығанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көнілдің туюін түйгенінше айтуға жарау» деген толғамды қисындардың қазақ оқушысына ешбір жаттығы жоқ, айрықша білімдарлықты талап етпейтін дәйектемелер екенін көреміз. Қандай мағына болса да өз тілінде, өз білігінде айтылып, жазылды әрқашан қонымды, түсінікті болмақ. Әйтпесе, өзгелердің тапқанын өзге тілде баяндан, оны қазақшаға аударған уақытта қаншама бояу, әсерін, мағынасын былай қойғанда, ұғынылықтығы, түсінікті жағынан кем соғып, ауыр зерделенетінін еш уақытта естен шыгаруға болмайды. А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышының» осы артықшылығы, яғни таза ұлттық таным-білік деңгейінде жазылғаны оны әлі күнге дейін эстетикалық қажеттілік-

ке айналдырып отыр. Ұлттық таным-білік деген уақытта қазактың көркемдік сезім-түйсігі басқалардан бөлек, айрықша деген ой тумасқа керек, өйткені эстетикалық шарттар адам болмысының бәріне бірдей, бірақ оны қабылдау мен әжетке жаратудың ұлттық ерекшелігі болады. Және сол ұлттық ерекшелікті танып, ұғынып, санаасынан өткізген уақытта ғана қандасына, бауырына өз ана тілінің байлығымен, бояуымен жеткізген ғұламаның айтқаны қөңілге қонымды, әсері күшті, зердеге құяры көп болмак.

А. Байтұрсыновтың теориялық еңбегін оқи бастағанда-ақ қазақтың оқу орындарын тың, соны бұрын-соңды болып көрмеген оқу құралымен қамтамасыз еткенін ғана емес, қазақ халқының эстетикалық таным-білігін терең кисынмен, алғыр оймен, толымды да жүйелі пікірмен айқын жазып беруге ақыл-қабілеті, ғұламалық парасаты жететіндігін сонау 20-жылдары танытуының өзі әдебиеттану ғылыминың қашалықты өрелі биікке жеткенін аңғартады. «Мәдениетіміз өркендеген елміз» деп кеуде соққандарда мұндай теориялық құбылыстар болмағандығын, бола қалса кеш тұғандығын, қайсыбірінде әлі күнге дейін тумай жатқандығын айтпасқа шара жоқ.

Әрине Ахаң қолынан шыққан қисындардың бәрі мүлтіксіз, кем-кетігі жоқ деп ешкім де айта алмаса керек. Оның шет жағасы өлеңдін кейбір саласына байланысты ескертілді де. Алайда әрі әдебиет теориясының, әрі әдебиеттануға кіріспенің міндеттін кося атқарған, тіпті қайсыбір сәтте тіл ғылыминың сөз түрлеу саласын ара-тұра қамтып кететін теориялық еңбек-оқулықтың әсіресе қазақ поэзиясының жан-сырын терең ұғынып, өлең жүйесінің ішкі тарам-бұтақтарын тамаша білгірлікпен зерттеп көрсететін тұстары классикалық деңгейде екенін аңғармау ағаттық болар еді.

Сондай-ақ еңбектің екінші белімі — «қара сөз бен дарынды сөз жүйесін» жіліктеуі де өзінше қызық және соны ойларға толы. «Дарынды сөз адамның ойына өң береді, қөңіліне күй түсіреді, ал қара сөзден адам тек үғым алады» (396-бет) деген қисынды нақты мысалдармен көзге елестетті де «қара сөзді» әуезе, әліптеме (суреттеу), пайымдамаға бөліп, оның ішкі ерекшеліктерін ашты.

Осы әңгімемізге тікелей қатысы бар пайымдамаға назар аударғанда, пән (ғылым), сын, шешен сөз бен көсем сөздің бір жүйеден табылуының өзі теориялық тұрғыдан

әбден өнімді. Эсіресе сынның «физиономиясын» ашы қызықты да кенеулі. «Сын деп адам ісінен шыққан нәрсені тексеріп, баға беруді айтамыз» деген анықтамада сынның жанары түспейтін сала жоқ екендігі былай дәйектеледі: «сынға салудағы мақсат — жақсы-жамандыашу, мән-мағынасын анық таныту; ғылым тарапынан шыққан нәрсе болса, ғылым жүйесіне дұрыс-терісін көрсету; өнер тарапынан шыққан нәрсе болса, мақсатқа сәйкес келген-келмегенін көрсету; кәсіп тарапынан шыққан нәрсе болса, тіршілікке жайлышыздығын көрсету; қогамшылық тарапынан шыққан нәрсе болса, адам қалпына қолайлы келу-келмеуін көрсету, сөйтіп, адам ісінен шыққан нәрсенің бәрі түрлі-түрлі мақсатпен сынға түседі» (403-бет) деп сынның өзін сала-салага жіліктеп жібереді. Бұлардың ішінен ғылым мен әдебиет сынның ерекшеліктеріне тоқтап, сыншыға қойылатын талаптарды да атап көрсетеді. Мәселен, «Дарынды сөзді сынау үшін білім керек. Бірақ қара сөзді шығармаларға керек болған пән білімі емес, басқа түрлі білім керек, бұған ғылым білімінен гөрі өнер білімі керек. Ұстаның мінін көбінесе ұсталар көреді. Сондай-ак, дарынды сөздің мінін ақындық дарыған адам көбірек көрмек. Дарынды сөзді сынауга ақындық керек болғанмен, ақын емес адамдардың да қолынан келмейтін іс емес. Сөйтіп, ғылым сынны — ғалымдарсыз жасалмайтын сын да, дарынды сөз сынны — ақындықты керек қылғанмен ақындығы жоқ, ақындықтан шыққан әдемі сөздерге үйір болған адамдар да жасауға болатын іс... Қара сөздің сынинда пікір дұрыстығы, істің растиқ жағы тексерілсе, көркем сөздің сынинда пікір дұрыстығының үстіне, пікірге берілген сурет, сұлулық жағы да тексерілді» (404-бет) деген баяндаулар эстетикалық таным-біліктің ең негізгі шарттың анфартады да, шығармаға қойылатын талаптарды атап-атап көрсетеді. Өмір шындығы дұрыс көрсетілген бе, көрсетілсе осы шығарма шын көркем әдебиет дүниесі болып санала ма, «ақылдың аңдығанын, қиялдың мензегенін, көnlілдің түйгенін тілі дұрыс жеткізе алған ба» деп қарау қажеттігін ескертеді де «көркем сөзде екі тыскы, екі ішкі сын болады.

Тыскы сындар: 1) тілінің, лұғатының сынны, яғни тілінің дұрыстығы, анықтығы, тазалығы, дәлдігі, көрнектілігі, әуезділігі, өрнектілігі жағының сынны. 2) суреттің сынны, яғни кестесін келтіріп, ұнасымды түрде үйлестіріп суреттеуінің сынны.

Ішкі сындар: 1) алынған мінез, айтылған қылық, көрсетілген қалып, жан жүйесінің жөнінен қарағанда, дұрыс болып шығу-шықпауының сыны. 2) Өмір жүзінде айтылған нәрсенің болатындығының себебін дұрыс көрсеткен-көрсетпегенінің, адам қауымындағы қалып түзелу жағына әсер етерлік (пайда-зиян келтірерлік) қуаты бар жағының сыны» (404-бет) деген жайларды естен шығармай, сынни еңбек жазған кезде қолданған абзал. Бұл теориялық қисынды қазіргі оқушылардың ауырсынуы мүмкін, өйткені қазақтың көркемдік таным-білігінің қыр-сырын Ахандар жасаған үлттық терминологиядан алыстатып, европалық атауларға қулағы үйреніп қалғандардың тосаңсып, одырая қарауы ғажап емес. Теориялық қисынның таза үлттық ұғыммен берілуі көркем образды танып білуге, өнерпаздықтың психологиясын түсінуге еш қиянаты жоқ, қайта өзіміздің лексикологиялық байлығымызды, пәлсафалық ойлау жүйемізді ба-йыта түсетінін қөріп отырмыз.

Сынның жанрлық қасиетіне айрықша ілтипат білдірген Ахмет Байтұрсынов жазба әдебиетті екіге жіктегенде бір саласын сындар дәуір деп белгіледі. Ал ол не еken деп көңіл бөлгенде «сындар дәуір деген — қазақ әдебиетінің сынды болған, яғни сын арқылы шығып, әдемілленген мағыналы сөз: бір мағынасы сыны бар деген сөз болады да, екінші мағынасы мінсіз, толғаулы, сипатты деген болады. Бұл сөздің екі мағынасының екеуі де қазақ әдебиетінің соңғы кездегі жана дәуірін дұрыс сипаттайты. Сын тезі құрылмай, әдебиет сөзі сындар (мінсіз) болып шыға алмайды» (446-бет) дегеніне қарағанда сынни ой-пікір жүйесінің әлеуметтік-эстетикалық түрғыдан зор ықпалы барын аңғарамыз.

Әрине дарынды сөздің өзін ауыз әдебиет (анайы), жазу әдебиеті (сыпайы) деп бөлшектеп, ауыз әдебиетінің жанрларын сауыктама (ермектеме, зауыктама), сарындама (салт, ғұрып, қалып сөздері), олар өз тараптарынан тағы да бірнеше ішкі түрлерге бөлінсе, жазу (сыпайы) әдебиет діндар және сындар дәуірлеріне жіктеліп, іштей мүшеленеді. Әрине мұндағы атауларға ойланғанда қарағанда сындар дәуірдің сипатын әлгінде ғана анғарсак, діндар дәуірдің анықтамасында да жанрлық жіктеу базым. «Діндар дәуір ауыз әдебиет түріне түр қосып жарайткан жоқ. Анайы әдебиеттегі шығармалардың түрлерінен діншілдігімен ғана айырмаса, айрықша түр-түрпастымен айрыла қоймайды» дегені қисса, хикаят, мысал,

насихат, мінажат, мақтау, даттау, айтыс толғау, термелерді нақты мысалдармен көрсетін, жанрлық табиғатын анықтайды.

Тап осы талдау тәсілін сындар дәүірге қолданғанда мынадай ескерту жасауды айрықша қажет деп тапқан: «Қазақтың сындар әдебиеті Еуропа үлгісімен келе жатыр. Және сол бетімен баратындығы да байқалады. Еуропа әдебиетіндегі сөз түрлері бізде әлі түгелденіп жеткен жоқ. Бірақ қазір болмағанмен, ілгеріде болуға ықтимал» деген сеніміп айтқан уақытта, әлі әдебиетімізге сіңіп болмаған түрлерді атағанда мейлінше қазақыландырып жібергенін байқамасқа болmas. Жазба әдебиетті үш үлкен топқа бөлетін классикалық принциптен айнымайды. Эпос дегенді әуезе, яки әңгіме деп қазақтандырады да, оны іштей ертегі жыр, тарихи жыр, әуезе жыр, ұлы әңгіме (роман) ұзақ сөз (повесть), аңыз өлең және әңгіме, көңілді сөз, мысал, ұсақ әңгімелер деп мүшелейді.

Ал лириканы толғау деп атауына көңіл толғанмен¹ сап толғау, марқайыс, налыс (мұңайыс), намыс-таныс, сұқтаныс, ойламалдау деп жіліктегендерді ойламасқа болmas. Ал драманы «айтыс-тартыс» деп алғаны, оның өзін айтыс сөз, тартыс сөз деп екі бөліп, тартыс сөзден 1) «мерт яки әлектекті тартыс (трагедия), 2) сергелден, яки азапты тартыс (драма), 3) арамтер, яки әурешілік (комедия). Тартыс сөзге ән-күй қосылса, тартыс зауыкты деп аталады. Тартыс сөз ку тілді болса, кулықты деп аталады; қисыны қызық болса күлдіргі тартыс болады; сиқыр мазмұнды тартыс сиқырлы деп аталады» (448-бет) деген анықтама-дәйектемелердің бір қайнары ішінде сиякты.

Адамзат қолданған терминдерден тым алшақтау да, талғамай қабылдай беру де нысаналы мақсатқа жеткізе бермейді. Қазақ әдебиеттану ғылыминың терминдерін, атауларын жасаудағы А. Байтұрсыновтың керемет тапқырлығын, кейбір сүріну сәтін атап өтіп, оны пайдалану жайын ойластырған абзал. Қазір ана тіліміздің тазалығы мен лексикалық байлығын сарқа пайдалану, төл сөз негізінде жана атау, термин жасау процесі қатты жүріп жатқан түста әбден сіңісіп, жаттығы білінбей кеткендерді сактай отырып, А. Байтұрсынов шығарған әдеби атауларға енді айрықша іждағат салуымыз керек. Жанр, оның ішкі мүшелері туралы атауларды былай қойғанда, жалпы өнер түрлеріне қатысты толып жатқан танымға²

сай терминдерін жетілдіре, дамыта қолданудың жөні бар, қазір ептең қолдана бастадық та. Оңтайлы да тапқыр атаулар, әсіресе әдебиетке байланысты өте көп. Ондай үлттық рухани байлыққа енді немкұрайдылықпен қарау обал.

А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы» қазақ әдебиеттану ғылымының үлкен көрсеткіші болумен қатар, теориялық ой-жүйесіне мықтап түрөн салған, қазақтың парасатты толғамын, ойшылдығын, эстетикалық таным-білігінің молдығын таныткан кезеңдік туынды.

Қазақтың жаңа әдебиетінің қалыптасу дәуіріндегі көркемдік мәселелерін әдебиет сыны әрқашан дәл гүжырымдай алмағанмен, өзінің түсінік-талабын белгілі дәрежеде орынды айта білгенін сыншыл реализм дәстүрін тануынан ангарамыз. Қазақ әдебиет сыннының қалыптасу дәуірінде осындағы күрделі проблеманың бірден-бір ынғайлы шешімін таппағанмен, оған жүртшылықтың назарын аудара білуі әдеби ойдың алға басқандығына айғақты дәлел болуының устіне көптеген әдеби-тарихи проблемаларды жүйелі пайымдауға мүмкіндігі барын «Әдебиет танытқышпен» дәлелдеді. Қаламгерлік өнерінде өзінің қолтаңбасын сактап, әр килем көркемдік әдіспен істес бола алатын ақын-жазушылар болғаны даусыз.

Сонымен Абай негізін салған сыншыл реализм дәстүрінен және батыс классиктерінің озық үлгісінен нәр алған қазақ қаламгерлері өздерінің кейбір шығармаларында сыншыл реализмді сәтті қолданып, көркемдігі толымды туынды бере білді де, оны теориялық қисынан өткізетін парасатының молдығын танытты.

5. ҰИЫМДАСУДЫҢ ҚИЯМЕТІ МЕН ҚИЯСТЫҒЫ

Қазақтың өнерпаз күштері азamat соғысы лаңы басылғанан кейін баспасөз төңірегінде топтаса бастады. Өздерін пролетарлық идеологияның өкілімін деп санағандар Орынбордағы газет-журналдардың маңына жиналды. Бұл ең негізгі де шешуші күш еді. Ал қаламының желі бар жастар, бұрыннан танылышп, астанаға жете алмағандар Семейдегі «Қазақ тілі», Қызылжардағы «Бостандық туы», Қостанайдағы «Ауыл», Оралдағы «Қызыл ту», Алматыдағы «Тілші» газеттерінде қызмет атқара жүріп, үлкенді-кішілі шығармаларын жаңа әдебиеттің қоржынына қоса берді.

Қазақ халқының үштен бірі Түркістан республикасына қарағандықтан Ташкент қаласы қазақ зияллырының, әсіресе алаш қозғалысына қатысқандардың рухани орталығы болды. Өз топырағында өсіп-жетілген, үлкен іс, мәдени құрылыштың басы-қасында жүргендерді елемей, Қазақстаниң ауысып барғандарды көкейде тұтып, Ташкентті «қазақ әмбера»ның ордасы» санаپ келгенімізді қазір ашық айту ләзім. «Ақжол» газеті, «Шолпан», «Сана» журналдары, «Талап» қауымы қазақ әдебиеті мен мәдениеті, әсіресе оқу-ағарту саласы үшін көптеген ігі істерді атқарып, ең білікті де өнерпаз күштерді топтастыра білді. Тіпті әрі-беріден соң қазақ зияллылары бүкіл Орта Азия халықтарының үрдіс ізденіс жасап, биікке қол сермеулеріне ігі ықпал жасағанын да қысылмай айту аабзал. Ол жайында қырғыз, өзбек, түрікмен, қарақалпақ ағайындардың қайраткерлері ілтипатпен мойындан ашық айтқан, жазған пікірлері мол.

Қазақ әдебиеті мен мәдениетін өркендетуге ықпал жасаған шаһардың бірі Мәскеу болды. Мұнда оқыған қазақ жастарының үлкен шоғырын былай коя тұрганда, Нәзір Төрекұлов жетекшілік еткен. Кіндік баспа, оның жанындағы қазақ секциясы және ол шығарған «Темірқазық» журналы өнер-білімге үмтүлғандарды да, оны насиҳаттағандарды да өзінің аясына тартып, саяси-әлеуметтік, әдеби-ғылыми тұрғыдан үлкен жәдігерлік көрсетті.

Бұлайша жіктелудің қызығы да, шыжығы да болмайды. Қуашыши сол — қазақ елінің мәдени өресінің биік, кадрлары, құдайға шүкір, әрі мол, әрі өнерлі де өндірмелі болғаны. Өзара өнерпаздық бәсекеге түсүі қазақ мәдениеті үшін көп пайда келтірді. Ташкентте топтасқан алашшыл ақын-жазушылар мен қайраткерлердің қазақ мәдениетіне 1920—1924 жылдары қосқандары айрықша мәнді де сүбелі болды. Ұлттық танымбілік интернационализм жетегінде кетпей, елге қажетті біраз дүниелер шығып үлгерілді, айтпак ой-пікірге тежеу салынбады.

Қазақ қайраткерлерінің бөлшектенуі орынсыз әңгіме мен қаңқу сөздерді де көбейтті. Ауызбірлік табылмады, әрқайсысы өз отауының жасауын әшекейлей беруді мұрат тұтып, бір халықтың рухани дүниесінің тұтастығын сақтау, өрелі де өзекті істерді атқаруда күш біріктіре алмау, орынсыз айтыс-тартыс, алыста отырып наизаласу,

түсінбестікті көбейту, ақ пен қызыл деген түсінікті әдейі ойлат тауып, араларына шыбық жүгірту, от тастау сияқты ұнамсыз көріністердің етек алудына себепкер болды. Осы пифыл бүкіл Қазақстан жерінің басы біріккен тұста да ғайып болмай, қазақ зияллыларының әуелі 1929—30 жылдардағы құғындалуды 1937—38 жылдары «халық жауы» болып шығуларына «шапағатын» тиғізгенін айтпаска болмайды. Ауызбірлік табылмаған жerde, әрқашан солай боларын өмір тәжірибесі талай дәлелдеп келе жатыр. Себепке сылтауды, сылтауды салғыртқа айналдыруға үстем болып келе жатқан тапшылдық қөзқарас, оны әдейі қоздырып отыргандар қазақ зияллыларын ыдыратада беруді принципті саясатқа айналдырганын енді анық аңғарып отырмыз.

Қазақ АССР Орталық Атқару комитетінің «Қазақ АССР-ындағы оқыған қазақтардың тізімін алу» жөнінде 1920 жылы 30 қарашадағы қаулысына сәйкес және сол жылдың желтоқсанында алаш қозғалысына қатысқандарға кешірім (амнистия) жариялауга байланысты 1921 жылы «Еңбекші қазақ» пен «Степная правда» газеттерінде қалам қайраткерлерін баспасөз қызметіне шақырған хат басылды. Онда ақын-жазушыларды біріктіретін үйим құру мәселесі жөнінде де пікір айтылды. «Еңбекші қазақ» газетінде қазақ жазушыларының съезін шілде айында өткізу жайы, оған кімдердің арнағы шақырылатыны хабарландырылды. Бұл съезге шет қалалардан не бары уш-ак кісі келді. Ал Жүсіпбек Аймауитов сияқтылар «мұндаі съезд әзірге керегі жоқ» деп ашық жазды. Орынбор басындағылардың өзі де жинала қоймады. Сонымен съезд орнына аз ғана қаламгерлердің кеңесі болып өтті. Бұл съезді шақыру жайында А. Байтұрсынов белсенделік көрсетті. Съезге келе алмағандар мен қатыса алмаған алашшыл ақын-жазушыларға бағыт-бағдар сілтеген «Қалам қайраткерлері жайынан» деген мақала жазды. Платформалық сипаты бар дүние пролетарлық, яғни төңкөрісшілдік бағыттың өкілдерін қатты шошындырды.

Сайып келгенде, ақын-жазушылардың съезін шақыру идеясы қазақ интеллигентиясының, әсіресе өнерпаздарының басын қосу, ынтымағын жарастыру мәселелері деп кең көлемде түсінушілер бола бермеді. Қазақстан революционерлерінің басым көпшілігі тапшылдық қозқарасты желеу етіп, тіпті өкіметтің, В. И. Лениннің зияллылар турали саясатының мән-мағынасын көп жа-

дайда елемей бұрмалағандар, әпербақандыққа салынғандар көп болды.

Зияллылар, сөз жоқ, бір халықтың интеллектуалды қуатының қайнар көзі екенін, жаңа қофамның негізін калап, шаңырағын көтерудің көп тетігі солардың ақылсанасы мен білім-тәжірибесінде екенін үққандар оларды бауырға тартып, қоян-қолтық араласу ниетінде болды. Қенестердің бірінші съезінде қазақ оқығандары алаштыл және революцияшылдар болып айқасқанда, алаш оқығандарының мереій үстем болып, Ахмет Байтұрсынов халық ағарту комиссары сайланғанынан Сәкен үлкен сабак алды. ҚирЦИК президиум мүшесі, әсіресе «Еңбекші қазақ» газетінде редактор болып қызмет атқарған уақытта зияллылардың қофамдық-әлеуметтік рөлін мықтап ұфып, қазақ қауымын өркендешу жолында олардың көмегіне айрықша назар аударды. Оның ең бір сәтті шағы да туды. 1923 жылдың басында А. Байтұрсынов елуге толды. Бұл мерекенің шешуші сипаты болды.

Қазақтың ескі оқығандары А. Байтұрсыновты айрықша қадірлеу арқылы кешегі тарихымызға қошемет, бүгінгі тіршілігімізге үлгі етеміз деген пигылда болса, төңкерісшілер, В. И. Лениннің интеллигенция туралы саясатын түсінбегендер бұл тойды хош көрмеді, солшылдықты солақайландыра тусты.

Орынбордың орталық клубында Аханың елу жылдығына арналған салтанатты жиналысты Қазақ АССР Халық Комиссарлары кенесінің төрағасы Сәкен Сейфуллин ашып: «Ахмет Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес, оқыған кісі, оқығандардың арасынан өз заманында халықтың намысын жыртып, даусын шығарған кісі. Қазақ халқын байға, кедейге бөлмей, намысын бірдей жыртты, арын бірге жоқтады. Ахмет Байтұрсынұлы үлтyn шын сүйетін шын үлтшыл. Үлтyn сүюдін зорлығынап «Алаш» партиясында болды, сол үлт қамы үшін коммунист партиясына да кірді. Байын, кедейін айырмай қазақты ғана сүйетін адал жүрек таза үлтшыл жазушысы аз, әдебиеті нашар қазақ жарлыларына «Оқу һәм тіл құралдарымен» қылған қызметі таудай» («ЕҚ», 30. 01, 1923) дегенін Смағұл Сәдуақасов «Аханың алдында» деген баяндамамен жалғастырды.

Сәкеннің осы қошеметін кенес жолынан шығу, таптық күресті түсінбеу, кешегі дүшпандарды мадақтау,

ұлтшылдықпен ымыраласу деп тапқандар көп болды. «Степная правда» газетінде Әбдірахман Эйтиев «Фактические поправки» (№ 64) деп орыс тілінде мақала жазып, «Ахметтің саяси, әлеуметтік істеріне жеңіл қарап, қата баға беріп, құр үстіртін, әшейін сипап отыр, ұлтшылдарды, алаш партиясында болғандарды мадақтау емес, әшкерелеу керек» деп білді. Ал біраздан кейін бұл әуен «Еңбекші қазақтың» 69-санында «Қара тақтага жазылып жүрмендер, шешендер» деген ескертумен Сәбит Мұқановтың қаламынан қылаң берді. «Ол жалпы қазақтың Аханы емес, қазақтың ақ жағаларының, байларының Ахаңы. Ахмет Байтұрсыновты еңбекшілерге майлап өткіземін деуді қойған жөн», деген ой-пікрлердің айтылуына Ахмет Байтұрсынов өзінің «Қазақ қалам қайраткерлері жайынан» дейтін мақаласымен жем тастаған болатын.

Сәкенді алаш оқығандары түсіне бермеді. Той үстінде Ахан туралы айтылған көзқарас қазақ зиялыштарымен қоян-қолтық араласудың, әлеуметтік іске тартудың басы болар ма екен деген Сәкен ойы көздеген жерінен шықпады. «Сана» мен «Темір қазықтағы», «Ақ жолдағы» даттағыш мақалалар Сәкеннің олардан іргесін алғыс салуға, құрес рухын күшейтіп жіберуіне себепкер де болмай қалмады. Қазақ оқығандарын иғілікті іске тарту ниетін коммунистер мен төңкерішілдер қолдамай, 1923 жылғы наурыз айында өткен III партия конференциясында Алма Оразбаевың аузымен, Е. Ярославскийдің қолдауымен С. Сәдуақасовпен табысқан оңшыл, алашшылдарға оң қабақ көрсететін ұлтшыл, Азияның пайғамбар-құдайларын мадактап өлең жазған «паназиат», жаңа экономика саясатын түсінбеген тұрақсыз басшы деген атактарға Сәкен «ие» болып шыға келді, тапшылдардың талауында қалды. Не керек, Сәкеннің екі жаққа бірдей көкпар болғаны рас.

Интеллигенцияны білікті маман ретінде пайдалану бүкіл Ресейде мықтап жүзеге аспағаны сияқты Қазақстанда да дұрыс жалғасын таба алмай, орынсыз айтыстараптыстың, қисынсыз күш көрсетудің, береке-бірлікті ыдыратудың амалына айналып кетті. Ал зиялыштар жөніндегі саясатқа осыншама мән бергенде, қазақ оқығандарының ең көбі, қалың шоғыры шығармашылық интеллигенция болғанын естен шығаруға болмайды. Сондықтан оларды ұйымдастыру, иғілікті іске, оның ішінде өнерпаздық мақсатқа пайдалану мәселесі өз ал-

дина үйім күрү проблемасымен қабаттасып жатқанын /аңғару қажет.

Ақын-жазушылардың басын біріктіру идеясы 1922 жылдан басталғанмен 1925 жылға дейін тиянақты шешімін таба алмады. 1924 жылы Семей мен Орал қалаларында пролетар жазушылары ассоциациялары көбіне-көп орыс жазушыларының бастауы және ықпалымен құрылып, жергілікті ғана мәні болды. Қабындал өсіп келе жатқан жаңа күштерді үйімдастыру кезеңі шында туғанда Сәкен Сейфуллин РААП пен «Кузинца» үйімдарымен байланыс жасап, 1925 жылы 12 маусымда ҚазАПП-тың (Қазактың пролетар жазушыларының ассоциациясы) үйімдастыру бюросы құрылды. Оның платформасы жарияланып, мүшелер тартыла бастағанымен, пәрменді жұмысы аздау болды. Негізгі күш-жігер газет бетінде айтыс үйімдастыруға бағытталды. Әрине, бұл қадамды мансұқтауға болмайды. Алайда әдебиетті өркендедің жалғыз шарасы осы ғана емес еді.

ҚазАПП құрылуы әдебиет әлеміне біраз әбігер ала келді. Мәскеуде әрі оқып, әрі қызмет атқарып жүрген М. Жұмабаев «Алқа» деген үйім ашсақ қайтеді деген ой айтып, жарғысын жора-жолдастарына таратқанмен, оны белгілі бір қауым деңгейіне жеткізе алмаған сиякты. Өйткені алаштыл ақын-жазушылардың көшілігі Ташкент пен Мәскеуде жүргендіктен бас қосу мүмкіндігі аз еді және осы жүзеге аспаған идея 1929—30 жылдарда қазақ зиялыштарының сотталуына бірден-бір «құжат» болғаны, «контрреволюциялық үйімның» бағдарламасы деп қаралғаны казір айқындалып отыр. Ал Орынбор басындағы төңкерісшілдер басқа ағымның өкілдері былай тұрсын, кейбір большевиктерді ҚазАПП-қа мүше етпей, бірден әпербақандыққа көшті.

Айтыс барысында «бөле-жарылып қайтеміз, бәріміздің де көздегеніміз бір қазақтың қамығой, сондықтан бұкарашыл жазушылар үйімын құрсақ қайтеді» деген Жұсіпбек Аймауытовтың ұсынысына іш тартушылар көп болды, бірақ ашықтан-ашық айтуға жасқаншақтық жасады.

Ал 1926 жылдың аяғында Өлкелік партия комитетінде болған жиналыста Смағұл Сәдуақасов пен Габбас Тоғжанов «Қазақ кеңес жазушыларының одағын» құру керек деген ұсыныс жасап, мәселені бұрынғыдан да ширықтыра түсті. Бұл ұсыныс талқыға түскенде пролетариат бағытындағы қазапшылар көнбекен соң «тағы

да ойласалық» деп кейінге калдырылды. Сол әңгіменің басы-қасында болған Ш. Тоқжігітұлы: «Еңбекшілердің жазушылары өз алдына бөлек іріктелуінен пайда шықпайды. Пайда шыққан күнде де зияны бар. Алыста отырыл наизаласқаннан гөрі әдебиет қызметкерлеріне жақыннан отырып-ақ, үйымдастып отырып-ақ айтысу керек. Үйим жалпы болу керек» («Қызыл Қазақстан», № 1—2, 1927) деп пікір айтқан еді.

ҚазАПП қызметін бұрын да, қазір де ғайбаттауға даяр тұратындар бар. Алайда дүниенің астан-кестені шығып, қырқысып жатқан заманда, яғни алашшылдар мен төңкерісілер болып ақын-жазушылардың ара жігі әбден ашылған кезде әдебиет үйымын ортақ етуге қазашылардың еш зауқы жоқ еді. Өйткені олар оқыған, білімді, абырайлары зор, елге ықпалы жүретін алашшыл ақын-жазушылардан корықты, өздерін «жұтып қоярдай» сезінді, сондықтан оңаша отау тігіп, тәуелсіз болуды қалады. Элеумет пен партияның қолдайтынына имандай сенді. Осы ниеттерін жүзеге асыру үшін жас творчестволық күштердің басын қосып шығармаларын жариялау («Ақындар шашуы», «Ленин» жинақтары, «Жыл құсы», «Жаңа әдебиет» альманах-журналдары) қажет деп есептеді де, едәуір іс атқарды. Қөркемдік жағынан төңкерішіл ақын-жазушылардың шығармалары ақаулы болсын, толымсыз болсын, әйтеуір сол кездегі ел таным-білігіне аздал болса да жауап бере алатын туындылар беріп жатқаны даусыз.

Осы үйымдық талас-тартыстардың қалай өткенін білу үшін сол процеске өзі белсene араласқан Сәбит Мұқановқа сөз берейік: «РАПП платформасы қазақтың жас пролетариат жазушыларына толық нұсқау бола алған жоқ. ҚазАПП-қа программасын ашу керек болды. ҚазАПП-тың алдына не аз ғана пролетариат бағытындағылар бол жеке қалу, не еңбекші қара шаруа жазушыларымен қосылып, оларды «кеңесшілердің» («Жалпы кеңес жазушыларының одағы»— Т. К.) ықпалына бермеу мәселесі туды. Осы мәселе ҚазАПП-та тартыска түсті. 1927 жылдың қазанында ҚазАПП-тың жиналысы бол, сол жиналыста бұрынғы «Қазақ пролетариат жазушылары үйымы» енді «Қазақтың пролетариат-қара шаруа жазушылары үйымы» болсын деп қаулы алынды. Сол жиналыста жаңа атқа сәйкестірлген жаңа платформа алынды. Платформаға 22 кісі қол қойды.

Бұл жөнінде керістер бол, ақырында Өлкелік партия

комитеті ҚазАПП-тың өзгерістерін мақұлдады. Осымен ҚазАПП дем алып «бұқарашылдардың («Қазақтың бұқарашыл жазушыларының үйымы»— Т. К.) алдау тұзағынан енбекші — кара шаруа жазушыларын аман алып шықты» («Жана әдебиет» журналы, № 6—7, 1931) деген сөз үйымдастыру мәселесінің шындығын ашып береді.

✓ Эрине үйымдық бірыңғайлану әдебиеттің даму барысын бір жолға салу емес еді. Алайда қазақтың бұқарашыл жазушылары Мағжанның «Тоқсан тобы» деген өлеңі жөніндегі тәңкерісшілер айтқан ой-пікірден қатты шошыды. Өкімет тарапынан еш рахым болмайтыны, әсіресе кәмпеске кезінде айқын көріне бастады. Алдымен Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жұсіпбек Аймауытов, Ахмет Байтұрсынов сынды ұлы ақын-жазушылар 1928 жылдың екінші жартысынан былай қарай бірінен кейін бірі ұсталып, түрмеге жабылды. Басқа қаламгерлер де құғын-сургінге түсे бастады. Ж. Сәрсембіұлы секілді сыншылар «каллаңдан ойбайым тыныш» деп, әдебиет сыннымен ат құйрығын кесті, көз көріп, құлақ естімейтін салаларды жағалап кетті. Міне осындай жағдайда 1929 жылдың желтоқсанында өлкелік партия комитетінің V пленумы болып, әдебиет майданындағы жай-күй қаралды. Эр алуан ой-пікірлер айтылғанымен қауылда мына идея жазылуы шарт деп саналды: «қазакта пролетариат әдебиеті бар, бірақ ол жас. Қазақтың пролетарлық әдебиетін нығайту және дамыту, оның бүкіл үлттық көркем әдебиетте жетекші рөлге ие болуы үшін қазақ және шығыс аз үлттары коммунистері арасында қазіргі дәуірде пролетариат көркем әдебиетін жасаудың мүмкіндігіне сенбеушілік, күдікtenешілік атаулыны үзілді-кесілді жою керек» деген өктем қауының сездірері аз болмаса керек. Қолынан жетектеп демегенмен, пролетарлық идеологияның сойылын соғура жарайды деген бағытқа партияның мейлінше көмектескенін және еркін жарысу мүмкіндігін жойып, алашыл бағытың бас көтеретін қаламгерлерін абақтыға салу, жер аудару, атып-асу, ал аман-есен қалғандарының қолынан қаламын тартып алу сияқты озбырлықпен тәңкерісшілдерге «жетекшілік рөлді»— гегомонияны алып бергенін аңғармау мүмкін емес. Бұл қусырылып келе жатқан дүниенің, тарылып бара жатқан заманның дүмпүі еді. Тап осындай жағдай басқа әдебиеттерде де болды. Бай-құлактарды тап ретінде жою шарасы, түтеп

келгенде елдің интеллектуалды күшіне зорлық-зомбылық жасау, қудалау, саҳнадан шығару саясатымен астарласып жатты.

20-жылдардың әстетикалық-сыншылық бел-белестерін әңгімелеген уақытта талай жайсыздықтар мен қындыққа кезіккенмен сынды өзінің негізгі өнерпаздық арнасы санағандарды да, өз еңбектерімен қазактың әдеби сынның биікке қөтеріп, жанрлық жағынан қалыптасу процесін дайындаған дарындарды да атап-атап көрсеткен дұрыс. Қөркем шығармаларымен, толымды сынни ой-пікірімен жарқырап көрінген, өздерінің көзқарасын ашық жазған Жұсілбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов, Фабит Мұсірепов, Мәжит Даулетбаев екенін айрықша атаган абзал. Өсер сын әрқашан ақын-жазушылардың өнікті ойларына зәру және құштар.

20-жылдары қазактың профессионал сыншылары айқындалып, өнерпаздық келбеттерін таныта бастады. Ахмет Байтұрсынов, Фаббас Тогжанов, Эбдірахман Байділдин, Жәкен Сәрсенбин, Қошке Кеменгеров, Хамза Жұсілбеков, Даниял Ысқақов, Абдолла Байтасов, Бейсенбай Қенжебаев, Мұстафа Қөшеков, Эмина Мәметова, Елжас Бекенов сынды қаламгерлердің негізгі бағыты сын мен ғылым саласынан табылып жатты. Олар мақалаларымен шектелмей, көлемді кітаптар да шығарды.

Қазақ әдебиеті сынның өркендеуіне өз үлестерін қосқандар қатарына қофам-әлеумет қайраткерлерін қоспау ағаттық болар еді. Олар өздерінің әстетикалық таным-білігі жағынан бірқыдыру биіктен көрінуі арқылы сын тарихында іздерін қалдырыды. Және бір ғажабы, өнерпаздық дарындары жағынан ешбір профессионалдардан кем түспейтіндей деңгейде көрінді. Өнер жолына бел щешіп түскенде әдебиет тарихынан жарқырап көрінүлөрі де мүмкін еді. Олар — Смағұл Сәдуақасов, Үйдырыс Мұстамбаев, Нәзір Төрекұлов, Ілияс Қабылов, Сұлтанбек Қожанов, Шәймерден Тоқжігітов сынды азаматтар. Бұлар көбінесе партия-мемлекет жұмысына ден қойғандықтан, сынға үнемі араласа бермеді. Әсіресе Смағұл Сәдуақасовтың мақалалары өзінің ойлылығымен, қөркемдік әлемін жыға түсінетіндігімен, ажарлы тілімен дараланады. Және осылардың қай-қайсысы болмасын өз ой-пікірлерін дөңгелетіп жазып беріп, сынның тынысын кеңейтіп отырды.

Қазан төңкөрісі қазактың әдеби-қөркемдік даму ба-

рысындағы еріксіз бір кезең болғанымен басымыздан өткөрген дәуір. Эстетикалық таным-біліктің қай саласы болмасын тарихи шындықта негізделіп, кезең идеологиясын басшылықта алды. Марксизм-ленинизм іліміне сүйенген тапшылдық көзқарас ожарлықпен көрініп, көп мәселені адамзаттық түсінік деңгейінен шығарып жібергендіктен әр қылыштық қарым-қатынасын қыннатып жіберді. Классикалық көркемдік аясында дамып келе жатқан қазақ әдебиеті өздерінің идеялық-творчестволық мақсат-тілегіне қарай жыртылып екіге айрылды. Халықты тапқа, жікке бөлмей, арман-тілегін тұтастай жырлауга ниеттенген алаштыл ақын-жазушылар идея жағынан бірқыдыру мәселеде кедейдің, пролетариаттың жоғын жоқтаған төңкерісшілдермен ауыз бірлік таба алмады.

Тапшылдар олардың айтқандары қисынды болсын, тарта сөйлеп, қыңыр тартысып, әйтеуір қыр сондарынан қалмады. Оған партияның өзі дем беріп отырды. «Мажжанның «Тоқсан тобына» жауапты мен Өлкелік партия комитетінің тапсыруымен жазғанмын, біраз адамдарға оқып та бергенмін. Олардың ішінде Ораз Жандосов, Әбдірахман Байділдин болды» деп Ш. Токжігіотовтың («Жана әдебиет», № 5, 1928) ағынан жарылуы сырт ақылшы «дирижердің» мықты болғандығынан хабар береді. 1927—28 жылдары қазақтың бай-феодалдары ғана емес, ақыл-санасының иесі, көркемдік таным-білігінің жетекшілері қоса кәмпескеленіп, алаштыл бағыт зорлықпен адам наңғысыз аярлықпен әдебиет сахнасынан ығыстырылды, бүкіл XX ғасырдағы көркемдік дамуға қөшбасшы болған ақын-жазушылар азап пен бейнетке белшесінен батты.

Сөйтіп қазақ әдебиетіндегі төңкерісшілдік бағыт «женіске жеттік» деп күпінгенімен, даурыққандарымен олардың да ініне су жіберіліп, ор қазылып жатқанын өздері сезбей далактады. Оның сұсты да жаман көрінісі 1928 жылдың өзінде-ақ басталып кеткен болатын. Сырт қараған адамға төңкерісшіл бағыттағылар идеялық-творчестволық тазалық үшін өзара пікір алысып жатқан сияқты болып көрінгенмен, оның бір жақ шеті қазақ оқығандарын, әсіресе алаштыл ақын-жазушыларды қастанды контрреволюцияшыл күш деп тауып, көзін күрту мақсатын көздеген саясатты Ф. И. Голощекин және оның жандайшаптары керемет шеберлікпен жүргізді.

Ендігі айтыс-тартысқа «жарты патша»— орыс тілділер ортақ болсын, түсінсін, өз көзімен оқысын, тәңкөрісшілдердің қаншалықты саяси сауатты екенін, революцияға берілген ділін көрсін дегендеген социологиялық-эстетикалық сойқанды майдан ашылды. Фаббас Тоғжанов «Против национализма, обывательшины и комчванства в казахской литературе и критике» деген мақаласы арқылы Ф. И. Голошекиннің «Октябрь тәңкөрісі Қазақстанды жанап өтілті, бізге кішкене Октябрь қажет». «Партия үйымын большевиктендіруіміз керек» дейтін аса қауіпті пікірлерінің жақсылығын «дәлелдеп» шықпак болды. «Голошекин келгөнше қазақ әдебиеті түгіл, бүкіл идеология саласында ұлтшылдыққа қарсы күрес жүргізілген жоқ, олар емін-еркін жайлады, ешқандай қарсылық көрген жоқ» деп шындықты бурналай баяндағы. Баспасөзде екі жылдан бері қазақ әдебиеті туралы толассыз айтыс жүріп жатқанда, оншылдардың да, солшылдардың да «саяси бет бейнесі мен идеологиялық қателіктері әбден көрінді. Қазақ коммунистерінің партиялық, коммунистік келбеті енді ғана қалыптастып келеді» деп, тәңкөрістен бергі айтылып-жазылғандардың бәрін теріске бұрды, Голошекин қалыптастырған сурлеуге түсті. Одан әрі Сәкен, Сәбит, Э. Байділдиндердің қателерін бадырайта көрсетіп, тәңкөрісшілерді бұқтыру үшін: «В наших условиях основная масса советских писателей пока что попутчики, не говоря уже о беспартийных советских писателях, даже значительная часть коммунистов-писателей в своих художественных произведениях пока что являются художниками-попутчиками. Я лично никогда не признавал, и сейчас не признаю тов. Сейфуллина пролетарским писателем. У него не только нет ничего пролетарского, но зачастую не хватает и советского» («Советская степь», 12. 04, 1928) деуі ынтымақ-бірлікке бастайтын қадам емес еді. 1928—29 жылдардағы принципсіз айтыстар тәңкөрісшіл ақын-жазушылар арасына жік салып, әдебиетті одан әрі құлдыратты. Сыншылдық ой-пікір саясаттың қол шоқпарына айналды.

Ә. Байділдин «За марксистскую критику» деген мақаласында Фаббас ойының қателігін көрсетіп қана қоймай, қазақтың жас өнерпаз күші қауырт қалыптастып келе жатқаны жайында өнікті ой айтты: «Тогжанову необходимо разоблачение ошибок начинаящих революционно-пролетарских писателей не для облачения, а для

дискредитации самой идеи пролетарской литературы. Трудности роста он выдает за банкротство и очень неприятно пахнет от его заявления, что он признает пролетарскую литературу вообще, но не признает существования зачатков ее у нас» (сонда, 21. 05. 1928) дегені сөз жоқ, қисынсыз дау-дамайды әшкерелеу талабынан туған-ды.

Айтыс өрши түсті. Сәкен «Неонационализм и его наступление на идеологическом фронте» деген мақаласымен көп сырды ашып, өткір жауап қайтарды. Ол саясаттан әдебиетке оралғанда: «коммунисты и рабочие вообще — это не ходячие абстракции, они живые люди с плотью и кровью. Ничто человеческое не чуждо им. Они стараются, радуются, сражаются, любят, живут, умирают. Жизнь переходной эпохи так богата и так невероятно сложна, она так тугу набита противоречиями и конфликтами — бытовыми, личными, что здесь есть место и для драм, и для комедии и для лирики» деп пікір айтЫП, көркем әдебиетті қалай өркендету шараларын ойластырды.

Айтыс үстінде талай сүреңсіз шындықтардың беті ашылып, Голощекин «қисыны» теріс, оны жақтаушы Фаббастың ой-пікірі жалған екендігі дәлелденгенде, Өлкелік партия комитетінің бюросы «бұл айтысты догарындар, әйтпесе газет бетінен журналға көшіріндер» деп қаулы алды. Бұл айтыс Ташкентте шығатын «За партию» журналында Сәкеннің «Неонационализм под красной маской» мақаласымен жалғасып, Фаббастың «Ответ моим критикам» дегенімен тәмемдалды. Әдебиетті тілге тиек еткендерінен ғөрі саяси айып тағу ниеттері басым болды. Мұның өзі Өлкелік партия комитетінің қазақ оқығандарын бір-біріне жамандату, күғын-сүргінге салу науқаны арқылы халықтың интеллектуалды күш-қуатына жасап жатқан зорлық-зомбылығының бетін бүркөу саясаты болғанын енді ғана аңғарып отырмыз. Ал айтысушылар да, қостаушылар да бұл науқаның арты неге апарып соқтырарын аңғара алмады. Пролетар бағытындағылар Э. Байділдиннің алашорда «жансызы болыпты, Колчакқа қызмет етіпті» деген айыппен ұсталып, алаш қозғалысына қатысқандар жөнінде ГПУ тексерушілеріне деректер беріп түрмеде атылып кетсе де, тапшылдықты бірден-бір дұрыс жол деп түсінгендер өз орталарынан қандай дарын аласталып жатқанына мән бермей, ойланбай тарта беруі, Өлкелік

партия комитетінің қазақ зиялышарын, әсіресе ақын-жазушыларын берекесіздендіру саясаты екенін түсінбендерді қайран қалдырады.

Әрине кейінгі күннің биігінен қарағанда кешегінің кем-кетігі, олпы-солпсысы, қыныр-қиястыры көрініп тұратындығына баксақ, онда большевизм жеңген өлкенің біраз шындығын ашуға тұра келеді. Голошекин мен оның қазақ серіктерін қашама сынағанымызбен оның аргы түп тамыры алыста жатқан еді.

1917 жылы А. Богдановтың жетекшілік етуімен пролеткульт құрылды. Пролетариат мәдениетін тыңмен бастаймыз, ешқандай буржуазиялық мерез араласпаған жұмысшы-шаруа әдебиеті мен мәдениетін жасаймыз деп кіттү даурықты. Олар өңгені былай қойғанда бай-манап, алпауыт, капиталист, буржуа отырып кеткен, жатып шыққан үй-ғимараттарды қиратып, жаңа баспа на салдырамыз дегенді айтқанда бұрынғының ақын-жазушыларынан, олардың шығармаларынан іліп алар қасиет көрмей, қирату, даттау, өртеу принципін ұстанды. Осы тұста М. Горький В. И. Ленинге «орыс мәдениетін құртып жібермеу үшін мына тобырлардың шабуылын тоқтатыңыз» деп жан дауысын шығарды. Екеуі едәуір айтысып-тартысты. М. Горький өз төңірегіндегі жылапсықтаған зиялышардың сөзін сөйлеп отырған пенде болып шыға келді. Өйткені В. И. Ленин танымында бір халықтың мәдениетінде екі түрлі өркен болатындығы, пролетариат оның социалистік, демократиялық элементтерін ғана қабылдап, буржуазиялық пигылына қарама-қарсы қою үшін алынатындығы туралы қалыптасқан көзқарасы тұрғысынан жауап беріп отырды. Сондықтан 1920 жылы В. И. Ленин әзірлеп, Орталық комитет атынан таратылған «Пролеткульт туралы хаттың» қауқары тым шағын, әлжуаз еді. Пролеткульт үйымдары 30-жылдарға шейін өмір сүріп, көркемөнерді, әдебиетті, әсіресе әдебиеттану ғылымын өзінің дегеніне көндіріп, тутінін теріске бүрді. Дәстүр атаулының бәрінен қол үзуі және үздіруі әшейінгі қателік қана емес еді. «Партияның көркем әдебиет саласындағы саясаты туралы» 1925 жылы қаулының алынуы, оған әскери қолбасшы Фрунзенің жетекшілік етуі эстетикалық таным-біліктегі «тәртіпке» салар жайлардың барлығын ангартқандай еді. РАПП-тың айғайлы жынын-конференциялары әр құбылысқа пролетарлық көзбен қарауды, пролетариатқа

ұнайтын іс-әрекет жасауды талап етуі кусырылып келе жатқан дүниенің белгілері еді.

Мұның дүмпуі Қазақстанға ерте жеткенмен, әдебиет жайындағысы тарихи құжат ретінде 1929 жылғы V пленумда алынған болатын. Бұл кезде оны дайындағандар да, «социалистік женістерге» жеткізіп келе жатқан Голощекин мен оның жандайшаптары да қазақтың ақыл-ойы мен өнерінің өресін белгілеген қайраткерлер сахнаға енді қайтып оралмайтынын жақсы білді. Сондықтан шығыс коммунистерінің арасында «пролетариат көркем әдебиетін жасаудың мүмкіндігіне сенбеушілік, құдіктенушілік атаулыға» қарсы күрес ашу қажеттігін мықтап атап көрсетті де, ендігі майданның бет-бағдарын қалай өрбіту керектігін нұскап көрсетті. Онсыз да дөрекі социологизмге белшесінен батқан пролетарлық төңкөрісшілдер өзіне жүктелген «міндетті» артырымен асыра орынады.

20-жылдардың алғашқы ширегінен бастап ширыға түсken тапшылдық таным-білік келе-келе именуді койып, әдебиетке саясат араластырмай жазудың өзін құнәдай көрді. Оны қоздыра да қыздыра түсуге ара-тұра алашыл оқығандардың ой-пікірі себепкер болды демегенмен, партия-кеңес жұртшылығынан күш алып отырған төңкөрісшіл ақын-жазушылар бұрынғыдан да құшырлана курескендігін 1928 жылғы орыс тіліндегі айтыс анық көрсетті.

Партия үйімі қазақ зияллыларының арасындағы әңгіме-дүкенді де, айтыс-тартысты да жіті бақылап, өзіне тиімді бағытқа бұрып отырды. Габбас, Әбдірахман, Сәкен айтыстары кешегі өткенді ғана емес, бүгінгі шындықтың сырын ашып жатқан уақытта Өлкелік партия комитетінің бюросы Сәкеннің мақаласы бойынша арнайы қаулы алды. Алдымен «Советская степь» газетінің Сәкен мақаласын жариялағаны қате, өйткені автор «ставит себе задачу политической дискредитации тов. Тогжанова» деп жаны ашығансып, Фаббастың өзіне де «сыйлы сыбаға» тартты. «Редакция не могла не знать, что т. Тогжанов, имевший как и многие другие, националистический уклон в прошлом, за последние годы стал на партийную точку зрения, которую он проводить в жизнь. В частности т. Тогжанов помог парторганизации в деле выпрямления идеологической линии казахской печати, преодолевая влияние на печать садвакасовщины» («Сов. степь» 10 06, 1928) деп ішке тартқансыған-

мен, ұлтшылдық қатесінің шетін қылтитып койды. Мұнай әдіс-айла сорпаның бетіне шыққан қазақ азаматтарының бәріне жасалды. Қатесіз, күнәсіз қазақ құжат жузінде жок. Осының бәрі кейін айыптағыш дүниеге айналып, 1929 және 1937 жылдардағы «қызыл қыргында» өздерінің «тарихи» рөлдерін ойнаған еді.

Айтысты газет бетінен журналға ауыстыру жайында жарлық жасай отырып, қазақтың көркем әдебиетіндегі жағдай жөнінде екі ай ішінде бюроға арнайы баяндама жасау тапсырылды. Осыған байланысты баспасөз бөлімі акын-жазушылар мен сыншылардан бүгінгі әдебиет туралы акпар жинап, 1929 жылғы пленумға қыруар материал дайындауды.

Ғаббас бастаған айтыстың жаңғырығы осы болса, қазақ баспасөзінде, әсіресе «Еңбекші қазақ» газетінде толассыз басылған және ауызбірлікке емес, ыдыратуға, берекені қашыруға бағытталған «айтыс мақалалардың» қаптап кеткеніне, әдебиеттен басқа мәселе жоқтай айғай-шудың қөбейгеніне қайран қалмасқа болмайды. Әрине қазақ баспасөзінің өркендеуі, әсіресе «Жыл күсы», «Кедей айнасы» альманахтары, «Жана әдебиет» журналы, жаңадан бірнеше газеттердің шыға бастауы сын жаңрына олжа болып қосылар дүниелерді басып жатқанына қарамай, айтысушилар бірін-бірі әшкере-леп, бет жыртысып жатуларының мәденинеті төмен, жа-распайтын қылық екені жөнінде Жақац, Елжас, Жанахмет, Бейсенбайлар талай ескертті. Өйткені Ғаббастың орыс тілінде өткізген айтысы қазақ баспасөзіне ауысқанда әдеби нысанадан жүрдай болды демегенмен, орынсыз дау-дамайды күшейтіп жіберді. Сырт қараганда пролетариат әдебиетінің жоғын жоқтау болып көрінгенмен, жіккілдікті күшетті, ынтымақ-бірлікке лаң салды. Алашылдармен айтысуға дағдыланып қалғандар енді өз арасынан байшыл-ұлтшылдықтың қалдығын, әсер-ықпалын іздел әлектенді.

Айтыс күтпеген жерден басталды. 1928 жылғы бесінші сәуірде Ілияс Жансүгіров «Бетім анадай емес, мынадай» деген мақала жазды. Тілінің өткірлігі мен ашылығы болмашы мәселеңін асқындырып жіберді. Сәбит Мұқанов Ілиястың тұнғыш өлеңдер жинағы «Сағанаққа» беташар жазып: «Ілияс жырларында «ел» деген сөз ете жій кездеседі, ел ішіне еңбекші де, бай да, манап та, қожа-молда да бар, Ілияс осының қайсысын жырлап отыр, бізге, еңбекшіге іш тартқаны керек» деген ескерт-

пе жасаған болатын. Ілияс қатты шамданып, Сәбитті «әсіре солшылдыққа салынып отыр» деп тілдің наиза-сын кадады. Жұма өтпей, 11 сәуір күні Сәбит «Бас асау-лық» деген үлкен де өткір мақаламен жауап берді. «Ілияс Илияс болғалы Илияс жазды деген сөзге ен тағыл-ған жалғыз осы беташар еді, соған ерін бауырына алып тулап жатыр» деп білді, асауды ұстап, мініске үйретер кезде көрсететін қылышына дейін ашық жазды. Сөзді таңдау, «сыпайы» қолдану жағынан Сәбит те қапы қал-мады. «Жікшіл» дегенді әуелі Илияс қолданған соң, Сә-бит оны «жолбике» қатарына бір-ақ шығарды. Жұмыс-шы-қара шаруа жазушыларының арасынан осылай кара мысық жүгірді. «Жікшілдік» дегенді онды-солды сілтеп, топ жинау әрекеті қүшейді.

Эрине қағытпа, ескертпе дегендерді былай қойғанда, шыққанына үш-төрт ай болмай-ақ, жұртшылықтың жылы ықыласына кезіккен «Тар жол, тайғақ кешу» туралы оқушы сауалдарына Сәкен жыл басында (24. 01, 1928) жауабын қайтарып, талай мақалаларда ұнамды ойлар айтылып жатқан кезде, бұл шығарма жайында Нәзір Төрекұловтың мақаласы жарияланды. Ол сын әдеби әдеп пен жолдастық көніл рәсіміне жатпайтын құжат болды.

«ЕҚ» газеті, әсіресе оның редакторы Фаббас Тоғжа-нов басқаның қолымен от көсеу, байқамаған болып, аң-ғалдық тәсілін қолданып, демократия жолы осылай деген сыңаймен Сәкеннің өлең-мақаласына не Сәкен тура-лы дүниеге «Құйрық» жалғайтын әдettі көбейтті. Мәсе-лен, осы жолы басқарма атынан: «Нәзірдің сын жазған-дағы бет алысы дұрыс емес... Нәзірдің Сәкен кітабынан түк пайда жоқ деуі де қате. Қашша қателері, теріс пікір-лері болғанмен де Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешу» қазақ жұртшылығы, қазақтың саяси тұрмысы жайынан бірінші кітап. Рас, Сәкен кітабы тарих емес. Бірақ тарих болмағанмен де тарих жазушыларға пайдасы бар кітап» («ЕҚ». 24. 12, 1928) деп түсіндіргенде, Сәкенді тілдеген, мазақтаған әдейі әжуалаган тұстарын қысқартып, тас-тауға болатындығын біле тұрып: «Сәкен — баяғы Сәкен. Ол Азияның, қазақтың көткіншек, дараышылдық есқі жолымен элі кетіп барады» деп шығарманың жанрын таба алмағанын айттып, қофамның келбеті, Алашорданың ісі, Қелбай Тоғысов жайлы өзінің ойын «Сәкен жөндіні жөнсізден, мәндіні мәнсізден, керекті керексізден дым-да (обсолютно) ажырата алмайды. Біздің ауылдағы

Қырықбайлардың, Сырықбайлардың бәрі де үй арасындағы бозбалашылығын, кой үркіткенін, ит үргізгендегі «Тар жол, тайғақ кешу» деп «тарих қылыш жаза берсе, оны мемлекеттік баспамыз баса берсе біз қайдан шығар екенбіз. Бұғінге шейін жер жүзінде үлгісі жоқ Сәкен бастаған әдебиеттің жана жанры қазақтан туғаны да!!! Басы да, аяғы да осы. Сәкен ойлауының өте әлсіздігін, Сәкен байқауының өте болымсыздығын көрсетеді. Байқау, бакылау деген көрген-білгенді «көже қыла бер деген емес. Бұл ұят! Бұл масқаралық! Бұл ұят, бұл тентектік!» дегендерді қалың оқушыға қандай ниетпен ұсынған деген ойға қаласың да, басқармадан жазылғаны айла, жалған нерде екенін түсінесін.

«Еңбекші қазақ» газетінің редакторы Фаббастың орынбасары Эйтіке Мусин «Көркем әдебиет мәселесін-дегі айтыстар туралы» өзінің ой-пікірін білдірмекке ниеттеніп, Фаббас көзқарасының соқпағымен «қазақта пролетариат әдебиеті түбінде болар, бірақ әзірге жоққа тән» деді де, Сәкен, Сәбит, Бейімбет шығармашылығының өз түсінігі деңгейінде талдаған болып: «Құні бұғін мынау біздің пролетарлық жазушымыз деп көрсете алатында жазушымыз жоқ. Пролетариат санасын қабылдалап жетпеген Сәкеннің мандайына қызыл жалау байлац, қыл-қызыл қылатындарын сендердің онбағандықтарың» («ЕҚ» 17. 04, 1929) деп ұрсуы айтыстың мәдениетіненғана емес, автор мақсатынан да хабар бергендей.

Бұл құбылысты Сәкен мен Фаббастың пенделігінен туды деп қарамай, элеуметтік «заказдың» қаншалықты мықты да тегеурінді болғаны деп ұққан жөн. Өйткені «контрреволюцияшыл топ құрды, совет өкіметін құлатпақ болды» деген жаламен жабылған қазақтың ұлы қайраткерлерінің ініне су қүйғандары аз болғандай, бір бағытқа серке болып жүргендерді, әсіресе Сәкенді әшкерелеп, тұтқынға алса қазақ зиялышарының ескі, жаңа үрпактарының саудасын тез бітіреміз деген саясаттың есебі болды. Оларға әдебиет пен сындағы айтысты сырт көзге сылтау етіп көрсете оп-онай еді.

Тап осы 1929 жылы Сәкенге байланысты айтылған, жазылғандардың кай қайсы болсын «әмір мен өлімнің күресі» екенін көрсете үшін біраз шындыққа көз салайық: «Сәкен — сынсыз, сын — Сәкенсіз күн көрген жоқ. Фаббастың айтысы Алматыны қойып, Ташкенттегі «За партию» журналының бетіне көшті. F. Тоғжанов Сәкенге «Вы еще далеко не пролетарский поэт, не говоря

уж о том, что Вы не «отец киргизской пролетарской литературы», каким Вас признает Ваш единомышленник С. Муканов» (№ 7—8, 1929 деуімен ғана аяқтала қоймады. 1929 жылы 7 қантарда Сәкеннің «Отарба» деген өлеңін басқанда: «Баяғыда Мағжан отарбаны —«Шойын жолды» боктап өлең жазып еді. Шойын жол қазақ дасына арак, шылым, ауру әкеледі деп «жылап» еді. Сәкен Мағжанның сол сезіне сеніп қалса керек, бұ да отарбаға «арағынды, шылымынды, саудагерінді әкеле керме» дейді. Мағжан айтса жөні бар. Мағжанның колданған табы, казактың ескілігі шойын жолдан bezеді. Мұның бәрін Сәкен ақынымыз қалай үқпағап?» деп мұләйімсіді. Екеуін бір отарбамен «матап» түрмеде отырған Мағжанмен идеялассың, мұраттассың дегенді емеуріннен танытады. «Тырнак астынан кір іздеушілік» күшайген кезде «Сәкеннің сырын» ашуышылар да табылды. Сонау Ақмоладағы «Жаңа арқа» газетіне Фаббас Жәнібеков деген біреу «Сәкен бай тұқымынан, бай балаларына партияға кіруге кепілдеме берді» деп жазса, «Еңбекші қазақ» газеті (21. 08. 1929) құрыққа сырый жалғап, қайтадан көпіртіп басты. Арын Малдыбайұлы, Жұмабай Оранбаев, Құсайын Тәкежанов, Баймамбет Жайпақов «Сәкеннің сыры олай емес, бұлай» деп мақала жазып, Жәнібековтің партиядан қуылған алаяқ екенін қалың көпшілікке баяндаған берді.

Мұның бәрі де өткінші, болмашы нәрсе болса, шын кара бұлт Сәкеннің басына әуелі «Қызыл Қазакстан» журналында (№ 6), онан кейін «Советская степь» пен «Еңбекші қазақта» жарияланған «Сәкеншілдік және Сәкен туралы» Өлкелік партия комитетінін хатишиы Хамза Жұсінбеков жазған мақаладан төнді. Оған дейінгі Жақан Сыздықовтың «Ақын-жазушыларымыз туралы» мақаласы (24. 04. 1929) дауыл алдындағы бүркасын ғана еді.

Сәкен Ташкенттен Алматыға шақырылды. Еш жерге қызметке орналаспай, еңбекақы алмай 2-қарашаға дейін жүрді. Қазақ мемлекеттік университетінің оқытушысы емес, қазақ әдебиеті кабинетінің менгерушісі болып әзер орналасты. Екі жарым ай сандалтқан әлгі мақалалардың әсері және партиялық тазалаудан өтудің қияметі еді. Хамза мақаласы мен партия тазалауы құжатының түтіні бір, әрбір әшкерелегіш дерек мақалада қысқа, құжатта тәптіштеле баяндалды. Айыптау үшін уақыттыңда дәрмені жетпей қалатын кезі болады екен. Үкімет

басшылығына кеткен, күн көру ушін еңбек етіп, шығармашылықпен айналысқан, Өзбекстанда, Ташкент қаласында жүрген адамды «Сәкеншілдік» (орысшасы — Сейфулиншина) топтың жетекшісі деп айыптаудың еш орайы болмаса да: «Сәкеншілдік деп бір кезде Сәкен бас болған, партия ішінде бір жікті айтамыз. Сәкен жігі Смағұл жігін ұлтшыл алашордашыл, интернационалдықка қарсы деп жамандаушы еді. Мендершұлының жігін ұлы орысшыл, қазақ жайымен есептеспейді, маңайындағылар парашыл, мансапқоршыл бұзылғандар деуші еді. Бірак түпкі мақсаты басқа жіктерден тым айырмасы жоқ еді. Сәкен жігі іс басынан кеткен соң үстаған жолы: партияға наразылық білдіру мен партия басқару қызметшілерін жамандаганы болды» деп саяси айыптарды үйіп төгеді де, «Сәкен соңғы «Жұмсақ вагон», «Пәуеске» деген өлеңдерінде өзінің партия жолына наразылығын, партияның ісіне сенбейтіндігін көрсетіп отырған жоқ па?! Әрине солай!.. Қатендей ашық жариялад, шынынды айтып, партия жолына кел, не болмаса басқа жолынды тап!» деген өктем үндер әдебиет пен мәдениетті өркендетудің емес, оның қайраткерлерін құртулың амалы болған еді. 1929 жылы 15 казанды Сәкеннің партиялық тазалауы өтті. Бұл шара актап, аман қалудың, не Ахмет, Міржакыптардың сонынан түрмеге жабылудың қыл көпірі болды. Осындағы күйдемін-ау деп Сәкен адамшылықтың ақ жолын аттамай, өзінің арын сактап, жазықсыз жапа шегіп жатқандардың мерейін үстем қылды. Алайда тазалаушы топ Сәкенге бір рет ескерту, бір рет бетіне басу жазасын жариялау үстіне, өз өнерпаздығында «Сейфуллин жолдағы күйректікке салынып, саяси қайраткерлікten іргесін аулақ салғаны үшін талқыға салынсын. Сонымен катар, Сейфуллин жолдастың пессимистік күйректікten арылдым, бұдан былай өзімнің ғана емес, өзгенің де, жалпы партия ішіндегі пессимизмнің көрінісімен күресемін дегени еске алынсын... «Советская степь» пен «Еңбекші қазақ» газеттерінде өзі жасаған кателерді мойындал, оны айыптайтынын нақты атап айтатын макала жазу тапсырылсын, сонымен катар Сейфуллин жолдаска жалпы әдеби еңбекке, сондай-ақ баспасөз жұмысына мейлінше белсене катысып тұру тапсырылсын» деген қаулы алынды.

Сәкен «Менің кателерім туралы» деген мақала жазды. Большевиктердің зорлық-зомбылығы өзгені былай

қойғанда, өз адамдарына да жасағанын Сәкеннің осы хаты, мойындауы дәлелдейді. Ал шығармашылық жағынан келетіп болсақ, онда Сәкеннің күйректік жасап, сары уайымға салынғанын ойланған оқығанымыз жән «Қара жер» мен «Советстан» поэмаларын зордың күшімен бастыруы, пролетариат-қара шаруа жазушыларының Смағұл тұсында «Еңбекші қазаққа» жақындай алмауы, «Аққудың айырылуы» мен «Жұмсақ вагонның» белгілі көңіл-күйден туғандығын дәлелдеу үшін: «Біздің қаладағы болсын, даладағы болсын тұрмысымыздың түрлі қайшылық суреттері, социалдық құрылыштың қыныңдықтары, қарандылық, надандық, шалағайлық секілді құнделік тұрмысымыздығы көріністер, оның үстіне партиямызыздың бас жағындағы кейбір қыңырлықтар, ауа жайылғандар — бәрі жинақталып келіп мені де қоршағандай болып төмен тартты. Бір түрлі упадничество туғызыды. Кенес өкіметінің жаулары «шок, шоқ» деп масаттанып, күлін тұрган тәрізді көрінді. Осылар мені ойға салды, көнілімді қозғады. Бір түрлі упадничествоға салды. Оның үстіне ол кездердегі істерге ырза емес кейбір адамдардың қыңқылдары қосылып, сарыуайымға түсірді. Менің кейбір шығармаларымда партия жолынан киғаш кеткен жерлер тап осы кездің, осы секілді жағдайдың жұмысы» («ЕҚ», 02. 09, 1929) деп ағынан жарылғанын, қоғамдық обьективтік, жеке субъективтік себептерді түгелдей теріп, өзінің биік парасатын танытып жатқанына қарамай «Еңбекші қазақ» тағы да «құйрық» жалғау қажет деп тапты. Жардың жиегіне апарын қойды. «Сәкен жолдас жікшілдік қателерін мойнына алуға тырысқан. Алайда Сәкен жолдас көп қателерін айтпаған. Жазған хатында бар қателерін мойнына алудың орнына қателерін актауға тырысқан немесе бәрін де жалпы жағдайдан болды деген. Эсіресе Сәкен жолдас Смағұл Сәдуақасұлы жігімен қосылғанын, ұлтшылдық пікірде болғанын, оны Е. Ярославский жолдастың З ші партия конференциясында сынап ашқанын мұлде айтпаған» деп айыптайды. Мұнысы «істемегенді істедім деп мойында, дарға өзің асыл» дегенмен бірдей екені сөзсіз.

Сәкен төнірігіне толық тоқтаудың көптеген себебі бар. Біріншіден, партия өктемдігінің тежеусіз болғандығын, өз мүшелерін, әсіресе Сәкендей кайсар кайраткерлерін өз дегенине көндіруге тырысқанын және партиялық диктатура ойына не келсе, соны істете алатын

зорлықшыл күшке айналып бара жатқанын көрсете болса, екінші жағынан, жалынды революционер, данышпан ойшыл, асқан қalamгер бол мейлің, бәрібір сен пролетарлық қозғалыстың «вінтігісін», тегершігісін, оның қолындағы ойыншығы, қалтасындағы қонырауысын, әлемдік революцияның жаршылары партиялық әдебиет принципін дәйекті және жеріне жеткізе орындауға тиіс, буржуазиялық бостандықты ұмытуы керек, үшіншіден, әдебиет пен мәдениет дегендер тек қана саясаттан өріс алуға тиіс, оның көркем түрінен мазмұны қадірлі, сондықтан пролетарлық әдебиетті өз таным-білігімізben жасаймыз деген сиякты дәкір де зорлықшыл талаптар қойылған уақытта ақын-жазушы ойыншыққа, қуыршаққа айналып, айтқанды орындастын құлдық күйге түсті. Дүние қусырылып, әлем тарылды. Қыл көпір көбейді, олай айтпа, былай жазба деген әмірде шек болмады. Соны партияның табанды жауынгері боламын деген ұлы ақын, төңкерісшіл әдебиеттің көшбастар серкесі, бұрынғыша айтсақ, қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушы Сәкен Сейфуллин алдымен көрді. Қөнгісі келсе де мойын ұсина алмай мерт болды. Ол тәрбиелеп өсірген жас үрпақ бұдан әріге бара алған жок, дәрекі социологиялық-әпербақандықпен ғұмыр кешті. Ұтқанынан ұтылысы, қуанышынан өкініші көп өнерпаздықпен болды. Осыны дұрыс ұғынсақ, онда келешек әңгімелердің жалпы анғарын, сын-ғылыми ойдың өрісін аңғарып алу қындыққа соқлады.

Алдымен алашшылармен алысудың осындай теренде жатқан сырьы барын үға алмаған ҚазАПП басшылығы тасқындаған ой толқынын аз уақытта-ақ теріске бұрып жіберді. 20-жылдардың екінші жартысында РАПП-тың Ұрандарына бой алдырыды, дәрекі социологизмнің желі мықтап көтерілді. Ақын-жазушыларды бүгінгі күн шындығын суреттеуге үндеген ұран көбіне-көп социологиялық арнамен өрбіді де, эстетикалық таным-біліктер жапа шекті. Қөркемдіктің көп шарттарын елемей, шығарманың тек идеялық мазмұнын баса талап ету етек алды. Сондықтан да көптеген құнды туындылар орынсыз датталды. Оның нақты мысалын сол кезде жазылған көп мақалалардан, өсіресе, М. Қайыназаровтың сөздерінен, ҚазАПП жиын-съезінің қаулыларынан кездестіреміз. Онжылдықтардың өлі арасында 2—3 жыл ҚазАПП-ка басшы болған М. Қайыназаров «Пролетариат-колхозны әдебиетіміз қазіргі қарқынға ере алмай қеледі, артта

қалып келеді. Осы күні партиямыз түрлі саяси-шаруашылық науқандарын жүргізіп жатыр: мал дайындау, астық дайындау, егіс науқаны, жаппай оқу, колхоздану, тағы баскалар. Осы туралы біздің пролетариат бағытындамыз деген жазушыларымыз: Сәбит, Сәкен, Илияс, Бейімбет, тағы баскалары төселіп, ештеңе жаза алмай жүр», — дегенінен-ақ «эстетикалық иман жүзділіктің» шет жағасын аңғарғандаймыз. Эйтпесе, ақын-жазушыларды бүгінгі науқанды, әне жерде үйымдаскан ұжымды, колхозды жазбадыңдар деп ұрысын-сөгуі былай тұрсын, жат лагерьге жатқызып, талай таңба басқан кезі де аз емес. М. Қайыназаров «пролетариат жазушысы», «байшыл жазушы», «жолбике» дегендерді жиі колданып, «ҚазАПП-тың басшысы болғандықтан, сол себепті сыншысы болғандықтан, жазушыларды көз алдына тізін қойып, әлгі таңбаларын жағалай шыжылдағып басын шығады екен. Сонымен жазушылар «бағасын» алады екен де, оны Қайыназаров партия жолы ден танытады екен. Ең «терен» кеткенде айтатыны «түрі жаман, мазмұны жақсы», «мазмұны жақсы, түрі жаман» деген косымшалар жасайды екен» (М. Қаратасев, «Туган әдебиет туралы ойлар», А., 1958, 36-бет).

1929—1932 жылдарда жарияланған макалалардың, кітаптардың мән-мағынасын терең казбай, тек атап шыққанын өзінде көп жайды аңғарсақ та, қайсыбір монділеріне токталмасқа болмайды. 1929 жылдан бастап Ғабит Мұсірепов әдеби сынға белсene араласты. Қазақ мемлекет баспасының бас редакторы болған соң шығарманышылық өмірге еріксіз араласуы және партия талап етіп жатқандарды айтпасқа шарасы жоқ еді. «Әдебиет айтысына» деген макаласында жүрттың құлағы сарсып, жалыға бастағанын айтып, өзі де қатты екпінмен толқынға араласып кетті. Ғаббастың 1929 жылы шыққан «Әдебиет және сын мәселелері» деген кітабын сынауға кіріскеnde «пролетариат әдебиеті бар ма деп сұрап қоюдың өзі дұрыс емес. Егер Ғаббастың кітабын 29-жылы үлтшылдардың бірі жазса, оған жарасып тұrap еді. Керек болса, ашықтан-ашық айтуға оның тілі де күрмелер еді, үрлап айттар еді» («ЕҚ», 04. 08. 1929) дегеннен-ақ сын түтінін қалай шалқуын аңғару қындыққа түспейді. Ал әдебиетке әлдеқалай ат ізін салып, кейін өз жайына кеткендердің сөз салтастарының анайылығы на-дандықпен араласып кеткенін байқаймыз.

Дөрекі социолог сыншылардың осыншама күш алуы-

на 1932 жылы 10 ақпанда жариялаған БК(б)П өлкелік комитетінің Мәдениет және науқарат бөлімі мен қазақстандық марксизм-ленинизм институтының «Сталин жолдастың хатына байланысты Қазакстанда теория майданындағы күрес міндеттері туралы» түсіндірме хагы көмектесті. Бұл Ф. И. Голощекин тұсындағы бұрмалаушылықтың ең соңғы жиынтығы және кейінгі әпербақандықка жол ашқан құжат болды. Сондықтан барлық киянат-зорлыққа бастаған, тарихтың бетін лайлап, ғылыми таным-білікті теріс арнаға бұрып жіберген кесірлі құжатқа назар аударсақ қазақ сыйнының сырын, жайкүйін анық аңғарамыз. Бұл құжат ең алдымен В. И. Лениннің әрбір құбылысты сол кездегі таным деңгейінен бағалау керек деген негізгі қағидасын елемеді. Бұғингінің безбеніне салып өлшеді де, таптық өзек іздеп, бәріне саяси астар беріп отырды.

Сырт қарағанда пәлендей ештегесі жок түсіндірме хатты асырудың алғашқы сөзі ҚазАПП-тың 1932 жылы 26—29 ақпанында өткен съезінде айтылды. ҚазАПП басшысы М. Қайыназаров дайындаған, съезд қол көтеріп бекіткен қаулының «бисмилласы» мынадай: «казақ көркем әдебиетінің социалды құрылыш міндеттеріне іле-се алмай жүргенінің себебі: алдымен, қазақ кеңес жазушыларының көбінде алашордашылдық, байшылдық, салт-сананың ықпалы әлі күнге дейін күшті, бірқыдыру жазушылардың шығармаларында бай-феодал салт-санасы, жергілікті үлтшылдық, тәңкеріске қарсы троцкизм сарындары бар (Сәкен), қазақ қара шаруаларының арғат қалғап сарындарына еріп, қара шаруаның өрісі тар көзқарасына және ұсак буржуазияшылдық санаыштыққа (идеализмге) салынғандық та бар (Илияс, Бейімбет, Сәбит, Өтебай және басқалар), жік тартысын көркем әдебиетке қыстырғандық та бар. Сын, өзара сынды бетке үстап, кейбір жолбике жазушылардың кеңес мемекемелерін, коммунистерді, колхоздарды обывательдерше санағандары да (Мәжит, Жұмат т. б.) болды» («Әдебиет майданы», № 4, 1932) деп дөрекі социологияға салынды. Өтебай Тұрманжанов «ҚазАПП-тың I съезі не деді» атты мақаласында «алашорда оқығандары (жазушылары) тәңкеріске дейін де, тәңкерістен кейін де қазақ еңбекшілерінің, пролетариаттың дүшпаны болды дейміз. Еңбекшілердің досы емес, қасы болды дейміз» деп жағастырды да, өткенге топырақ шашып, қаулының түтінін мұлдем басқа арнаға салып жіберді.

Ал Габбас Тоғжанов өзінің қатесін түзету мақсатымен «Байтұрсынов және байтұрсыновшылдық туралы» мақала жазып, бұрыннаң айтып келген ой-пікірінен айнып шыға келді.

1929 жылы «Садвақасовщина под маской» «Молодого Казахстана» (Ә. Байділдин), «Тар жол, тайғақ кешу» мен «Нәзірдің сыны туралы», «Әдебиеттегі смағұлшылдық» (Ә. Тәжібаев), «Сәдуақасовшыл Мұстанбайұлы тазалау талқысында», «Әдебиет майданында, «Пролетар әдебиеті жөніндегі айтыстар», «Кедей айнасы», «Қөшпелі дәуірдегі қазақ әдебиетінің күйлерінен» (Сәкен), «Сұлушаш», «Қарагөз» (Ж. Орманбаевтың сөз әлпеті: «Махаббатқа пролетариат тымағын кигізген «Сұлушашта» ешбір мақсат жоқ. Не тап тілегі, не басқаша бір тілек қоймайды.—«Жана әдебиет», № 4, 1929), «Байшылдықты жоямын да, тапты жоқ қыламын» (Хабиболла), «Сұлушашқа сын» С. Усенов: «Сәбит бұрынғы бетінен айныды, құлпырды. Надандықты, ескілікті, санаышылдықты дәріптеп, соны жырлап кетті», (№ 11, 1929), «Әдебиет майданындағы мақсұттарымыз» (Х. Жүсіпбеков), 1930 жылы «Таласты қойып, іске кірсейік» (Е. Қалымбетұлы), «Жікшілдіктің түбі — жолбикелік» (Ә. Мусин), «Әдебиеттегі жікшілдікке қарсы», «Жолдастарға жауап» (Ғ. Мұсірепов), «Жікке жол жоқ» (І. Жансүгіров), «Әдебиеттегі Сәкеншілдер», «Жазушыларға жала» (Ж. Сыздықов), «Жікке қарсы жік», «Фабитке справке» (С. Мұқанов), «Илияс туралы бір-екі сөз» (Ә. Тәжібаев), «Илияс жолбике емес», «Социалистік қайта құру дәуіріндегі көркем әдебиет мәселелері» (М. Қайыпназаров), «Ақсап қалмайық» (Ғ. Малдыбеков), «Сәбит, Бейімбет, Илиясқа жолдастық хат» (Ғ. Тогжанов) сияқты мақалалар жауып кетті.

Қазақстанда әсіре бүрмалаудың салдарынан экономикалық қындық туып, халық ашығып, қырыла бастаған 1931—1932 жылдары жазылған мақалалардан қазақ даласында болып жатқан зұлматтың елесі де сезілмейді, қайта әдебиеттің пролетарлық жолын дәуірлеңте беруге бағытталған, қуаныштан жүргегі жарыла жаздаған жазбалар етек алып кетпегенмен, бұрынғыдан екпіні де, ожарлығы да кем емес. «Әдебиеттегі сменовеховшылдыққа қарсы», «Әдебиетте пролетариат кадры туралы», «Блокшылдықтан демьяншылдыққа», «Менің қатем қандай?» (С. Мұқанов), «Қазақстан пролетариат-колхозшы жазушылар ұйымының кезекті міндеттері ту-

ралы», «ҚазАПП-тың бес жылдығын», «Әдебиет-көркем-енер үйымдарын большевикше қайта құрайық» (М. Қайдыназаров), «Тіл, әдебиет білімін қайта құру жолында алашордашыларға, бұлдыр идеализмге жол бермейміз» (С. Аманжолов), «Марксшіл сыншыларымыз туралы» (С. Камалов), «ҚазАПП өндіріске аттанды», «ҚазАПП жаңа дәуірде» (Ф. Мұсірепов), «Жікшілдік және одактасуышылдық туралы», «Партияның салт-сана майданындағы куресі» (Хақиани), «ҚазАПП-тың I съезі не деді» (Ә. Тұрманжанов), «Сын лениндік жолмен болсын», «Бейімбет туралы» (Р. Уалиахметов), «ҚазАПП-тың жұмысындағы кемшіліктері, қателері туралы», «Қателесуге қарсы большевиктік сынды қүштейтеміз», «Кенес әдебиетін көркейтіп, партия декретін орындаймыз» (І. Жансугіров), «Лениндік сын үшін күресу керек» (З. Шашкин), «Көркем әдебиет социалды құрылыш қарқынынан қалыспасын» (К. Өтепов), «Көркем әдебиет майданындағы күрделі міндеттер» (М. Габдуллин), «Асқар қайта құрылыш дәуірінде» (С. Ерубаев, З. Шашкин), тағы басқа мақалаларда замаңа шындыры көрінбей, ұрандату, жіктелу, айтысу-тартысу, орынсыз кінә тағы қаралау, елде болып жатқан шындықты желсөзбен жабу, көлеңкелеу орын алды. Рапорт дәуірінің басы Қазақстанның 10 жылдық мерекелі сессиясынан басталды.

«Құрметті сессия — үкімет
Еңбекші табы — қалың жүрт
ҚазАПП үймын атынан

Тапсырамыз рапорт:

Жұз он алты мүше бар,
Сексен бес кітап сыйлапты.
Социалдық ұлы іске
Том-томдап жинаппыз,—

деу дәстүрге айналып, «Нефтстан», «Қемір — коммунизм», «Пулемет» сияқты рапорт-поэма, дастандар қаптап кетті.

Сол кезде өнімді жырларымен ауызға іліккен Асқар Тоқмағанбетовтің аяқ алысын Саттар Ерубаев пен Зейін Шашкин: «Асқарда жаңа көтерілген мәселеден қалмаймын деп жылдам дауыс қоса салу бар. Қарқын әрине керек. Бірақ қарқын мен сапаны бір-біріне қарсы қоюға болмайды. Көп өлеңдерін тереңнен қозғай, түпкір-түкпіріне дейін ақындық қармағын сала алмай, тақпак, ұран ретінде, хабар ретінде жазып жүр, оны да күніге

мың рет айтылып жүрген сөздермен жазуда. Күндеңі ұранды жаттап алғы, оны күрғақ тақпақтап түрмай, диалектика жолымен мәселениң шын маңызын түсіну, түсіндіру керек. Білімсіз аттаймын деп жүріп, қанбақтай желмен ұшып кетуін, сөйтін бір шөпке ілініп қалып қоюың мүмкін («Лен. жас», 26. 04, 1932) деген тұжырымдардың бар ақынға қатысы бар еді. Жас ақындарғана емес, жана әдебиетімізді өрге сүйрелеп, көркемдік түрғыдан үлгі-өнеге шашып жүрген кексе ақындардың бірде-бірі ұранышын рапорттан, жалған даурықпадан ада бола алған жок. Халықтың хал-жағдайы құлдырап, жартысына жуығы (49 процент) аштыктан қырылып жатқанда санын шапалактаپ, айғайышы өлец-жырды жазушылар көбейіп кетті. Жадағай поэзия етек алғып, әдебиетіміз нағыз дағдарысқа ұшырады. Осының басы-қасында сын «дирижер» болып жүргені рас.

Сонымен ҚазАПП сынны дәуірлеп тұрған кезде әдеби шығарманың көркемдігіне назар өте аз аударылды. 30—33-жылдардағы көп шығармалардың өлі тууына, жансыз «поэзияның» мол болуына дөрекі сын кең жол ашты да, жалпы әдебиеттің дамуына кесірін тигізді.

6. ЭСТЕТИКАЛЫҚ-СОЦИОЛОГИЯЛЫҚ СЫН

Дөрекі социализмнің дауылы тез көтерілгенімен, саябырлап басылды. 1932 жылы партияның «Көркем-өнер үйімдарын қайта құру туралы» қаулысы шығып, шығармашылықты жақсартуға бағытталған қадамдар жасалды. Әдебиеттің сын саласына білімді жастардың, әсіресе, сынды өздерінің өнерпаздық ариасы деп таныған Есмағамбет Ысмайлов, Мұхаметжан Қаратасев, Қажым Жұмалиев, Теміргали Нұртазин, Белгібай Шалабаев, Құлмырза Өтепов, Рахымжан Жаманқұлов. Әлібек Қоңыратбаев, Мансұр Фатауллин, Рақым Уәлиха метов сияқты сыншылардың, алғашқы қадамдарын сыннан бастаған Саттар Ерубаев пен Зейін Шашкин, Хамза Есепжанов сынды жазушылардың қазақ әдебиетінің әлеміне келуіне байланысты білікті, мәдениетті, эстетикалық сауатты сын өріс алғып, аз жылда жетекші тенденцияға ие болар деген үміт оты жылт етті. 20-жылдарда жемісті еңбек еткен көп сыншылар өзінің идеялық-эстетикалық цысанасын қайта қарап, өрелі, білімді сын жолына түсті. Ф. Тоғжанов, Х. Жүсіпбеков, Б. Қенжебаев, Э. Мәметова тағы басқалардың қаламдары құнтарлана

түсті. Қайсыбіреулері сынмен қош айтысты. 1933—1937 жылдар арасында талай мәнді еңбектер мен мақалалар жазылып, социологиялық-эстетикалық сын тез марқайды. Өзінің оңаша отау алуға жарап қалғанын, кәмелетке толғанын Қазақстан Жазушылар одағының 1937 жылғы I пленумында арнайы талқыға түсімен дәлелдеді. Бұл кезде сыншылар да, сынни пікір айтушылар да көбейіп, сын мақалалары мен рецензиялар мол және өнімді жазылды.

20-жылдардағы творчестволық және үйымдық айтыстартыстар кезінде сынни пікірдің қандай болуы керектігі жөнінде айтылған ойлардың жарықшафы ҚазАПП съеззінде әкімшілік түрғыдан сөзлеген сөздерден аңғарылып қалғанымен әдеби атмосфера жақсара бастағаны, мәндене, салмақтана, қомақтана түскені мақалалардан, өткізілген талқылаулардан айқын көрінеді.

Қазақ сыннының шуакты кезеңі (1932 жылдың екінші — 1937 жылдың бірінші жартысы) шын шығармашылықка бұрылды. М. Әуезов өзінің ашық хатымен жаңа әдебиетке қосылды. Жаңа қаулы әдеби атмосфераны жақсартуға, жазушыларды бір идеялық платформаға топтастыруға, ынтымақ-бірлік орнатуға шақырганнан кейін қисынсыз айтыс-тартыстан мезі болғандар кезеңдік үран ыңғайына тез жығылды. Үйымдастыру комитетін М. Горькийдің бастауы да біраз күдікті жоюға себепкер болды және кеңестік әдебиеттің көркемдік әдісі — социалистік реализм деғен атаудың бұл кезде тартымды сипаты болғанын да жасырмаған абзал, өйткені оның қатаң догмаға айналып кететінін ешкім алдын ала болжап білген жок. Қоғамдық өмірде қаншама кедергілер, тосқауылдар кездесіп жатса да, олар өсу, жетілу сатысында болатың жайлар деп түсіндіріліп, идеологиялық дауды күшейтіп жіберді.

Одақтық процестен Қазақстан кейін қалмай, кейде алдына түсіп кететін «ұлттық» мінезben іске кірістік. 1932 жылдың желтоқсанында Жазушылар одағының пленумы болып, Илияс Жансүгіров төраға сайланды. Әдеби атмосфераны жақсарту жөнінде бірқатар иғлікті қадам жасалып, сынның сөз саптауы инабаттылыққа ауыса бастады, шығармашылық айтыс түсінісуге бетеді, бір-бірін құптай да мәдениетті міней сөйлеу машины сіңісе бастады.

1933 жыл сол кездің ең күрделі проблемасы болған социалистік реализмнің мән-мағынасын түсінуге бағыг-

талды. Оны Мәскеуде қызыл профессорлар институтында оқып, жазушылар арасындағы, газет-журналдардағы теориялық пікірлерге құлақ түріп жүрген Сәбит Мұқанов тұңғыш «Социалды реализм туралы» үлкен мақала жазды. Осы уақытқа дейінгі кейбір сыншылардың «көргенін көргенше, сезгенін сезгеше жаз деуі реализм емес, натурализмге жетектеу, жазушыны фотографқа» айналдыру екенін түсіндіре келіп «социалды реализм анық болған, болып жатқан және болуы толық айқын, шын жағдайы бар реализм» деп кисынады да, тенденциялылығын жасырмайды, тапты, тапшылықты жақтайды деп түсіндірді. К. Өтепов, М. Фатауллин, М. Қаратаев, Э. Коныратбаев тағы басқалар өз түсінігі деңгейінде мақалалар жазды, ескі әдетпен бірін-бірі іліп-қағып қалғаны да болды.

Ең әуелі сын өз шаруасына қарады. «Сын майданын көтермелегенің керек» деп К. Өтепов өткен-кеткенді біраз шолып, Б. Кенжебаевпен екеуі «Тағы да әдебиет сыны туралы» мақала жазғанда «пәлсағалы сынның» болмағандығын үлкен айып санап, өздері сынға келген кезден тарихты бастау дағдысына ойысқанмен де, білім толықтыруға, мәдениетті көтеруге, жікшілдіктен безуге шақырды. Ақын-жазушылардың туындыларына «дербес сынды өркендетін, жеке шығармаларды сынау үшіп әдебиет сыны методологиясын жасауымыз, шешуіміз, айқындауымыз керек» («СК», 11. 08, 1933) деген де ұсыныс жасады. Бұл ойды Фаббас «Қазак әдебиетіндегі сын туралы кейбір өзгешеліктеріміз» деген мақаласында жалғастыра түсіп, 1932 жылы шықкан 50 шақты кітапқа бірде-бір дұрыс сын жазылмады деп білді және «өткен жылдардағы сынның бәрін бүйтіп мансұқ қылу әрине дұрыс емес. Дұрыс емесі былай тұрсын бұл зиянды пікір» («СК», 24. 09, 1933) деген табады да, дербес сынды қүшайтуғе үндейді.

Осындай ұнамды көріністер сын саласында көріне бастағанда М. Әуезов «Сыннан не тілер ем» деген мақаласын жариялады, «Менің кеңес жағына шығудан бұрынғы шиырым жазушылығымның өзіне де қауіп еді. Ол қоғамдық дағдарыс қана емес, өнер майданында өсу, үлғаюдың да дағдарысы болар еді. Болып та қалып еді. Бүгінгіден қашып, «көр актара беру» кімге мақтан, кайда апармак, неге жеткізбек! Бұрынғы еңбек бір жағынан «археология-орхеология үшін» дегенге үқсал бара жатыр еді» дегенде өзін міней сөйлеп, әділдік пен әділег

жолы ғана сынның мұраты болатындығын айтты: «жаксыны құр жақсы деген де сын емес. Салт-санадағы, түрдегі, тілдегі, көркемдіктегі жұртшылықты баулытын, бастайтын, қуантатын сын болса, оны дәл тауып, дәлелдеп, дамытып беру, мінді көрсетуден кем бағалы бола маекен? Кем болмайды, қайта артық болады» деп ақыл қости. Қөркемдік таным-білікті ілгерілету жағын қарастырыды. Әдебиет сынның келген жас толқын өздерінің білімдарлығын иман жүзді сөз саптауларымен көрсете бастады.

Жөнделе бастаған әдеби атмосфераға дұрыс жөнжоба сілтеген жазушылардың бірі — Бейімбет болды. 1932 жылы Бейімбеттің жаза бастағанына 20 жыл тоғуын атап өтеміз деген ігі қадаммен Мансур Гатауллин мен Бейсембай Қенжебаев мақала жазып, қарымды қаламгердің өмірбаянынан бірқыдыру деректер көлтіріп, шығармаларын атап шыққаннан кейін ашық және бүркеме үлтшылдық (Сәдуақасовшылдық) жолында жүріп «Бейімбеттің шындал бұрылуы 1928 жылдың ақырынан, 1929 жылдың басынан бермен қарайғы дәуір. Бейімбет пролетариатқа жолбике жазушы емес, пролетар-колхоз жазушысы» деген сыңайдағы ойларын өндірісті білсін, марксизмге жетілсін, белсенділік танытсын, жаңа түртапсын, қателерін мойнына алсын деген ұсыныстармен аяқтап («СҚ», 05. 03, 1932), мерекенің берекесін қашыраған болатын.

Ол екі арада ҚазАПП басқармасы ақын-жазушыларға аナンЫ жаз, мынаған назар аудар деген «нұсқау» беріп жер-жерге ұзак іс-сапарға шығарды. «Аллаңнан ойбайым тыныш» деп еңбек пен бейнетке жаратылған Бейімбет Шымкентте салынып жатқан қорғасын заводының құрылышына кетті. Онда ұзак уақыт болды. Олжалы оралды.

«Социалды Қазақстан» газетінің ұжымы өткен жылды шалыс қадамын түзету мақсатымен іссапардан оралған жазушыны қуанышпен қарсы алды. Ә. Тәжібаев «Бас жазушымыз Бейімбетке құрмет» (03. 11. 1933) деген репортаж мақала жазды. Бұған Габиттің бас редактор болып келуінің де ықпалы жоқ емес. Редактордың орынбасары Эйтіке Мусин құттықтап, Бейімбетке сөз бергенде «Қырман басында» деген повесі жариялауга даяр екенін, «Қызыл жалау» романын бастағанын айтқан. Баяндамашы Қ. Өтепов «Бейімбет еңбекші жұртшылықтан еш уақытта да айырылысқан жоқ. Олай бол-

са, өткен жылғы Бейімбетке теріс берілген бағаны өзгерту керек» деп қалың елден Бейімбеттің бөлек жайылған кезі болмағандығын халық ағарту комиссарының орынбасары Н. Манаев, Баймұханұлы, Молдағали Жолдыбайұлы, И. Жансүгіров, профессор К. Жұбанов, И. Қабылов, Ш. Әлжановтар қолдап, шын ниеттен құтықтады. Құрманбек, Қанабек, Елубай, Қалибек, Рабига, Құләштар тойда ән салып, думандатты. Редакция Бейімбетке мың сом бәйге беріп, бір ай демалысқа жіберді. Осының бәрі беті онға бұрылған әдеби атмосфера-ның көрінісі екені даусызы.

Откениң өкпек желі бұрынғы дағдысымен қайта сокпак болғанын Сәкеннің «Қызыл ат» дастаны «Лениншіл жас» газетінде жарияланғаннан кейін байқалды. Сәкеннің сынызы өмір кешкен кезі жоқ. К. Отепов «Қызыл ат» саяси мағынасы терең күрделі поэма» дегенімен кешегі өткен қызыл қырғын аштықты аузына ала алмай, бұрынғыша шаппақ болды. Ақын көтерген мәселені мөлдіретіп айтың беруден жасқанып «Сәкен «Қызыл аттың» бүтінгі күнінен өткен күнін артық қылыш көрсетеді. Бұл кешірілмес үлкен күнә, колхоздасудағы жетістікті көрмей, ылғи кемшіліктерді суреттейді, бұл өткенді көксеу болады, индустрIALIZацияға қарсылық, сондықтан «Қызыл аттың» ауыр халге түсүіне партияның индустрIALIZацияға бет бұруы себеп болды ма? Жоқ, бұл кате, бұл партияның сара жолына жала жабу» («СК», 29. 11. 1933) деген байбаламды қайталағанымен онға бұрылған көркемдік таным-білік мұндай дөкірлікке жол бермеді.

Көркем шығарманы түсініп, дұрыс бағалағанда ғана сыншылық дарынның түсауы кесіледі, сәтті болса сыншының бағы ашылады. Сәкеннің «Қызыл аты» 1932 жылдың аяқ шенінде «Лениншіл жас» газетінде жариялана бастағаннан бері голошекиншілдер түрпідей жирылып, Құлмырза мақаласымен соңғы түқп серпуін анғартқан шақта М. Қаратасевтың «Қызыл ат» және социалды реализм» атты тұнғыш мақаласы жарияланды. Жас дарын «кейінгі жылдары әдебиетіміз көп жаңа шығармаға ие болды. Олардың ішінде «Қызыл ат» дастанындағы көбірек сөз болып, көбірек талқыға түскені жоқ. Осыған қарағанда бұл дастанда кісі қызығарлық, назар тартарлық қасиет барлығы сезіледі. Ол қандай қасиет?» деп үлкен додаға жүрексінбей қойып кетті де, шығарманы орынсыз пәле-жаладан, әсіресе, К. Отепов-

тың ожар сынынан корғап шықты. Қазақ сынына білікті де алғыр қалам иесі келгенін бірден аңғартып, көзден таса қалдырмау қажеттігін сездірді. Ақын-жазушылар жас дарынға уміт арта, келешек тілей қарады. Өйткені заманиш ен бір қасиетті дертін айтқан шығарманы әдебиеттің жалпы ағымынан жырып алуға болмайтындығын айта келіп «әдебиеттегі дәмсіз рапортқа қарсы, шындықтың «қөленкесіндегі» ауырдың үсті, женілдің астымен қалқып кетушілікке қарсы бірінші рет бас көтерді, қарсы шықты. Идеясыз образ, шығарма жоқ екенін, ал образсыз көркемдік идея әдебиет еместігін кең көлемде әңгімелеп, эстетикалық сауаттылық танытуы жалғыз М. Қаратаевтың ғана емес, беті онға бұрылған қазақ әдебиет сынының жетістігі болды.

1933 жылдың екінші жартысы мен 1934 жылдың творчестволық өресі қөп кезенге үлгі болғандай. Дөрекі социологизмнің салқыны кейбір қыныр да қысыр киялдарда аз сәтке соғып кеткені болмаса, негізінен алғанда шығармашылықтың сырын аңғаруға бет бұрылды. Накты сын үлгілері көрініп, дәлелді пікір, ойлар айтылды. Бейімбеттің «Майдан», «Қалпе» пьесалары, Илияс Жансүгіров «Жинақтар туралы», «Ақын Аскар», С. Мұқанов «Әбділданың өлеңдері», «Тайырдың Балабасы», О. Беков «Еңлік — Кебек», Ә. Тәжібаев «Марьям ақын», Әлібек Қоңыратбаев «Қаскелен», Т. Байсеркешұлы, С. Бәйішұлы, Н. Накысбекұлы «Қызы Жібек», Ә. Балғабекұлы, Исаұлы, Есқараұлы, Р. Жаманқұлұлы, Ә. Жангелдин, Ж. Сәрсеков, Елжас Бекенов «Айман — Шоллан», Б. Қенжебаев «Ләйлі — Мәжнүн», Қурентай, Шәкенұлы «Құн тіл қатты», Н. Манайұлы «Шәңгерей ақын туралы», Сәкен, Фабит «Хан Қене», Торы «Тайжан ақын», «Талтаңбайдың тәртібі», Шахмет «Анархан» т. б. туралы көлемді де мәнді мақалалар жариялады. Қайсыбірі жөнінде айтыста, қағытпа да кездесті. Енді жаллышама пікірден гәрі жалқының қыр-сырын айту, айыру үрдісі күшіне берді. Сын шығармаға оралып, әсіресе, рецензия жанрын мәндендіре берді.

Шығармашылық түрфыдан алғанда, С. Мұқановтың «Поэзия мәселесі» деген зерттеуінің орны бөлек. Эрине штампқа, схемага айналып келе жатқан социологиялық ой-пікірдің кейбір салқыны кездесіп қалғанмен, қазақ поэзиясына косылып жатқан жаңалықтардың уақытпен орайластырылған орынды қарастырылды. Сондықтан «поэзияның негізі — ырғақ пен үйлес. Бұлардың негізі —

өлең. Өлең бар дәуірде бірдей болған емес, мазмұны да, түрі де әр дәуірге қарай өзгеріп отырған» («СҚ», 05.06, 1933) деп С. Мұқанов өлеңнің өрнегіне, шумағына, әсіресе, ырғағы мен үйқасына талдау жасады. Осы түрғыда бұл мақаланы теориялық қисынға жатқызуға болады. «Жаңадан түр табу оңай сауда емес, түрге де, мазмұнға да жол ашу нағыз данышпандық. Бірақ ондай данышпан ақын бізде әлі жоқ» деп айттар ойын ауырлата берген кезі де бар. Солай бола тұрса да, қазақ поэзиясына үлес қосқан Сәкен, Ілияс, Аскар, Тайыр, Әбділда, Қалмақан өлеңдеріндегі жаңалықтарды барынша дәл және адал бағалауға күш салды. «Түр мәселесінде, біздің қазақ пролетариат поэзиясын қай дәуірін алсақ та Сәкеннен озған адам жоқ» деп алады да нақты мысалдармен дәлелдеп, өзінің ой-пікірін еш қысылмай қисындаға айтады.

1925 жылы Сәкеннің «Советстаны» шығып, үлкен жаңалық жасады деп табады да «пролетариат поэзиясын мазмұны мен түрі бірдей шыққан біреуі еді. Әсіресе «Советстанның» түрі қазақ поэзиясына жаңалық ашты. Оның түрі біздің индустріялы өмірімізді ырғағымен айтып бере алды. «Советстанда» мазмұннан түр басым» деп көп ақындардың бұл түрге еліктең, үлгі алғандарын ашық айтады. Ілияс Жансүгіров өзінің «Майданында» «ұндес дыбыстар мен жолдардың аяғын ғана бітіру емес, басын бастау, сол дыбыстарды өлеңнің жолдарын бойлата жүргізіп отыру дегенді қолға алды. «Майдан» поэзиясындағы жаңа түр еді, бірақ Фалиден басқа ешкім еліктей қоймады, себебі түрі мен мазмұны бірдей келмегендіктен болды» деп түйеді.

Сол сияқты Ілиястың «Дала», Сәкеннің «Комбайн мен трактор», Аскардың «Берлин көшесінде», Қалмақаның «Бұрғысы» жайындағы ойын іздену мен тұрақтандыру проблемасына апарып тірепейді. «Сәкеннің Ілиястан соңғы жылдардағы кемдігі: мазмұндарын үнемі жоғарылатпай, кейде төмендетіп алуы. Артықшылығы: жаңадан тапқан түрін түптеп, қашан танытып болғанша сол түрден айырылмау» деп білді де, осы үлгіні басқаларға, әсіресе, Аскарға «көрінген түрге шауып, жаңалық іздей беруден гөрі «Берлин көшесіндегіні» тұрақтандыру, соны үлгіге айналдыруға тырысу» керек деп ақыл қосады.

Төңкерісшіл поэзияның өкілдерін үш топқа бөлді. Бірінші топқа Ілияс, Аскар, Әбділда, Қалмақандар жатқызылды, олар соңғы кезде ғана түр мәселесіне назар

аударып, көбіне дәстүр ыңғайымен келе жатқандар еді, ал екінші топқа Сәкен, Бейімбет, Тайырлар енгізілді. «Бейімбет стилі басқалардың көшірмесі емес. Бейімбетте өлең ішінде кейіпкерлерін сөйлестіріп отыру бар. Бұл окушыға үқтыру үшін өткір әдістің бірі» деп білді де, Тайыр ерте жазып, кеш танылған ақын, «Оның кемшілігі түрге өте елігуі. Сыртын сырлауға өте құмарланып, ішін жалаңаштап алуы. Сәкен өлендеріне көп еліктеді. Сәкен түрлері — сактық тілейтін түрлер. Егер мазмұн берे білмесе, қағаз бөшке бол шығатын түрлер. Тайыр «тартат-тат-тарды» шағындалап, ішін майландырса, күрделі ақынымыз болар еді» деп талдау жасады. Үшінші тоңтағы Өтебай, Жақан, Ғалымдар алғашқы қарқындарынан тәмендеп бара жатса да, «ақын емес деуге болмайды» деп ескертті. Социологиялық біраз тезистерді атап-атап көрсетіп, шығарманың көркем болуы, шебер жазылуы өмір шындығына негізделеді, сондықтан «ырғақтың, үйлестің, үндестіктің белгілі заңға қойылуында, неғұрлым поэзия тілі окуға женіл болуында» өмір шындығының орны бөлек деп тауып, сол кездегі қалыптасқан ой тую машинымен «окуға женіл болса көпшілік тез үгады. Көпшілікке тез әсер етеді. Тез әсер етсе, поэзия таптық міндетін күшті өтейді» деп білді.

Қазақ поэзиясының ішкі құбылыстарын, жан сырын ұғу жолында А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышынан» кейін, әсіресе, төңкөрісшіл поэзия өкілдерінің қазіргі қазақ поэзиясына қосып жатқанын жіті аңғарып отырғандығын және өлең жүйесіне мықтап назар аударып отыру қажеттігін еске салған, қысынды ойы, социологиялық түсінігі бар мақала болды. Бұл өріс З. Шашкин мен Е. Ысмайловтың 1934 жылғы «Абай поэтиказы» зерттеулерінде жалғаса түсіп, кейінгі теориялық толғауларға жол салды.

Сының беті эстетикалық-социологиялық өнірге шындалап бет бүрғандығы 1934 жылы Абай жайындағы үрдістен анық байқалды. Оны әдеби мұраны игеру үлесінен қалдырып, әзірге Қазақстан жазушылар съезін өткізу мәселелеріне назар аударайық. Өйткені ол әдеби дамудың бір белесін түйіндеген, келешекке жол сілтеген өнер-паздық жиын болды.

Съезд дайындығы 1932 жылдың желтоқсанында өткен I пленумынан басталды. Илиястың «Партияның көркем әдебиет туралы қаулысын орындау және қазақ кеңес әдебиетінің міндеттері» деген баяндамасында қазақ

әдебиетінің өткен жолын «рушылдық, бектік, байшылдық, пролетарлық дәуірдегі әдебиет» деп әріден тартып: «ұstem таптың ұstemдігіне қарсы жаппай көтеріле бастаған 1916 жыл сияқты төңкерісшіл қозғалыстың тузынан төңкерісшіл әдебиетіміздің элементтері көріне бастады. Акты, алашордашылықты құлатып, қазақ еңбекшілері әкімшілікті өз қолыңа алған соң кеңес ұранын жырлаушы әдебиет туда бастады... Пролетариат әдебиетінің үйткышын жасауда, олардың басын біріктіруде, ұйымдастқан турде байшыл-алашордашылдарға қарсы қүресте ҚазАПП ұйымының істеген ісі көп... Бұрын қазақ әдебиетінің тақырыбы — ауылдың әйелі, жеке шаруасы, жарлы-жалшылар өмірінен, малайлар тұрмысынан болса, енді әдебиеттің ауданы, тақырыбы түбірінен өзгеріп, Қарағанды, Түрксіб қазақ жұмысшылары, өндірістегі екпінділер, социалистік жарыс, жана адам, жаңа құбылыс, жаңа жұмыстар» («Әдебиет майданы», № 1, 1933) деп өткен азғана тарихты, әдебиеттің тақырып ауқымының кеңейгендігін атап көрсетті. Өндіріс науқаны сияқты игеруімізге тиіс деген тапсырмалар да табылды. Осы машиқ кейінгі кезде де, сол пленумда жасалған М. Баталовтың «Қазақстандағы орыс әдебиетінің жайкүйі», әсіресе F. Мұсіреповтың «Социалшыл құрылым дәуірі — түрі ұлттық, мазмұны пролетариаттың көркем әдебиеттің өркендейтін дәуірі» деген баяндамаларында терендетіле айтылды. Яғни БКП(б) Орталық Комитетінің көркем әдебиет ұйымдарын қайта құру туралы қаулысының негізгі идеясы ақын-жазушылардың идеялық ынтымақ-бірлігін орнатумен қатар, жүрер жолын, айтар сөзін, суреттер оқиғасын белгілеп беруге бағытталған қадам екенін ол кезде онша ұға алмадық. F. Мұсірепов әр ақын-жазушының шығармашылығына тоқтап, талдай және әр жанрдағы табыстарды айта келіп, қазіргі дәуірге лайықты ірі шығарма жок, түр куып, мазмұнды әлсірету басым, ірі де тірі образдар жок («Машина адам үшін екенін ескермей, кейде адамды — ұлы тапты — машина үшін деп те көрсетеді), суретшіліктен үгіттеуешілік басым, шағын актілі пьеса аз, балалар мен жастарға арналған шығармалар жок, оқып-үйрену жағы кем дей келіп «бізде шын мағынасында әдеби сын болып көрген» емес деуі кейін машиққа айналып кетті.

Съезд дайындығына ақын-жазушылар 1933 жылды, түғелдей, 1934 жылдың бірінші жартысын арнап, үлкен творчестволық шабытпен, шығармашылық бәсекемен

өткізді. Бірінің шығармасын бірі оқып, ақылдаса-кеңесе отырып мінсіз туынды беруге, қазіргі кем-кетікті айта отырып еңбекшілер талабына ұнамды кітаптар жазуға үмтүлды. Осындай талап-тілектерді айтуға жас талап-керлер, әсіресе, жас сынышылар көп үлес қосты. Бір-бірімен әлі үстаса қоймаған институт түлектері эстетикалық сауаттылықпен қатар өнерпаздық әдеп сактауға тырысты. Орынсыз жерде бет жыртысуға, жағадан ала түсуге талаптанбады. Мәдениетті сынның үрдістерін көрсету саласында Саттар Ерубаев пен Рахымжан Жаманқұлов әсіресе, съезге дайындық кезінде өндіре еңбек етіп, әдебиеттің идеялық-көркемдік кем-кетігін біліктілікпен және жаңаша айтып беруге үмтүлды. «Екі оқушы» деген бүркеншік атпен жазды. Әуелі Саттар «Лениншіл жас» газеті арқылы «Балалар әдебиетін жасайық», «Не айттар еді?», «Құлкіні қарсы алыңыздар», «Бәсе», «Шұғаға кім ие?» деген уытты да жана лепті мақалалар жазып, съезд жақындаған кезде Рахымжан екеуді «Көркемөнер туралы хат», онан кейін «Ақындарға ашық хат» жазып, әдеби дамуымыздың жалпы мәселесіне назар аударды. «Қадірлі Сәбит», «Ардақты Сәкен ағай», «Құрметті Бейімбет, Мырқымбай қайда?» деген хат-мақалаларға аты аталған ақын-жазушылар толымды жауап қайтариپ, сынның өресін әбден биіктетіп жіберді. Хаттардың публицистикалық сыңайда жазылып, сырласа баяндалуы мәдениеттілік пен эстетикалық таным-білікті үштастырып, оқушының, қалың көпшіліктің көркемдікті жыға таңуына септігін тигізді.

Съезде әнгіме болуға тиісті өзекті мәселені, яғни қазақ поэзиясында соңғы құбылыстарды аңғарту үшін бір ғана сауалына назар аударсақ, сыншылардың өресін, танымын, сөз саптау машығын аңғарып, әнгіменің ішіне сұғына кіреміз де, кезендік өркендеудің сырын үғамыз.

Сәбитке жазған алғашқы хатта «қазақ ақындарында «поэма» деген көбейіп кетті. Бұл күнде поэма жазбайтын адам жоқ. Соңғы 4—5 жылдың ішінде Сіздің өзінізден бастап қазақ поэзиясында «поэма дәүірі». «рапорт дәүірі» басталды. Бұл поэмаларда не желі, не белгілі тақырып, не қазып айтылған оқиға, көрсетілген қаһарман жоқ. Белгілі тартыс, анық образ, түрпат, үлгі жоқ сияқты. Тек баста, түсіп, жадағайлатып қара сөзді құран оқығандай заулата береміз. Қебіне өзіміз түсінбейміз. Бізге бұл поэмалардан бір пікірдің құйрығын ұстау

қыныға айналды, поэма деген не өзі, қайтсе поэма болады?» деген сауалдың әрі орынды, әрі сауатты, әрі сыншылық талдауы ішінде, айтары анық екенін байқаймызды, осындай сыни форманы қашан болса да пайдалана білу қажеттігін сеземіз. Сәбит те, Сәкен де, Бейімбет те ағынан жарылып қайтарған жауаптарында ірі-ірі ой айтып, міндеттер қоя білді. Бейімбет «ауылдағы ұлы өзгерісті, күн сайын құлпырып шығып жатқан мындаған жаңа адамдардың пішінін көркем әдебиетте көрсету үшін әлі де болса қаламды қадай түсү керек. Олай болса бірер шығарманы «ауылға айналақтадың» деу қаншалықты орынды болар екен? дей келіп сол кезде ұлы жазушының интуициясы еріксіз «осы «ауыл», «өндіріс» деп бөлшектеудің керегі болар ма екен?!» деген кесек ойды айтқызды. Бейімбет өзінің осы өнімді ойын тараға баяндаған уақытта дөрекі социолог сыншылар күпінің битіндегі жабыса түсер еді. Ал әдебиеттің бірінші парызы адамның жан дүниесін суреттеу болса, онда тақырыптық жүйе жайқалған жайлалаға жеткізбесін, әдебиетті ғүлдендіре коймасын Бейімбет үққан, бірақ уақыттың дегеніне қарсы шыға алмаған.

Сонымен Қазақстан жазушыларының тұңғыш съезі үлкен дайындық, бүкілхалықтық қолдаумен өтті. Съезді ашардагы және жабардағы съезінде Сәкен Сейфуллин қуанышты сезімін жасыра алмады. Ал әдебиеттің даму тарихы мен алдағы міндеттері туралы Ілияс Жансүгіровтің шолу баяндамасы, С. Мұқановтың «Қазақ поэзиясының халі және келешектегі міндеттері», Орынбек Бековтың «Қазақ театры мен драматургиясының әсу белендері», М. Әуезовтің «Драматургияның бүгінгі жайы мен алдағы міндеттері», Ілияс Қабыловтың «Маркстік-лениндік сынның сабакты мәселелері» туралы қосымша баяндамалары жасалып, талқыға түскен болатын. Соңғы баяндамада сынның сол кездегі міндеттері жалпылама баяндалып, кейбір сыншылардың өрескел кемшілігі ғана айтылды. Сынның шығармашылық эстетикалық жайы да, басып өткен жолы да терең және барынша дәйектілікпен айтылмады. Дегенмен, сынның айрықша әңгіме арқауына алынуы, оның эстетикалық-социологиялық қауқарын арттыру туралы ой-пікірдің айтылуының өзі аз олжада емес, аз уақыт ішінде өзекті де білікті талқылау аумағына тартылары қылаң берді.

1935—1937 жылдар аралығында жазылған рецензиялар, сындар, өткізілген талқылау, дискуссиялар мәде-

ниттену үстінде өткенін, Қазақстанның 15 жылдығын, Мәскеуде қазақ өнері мен әдебиетінің он күндігін, Сәкеннің жаза бастауының 20 жылдығын өткізу барысында айтылған ой-пікірлер синниң өрісін кеңейте түсіп, әбден қалыптасқан жанр екендігін танытты. Оның ай-қын белгісі арнағы пленумда талқылануы еді.

1937 жылы Қазақстан жазушыларының бірінші пленумында «Қазақ әдебиетіндегі синниң міндеттері» арнағы қаралды. Пленум материалдары «Қазақ әдебиеті» газетінің 1937 жылы үш санында (№ 23, № 24, 25) жарияланып, син жөніндегі ой-пікірлердің әбден толысқандығын, шығармашылық проблемаларға іштеп еніп, келелі тұжырымдар жасалғандығын көрсетті. М. Қаратаев жасаған баяндамада синниң басып өткен жолы, алған асуы, шығармашылық проблемалары айтылып, жетістік-кемшіліктері профессионалдық деңгейде баяндалып, эстетикалық-социологиялық синниң өркендеу процесі, алдағы міндеті жайында білікті де дәйекті ой тұжырымдалды.

Ен алдымен, пленумда жасалған баяндаманың «Қазақ әдебиетіндегі синниң міндеттері» деп аталғанына назар аударған жөн. Бұл тақырып М. Қаратаевтың 1958 жылы шыққан «Тұған әдебиет туралы ойлар» атты жинағында «Қазақ әдебиеті синниң міндеттері» деп өзгертилген. Сырт қарағанда пәлендей айырмашылық жоқ сияқты, ойлана қарасақ, пленумда жасалған баяндаманың тақырыбы әлдеқайда нақты да деректі. «Қазақ әдебиетіндегі синниң міндеттері» деген тақырып әдебиет тарихындағы жалпы синды емес, белгілі бір әдебиетте жанр ретінде қалыптасқан синниң жай-күйін әңгімелуға арналғандығын анғартады. Демек мұның өзі син жанрының қазақ әдебиетінде туып-қалыптасқанын білдіретін мәнді өнерпаздық көрсеткіш, нақты дерек.

Екінші бір ескерер жай, әдетте қай мәселені әңгімелесек те, бүгінгі күннің талап-тілегі түрғысынан қарап кол жеткен жетістіктен гөрі, жетілдірер жаңалыққа, алинар міндетке көбірек назар аударып келдік. Сондықтан бүгінгінің «тақымды толтырмауы», оның кем-кетігі қаза айтылуы дағдыға айналған. Мұндай машық осы баяндамаға да тән. Ал сол кезде айтылған ой-пікірді, тұжырымдалған процесті уақыт тезіне салып қарасақ, місі тұтылмағанның әжептәуір ірі іс, мәнді құбылыс екенін көреміз. Көптің көмегімен жетілетін, ал әңгіме

болған шағында еленбекен жаңалықтар, жаңа ізденістер кейіннен аудыз толтырып айтатын эстетикалық құбылыска айналатыны әдебиет тарихында жиі кездеседі. Соның нақты бір көрінісін осы арнайы баяндамадан, айтылған ой-пікірлерден байқаймыз.

М. Қаратаевтың пленумда жасаған баяндамасы сыншылық ойдың көркемдік таным биғіне көтерілген дігінің белгісі болды. Сын жайында ой-пікір зіту асқан мәдениетті, жүйелі кезқарасты, саяси-эстетикалық мол сауатты талап етеді. Сының тарихында ол шешкен өнерпаздық проблемаларға шолу жасау, айтар ой-пікірді саралай да жүйелеп баяндай білу көтерінкі талаптармен сабактасып, әр автормен иық тенестіруді, оның жазғанын жыға түсіндіріп, пікір жарастыруды, ғылыми парасатты талап етеді. Өйткені сын жайы оңай алдыра қоятын көркемдік камал емес. Міне, осы тұргыдан алғанда бұл баяндама қазақ әдебиетінде профессионалды сын жанры қалыптасып, қанатын кеңге жайып келе жатқандығын айқыннады және М. Қаратаевтай сының бар «қару-жарағымен» жауынгерлік сапқа тұргандығын көрсетті.

Екінші, мәдениетті эстетикалық-социологиялық сынның қандай болуы да осы баяндамадан аңғарылды. Әрине жас талантқа тән қызбалық, қайтсем білімдарлығымды көрсетем деген ниет бұл баяндамадан анфарылмайды емес, шет жағасы ожарлықпен емес, барынша орынды ибамен, әдеппен көрінді. Ал мұның өзі сыншы табигатын, талант сырын түсінуге мүмкіндік береді. Мәселе өз ойынды дәлелдеу үшін бар білгенінді үйіп-төгуде, жұрт көзінде білгіш атануда емес, әдебиетші қауым алдында өзінің бар қару-жарағынды танытуда, айтқан ой-пікірінің тереңнен нәр алып жатқанын үғындыра білуде екенін М. Қаратаев қатаң қадағалаған.

Сын жанрының тұрақты кадрына айналамын, оның жауынгер салына тұрамын деген дарындардың бәрі өзінің шығармашылық өмірінде осындағы асудан асуға тиіс. Осы тұргыдан алғанда, сын жанрында өте аз жазғанына қарамастан, Әлібек Коңыратбаев 1933 жылы М. Эуэзовпен және М. Жолдыбаевпен бірлесіп шығарған оқулығында, әсіресе, 1935 жылғы жазған реализм туралы мақаласында, Бейсенбай Қенжебаев 1933 жылы қазақ әдебиетінің тарихы туралы Есмағамбет Ысмайылов Абайдың поэтикасы (1934) және формализм мен натура-

лизм жайында жазған 1936 жылғы мақаласында өздерінің шығармашылық келбеттерін біржола айқындағы.

М. Қаратаевтың баяндамасы мәнді кіріспеден басталды да «Сын алғаш туда бастаған кезде», «ҚазАПП сыйның қате-кемшіліктері», «Тарихи қаулыдан кейін» деген тарауларға бөлініп, сыйның шығармашылық міндеттерін тұжырымдады. «Сынның дәрежесі жалпы әдебиеттің дәрежесіне» байланысты (Пушкин) болатынын дәлелдеп айтқаннан кейін қазақ әдебиет сыйның басын өткен жолын шолды. Абай дәүірінде «сынға деген тілектің болып, бірақ сыйның өрістеуіне жағдайдың болмағанын, бірнеше жыл шықсан «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналында әлдеқалай шықсан бірлі-жарымды сұйық мақаласымақтардан басқа түк таба алмайтындырымызды» (М. Қаратаев. «Тұған әдебиет туралы ойлар», 1958, 22-бет) тілге тиек етеді де, көптен бері айтылып, штампқа айналып келе жатқан ой аңғарына ілесіп: «Қазақ әдебиетінде сыйның белгілі бір орын алуға ұмтылуы тек Совет өкіметі тұсында, айналасы осы он-он бес жылдың ішінде» деп табады. Бұл пікірдің сол кезде аксномалық сипатта болғаны белгілі. Оны М. Қаратаевтың әр еңбегінен, тіпті соңғы кезде «Октябрьге дейін бізде сын атаулының болмауы заңды нәрсе» деген шолак пікірінен байқаймыз. Біздің совет сыйның тарихи тиянакты табысының өзі ең алдымен сол қазақ әдебиетінде болмаған сынды болдыруында емес не?! деген риторикалық сауалға жауап іздегендеге, автор совет заманында туған сыйның дамуын үш дәүірге бөледі: «бірінші, жана туған совет әдебиетінің іргесін ұлтшылдық-байшылдық сарынан аулак салу дәүірі. Екінші сөзben айтқанда — құрылу дәүірі, 1917—1928 жылдардың арасы, Екінші дәүір 29-жыл мен 32—33-жылдардың арасын алады. Бұл дәүірді біз қазақ совет әдебиетінің қамдану, қарбану дәүірі дер едік, үшінші дәүір — 1933—1937 жылдарды қамтитын соңғы дәүір. Қай мағынасында болсын, бұл соңғы 4—5 жыл қарыштау дәүірінің басталған жылдары, ұмтылу, өсу сатысының бірінші үлкен басқышына адым жасаған жылдар» (сонда, 37-бет) деп табады да, сыйшылық ойдың өсіп қалғандығын, қазбалай, жүйелей, нақтылай айтуға мұршасының келіп қалғандығын дәлелдейді.

Сыйның тарихы, оның өсу кезеңдері жайында әр ки-лы ой-пікірлердің болу мүмкіндігін былай қойғанда, ең негізгі мәселе, оның творчестволық проблемаларының күн тәртібіне қойылып, қандай шешім тапқандығы ай-

рықша әңгімеленуі шарт. Осы реттен келгенде М. Қаратаевтың 1937 жылғы баяндамасы мәдениеті өсken эстетикалық ой-пікірдің, сыншылық қөзқарастың шын сырын аңғарта алады. Қазак әдебиетінің өркендеу процесіндегі ерекшелік-айырмашылықтарды, өнерпаздық қолтаңбаларды жалпы шола келіп, сынның өзіне тоқтаған уақытта автор әдеби дамуға сынның қалай әсер етуі керектігін үлкен проблемаға айналдырып, өрелі міндет деңгейінде баяндады.

«Сын әдебиеттегі барға талдау беріп, бардан корытынды шығарумен бірге, әдебиеттің саяси-идеялық, творчестволық бағытын белгілейтін, бұл жөнінде жетекші болатын белсенді үйымдастыруыш болу керек қой. Бұл міндеттін де сын орындай алмай келеді» (сонда, 53-бет) деген тұжырымын қазақ әдебиет сыннанда кездескен бірнеше кемшіліктерді ашумен дәлелдеді. Ең алдымен, сыншылардың теориялық-эстетикалық дайындығының, жалпы білімнің өзі көтерінкі талап деңгейінде еместігіне назар аударады. Осының салдарынан сыншылық «қару-жаракты», айла-амалды орынды пайдалану жағынан олқылыққа үрыннып, эстетикалық талдаудың орнына кара дүрсін баяндаушылыққа дең қойып келе жатқандықты, мұның өзі кейде эстетикалық сауатсыздықпен бауырласып жатқанын атап көрсетті. Сын мақалаларын жетілдіру, көбірек жазылатын пікірдің шығармашылық қаукарын арттыру, сыншылардың әр жанр бойынша мамандану қажеттігі, өмір шындығының көркемдік шындыққа айналуы, образ жасаудың тәсілдерін ажырату, «қызығып отырып өкітын жатық, түсінікті, пікірі ашық, көркем тілді мақалалардың» көбірек болуы алдағы үлкен шығармашылық міндет екенін айрықша баяндады. Эрине, мұндай игі ой-тілекті 1937—38-жылдардағы «сойылды сыншылар» қаперіне алмағанымен, кейінгі кездегі сыншылық ойдың өзекті мәселесі болып, көркемдік-эстетикалық жағынан толысып, жетіліп келе жатқан айдан-анық.

Сонымен 1937 жылы Қазақстан Жазушылар одағының I пленумында қазақ әдебиетіндегі сынның міндеттерінің талқыға түсіп, пікір додасынан өтуі, ең алдымен, қазак әдебиет сынның оңаша отау алып шыға бастаганын, өзінің «шагын шаруасына бас-көз» болуға жарап қалғандығын, екінші, шығармашылық сипаты жан-жақты қалыптасып қалғандағын танытқан кезендік ірі көрсеткіш болды.

Сынның жанр ретінде қалыптасуы оның өз проблематикасына ғана байланысты емес, көбіне-көп оның ат-қарған, жүзеге асырган көркемдік-эстетикалық ісіне тәуелді. Шындығында, сынның өз проблематикасы ақын-жазушы, әдебиетшіл қауым және сыншылардың бірлесіп жазған, жариялаған еңбектеріне байланысты күн тәртібіне қойылатындығын ескерсек қана әдебиеттің әр саласында тындырған ісі, жасап жатқан іздениң нақты байқалмак

Өсу жолының қындықтары 30-жылдардың ортасында формализм мен натурализмге қарсы құресу кезеңінде бір байқалды. Мұны саяси-эстетикалық науқанға айналдырмай, өнерпаздық арнамен алғы шығудың өзі қалыптасқан сыннымыздың дәйектілігі мен пәрменділігін аңғартып, шығармашылық табыстарға бастады. Қазақ әдебиет сынның осындай күрделі шығармашылық мәселелері жайында онтайлы шешім ұсынуы, өнерпаздық іздениң жасауы, әдеби дамудың өркенді желісін аңғарып, бағдарын белгілеуге талаптануы оның оңаша отау тіккендігіне дәлел. Сондықтан да 30-жылдардағы сынни ой-пікірлер өзінің жалпы түр-тұлғасымен ғана емес, ішкі тарам-өзектерінен көрінді.

Осы реттен келгенде, сынның шығармашылық келбетінің қалыптасуы оның ішкі процесінде болып жатқан мәнді бір құбылысқа айрықша назар аударуды тілейді. Ол әдебиет жанрларының өсіп-жетілуі, даралана бастауы, жаңа өлкелерге көз жанарын тастауы еді.

Қазақтың сыншылық ой-пікірінің ояну; туу, қалыптасу дәүірлерінің бәріне өзек болған жанр — поэзия екені айдан-анық. Тарихи деректердің басым көвшілігі талай ғасырдан бері рухани азық болып, өзінің көркемдік дәстүрін жасаған поэзияға байланысты екені аян. Сондықтан поэзия сынны деген проблеманы өз алдына әңгімелей шарт емес. Өйткені әдебиетіміздің анасы іспеттес поэзиядан сын іргесін аулақ салып көрген жері жоқ.

Ал проза сынны дараланып көрінбеді, өзінің эстетикалық қауқарын танытпады деп айту да қын. Әсірсесе, кенестік заманда қанатын қомдап, «Жұмбақ · жалау» романымен кезеңдік қорытынды жасаған прозамыздың сайланып шықкан сыншылары болмағанымен, оның да даму барысына көз салып, артық-кемін айтып отырган ой-пікірлер көп. Оның шет жағасы тиісінше баяндалды. М. Әуезов, Б. Майлин, тағы басқа авторлардың әңгіме,

повестеріне жазылған пікір-сындар С. Мұқановтың «Теміртас» романы бойынша 1935 жылы арнайы өткізілген творчестволық айтысқа үласты. «Адасқандар» романы орыс тіліне аударылып, «Сын бая» болып шыққан уақытта «Комсомольская правда» мен «Литературная газета-ның» қазақ романының жай-куйі жайында айтысқанының өзі әдебиетіміз үшін үлкен абырой әрі олжа еді. Солай бола тұрса да, жаңадан қалыптасқан жанрдың әлі де болса көп проблемалары эстетикалық тұрғыдан шешім күткенін аңғармасқа болмайды. Бұл мәселе әдеби сынның есейген, көркейген шағының ең түбегейлі проблемасына айналып, талай құнды зерттеулерге арна болды.

Сонымен поэзия, проза сындарын жалпы сын жанрының қалыптасу дәуірінің өзекті арнасы ретінде қарап, олар жайындағы ой-пікірлердің бәрі де мүмкін қадерінше әңгіме арқауына тартылғанын ескеріп, енді өзіне тән ерекшелігі бар драматургия, театр сынның тоқтала кетсек, қазақ әдебиет сынның қалай толыса қалыптасқаны анық аңғарар едік.

Қазақ мәдениетінің қай проблемасын алғып қарасақта, оның бәрі де практикалық қажеттікten қанат комданғанын көреміз. Осы ретте қазақ драматургиясы, ұлт театры нақты міндет-парызын дүниеге келді.

Жұртшылықты тәрбиелеудің ең бір қуатты арнасы — театр сахнасы. Қазақ театрның сахнасы тек қана көркемдіктің, эстетикалық таным-біліктің аренасы емес, әлеуметтік-саяси насиҳаттың да мәнді құралы болды. Қазақ сахнасы замана жүктеген осы егіз міндетті қатар арқалап, өзінің абыройлы ісін атқара білді. Сондыктан оның алғашқы қадамынан бастап, күні бүгінге дейін әлеуметтік, сыншылық ой-пікірдің құшағында келе жатуы осыдан. Саяси-эстетикалық тәрбиенің арнасы болған қазақ сахнасы талай көзден өтіп жетілді. Оған сын өзінің тиісті үлесін қости.

Қазақ драматургиясы туа бастаған кезден ол тек сақна өнері ғана саналмай, өзіне қажетті творчестволық мәселелерді қосақтай келді. Шынында да шын профессионалды өнердің өркен жаюы тек драмалық шығармалардың жасалуымен ғана шектелмейді. Сақна өнерін өркендету үшін драматург те, оның шығармасын қалың көпшілікке жеткізетін актер де, спектакльдің барлық көркемдік жүргін жарқыратада ашатын режиссер де, оны эстетикалық тұрғыдан көркемдейтін композитор мен су-

ретші де бірлесе еңбек ететінін ескерер болсақ, онда драматургиялық шығармаларға айтылатын ой-лікірлердің аумағы кеңі береді. Демек оны бірде драматургиясыны, бірде театр сыны, тіпті, кейде өнер сыны деп те атаған орынды.

Сынның өмірімен, өнермен байланысып жатқанын ен әуелі спектакль өнері, концерттерде айтылатын әндер, қалың елдің күнделікті тұрмыс-тіршілігінде орасан орын алғатын музыкалық шығармалар туралы талай пікір сایысынан көреміз. Мәселен, 20-жылдары қазақ композиторларының бүгінгі заманды жырлауға бағышталған ән-күйлері әлі туа алмай жатқан кезінде бұрынғы әндердің мақамын (мелодиясын) сақтап, сөзін өзгерту, оған таптық мақсат беру керек деген пікірлер айтылып қана қоймай, тәжірибеде қолданылған болатын. Мысалы, Акан серінің атакты «Сырымбеті»:

Ауылым қонған Сырымбет даласына,
Болдым ғашық еңбекші баласына,—

немесе әйгілі «Ардактың»:

Үш үйкетасам ойымда бар ма менін
Қызулы өндірісте жүрем деген,—

боп өзгертіліп, сахнадан айтылғаны тарихи шындық. Халық өлеңдерінің әнін ғана сақтап, тексін жаңадан жазу керек деген талапқа Жансүгіров, Орынбек Беков, тағы басқалар қарсы болған кезі бар. Жалған реформаторларға F. Тогжанов «Бізде әлі де болса ескі ән мен ескі өлеңдердің көп айтылуы ақын-жазушылардың, әншілеріміздің жүртқа олардан артық жақсы өлең, әндерді тауып бере алмағандығына деу керек. Халық аузындағы ескі өлеңдерді бүйрекпен жоюға болмайды, олардың орнына жүртқа түсінікті, қызықты жаңа әндерді шығарып берумен ғана жоюға болады» («Әдебиет және сын мәселелері», 1929, 182-бет) десе, қазақ театр өнерінің өркендеуіне үлкен үлес қосқан Орынбек Беков: «Түрі де, мазмұны да өзіміздікі қылып ән, күй жасап алғанша жұлып әкетердей зияны жоқ халықтың не түрлі, әбден көркем, көңілді қозғай алатын ән-күйлерін әзірге пайдалана беруіміз керек» деп білді.

Мәдениеттің әр саласына байланысты айтылған осындаид ой-лікірлердің жалпы сынның аңғарына тарту қажет. Өйткені мұндай процесс, қазақ театр өнерінен опера саласы бөлініп шыққан кезде, музыкалық сын әлі кең өріс

ала алмай жатқан кезде көп кездесті, сондықтан оны театр сынына қоңсы қондырса еш әбестігі жоқ. Сурет, кино, көркемөнерпаздар, хореография, тағы басқа салалар жөнінде айтылған, жазылған пікірлер көп. Оларды қазак әдебиеттанды мен сынның олжасы демеске болмайды. Қалибек Қуанышбаев, Елубай Өмірзаков, Құрманбек Жандарбеков, Жұмат Шанин, Құләш пен Қана-бек Байсейітовтер, Серке Қожамқұлов, Қапан Бадыров, Шәкен Айманов т. б. сияқты сахна санлактарының дараланғаны, тұракты да классикалық репертуар жасау үшін аянбай еңбек еткен ұлылы-кішілі драматургтердің қалыптасқаны белгілі. Осы кезеңде қазак өнерінің шырқау биікке көтерілуіне жәрдем еткен қайраткерлердің бағалы еңбектері болғандығын ескергенде театр сынының қалыптасуына қосылған ой-пікірлердің жетілу жолдарына назар аударған абзал.

Қазақтың театр өнерін тудыру, жетілдіру, қалыптастыру жолында көп толғанып, талай тың ой, соны пікірлер айткан Мәжит Дәулетбаевтың, Жұмат Шаниннің, Орынбек Бековтың, Әмбет Қошековтің, Смағұл Сәдуақасовтың ара-тұра өздерінің тұжырымды пікірлерін ортаға салып отырған С. Сейфуллиннің, И. Жансүгіровтің, Т. Тоғжановтың, Ф. Мұсіреповтің, әсіресе қазак драматургиясы мен театр өнерінің бесігін тербетіп, жүйелі қисының жасаған Мұхтар Әуезовтің тамаша еңбектерін айрықша атап еткен жөн.

1917—1925 жылдарда жазылған мақалалардың, әсіресе, М. Дәулетбаевтың «Театр жайы», «Қазақ һәм музыка», «Тағы да бір рет казақ театрын қозғап көрейік», Кошеннің «Біздің сахнамыз», А. Айсариннің «Жастардан күтеміз», Желкектің «Театр һәм түрмис» т. б. сияқты қазак драматургиясы мен театрын өркендету, өнерпаздар труппасын жасақтау, сахнаны ауылға жақыннату жайындағы ойлар мен сол жылдарда шыққан пьесаларға жазылған сындар, айтыс-тартыстар, сауық кештері жөнінде жазылған жарнама-сын, пікірлер кешеулетуге болмайтын практикалық мәселені алға тартты. Қазақстан халық агарту комиссары С. Сәдуақасов казақ театрының труппасын жасақтау мәселесіне арнап бірнеше мақала жазып, өнерпаздық сырларын, үйымдастыру шараларын әзгімеледі. 1926 жылы «Ұлт театры туралы» деген атпен жақсы кітапша шығарды.

Осымен өзектес пікір М. Әуезовтің 1926 жылғы «Жалпы театр өнері мен қазақ театры» атты көлемді еңбегін-

де қылаң берді. Театр репертуарының идеялық-шығармашылық бағытын айқындау алғашқы кезден-ақ қалың жүртшылықтың назарын аударған ең маңызды проблемаға айналды.

Екінші маңызды мәселе — қазақ театрның кадры, дарынды таланттар жайы, Бұл жөнінде де С. Сәдуақасов үлгі көрсетіп: «Ел арасына аты шығып жүргендерді түгел жинау керек, өйткені олар дайын тұрған актерлер» деп пікір айтқанда, Сәкен мәдениет мектебі саналған театрға келген қызыжіттердің жақсы артист болуы үшін арнайы білімін толықтыруы, оқуы керек деп білді. Өнер адамдарын алғашқы күннен бастап тәрбиелеуге, студия ашуға, мамандық сырыйн түсіндіруге, жалпы білімін көтеруге шақырды.

Бұл пікірдің дұрыстығын М. Әуезовтің «Театр, музика кадры» атты 1933 жылы жазған мақаласынан анық көреміз. Таланты бар жастардың театрға тұрактамау жайын әңгімелегенде, М. Әуезов оның негізгі себебі: «олардың бәрін де шын театр кадры қып, театрмен, сахна өнерімен нық байланыстыратын білімнің, мамандықтың жоқтығы. Білім бермей актерді өз-өзіне көндіре алмаймыз, солардың салдарынан барып, театр өмірінің асыл қоры болатын кадры да құрай алмай отырмыз» (11 т., 72-бет) деп сегіз жыл өткеннен кейін үлкен өкініш білдіруі нәтижесінде 1934 жылы Мәскеу мен Ленинградтың театр студияларына талантты қазақ жастары арнайы жіберілген-ді. Осында қамкор көніл, иғі ниегіті өзіне бірден аударған театр өнері алғашқы күннен-ак халық құрметіне бөленіп, сыншылық ой-пікірден кенделілік көрген жок.

Профессионалды театрдың шымылдығы ашылғанға дейінгі мақалалар, ой-тілектер қазақтың театр өнерін тудыру, труппалар үйымдастыру, оларға жеңіл-желлі репертуар тауып беру, оның тәрбиелік сипаттын күшейту жайында болса, енді ұлт театры туғаннан кейін сахнаға шығар шығармаларды таңдау, іріктеу, идеялық нысанасына назар аудару, көркемдік шешім табуын қадағалау, актерлік шеберлікті арттыру мәселелері күн тәртібіне қойылды. 30-жылдардың бас кезінде театрды тек қазақ репертуарымен ғана шектемей, көп уақыттан бері өздерінің профессионалдық өнерін биік деңгейге көтерген елдердің табыс-жетістіктерінен үйрену, классикалық шығармаларын аударып, сахнаға қою, сөйтіп, ұлттық өнерді бар көркемдік шартымен өркендету, театрдың әр

түрлі салаларын тудыру қажеттігі үлкен практикалық мәселеге айналды да тиісті шешімін тапты.

Осы мәселелердің сын саласында қандай көрініс бергенін аңғару үшін сахнада қойылған спектакльдердің, жазылған пьесалардың идеялық-шығармашылық проблемаларына, актер шеберлігінің жетілу жолдарына, сахнаны көркемдеудің жай-жапсарына назар аударсақ, сыншылық ойдың кай өнірлерге көз салғанын анық байқаймыз.

Алғашқы кезден-ақ өнер сыншысына, театр жайында пікір айтушыларға үлкен міндет жүктелді. Мәжит Дәүлетбаев «Театр сыншысы» дейтін мақаласында: «Жақсы сыншы — театрдың мұғалімі, театрдың жетекшісі. Театр сыншысы болған адам әуелі сахна жүзіндегі жасанды тұрмысты сынай білу емес, бастан жаратынды тұрмысты, өзгерген, өзі араласып жүрген халықтың тұрмыс салтымен танысып барып, сын жүргізген адам сынши болады» деп білді.

М. Дәүлетбаевтың театр сыншысына қойған талабының қалай жүзеге асып келе жатқандығын Жұмат Шанин: «Екі жылдың ішінде ұлт театры туралы талай сындар жазылды. Бұл сыншыларымыздың барлығы биялай қолмен қыздың білегін ұстаған тәрізді. Сынаймын деушілер пьесадағы типтерді, көзге түсерлік рөлдегі адамдарды сұрыптаиды. Геройдың көздеген мақсатын, оны орындау жөніндегі кайратын, шеберлігін, бөгет болған жұмыстарды, бөгет жасаушылардың қарсы тұрған амал-айлаларын сынайды. Ұакиғаға қатысы жоқ бұралқы сөздерді, керегі жоқ ойындарын сынайды. Ұакиғаның басталуында, шешілуінде кемшіліктер бар ма, пікір, саяси беті тұзу ме — осыларды қарастырады», — деп баяндап, сыншылардың сахна өнерінің кай саласына көз сала бастағанын атап өтеді де жаңаданға тәйттәйлан тұра бастаған театр сынның кемшілігін де ашық айтты. «Біздің сыншыларымыз жазған сындарын әлі күнге тәртіпке қоя алмай келеді. Артистер суфлерге қарады, ақырын сөйлемді, жылаңқырай алмады немесе нды ойнады, рөлдерін жақсы аткарды, Пьесаны жазушы қайтадан бір жазып шығарса тәуір болар еді т. б.» («Жаңа әдебиет», № 1, 1928) деген сияқты сындардың жиңі кездесіп, жүректі күпті қылып жүргенін айтты.

Демек, театр сынның міндеті мен борышыға айтылып қоймай, оның бойындағы кем-кетіктердің әңгіме арқауына тартылуының өзі бұл саланың айрықша

қажеттігін көрсетеді, оны жетілдіру жолдарын іздестірудің творчестволық процесі басталғанын танытады. Міне, сондықтан қазак өнерін өркендету жайы, оның шығармашылық-ұйымдық проблемалары қазақ сынында талқыға түсіп отырды.

Қазақтың ұлттық театрының туу кезеңін және даму бағытын едәүір қорытындылаған еңбек — I. Жансүгіров пен F. Тоғжановтың «Қазақтың театр өнері туралы» 1933 жылы шығарған кітабы. Бұл енбектің алғашқы тарауында драматургиялық шығармалардың мазмұны көбірек әңгімеленді. «Пьесаларымыздың көркемдік жағы», «Театр ойнауының жалпы кемшіліктері» деген тарауларында біраз толымды-толымсыз ойлар айтылса да, қазақтың театр өнерін профессионалдық арнамен өркендету жайы, ұйымдастыру шаралары орынды сөз болды.

Бүгінгі күннің шындығын көркемдік шындыққа айналдыру, тілейік-тілемейік, әуелден-ақ ең негізгі талаптың біріне айналған мәселе. Осы жай қазақ сахнасының өркендеу барысында ылғи айтылып, жазылып келгенімен, тиісті шешімін таба алмаған болатын. 30-жылдардың бірінші жартысында «репертуар бағытын түгелдей советтік өмір такырыбына құру» (К. Куандыков. Тұңғыш ұлт театры, 1969, 13-бет) тенденциясы айқын байқалып, оның мән-жайы M. Әуезовтің «Жақсы пьеса — сапалы әдебиет белгісі» деген әйгілі мақаласында теориялық тұрғыдан баяндалды. 30-жылдардың екінші жартысында да, кейінгі кезеңде де бұл проблема қазақ драматургиясының көз жазбайтын нысанасы болып, сыншылық ой-пікірдің өзегіне айналды. Сонымен қазақ драматургиясын жетілдіріп, өркендете беру, оның идеялық-көркемдік қасиетін сарапал отыру қанатын қомдаған театр сынына әрдайым шығармашылық арина, міндеп-парыз болды.

Жақсы репертуар актер шеберлігімен жарқырай түсетіндігі талай нәрлі де мәнді ойларға арқау болды. Пьеса өзінен-өзі сахнаға шықпайтыны, жүзеге аспайтыны аян болғандықтан, көрермен қауым актердің шеберлігін дәйекті бақылап, айрықша мән беріп отыруға тиісті болды. Мұның өзі өсер мәдениеттің, шындала түскен талап-талғамы.

Тұңғыш ұлт театрының сахнасы — қазақ өнерінің бар салаларын жөргектеген бесігі. Ол драма театрының да, музикалы театрының да, опера мен балет театрының да, цирктің де, филармонияның да, әр-беріден соң суретшілер мастерскойның да міндептің тұтас қамтыған-

ды. Алғашқы кезде әуелі спектакль қойып, одан кейін «өлең айтындар» деп тарқамай отырып алатын көрермендердің талабын орындау үшін концерт қоюды дағдыға айналдырган еді. Мұндайда әлемге атағы жайылған Әміре Қашаубаев пен қазақ сахнасына жаңаша түр қосқан Иса Байзаковтың орны ерекше болды. Осыны анық байқап, айрықша мән беріп, пікір айтқан адам — Мұхтар Әуезов. Иса Байзаковтың ақындығы мен әншілігі келісті жарасым тауып, қазақ сахнасының халықтық дәстүрін жалғастыра тустанған. Шындығына келгенде, «осы күнгі Еуропаның сахна өнеріне мұндай сый жат болып, жоғалып кеткен. Жалпы сахна өнеріне Исаның нөмірлері жаңадан қосылған жат бүйім сияқты. Мұның өрісі театр жолында емес, ақындық әдебиет тарихының бағытында сияқты. Бірақ бұл алғашқы қараған көзге ғана солай көріну керек. Эйтпесе, әдебиет, музыка, сахна бәрінің бірдей бас қосқан жері осы. Адамдағы салтанатты, сымбатты өнердің өзгеге жат, бізге таныс бір алуан түрі, үлгісі осы. Рас, бұл өнер театр тарихымен үзак жасай бермейді. Мұны қолдан жасап ала алмайсын. Әр дәүірдің сахнасында Исалар туып отырса, осы түр қазақ сахнасының бір ерекше қызығы болып дәурен суреді. Исасы жоқ болған заманда уақыт та үзіледі. Тағы бір Исаның келуін күтеді.

Бірақ Иса болған заманда театрдан қол үзуге, айрылуға болмайтын еді. Мұның ісі арқылы қазақ сахнасына бір үлгілі жаңалық кірді. Бұл салт дәстүр ретінде сакталу керек. Біз қазақ сахнасының Исасы бар заманын қымбат, сыйы есепті түсінуіміз керек. Колдан жасай алмайтын, оңайшылықпен қайта тұмайтын сирек өнерді, біз — бүгінгі заманың адамдары — мәдениетті елдерше қадірлей, бағалай білуіміз керек» (II том, 65—67-бет) деген пікірдің тұжырымдалуы дарын даралығын көре білудің, сахна саңлақтарының ерекшеліктерін ажыратта танудың жақсы үлгісі болып, өнер сынының құлашты кеңге сілтегенін танытты.

Театр сынының көз жанары түскен аймақтың бірі — сахна көркі. Бұл да өсіп келе жатқан эстетикалық таным-біліктің бір мәнді саласы. Жақсы пьеса мен талантты артистің құпия сырын аша түсуге декорацияның көмегі аз емес. Сондықтан әсемдікті толық түсіну, одан ләззат алу тілегі қазақ сахнасының көркін ажарлауды қажет етті. Алғашқы кезде «найман, тобықты адамдары ауылдың сыртында отыруға тиіс. Олай болмады. Айда-

лада отырған сияқты. Тым болмаса отырған кісілерге таяу бір үйдің сырты көрініп тұруға тиіс еді» («Еңбекші қазак», 17. 11, 1927) немесе «жұмысшылардың белбеуі, шапаны, бастыра киген тымақтары шындыққа жана спады, мұндай үйлесімсіз киімдер көнілге қонып отырған көрініс түрлерін (впечатлениені) бірден бұзады» деген бақылаулар әр пікірден орын алды.

Сонымен, қазақ сынының оңаша отау тігү дәуірінде оның әдемі де мәнді жасауына айналған театр сыны қазақтың сахна өнерімен үзенгілес туып, қанатын кенге жайды, өзінің шығармашылық келбетін таныта бастады. Қазақ театрының өнерпаздық келбетін айқындау, идеялық нысанасы жоғары репертуар жасау, актерлік шеберлікті жетілдіру, сахна көркін ажарландыру сияқты проблемалардың көвшілігі сын ауқымына ілгіп, талай толымды-толымсыз ой айтылғанда өзіне тән сипаттепен көрінді. Алғашқы кездे жазылған сындардың басым көвшілігі пікір түрінде көрінгенімен, ара-тұра мәнді анализ-талдауларымен, құнарлы ой-пікірлерімен көрермендер, өнерпаздар жүргегіне жылы тиғен проблемалы мақалалар, шолулар, көлемді сындар туып, өзінің бардарын-куатын қазақтың театры сыны саласында жұмсауға ұмтылған профессионал таланттар көріне бастады.

Қазақ әдебиет сынының жанры мақала, шолу, пікір сынни-библиографиялық очерк, әдеби прорет, айтыс мақала, библиографиялық ескертпе, аннотация, дәйектемесын атапулының бәрі де көркемдік тәжірибеде көрініп жатты. Әрине, олардың эстетикалық қадір-қасиеті кейде биік өреден көрінді, кейде қажетті талап-талғамнан тәмен жатты. Солай бола тұрса да, сын оңаша отау тігіп, өзінің жанрлық сипатын айқын танытты, өзінің эстетикалық мұратының өрелі екендігін аңғарып, өнерпаздық өмірдің бір мәнді саласына айналды. Сынды өзінің шығармашылық арнасы деп танылған сыншылар қалың оқушы жүртшылықтың ақын-жазушылар еліне жіберген мәртебелі өкілі бола білді. Олардың ойлы, уытты да қомақты эстетикалық жағынан сауатты пікірлері әдебиеттің өркендеуіне жәрдемін тигізді.

Сонымен қазақ сынының жанрлық жағынан қалыптасу процесі 1917—1937 жылдардың аралығында осындағы ішкі және сыртқы келбетпен көрінді. Мәселе көтеру жағынан болсын, не жанрға тән ішкі түр-формасы жағынан болсын сын оңаша отау тігіп, әдебиеттің бір

жанры ретінде қатарға тұрды. Өйткені жаңа заманың екпінді қарқынына ілесіп, оның тілек-талаптарын айта білді. Төңкерістен кейін жыртылып екіге айырылған жазба әдебиетіміздің қай көркемдік арнаны қалайтындығы, қандай айла-амал, көркемдік тәсіл қолданатындығы, өмірді романтикалық жолмен суреттеу не реализмнің кең даңғылына түсу мәселелері эстетикалық таным-біліммен талқыланып қана қоймай, әдебиеттің аттанар өрісі қандай болмақ деген проблеманы шешті. Алаштыл ақын-жазушылар айтқан ой-пікірлерде бүкіл адамзаттық өркениеттің гуманистік негізі сақталып, бүкіл халыққа ортақ әдебиет жасау идеясына төңкерісшілдер тапшылдықтың қатаң талаптарын қарсы қойды. Үстем идеология мен партия-кеңес жұртшылығының ожар іс-әректтері, әсіресе, алаштыл ақын-жазушыларды ғана емес, бүкіл алаш қозғалысына қатысқан оқыған қазақ зиялышарын күғын-сүргінге салу, тұрмеге жабу, жер аудару, шығармашылықтан алалау арқылы «пролетарлық гегомонияны, «жеңісті» төңкерісшілдердің пайда-сына шығарды. Оған өлкелік партия комитетінің 1929 жылғы V пленумында әдебиет туралы алынған ожар қаулы нақты дәлел.

Пролетарлық әдебиет бар, бірақ ол жас, сондықтан оның келешегіне сенімсіздікпен қарайтын шығыс коммунистерінің пиғылын оң жолға бастау керек деген нұсқау тек әкімшілік жолымен ғана емес, сонымен катар шығармашылық жолымен де жүзеге асты. Тілейік мейлі, тілемейік мейлі, пролетарлық идеологияга ден қойғандар еңбекшілер арасынан ғана емес, интеллигенциядан да бірқыдыру жас творчестволық күштерді өзінің қанатының астына алды. «Сол кезде Сәкен балан әдебиетіміздің бағытын жаңа дәуірге қарай бейімдеп, басқарып отырды, Сондықтан мен Сәкенді революциялық дәуірдің бағытын (мен әдебиет, мәдениет майданындағы бағытын айтамын) берік ұстаған, жас кадрлар жинап, болашақтың жолын алғаш рет сыйып берген адам көремін... Сәкен ұлтшылдық ықпалында жүрген адамдарды оңай тәрбиелей аламын деп ойламаған кісі. Сондықтан әдебиеттегі, мәдениеттегі жаңа бет алысты тезірек ұғынып, қолға алып кететін алдымен жастар болуы керек деп үміт артты» деген Ғабит Мұсірепов тұжырымы («Жалын», № 5, 1988, 42—43-бет) аумалы-төкпелі заманың шығармашылық саладағы шындығын дәл көрсетеді. Топ жинау, жастарды бауырға тарту әшейін күш көрсету

түрінде ғана болмай, шығармашылық жағынан өзінің жемісін берді. Бейімбет, Илияс, Сәбит, Фабит, кейіннен Мұхтар, Фабиден, Әбділда, Асқар, Тайыр, тағы басқа көптереген қаламгерлердің кеңесшілдік катарға тұрып, өнерпаздық танытуы босқа кеткен арам тер емес, кейіннен қазақ әдебиеті болып дәуірлекен, бірқыдыру тұшымды да тартымды шығармалар берген әдебиеттің төңкөрісшіл қанаты болды. Қөркемдік · шеберлігі жағынан бұл бағыт өкілдері өрелі биіктен табыла бермегенімен, кезең шындығын суреттеген туындылары болғанын жок-қа шығара алмаймыз. Жалпы кеңестік 70 жылдықты тарихтан сзып тастамайтынымыз сияқты, оның кейір шығармаларындағы қөркемдік жетімсіздік пен штамптарға қарап бүкіл әдебиетті жоқ ету дұрыс емес. Ондай ниет кешегі дөрекі қателікті, яғни бүкіл алаш қозғалысын, оған қатысқан қазақ зиялышарының, әсіресе, акын-жазушыларының еңбектері мен шығармаларын оқытпай, айтқызбай, зерттемей, орынсыз даттап қаралаған жаман әдетке қайтып оралғандық болар еді.

30-жылдарғы дамуымыздың өзі жауын-шашиның, бұрқасынды болғаны тағы да шындық. Дөрекі социологиялық сыйнан социологиялық-эстетикалық, жайма-шуак кезеңде эстетикалық-социологиялық таным-білікке ойысқан сыйдай 1932 жылғы «Қөркем әдебиет үйімдарын қайта құру туралы» қаулы болашақта қалыптасар бұғалықтың, тұсаудың алғашқы сұлбасын байқатқанына қарамай, аз ғана еркіндік тигенде біраз биіктікті алуға тиіс болды. Халық мәдениетінің көтерілуі қаншама қындық-ашаршылыққа кезігіп жатқанына қарамастан 1936 жылғы Мәскеудегі онкундіктен мереіі өсіп, бүкіл қазақ өнерін одакқа танытқан ұлы оқиға екенін еш уақытта естен шығаруға болмайды. Осыған ғылыми және сыйни ой белсене араласып, өзінің игілікті ықпалын жасай білді. Практикалық іс үстінде өзінің эстетикалық өрісін, ғылыми парасатын, сыйшылық танымын таныту арқылы өзінің жанрлық келбетін қалыптастырды. Сынның ішкі жанрлары қөркемдік түрғыдан да, теориялық жағынан да жетіле берді, толыса берді. Сыншылар оқушы мен қаламгердің ақылшысы, жәрдемшісі деңгейіне көтерілді. Сын еш уақытта елеусіз қалмады, оның барын мәдени-әдеби қауым әрқашан сезіп отырды. Соңдықтан өнердің қай саласы болмасын, әсіресе, театр, әуез, бейнелеу, сымбат, сәулет өнерлері азды-көпті қозғе түсіп, сын тезінен өтті. Ал поэзия, проза, драматургия

сыны әбден даралана қоймағанымен, өзіндік ерекшелігіне қарай жіктеліп, сынның өнікті арнасы болатынын анық танытты.

Ұсақтан іріге, саннын сапаға ұмтылған сынни ой-пікір теориялық қисынмен толысып, А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» атты классикалық еңбегін жарық дүниеге әкелді. Ахан қазақ әдебиеті, мәдениеті әлеміндегі көркемдік-эстетикалық құбылыстар мен ой-пікірлерден, ғылыми пайымдаулардан нәр алып, ұлттық таным-білікті өзіндік қисын биігіне көтерді. Жүсіпбек Аймауытовтың «Мағжанның ақындығы», Иса Тоқтыбаевтың «Асау тұлпар» туралы мақалаларының, көркем әдебиет жөніндегі айтыстардың әсері көп болды.

Сыншылық ой-пікір газет-журнал бетінде қалып қоймай, жеке кітап болуға жарагандығы да қуаныш. Ғаббас Тоғжановтың «Мағжанның ақындығы, Жүсіпбектің сыны», «Екі жастың әңгімесі» (1926), «Әдебиет пен сын мәселелері» (1929), С. Сәдуақасовтың «Ұлт театры туралы» (1926), М. Әуезовтің «Әдебиет тарихы» (1927), М. Дулатовтың қазақ тілінде басылған кітаптардың түсіндірме көрсеткішін (1927) шығаруы, әр кезеңде шыққан оку құралдары, С. Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті», С. Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1932) зерттеу-окулықтары, Ф. Тоғжанов пен И. Жансүгіровтің «Қазақтың театр өнері туралы» (1933), А. Әлібайұлының «Қазақ жазушыларының библиографиялық альбомы», Е. Бекеновтың «Ұлт қозғалысы және ұлтшылдық әдебиет» (С. Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» деген кітабының I бөліміне сын) зерттеулері, Ф. Тоғжановтың «Абай» монографиясы (1935), А. Жұбановтың «Қазақтың халық композиторы Құрманғазы», «Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы» (1936) атты еңбектері, сондай-ақ әдебиет хрестоматияларының жыл сайын шығып тұруы, сөз жоқ, қазақ сынны мен ғылыминың жанр ретінде қалыптасып, эстетикалық биіктеге ұмтылғанын анық танытты.

7. ТҰСАУЛЫ ОИ ТОЛҚЫНДАРЫ

Заманның ыңғайына қарай эстетикалық ой-пікірдің өзгеріп отыратыны белгілі. Әр елдің дәстүріне қарай ерекшеленгенімен, оның негізгі ағар арнасы бірыңғайланған түскені, әсіресе, кеңес империясында «социалистік экономиканың негізі мықтап қаланып», жеке адамға табынушылық асқына бастаған кезде анықталды. Көр-

кем шығармада «егіз қозылар» көп туып, сында белгілі нұсқау-қағидалар орнықты.

Өтпелі кезеңдер қазақ сыйын үшін әрдайым қиындықпен басталатын күйге ұшырадық. Төңкеріс лаңының азаматтық соғысқа айналып кетуі, бай-қулақтарды тап ретінде жою саясатының елдің интеллектуалды күшін қудалауға ұласуы, 30-жылдың соңғы ширегінің адамзат тарихында болып көрмеген әлеуметтік-эстетикалық зорлық-зомбылыққа, тенденсі жоқ геноцидке айналып кетуі соның дәлелі. Өзі орнатқан қоғамның өзін-өзі жалмауыздай жұтуы қай жағынан болсын еш рабайға сыймайтын құбылыс.

Мәскеуде көтерілген жел Қазақстанда қанды құйынға айналатын әдет осы кезеңде қалыптасты. Сойқанды қара дауыл бүкіл адами пиғылымызды өзгертіп, адамгершілік аумағынан шығарып жіберді. Өз күшігін жеңген қасқырдай, халықтың ақыл-есінің, таным-білігінің иесі, елдігінің тұтқасы, арманының бастаушысы болған қазақтың оқыған зияллыларын, жетіліп келе жатқан интеллигенциясының таңдаулы өкілдерін талқандау, құрут процесі басталды. Аштықта қырылған 2 миллион 200 мыңның қайғы-қасіретінен кем емес құғын-сүргіннің нәтижесінде 105 мың оқығандар тұтқындалып, 22 мыны атылып кетті. Саналыларға келген сталиндік-голощекиндік індет 1929—31-жылдардағы байлап-матау, бұғаутежеу, іріктей құрту, елді бассыз, ойсыз қалдыруға кең жол ашқаның енді анық аңғарып отырымыз. Осы қырғының ең алғашқы да қымбатты құрбандары әдебиет-мәдениет өкілдері, ақын-жазушылар болды. Олардың қатарында жаңа, төңкерісшіл әдебиетті өрге сүйрелеген, негізін қалаған Сәкен, Бейімбет, Илияс сынды ұлылардың болуының өзі қандай шығын екенін ойша шамалаудың өзі қын да қорқынышты.

Сонымен 1937 жылдың екінші жартысынан былай қарай ожар ауыздан шығып қалып жүрген қиратқыш сөздер нақты мәнге ие болып, әуелі газет-журнал арқылы көрінді де, абақты-түрмеге жетектеп апаратын құжатқа айналып кете барды. Лай судан балық аулап, бақыт пен шенге белшесінен батқысы келгендердің күні туды. Әрине, бір-бір жарым жылға созылған қара дауылдың сын, сыннау арқылы жүзеге асқаны өкінішті-ақ. Одан қаншама безгіміз келсе де, жирене отырып ой өрбітуге міндеттіміз. Бұл қанды толқын синниң атымен «базарға» түсті де қиратты.

Қазақ әдебиетінің шаңырағы құлауға сәл-ақ қалды. Сәкен; Бейімбет, Илияс, Фаббас Тоғжанов, Өтебай Тұрмажанов, Зейін Шашкин, Әбдірахман Айсарин, Қадыр Тайшықов, Мәжит Дәүлетбаев, Қадыр Қуанышев, Құлмырза Өтепов, Сағыр Қамалов, Хамза Жұсіпбеков, Хамза Есенжанов, Рахымжан Жаманқұлов, Хасен Өзденбаев, Әзімбай Лекеров, Тұрлыхан Хасенов, Әлібек Қоңыратбаев, Абат Әлібаев, Кошке Қеменгеров, Абдолла Асылбеков, Үйдырыс Мұстамбаев, Мансұр Фатауллин, Рақым Уәлиахметов, Шәймерден Тоқжігітов, Орынбек Беков, Еркінбек Дүйсенбеков, Мұхаметжан Қаратаев т.б. сынды қаламгерлердің әдебиет майданынан аласталуы ойсыраған олқылыққа кезіктірді, әдебиетті дағдарысқа ұшыратты. Әйтеір құдай дес бергенде, қазақтың халық поэзиясының құнарлы арнасының сарқылмағандығы осы тұста Жамбыл атымен атой салып, көркемдік дүниесінде болып жатқан зілзаланы шапанының етегімен көлөгейледі. Қабындал өсіп келе жатқан жас толқынның ағалар арқа~~л~~ар көркемдік ауырлықты белдері қайыса, бақайлары майыса әзер деғенде мертікпей көтерін кеткендері абырой болды. Әйтпесе «Қазақ әдебиеті деген ақтандақ» пайда болуға әзер-ақ қалған еді. Осында жұтқа қалай кездескенімізді қазбалай қоймағанмен, оның суренсіз келбетін тарихтың естен кетпес сабағы ретінде көрсетіп өтү орынды болмак.

Тарихтың жады мықты, ештецені де ұмыт қалдырымайды. Кім не істеді, не ойлады, қандай қиястық жасады, еліне сіңірген еңбегінің сиқы қандай деген сауалдарға жауапты келешек күніміздің тілеуі талап етеді.

Әрине, зұлымдықты теріп, басынан аяғына дейін көрсетіп шығудың қажеті жоқ. Біріншіден, жүрек айнытаңы, екіншіден, ой қайталаушылығы көбейеді, үшіншіден, шамадан тыс көп дерек ойды түйіндеуге кедергі жасайды .Сондықтан шешуші тұлғалар төңірегіндегі «әңгімелердің» өзі-ақ сусынды қандыратынын естен шығармайық.

Сынның бүкіл қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-эстетикалық ой-пікірдің додасында тәңкерісіл әқын-жазушылардың көшбасшысы Сәкенді, жаңа әдебиет өкілдерінің іс-әрекетіне серке болған Сәбитті қекпардай тартқан бір жарым-екі жылдың қиястығы басқаларға там-тұмдап тигені, қайсыбірі қосак арасында босқа кеткені белгілі. Сондықтан оларға тартылған «сыбағаны» ойланған

әңгімелесек, бүкіл бір әдебиеттің шындығы қалай ойсырағаны, ластанғаны көрініп қалар.

Сәкен басына ала шарбы бұлт өзінің шығармашылық енбегіне 20 жыл толарына дейін-ақ үйірілген болатын. Сәкеннің 1913 жылдан бергі танысы, сібірдің төңкерісшіл жазушысы Ф. Березовский пенделік өкпемен КСРО Жазушылар одағының 1936 жылдың басында Минскіде өткен I пленумында қазақ әдебиетінің жайкүйін әңгімелей келіп, «Сейфуллиннің «Қызыл ат» поэмасы мен бірнеше шығармаларында троцкизмге іш тартатын саяси қателіктер бар. Қазір Сейфуллин бұл қателіктен арылды. дегенмен, сол жиынның төрінде отырып, бұрын Қазақстан өлкелік партия комитетінде үйымдастыру хатшысы болып істеген, енді КСРО-ның ішкі істер халық комиссары болған қанішер Н. Ежовтың көнілінің бір қыртысына қыстырылып қалған еді. Ол көп кешікпей «Қарағанды ісінде» көрініс берді. Қазақстанның бүкіл жұртшылығын шошындырған сот Ежовтың бақылауымен өтті. Өйткені Сәкеннің жан жолдасы Абдолла Асылбеков Қазақстан өлкелік комитетінде Ежовпен бір мезгілде қызмет істеп, талай мәселеде онимен көрісін, таласып қалатыны «Қарағанды ісінде» алдынан шықты.

А. Асылбеков, Нұргали Нұрсейітов, Мансұр Гатауллиндердің ашық соты болғанда Сәкеннің аты бірнеше рет зорлықпен аталған болатын. Мұның бәрі сол уақыттан бастап жіпке тізіліп, кейін құжатқа айналған-ды. Мұның үстіне 1937 жылдың көктемінде жеті жылдық айдаудан қайтып оралған, бір кезде Омбы оқытушылар семинариясында үш жыл бірге оқыған, бірақ ақындық бақталаста болған Мағжан Жұмабаев Алматыға келгенде Сәкеннің адамгершілік танытып үйіне қонаққа шақыруы, баспадан акшасын алып беруі «кешірер күнә» емес еді. Өйткені әдеттегі жиналысқа келін-кетудің өзі есепке алынып, «хатқа» түсіп жатты. 1—7 сәуірдегі жазушылар жиналысында болмауы, 11 сәуірде бастауыш партия үйымының есеп беру жиналысында ақырғы болып еріксіз сөйлеуі, «Сәкен жолдастың осы күнге дейін өз кемшілігін көре алмай келе жатқаны бұл сөзінен то-лық айқындалды» немесе «Сәкеннің «Домбыра» атты жинағы тәркіленді, бұл қатесін айтуы керек еді. Ол жұмған аузын ашқан жоқ» дегендердің республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінде мамыр айында бірнеше рет жазылуы, маусым — шілде айларында мүлде қоюланып кетуі осыған дәлел. Т. Елеуовтің «национа-

листические взгляды С. Сейфуллина в свое время тесно переплетались с явно троцкистками» («Каз. правда», 09.07, 1937) деп Ежовтың есіне салуы тегін кеткен жок. Оның накты бір көрінісін Г. Аксельродтың «Чекист Жакупов» деген мақаласынан оқымыз «Жакупов на одном из оперативных совещаний вовсеуслышание заявил:

«Сажать Сакена не буду. Нас учили Дзержинский карать истинных врагов» деп өз басын оққа тігіп, «пишет письма Сталину, Ежову, Вышинскому. Эти письма нельзя читать без душевного волнения. Жакупов защищает Сакена Сейфуллина, Сейткали Мендешева, Нигмета Нурмакова и некоторых других видных деятелей культуры Казахстана с подрясающей убедительностью вскрывая всю абсурдность выдвинутых против них обвинений» («Каз. правда», 17. 01, 1965) дегенінен көріп, қандай қара бұлттың төніп келе жатқанын аңғарамыз. Алайда қызылкөзденіп алған жоғары жақ, өзінің амандағы үшін жанталасқандар екпін баспай ентелей берді.

Сол тұста Ілияс Жансүгіров, онан кейін Жазушылар одағының 1935—36 жылдарғы төрағасы, 1936 жылдың шілдесінен Халық комиссарлары кеңесі жаңындағы көркемөнер басқармасының бастығы Фаббас Тоғжанов, Жазушылар одағының хатшысы Қадыр Куанышевтар, Мәскеудегі Тұрар Рысқұлов, Нығмет Нұрмаковтар үсталып, түрмеге жабылған болатын. Әдебиетті жаңындағы сүйетін, оның қайраткерлерін ардақтайтын, өзінің де каламының желі бар Серік Жақыповтың шындық үшін шырылдал, мерт болуы өте аз кездескен құбылыс.

Алып машинаның дөңгелегіне май құйып, жеделдетіп стыратындарға ен алдымен Жазушылар одағының партия үйімі (хатшысы К. Әбдіқадыров), одақ әкімшілігі (төрағасы С. Мұқанов, хатшысы М. Қаратаев), «Қазақ әдебиеті» газеті (редакторы Т. Жароков), әсіресе «Социалистік Қазақстан» (редакторы Ж. Арыстанбеков, кейін С. Бәйішев), «Казахстанская правда» (редакторы Берковский) газеттері болды. Қанды қыргын басталған кезде партия баспасөзі Жазушылар одағы өз арасындағы «халық жауларын» әшкерелемей отыр деп сынанғаннан кейін ілкі сәттегі жиналыш-жынында Сәбит Мұқанов желпіне сөйлемді де, 7 шілдеден бастап Мәскеуге екі айлық творчестволық іссапарға аттанып, тізгінді Мұхаметжан Қаратаевтың қолына тастанап кетті. Екпін күшейе түсті. Жиналыш үстіне жиналыш өтіп, қаулы-қарарлар

көбейді. Оны газет даурықтыра жазды. Ақын-жазушы, сыйншылардың өздері де құр қалмасқа бекінді.

Шілдеге дейінгі мақалалар сынау, «әшкерелеу» сипатында болса, енді «халық жауларын» жою керектігі айтыла бастады. Бұрын «қырағылықты қүштейік», «өзара сыйнды өрістетейік», «халық жауларын әшкере-лейік» деп келсе, енді «көркем әдебиеттегі ұлтшыл-фашистердің зиянкестігін түп тамырымен құртайық» («Әдебиет майданы», № 3, 1937) «Социалистік Қазакстан» газетінде «Жинақтар туралы немесе алашордашыл контрабанданың тағы бір түрі туралы» (08. 08, 1937), «Жазушылар үйымында істен гөрі мылжың көп» (17. 08, 1937), «Қазақ әдебиетіндегі авербахшылдықтың қалдығын толық жою керек» (29. 08, 1937), «Совет жазушыларының қатарында жат элементтерге орын жоқ» (04. 07, 1937), «Қазақ әдебиеті» газетінде «Әдебиеттегі троцкист-бухариншіл ұлтшыл-фашист зиянкестерін жеріне жете құрту керек» (13. 08, 1937) «Барып тұрган зиянды контрабанды» (30. 07, 1937), «Жастарга теріс идея беретін кітаптың түкке керегі жоқ» (31. 08, 1937), «Жазушылар үйымындағы ұлтшыл фашист жаулардың зиянды зардабын біржола құртайық» (08. 10, 1937) деген сияқты тақырыптармен ызғар шашып, үкімін шығара келді. «Халық жауы», «тап жауы», «буржуазияшыл-ұлтшыл», «ұлтшыл-фашистер», «алашорданың сүрқиялары», «пантюркистер», «алашорда тәбеттері» дегендер аспаннан карша жауды. Әдебиетшілер «сын» жазды дегенімізben осындаид қарғыс-лағынеттерден көз ашып, аяқ алып жүру мүн болды. Өзіміздікі az болғандай, Мәскеуден жансыз болып келген біреу Сәкеннің «Қызыл сұнқарларын» сахнадан алып тастауға нұсқау берін, «Пьесада қазақ халқының революциялық тарихы бүрмаланып көрсетілген. Пьесаға жүгінсек, Қазақстандағы революциялық қозғалыска қазақ интеллигенті басшылық жасаған. Ол пьесада орыс жұмысшысы мен неміс эмигрантына және українкаға ақыл үйретеді. Қазақстандағы революциялық оқиғалардың барысындағы орыс пролетариаты мен большевиктік партияның рөлі бүрмаланған», (Ысқақов мақаласынан, «Жалын», № 1. 1991) деп «саяси» айып тағып, қазақ орысқа қалай ақыл айтпақ, жөн көрсетпек деп шовинистік пиғылын анғартып кетті.

1937 жылы 7 қыркүйекте Алматы қаласындағы ақын-жазушылардың «Ұлтшыл-фашистердің әдебиеттегі зиян-

kestік істерімен күресу және жас кадрларды өсіру тұра-
лы» деген такырыпта жалпы жиналысы болды. Оған
Сәкен, Бейімбет, Сәбит, Ғабит қатыспады. Жиналыс
президиумына Жұсінбеков, Тәжібаев, Әуезов, Фалым
Малдыбаев сайланды. Баяндамашы М. Қаратасев «әде-
биеттегі ұлтшыл-фашист элементтер осы күнде көп жер-
ден табылып жатыр. Қазақстан елінде де, әдебиет май-
данында да ұлтшыл фашистердің агенттері бар. Байди-
дин, Тоғжанов секілді адамдар әдебиетімізге зияндық
жасады. Ол өзіне Жансүгіров, Тайшықов сияқты күшік-
терін ертіп, әдебиетті бұлдірді. Жансүгіров, Коңырат-
баев деген бұзылғанды алды. Біз олардың зиянкестік
жаман істерін көрмедік, бейғам болдық. Тоғжанов Қуа-
нышевты хатшы қылып алып, жазушылар үйымин тамақ
қылды. Олар жазушыларды ірітпек болды, бірін-біріне
атыстыруды. Сәкен он жыл отырамын десе «отыр» деді.
36-жылдың ішінде Тоғжанов, Қуанышевтар газет-жур-
налға есе бермеді. Бұл зиянкестікті Лекеров, Әлібаев,
Мәметова дегендер сында да істеді. Бірак біз оларға
бейғам болдық. Жансүгіровтің «Құлагері», «Жорығы»,
«Қүйші», «Жолдастары» халыққа зиянды нәрсе болса
да, оны кейбір соқыр сыншылар мадақтап жүр.

Соңғы кезде бізге партия үйымы және өлкелік газет-
тер көмектесіп келеді. Өзара сын бола бастады. Сәкен,
Бейімбет, Сәбиттердің қателерін көрсетіп келеміз» (Рес-
публиканың орталық архиві фонд, 1778, 43-іс, 23—24-
беттер) десе, жарыссызге шыққан Т. Жароков «Жансү-
гіровтер жастардың еңбегін жоймақ болса, оған
Жаманқұлов қосылды. Бізде жастардың еңбегін аудару
жоқ. Жансүгіров, Тоғжановтарды НКВД тапты. Мәселе-
лен, «Тулаған толқында» деген Ғабит кітабында алаш-
ордашылдардың бұқаралық рөлі бар деген. Ғабит «Ту-
лаған толқында» деген кітабындағы қатені неге
айтпайды? Орманов Фали Жансүгіров идеясындағы адам
еді, ол неге үндемейді», М. Әуезов «Жүргенов халық
жауы болды. Ол халық әдебиетін алашорда жолымен
ұғындырмақ болды және орыс халқының үлкен еңбегін
пайдаландырмады», Ғ. Малдыбаев «Мұқанов бастық
болғалы пайданы әлі көргеніміз жоқ. Сәбит өзінің қате-
лерін мойнына әлі толық алып болған жоқ» (18—19-
беттер) деген сияқты сөздерді қадай-қадай айтып, жа-
зушылардың жалпы қалалық жиналысы қаулы алды:

«Екіжүзді халық жауларының көп уақыт әшкерелен-
бей, қастық істеп келгенін көрмей қалуға себеп — жазу-

шылар үйымында, Сталин жолдас айтқандай, саяси бейғамдық, шірік либералдық аурулардың кең орын тебуінен. Қазақстан жазушылары үйымының бұрын-соңды басшылығында болып келген Мұқанов, Сейфуллин, Майлар жолдастар халық жауларын кезінде жеріне жете әшкерелей алмаған, олардың көп қызықтарына мән бермеген, либералдық, ымырашылдық істеп, өздері де көп саяси кателер жіберген. Жазушылар одағы правленициясының бастығы Мұқанов жолдас та, көркем әдебиет баспасының бастығы Жаманқұлов та үйым жұмысындағы Жансүгіров, Қоңыратбаев, Тоғжанов, Қуанышев сынды жаулардың зиянкестігінен қалған төріс тәжірибе бар» (21-бет) деген сөздер көп кешікпей қаралау құжатына айналды.

М. Қаратаевтың «Қазақ әдебиетіндегі авербахшылдықтың қалдығын толық жою керек» деген мақаласындағы және қалалық жиналышта жасаған баяндамасындағы ойлар «Казахстанская правда» газетінің бетіне шыққанда талқандағыш күшке айналып кетті. Ал Сәкен жайына ойысқанда «Всего лишь несколько месяцев тому назад он переиздает свой, с позволения сказать, «исторический» роман «Трудный путь, тяжелый переход», где не постыдился изобразить себя героем и привести целую серию контрреволюционных алашординских документов и портретов врагов народа. Это своеобразная вражеская энциклопедия» (16. 09, 1937) деп кезеңдік шығарманы даттап, Сәкенді жар басына әкеп қойды. 24 қыркүйекте Сәкен тұтқындалды. Жазушы одағы жын ойнаққа айналды, 26 қыркүйекте Мәскеуден оралған Сәбит Мұқанов З қазаннан бастап Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағалығынан босады, партиядан шығарылды.

Осындағы тақсіретті Бейімбет, Фабит көрді. Ақын-жазушылардан әшкереленбеген адам қалмады. «Отыз жетінші жылдың ойраны» жайында «Жалынға» арнайы мақала жазған Д. Ысқақовтың «Қазақ әдебиеті» газеті «ұлken іске үлес» косуға кірісті. Басты жазушыларды кезекке қойып, жүйелі түрде материалдар бере бастады. «Қазақ әдебиетінің» нысанасына алғаш ілінгендер С. Мұқанов пен F. Мұсірепов болды. Бұрыннан «ұлтшыл қоңырауы» бар М. Әуезовті де онтайға алып, тиісті «таңбасын» басып жіберу сәтінің де келгендігін «Қазақ әдебиеті» ұмытқан жоқ. Бірақ М. Әуезовті де итеріп тастай салу онайға түспеді.

«Заманың тұлкі болса, тазы боп шал» дегендей Мұхтар тар Әуезов те кезеңнің жесіріне ілігіп қалмас үшін түрлі әрекеттер жасауға мәжбүр болды. Өйтпеске басқа амал жоқ болатын. Шегінетін жерде шегіне білді, бұғатын жерде бұға да білді, тіпті уақытынша женіліп, «жаздым», «жаңылдым» деп кешірім сұрауына да тұра келді. Өйткені тубінде жену үшін уақытша женілу де керек болатын. Бұлары нәтижесіз де болған жоқ. Сәкендей сұңқарлар, Бейімбеттей берекелі азаматтар ұсталып жатқанда, Сәбиттей туғаннан «тап» деп шырылдал шыққан қаламгерлер қараланып жатқанда Мұхтарға тұра тиісе алмай айналсоқтап жүрді» деп жазғанын жалпы қорытынды жасауға кепілдік етсек, мұндай материалдарды сынның жұрнағы деп айтудың өзі қын. Бірақ 1937—1938 жылдарда «мандайға жазылғандары» осылар болды. Тіпті ең болмаса бір шығарманы талдап, оның ішіндегі «жаулық пен жауыздықты» мысалмен дәлелдемей, әйтеуір қаралай берді. Құлата берді, қирата берді. Сөйтіп әдеби даму процесі дағдарысқа ұшырап, күйзеушілікке кезікті, іркіле акты.

Осы уақытқа дейін жүрдім-бардым ғана құрмет көрсетіліп келген халық творчествосына назар аударылып, ойсырап қалған әдеби органды толтырмақ болып М. Қаратаев 24 қыркүйекте, яғни Сәкен тұтқындалып жатқан күні «Патриот ақын» деп Жамбылдың мерейтойын өткізу жөнінде мәселе көтерді. «Халық творчествосының қазақстандық мерекесін» («ҚӘ», 15. 10, 1937) бүкілодактық айғай-шуға ұластыруға жаң салды. Тығырықтан шығудың жолын таба алмай отырған республика партия үйімі бүл идеяны бірден қолдап, даңғазага айналдырып жіберді. Сейтіп халық әдебиеті профессионалды әдебиетті өзінің етегіне орап алып Қасым, Қалижан, Әбу, Жұмағали, Дихан, Фали сияқты талай дарындарды біртінде таныта берді. Жамбыл даңқы талайлаға қалқан болып, көркемдік дүниесіндегі кем-кетіктерді аңғартпай жіберді. «Қазақ әдебиеті» газеті «Жамбылдан тәлім алайық» (16. 02, 1938) деп бас мақала жазды. Әли Есмағамбетов сынды аңқау жас ақындар «Жамбыл бастаған әдебиет армиясы» («Лен. жас», 14. 05. 1938) деп қуанды. Бір жыл бойына соққан сойқанды сынның ең соңғы түқік серіппесі «Совет жазушыларының қатарында жат элементтерге орын жоқ» деген атпен Э. Тәжібаев, К. Әбдіқадыров, Ф. Сланов үшеуі бірігіп

«Социалистік Қазақстанға» жазған (04. 06, 1938) мақала болды.

Сонымен күйіндата соққан қара дауылдың алғашқы кезегінде қазақ халқының мақтаныштары, әдебиетті өрге сүйрелеген ұлы дарындар қорлық көрсө, онан кейінгі екінші толқында таланттары танылып қалғандар, кешешегінен үміт күттіргендер, үшінші кезекте осы қанды қырынды қөзімен көрген, кейде өздері араласып койған пысықайлар әдебиет әлемінен алысталды. Қөркем-өнердің өні қашып, қабағынан кіrbің кетпей, ажары солғынадады. Өмірдің тоқтамайтыны сияқты, әдебиеттің де тірлігі, таллпынуы, ізденуі әрине солғындағанымен Әлжаппар Эбішевтің «Завалы», М. Әуезовтің «Шекарасы», М. Ақынжановтың «Исатай — Махамбеті», А. Тоқмагамбетовтың «Әзірет сұлтаны» сияқты шығармала-рына суріне-қабына сын айтылып, әйтеуір әдебиет әле-міне бет бұрыла бастады.

1939 жыл Абайдың қайтыс болғанына 35 жыл толуына орай М. Әуезов пен Л. Соболевтің «Абай» трагедиясын жазуы, Абайдың екі томдық толық жинағын шығару, «Амангелді» кинофильмі мен спектаклін талдау, бір топ ақын-жазушылардың орден, медальдармен наградталуы, С. Мұқановтың «Жұмбақ жалау» романы жариялануы сияқты ұнамды құбылыстар нәтижесінде «Қазақстанда искусство мен әдебиетті бұдан былай да өркендету туралы» Қазақ ССР Халық Комиссарлары кеңесі мен ҚК(б)П Орталық комитеті 1939 жылы 7 ак-панда қаулы алып, жазда Қазақстан жазушыларының II съезін өткізу жайында шешім жасады. Мұның өзі әдебиет пен өнерге партия қамқорлығы деп даурықтырылды. Қезендік әлеуметтік тірлікті, қөркемөнердегі құбылыстарды басынан өткеріп, өзі қолма-қол араласып жүрген, бүгінгінің қөркемдік дамуға қандай әсерін тигізіп келе жатқаның, сынның жай-күйінің қандай кезеңдерден өтіп келе жатқандығын қөріп-бліліп отырған, жаңа әдебиетімізбен бірге жасасып, әрқашан білікті пікір, көтеріңкі талаптар деңгейінен ой толғайтын Фабит Мусіреповтің екінші съезде сөйлеген сөзіне құлақ қойып, қазақ сыннының жалпы сипатын аңғарып алған жөн.

Қазақ сыннының «бірінші саласы,— дейді F. Мұсірепов,— ғылыми сын, тексеру-зерттеу арқылы ылғи алға сүйреп отыратын сын. Әдебиет пен жазушының алдына жарығын түсіріп, бастап отыратын сын. Бұл сын сынау-

ды ғана кәсіп етпей, сүйіп сынайды, үнемі соцына түсіп, жалпы ғылымның өсуімен бірге өзі де өсіп отырды.

Екінші саласы — халық сыны, көпшілік сыны. Бұл, әрине ғылыми сын емес, халықтың журегінің қалай соғуын көрсетіп отыратын сын, үкім сияқты сын.

Үшінші саласы — сынды кәсіп еткен, арзанқол, әдебиеттің өсуіне жәрдемі тимейтін құр айғай болып келеді. Міне, бізде осының үшеуі де бар» («Суреткер парызы», 1970, 184—185-бет). Бұл пікір — біздің сыншылық ойпікіріміздің бар эволюциясын, өсу жолын, қалыптасу процесін дұрыс тұжырымдаған қорытынды.

Әрине сын әдебиеттің тыныс-тіршілігін бағып отырғандықтан кезеңнің үлкен идеясына назар аудармай тұра алмайды. «Ішкі жауларды» құртып алғаннан кейін, әдебиет енді шын фашизмді әшкерелеуге тиіс болды. Ұлы Отан соғысына дейінгі ең бір шешуші де зәру идея «Егер ертең соғыс бола қалса» деген тақырып болды да, шығарма сапасы осы тұрғымен анықталды. Әрине бұдан басқаға мойын бұрылмаған екен деуге болмайды. Абай образын сахнаға шығару, халық ақындарының өнерін шындау, драматургияны өркендетеу сияқты сан-салалы мәселелер газет-журнал беттерінде көтерілді. 30-жылдары мектеп оқушыларына арналып әдебиет оқулықтары, хрестоматиялармен қатар сын-библиографиялық «Абай», «Әдебиет теориясы» (К. Жұмалиев), «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Орта мектепте қазақ тілі мен қазақ әдебиеті» атты мақалалар жинақтары, «Әдебиет теориясының мәселелері» (Е. Ысмайылов) оку құралдары, «Қазақ тілі мен әдебиетін тексеру сындары», «Қазақ тілі мен әдебиетінің меселелері» жарияланып, сынның қауқары қайтпағаны анғарылды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақтың эстетикалық ой-пікірі «бәрі де майдан үшін, қанқұйлы жауды жену үшін» деген ұранның аясында өтті, Ақын-жазушылардың туындылары осы таным мен талап түрғысынан бағасын алды. Сол заманың ең бір жаңалықты сипаты Габит Мұсіреповтің «Майданнан соққан жаңа леп» атты атақты мақаласынан көрінді. Елдегі ақын-жазушылардың, публицист жазушылардың еңбегін қан майданда етігімен су кешіп, оқ пен оттың, өлім мен өмірдің орта сында жүрген қаламгерлер еселеуді. Майдангерлердің ерлігін суреттеу, әсірессе, К. Аманжоловтың қазақ поэзиясына әкелген ұлы олжасы арқылы көрінгендігін айтып, әдебиетімізді одан әрі ажарландыра, нәрелендіре

түсү мәселесіне назар аударды. Әдебиетте де тыл мен майданың тұтасып кеткен шақтары сыншылдық пікірлер арқылы жарияланып жатты.

Майданнан жазылған шығармалардың көбі өлең, жыр, елге жазған хат болды. Ер ұландар, әсіресе, Т. Тоқтаров, М. Фабдуллиндер батырлық Алтын Жұлдызға не болғанда қуанышты жырлар тасқындағы. Оны сынни ойлар елге үнамды жеткізді. Жылт еткен жаңалықтардың бәрі де жеңіс максатына жұмсалды. Халық ақындарының республикалық айтысын өткізу, болашақ ұлы шығарманың қарлығашы «Абай» романының бірінші кітабы шыққандығы жөніндегі ой-лікір толғаныстары, батырлар жырының жаңғыруы, жауынгер ақындардың өрелі үндері, Абайдың 100 жылдығын өткізу сияқты құбылыстардың қай-қайсы болсын елеусіз қалмады. А, Жұбановтың «Қазақ композиторларының өмірі мен творчествосы», С. Мұқановтың «XVIII—XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті тарихынан очерктер», Е. Ысмайлов пен К. Жұмалиевтің мектеп оқулықтары, М. Эуезов пен Б. Қенжебаевтың «Абай — қазақтың ұлы ақыны» кітапшасы сын-ғылыми ойдың соғыс жағдайына лайық болғандығын көрсетеді. Эстетикалық биіктігі мен танымдық қасиеті жағынан F. Мұсіреповтің «Майданнан соккан жаңа леп» мақаласына жеткені болған емес.

Ұлы майданнан жеңіспен шықсақ та, көніл қойнауында қатаң тапшылдық қөзқарас жасап, дүние бұрынғыдан да гөрі құрыса түсті.

Ұлы отан соғысы аяқталғаннан кейінгі кезеңде кеңестік көркемөнерді жаңа идеялық-шығармашылық белестерге көтереміз, адамзатқа социалистік мәдениеттің артықшылдығын танытамыз деген даурықпаның желі көтерілді. Ол әуелі отаншылдық идеясын ту қып көтеріл, батыс мәдениетіне орынсыз табынуды жою, бөгде ықпалмен күресу, космополиттік ой-пифылды әшкерелеу үшін КОҚП Орталық Комитеті идеология мәселелері жөнінде 1946—48-жылдары бірнеше қаулы алды, ашық күнді бұлышырлатып жіберді. Сыншылық ой-пікірдің шиыршық атуына тағы да «қамқорлық» жасалды.

Осы қаулыларды жүзеге асыру барысында әдебиет пен мәдениетті дамыту, өркендету қамы деп аталғанмен кешегі өткеннің бүгінгіге сабактастыры, оны дұрыс игере білу, әдеби дәстүр проблемалары насырға шаптырыла жазылды, баяндалды. Мұндайда қорқыту құралына айналып кеткен «ұлтшылдық» қосарлана жүрді. Соның

нәтижесінде Қазақстан коммунистік партиясының Орталық Комитеті 1947 жылы 21 ақпанды «Қазақ ССР Фылым академиясының Тіл және әдебиет институтының саяси өрескел қателері туралы» қаулы алып, әдебиеттану саласында көрініс берген кейбір кемшіліктерді қатты сынға алды, мәдени-әдеби мұраны тапшылдық түрғыдан зерттеуді нығырлап тұрып көрсетті. Космополитизм мен батыска бас июшілікке қарсы науқаның аяғы Қазақстанда «ұлтшылдықты» талқандауға ұласты, қырағылық бұрынғыдан да күшейіп, күдікшілдіктің отына май құйылды. Осы қаулыға ілестіре 1947 жылдың 29 көкегінде «БК (б) П Орталық Комитетінің «Драма театрларының репертуары туралы және оны жақсарту шаралары туралы» қаулысын орындау туралы» деген қарар алышып, Ә. Тәжібаевтың еш жерде қойылмаған, кітап болып басылып шықпаған «Біз де қазақпаз» атты драмасын «өлтіре сынап», қазақ театрларының қалыптасқан репертуарын тас-талқан етті. Азғана жыл ішінде есін жып, қатары көбейе түскен қазақ зиялышарына, әсіресе, ғалымдар мен ақын-жазушыларына тағы да сталиндік жұт айналып соқты.

Алашшыл ақын-жазушылар былай тұрсын, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Шәңгереイ Бекеев, Ғұмар Карапашев, Мәшһүр Жүсіп Қөпееvtің еңбегін жариялау, зерттеуге, атын атауға тыйым салынды. Осы салада іждағат көрсеткен Е. Ысмайылов институт директорлығынан қуылышып, партиядан шығарылды. Б. Қенжебаев «Сұлтанмахмұттың ақындығы» деген монографиясы үшін теперішті көп көрді. «Ұлтшыл» Сұлтанмахмұтты әдейі насихаттай отыр деушілердің ішінде Н. Жандилдиннің даусы айрықша қатты шықты.

Жыл аяғына қарай шыққан «Қазақ әдебиеті тарихының» (1948) бірінші томы газет бетіндегі сындарда талқандалып, тарамай жатып литоның «қамауына» алынды. Әлдекалай сол томды оқып жургендег кездессе, күдікті саналып, әкімшілік түрғыдан шара қолданылған кез де болды.

1950 жылы С. Мұқанов, Қ. Бекхожин құрастырған хрестоматия, Е. Ысмайылов, Х. Жұмалиев, Ә. Марғұлан тағы басқа авторлар жазған оқулықтардың «тас-талқаны» шықты. Датталмаған беті қалмады. Шортанбай, Мұрат, Дулат, Ғұмар, Шәңгереілер «тіл тартпай» кеткендердің басы болды. Қекбай, Нұржан, Нармамбет сынды дарындар «сұраусыз» кетті. Осындай әпербақан-

дықтардың «дұрыс» екендігін «Бастауыш және орга мектептерге арналған қазақ әдебиеті мен тіл бойынша оқулықтардағы өрескел қателіктер мен кемшіліктер туралы» 1951 жылғы 28 тамыздағы қаулы тағы да бір рет пысықтап, қазақ тарихын, әдебиетін қолдан жүдettі. XIX—XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті бойынша З. Қабдолов, С. Қирабаев, А. Нұрқатов 1953 жылы құрастырған 9-класс оқулығында В. Г. Белинский, Н. Г. Чернышевский, Н. Н. Добролюбовтар қазақ ақын-жазушыларының орнын басты. Тіпті Пушкин, Лермонтов, Гоголь, Некрасов сияқты ылғи сыншылар қазақ әдебиетінің тарихына тұлға болған ба? деп сурауға шамамыз болмады. Абаймен достасып кеткен Пушкин мен Лермонтовтардың бөтен әдебиетті бастап шығуының не жөні бар еді, бірақ ондай ой ешкімге келе қойған жоқ. Әдебиет тарихының жүдеушілікке ұшырағаны сондай, Шоқан, Ыбырай, Абайлардан кейін бірден Спандияр Қебеевке көшіп, Сұлтанмахмұт пен Сәбит Дөнентаевтар әрек дегенде «серік» болуға жарады. Әдебиет тарихы 1916 жылғы көтеріліс туралы поэзиямен көмкерілді. Қазақ әдебиетінің ең шұрайлы да қомакты «алтын дәүірі» осылай «суалды», жүдеді, әлем-тапырығы шықты. Басқа оқулықтардың жай-күйі бұдан да соракы болды.

Авторларын өшіріп, ақын-жазушыларды тарихтан қуу барысында білмestікпен айтылған, әр жерден кез-дайсоқ теріліп алынған нәрселер аз емес. Мектепті оқулықсыз қалдыруға болмайды деген әмірге байланысты авторсыз оқулықтар шығарылды. Жалпы редакциясын басқаруға кісі табылмай қалғанда, «әзім қатыспаған дүниеге қалай қол қоямын» деп қиналғанына қарамай, Мәлік Фабдуллинге қиянат жасалған кез де болды.

Осы процесті логикалық түйінде жеткізу үшін Қазақстан Жазушылар одағының жұмысындағы үлкен қателіктер мен кемшіліктер туралы, оларды жою жоніндегі шаралар туралы (17. 06, 1951) қаулы алынған соң, үлт-шылдықпен күресу науқаны одан әрі күшейін, интеллектуалды және өнерпаз күштерге әкімшілік шаралар колданылды. Абайдың ақындық мектебі жайындағы проблеманы көтерген Қайым Мұхаметханов, оған қарсы шыққан Қажым Жұмалиев, «қателесуден әменде көз ашпаған» Есмағамбет Ысмайылов, «Қазақстан тарихы маркстік-лениндік түргидан баяндалсын» деген атпен «Правда» газетіне Х. Айдарова, Т. Шойынбаев, Н. Якуниндер бірлесіп жазған мақаладан соң, «Кенесары қоз-

ғалысының» құрбаны болып Ермұқан Бекмаханов, тарихшы Бекежан Сүлейменовтер жиырма бес жылға сотталды. Қазақтың ғылыми ойының иелері ғана емес, осы жолда жүргендердің басым көпшілігі әдебиеттану маңынан алыс журу қажеттігін айқын сезінді.

Ал елде «аман-есен» қалғандар да жетісе қойған жоқ. Б. Кенжебаев, Э. Маметова, Т. Нұртазин, Э. Марғұлан, А. Жұбанов, Э. Қоңыратбаев сынды ғалымдар партиядан құылып, жұмысынан шығарылды. Қөзтүрткі болды. Тасалана тұру үшін М. Әуезов пен Қ. Сәтбаевтай кеменгерлер Мәскеуге «қоныс» аударуға мәжбүр болды.

Осындай қиянпұрыстар жүріп жатқанда «Социалистік Қазақстан» газетінде «Қөпееев — ұлтшыл, діндар ақын» деген мақала жарияланды да, Қазақстанда «қаптап кеткен» діншілдермен куресу науқаны басталып, 1952 10 желтоқсандағы қаулыға өзек болды. Үлкен ақын, фольклорист Мәшіүр-Жұсіп Қөпееев өзінің қай күні қайтыс болатынын алдын ала айтып, қабірін күні бұрын қаздырып, асын бергізіп, әр түрлі рәсімін өзінің көзі тірісінде жасатқан. Сонда бар тілегі жыл сайын кебінің ауыстырып, бір қап темекі жапырағын шашып тастауды кейінгі үрпағына аманат етіпті. Сол 1931 жылдан 1952 жылға дейін сартап болып жатқан мәйіттің сырын білмей, ғылыми-зерттеу жасамай, трактормен айдатып, зиратты тас-талқан етуге бүйрек беруіміздің өзі қандай «көргенділікке» жатарын біле алмай, дал боласын.

Осы талқандау процесі 1953 жылы ауыз әдебиетінің халықтығы деген проблемаға ұласып, өзінің «шырқау биігіне» жетті. Сонда баяндама жасаған М. Ақынжановтың қазақтың бай ауыз әдебиеті мұрасынан халықтық сипаты бар жөні тұзу бірде-бір шығарма таппауы, М. Фабдуллиннің үш жүзге тарта батырлар жырынан тек төртеу-бесеуін ғана ұнатуы не ғылым, не сын парасатына қосылған «үлес» емес.

Қазақстанда үсті-үстіне алынған қаулылар аяқсыз қалмады. 1951 жылы астанадағы жазушылар, ғалымдар, партия қызметкерлері жиналыс өткізді. Онда қазақ әдебиетіндегі өрескел қателер мен оларды жою шаралары туралы Қазақстан Жазушылары одағы төралқасының төрағасы Сәбит Мұқанов баяндама жасады. Бұл баяндаманың тұжырылып, әрине, партия қаулыларынаң өрбіп жатқанмен, үрейшілдік пен айғайшылдыққа бой алдырыды. Қазақ жазушыларының «сыбағадан» құр қалғаны жоқ. Бұған дейін өрекпіген сын «Професор Мар-

ғұланның қателері» (М. Ақынжанов), «Хандардың жоктаушысы» (К. Аманжолов), «Ғылымдағы идеясыздық пен бейсаясаттыққа жол берілмесін» (С. Бәйішев, К. Шәріпов, А. Қайыргелдин), «профессор М. Эуезов өткендеңі қателерінің шырмауында» (С. Бәйішев), «Идеологиялық жұмыстағы қате-кемшіліктерді батыл жояйық» (Ж. Шаяхметов), «Шығыстың шылауындағы әдебиетші» (К. Тұрғанбаев), «Тіл — әдебиет институтының жұмысын қайта құра алмау себебі неден?» (Ғ. Мұсірепов, С. Төлешов, Ә. Сатыбалдиев, Д. Әбілов) «Тағы да К. Бекхожиннің творчествосындағы қателіктер туралы» (М. Сәрсекеев), «Әдебиетімізді жат пікірлер мен қателіктерден біржола арылтайық» (Т. Жароков), «Абай шәкірттері дегендер кімдер?» (Б. Сахариев), «К. Аманжолов творчествосындағы жат пікірлер» (С. Қирабаев, А. Нұрқатов), «Ә. Тәжібаев творчествосындағы өрескел қателіктер туралы» (Х. Ергалиев), «Жалған бағыттағы жас ақынның өлеңдері» (Н. Әлімқұлов) сияқты мақалалар мен сындар қауға тиген өрттей қаулап жатты. Олар 1937 жылғы сойқанды, дөрекі социологиялық сындардың «жетілдірілген, эстеттендірілген» көшірмесі болғандықтан жетекші, жауынгер сыншы-ғалымдардың қанатын қайырып, жасытып тастады.

Ел алдындағы игі мақсатты, ғылыми жаңа бағытты айқын да жыға түсінбеген кейбір зерттеушілер әдебиет пен мәдениет, тарих саласындағы ізденістерді, толымды ойларды ұлтшылдықпен айтылып жатқан пікірлер деп даурықты, қоғамдық сананың шыныршық атуына себепкер болды. Жеке адамға табынушылық әбден асқынып, жәреуке мәңгүрттер атой салғанда көптеген дарындарға, ғалымдар мен сыншыларға, тарихшыларға жазықсыз жапа шеккізді. Әдеби мұраның озық ұлгілерін халыққа жат туынды деп үркіткеннен кейін ешкім маңынан жүрмей қойды, зерттеуден қашты. Кейбір сыншы-ғалымдардың дөрекі социализмге ден қойып, көркемдік әлеміндеңі әстетикалық құбылыштарды бүрмалай баяндауға С. Нұрышовтай әбден машықтанып алғандары да болды.

КОКП XX съезінен кейін жаңа кезең белгіленді. Оның игі әсер-ықпалы әдебиет майданында бірден білініп, шыгармашылық-өнерпаздық жаңа ізденістерге жол ашылғанда, әсіресе, ақыл-ойды тұңыштырып, екі аяқты бір етікке тыққан жеке адамға табынушылықпен күре-сіп, оның зардабын жойып жатқанда, құрықты еркін

сілтеп алайықшы дегендер де табылмай қалмады. Бұл сыңай қазақ сынында, әсіресе, жас әдебиетшілер арасында байқалды, қайсыбірі ожарлана омыраулады. Партия көркем әдебиет саласындағы тізгінді мықтап ұстағандықтан, көп мәселе сабасына түсті. Көркемдік дамудың негізгі арналары өзінің бұрынғы ағысына қайта көшті.

Осы тұста тұтанған кейбір ожар сйлар «жаңалық ашу» бағытында көрініп, әдебиеттің барлық жанрында, әсіресе, поэзияда етек алмақ сыңай танытқанда Е. Ысмайловтың «Сын мен шығарма», М. Қаратасевтың «Жаңалық па, жаңа былық па?» атты айбынды макалалары жарияланып, шалыс қадамдарға тосқауыл қойылды. Олар әуелгіде догматизммен күресті желеу етіп жалған жаңашылдыққа шақырды. Бірақ олар уақыт тезіне шыдамай, тез онды, қайсыбірі әдебиеттен, әсіресе, сыннан аулақ жүргеннің өзі жақсы екенін түсінді, даурықпалы, даңғазалы айғаймен ешқайда ұзап бара алмайтынын сезді. Ожарлықпен омыраулағандардың оспадарлығын уақыт көтермеді, қолдамады. Тентек ой, шалкез мінез, қаңқу сөз, уытсыз пікірлерді малданушылар азайды. Сын әдебиетке көлденең артылып қалудың амалы емес, нағыз өнер саласы, терлеп-тепшіп еңбек ететін өнерпаздық арна екенін түсінушілер көбейді. Әдебиеттің табалдырығын аттауға талаптанған жастарда иба басым болуға тиіс екендігін аңғарғандар молайды. Ағаларының жағасына жармасатын жаман әдетten құлан таза арылып кетпегенімен, тындырған істі маңсұқтамай, дамудың белгілі бір сатысы, игеру жолы, үйрену мектебі деп түсініп өз үлесін шама-шарқына қарай қоспаққа талаптанған жастар қылан бере бастады.

Сын мен ғылымның даму жолында 60-жылдардың сүбелі олжалары да аз емес. Бұл кезеңде мәнді де қомақты еңбектер беруге, әдебиеттің көп томдық тарихын жазуға, жоғары оқу орындарын оқулықтармен қамтамасыз етуге, бүгінгі әдеби процестің жай-күйін жан-жақты баяндауға бағытталған ірі қадамдар жасалды. Қептеген монографиялық зерттеулер осы дәуірдің жоралғысы болды.

Әдебиет ғылымын өркендету ісіне ақын-жазушылардың өзі үлкен қолғабысын тиғізді. Олар бүгінгі әдеби даму мен шеберлікті үштау мәселелері төңірегінде пікірлер айтып отырды. Олардың съезд, пленум, конференцияларда сөйлеген сөздері, жасаған баяндамалары,

жазған мақалалары жинақталып, кітап болып шықты (М. Әуезов, С. Мұқанов, Ф. Мұсірепов, Ә. Тәжібаев, К. Бекхожин, Т. Ахтанов т. б.) Мектептік әдебиет оку құралдары мен хрестоматиялары негізінен 40—50-жылдары жасалған-ды. Соңғы жылдарда оларды педагогикалық талаптарға сай толықтыру, жетілдіру процесі жүріп жатты. Бұрыннан қалыптасып қалған кейбір көзқарастар мен тұжырымдарға ішінара өзгерістер жасалды. С. Сейфуллин, Б. Майлин, И. Жансүгіров шығармаларының тарихқа қайтып оралуына байланысты революцияға дейінгі және төңкерістің алғашқы жылдарындағы әдеби-тарихи шындықтарды жүйелей баяндау қажеттігі туды.

КОКП XX съезінің шешімдеріне сай Қазақстан коммунистік партиясының Орталық Комитеті «Қазақ халқының әдеби-поэтикалық және музыкалық мұраларын зерттеу мен сынни тұрғыдан пайдаланудың жай-күйі және жақсарту шаралары туралы» 1958 жылы қаулы қабылдалап, әдебиеттану мен өнертанудың бұдан былайры дамуының бағдарын көрсеткен болды. Оны жүзеге асыруда 1959 жылы өткізілген ғылыми-теориялық конференцияның мәні едәуір. Республиканың 40 жылдығына бағыштап шығарылған «Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркін» бүкілодактық әдеби және ғылыми қауым жылы қарсы алып, кеңес әдебиеттануына қосылған үлес деп бағалағаны да осы кез.

Бүкіл әлеуметтің қадірлі қазынасына айналған қазақ әдебиеті тарихының алты кітаптан тұратын үш томдығы 1961—67 жылдары жазылып шықты. Үлкен қоғамдық мәні бар күрделі еңбектің азғана уақыт ішінде жасалуы әдебиеттану ғылымының қаншалықты өркен жайып ескендігіне дәлел. Әдебиет тарихы көнтеген ғылыми-зерттеу жұмыстары негізінде жасалды. Бұған дейін жарық көрген еңбектердің бәрі және әр қылы себеп-сұлтаумен әдебиеттанудың арнасына тартылмай келген әдеби мұралардың қадір-қасиеті де ескерілді.

«Қазақ әдебиеті тарихының» бірінші кітабында (1960) ауыз әдебиетінің өзіндік ерекшеліктері баяндалады. 1948 жылы шыққан басылымның кейбір тұжырымдарын пайдаланғанымен, ғылыми-зерттеудің методологиясы, классификациялау жүйесі, әрбір үлгіні талдау амалдары толықтырылып, жетілдірілді, жаңа тараулар мен бөлімдер қосылды. Осының арқасында бұл еңбек оку орындарының негізгі оку құралына айналды. Қазақ әдеби-

тінде ауызша және жазбаша әдебиеттің дәстүрлері катар жетіліп, бір-біrine ықпал-әсер жасап келгендігі орынды айтылды. Қазақ әдебиетінің басқа халықтар өнерпаздығынан ерекшелігі болып табылатын осы процестің сырын ашуға «Қазақ әдебиеті тарихының» 1964 жылы шықкан екінші кітабы арналды. Халық шығармашылығының кеңес заманында өркендеуінің сырын түсінуге айрықша назар аударылды. Қазақ әдебиетінің өзгерген өзгешеленетін құбылышының айта түсер, зерттей берер жайы осымен сарқылды деуге болмайды.

Екінші томның екі кітабында 18—19 және 20-ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің өсіп-өркендеу жолдары, әдеби ағымдардың пайда болуы, олардың арасындағы қарым-қатынас, қазақ әдебиетінің орыс, Батыс, Шығыс әдебиеттерімен байланысы, алған олжалары талқыланып, әрбір ақын-жазушының өмірі мен шығармашылығы баяндалды. Әрине XIX ғасырдағы Шортанбай, Дулат, Мұраттардың шығармалары мен ұлт-азаттық күресінің, әсіресе, XX ғасыр басындағы әдебиетімізге революцияшыл-демократтық дарытқандардың аты аталмауы түгіл, әдеби процесс ретінде ескерілмеуін замана қысымымен ғана түсіндіруге болады.

Үшінші томның екі кітабында қазақ кеңес әдебиетінің туу, қалыптасу, өркендеу жолдары зерттелді. Қазақ әдебиетінде жаңа әдістің орнығы, өркен жаюы әдебиеттің неғізгі дамуына байланысты баяндалды. Қазақ әдебиетінің көп томды тарихының жалпы келбетін айқындау және оның күрделі проблемаларын онтайлы шешу жолында ертеректе жарияланған ғылыми-зерттеу еңбектерінің («Қазақ әдебиеті тарихының» бірінші томы, (1948). «Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі» (1949, 1958), «Қазактың совет заманындағы халық поэзиясының очеркі» (1965), М. Ғабдуллиннің «Қазактың халық әдебиеті» (1956), Е. Ысмайловтың «Ақындар» (1956) монографиясы т. б.) мәні зор болды. Қазақ әдебиетінің, әсіресе, кеңес дәүіріндегі тарихын жазу процесіне қазіргі әдеби дамудың ерекшеліктерін іждағаттай баяндаған сынның жәрдемі көп тиді. Әдеби сынның аннотациядан монографияға дейінгі барлық түрлөрі әдебиет тарихын жасау кезінде шама шарқына қарай ескеріліп, кәдеге асты.

Сыни ой-пікірлер бұрынғы кездे жарияланған газет-журналдардың бетінде қалып, мектеп оқулықтарын жасау кезінде еленбесе, жеке жинақ не кітапша болып ба-

сылмай келсе, 1958 жылдан байлай қарай сыншылардың еңбектері жеке кітап, жинақ болып жариялана бастады. Ұжымдық жинақтар, жеке авторлардың мақалаларының, топтамасы, монографиясын жариялаудың өзі сынның жанрлық сипаттының әбден жетіліп, қалыптасқанын көрсетеді. 50—60-жылдары ұжымдық жинақтар шығару ісі өнімді арна тапты. («Қазақ әдебиетінің кейбір мәселелері», «Көркем аударманың кейбір мәселелері», «Қазақтың тұңғыш эпопеясы» (1957). «Әдеби мұра және оны зерттеу» (1961). «Жазушы жолы» (1962), «Қазақ филологиясының мәселелері» (1964) тағы басқалар).

Аға, орта буын сыншыларымен бірге, жас дарындар да сын жинақтарын жариялауына мүмкіндік алды. М. Қаратаяев, Е. Ысмайылов, Б. Қенжебаев, К. Жұмалиев, М. Фабдуллин, Т. Нұртазин, Б. Шалабаевтармен қатар Т. Әлімқұлов, С. Қирабаев, Р. Бердібаев, А. Нұрқатов, Қ. Нұрмаханов, Қ. Қуандықов, Н. Габдуллин, З. Қабдолов, Ы. Дүйсенбаев, Х. Әдібаев, М. Дүйсенов тағы басқалардың кітаптары жарияланды. Қоң сыншылар мен әдебиетшілер қазіргі әдеби дамуға жіті назар аударып, өздерін толғандырған шығармалар жайында пікір айтып отырды. Әдебиеттің өзекті мәселелері газет-журналдар бетінде талқыға түсіп, кейде айтыс тудырып та қойған кезі бар.

Әдебиеттану мен сынның жанрлық формалары әр ал-уан үлгіде көріне бастады. Монография жазу дәстүрі оңтайлы қолға алынды. Фалымдар жеке ақын-жазушының шығармаларын да, сондай-ақ әдебиеттің өзекті мәселелерін де монографиялық түрғыдан зерттеп, едәуір еңбектер берді. Т. Ахтанов — Габит туралы, Ә. Дербісалин — Ұбырай хакында, С. Қирабаев — Сәкен, Ғабиден, А. Нұрқатов — Мұхтар, Ә. Коңыратбаев — Шолпан, Б. Қенжебаев — Сұлтанмахмұт, Т. Нұртазин — Сәбит, Бейімбет, М. Дүйсенов — Илияс пен Әбділда, Т. Әбдірахманова — Қасым туралы. Қ. Жұмалиев — «Қазақ эпосы мен әдебиеті тарихының мәселелері» (1959), Б. Шалабаев — «Қазақ романының тарихы» (1972) сияқты монографияларын жариялады. Бұл еңбектер кезеңдік талаптарға жауап берді. Мәселен, А. Нұрқатов М. Әуезовтің өнерпаздығын көркемдік шеберліктің өсу деңгейінен зерттесе, Т. Нұртазин «Жазушы және өмір» монографиясында С. Мұқанов шығармалары арқылы бүкіл қазақ кеңес әдебиетінің даму кезеңдерінің ерекшеліктерін көрсетіп берді.

Қазақ әдебиеттанды тек қана ірі де күрделі ғылыми проблемалардың төңірегінде шыр айналып қоймай, күнделікті әдеби процестің, өмірлік қажеттікің өзіне де араласып отырды. Осы тұрғыдан келгенде, Сәкен, Бейімбет, Ілиястардың акталуы әдеби дамуда жаңа бір арна ретінде ықпал жасаса, сын мен ғылымда тарихты терең және әділетті зерттеудің тенденциясын туғызды. Соның нәтижесінде Е. Ысмайылов, К. Жармағамбетов, М. Караптаевтың «Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркіне» жазылған тараулары, бір жағынан, орта мектеп оқулығына қосымша көмекші құрал болып, өнімді ізденіске бастады. Осы еңбектер монографиялық очерктерді көбірек жазуға ықпал жасады.

Монографиялық жанрдың белең алуы зерттеушілер мен оқушылардың ірі ақын-жазушылардың шығармаларына деген ілтиратының молдығынан ғана емес, жалпы әдебиеттің өзекті де күрделі мәселелерін шешіп, өркендеу дәуірінің белгілі бір қорытындысын жасау, әдеби жанрлардың көркемдік мүмкіншіліктерін айқындау, жетіспегенді толықтыру мақсатынан туған болатын.

20-ғасырдың басында туған шығармалар мен алғашқы кеңес жазушыларды туындыларының аралығында елдің қоғамдық өмірін түбірінен өзгеріске ұшыратқан ұлы оқиға жатты. Осының шын сырын, ерекшелігін түсіну үшін зерттеулер қажет болды. С. Мұқановтың «ХХ ғасыр әдебиеті» (1932) және Е. Бекеновтің «Ұлттық қозғалыс және ұлтшылдық әдебиет» (1935) атты еңбектері артық-кем ойларымен 20-ғасыр басындағы әдебиет тарихын жасауға септігін тигізді. Осы дәуірдің шындығы Б. Қенжебаевтың «Қазақтың ХХ ғасыр басындағы демократ жазушылары» (1958) атты монографиясынан етпел көрініп, осы кезеңдегі әдебиеттің өркендеу барышын каза, тереңдей зерттейтін жайларға да барлау жасалды. Әдебиеттанудың колы жеткен табыстарына сүйене отырып, Ә. Дербісалин Қазанға дейінгі демократияшыл әдебиет жөнінде еңбек жазды. Ал жиырмасыншы жылдардағы қазақ әдебиетінің идеялық-шығармашылық мәселелері Б. Қенжебаевтың очеркінде (1961). Т. Қәкішевтің «Октябрь өркені» (1962) монографиясында арнайы зерттелді. Р. Бердібаев, С. Қирабаев, Е. Лизуновалардың зерттеулерінде, Б. Шалабаевтың оқу құралдарында, З. Ахметов, Ш. Сәтбаева, Т. Нұртазин, М. Фабдуллин, Е. Габдіров, Ә. Сатыбалдиев, С. Талжановтың т. б. монографияларында әдебиет жанрлары, өлең құры-

лышы, әдеби туысқандық пен байланыстар, аударманың көркемдік мәні жайында толымды ойлар айтылады.

Бұл жылдары әдебиетшілер қазақ әдебиетінің тарихын жасау, сын жинақтарын жариялаумен ғана шектеліп қалған жоқ. Ғылымның өз қажетін аштын теориялық еңбектер жазып, методологиялық зерттеулер жүргізе бастады, өйткені бұған дейін бұл жайлар, әсіресе, эстетикалық принциптер мен міндеттер әдебиет тарихының аясында ғана айтылып келген-ді.

К. Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы», Е. Ысмайловтың «Әдебиет теориясының мәселелері» (1940), Б. Кенжебаевтың «Қазақ өлеңінің құрылышы» (1955) шығып, теориялық ойға түрткі салғаны белгілі. 1960 жылдары күрделі теориялық мәселелердің сырның аңғаруға бағытталған ірі қадамдар жасалды. Е. Ысмайловтың «Ақындар» монографиясында халық поэзиясының өркендеу жолдары, айтыс өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдық жайлы сөз болса. Э. Тәжібаевтың «Поэзия және өмір» атты кітабында қазақ лирикасының дамуы, көркемдік сырлары ажарлы да әсерлі баяндады. Бұлар өздерінің ішкі қарпуымен теориялық еңбекке іш тартқанын аңғармау аңғырттық болар еді.

Әдебиеттанудың нақты өнерпаздық мәселелерін зерттеу барысында үлкен тұжырым, келісті қорытынды жасауға мүмкіндік болды, М. Дүйсеновтың «Әдебиеттегі форма мен мазмұнның бірлігі» (1962), М. Хасеновтың «Ұнамды кейіпкер және типтендіру» (1967) кітабы, әр қылы авторлардың сюжет, композиция, характер жасау проблемаларына арналған мақалалары жарық көрді. М. Қаратаев өзінің «Қазақ прозасында социалистік реализмнің қалыптасуы» (1965) атты монографиясымен жаңа әдебиеттің идеялық-шығармашылық принциптерінің орнығын жан-жакты қарап, әдебиетіміздің басып өткен жолы, бүгінгі тәжірибесінен теориялық қисындар жасауға болатындығын, қазақтың ғылыми-сыни ой-пікірін одактық деңгейге көтеру қажеттігін аңғартты. Қазақ өлең құрылышы жайында там-түмдап айтылғанмен, нақты зерттеу болмай келген-ді. Осы күрделі мәселеге З. Ахметов «Қазақ өлең құрылышы» (1964) атты арнайы монографиясын арнады. З. Қабдолотовтың «Әдебиет теориясының негіздері» (1970) жоғары оку орындарының студенттеріне арналды. Қазақ әдебиетін жүйелі оқытып, арналы насиҳаттауға бағытталған методикалық еңбектер де тұа бастады. Солардың ішінде

өзінің практикалық мәні, теориялық алымдығымен Э. Қошібаев пен Э.'Қоңыратбаевтың жазғандары көзге түсті.

Жазушылар съезі мен пленумдарының, ғылыми конференциялар мен мүшелді мерекелердің материалдарын жариялау дәстүрі де осы кезде орныға бастады. Окуны қауымға жеңіл тілмен жазылған ғылыми кітапшалар, көркем әдебиет көрсеткіштері, әр ұлы ақын-жазушының библиографиялық көрсеткіші, қолжазбалар түсіндірмелеірі шыға бастады. Анда-санда текстологиялық зерттеу де көрініп қойды. К. Мұхамедханов «Абай шығармаларының текстологиясы туралы» кітапшасын 1959 жылы жариялады. Ақын-жазушылардың таңдамалы шығармаларының жинактарын шығару да дәстүрге айнала бастады. Оларға алғы, соңғы сөз жазылып, әр шығарманың жариялану кезеңдері жөнінде түсіндірмелер берілді. Осындай толып жатқан жетістіктермен қатар, кемістіктер де кездесті. Осы уақытқа дейін әдеби естеліктерді молырақ шығару, әдеби өмір шежірелерін жасау, семинарийлер құрастыру, архив материалын ұзбей жариялап отыру, әдеби анықтамалар т. б. жасауды қолға алмағандығымыз көрінді. Солай бола тұрса да, туған әдебиетіміздің арғы-бергі тарихы мен бүгінгі көркемдік тәжірибесін жарқыратып көрсете алатын ғалым-сыншылар, сыншығалымдардың келбеті қалыптасты.

Софыстан кейінгі идеологиялық зорлық-зомбылықтардан құтылып, 50-жылдардың екінші жартысы мен 60-жылдардың үзына бойына ақыл-оіфа ептең болса да осындай толастың болуы біршама ірі де сүбелі істерді атқарып тастауға мүмкіндік берді. Сын мен ғылым қай жағынан болса да толыса өркендеуге мұрсат алған шақта жетелі де білімді, эстетикалық жағынан сауатты, ғылыми зерделі дарындар жауынгерлік сапқа тұрды. Олар оку ағарту, халық мәдениетін көтеру, қоғамдық сананы өрелету тұрғысынан едәуір қызмет атқарды.

Алайда бүкіл кеңес қоғамына келген тоқмейілсүдің аяғы тоқырауға айналған тұста сыншылдық ой көжірлене бастады. Алақолдылыққа салынып, ак пен қараның өзін көніл жықпастыққа бұра берді. Иркіле өркендеу көріністері кездесе бастады. Оны 1972 жылғы әдеби-көркем сын туралы қаулыда қазіргі өскелдең талапқа сай өркендей алмай отырғанымыз ашық айтылды. «Көнтеген мақалалар, шолулар рецензиялар шалағай, үстірт болып жүр, олардың философиялық және эстетикалық

дәрежесінің төмендігі көзге түседі, өнердегі құбылысты өмірмен салыстыра білмеушілікті көрсетеді. Сында күні осы уақытқа дейін идеялық және көркемдік бракқа, субъективизмге, жолдас-жоралық және топшылдық пифылдарға ымырашылдықпен қарau бой көрсетіп қалады» деп тапты.

Әдеби-көркем сынның жауынгерлік айбыны мұқалып, айтарының бұлдырылауы, әділет пен шындықтың бетіне кірбің түсіү, есеп-шот дегеннің әсемдік дүниесінің жоралғысына айналуы бүкілодақтық сында да, ұлт әдебиеттері сында да қылаң беріп, көзге түсіп, көптен бері әңгіме болып келе жатқан жай болса да, қаулыда айтылғандай дәл және қомақты көрсетілмеген еді. Осы жай КСРО Жазушылар одағының пленумында үлкен талқыға түсіп, шығармашылық проблемалар мен өнер өнірлеріне ізденіс жасау, тың қарқынмен өркендету жайы әңгімеленуге тиісті болды.

Әдеби-көркем сын, әрине, көвшілік ой-пікірінің жемісі. Бұл салада өзінің бар қуат-дарының әдебиет игілігі үшін сарқа жұмысайтын ақын-жазушылар мен сыншылардың, сондай-ақ көркемөнерге жаңы ашып, оның гүлдене өркендеуіне тілекtes әдебиетшіл қауымының бірлесе күш жұмысауы қажет. Осы уш арнадан басталған ақылой, сын пікірлер әдебиет тенізіне келіп құйылғандаған сын жанры өркендейді, әдебиетке өзінің ігі әсерін тигізеді. Оқырман қауымының үкім сипатты ойын былай қойып, қазақ сынының тарихына көз салсақ әдебиетті жасап, оның шығар биігінің межелерін меңзеген ақын-жазушылардың ойлары үлкен үлес косқанын көреміз. Олар өздерінің қаламдас жора-жолдастарының шығармаларына пікір айтқан уақытта қара қылды как жаратын әділдікке бара қоймағанымен де, әдебиеттің бүгінгі жай-куйіне, келешек дамуына қажетті ойларын айтып, эстетикалық пікірге өріс тауып беріп отырған. Үлгі-өнеге көрсеткен. Алынбай жатқан көркемдік қамалдарын нұсқап отырғаны анық.

Ал осындай қолғабыс қазақ әдебиеті әлемнің көркемдік сахнасына аяқ басқан дәуірінде ақын-жазушылардың айтары, көрсетер өнегесі азаюға, сарқылуға тиіс болмаса керек. «Болдық-толдық» деген ой әлдекімнің көкейіне үласа, ең сырайылап айтқанда, тоқмейілсуған болмак. Ондай ой-ниет еш әдебиетті мұратқа жеткізген емес.

Қазақ әдебиеті өркендеуінің жай-күйінде ойланарлық көріністер аз емес. «Ботагөз», «Оянған өлкө», «Абай жолы» әлі күнге дейін көркемдік тұрғыдан көп шығармаларға асу бермей отырғандықтан, ақын-жазушылардың бүгінгі әдеби процеске араласуы ауадай қажет. Оның жақсы бір үлгісі F. Мұсіреповтің «Ақсындырып алмайық, достар» атты 1971 жылғы ескертүйінде өзі сыншылық ойға едәуір екпін бітірді. С. Қирабаевтың, сыншы болып бастаған жас Ұзакбай Доспанбетовтың мақалалары, М. Дүйсеновтің «Алмас қылыш» романына жазған пікірі, жас сыншы Сағат Эшімбаевтың «Лениншіл жас» газетінде жариялаған өткір де ойлы мақалалары сын желіпнісін байқатып тастағандай.

Алайда ағынан жарылып айтар сын, ой-пінірлер емеуінен ғана аңғарылып, көніл жықлас көп сөздермен көмекслене бергені де өтірік емес. Тиіп-қашып, орағыта соғып айтқан пікірдің көздеғен нысанана да әл тимесі айдан анық.

Ақын-жазушылардың жауынгер сынға аз араласуы, өзінің құрбы-құрдастарының шығармалары жайында толымды ой-пікір айтып отырмауы сын жанрының қанат жайып кетуіне салқынын тигізуде. Бұл — мәселенің бір ғана жағы. Осы ымырашылдық пиғылдың салдарынан біздің әдебиетімізде «сын құрығын» мойнына салдырығысы келмейтін, ебін тауып өзін мақтап-мадақтатастын ақын-жазушылардың пайда бола бастауы. Бұл пиғыл көніл-ниет деңгейімен шектеліп қана қоймай, топтық әрекет-харекетке ұласып кеткен кездері де бар. Жалпы әдебиеттің қамы емес, жеке бір ақын-жазушының жандайшабына айналып кеткендер онсыз да жұқа сын беделіне нұқсан тигізді.

Расын айту керек, сын жазған уақытта жазушының дәрежесіне, тіпті мінез-қылышына қараушылық жіңі кездесті. Мұның өзі сын жанрында жалтақтаушылықты, «осының арты неге апарып соғады» деушілікті тудырды.

Кейбір ақын-жазушылардың принципті, жолдастық сынды дұрыс қабылдамауы, айғай-шу көтеруі, тасада тұрып домалақ арызбен сазайын тарттыруы, реті келгенде шайпау тілге ерік беруі, мұндай қысастыққа ұшыраған сыншиға тиісті көмек көрсетілмей келуі әдебиеттің зиянына шықты. Осындай жағдайда жібек орнына бөз жүріп, жалына қол арттырмайтын жазушылар көбейе берді. Сондықтан «әділ ескертпелерге кейбір авторлардың құлақ асқысы келмейтіндігі, өзін сыннан сырт-

қары қоюға тырысушилығы біздің өмір қағидаларына енген жат пиғылдың көрінісі деп қарау керек» деп бас мақала жазылуы («Правда», 26. 01, 1972) жақсылықтың белгісі емес еді.

Ақын-жазушылардың өздері әдеби процеске белсендеп араласпаудын туатын ең бір сорақы көрініс осындай. Бұған әлеумет еш уақытта төзген емес, төзе де алмайды. Сондықтан жазушы мен жазушы арасында, жазушылар мен сыншылар арасында шын творчестволық достық пен принциптік пигыл өркен жаймай, әдебиеттің мұнарасын биіктетеміз деген сөз әшейін жансыз ұранның жамылғысы ғана болып қала бермек. Мұндай жағдайда шын асылдың бағасы айқындалмай, жасық, боркемік шығармалар атаққа ие болып, дабырлана насиҳатталса, әдебиеттің жалпы көркемдік сапасын төмендете түседі.

Шын сылбырлығының ең үлкен бір себебі әдебиеттің өзіне байланысты. Шынын айту керек, 70-жылдары қазақ әдебиеті өзінің кешегі қуанышының табысымен өмір сүрді. Осы нигилистік сыңайы басым ой-пікір шындыққа негізделді. Біздің классикалық шығармаларымызға иық тірестіретін туындылар, олардың асуынан асып, көркемдік биғіне көтерілген шығармалар ол кезде бола қойған жок, Том-том болып жазылып, дара да қосақтала шығып жатқан кітаптар, тіпті ҚСРО сыйлығының иегері деген атаққа ие еткен шығармалар, шағын да дәмді туындылар, ойлы да өрнекті деп танылып, қалың көншіліктен ілтипат көріп отырған дүниелер оларды жарық дүниеге әкелген авторлардың қолы жеткен өз биігі, қазақ әдебиетіне қосқан өз әшекейлері ғана еді.

Осы түрғыдан қарағанда, қазақ әдебиетінің 60—70-жылдардағы даму процесінде екі түрлі сыңай байқалды. Барынша өндіре жазып, роман соңынан роман, повесь беріп жүрген авторларымыз алтынның жүйесіне түскен старательдер сияқты, керекті-керексіз рудаларды сыртқа шығарумен, оның сапалық сипаты мәнді болуына іждағат сала бермегені байқалды. Өнікті арна, өміршен тақырып тапқан авторлар өткен мен кеткеннің де, бүгінгі мен келешектің де құнарлы аңызына дән сеуіп жүргендей-ақ сезінді. Оны уақыт екшегенде қолда қалғандары өте аз.

Ал енді кейбір жазушылар аз болса да мәз болсын деген принципті ұстанамыз деп, ұтымды қаламдарын қажетсіз тежеуде. Бір шығарманың өзін індете де төлдете бермекке бел буды. Міне, сондықтан әуелінде роман,

повесть болып жарияланған туынды бірде пьесаға, бірде киносценарийге, бірде радио-теледидар бүйымына, тіпті опера либреттосына айналып кетті. Оған Э. Нұрпейісовтің «Қан мен терін» мысал етуге болады. Мұндай пиғыл күшті насиҳатпен толысып, жандайшап, жар салушы сыншылар тобын жасақтап та үлгірді. Ұзақ уақыт бойына бір автор бір шығармадан арылмағандықтан, оның шығармашылық белсенділігі бәсендеп, жүрсе-тұрса ойлайтыны бір қазыққа ғана байланып қалды.

Ал сын әрқашан әдебиеттің шыққан биігін танып-білу, оны қалыптастыру, алынар қамалды бағдарлау мақсатын көздейтінін ескерсек, көбіне-көп әдеби процеске тәуелді болатындығын ұмытпасақ, оның сол кездегі тіпті қазіргі жай-күйі өзінен-өзі айқындалады. Міне, осындай кезде толмаған Толстойлар мен шала Шекспирлерді насиҳаттау, дүниеге келтіру, таныту процесі басталмақ, 70—80-жылдарда осындай жайлар көп болды.

Әдебиет тарихы әуелі сыннан басталып, содай кейін көркем шығармаға кенелген кезенді тарих білмейді. Пушкинсіз Белинский болмайтының айдан анық. Эрине қолына қалам ұстағандардың бәрі Пушкин, оны түсінеке білгендердің бәрі Белинский емес. Алайда сабасына қарай піспегі болары даусызы.

Осы түрғыдан келгенде қазақ әдебиетіндегі сынның тармақтана да салалана көріну-көрінбеуі әдебиетіміздегі ізденіске тікелей байланысты. Эрине, өзіміздегі жетіспеушілікті басқа әдебиеттердегі тәжірибе-практикалардан анғарып, анау жоқ, мынау аз деп жар салу қажет те болар, бірақ шындықтан секіріп өтер ешкім жоқ. Сыншы ойын қанаттандырып, кең жазира жайлауға бастағын да, немесе тығырыққа тірейтін де өз әдебиетінің бүгінгі болмысы. Сол болмыстың жетіспегенін іздестіру, мол игілікке қол жеткізетін өрелі биіктерді мензеу, аяққа оралғы болғандарға да, машыққа айналған штамптарға да қарсы күресіп, ілгерінді жағаға жол бастау сынның негізгі арқауы. Осыған ұмтылған, кейбір ретте әдеби процеске демесін жасауға талпынған сын жауынгерлері болғанына көз жұмып қарауға болмайды. Қалай десек те, сыншылар әдебиет мүддесі жөніндегі иғі талаптан тайып, әр ақын-жазушының жазғанын мактау не даттауға ден қойып кетсе, домалақ сын да, жәреуке сын да, ожар сын да көріне бермек. Сыншылар есепшартқа көп жүгініп, алақолдылыққа салынған шақта газет-журнал бетіндегі сынның авторы кім және қай

шығарма туралы пікір айтып отырғаны аян болса, оның қалай жазыларын, не айтарын алдын ала топшылауға болатын көрінеді. Міне, бұл сынды өсірмейтін кеселғана емес, жалпы әдебиет дамуына кесапатын тигізетін жүқпалы дерт. Бұдан арылмай шығарма шындығын айту, оның табиғатын тану мүмкін емес.

Көркем шығарманың жансырын ұфуға әділдік пен адалдық жетіспегендеге қын-жазушыға қошеметші көніл білдіруден, әдебиеттің былай қойғанда, алдымен мақтаған қаламгерге, қала берді мадақтаған сыншыға ешбір абырай жоқ. Өйткені құдіретті уақыт пен талғамы күшті оқушы оның бәрін өз орнына қойып, үкімін шығараады. Эрине белгілі бір шығарма жөнінде әр қылыш түсінікті талғам болады, бірақ оған пенделік есеп-шот араласпағаны дұрыс.

Әдеби-көркем сынның мұндай қүйге душар болуының субъективтік себептері де болды. Шынын айтқанда, көптеген сыншылардың дүниетанымы, жалпы мәдени дәрежесі, тіпті, эстетикалық білігі биік деңгейден табыла бермеді. Бұл арада жоғарғы мектептің, кейбір реттердеғылым кандидаты мен докторының дипломы мен Қазушылар одағы мүшесінің билеті шарттығана рөл атқаратын көрінеді.

Эстетикағылымының негізін жете білмей, принципті пікір айтуға, жалпы мәдени дәрежесі жоғары болмай, әділлітті де терең сын жазуға, әдебиет әлеміндегі процесстер мен құбылыстарды жыға түсінерліктең талғам үштальмай көркем шығармаға білікті талдау жасау мүмкін емес. Осы қасиет табылмаған жерде сыншылдық ойдың жауапсыздығы тумак. Шығарманың жанын түсінбей пікір айту, сол автордың ар-ұятын былай қойғанда, бүкіл сынның беделін түсіруге апарып соқтырады. Адалдық пен әділліктің басшылыққа алмай баяғы ру тартысындағы партиягерлікке салыну, топтық мақсатқа бой ұрудың кездесуі, редакцияның өтінішімен емес, автордың талабымен жазылатын сындардың көрінуі сынға көп нұсқан келтірді. Бірақ тоқырау пиғылы оған назар аудартпады.

Сайып келгенде, көркем шығармаға байсалды, білікті пікір айтып, әдебиеттің ілгері басар қадамын жеделдеткісі келетін сыншылар ең әуелі өзінің «шаруашылығын» дұрыстап, эстетикалық талап-талғамын жетілдіруі керек. «Әдеби-көркем сындағы кемшіліктер көп реттерде маман кадрлардың жеткіліксіздігінен туып жүр» деген ойдың

растығы осында жағдайда көрінді. Университеттерде, әдебиет пен өнер институттарында, гуманитарлық жоғары оку орындарында студенттер мен аспирантардың сын саласына мамандануы үшін қажетті жағдайлар жасалмақ болғаны бұған нақты дәлел.

Әрине, сынның тындырғанын проценттеп, тонналап есептей алмаймыз. Ондай құдірет тек уақыт таразысында ғана бар. Алайда 70-жылдағы көркемдік сұраныстарды нақты іске асыру жолындағы үйымдастыру шаралары біраз болғандығын да бүктесінде қалдыруға болмайды. «Жазушы» баспасы сын редакциясын ашып, оған оңаша отау тігіп берді. Демек сынни еңбектерді жариялау ісі жоспарлы негізге қойылды деген сөз.

Жыл сайын 15 баспа табақ көлемінде «Уақыт және қаламгер» атты сын жинағы шығарылып келді. Оның алғашқы кітаптары шыққан кезде Жазушылар одағының сын секциясы олардың сапасы, көркемдік әүселесі жайында жиын өткізіп, кем-кетігін талқыға салды. 1976 жылдан бастап бұл дәстүрді одан әрі жалғастырып, тақырыптық негізде жинақ шығару тәжірибесі қолға алынды.

«Жұлдыз» журналы көлемі үлкейтілгеннен кейін сынға едәуір көңіл бөлінді. «Жалын» альманы мен «Лениншіл жас» газетінің қабындаған жас күшке мұрындық болып, ақыл-кенес қана емес, кейде ұтымды да өткір сындар жариялада отыруы да қатты қуантты. Сыншылар есебін әрдайым тыңдал, әр дарынның өнерпаздық келбетін жолдастық пікір талқысынан өткізіп отыру да құптарлық қадам болды.

Тоқырау жылдары сыншылардың жіліктеп айттар ойын көңіл жықпастыққа бұра берді дегенімізben, әдеби-көркем сынның алымы да, аумағы да кеңігенін антармау ағаттық болар еді. Өнердің бар саласы сынни ой-пікірге азық болуга жараган тұста театр сыннанда тарихи тереңдік байқалса, музика сынны қөбіне ән текстері деңгейінде әдебиетшілердің қатысуымен атой салып қойды. Бейнелеу мен сәулет өнерлерінің мәселелері де анда-санда әңгімеленіп жатты. Ауыл-село мәдениетін көтеру, оның келбетін ажарлау, қолөнерін жандандыру, эстраданы ғүлдендіру жайы да сыншылық ойға өзек болды.

КОКП Орталық Комитетінің 1972 жылғы әдеби-көркем сын туралы қаулысы азды-көпті қозғау салып, болар-болмас жағдай жасағанымен ниеті теріске бұрылған

сын жөндөле қоймады. Әсіресе, өмір тәжірибесі бар кексе сыншылар көңіл жықпас мадақтау сынына қарай бұрыла берді. Өйткені жәреуке декларация шындыққа жана спай жатқанын бірден аңгарды да «сынайы сұлу» болғандарын қалады. Партияның да қоғам алдындағы беделі осы тоқырау жылдарында құлдырауға бет алды. Партия мен үкімет басшылары елдің қамы, қоғамның келешегі деген асыл мұраттарды жеке қара бастарының тілек-талабына бейімдеді. Той-домалақ, жиын-жиналыстарда сөйлеген сөздерінде екі аяқты пендे екендіктерін теледидар арқылы әлемге танытты. Сын, өзара сын алдымен басшылар ортасынан жоғалды. Әлдекалай шектен шығып, қырықтанған біреу болмаса жоғарыдан төмен сынау фана орын алды. Қадап айтылмаған қаукарсыз, зілсіз сын сипай қамшылаулар көбейді. Көніл жықпастық пен жең ұшынан жалғасу, тіпті династиялық билеп-төстеудің үлгісін жоғарылар үлгі етіп көрсеткенен кейін ебі барлар қарап қалмағы былай тұрсын, олардың өзінен асырып жіберді. Сөйтіп қоғамның пиғылы бұзылды.

Осындай жағдайда сыншыларды «шаруашылығына қара, шынынды айт» деп қанша қинағанмен ұсақ-түйек-пен алдағанмен, әлеумет тірлігінен жоғалып бара жатқан сынды қайтадан қатарға косуға жан сала қойғандар өте аз болды. Міне, сөз бен істің бір-бірінен алшактауы қоғамдағы жайсыздықтың алғашқы көрінісі болды да сынни ой-пікірі барлар күн көрудің амалына, «Заманың тұлқі болса тазы бол шал» деген қағида жолына еріксіз бұрылды. Сын бауырын көтере алмады, жалғандықтан, жәреукеліктен іргесін бөле алмады. Осыны тиімді пайдалана білген ақын-жазушылар мен сыншылар шен-шекпен, атақ-даңққа белшесінен батқан бүкіл әдебиетіміз, әсіресе, сыннымыз үлкен жапа шекті. Әдеби процестен көз жазуға дейін барып қалған тұсымыз жоқ емес.

Міне, осындай кезеңде әдебиеттану ғылымы ағалық көрсетуге тиіс болды және ол міндетін белгілі бір шамада атқара да алды. «Жасының келіп қалғанын» сылтау еткен ағаларды, шетінен ғылым докторы, әр түрлі ғылыми дәрежеге ие болған 50-жылдардың жасағын былай қойғанда, 60-жылдар сапқа түрғандар «бұлаң қүйрық олай емес, бұлай болады» дегенді мықтап көрсетті. Жастық аңғалдықпен 70-жылдарда сынға араласқандар танылып алғанша даңғазалы майданда журді

де, бұл өнермен «бала-шагасын» асырай алмайтынын сезген соң ғылымға не әдебиеттің басқа жанрларына тайып отыратындар көбейді. Бұл процесті қайта құрудың сөзуар жылдары да түзете алмады.

Қоғамда азырап бос қалатын қуыс болмайды. Оны толтыру әрқашан табысты бола бермегенімен, әлеуметтің көңілін аулауға жарап қалатыны да болады екен. Міне, осы жай қазақ әдебиеттану ғылымында кездесті де, іркіле де қинала өркендеу процесін жалғастыра берді. Оған ең алдымен 1960—67 жылдар аралығында 300 баспа табактай «Қазақ әдебиетінің тарихын» жасаған ғылыми жетістікті дәлел ету керек. Сол кезеңде мектепті былай қойып, жоғары оқу орындарын оқулықпен то-лық қамтамасыз ету мәселесі де шешілген-ді. Ол оқу құралдарының көбі әлі күнге дейін қолданылып келеді.

Сонда ғалым-сыншылар 70—80-жылдарда не тындырыды, қандай мәселелерге назар аударды дегенді шыққап кітаптармен көрсетсек үлкен жетістікке ие болған сияқты сезінеріміз хақ, бірақ олардың көбі бұрын айтылып-жазылғандарды тереңдету, жан-жақты қарастыру екенін аңғармай қалу қын. Әрине азын-аулақтың дүниелер де кездесіп қалғаны бар.

Ең бір қуаныштысы, кітап шығаратын баспа көбейді. Жоспарлы негіз болған соң сан жағынан біркүйдіру олжана батқанымыз да рас. «Жазушы» баспасы сын жинақтары мен ғылыми-зерттеу жұмыстарына едәуір көніл бөлді. Соның арқасында М. Қаратаев, С. Кира баев, Р. Бердібаев сықылды беделді сыншыларымыз таңдамалыларының екі-үш томдықтарын шығарды. Сын мен ғылымда өнімді қаламдарымен көрінгендердің жинақ шығармағаны жоқ десе де болады. Абай, Мұхтар, Сәбит тағымдары жеке жинақ болып шықты. Азғана жыл ішінде «Қазақ халық әдебиеті» сериясымен батырлар жыры, дастандар, ертегілер, айтыстардың көп томдықтары шыға бастады. «Жайсаң жандар» циклімен Жамбыл, Бейімбет, Сәкен, Мұхтар, Сәбиттерге арналған жинақтар жарық көрді.

«Жалын» баспасы 1976 жылдан бері «Өнегелі өмір» сериясын там-түмдал шығарып келеді. Оның тұңғышы Сәкен, одан кейін Баймағамбет Ізтөлин, Шоқан, Қанышсынды ардақтыларымызға арналып, орысшадан біраз кітаптар аударылды. Сондай-ақ «Сөзстан» мен «Уақыт және қаламгер» жинақтары жалғасын тауып отыр.

«Өнер» баспасы «Өнердегі өнегелі өмірлер» циклі

бойынша Қалибек, Жұсіпбек, Серке, Садық Қерімбаев, Бақытжан Байқадамов, Шәкен Айманов, Илияс Омаров жайлар деректі ғұмырнамалар шығарып өнер қайраткерлерін еліне таныстыра бастады. «Рауан» баспасы орта мектептердің әдеби оқу құралдарымен қамтамасыз ету үстінде «Сенің сүйікті жазушың» деген серия шығарса, «Ана тілі» баспасы «Қазақ әдебиетінің тарихы» деген циклді қолға алды. Окулық пен хрестоматия шығару арқылы жоғары оқу орындарының зәрулігін өтемек. Қай баспа болмасын қазақ тарихының әр кезеңіне, әсіресе, қолдан жасалған нәубет, зауалдарға, актандактарға арнап аты жинақтар жариялауда.

1985 жылдың сәуірінен бастап ақын-жазушылардың да, ғалым-сыншылардың да, баспалардың да идеялық-өнерпаздық тынысы кеңіді. Қөптеген игілікті, әсіресе, халықтық мұраны жариялау саласында көптеген табыстарға жеттік. Оны зерттеу саласы да едәуір алға басты. 1972 жылы М. Фабдуллин басқаруымен шықкан «Қазақ фольклористикасының тарихы» жинағы 1988 жылы «Қазақ фольклористикасының тарихы» (Революцияға дейінгі кезең), 1991 жылы Ә. Коңыратбаевтың «Қазақ фольклорының тарихы» болып тарамданып әрі терендеп кетті.

Жариялық заманындағы ұлы олжа — қазақтың Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов сынды рухани көсемдері, Шәкірім Құдайбердиев, Мағжан Жұмабаев, Жұсіпбек Аймауытов, Ғұмар Қарашев, Нармамбет Орманбетовтей ұлы ақын-жазушылары тарих сахнасына қайта оралып, тандамалы еңбектері жариялануда. Ғалымдардың іждағатымен шықкан монографиялар мен зерттеулер бірқыдыру. Сын саласындағы алақолдылық, батылсыздық әдебиеттанудағы осындай ұнамды көріністермен орын толып жатқандай болса да, қазақтың эстетикалық ой-пікірі шарықтайтын заман алда. Оған қоғамдық-әлеуметтік жағдай жасалды. Қазақ елінің тәуелсіздігі мен егемендігі баяғыдан бері тұсалып келген ойдан, шідерленген пікірдің есесін қайыруға тиіс.

Сын — өнер, өнер болғанда өте қын өнер. Белинскийден бастап бүгінгі белгілі сыншыларға дейін сыншылардының өте сирек кездесетін талант екенін, сыншы болу ең қын да жауапты әлеуметтік-эстетикалық міндет екенін, әрқашан қыл көпірмен жүргуге тұра қелетіндігін айтқандар, жазғандар көп. Сондықтан елдің көnlін табу одай емес және біреууге үнай қояйын деп жарбақтау да шын сыншыға жат қылық. Эдебиеттің өгей ұлы

емес, бел баласы болса да оңайлықпен мойындала қоятын, оқығандар түгел қоя қоятын өнер емес, бойындағы дарын қуатын сарқа жұмсайтын, талас-тартыс, дау-дамайдың додасына түсіп, ой-пікір сайсында шындалатын өнер. Луначарский айтқандай, қалын оқушы жүртшылықтың көркемөнер еліне жіберілген төтеше елшісі болу бақты қолына қалам алған, бірді-екілі оқығанын мадактай не даттай жазған адамға емес, тыныссыз ізденетін, жақсылықтың жаршысы, кемшиліктің қас дұшпаны болып жүретін шын ер жүрек дарындарға ғана бұйырады.

Көркемдік тәжірибеде шын сын, өміршен де алғырын шын мәніндегі көркем туынды төңірегінде атой салатыны белгілі. Дұрыс айту, дәл танумен қатар керегар пікірлерде болып жатуы занды. Оқушылар да, жүртшылық та бір шығарма жайында «қызыл кеңірдек» болып жатуы мүмкін. Оны қорыту, түйіндеу үшін уақыт керек. Бұған дәлелді алыстан іздеудің қажеттігі жоқ. Мәселен; «Ботагөз» романы шыққанда азғана сыншыларымыздың өзі қак жарылып, бірін-бірі түсіне алмай жатқанда оқушылар жазушыға 7653 хат жазыпты. Тап осындағы оқиға «Абай жолы» эпопеясы төңірегінде де болды. Тіпті кейбіреулер өзінің қысыр ойларына саяси астар бере жазғаны да тарихқа белгілі. Осындағы ұнамды көріністің шет сілемі I. Есенберлиннің тарихи трилогиясы төңірегінде де кездесті.

Сынды азұлы да алғыр етудің бір амалы — жазушы — оқушы — сыншы ынтымағын нығайтқанда ғана құнарлы көркем шығарма туып, ойлы да әділетті сын пікір айтылғанда ғана оқушы көңілі жайланаады. Септемврь, ықпал ете дамудың сәнді көрінісі сонда жарқырап көрінеді.

Сынды тек қана сынау құралы деп түсіну қателік. Сынның ең әуелгі және негізгі мішдеті — әдемілікті, сұлулықты, жарастықты, парасаттылықты, көркемдікті қастерлеу, жақсыга қуану, жаманға қамығу, гүлденер өнерге колғабысын тигізу, теріс жолдан сақтандырып, онға бастау, бағыт-бағдар сілтеу. Ертеден кешке дейін мінегіш, кем-кетікті ғана көргіш, айыптағыш сөздер айту шын сынға жат. Сынның айбындылығының өзі көркемдікті қастерлеу арнасынан табылады.

Әдебиеттің белгілі бір жанры болып қалынтастан шақта бәрі де мұнтаздайдай, төрт құбыласы түгел, айыл-тұрманы сақадай сай болады деп түсіну қате. Жанрлық түр-формалар бірден классикалық үлгіде пайда бола-

қалмайды, іздену, қарбану, талаптанумен жетіледі, көркейеді. Сын жанры жалғыз қазак әдебиетіндеға емес, басқа әдебиеттерде аз зерттелеуде. Әсіресе, оның теориясы, методикалық негіздері жайындағы ой-пікірлерде нақтылық жетіспейді. Әр ақын-жазушыға «олай жазбай, былай жаз» деген нұсқау берілмейтіні сияқты, әр сыншы да өз дарынына, өз куатына қарай қарманады, ой толғайды, пікір түйіндейді. Жалпы эстетикалық принципті, көркемдік заңдылықты басшылыққа алып, қоғамдық сананың әр саласындағы ізденістер мен жаңалықтардың бәрін ескеріп отырады. Шын сыншыға шын мағынасындағы әмбебаптық қажет. Мұның бәрі бір тұлғаның бойынан әменде табыла бермейтіндіктен сыншы жайында, сын туралы айтылар ой-пікірде көнделік болмайды. Оның үстіне, сын қаншалықты мәнді де айбынды болғанымен, «тұзы жеңілдеу» жанр екені тағы бар. Соңдықтан да сын төңіреғіндегі әңгіме еш уақыт толастамайды, ол өзінің осы мінез-қызығымен қызықты да өміршең. Сынап та жатады, сыналып та жатады. Ой толғанысы, пікір сайысы токтамақ емес. Осыдан да болу керек, күні бүгінге дейін сын жанрының өз теориясы жан-жакты зерттеліп, эстетикалық қанонға айналған жок.

Сонымен, сынның жанрлық қалыптасуынан кейінгі ұзақ даму жолын шолғанда екінші дүниежүзілік соғыстар жеңіспен шыққанмен коммунистік идеология өзінің қиястырына қайтып оралып, ойға тұсау салып, сынды шідерлеп келгенін байқаймыз. Бұл дәүірде космополитизм мен күрес Қазақстан жағдайында ұлтшылдықты ауыздақтау деп түсінілді де, әдеби мұрадан іргені алыс салуды уағыздадық XX съезд берген болар-болмас жылымықта дүр сілкініп, едәуір іс тындырған ғылым мен сын тоқырау кезінде жәреуекелікке ұрынды. Әрине, әр жапралың, соның ішінде сынның өзінше жетістік-кемістігі болып жатқаны байқалып, 1985 жылғы қайта құру кезеңіне жеттік. Тиянағы жок жел сөздердің дауылы көтерілгенде сын жанрына қосылар материалдар болмады емес, болды, бірақ көркемдік түрғыдан шын тұщынатын дүние бере алмағанымызбен тарихи олжаға баттық. Арыстарымыз арамызға оралып, өткенімізді сарапқа салуға мүмкіндік алдық. Оған Шәкірім, Ахмет, Міржакып, Мағжан, Жүсіпбек шығармаларының ақталуы, онан кейін әдебиет пен өнер мәселелері бойынша алынған қаулы-қаардаң күшін жою әрекеттері шірік идеология, қияс қимылдардың күні өткенінің белгісі болды.

Армандаі аңсаған азаттық қазақ еліне күтпеген жерден бұйырып отыр. Тәуелсіз, егеменді елдің ақыл-параты енді еркін де қомақты болары сөзсіз. Сыннан тұсай, ақыл-санадан шідер алынды. Елдігімізді бар сала-да танытатын жарық күн туды.

Бесінші тарау

ӘДЕБИ МҰРАНЫ ИГЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРИ

Әдеби мұраны игеру мәселелері — қазақ әдебиетіны мен әдебиеттану ғылымының туу, қалыптасу, өркендеу кезеңдеріне түгелдей қатысы бар, ең негізгі және көп уақыт бойына қиоян таптыра қоймаған эстетикалық-ғылыми сала.

Қазақ әдебиетінің өркендеу барысында бұл проблематек сынышылық ой-пікір ауқымында ғана көрініп қоймай, өнерпаздық тәжірибеде тарихи сабактастық заңын сактағанын байқаймыз. Соңдықтан теориялық ой-пікір мен көркемдік тәжірибе арасындағы алшақтықты ғана емес, олардың қалайша астарласа қабысып, даму желісін үзбекендігін аңғару шарт.

Пролеткульт сыңайымен ауыз әдебиетінің бай үлгілеріне, тіпті Абай шығармашылығына шет қақпай көрсетіп, ат-тонын ала қашып жүргендердің өздері қаламгерлік жағынан олардан үлгі-өнеге алғанын, яғни ғасырлар бойы қалыптасқан әдебиеттің ұлттық дәстүрін жетілдіре қолданғанын көреміз. Өйткені көркемдік дүниесіндегі тарихи сабактастықтың сыйзықтар қосылар сайсаласы мен қарым-қатынасы мол. Мұнда «мұрагерлік салты» әрқашан қатаң сакталады. Жаңа түр, жаңа тәсіл әбден орныққанға шейін сол жаңаңың өзі ескінін бауырында, «күрсағында» өсіп-өнетін диалектика заңына бағынады. Мұрагерліктің негізгі арқауы — шығарманың мазмұнына емес, көбіне-көп көркемдік түріне байланысты.

Мәселен, Абай қазақ поэзиясының мазмұнына, түріне, өлең өрнегіне талай жақалықтар енгізгеніне қарамастан, қазақтың өлең құрылсын мүлде өзгертіп жіберген жоқ. Оның бөленген бесігі әбден таныс. Ал тәңкерішіл әдебиеттің өкілдері жаңа заманға лайық жаңа түр табамыз деп өрекпіп, талай тәніреккеке барлау жасаса да, оның негізгі ариасынан сыйылып кете алмады.

Әйткені әдебиет саласында ғасырлар бойы қалыптаскан дәстүрді аз уақыттың үрдіс қымылымен өзгерту қын.

Сондай-ақ пролетариаттың жаңа мәдениетін жасаймыз деген әрекеттің «қөне тұрмен» өзгеруге тиісті болғаны, тіпті ескі формалар арқылы көрінуі де осыдан. В. И. Лениннің әсемдіктен безбеу, қөненің бәрін мансұқ ете бермей, қайта оған мән-магына беру жөніндегі ойлары осының айшықты дәлелі. Қанша қөне заманың бүйімі болса да, шын әсемдік пен сұлулықты сактау керек, оны үлгі тұту қажет. Бұғынғіні одан әрі ажарландыра, гүлдендіре беру үшін бастау, қайнар бұлак ретінде пайдаланған абзал. Сондықтан әдеби мұрадан безбей, қайта оны бұғынгі күннің кәдесіне жарата білудің айла-амалын табуга тиіспіз.

1. ӘДЕБИ ӨРКЕНДЕУДЕГІ ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҚ

Қазан төңкерісі мемлекет құрылышын тез өзгерткенмен адамның қалыптасып қалған дүниетанымын маркс-тік-лениндік көзқарас рухына түсіреміз деп жанталасқанмен көздеген мақсатқа оп-оңай жете койған жок. Корқыту-ұрқіту, зорлап тану процестері әрине елеусіз кетпеді, алайда эстетикалық таным біртіндеп бұрыла бастағанмен өзінің «ескілігінен» құлан таза кол үзіл кете алмады.

Әлеуметтік өмірдегі адудынды жаңалықтар әдебиет саласында әр қылыша жаңа түрді, жаңа тәсілді талап етті. Бұрынғыша мимырт қозғалмай, замана ағымына сай келетін екпінді түр, бұрынғыдан өзгеше де әсерлі сөз керек деген қисындар айтыла бастады. Пролетариат мәдениетін жаңадан жасамақ болған үйымдар өздерінің ой-пікірлерін насыхаттай бастады. Бұрынғы мәдени-әдеби мұрада үстем таптың қолтаңбасы бар, одан безу керек, қирату, жою керек деген нигилистік пікірдің дауылы көтерілді. Осы сыңай ғасырлар бойы қалыптасып келген мәдени дәстүрлерді мансұқ етуге апарып соғып, көп мәселеде опық жегізді.

Бұл көңіл-сыңайға қазақтың жас жазушылары да бой алғызды. Олар В. И. Лениннің әрбір ұлттық мәдениетте екі мәдениеттің сілемі болады, соның демократиялық-социалистік элементтерін қолдау керек деген қисының басшылықта алып, дуылдатқан кез аз емес. Оның мәнін жыға түсінбей, қателікке ұрынғанымызды әнді аңфара бастады.

Пролеткульттардың осы көңіл ауанына қарсы қазақ түрмисының мұртын қисайтпай, ескінің бәрін сол қалпында сақтауымыз керек деген көзқарасты насихаттаушылар да болмай қалмады. Эсіресе, ауыз әдебиеті үлгілерінен әр түрлі жинақтар шығарып, еңбектер жазып, мазмұнын өз мақсаттарына ыңғайлай өзгерген кездері де болды.

Төңкерісшіл жазушылар бұл әрекеттің мән-мағынасын түсінудің орнына әуелінде ескі мұрадан іргесін аулақ салуға талпынды. Ауыз әдебиет өкілдеріне, әсіресе Жамбыл, Нұрпейіс, Доскей сияқты халық ақындарына назар аудармай қойған, олармен байланыс жасаудән тартынған шақ та жок емес.

Бұлар негізгі объективті себеп болса, субъективтік жағынан келгенде, көп ақын-жазушыларымыздың ташылдық көзқарасы қаншама айқын бола тұрса да, жалпы білім дәрежесі өрелі биіктен табылмағанын жасыр-мағанымыз жөн. Жаңа өмірдің негізгі келбеті айқындалып, ақын-жазушыларымыздың білім-парасаты көтерілгенше талай ұнамсыз іс-әрекеттің көрініп қалуына жағдай болды.

Сонымен қазақтың әдеби сыннының жанрлық қалыптасу дәүірінің алғашқы кезеңінде мәдени-әдеби мұраны игеру мәселесінде екі түрлі бағыт болғанын байқаймыз. Бірі — «бірыңғай ағым теориясы» («теория единного потока»). Ауыз әдебиетінің мән-мағынасына, озығы мен тозығына назар аудармай бәрі де халыққа керек деген қысынды айтты.

Мәдени мұраны игеру саласындағы екінші қателік — пролеткульшылдар таратқан нигилизм. Дәрекі социологияға бой алдырыған, орынсыз солшылдыққа салынған сыншилар мен зерттеушілер халық мұрасынан қаны тамып тұрған тапшыл көзқарасы бар, кедейдің жоғын жоқтаған шығармаларды талап етті. Сөйтіп адамгершілігі бар бай, ақыл-парасаты биік ақылды хан, иманы бетінен төгілген қожа-молда атаулының бәрі халық жауы болып шыға келді. «Әдебиет ғылымындағы түрпайы социологиялық саясат пен мәдени өмірде көрініс берген әр алуан «солшылдыққа» тікелей байланысып жатты» деп баяндады 1968 жылғы «Советское литературоведение за 50 лет» атты коллективтік жинақта. 1920 жылдардағы әдебиеттану күрделі мәселелерді шешүге әлі дайын емес еді, сондыктан да зерттеп отырған әдеби құбылыстың тереніне сүңги алмады. Оларды зерттеген

кезде төтесінен тартып, қатаң да жайдақ социологиялық талдау жасау (сол кездегі РАПП-тың сынның схемалық ұрандарын әдебиет тарихы саласына тікелей қолданған тұста) мәдени және әдеби мұраның мәнін едәуір төмендетуге, халықтың рухани тілегі мен социалистік мәдениеттің идеалына қарама-қарсы қойып алуға апарып соқтырыды» (18-бет).

Ауыз әдебиетінің тамаша үлгілеріне, ертеде өткен ақындардың шығармашылығына тиісті ілтипат бірден білдіріле қоймағаны тарихи шындық. Өткен дәуірдің көп қайраткерлерінің аты қара тақтаға жазылуы немесе қазақ әдебиеті өзіне-өзі үлгі-өнеге бола алмайды, фольклорлық шығармалардың көбі үстем тап идеологиясын жырлайды, халықтың бүгінгі тіршілігіне жана спайлды деген пікірлердің онды-солды айтылуы, сайып келгенде, пролеткульт таратқан нигилистік көзқарастың сілемі болатын. Мұндай «солшылдық» қазақ сынны мен әдебиеттануда тек 20-жылдары ғана емес, кейінгі уақытта да бой көрсетіп қалғанын, оның кейбір рецидивтері кеңес империясы құлағанға дейін кездесіп қалып жүргендігін жасырмадан абыз. Оның шет жағасы қазақ әдебиетінің, әсіресе, көне дәуірі жөніндегі ой-сыңайлардан әлі де байқалады.

Демек, мәдени-әдеби мұраны зерттеу, оны халық пайдасына асыру, эстетикалық таным-біліктің бір мәнді арнасы деп тану, оның озық үлгі-өнегесі мен дәстүрінен үйрену бір күнде сабасына түсіп, шешімі табыла қоятын оқай мәселе емес.

Халық жасаған мәдени байлықтан ат-тонын ала қашқан пролеткультшыларға қарсы жазған еңбегінде В. И. Ленин пролетарлық жаңа мәдениетті ойлап табу қажет емес, бұрынғы мәдениеттің озық үлгілерін, дәстүрлерін, нәтижелерін марксизм дүниетанымы тұрғыснан, пролетариат диктатурасы дәуіріндегі тіршілік пен күрестің шарттарына қарай дамыта тұсу қажет екенін (Шығ. жинағы, XXXV, 148-бет) ескертіп, осы ойын 1920 жылы комсомолдардың III съезінде айрықша айқындықпен тұжырымдаған-ды. Көне мұра жөніндегі ойның түйіні дұрыс болғанменен, тапшылдық қарауылды мықтап қойды.

Маркстік сынның принциптерін насиҳаттап, тұжырымдауда аянбай еңбек еткен А. В. Луначарский өзінің көптеген мақалалары мен сөйлеген сөздерінде: «Көркем-өнер саласына келгенде, пролетариатты адамзаттың

кеменгерлігімен жасалған тамаша лұғатты шығармалардан макрүм қалдырмауымыз керек.

Біз осы салада екі қателікті кездестіріп отырымыз... Кейбір адамдар «ескі» ғылым мен «көнө» өнерді насихаттауды буржуазиялық талғамға, қарғыс атқан культуртегерствоға жол беру, социалистік җас организмді іріп-шіріген ескіліктің арам қанымен уландыру деп туңнеді...

Ал енді жалпы ғылыми және жалпы өнер саласымен шүғылданушы адамдар егерде осыларды жамап-жасқап, сыртын маркстік социологиямен, коммунистік программамен сылап-сипап жіберсе, бізге керекті нағыз пролетарлық дүние болып шыға келер еді деп біледі» (Шығармалар толық жинағы, 7-том, 206, 207-бет) деп екі жалған жолдан сақтандырган болатын.

Адамзат мәдениеті мен әдебиетінің дамуындағы тарихи сабактастықтың мәнін дұрыс түсіну, оны пайдалану ескі мен жаңаңың тартысы, күресі арқылы көрініс берді, кейбір ретте артық сілтеп, кем бағалауға апарып та соқтырды. Соның салдарынан қазақ әдебиетінде «бірыңғай ағым теориясы» мен нигилизм бой көрсетіп, мәдени-әдеби мұраны игеру проблемасын оңтайлы шешіп алуға көп салқынын тигізді.

Әдеби мұра және игеру жайын әңгімелеген уақытта, ең күрделі проблемаға, яғни көркемдік дамудағы тарихи сабактастық (историческая преемственность) мәселесіне айрықша назар аударған жөн.

Адамзат тарихы, оның ішінде көркемдік даму заңдылығы ешқашан да ойдым-оидым, үзік-үзік құбылыстардан құралмайды. Оның өсіп-өркендеу процесінде тарихи желі әрқашан да сақталып отырады. Өйткені қай елдін болмасын тарихи өсу-өркендеу процесі, тіршілік арнасы үзік-үзік болмай, бір-біріне жалғасып жатады. Эрине, ондай даму процестері ылғи мәнді де ұлы құбылыстармен көріне бермейді, сылбыр да мимырт процестері де кездеседі. Қалай болғанда да өмір арқауы үзілмейді. Осы заңдылықты жыға түсінбеген, оның негізгі талабын қатаң сақтамаған жағдайда барды жоқ етіп алу да кыны емес.

Сонсын, халық тарихы ылғи да бір қалыппен өрбі бермейді. Халықтың басына түскен замана тауқыметі оның әдет-ғұрпын, дәстүрін сол күйінде сақтата бермеуі де мүмкін. Мәселен, Шыңғыстың жойқын соғыстары қазақ даласы үшін апatty қасіретті болғаны, «актабан

шұбырынды» кезінде талай мәдени мұрадан көз жазып қалғанымыз белгілі. Ал қазақ халқын құраған тайпалар мен рулардың, олардың ішінде қыпшақ сияқты тарихқа белгілі тайпалардың мәдениеті жайында біздің білеріміз елі аз.

Әмір сорабында талай қыншылыққа үшыраған халық жайында, оның мәдениеті жайында әр түрлі пікірлер айтылған. Қазақ сахараасын аралаған орыс, шетел, ориенталистеріне көшпелі тіршілік кешкен, мәдени ескерткіштері аз кездесетін кең жазирады өлке өнерсіз болып көрінуі әбден мүмкін. Өйткені Жібек жолы түсken, талай қаласы, мәдениет ошағы болған онтүстік өлке мен Сыр бойына олардың аяғы жете алмауы және монголдар жермен-жексен етіп кеткен қалалардың орнын қазып, құнды сәулет ескерткіштерін көре алмауларынан болса, екінші жағынан, отаршылдық пиғылмен әдейі солай насхатталды. Мұның жалған екеніне көзіміз әбден жетті, өйткені археологиялық экспедициялар мен ізденістердің мол дерегі әдейі қалыптастырган тұжырымдарды қайтадан пайымдау қажеттігін көрсетіп отыр. Оны қазақ әдебиетінің тарихынан өте-мөте анық байқаймыз.

Халық еш уақытта өнерсіз болмайды, халық бар жerde, оның ортақ тілі бар жерде міндettі түрде рухани байлық болады, өнер өркен жаяды. Демек, қазақ халқы өз атымен тарих саҳнасына XV ғасырда шыққаны даусыз болатыны болса, онда оның әдебиеті XVIII ғасырдан басталады деп қалай айтып, жазып келдік? Ноғайлы дәүірінде туған батырлар жырынан іргені аулақ салудың салдарынан аты анызға айналған Асан қайғы мен Қорқытты, талай дарынды жырауларды өгейсітуіміздің өзі көп нәрселерден хабар бермей ме?! Олай болса, көркемдік дамудағы тарихи сабактастықты қазақ хандығының құрылуымен ғана шектеп қоюда қаншалықты мән-мағына болмак?!

Осы түрғыдан келгенде, халықтың тарихын, оның рухани өркендеу процесін жүдете баяндау, кешеуілдете суреттеу ғылыми жалғандықпен бауырласып жатқаны былай тұрсын, әмір логикасына қайши келеді. Сондықтан да тарихи сабактастықтың принципін қатаң сактамаған жағдайда қателіктен арыла алмаймыз. Осыны біздің әдебиетімізге бейімдей айтқанда, қазақ әдебиетінің тарихын XVIII ғасырдан бастау жөніндегі концепцияның негізі тарихи шындықтан шалғай жатқаны қа-

зір айқын дәлелденіп, жасаған қателіктеріміз түзетіле бастады.

Қай халықтың болса да әдебиеті бір күнде, бір жылда жасалмайды. Талай ғасырдан бері желісі үзілмей келе жатқан әдеби дәстүрге назар аудармай өте шығуғының жансактық қана емес, тарихқа қиянат болмақ.

Біз, әдетте, қазақ әдебиетінің өркендеу, тарихи сахнаға шығу, әлем әдебиетінің қатарына қосылу жайын сөз еткенде негізгі үш арнаны жадымыздан шығармаймыз. Бұл дұрыс. Себеп-салдарсыз, өзінің буына өзі пісетін әдебиет болған емес, Сондықтан ең негізгі арна — қазақ халқының өз әдеби-мәдени дәстүрлерінің жетілуйне, қарыштай өсуіне жанама екі арнаның,— Шығыс пен Батыс әдебиеттері мен мәдениеттерінің жасаған әсер-ықпалдарын әрқашан пайымдал, тұжырымдал келеміз. Тіпті кейбір ретте осы арналарды шешуші фактор регінде тарихи шындық деңгейінен асыра баяндайтынымыз да жок емес. Оған таптық көзқарасты материалистік әдіспен тұтастырып жіберіп, тарихты өзінің қалауымен онды-солды пішу машиғы мықтап араласып кетті.

Қазақ әдебиеттін шындығында ескілікке тартып, есімізді бұзады деп алыстағы ата-бабаларымыздың өнегелі сөздерінен, жырларынан бездік, қазаққа онаша отау алып береміз деген алашордашылар ұлтшылдыққа бастайды, бүгінгімізге қарсы шығады деп революционер-демократ жазушыларымыздың атын атаудан қорықтық.

Сейтін әдебиеттін аргы-бергі тарихын зерттеуде тарихи сабактастық принципі сакталмады, материалистік көзқарас тарихи шындыққа негізделмей, күрделі де киын мәселелердің сырын ұғу, түсіну қындағы берді. Тарихи даму еш уақытта біркелкі болған емес, ал көркемөнер оны әрқашан қайталап, кезең-дәуірлері бір-біріне сай келе бермейтін белгілі. К. Маркс өнердің шарықтап өркендеген дәуірі қоғамның жалпы дамуына сайма-сай келе бермейтін кездері болады деген ойына терең мән беру қажет. Мұны қазақтың көне мәдениеті мен әдебиетіне қатысы жок деп ешкім айта алмайды. Сондықтан осыған қайтадан басымызды қатырып жатамыз ба деп көне заманда жасалған шығармалардың күні бүгінге дейін эстетикалық әсер-ықпал жасайтынын түсінуге жақындаамай қойдық. Біздің еріншек жалқаулығымызды европоцентристік таным-білікті насиҳаттаушылар мықтап пайдаланып, барымызды жоқ етті де, өзімізді артта қалған надандар деп айтқызды, жазғызды.

Бұл тұста европоцентристер мен тапшылдар одактасып кетті. Қешегінің бүгінге ықпал жасайтынын ұғып, өсіп-өркендеу жолына дұрыс қабыстырып, түсіндіріп отыруымыз керек еді. Өйткені күні бұрын дайындалған үлгі бойынша әр халықтың тарихын пішуге болмайтыны сияқты, оның өнерін де дайын схемаға ыңғайлай салу жөн емес. Амал не, ұзақ уақыт солай болды, әлі де арылып кете қойған жоқпыш.

Біреуге жарасқан киім екінші адамның өнін ашпай, олпы-солпы көріну мүмкін. Ал көркемөнердің өзіне тән ұлттық ерекшелігін ескерген уақытта ғана сәнді болмақ. Оны басқа біреудің қалыбына салып, өзінің құнарлы топырағынан айырып, жасанды тынайтқышпен коректендіргенде өзіндік ерекшелігінен айылады. Оны К. Маркс ашып айткан: «Предпосылкой греческого искусства является греческая мифология, т. е. природа и сами общественные формы, уже переработные бессознательно-художественным образом народной фантазией. Это его материал.. Египетская мифология никогда не могла бы быть почвой или материнском лоном греческого искусства» дегенін еш уақытта естен шығармау керек. Демек, өз топрағында, өзінің ұлттық түсінігі мен санасында өсіп-өнетін көркемдік туындының сыр-сипатын ұғыны, оған жасалатын игі әсер-ықпалдың шама-шарқын дұрыстап шамаламасақ дайын схемаға, шаблонга икемдеу ұлттық өнердің ажарын кетіреді, қасиетінен айырады. Міне, осындай жағдайда тарихи сабактастық принципін қатаң сақтау кажеттігі туады. Әдеби-мәдени мұраны түсіну, оны игеру проблемасы осындай ғылыми негіздерді жете ұғынуды талап етеді.

Қазақ әдебиетінің өркендеуіне ықпал жасаған үш арнаны сөз еткенде халықтың көркемдік таным-білігі мен түйсігін қалыптастырған ұлттық әдебиеттің дәстүрін барынша тиянақтап баяндағанымыз абзал. Өйткені бүгінгі мәдениетіміз бен әдебиетіміз ғайыптан пайда болған жок, бұрынғы мәдени-әдеби мұралардың жаңа заманда гүлдене дамуы кезінде өркен жайып отыр. Қазіргі қазақ әдебиеті тек сырт әсерлерден ғана емес, ең алдымен өзінің арғы бастауларынан нәр алып, қиянға қанат қаққан әдебиет. Олай болса, оның арғы бастауын тек ауыз әдебиетімен, Абаймен шектеп қою да аздық етеді.

Міне, сондықтан тарихи сабактастықты сақтау принципін басшылыққа алған және түркі жазбаларының

казак әдебиетіне қатысы бар деген концепция шын ғылыми ой-пікірден туып отыр. Одан бергі дәуірдегі, әсіресе, Әбу Нәсыр әл-Фараби сынды данадан өрбіген ғылым-білім мен эстетикалық танымның өзі көптеген дарындармен қомакталып; ертедегі жазба әдебиеттің ең мәнді шығармасын берген Жүсіп Баласағұнның, Шығыстағы суфистік әдебиеттің үлкен өкілі Кожа Ахмет Иассаудің, Сүлеймен Бақырганидың өнерпаздылығымен ерекшелене түспек.

Сондай-ақ XV-XVIII ғасырлардағы ақын, жырау, жыршылардың шығармалары әдебиетімізді сусыннатқан бір бұлақ. Олардың қандай мән-мағынасы бары әрине талгаусыз, елеусіз қалатын жайт емес, алайда халықтың көркемдік түсінігін, эстетикалық талап-талғамын қалыптастырудың тарихи рөлін ешкім жокқа шыгара алмайды. Демек, әдебиетіміздің даму арналарын сөз еткенде бұл салаларды естен шығармау кажет және әдеби мұра ретінде оның тағдырына назар аударып отыру шарт. Өйткені «өнер — еріккеннің ермегі емес.— А. В. Луначарский пікірімен айтқанда, я өзінің төнірептіндегілерді нұрландыру үшін өзі жасағанды да, оны тамашалағандарды да әсем де ажарлы образдармен ләззаттандыру үшін ғана емес, қоғамдық айрықша зәру қажеттіктен туған болатын» (7-том, 275-бет).

2. АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҮЛГІЛЕРІН ЖИНАУ МЕН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРИ

Әдеби мұраны игеру, зерттеу мәселелерін әнгімеледен бұрын оның жиналу жайына аз-кем тоқтаған жен. «Қазақ әдебиеті тарихының» I томының бірінші, екінші кітаптарында және оқулықтың алғашқы бөлімінде бірқыдыру жүйелі деректер бар. Жарияланған материалдар мен айтылған ой-пікірлерді, көптеген еңбектерді жинақтай қорытқанда, біріншіден, қазақ баспасөзінің тууына байланысты үлттық әдеби мұраны жинау, оның кейбір үлгілерін жариялау ісі Қазан төңкерісіне дейін қолға алынған болатын. Екіншіден, баспасөз өнімінен пайда түсірмек болған баспағерлер, әсіресе, ағайынды Қаримовтар, шығыстың қисса-хикаяттары мен ертегілерін, классикалық поэзиясын қазақтың кітаби-ақындарының жәрдемімен таратады. Өзімізден де ынталы азаматтар шықты. F. Карапашев «Шайыр» мен «Қөксел-

дірді», Махмұтсұлтан Тұяков «Қара қыпшақ Қобылан-
дыны» жинап бастырды.

Ушіншіден, қазақтың бай ауыз әдебиетінің үлгілерін
жинауда, ол жөнінде ғылыми тұжырымдар айтуда орыс-
тың ориенталист ғалымдарының істеген еңбегін айрық-
ша атауымыз керек. Академик Радловтың, Потаниннің,
Ә. Диваевтың, тағы басқа көптеген ориенталистердің
қасиетті есімдерін ауызға алып, солардың іждағатымен
XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезінде бірқыдыру мұ-
ра баспа бетіне түсіп, тарих ауқымына тартылды.

Қазан төңкерісінен кейін бұл игілікті іске мемлекет
тарапынан қамқорлық қөрсетіліп, арнаулы мекемелер
шұғылданғанын, сөйтіп жоспарлы да жүйелі арнаға түс-
кенін көреміз. Эрине әлеуметтік-эстетикалық зор мәні
бар бұл игі істе талай қындықтарды женуге тұра келді.
Ол тек техникалық қындықпен ғана емес, түрлі идео-
логиялық айтыс-тартысиен де астарласып жатты. Кенес-
тік дәуірде әдеби мұраны жинау, жариялау ісінде әр
қылыш теориялар мен кисындардың орын тебуіне қарай
осы игі жұмыстың кейде қауырт қолға алынып, кейде
шаш тартып қалғанын, кейде гүлдене өркендеп кеткен
кездерін байқаймыз.

1920—1925 жылдарда мәдени-әдеби асыл қордан қа-
лың қөшиліктің нәр алуы, рухани байлықтың кәусар
бұлағынан сусындауы үшін бірқыдыру мұраны жария-
лад үлгердік. Бірақ бұл кезеңдегі идеологиялық қурес-
тің салкыны бұл салаға тимей қалмады. Соның салда-
рынан біраз уақыт әдеби мұрага деген нигилистік
ой-сыңай бой қөрсетіп, 20-жылдардың аяғы мен 30-жыл-
дардың бас кезінен 1937 жылға дейінгі аралықта ауыз
әдебиетінің үлгілерін жинау, тарихын жазу процесі
күшеді. Алайда әдеби мұрага құдіктене қараған, ғұр-
пайы социализмге салынып, орынсыз даттаған шағы-
мыз да жоқ емес. XX съездің қаулы-қарапары негізінде
және «Қазақ әдебиеті» газетінің қазақ тілі мен мектеп-
тері жайлы мақалаларына байланысты Қазақстан ком-
мунистік партиясының Орталық Комитеті «Қазақ хал-
қының әдеби-поэзиялық және музыка мұрасын зерттеу-
дің, сын түрғысынан қарап пайдаланудың жайы және
оны жаксарту шаралары туралы» 1957 жылы қаулы қаулы
алуға мәжбүр болды. Сол тұстағы болар-болмас жы-
лымықтың арқасында әдебиеттану ғылымы құлашын
кеңірек ашуға мүмкіндік алды. Бұл кезеңде әдеби мұра-
ны дұрыс игерудің тың үлгілері көрінді. Халық даниш-

пәндығы тудырған талай құнды шығармалар халық кітапханасынан жайлы орын алды. Оナン кейінгі тоқырау жылдары әдеби мұра үшін онша қайырлы бола бермегі. Үрейлі үркулер осы тұста көбірек көрінді де, 1985 жылдан bylай қарай, яғни жариялышты заманыңда «Қазақ халық әдебиеті» сериясы ғана емес, басқа да асыл мұраларымыз ел-жүртіна жетті. Ел мәре-сәре болуына тәуелсіздік жол ашуда.

Кеңес заманының әр кезеңінде әр қылы ой-пікір туғызуға себепкер болған әдеби мұраны игерудің 20-жылдары тек ғылыми тұрғыдан ғана емес, идеялық тұрғыдан да әйрықша назар аударуды талап етті. Өйткені ескі қоғам қирап, оның идеологиялық қондырығылары талқандалып жатқан, жаңа заман өзінің бар сонылышымен орнай бастаған кезде мәдени-әдеби мұраны айрықша білгірлікпен пайдалану қажет екені өзінен-өзі түсінікті. Соңдықтан бұрынғы дәуірлерден қалғандарды қирата талқандап, жаңа пролетарлық мәдениет орнатамыз деген әсіре қызыл қисын да, не болмаса ескінің көзі еді, алтынымыздан айырылып қалмайық деген қам көңілдер де болды. Мұндай көңіл-ауан қазақ зиялышылары арасында талай айтыс-тартысты туғызғаны да тарихка мәлім.

Ігі мақсат, адал ниетпен еңбек еткен Әбубәкір Дибаев пен Александр Затаевичтің қазақтың мәдени мұрасын жинаудағы ұлы еңбектерін айрықша атаған жөн. Талай жылры тамаша еңбектерімен бұл екі дарын еш уақытта мәні кемімес мұраларды жинап беріп кетті.

Қазақ даласын 1876 жылдан аралай бастаған Әбубәкір Дибаев 1922 жылы қазақ халқының «ғылыми тұрғыдан алғанда тамаша құнды, өте мол эпосы бар. Бұл халық өзінің талантты суырып салма ақындарымен, салсері әншілерімен, талай дастандар мен жырларды, аныз-әртектерді білетін жыршыларымен мактана алады» деп жазып, мемлекетке 4035 бет, яғни 252 баспа табақ қолжазба тапсырды. Бұдан басқа Әбубәкірдің көзі тірісінде баспа бетін көрген еңбектері «Түркістан жинағының» 566, 567, 568, 569-томдарында қайтадан жарияланды.

1922 жылы Түркістанның қазақ-қырғыз білім комиссиясы Ә. Дибаев баспаға дайындаған жеті эпосты — «Қобыланды батыр», «Нәрікұлы Шора», «Бекет батыр», «Камбар батыр», «Шора батыр», «Алпамыс батыр» және «Мырза Едіге» жырларын жариялады. 1958 жылы Қазақ ССР Фылым академиясының М. О. Әуезов атын-

дағы әдебиет және өнер институты Э. Диваев жинаған материалдардан «Қазақская устная поэзия» деген жинақ құрастырып шығарды. Мұның бәрі де Әбубекір жинаған мол дүниенің тамшысы ғана.

Г Қазақстанға 1920 жылы келіп, тұнып жатқан музикалық байлықта, бұрын ешкім елеп, мән бермеген мәдени дүниеге, әуен мұхитына сұнгіп кеткен А. В. Затаевич үш жылдың ішінде қазақтың 2000-дай әні мен күйін нотаға түсіріп, әлемге танытқанын зор ілтипатпен атаған жөн.

1925 жылдың көктемінде «Қазақтың 1000 әні» басылып шыққанда орыстың даңқты композиторлары С. В. Рахманинов, А. К. Глазунов, француздың атақты жазушысы Ромен Роллан, француз композиторларының басшысы Морис Равель, венгер композиторы Дели Барток, поляк Эмиль Млынарский, профессор Генрих Опенский, республикаға ендегі сіңген артист, музика этнографы, 1923 жылы Москвада болған қазақ музыкасының кешінде орыстың үлт аспаптар оркестрімен қазақтың әнкүйін орындауды үйымдастыруышы Г. Б. Любимов сынды атақты музика мамандарына сыйға тартылды.

Мәскеуде жұмасына бір рет шығатын «Новый зритель» журналында «Таяуда өзінің құны мен байлығы жағынан айрықша мәні бар еңбек болып шықты. Бұл эндер жалпы европалық денгейдегі музикалық этнографияғының қосылған орасан зор үлес. Орыстың музикалық этнографиясы мұндай еңбекті мақтан тұттай тұра алмайды» (14. 04. 1925, 17-бет) деген жылы лебізді М. Горький, Ромен Ролландар костауы казақ музикасы үшін үлкен абырай болды.

Қазақ халқына қызмет еткен ағайындарды алғаш әңгімелу инабат жолы болса, өзіміздің зияллылар қарал қалмағаны да тарихқа белгілі. Осы уақытқа дейін өз азаматтарымыздың атқарғанын айтуда, жазуға хақымыз болмағанының үстінде игі істерін бұрмалай, даттай көрсетуге әуестенгенімізді енді түзетуміз керек.

ХХ ғасырдағы қазақ зияллылары, әсіресе, елдің азаттық бостандығы үшін алысқан Э. Бекіханов, М. Дулзетов, А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедов сынды революционер-демократтардың, алаш қозғалысының рухани көсемдерінің үлгілерінен өнеге алған ағартушылар мен ақын-жазушылар халық шығармашылығын, әсіресе, әдеби мұрасын жинауға, зерттеуге айрықша ынта койды. Ол екпін төңкерістен кейін өрістей түсті. Әсіресе, Ташкент пен Мәскеуде шоғырланған алаш зияллылары көп

еңбек етті, елдін рухани дүниесін жинап өзіне қайтадан таныстыруға, сөйтіп ұлттық сана-сезімін тәрбиелеуғе айрықша іждағат білдірді. Мұны Орынбордағылар онша құптаі бермегендерін де жасырмagan абзal. Олар өздері істейтін иті істі алашшылдардың атқарып жатқанына қызғанышпен караса, екіншіден, жарияланып жатқан жыр-ертеғілер, өлең өрнектері мен жинақтары коммунистік идеологияға жанаспайды, әдейі қысастықпен бұрмалап жатыр деген пиғылда болды. Тапшылдықпен таңбаланбаған деп даурыққандар аз болмады. Сондықтан Орынбордағы Қазақстан мемлекет баспасынан халық әдебиетінің ұлгілері мейлінше аз және кедей-кеңшікті жырлағандары ғана басылды.

Азамат соғысының лаңы басылып, ел емін-еркін іске кіріскең сәті, әсіресе 20-жылдардың алғашқы жартысы қазақ мәдениеті үшін айрықша құнарлы болды. Бұған обьективтік себеп те жоқ емес. Біріншіден, жеке меншікті баспалар мемлекеттің қарауына көшкен тұста мүмкіндігі барлар оны пайдалануға мықтап кірісті. Екіншіден, баспа өнімін беретін зиялыштардың санасы да шешуші рөл атқарды. Та什кентте қазақ азаматтарының қызметіне өзбек, түрікмен, қырғыз, қарақалпақ бауырлар қызыққанын, ұлғі алғанын талайлар растайды, істері дәлелдейді. Ал Мәскеуде Орталық кіндік баспада Нәзір Төрекұловтың директор болып істейі, жоғары оқу орындарында оқып жатқан көп қазақ жастарын былай қойғанда, қазақ секциясында Ә. Бекейханов, К. Қеменгеров, М. Жұмабаев, Г. Тоғжанов сынды білікті азаматтардың шоғырлануы да қазақ мәдениетіне аз олжа салмасы белгілі еді. А. Байтұрсынов пен Дулатовтар осы екі орталықпен идеялас қана емес, байланысты болып, өздерінің еңбектерін жариялад отырды.

Міне, бүкіл қазақ жері қосылар сәттегі іс-әрекеттің әрі мол, әрі сапалы болуының бір сырь осыдан еді. Білген мен білмегеннің арасы жер мен көктей екендігінің үстінен, білімдінің атқарар ісі, Ахмет айтқандай, «ел — бүгіншіл, менікі — ертеңгі үшін» дегеніндей болғаны айдан анық.

Ең бір айрықша айта кетер ұлы құбылыс — қазақ мектептерін оқулық, оқу құралдары, хрестоматия, әдіснама, тағы басқа керек-жараптармен қамтамасыз ету болды. Бұл мәселе әдебиеттану мен сынның олжасы екендігін ескергенде халық мұрасын жинау, зерттеу мәселесіне катысы аздау болғанымен қазақ танымына

пайдалы екендігін ұмытпаған абзал және тарихи түрғыдан танымдық қасиеті де жоқ емес. Оның ішінде тіл мен әдебиетке айрықша назар аударылған.

Қазақ елінің сауаттануында ғана емес, өз тілінің қандай қасиеті барлығын ұқтырып, ұлттық мектептің жаны болып табылатын «Әлінбиді» Ахмет Байтұрсынов шығарды. Ал «Тіл — құрал» оқулықтары дыбыс, сөз, сөйлем жүйесі мен түрлеріне арналып, біріншісі мен екіншісі бес рет, үшіншісі үш рет өңделіп, толықтырылып жаңа емлемен жариялануының мәні орасан зор. Осымен қатар әдебиет оқу құралдарының алғашкы үлгілері де көрінді. Ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтың Әбубәкір Диваев жинаған әдеби үлгілерден түзілген оқу кітабы «Гарту» шығып, шәкірттермен қатар қалың жүртшылық-ка арналса, Міржақып Дулатов бастауыш мектепте екінші жыл оқылатын кирагат кітабы —«Оқу құралының» бесінші басылымын, А. Байтұрсынов пен Телжан Шонанұлы З—4 класс үшін «Оқу құралының» шығарды.

Мектептегі оқудың мықты бір қазығы математика болса, онда М. Дулатовтың 1—2 жыл оқылатын «Есеп құралы» төртінші басылыммен шығып, Зинченко мән Деменовтың «Есептігімен» (задачник) толысты. Ал Халел Досмұхамбетұлы 1922 жылы «Табиғаттану» (127-бет), «Жануарлар» (1-бөлім — 184, 2-бөлім — 126-бет), Иса Тоқтыбайұлы «Жағрапия», «Түркістан», Жұмағали Тілеуліұлы «Гигиена», Елдес Омарұлы «Физика», А. Байтұрсынов ересектер үшін «Саят ашқыш», «Баяншы», «Әліппе астары», Т. Шонанұлы «Орысқа қазақ тілін үйреткіш», М. Жұмабаев «Бастауыш мектепте «Ана тілі», «Педагогика», Ж. Аймауытов «Тәрбиеге жетекші», Х. Досмұхаметұлы «Қазақ-қыргыз тіліндегі сингармонизмді» шығарып, мектептерді оку, оку құралдарымен, әдіснамамен қамтамасыз ету ісі жолға қойыла бастағаны сонша, тіпті «Кеспе әліпби», «Метр өлшеуіштері», «Қебейту кестесі», Қазақстан, Түркістан карталарын былай қойғанда «Қызылорда планы», «Иауропаның картасы» сияқты көрнекті құралдар айналасы екі-үш жылдың аясында жасалды.

Осы қарқын мен жігер, ақыл-парасат екпініне қарашанда сол кезеңдегі саясат зиялыштарды қуғын-сүргінге салмағанда қазақ мәдениеті орасан зор биікке көтерілдері сөзсіз еді. Барады жоқ ету, жөн-жобасы көрінін қалғанды тас-талқан етіп бүлдіру мен қирату, оның үстінен халықта талай ғасырдан бері қызмет етіп келе жатқан

араб әліппесін латынға ауыстыру қазақ елін жасанды сауатсыздыққа ұшыратты. Зиялышынан айрылып есептіреген жұрт бәрін де тыңдан, жаңадан бастауға тұра келгенде ештеңенің парқын білмейтіндер ожарлана түсті. Барды қиаратып, жокты жасай алмай, елді мәдениет сілемінен адастырды. Келешегі жоқ саясаттың ісі болса да қарқын алып кеткен ел-жұрт ынтасты умітін үзбей алға ұмтылумен болды. Қирағанды тузақтап, жаңаны қинала игеріп жүре беру ғадетінен ел жаңылған жоқ.

Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинау, зерттеуді әңгімелуе барысында мектепті оқулық, оку құралдармен қамтамасыз ету мәселесіне мән беріп, сәл ауытқып кетуіміздің бір сырьы, қай елде болмасын әдебиеттануғының ең алдымен оқулық жасаудан, мектепте әдебиетті оқытудан, тарихын жүйелеуден, үйретуден басталғанын еш уақытта ұмтылаған абзал.

Бар өнерпаздық күшті мектепке төккендікten басқа салалардағы істердің ажары солғынады деуге еш болмайды, өйткені қазақ зиялыштарының бар ынта-жігерін ел ісіне арнағаны сонша, тіпті Қазақстаннан тыс жүрген зиялыштардың көп дүние тындырғанын бұрын даттай айтсақ, енді қуана-шаттана жазуға тиіспіз. Олар білім-ғылыммен елге келетін жақсылықтың ешқайсысынан бас тартпай, халыққа керектіні жасаудан, атқарудан тартынбапты, аянбапты. Жалғыз Мұстафа Шоқай-ұлынан басқа қазақ зиялыштары кеңес империясын тастап кеткен жоқ, қинала жүріп, зәбір-жапа көре жүріп өз еліне қызмет көрсетуді азаматтық парызы санапты.

М. Дулатов 1926 жылы «Қазақ тілінде басылған кітаптардың көрсеткішін» шығарды. 8-бөлімі халық әдебиеті кітаптарына арналды. Басқа тарауларға араласып кеткен үлгі-нұсқаларды жинақтай көрсетсек, онда 1922—1925 жылдар аралығында қаншама қыруар дүниелердің жарық көргенін анық байқаймыз.

А. Байтұрсынов өзінің ғылыми-зерттеу, педагогтық қызметінің үстіне ел әдебиетін жинау, бастыру ғадетінен айнымайтындығын «Ер Сайын» және қазақ тарихының төрт жүз жылына дәлел болатын «23 жоктау» жинағын жинастырып, түзетіп шығарды. Ол жөнінде өзімнің артық-кем айтқан ойларым да жоқ емес.

«Бастыруышыдан» берілген кіріспе сөзде ең алдымен тіл сақтау проблемасына назар аударылды. «Дүниеде ешбір тілді бір шешен кісі ойлап шығарған жоқ та, шығармайды. Соңдықтан әдебиет тіліне негіз етіп ел аузын-

дағы тіл алынбаса, ол әдебиет адасып кетпек. Ел аузындағы тіл дегенімізде нені үлгі-өрнек етіп аламыз? Әрине, осында жоқтауларды, мақалдарды, жұмбактарды, ертегілерді, өлеңдерді, тағы-тағы осындаіларды. Тіл тақырыпты Ленин сияқты көсемдердің айтқан сөздерін, үгіттерін оқыған не естіген кісі жолымыздың тұра екендігін байқаса керек» («Ақжол», 1991, 144-бет) деген дәйектеме жазылды. Әрине, тілді өркендету, дамыту жайымен қатар мұндай жоқтаулардың «мәнісі қазақ тарихына тиісті», тінті жақын екендігін айта келіп, әр жоқтаудың кімге арналғандығы жөнінде, сөз арасында кездесетін атауларға ғылыми анықтама берілген. Бұл түсіндірмелердің өзі қысқаша болғанымен танымдық қасиеті күшті, көп жайлардың бетін жол-жөнекей ашып тастап отырды.

Мұндай дәйектілік жоқтаудың тарихи сипатын күштейте түсумен қатар көркемдік сапасын аңғартуға, авторы кім екенін біліп отыруға мүмкіндік жасайды. Қаздауысты Қазыбекті қызы Қамқаның жоқтауын жариялағанда бидің туған (1661), өлген (1758) жылдарын 97 жасында қайтыс болыпты деген деректен шығаруы қызықты. Не болмаса Қенгіrbай би жоқтауына берген кішкене дәйектемесі қазақи таным-блікті ғылыми талдаумен қабыстырғанда қандай ұғынықты қорытынды шығатындығын көрсетеді. Бұл жоқтауды В. В. Радлов шығарған кітаптан алғандығын ескертіп алады да «Кеңгіrbай 18 ғасырда, Абылайдың заманында Тобықтыны билеген. Абылайдан 30 жыл соң алжып өлген. Ақын Абайдың бесінші атасы Айdos пен Қенгіrbай экесі Жігітек бір туысады. Бейіті Шығыстың бауырында, Қарауыл өзенінің жайылмасында Ши деген жерде. Жол аузында арбаның мұрындығы тиетін тұмсықта. Құн шығысында, Орда жакта З шақырымда ақын Абайдың бейіті. Бұл да, Ши де көрінін тұрады. Қенгіrbай Түркістаннан ел ауып келе жатқанда Ұлытаудың Алаша хан, Жошы хан бейіті тұрған Қенгіrdің өзенінде туыпты. Атын сонымен Қенгіrbай қойыпты. Туған жылы 1830-дың айналасы болса керек» (155-бет) деген шагын дәйектеменің айтары қашшама мол екенін көреміз.

Тіпті Абайдың бейіті қайда екенін жазбай танытатын деректердің тарих үшін берері көптігінің қазақи логикамен жеткізілуі де ғибратты. Аз сөзбен көп дерек берудің жолы ғана емес, ұғынықты болу үшін жанама детальдарды ұтымды пайдалана білудің де үлгісі. Мұндай ай-

ланы эсіреле сын жазған кезде, зерттеу жасағанда тиімді пайдалана білген көп үтады. «Төлебайдың жоктауын шығарған Қарпық ақын. Үмбетейден Таңбай мен Қасқатай бір туысқан. Таңбайдан Шошак, онан Байтұрсын, онан ақын Ақмет, Қашқарбайдан Қожырбай, онан Шолақ, онан ақын Қарпық» (173-бет) деген шежірелік қайырымның да айтары мол. «Бұдабай ақын шығарған. Түркістан жағынікі. Эйекенің руы Шұбыртпалы» деген деректердің немесе «Майыр — жана законнен (1868 жылғы законнен) бұрынғы Аға сұлтан заманында окружной приказда осы күнге прокурордай орыс төре. Майырлар қасқырдай жегіш, тікендей тигіш, елге аурудай апат болған» (187-бет) деген мінездеменің ұғындырары өте мол, сондықтан А. Байтұрсыновтың жоктауларға берген түсіндірме-дәйектемелерінің өзі ғылыми және сының сипаттарға ие.

Аз сөзben көп мағына аңғартуда, тарихи деректердің жан-жағын қамти, тұжырымдай айтуда бұл дәйектемелердің үктырары сан сала. «Әбдірахман Тюменьде екінші басқыш мектепті бітіріп, ескі Петербурда зеңбірек қолданатын әскер бастықтары оқитын мектепті бітіріп, әскер бастығы болып Алматыда қызметте жүргенде, 1895 жылғы 27 жасында өлген, ақын Абай баласы» (192-бет) деген жалғыз ауыз құрмалас сөйлеммен жеткізуі және «1916 жылғы 25 июняның жарлығына Торғай уезі қарсы болғанда Әбдіғапар елге басшы болып, февраль төңкерісіне дейін үкімет әскерімен соғысып келген. Торғай елі Әбдіғапарды хан сайлаған. 1920 жылы өлген. Әбдіғапар Ұзын қыпшақ» (208-бет) деген дәйектеменің сөз саптауы түсініктілігі жағынан, тілінің оралымдылығы жағынан ғана емес, көздеген жерге дөп тиетін казаки логикасымен құнды.

Ахмет Байтұрсыновтың әдеби мұраны жариялаудагы ғылыми, әдеби жәдігерлігін тарата айтқанда қазактың өз зияллыары жинаған дүниелердің тарихқа жаңастырылып отырғандығын көрсетуді ойластырдық. Мұраны жариялағанда оның мән-маңызын, айтылу-жазылу мәнерін катаң сактап, өзінің ұлттық сипатымен жеткізе білудің бағасы айрықша зор. Әйтпесе сауда-саттық максатымен қолына түскенді тасқа бастыра беру, не болмаса шығарманың көркемдік әүселесі қандай дегенге назар аудармай, мән-мағынасын түсінбей қолға түскен күйінде жариялай салу дәүірінен өткенімізді, әдеби мұраның ең таңдаулысын елге ұсыну қажеттігін үққандаймыз.

Төңкерістен кейінгі азғана жылдың ішінде Нысанбай жыраудың «Кенесары — Наурызбай», Шайқысламұлы Жүсіпбектің «Қызы Жібек», В. В. Радловтың «Қозы Қөрпеш — Баян», Баржақсыұлы Ахметтің «Мың бір мақал», Шернияз ақын «Өлеңдер жинағы», Досмұхаметұлы Халел құрастыруымен «Мұрат ақынның сөздері», «Исатай — Махамбет» жинақтарының жариялануы әшейінгі еріккендердің ермегі емес, халықтың ғасырлар бойы жасап келген рухани мұраларын ел пайдасына асырудың, эстетикалық байлыққа кенелту арқылы өнерпаздық арнаны ғүлдендіре түсудің, қазақ тілінің тазалығын сактаудың ең бір оңтайлы жолы болатын.

Халықтың тарихи жадын сактату жолында да жинаушылардың атқарған істері де мәнді. В. В. Радлов жинаған нұсқаны жарияларда Ә. Бекейханов өзі жазған қысқа дәйектемеде «Қозы Қөрпеш — Баянның» жайылмаған түрік жүртynда жері жоқ десе болады. «Қозы Қөрпеш — Баян» Ертіс аяғы Тобыл татарында, Құншығыс Түркістаны тараншыда, Түркістанда, Сарыарқада, Алтайда, Ұранхайда, Оралда, Башқұртта, Қавказда, Шешенде, Осетинде бар. «Қозы Қөрпеш — Баян» біздің түрік баласының сүйген ертеғісі. Норманға «Фауст» қандай болса, түрік баласына «Қозы Қөрпеш — Баян» сондай. «Қозы Қөрпеш — Баян» көп мағыналы, түрік жүртyn сипаттайтын әдебиет қорының таңдамасы» деген тұжырымы тапшылдарды мағына жағынан пәлендей шошыта қоймағанмен, «түрік баласы, түрік жүрті, түрік елі» дегендегі найзадай қадалғаны даусыз. Ол кезде «пантюркизммен» күресудің айла-амалын большевиктер жаңаша жалғастырып жатқан болатын. Сондықтан Мағжанның «түрікшілдігін» жоя алмай жатқанда, енді алашшылдар әдеби мұра арқылы «пантюркизмді» таратып жатыр деп байбалам салғаны рас. Мұрадан елді үріктірді, зиялымдарды жақыннатпайтын пролеткульттық даңғазаларды көбейтіп жіберді.

Шернияз ақынның өлеңдері жарияланған уақытта Семейдегі «Қазақ тілі» газеті тәп-тәүір қолдау жасаған сияқты, бірак коммунистік идеология қош көрмейтін мынадай ғұмырнамалық деректер болғанын аңғармау мүмкін емес. «Шернияз — Әбілқайыр ханның немересі. Баймағамбет ханың тұсындағы ақын. Ол әуелде Исатай дейтін батырдың ақыны болып, Исатайды Жәнгір хан өлтіргеннен кейін Баймағамбетке қорғалаған.

Шерниязды жүрт «шешен би» дейтін болса керек.

Оның ақындығы тұстасы, «Қобыланды» мен «Ер Тарғынды» өлең қылатын Марабайдан анағұрлым артық» деп келеді де, тапшылдығы есіне түсіп кеткен кезде кітапшаның «маңзызына баға беретін болсақ, жинау еңбегі мен қағаз шығыны далаға кеткен деуге болады. Қітапшадағы өлеңдер, дәйектеме жазушы Қыр баласы айтқандай, «надан айтушының күйесімен» былғанып біткен; Шернияздың асыл сөзін аршып шығарып алу қын көрінеді» («Қөрсеткіш», 74—75-беттер) деген дәйектемеден анғарылады. Ақынды мактағысы келгенімен орыс отаршылығын айтқаны есіне түсіп кеткенде тапшылдықпен буырқанып шыға келген рецензент ол кезде аз емес-ті. Мұраны жариялау барысында кисынсыз жерден кінә тағу, еңбекші-бұқараның қолайына жақпайды деп бүкіл ел-жүрттың атынан сөйлеу біртін-деп тәжірибеге сіріп келе жатқан болатын. Оған про-леткульттық таным-біліктер кең жол ашып, халықтың әдеби-мәдени мұраларын жинау процесіне көп қындық келтіргеніне қарамай, қазақ зиялыштары талай иғі істің басын кайыра білгелін енді ашық айту ләзім.

Қазақ халқының рухани байлығының тамаша үлгілерін жинау, жариялау саласында айрықша еңбек еткен, сөйтіп баға жетпес мұраларды тарих ауқымына іліндірген Ә. Диваев пен А. Затаевичтердің және өзіміздің зиялыштардың орасан зор қайраткерлігін баяндаган уақытта жалпы әдеби-мәдени мұраны жинаудың қындығын, екінші жағынан, осы иғі істі ғылым-білім орындарының өз қамқорлығына алғандығын анғартуды көздейдік. Мемлекет қамқорлығына алғанған істің өнікті де мол және дәйекті болатындығы, екінші жағынан, осындағы мол мұра жайында пікір айту, ой тұжырымдаудың мәнді болатындығы белгілі. Қазақтың мәдени мұрасын негеру барысында жинаушылық, жариялаушылық ісінің еркен жаюына мүмкіндік жасалып, ғылыми ой-пікірлер айтуға негіз дайындалды.

Әрине, халық әдебиетінің үлгілерін жинау, оның мән-мағынасы жайында пікір айту бар кезенде халықтың мұддеге, большевиктердің мұра жөніндегі принципіне сәй бола бермеді. Әсіресе 20-жылдары кейде гылыми парықсыздықтан, кейде таптық тар мақсатты қездегендіктен талай ожарлықка жол берілді. Әдеби мұралар сол кезендеңі идеологиялық айтыс-тартысқа тартылып, халықтың рухани байлығын әдейі таптық мақсатпен бүрмалап жариялаушылық та кездесті.

Әдеби мұраны игеру жайындағы ой-пікірлерге, зерттеулерге назар аударғанда қазақ сыны мен ғылымының қандай көркемдік ариаларға көз салғанын, қандай эстетикалық биіктікке көтерілгенін анық байқауға мүмкіндік туады. Өйткені әдеби мұраны игеру мәселесі — өскен мәдениетті, үлкен дайындықты, білімдарлықты талап ететін проблема. Өскелең әдебиеттің алымды сынни пікірінің өзекті ариасы да әдеби мұраны игеруге байланысты өрістемек.

Ауыз әдебиеті деген не? Оның жазба әдебиеттен қандай айырмасы бар? Қандай сыр-сипатына қарап оны халықтық шыгарма дейміз? Оны жариялағаннан халыққа, елге келер пайда қайсы? деген мәселелер алғашқы кезден-ақ сынни ойдаң ауқымына тартылып, бірде орынды жауабын тапты, бірде толассыз дау тудыраар ариага айналып кетті.

Егер Қазан революциясына дейінгі сыншылдық ой-пікірлерде көркем сөзді, әдеби жинақтар мен кітаптарды жіктеу, яғни ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің туындысы деп ажыратып жату тінді аз кездесетін болса, бәрі де «әдебиет» деген атаумен аталып жатса, төңкерістен кейінгі уақытта әдебиеттің өзін іштей жіктеу, әрқайсының сыр-сипатын дарарай баяндау, ерекшелігін айта білу машығы күшеді. Мұның өзі сынни ой-пікірдің есейе бастағанының айқын дәлелі, мәнді көрінісі.

1919 жылы «Мұғалім» журналында «Әдебиет» деген атпен Зікірия Ерғалиевтың мақаласы жарияланды. Онда Орда қаласында әдеби шығармаларды жариялайтын комиссия құрылғандығын айтып, оған жіберілген материалдарды ажырата білу қажеттігі ескерілген. Автор өзінің осы мақаласында «Әдебиет» екіге бөлінеді: 1) ауыз әдебиеті, 2) қалам әдебиеті. Ауыз әдебиеті деп ауыздан-ауызға, құлақтан-құлаққа естіліп, ата-бабала-рымыздан осы уақытқа дейін сақталып келе жатқан жырлар, мақалдар, ертегі, жұмбак, тақпақ сықылдылар айтылады» (№ 7, 1919) деп анықтама жасап, түсіндірме беруінің өзі ол кез үшін едәуір эстетикалық құбылыс еді.

«Әр елде жазба әдебиеті болмаса да, ауыз әдебиеті болады, оның көркемдік өрісі халықтың мәдениетіне сай келіл, атқарап рөлі мен міндеті жазба әдебиетінен кем болмайды. Тарихи негізі бар, шежірелік сипаты айқын ауыз әдебиеті үлгілері жиі кездеседі, қалам әдебиетін жарыққа шығарғысы, күшейткісі келгей әр үлт істерін

ауыз әдебиеті бастайды, ен әүелі соны жиып, реттеп жолға салады,— деген пікірін айта келіп, әлгі автор,— біздің ауыз әдебиетіміздің етек-жөңі кең, көлемі зор, әлі мұрты да қисайған жоқ» деп ой түйеді де оны тез жинап алуға шақырады.

Мұнымен катар З. Ерғалиев қазақ ауыз әдебиетінің мол шығармаларын бұрынғы кездे «жарыққа шығуына себепкер болатын ешбір жан, ешбір мекеме жоқ еді, қазір енді олай емес. Бізде ол туралы басшылық ететін, жол көрсететін, әліміз келмеген жерде демеу беретін мәдени мекемелеріміз бар, сондықтан мұғалімдер мен зияялыштар бұл игілікті іске көмектесіндер, жинаған материалдарыңызды баспа орындарына тапсырындар, өйткені қалам әдебиеті қанша керекті болса, ауыз әдебиеті де соңна қажет болады» деп жар салып, жазба әдебиеттің мәніне назар аударды.

«Қалам әдебиеті деп үлкен жазушылар, шешендер, шайырлар халық түрмисынан алып, түрмис-тіршілікте көп үшін кем-кетікті көрсетіп, халықтың ықыласын тузызеттін, үлгі-өнеге болатын хикая, роман, поэмаларды атаймыз, ол бар үлт әдебиетінде кездесе бермейді, көздері ашылып, тарихи мәдениет жолына аяқ басқан үлттарда гана болады. Сондықтан біздің өте мұқтаж болған әдебиетіміз де осы соғысы»,— деген ойын айта кетуді қажет санаған. 1919 жылы мұндай пікірлердің айтылуы және біртіндеп жүзеге аса бастауы, әсіреле, «Мұғалім» журналының өзі осындағы ігі іске мұрындық болуы жаңалықтың қарлығашындағы еді.

Осы ігі талап қатардағы тілек күйінде қалып қоймай, Қазақстан мен Түркістан республикаларында накты шешімін таба бастады. 1920 жылы Түркістан республикасының оқу-агарту комиссариаты халық әдебиетін жинауға үш миллионнан аса қаржы бөліп, экспедиция шығарды, көп материалдар жинап алды. Арнайы журнал шығару қажеттігі күн тәртібіне қойылды. Қазақстан партия үйімінің I және II конференцияларында қазақ баспасөзін өркендету, халық әдебиетінің озық үлгілерін жинау мәселелері күн тәртібіне қойылып, қазақ зияялыштарының бәрін оқу құралдары мен көпшілікке арналған жинақ, кітапшаларды жазуга пайдалану, ауыз әдебиеті үлгілерін жинау туралы арнайы қаулы алып, оның эстетикалық қуаты мен әсеріне мән берілген болатын.

Ауыз әдебиеті жөніндегі, оның сыр-сипаты турасындағы құиды пікірлерді Аманғали Сегізбаевтың «Халық

һәм эдебиет» атты мақаласынан кездестіреміз. Қазақ әдебиетін өркендету жолында газет-журналдардың рөлі мен міндеттеріне айрықша тоқтала келіп, автор әдебиетті насиҳат мақсатына пайдалану қажет деп пікір түйді. «Газет-журналға халық әдебиеті көбірек кіргізіліп, мағынасын, маңызын сол жағына (яғни идеялық тәрбие жағына.— Т. К.) аударса, халықтың жаңына жағымды, көңіліне қонымды болар еді» дегені ауыз әдебиетін бүгінгі күннің көркемдік-әлеуметтік мақсатына пайдалану ииетінен туғанын көреміз.

«Еңбекші қазақ», «Қызыл Қазақстан», «Қазақ тілі», «Бостандық туы», «Сана», «Сәуле», «Таң», «Шолпан», «Темір қазық» сияқты газет-журналдар бетінде 20-жылдардың бас кезінде халық әдебиетінің үлгілерінің барынша көпtek жариялануы осындай ынта-тілектерге байланысты болды. Ауыз әдебиетінің үлгілерін жинауда белгілі бір идеялық-шығармашылық принцип ұсынылмағанмен, оның мән-маңызын ашу, ғылыми түсіндірме беру, оңтайы келгенде зерттеу ісі де жүргізіліп жатқанын байқаймыз. Эрине, жүйеге түсіп, үнемі зерттеліп отырды деу қын болғанымен де, қазақ фольклористикасының алғашқы қадалары қағыла бастағанын дәлелдейтін материалдарды жиі кездестіреміз. Алғашқы кезеңде әдеби мұраны жинауға да, жанры бойынша сала-салага жіктеуге талпыныс болғанымен көбіне жалпынама пікір айтылғанын естен шығармаған абзал.

Сондыктан да ауыз әдебиетінің үлгілері, қазақ музыкасының нақыштары, жеке-дара творчество өкілдері, тарихи ескерткіштер, рухани байлықтар жайындағы ой-пікірлердің саф алтындаі таза кездесетіндері аз болғанымен, жалпы теориялық қисындардың бір-біріне қатысы барлығы байқалады. Олар ескілікті дәріптеу, көтермеледі емес, бүгінгі көркемдік дамуды жеделдештеп мақсатын көздеді. Мәселен, Амангали Сегізбаев «газет-журналдың халық ұғымына қонып, сүйегін балқытып, жүргегін елтітетін, әсерлі, жұғымды болуына түрлі-түрлі шарттардың бірі — халық әдебиеті, сондыктан олар өлең, жыр, ертегі тақпак, айтыс сықылдыларды сүйеді, осылар жазылып түрған газет-журналдарды жатсынбай, өзімдікі деп сондаған айтады. Газет-журналдарда «Халық әдебиеті» көп болып, жүрттың әуезесі соған ауса, өлең шығарушы ақындар да сөздерін майданға салып, сөз жарыстыру дәуірі туды. Ол әдебиетке бір материал болып қалады. Газет-журнал бетінде әдеби

сөздердің көбірек орын алуы мақұл етілмесе, біз «Қазақ әдебиеті» деген бір әдебиетті бүгін таңда туғыза алмаймыз» («Қызыл Қазақстан», № 12, 1922) — деп бүгінгі күннің практикалық міндетімен байланыстыра қарайды да, синшылық пікірінің дәйектілігін танытады.

Ауыз әдебиеті мұрасын жинау мәселесінде мұндай пікір жиі айтылып отырды. Өйткені біз мұраны ескі, көне рухани байлық ретінде ғана жинаи қоймаймыз, оны көркемдік-практикалық қажетімізге асырамыз деген талаптың нақты жүзеге асары осыдан аңғарылады.

Ал осы ауыз әдебиетінің арғы бастауы не, оның нақты көрінісі қандай, адамның ақыл-обы мен эстетикалық сезім-таннымына қалай әсер етеді, жаңа заман қадесінде қалай жарайды деген проблемалық мәселеге келгенде, оның мән-мағынасын қазақ зиялышы жете түсінбен еді деуге еш болмайды.

«Қазақ әдебиетінің қазіргі дәүірі» деген мақаласында Мұхтар Әуезов қазақтың ауыз әдебиетінің мән-мағынасына, ол жасаған талай құнды образдарға тоқтай келіп, «әдебиетімізде өзге көп жүрттың ауызша әдебиетінде жоқ нәрселер табылып отыр» Ауызша әдебиет бір заманда тәртіпті жазба әдебиетінің қызыметін атқарғандағы білініп отыр. Сол міндеттін атқарғандықтан ауызша әдебиет өз өрісін кеңейтіп әкеткенин көріп отырмыз. Сол ескі сөздің ішінде ескі қазақ өмірінің әрбір дәүірі, әрбір мезгілі және әрбір жеке-жеке суреттеулермен айтылған. Мұның үстіне, жазба әдебиетінде, классические произведениялерде кездесетін үлгілі мінездер, типтер, ел ішіндегі айрықша топтардың өзгеше психологиясы да дәл айтылған жерлер бар» («Шолпан» № 2, 1922), — деген пікірдің ғылыми негізі жок деп айта алмасақ керек.

Халық шығармашылығының әр саласын игеру процесі әр килемен енбекте әр сыңайда көрініп жатқанымен, көнилілігінде ауыз әдебиетінің улғілерін жинауға үндеген пікірлер басым болды. «Жас қайрат» журналында жарияланған «Халық әдебиеті туралы» мақаланың негізгі пафосы халық шығармашылығын жинауға арналғанмен, әдебиеттің сипатын алдын ала баяндауды парыз санаған. «Ауыздан ауызға көшіп, бірден-бірге қалып, айтылып журген өлең, жыр, ертек, мақал, жаңылтпаш, ырым, бесік жырлары, діндар өлеңдер, әңгімелер, жын-шайтан, аруақтар туралы айтылған әр түрлі хикаялар халық әдебиетіне жатады. Халық әдебиетінде жогарғыларды кім айтЫП, кім шығарғандығы, анық иесі мәлім болмайды.

ды. Белгілі иесі болмаған сөздер жалпы халыққа ортақ мұлік есебінде қалып отырады. Елдің мінез-құлқына, тіршілігіне пайдалы, жалпы халыққа ортақ сөздер халық әдебиеті деп аталады» (№ 3—4, 1924) деп ауыз әдебиеті жөніндегі бұрынғы анықтамаларды нактылағанының өзі сыншылық ойдың комақтала түсінің бір сілемі екенін көрсетеді.

Сонымен бірге, осы автор жазба әдебиетке де анықтама беруге талаптанады. «Жазба әдебиет болса, халықтың мәдениетке аяқ басып, араларына өнер-білімнің таралған, сөздің қадірі артқан, іштерінен белгілі ақындар, шешендер шыққан шағында, солардың қолымен жазып, яки тасқа бастырып шығарған өлеңдері, үлті сөздері жазба әдебиетке жатады» деп жазба әдебиеттің сыртқы белгілерін башайлап, оның ішкі мән-манзызына, түріне назар аудармайды.

Фасырлар бойы дағыланған тұрмыстан жаңа дәүірге ауысу процесі бұл авторға бірқыдыру үрейлі ойлар да ала келген. «Халық әдебиетіне баймыз деп ауызбен айтып, құр жұбанып, құр қуанғанымыз болмаса, әлі күнге халық әдебиетін жарыққа шығару туралы аса күрделі іс істеп жібергеніміз жоқ»,— дей келіп, «кере-наулықтан тастамасақ, жедел шаралар қолданбасақ, халық әдебиетінің із-түзі бар кезінде жинап алуға қамқылмасақ, біраз жылдың ішінде ел әдебиетінен жүрдай болуымыз айдан анық»,— деп төндіре пікір түйді. Оған мынаны дәлел етті: «бірінші, халық бір түрлі тұрмыстан екінші тұрмыска (отырықшылыққа) көшкен соң, бұрынғы тұрмыстың шағында қолданған ғұрып-ғадет, түрлі рәсімдердің бәрі де ескіріп, тотыға бастайды. Осымен қатар бұрынғы сауықшыл кездегі ауыздан-ауызға көшіп жүрген өлең, жыр, такпақ, мақал, айтыс өлеңдер сияқты халық әдебиеті де тотығып, жоғала бермекші. Екінші, көршілес отырған халықтармен кәсіптері бір, қатынасы мол болған соң, олардың салттары да зор әсер берін, бұрынғы тұрмысты үсті-үстіне тотықтыра бермекші, жастар жаңаға еліктеп, бұрынғыдан алыстай береді. Үшіншіден, кәрі құлактылар сирексіп, азая бермекші, сондықтан мәдени мекемелердің іждағатымен қоса, әлеуметтік бастаманы қүшейту керек, әсіресе, оқып жүрген жастарды, шәкірттерді пайдалану, оларға жөн-жоба сызып беру қажет, халық арасына өлеңдері көп таралған ақындардың өлеңдері, олардың өмірі, қай уақытта болғандыры туралы мағлұмат жинауға кірісіү керек. Асы-

лы, ескі әдебиетімізді жинауға жас оқығандарымыз күш көрсетпесе, халық әдебиетімен аз жылдың ішінде қоштасамыз. Мұны оқыған, сергек, әдебиеттің қадірін білетін азаматтар еске алуы өте қажет», — деп ой білдірді.

Мұндай шаралардың практикада жүзеге асып жатқанын дәлелдеу үшін бір дерек келтіре кеткеннің артықтығы жок. 1923 жылы 10 мамыр күні Қазакстан халық ағарту комиссариатының «Ғылым» ордасының төрағасы М. Жолдыбаевтың атына өтініш түсті. Онда «Мен қазақ институтында оқып, енді жазға елге қайтқалы отырмын. Халық әдебиетін бірер жыл жинадым, өзім соның құлы — ақын болғандықтан, мен оны екі есе жиуюм керек. Құр әркімге тапсырғанмен, халық әдебиеті жиналмайды. Әуре-жорамен кете барады. Сондықтан сізден сұраймын: қалыптыдай халық әдебиетін жинауыма маған сенім қағаз беріп, егер мүмкін болса, қағаз, қарындаш, яки ақша болса да (қарындаш, қағаз үшін) ескерсөніз, Семей губерниясынан жинауға міндеттенем, егер орында масам, халық алдында үттімымын.

Менің жеткізін айта алмағанымды өзіңіз үғарсыз. Иса Байзакұлы Алтайский», — деп өтінуінің өзі тек патриоттық сезімді ғана емес, мемлекет тараапынан әдеби мұрага үлкен мән беріліп отырғандығының бір көрінісі болса керек.

Сонымен «Жас қайрат» журналында айтылған пікірлердің әбестігі аз болғанымен, ең таяу уақытта «халық әдебиетінен жүрдай боламыз» деген уайымшыл ойының шындықтан алыс еместігін сезгенімізben, белгілі бір қолайлы жағдай жасалса, қолпаштау болса ауыз әдебиетінің жаңа қарқынмен өсіп-өркендегені 30—40-жылдары анық көрінді. Айтыс жанрының қайта жаңғыруы да осыдан.

Жана жүртішілік, әдебиетші қауым осындай қамқорлық ойларын ортаға салып жатқан уақытта, қазақ білімназдарының бірінші тобында (съезінде) 1924 жылы ауыз әдебиетін жинау мәселесі айрықша сөз болды. Акцентрдің штатында ариаулы адамдар, жер-жерлерде агенттер болу, оларға үлгі-нұсқа кітабын шығару, жиналған материалдарды дер кезінде жарияладап отыру жайы талқыға түскенде, «Халық әдебиетін жинағанда анасы жақсы, мынасы жаман деп бағалап жинамай, қайтүріп болса да жинау керек. Және оны әркімге тапсырмай, білікті адамдардың атқарғаны жөн, яғни «бұл ғы-

лымның жолында маман болуға да адамға туыстан берілген табиғаттың сыйы керек. Қім көрінгенге тапсырумен жұмыс болып шықпайды» («ЕҚ», 06. 07, 1924) деп сақтандырған қамкоршы ойлар айтылмай қалмады.

Жалпы, әдебиет мұрасын жинауға болсын, мектепті оқулықтармен қамтамасыз етуде болсын қазак білім-паздары съезінің атқарған ісі зор болды. Қоңылді ескігे аудара бермей, бүгін туып жатқандарға мән бере білу жайында Нәзір Төрекұлов ескертпе жасады: «Әдебиет жинауда бізде тәжірибе жоқ. Ол жайынан баяндамада толық айтылмады. Әдебиет жилюшылар көбіне ескі жырларды ғана жияды. Төңкерістен бергі болған жана әдебиетті де қалдырмай жиу дұрыс, төңкериң уақытындағы халықтың рухани, оған көзқарасын ашық айтып беретін соңғы кездегі әдебиеттер бар». Әсіресе, 1916 жылғы үлт-азаттық көтерілісіне байланысты туған, 1917 жылғы төңкеристер заманында атой салған ауыз әдебиеті өкілдерінің туындыларын жинау қажеттігіне дер кеңінде назар аударды. 1926 жылы үлт-азаттық көтерілісінің он жылдығына, 1936 жылы 20 жылдығына байланысты көптеген шығармалар жиналды,

Қазактың ауыз әдебиетін жинау, зерттеу ісіне арас-ласқан зиялыштардың қайсыбірі отырықшылыққа көшсек, халық шығармашылығы жойылады деген қисын айтып, кейбір үлгілерге өз жанынан сөз қосып, тұздық-тап жіберушілік те кездеспей қалмады.

Ауыз әдебиетінің иұсқаларымен қатар талай тарихи жырлар, ақын-жазушылардың туындылары да жарияланды. 1929 жылдарға дейін шықкан 30 шақты жинақтың ішінде сол кезеңдегі тапшылдық көзқарасқа үнамайтыны да кездесті. Мәселен, Нысанбай жыраудың «Кенесары — Наурызбай» дастаны болды. Жалпы хан, сұлтан дегенді былай қойғанда, ак патша заманынан бері Кенесары қозғалысы жайында айтылып келе жатқан қысыр сөздер мен жалған пікірлерді коммунистік идеология үстемелей түсті. Интернационализм, достық деген желеумен Кенесары тұсындағы қазақ-қырғыз қарым-қатынасын патша саясаты ұшықтырғанын, Шығыс Түркістанға өтіп бара жатқан Кенесарыға қырғыздарды әдейі жауықтырып, екі халықтың араздасуынан үлкен олжа табатын арамза саясаттың жымыскы қадамы жатқанын, тіпті күні бүгінге дейін түсінбеушілердің кездесуі осындай парыксыздықтан туған еді.

«Кенесары — Наурызбай» дастаны Әбубекір Дива-

евтің Жұсіпбек Басықараұлының жаппас Ораз ақыннан жазып алған нұсқасында жарияланды. Шығарар алдында бірқыдыру қазақ-қырғыз зиялыштарының қолынан етіп, бауырлас екі халықтың тарихында болған оқиғаның бүгінгі ұрпаққа қындық әкелмеу жағы, шындық денгейде жариялануы жайында дәйектеме жазылды. Жырды жариялау мақсаты туралы Халел Досмұхамедов: «1) Алатаудағы соғыс туралы Нысанбай ақынның шығарған сөзінің дұрыс нұсқасын беру; 2) Ел арасындағы Нысанбай сөзі аталып, сынар езу сөйленіп жүрген сөздердің әсерін жою; 3) Мектептерде оқытылатын заң тілі үшін тарихи поэмандың жақсы үлгісін беру; 4) Ел әдебиетінен алынған сөздерді қалай етіп шығару туралы қолдан келгенше үлгі көрсетіп, жол салу» («Аламан», 1991, 100-бет) деп атап-атап көрсетті. Оның үстіне дастанның тілін айрықша қадірлекендеге екі халық арасына от тастап алмайық деген көніл басым болды.

«Нысанбайдың тілі — нағыз үлгі боларлық қазақ тілі. Екінші, Нысанбай өзі соғыста болып, көзімен көрғенін жазып отыр. Үшінші, Нысанбай орынсыз казакты мақтап, қырғызды боктаң сөйлемейді, қазақтардың кемдігін, қырғыздардың ерлігін айқын көрсетеді. Баспаға берместен бұрын бірқатар қырғыз туғандарымыздың оқығандарына көрсетіп, олардың сынына салдық, олар жағынан ешбір бөтен сөз болған жок» (сонда) дегенді пысықтай беруі де жетеліктің белгісі екенін ұмытлауымыз керек. Әдеби мұрага жауапты қарау, оның мән маңызын ажырата білу қажеттігін осындағы қадамдардан анық байқаймыз.

Жалпы Халел Досмұхамедовтың тарихи жырларға, қайраткерлерге көбірек ден қоятыны және оның себеп-салдарларын біліктілікпен баяндайтын енбектері бірқыдыру. «Мұрат ақын сөздері» (1924), «Исатай — Махамбет» (1925), «Аламан» (1926) жинақтарының үқыпты жариялануы қазақ әдебиет тарихы үшін үлкен олжа болды. Әйткені Махамбет, Мұрат, Ығылман, Қалнияз, тағы басқа ақындардың өлең-жырлары алғаш рет шығып, кейінгі зерттеулерге өзек болды. Қазақтың ерте кезде өткен ақын-жырауларының сөздері, әсіресе, Махамбеттің отты жырлары К. Жұмалиевтің жәдігерлігімен жарқырай түскенін енді анық айтуға тиіспіз. Басқа мақалаларын былай қойғанда, Халелдің осы үш жинаққа жазған алғы сөзі, кіріспе дәйектемелері мен зерттеулерінің тарихи мәні зор. Әсіресе, «Тайманұлы Исатай-

дың қозғалысы туралы қысқаша мағлұмат» деген зерттеуінің құндылығы айрықша. Исадай — Махамбет көтерілісінің отаршылдыққа қары қозғалыс екенін Халел алғаш ашық айтты: «Исадайдың көтерілісі қазақтың көзін ашып, патша өкіметін танытты, патша өкіметіне сүйенген ҳандардың, сұлтандардың қазаққа нағыз дүшпап екендігін анық көрсетті» (76-бет) деген бірден-бір ғылыми дұрыс тұжырым жасады. Біз патшаны орыс халқының өкілі болғандықтан «үлкен бауырымызды өкпелетіп алмайык» деп азаттықты аңсаған көтерілісті «шаруалар қозғалысы» деп жалған түсіндірдік. Соның салдарынан Махамбет жырларының азаттық, теңдік, бостандық жолындағы құрес ұрандары екенін айтуда имене, күмілжи бердік.

Шынын айтқанда, осы күресшіл поэзия Халелдің іждағатымен бізге негізгі рухын сақтап жетті. «Махамбеттің жыраулығы күшті болған. Махамбеттің сөзі мол болған. Қебі жоғалған. Ел арасында сақталған сөздерінің бірқатарын осы кітапшада көлтіріп отырмыз. Біздің бастырып отырғанымыздың негізіне Мұрат ақыннан естіп едім деп Шөрекұлы Ығылман ақынның жазып бергені алынды» (80-бет) деп Махамбеттің Баймағамбет сұлтаңға айтқан сөзінің нұқсалары көп екендігіне әдейі баса назар аударды, ел азында жүрген сөзде «рулық нағыспен» қосылып жататыны болатынын ескертті.

Х. Досмұхамедовтың «Қазақ халық әдебиеті» деген еңбегі қазақ фольклорының жанрын классификациялауымен құнды. Бұдан бұрын 1927 жылы М. Әуезовтің «Әдебиет тарихы» дейтін еңбегінде ауыз әдебиетінің жанрлары бойынша талдау, мазмұндау болған, бірақ ол еңбек жалпы қолдануда болмағандықтан Халел өзінің таным-білігі деңгейінде жіліктеген, мүшелеген. Бұл классификацияны қазақ әдебиеттану ғылымының есу жолындағы мәнді ізденіс ретінде бағалауға тиіспіз. Қызықты да құнарлы бақылаулар толымды да кесек ойлармен жеткізілетіні, әсіресе, тарихта өткендерді қадір-құрметпен көрсетіп отыру мәдениеті, қазақ ақындарының тағдыр-талаіы жөніндегі қамқорлығы, ғылыми адалдығы, зерделі жетелігі кімді болса да енжар қалдырымайды.

Халелдің осындай жәдігерлігін айтқанда, ауыз әдебиетінің келешек тағдыры жөніндегі тұжырымын түгелдей қолдау қын. «XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ қауымының тұрмыс-тіршілігі өзгеріске

ұшырай бастады, ол өзгерістер халық әдебиетінің даму жолына да ықпалын тигізді. Төңкерістен кейін бұл өзгерістер құрт қарқынды бола түсті... Осының нәтижесінде халық әдебиетіне негіз болған және гүлше жайнатқан іргетас септінемек. XIX ғасырдың аяғынан бастап анық байқалған халық әдебиеті дамуының тежелісі, әсірессе, төңкерістен кейін күшее түсті, осылайша барлық халық әдебиеті сияқты қазақ халық әдебиеті де бірте-бірте тіршілігін тоқтатпақ. Мұндай құбылыс басталды да және ол қазақтардың мәдени дамуына кері бағытта жүріп отырмак» (15-бет) деген қамышыл ойды қөбіне-көп әдеби мұраны тезірек жинап алумен байланыстырып жібереді. Ертеден насиҳатталып келе жатқан және Европа елдерінің көпжылдық тәжірибесінде сыналған қысынның қазақ сияқты қошпелі қоғамның өкілдеріне қолдану-қолдау бау жайы толық ескеріле бермеген сияқты. Еуропоцентризмнің сілемі ғана емес, бүгінгі саяси қозқарас та аңғарылып қалады.

Мұраны жариялауда да, оған талдау жасауда да белгілі бір қозқарастың сілемі жататындығын ескерген уақытта, ғоның бәрін теріске қаратса беру де, не тырнак астынан кір іздей беру де келіспейді, Ондайдың шеті ертеден-ақ қөрінген-ді. «Халел Досмұхамедов тәрізді «алашорданың» ку мүйізі өзінің неше жыл оқып тапқан дәрігерлігін тастан, «әдебиетші» болып, кітаптар жазып шыгара бастады. Қазақтың бұрынғы батырлары туралы, байлар құлқымен айтылған бұрынғы өлеңдерді жинап, оған тағы да елдегі өлеңшілерге жаңадан өлеңдер қостырып кітаптар шығарды. Алашорданың Әлихан Бекейхановы есепшілік кәсібін тастан, ол да «әдебиетші» бола бастады» деген пікірлер айтылмай қалмады.

Төңкерішіл әдебиет өкілдері пролеткульттық ойсынайға бой алдырып, ауыз әдебиетінің озық үлгілеріне тиісті назар аудара алмай қалғаны өтірік емес. Бұған әсіре солшылдықтың зардабы қатты тиді. Өйткені ауыз әдебиеті үлгілері таптық қоғамда жасалған, үстем таптың қозқарасын насиҳаттайды, бүгінгі ісімізге пайдасынан зияны қөбірек деген пікірлер онды-солды айтылып жатты. Осындай қозқарастың әсерімен ауыз әдебиетінің озық үлгілерінде, оның қөркемдік бояуларында, ертеде өткен ақындардың шығармаларында өнеге боларлық ештеңе жок, үйрене коярлық қөркемдік шеберлік аз деген пікір насиҳатталды. Осындай қөніл-ауан, ой-пікір

біраз уақытқа дейін ауыз әдебиетінің проблемаларын дұрыс шешіп алуға кедергі жасады.

Қазақ халқының рухани байлығын игерудің жөнжобасы айқындалып, үлкен ғылыми еңбектің ауқымына алынуы 30-жылдардың іші. Бұл кезеңде мол мұлікті жинау, жариялау ісі айрықша өркендеуінің үстіне, ауыз әдебиетінің тарихи зерттеліп, кең қолемде насиҳаттала бастады. Бұған мәдени өркендеу мен практикалық қажеттік тұртқі салып, мұрындық болды.

Сәкен Сейфуллин 1929 жылы «Қазақ әдебиеті тұрали» ашық хат жариялады, жаңа кезеңнің талап-тілегін түсіндірді. «Қазақ елі жаңа тұрмыс дәуіріне аяқ басып, мектеп-медреселері көбейіп, тәртіпке қойыла бастағаннан бері қазақтың мәдениет, әдебиет тарихын зерттеп, бір тәртіпке қою мақсаты Қазақстанның халық ағарту орындарының алдында шешуді керек қылған түйіндердің бірі болып отыр. Еңбекші таптың кеңес мектебіне лайық тарих кітабы, әдебиет тарихы әлі де жазылып шыға алмай келеді. Былтырдан бері Алматы қаласында Қазақстанның мемлекет университеті (ҚазПИ әу.ігі кезде университет болып ашылған — Т. К.) ашылып, білім дүкенін құрып отыр. Жазылып шыға алмай келген қазақ тарихы, қазақтың әдебиет тарихы және де басқа осындай тарихтар енді осы білімнің ұлы қазаны, ұлы дүкені болып отырган университет маңында жазылып, тәртіплегендегі керек» (4-том, 389-бет) деп жазып, қазақ ауыз әдебиетінің тарихын жасау ісіне өзінің кіріспек ниеті барын хабарлайды. Қауырт қолға алған иғі істі Сәкен 1932 жылы «Қазақ әдебиеті» деген еңбегімен орындан шығып, қазақ әдебиеттану ғылымына үлкен үлес қости.

Осы жаңа бастама тек жеке ақын-жазушы тарарапынан ғана болып қоймай, қазақ университетінің әдебиет кафедрасы иғі істі қолға алды. Профессор Н. Фатовтың «Қазақ әдебиетін тексеру мәселелері» деген мақаласында қазақ әдебиетінің тарихын жасауды негізгі проблемаға айналдыра отырып, оның әр саласы мен кезеңін зерттеу жайына нақты тоқталды. Әдебиеттің даму, өркендеу дәуірлерін мәдениет тарихына байланыстыра, ортақ және өзгешелік сипаттарын ажыратада баяндау қажеттігіне назар аударылды. Мақала авторы: «Қазіргі дәуір — ауыз әдебиетін жинау үшін ең қолайлы дәуір. Себебі, қазақтың ауыз әдебиеті каймағы бұзылмастан молшылық күйінде тұр. Қазақ жүртynда Европа оқы-

мыстылары өз арасында іздесе таппастай ауыз әдебисті байлығы бар» («ЕК», 10. 11, 1929) деп тұжырымдан, оның тарихын зерттеуге айрықша назар аударған. Халық шығармашылығының бүгінгі жайы-күйіне көзіл бөлінуі керектігі де ескерілген.

С. Сейфуллин мен проф. Н. Фатовтың пікірлері болашақта жасалар әдебиет тарихының өзекті мәселелерін әңгімелесе, Ә. Тәжібаевтың «Қазақ әдебиетін оқыту туралы» 1930 жылы «Еңбекші қазакта» жарияланған макаласы қазақ әдебиеті тарихының жүйелі бағдарламасын оку құралын жасауға үндеді: «Қазақтың ауыз әдебиеті әлі жиналып, әдебиет тарихына байланыстырылған жоқ. Тым болмаса, Алтынсарыұлы, Абайлардан бастап тексеріп, солардан бастап-ақ түрліше хрестоматия, оку құралдарын жазуға болатындығын», сөйтіп, әдебиет тарихын жасау қажеттігін күн тәртібіне қойды.

Әдетте әдебиет тарихын жасау арғы түтпен емес, бергі жақыннац, қол жетер деңгейден басталады. Сондықтан да қол жетпес алысты армандағаннан да, бүгінгі күннің қажетін ашуға мүмкіндік беретін жақындықтармау — әдебиеттану ғылыминың жасалу, өсіп-өркендеу процесінде жіңі болатын құбылыс. Қай елдің тарихын алсақ та осылай болған, сондықтан кармакқа алдымен ілігер жердегі жақыннац бастаудың еш әбестігі жоқ. Қайта өсу, даму заңдылығын елемеу әбестік, Міне, сондықтан да біздің әдебиетіміздің тарихы да, ол жөніндегі оку құралдары да бертінгі дәүірден басталып, ғылыминың өркендеуіне байланысты алыстағы алтындарға қол созғанын үққан абзal. Осында заңдылыққа байланысты әр түрлі концепциялар айтыла береді, бірақ ғылыминың дерегі молайып, айтары әбден айқындалған уақытта сол концепциядан айырылмау, басқалардың тың ойына жол бермеу, тек өзінің кешегі айтқанын жәйттей беру шын ғалымға жат.

Сонымен практикалық қажеттіліктер ауыз және қазба әдебиетінің тарихын жасау, мектептерді оку құралдарымен қамтамасыз ету мәселелерін көлденең тартып, ғылыми ой-пікірге үлкен түрткі салды, ал ғылымның өркендеуі тарихи деректерге байланысты болғандықтан көркем әдебиттің озық үлгілерін жинау, жариялау істері жанданды. Мұндай өсіп-өркендеу процесі күш-куатты қажет етті.

Олкелік партия комитетінің мәдениет бөлімінің мецгерушісі Сәдуақасов Жанайдарға, көшірмесі Жандосов

Оразға, Мұсірепов Ғабитке, Аспандияров Санжарға 1931 жылдың 21 қарашасында жолдаған хатында Республиканың Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы Исаев Ораз: «Біздің мәдени, тарихи мәні өте зор бірқатар материалдарымыз жиңілмай қалып барады. Кеңес заманынан бұрынғы көркем шығармалардың бәрі де байшыл шығарма деп, бәрін де іске алғысыз етіп тастаймыз деу дұрыс емес; бұлардың ішінде өз заманын көрсететін, онаң соң сол кездегі езілген бұқараның да тұрмысының көрсететін әдебиет мұралары да бар. Меніңше, осы дөректерді жинап, тиісті ескерту, таныстыру қосып шығарса оның мәдениет, тарих жөніндегі маңызы өте үлкен болар еді» деп үкімет тарапынан мәдени-әдеби мұрага камқорлық көрсетті.

Бұл хатты ҚазАПП-тың үйімдастыру бюросы қарал: «Қазакта ескі мұра, ескі әдебиет бар. Әсіресе, казак арасында әлі жиналмаған ауыз әдебиеті көп. Ескі әдебиет — өз заманының айнасы, өткен өмірдің ой-шұңқырын түсінуге халық әдебиетінің пайдасы аса зор. Өткендегі өндіріс қатынасы, тап күресі, әлеуметтік өмірдің бүкіл тұлғасы әдебиетке қоныстанған. Тарих кестесі әдебиет бетіне түсіп отырған. Әлеуметтік өмірдің тырнақтай майдасынан бастап, ұлы дастан оқиғасына дейін әдебиетке таңба баспай кетпеген. Ескі әдебиеттің кымбатты қазына болатының да себебі осы», — деген тұжырымды ой түйді. 1. «Ескі ел ақындарының шығармаларын, халық әдебиетін жинауға айрықша бригада сайлады. 2. Жинаған материалдарды Маркс — Ленин жолымен зерттеп, баспаға береді. 3. Жинаған тарихи, мәдениеттік, әдебиеттік материалдарды Ленинше талқылап, текстеріп отыру үшін жиі-жиі диспуттар болып тұрады» («Жаңа әдебиет», № 1, 1932) деп ұжымдық шараларды белгіледі. Бірак мұны жүзеге асыруға ҚазАПП-тың мүмкіндігі болмай, 1932 жылы 23 сәуірде тарап кетті.

Алайда осы игі бастама қанат жая берді. Сәкен Сей-фуллин «Қазактың ескі әдебиет нұсқаларын» (1931), «Батырлар жырының жинағын» (1933) жариялады. Оның мән-маңызын қалың әлеумет жақсы түсінді. «Қазақ коммунистерінен соңғы жылдарда казактың ескі ауыз әдебиетімен шұғылданған — Сейфollaұлы Сәкен. Сәкен ескі әдебиеттің екі үлкен жинағын бастырып шыгарды. Сәкеннің бұл жинағында ескі әдебиет мұраларының маңызы үлкен. Екеуінде де көп материал бар. Қазактың тарихын жазамын, ескі тұрмысын білемін, шар-

уашылығын, әдебиетін, тап тартысы қатынастарын зерттеймін деген кісі Сәкен жинағын ескі әдебиет мұраларынан көп мәғлұмат, көп дерек табады. Міне, бұл жағынан қарағанда, Сәкен бұл екі жинағымен қазак қультурасына үлкен еңбек сіңірген» (Ғ. Тоғжанов, «Абай», 1935, 156-бет) деп бағаланып, мәдени-әдеби мұраны жинау ісі ғылыми жүйеге түсе бастағанын аңғартты.

Абай мен Сұлтанмахмұт, Ыбырай Алтынсарин, Ақан сері, Ақмолда, Сүйінбай шығармаларының жинақтары, ауыз әдебиетінің кейбір үлгілері жеке ақын-жазушылардың іждағатымен шыққаны белгілі. 30-жылдардың екінші жартысынан бастап бұл үлкен де мәнді істі ғылым мен мәдениет ошактары қолына алды. 1934 жылы құрылған Қазақстан ұлт мәдениетінің ғылыми-зерттеу институты мен Қазақстан Жазушылары одағы әдеби-мәдени мұраға қамкоршы болды.

Осы процестің сынни-ғылыми ой-пікірдің ауқымында қалай көрінгенін байқау үшін сыншылардың жазғандарын емес, ұжымдық еңбекке, яғни Қазақстан ұлт мәдениеті институты шығарған «Қазақ совет фольклоры» (1935) деген алғашқы жинаққа назар аудара кетейік.

«Қазақ халқының өз түрмисына лайық тарихы, әдебиеті бар. Мұның бәрі өткен өмірдің байлығы, ескісіз жаңа жоқ. 400—500 жылдай баспасөзі болмаған елдің тарихын жасау үшін ауыз әдебиетін пайдаланбай болмайды, өйткепі қазақтың ауыз әдебиеті қазақ халқының негізгі бір тарихи деректері болып табылады» деген ой-пікір «Қазақ совет фольклоры» атты еңбекте айқын баяндалды. Осы жинаққа институт атынан жазылған алғы сөзде халық шығармашылығының мән-мағынасы айтылып, халық тарихына көптеген дерек-мағлұмат беретіндігі, сонымен қатар, бүгінгі ақын-жазушылардың «тіл байлығын өрлеңтін, фантазиясын күшейтіп, образ жасау, сюжет құру шеберліктерін терендету жағынан ел аузындағы ертегі, жұмбак, мақал-мәтел, шешендер сөзі, ақындар айтысы, күлдіргі, тақпак, тағы осы сықылды ауыз әдебиет жанрларының ересен пайдасы бар» (6-бет) екендігі баяндалып, халық шығармашылығының өркендеуіне назар аударылған.

Институттың негізгі мақсатының өзі фольклорды жинастырып, зерттеу жұмысын үйімдастыру, фольклордың өрге шауып, өріс алуына қолғабыс жасау болғандықтан да халық шығармашылығының үлгісі болған дастан, толғау, сықақ, мысқыл, ажуа, мадақтау өлеңдерін жа-

риялап, олардың көркемдік ерекшеліктеріне талдау жасаған. Институт ұжымының ескіге де, жаңаға да мұрагер болып, зерттеу, насиҳаттау ісіне ден қоюы қезең талабынан туған болатын.

«Совет фольклорын өркендету үшін фольклоршыларға дұрыс басшылық, дұрыс тәрбие беру керек. Фольклоршылар ішіндегі көрнекті жұмыстар істегендерін жазуышылар үйімі қанат астына алып, ілгері жетелеуі керек» (123-бет), газет-журналдар оларға арнаулы орын беріп отырғаны жөн деген тілек те айтылды. Халық өнерпаздарының 1934 жылғы бірінші слетінен және қазақ мәдениетінің 1936 жылы Мәскеуде өткізілген онкүндігінен кейін, әсіресе, Жамбылдың жырлары Одаққа танылғаннан кейін халық таланттарына камкорлық күштейді, репрессияның киын жылдарында жазба поэзияның өзіне ықпал жасап, олқылыкты толыктырғаны әмбебеге аян.

Шынтайттап келгенде, қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, жариялау процесі бүгінгі халық ақындарының өнерпаздығымен толысуы әдебиетіміздің үлттық дәстүрін айқындаған өнімді бір сала болды. Міне, сондықтан да осы процесті жіті байқаған және әдемі тұжырымдаған Л. Соболевтің: «Қазақ совет әдебиетінде екеуі де бірдей тен және айрықша талантты арналар — яғни профессионалдық жазба әдебиет пен халық ауыз әдебиеті катар өмір сүріп отыр», — дегендегі ой-пікірінің негізгі салмағы ауыз әдебиетіне ауғаны, оның өзін үш саладан өрбіткені, яғни қазақ әдебиетінде халықтық шығармашылықтың дәстүрі қалың, суырып салма (империвизатор) өнері күшті, үшінші, мұның айқын дәлелі — Жамбыл өнерпаздығы деп көрсетті, «Жамбылдың халықтың поэтикалық дәстүрін сақтаған алып дарыны және оның советтік айқын дүниетанымы қазақ әдебиетіндегі екі арнаны біріктіріп жіберді», — деп тапты Л. Соболев (На главном курсе, 1969, 270—271-бет), Мұндай мәнді тұжырым ауыз әдебиетінің үлгілерін тек жинау, жариялау ғана емес, көркемдік тәжірибеде өркен жайып, халық өнерпаздығымен жалғасып жатқанын көрсетеді. Сонымен, қазақ халқының рухани байлығы — ауыз әдебиетінің үлгілерін жинау, оның қадір-қасиетін айқындау бағытындағы ой-пікірдің уақыт өте келе ірілене, мәндене, қомақтана, нақтылана түскен эволюциясын көрсек, екінші жағынан, ауыз әдебиеті мұраларын жинау, жариялау ісі әркімнің өз тілегімен ғана атқа-

рылмай, бұдан былайғы уақытта мемлекеттік мәні бар әлеуметтік-шығармашылық іске айналғандығын анық байқаймыз.

Қазақ ақын-жазушылары өздерінің өнерін, өнерпаздығын гүлдендіре өркендету үшін халық әдебиетінің дәстүрі әрқашан мәнді ариа болатындығын айқын сезді, яғни С. Маршактың: «Әдебиеттің фольклормен жымдаса байланысуы айрықша қажет, өйткені дәстүрі жоқ жазушы — стрелкасы жоқ сағатқа үксайды» дегені, әсіресе, қазақ халқының шығармашылық өмірінің ең бір өнерпаздық қажеттілігі екенін айқын сезді, түсінді. Қауым арапаскан істік өнікті де өнімді, өміршең болатындығы, халқтың рухани байлығы енді шашау болмайтыны, жиналатыны, оны халқтың өзіне қайтадан жеткізу қажеттігі әбден анықталды. Көп томдық «Қазақ халық әдебиеті» сериясының шыға бастауы фольклористикағылыминың қарышты қадаммен дамуына кең жол ашты.

3. АБАЙТАНУ АСУЛАРЫ

Әдеби мұраны игеру мәселесін әңгімелеген кезде, оны тек ауыз әдебиеті үлгілерімен ғана шектеп қоюға болмайды. Өйткені ол жалпы әдеби мұраның мәнді бір саласы ғана. Біздің ғылыми-сыншылық ойымыздың өркендеу барысында жеке ақын-жазушылардың, тарихта аты қалған дарындардың шығармаларына көп назар аудараймы.

Әдеби мұраның екінші бір мәнді тармағы — жеке дарындар шығармалары жөнінде айтылған пікірлерді, әрбір ақын-жазушы жайындағы еңбектер мен мақалаларды тізіп, кімнің не айтқанын баяндай берудің ғылыми жөн-жосығы жоқ екенін ескеріп, сынни-ғылыми ойдың әволюциясын Абай шығармаларының төнірегінен көрсеткен абзал. Өйткені Абай қазақтың жаңа жазба әдебиетінің негізін қалаушы және идеялық-шығармашылық маңызды мәселелерді көтеруге, екінші жағынан, қазақтың сыншылық ой-пікірін өсіруге, өскен өресін танып-білуге жағдай жасаған ұлы дарын. Шын, үлкен таланттың ғана өрелі ойларды, салиқалы пікірлерді туғыза алатыны — әдебиеттің бүлжымас заңы.

Абайдың шығармалары жайында кеңес заманында айтылған ой-пікірдің әволюциясын сын жанрының қалыптасуы түргысынаң қарадаң бұрын осы мәселеге

тікелей қатысы бар кейбір енбектерге шолу жасалық. 1945 жылы Абайдың туғанына 100 жыл толуына байланысты көптеген енбектер жазылды, солардың ішінде Е. Ысмайловтың «Абайды зерттеу жайында» деген арнайы баяндамасы бар. Осы мәнді енбекте Абайтану ілімінің қалыптасу кезеңіндегі сынни ой-пікірлерді үш кезеңге — революцияға дейінгі кезеңге, революциядан кейінгі алғашкы 10 жылға (1923—1933), Абайдының жолмен зерттеудің басына (1934—1945) жіктеп қарайды да, әрбір кезеңнің ерекшеліктерін көрсетеді. 1959 жылы М. Сильченконың «Абай шығармаларының жарайлану және зерттелу жайы» деген макаласында 1945 жылдан бері жазылған ғылыми зерттеу және сынни енбектерге ғана шолу жасалған.

Абайтану ілімінің өркендеу барысы оны арнайы зерттеу қажеттігін тудырыды. 1964 жылы Мекемтас Мырзахметов «Абай Құнанбаевтың әдеби мұрасын зерттеу гуралы» кандидаттық, 1990 жылы «Мұхтар Әузов және Абайтану проблемалары» деген тақырыпта докторлық диссертация корғады. «Абай жүрген ізбенен» (1985) және «Абайтану» библиографиялық көрсеткішін (1987) шығарды. Мырзахметов ілгерінді-кейінгі зерттеулерді ескере отырып ой өрбіткенде, Абайтану жайын өзінің 1964 жылғы дәүірлегенін өзекке алып отырады. Абайтанудың қалыптасу процесін Е. Ысмайлов белгілеген кезеңдер негізінде едәуір терендете түскенін, жана ой-пікір қосқанын көреміз. Абай жайында 1918—1940 жылдар арасында жазылған сын, зерттеу енбектерін іштей үш кезеңге бөліп қарайды. Автордың сыншылық, ғылымдық ой-пікірлер эволюциясын жинақтай баяндау талабын құптағанмен, Абай шығармашылығы жөнінде жазылғандарды 1918—1925, 1927—1936, 1936—1940 жылдарға бөле қарауының ғылыми дәлелі жеткіліксіз екені байқалмайды емес.

Кеңес дәуірінде Абайтану ілімі негізінің қалануын, қазақ әдебиеттануының жеке атау тігу процесін басқаша кезеңдеу қажет. Бұл арада 1918—1940 жылдарды үш кезеңге бөлудің ғылыми дәлелдемесі жетіспей жатса, Е. Ысмайловтың 1934—1945 жылдары: «Абайдының жолмен зерттеудің басы» деп көрсетуінің негізінен дұрыстырының мойындай отырып, осы кезеңнің өзін басқаша атау қажет екенін айтпасқа болмайды. Біздіңше, 1918—1945 жылдарды Абайтанудың үлкен бір дәуірі деп қарап, оны іштей екі кезеңге бөлген жөн сияқты.

Әдеби мұраны игерудің барысы тұрғысынан да, сонымен қатар, сыншылық ой-пікірдің эволюциясы тұрғысынан да бірінші кезеңді 1918—1933 жыл аралығымен белгілеген абзal, өйткені осы кезеңде Абай шығармашылығын тану-танияу мәселесі айқын шешілді. Абай шығармаларының 1933 жылғы жинағы алғашқы кезеңнің корытындысы болды. Демек, Абай шығармалары айтыстартыс, «Ішке тарту, сыртқа тебу» дәүірінен өтіп, халық кітапханаасынан орын алды. Алайда Абай шығармашылығының шын мәні, тарихи орны әлі аныкталмай, келешек кезеңнің ауқымына ауысты.

1934 жылы Абайдың қайтыс болғанына 30 жыл толуын атап өту жөнінде Қазақ АССР-ның Орталық Атқару Комитетінің указы шыққаны, 1945 жылы ұлы ақынның туганына 100 жыл толуының үлттық көркем сөз мереңкесі ретінде тойлануы тек әлеуметтік тұрғыдан ғана емес, ғылыми эстетикалық тұрғыдан мәні зор. Бұл кезеңді шартты тұрде Абайтану ілімінің дайындық дәүірі деп атаса да болғандай. Өйткені Абай шығармашылығының мәні мен маңызына, эстетикалық қуат-қауқарына, саяси-әлеуметтік және қоғамдық қозқарасының қыры мен сырына жан-жақты барлау жасалды. Ал, бұдан кейін жазылған қалыптасу де мәнді енбектер Абайтану ілімінің қалыптасу дәүірін айқындайды.

Қазақ әдебиеттану ғылымында өз алдына отау тіккен Абайтану ілімінің қалыптасу жолдарын осындай үш үлкен дәуірге жіктел қарау тарихи шындықтарды мол қамтуға және әдеби-ғылыми ойымыздың өсу кезеңдерін айқынырақ байқауға мүмкіндік береді.

Абайдың шығармашылық тұлғасын — қазақ халықының ұлы ақыны, ойшылы деп тану дәуірі (1918—1945), сөз жоқ, Қазақ төңкерісіне дейінгі кезеңнен түбірлі айырмашылығы бар. Төңкеріске дейінгі кезеңде Абай данқының жайылу, елге танымал болу, канат қомдап келе жатқан сынға арқау болу жайы көбірек әңгіме болса, енді ол сәбіліктен өтіп, ғылыми өнірге қол соза бастады.

Абайды тану-танияу мәселесі әлеуметтік талқыға түскен дәуірдің өзін іштей бірнеше өзек-салага бөлуге болғандай. Бірінші өзек — Абай мұрасын жинау, жариялау. 1909 жылғы жинақпен шектеліп қалмай, қазақ зияялыштары Абайдың шығармаларын, Абай өміріне катысы бар деректерді жинау мәселесіне айрықша назар

аударды .Бұл процесс 1933 жылғы жинақтан кейін де толастай қойған жок.

«Сана», «Таң», «Әдебиет майданы» журналдары мен «Ақ жол», «Қазақ тілі» газеттерінде Абайдың бүрын баспасөз бетін көрмеген өлеңдері басылып, қалың оқушы қауымға ұсынылуы бір болса, екінші жағынан, Абай шығармаларының жинақтарын шығару процесі де жүріп жатты.

1916 жылы Самат Нұржанов «Абай термесі» деген жинақ шығарғанмен, Абай шығармаларын жариялау мәселе 1921 жылдан бастап қана жүйелі арнаға түседі. Абай жинағын шығару жөніндегі ұсыныстарды дәйектілік жетіспеген соң, 1909 жылғы кітапты қайтадан жариялау қажет деп табылып, оған алғы сөз жазу міндетті Нәзір Төреқұловқа тапсырылды. Түркістан республикасының халық ағарту комиссариаты жаңындағы Қазақ ғылым комиссиясы 1922 жылғы 15 ақпан қаулысында Абайдың өмірбаянын жазып, шығармаларына сын берген уақытта қазактың жазба әдебиетінің атасы екендігін дәлелдей айтуға назар аудару қажеттігін ескертті.

Комиссияның 10 қыркүйектегі мәжілісінде Әбубекір Диваев Абайдың қолжазбасы Н. Төреқұловтың қолында жатқанын, алғы сөзі әлі жазылмағанын өкіне хабарлап, осы басылымның мән-жайына қысқаша түсіндірмे беру керек деп ұсыныс жасады. Осындай іждағатлен 1921 жылы Қазанда, 1923 жылы Ташкентте Абай өлеңдерінің жинақтары шықты.

Қазақстан Оқу комиссариаты 1925 жылғы Абай шығармаларының толық жинағын баспаға дайындауды Мұхтар Әуезовке тапсырды. 1927 жылғы жинақтың алғашқы варианты жасалып, Оқу комиссариатының ғылым және методика советінің талқылауына ұсынылды. Оны екі күнде оқып, пікір айту Сайдалинге, ал, ол үлгереп алмаймын десе, Майлинге тапсыру қажеттігі ескерілді. Советтің 29 тамыздағы мәжілісінде Сайдалиннің пікірі талқыға түсіп, жинақты баспаға тапсыру жөнінде ұсыныс қабылданды. Пікірде айтылған ескертпелерді тиянақтап қарап, жөндеу М. Әуезовке тапсырылды. Ертеден-ақ қолға алынған иғлікті істің нақты шешімін талқаны —1933 жыл. Жинаққа үлкен кіріспе жазған — Ілияс Жансүгіров.

Осыдан кейін Абай өлеңдерінің жинағы үнемі басылып тұрды. 1939—1940 жылдары Абай шығармалары

ның толық жинағы екі том болып жарияланды. Тап осында жағдай Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармаларының жинағын жариялау кезінде де болды.

Демек, тарихқа аты белгілі ұлы дарындардың жинағын шығару ісінің талай киындықтар мен уақыт талқысына түсуінің өзін әшейінгі бір ұқыпсыздық деп қана қарауга болмайды. Олардың шығармаларын жариялау-жарияламау мәселелері тек шығармашылық жағынан ғана емес, саяси мәселелермен сабактасып жатты да, халыққа ұсынар мұраның мән-маңызына айрықша назар аудартты.

Абайды мойындау-мойындамау процесінің алғашкы белесі — оның шығармаларын жариялау ісі осында көзендік көңілауанмен сабактасып жатса, Абай шығармашылығының негізгі мәселелерін саралау, эстетикалық арналарын, көзқарасын, дүниетанымын айқындау жоне ақындық кеменгерлігін тану үлкен бір белес болғаны тарихқа мәлім,

Екінші өзек — арина — Абай кімнің ақыны, оның көзқарасы қандай деген проблема 20-жылдары әшейінгі мәселе емес еді. Абайды қайткен күнде ұлтшылдық әдебиеттің басы етуге талаптану кенес өкіметі орнағаннан кейін де толастамады. Абайдың дүниетанымын тұмандата көрсету үшін оның ата-тегін, өзінің іс-қылышын әдейі дәріптей даурықандар да кездесті. Бұл пифыл кенес жүртшылығын қатты алаңдатты, кейде ашына жазуға мәжбүр етті. Бұл мәселенің объективтік жағы болса, енді кейбір дарындар өздерінің білім өресі, таным деңгейінен қарап, кем сілтеп алғаны да жоқ емес. Осы жайды анық көрсету үшін көптеген ақын-жазушылардың ой-пікірін көлтіріп жатпай-ак қазақтың төңкерісшіл әдебиетінің негізін қаласкан үлкен дарын Сәбит Мұқанов көзқарасының эволюциясын баяндаған абзал. Өйгекені оның ой-пікірлері сол кездегі сынни көзқарастың өркендеу жолдарынан анық хабар бере алады.

1923 жылы Ахмет Байтұрсынов елuge толғанда Смағұл Садуакасов баяндама жасады. Ол Ахметті Кенесары, Шоқан, Ыбырай, Абаймен салыстырып, қазақ зиялыштарының көсемі деген ой айтты. Міне осы пікірге Сәбит Мұқанов «Қара тақтаға жазылып жүрмендер, шешендер» деген мақаламен жауап берді. Сонда Абайдың «тілі майда, өткір екенінде сез жоқ. Өлеңнің іші-сыртын түгел қылып түсіреді,— деп мойындайды да, оның көзқарасын ата-тегіне сабактастыра өрбітеді.—

Жалғыз-ақ тарихы күргүр көңілді күдікті қылып тастанды. Жеті атасы би болған, тобықтыны бір шыбық-пен айдаған тұқым. «Арғын, найман жиылса, тәңір қылған сөзіне, қайран сөзім қор болды, тобықтының өзіне» деген өлеці өзінің кім екендігін сездіреді. Өлеңдері мына жаңа заманың ретімен көтіп, өзі Кененің ізін қуған болмағай еді» («ЕҚ», 01. 03, 1923) деген пікірден көп уақытқа дейін айрыла алмады. Сәкен Сейфуллиннің Абай жөніндегі көзқарасы дәл осындай болмағанымен, онша құптаі қоярлық ниетті аңғартпады. Әдебиет майданындағы айттыс-тартыс күштейген кезде Сәбит Мұқанов 1928 жылы «Әркім өзінше ойлайды» деген мақаласында жоғарыдағы ойын енді ашық тұжырымдады. «Пушкин де, Абай да орыс пен қазак әдебиетін бастап жаратқандар емес, түйінін түйіп корытқандар. Қазақтың әріден келе жатқан жақсылы-жаманды әдебиеті болды, сол әдебиет те сарқылып келіп Абай заманында бір қазық қағып кетті. Осының кезеңіне Абай кез келген соң даяр таяқтың иесі, даяр тоқпақтың ұрушысы, даяр қазықтың қагушысы болды да жүре берді.

Абай — байшыл табының ақыны. Абай өлеңдерінің жалпы сарыны екі түрге бөлінеді: біреуі — ескішілерді сөгіп, олардың надандығына, бақ құмарлығына кею, екіншісі — елді өнерге, оқуға шақыруы. Бұл екеуі де жаңашыл байшылдықтың өркендеуге бет алған кезінде басталатын жұмыстар. Абай — қиялшыл. Ондал зерттеғен кісіге байшылдық, ұлтшылдықтың тұп қазыры — Абай.

Абай кедейге көріне қарсы жазған жоқ.

Абай — жаңашыл. Осынында дау жоқ. Өз заманында пайдалы адам болды. Әлі де пайдасы бар, онында да дау жоқ. Бірақ ол өнерге ұмтылған, қазақтың ақ сүйектікten жаңалыққа ұмтылған жаңашыл байшының тілегінен туған. Абайды орынсыз көтеретіндер бар, ол дұрыс емес» («Жаңа әдебиет», № 1—2, 1928), деген кезеңдік ойларда Абайдың ақындығын тану, мойындау процесі ақынның ата-тегінің құрбандығына шалынады.

30-жылдардың бас кезінен С. Мұқановтың көзқарасында әдеби мұраны, әсіресе, Абайдың шығармашылығын тану мәселесінде өзгеріс пайда бола бастады. Енді мәселенің бәрін әрбір шығарманың туған дәуіріне, әрбір дарынның өсken ортасына бейімдей бермей, тарихи накты бағалау қажет екендігін ескерді. «Блокшылдықтан демнәншылдыққа» деген мақаласында осы жаңаша

түсініктің алғашқы қарлыгаштары көріне бастады. Мәселен, жалпы әдеби мұра жайында айтқанда «пролетариат жазушылары өздерінен бұрын өткен аксүйек байлардың жазушыларының табысымен толық пайдаланаады. Олардан түр үйренеді, мазмұнды өрбітудің әдісін үйренеді. Онда дау жок», — деп ой түйіп, Абай жайында тұжырым жасады: «Қазақтың ұлт әдебиетіне күшті негіз салған Абай Пушкин мен Лермонтовтың үлгісімен жүрді. Философия жағынан Абайға толық әсер еткен адам — Толстой» (№ 2, 1931) екенін айту Абайдың идеялық-эстетикалық арқауын анықтаудың жемісті өнірін мензейді. Элі де зерттей түсу қажеттігін аңғартады.

«ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты 1932 жылы шықкан кітабында, Қазақстан жазушыларының бірінші съезінде қазақ поэзиясы туралы жасаған баяндамасында (1934 жылы) бұрынғы тұжырымдардың сарқыншактары сзықтап көрінгенін байқаймыз. Осындағы ой-пікір эволюциялары 1937 жылы Сәбит Мұқановқа «Абай — халық ақыны» деген мәнді мақаланы жаздырды. Мұның жетілдірлген, ғылыми жағынан толықкан және Абай жаңа шығармаларының сырын жарқыратада ашқан варианты Абай шығармаларының бірінші томына 1939 жылы жазған алғы сөз болып, ағартушы-демократтығы дәлелденді. Мұндай ой бұралынын талайлар өтті.

Сынылышқ ой-пікір эволюциясын айқын таныту үшін Абай шығармашылығы жайында жазылғандарға, эстетикалық проблемаларға молырақ тоқталу қажет. Сондағана бүгінгі Абайтанудың арғы бастауларында талай пікір-тұжырымдар айтылып, бәрі жинала келе кең арналы ілімге құйғанын, қазақ әдебиеттануының өнімді бір саласы бол қалыптасқанын дәлелдей аламыз.

Абай шығармаларын жинау, жариялау және дүниетанымың бағдарлау процестерімен қатар Абайдың қазақ әдебиетіндегі тарихи орнын анықтау мәселесі үзенгі қағыса сахнаға шықты. Бұл салада да артық-кем пікірлер айтылмағанмен, аздаған көпке, саяздан тереңге, жақыннан алысқа көз салу тенденциясы байқалып жатты.

Абай — қазақтың жазба әдебиетінің негізін қалаушы деген ең негізгі концепция Қазан революциясына дейінгі, тіпті, Абайдың көзі тірісінде де айтылған болатын. Абай шығармашылығын идеялық жағынан мойындау-мойындау мәселесі күн тәртібіне қойылғанда, осы негізгі тұжырым додаға түсіп, оның мән-мағынасын ашу

қажет болды. Абайтану ілімінің алғашқы бастауында, ягни 1918—33 жылдар ішінде идеялық тұрғыдан талай пікірлер айтылғанмен, ешкімде Абайдың ақындығына, жаңашылдығына, өнерпаздығына шек келтірген емес.

Кеңес заманында шыға бастаған газет-журналдардың бетінде Абай аты аталмай қалған кез аз. 1922 жылды 29 казанды Сamat Нұржанов Павлодардың «Красный пахарь» газетінде: «Қазақ ақындарының көш басында данышпан адам — Абай (Ибраһим) Құнанбаев тұр. Ақындық талантты мен ақыл-парасатты оны тамаша. ақындардың катарына қосып отыр. Қазақтар оны айрықша қадірлейді, өз поэзиясын тудыруши, философ, қазақ ақындарының үстазы санайды» деп жазды.

Абай мұрасын жинау, оның шығармашылығының мәнін түсіну жайынан болсын, Абайдың қазақ әдебиеті тарихындағы орнын айқындауда болсын, көп еңбек сіңірген Мұхтар Әуезовтің алғашқы пікірлеріне айрықша назар аударған жөн, Өйткені ол Абай ұлымының сырны жыға түсініп, ғылыми комакты пікір айта білді. «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәүірі» деген мақаласында: «Абай — қазактағы суретті сұлу сөздің атасы, терең сырлы, кең мағыналы кестелі өлеңнің атасы. Қазақ өлеңіне үлгі, өрнек берген, түрін көбейтіп, қалпын молайткан Абай. Ол қазақтың ішінен окушы тапқан. Әдебиетке, өлең-жырға бүріннан орнаған теріс пікір, теріс үғымның бәрін жоғалтып, жұрттың ойын тәрбиелеген.

Бұдан соңғы бір үлкен қызметі — қырдағы қалың қазақка мәдениеттің есігін ашқан. Орыстың Пушкин, Лермонтов, Крыловтарын қазаққа аударушы Абай. Абай здоровый реализмнің ақыны, соның негізін салушы» («Шолпан», № 4—5, 1923) деп тауып, Абай шығармашылығының ең бір айшықты сипаттарын айқындаған. Абайдың жаңашылдығын және орыс әдебиетімен байланысын дәл бағдарлау ол кезеңдегі сыншылық ойдың бір үлкен көрінісі болумен қатар, екінші жағынан, Абай шығармашылығын танудың ең бір өнікті арналарын көрсетумен пара-пар еді. Әрине, бұл анықтамада Абайдың бар тұлғасы толық көрінбеген, өзекті мәселелердің өнікті салаларына ғана назар аударылған.

Алайда «бұл күнге шейін қазактың жазба әдебиеті жайынан сөз жазушылардың көбі біздің жазба әдебиеттіміздің басы Абайдан басталады деп есептейді.. Бұл пікір суретті (художественная литература) ретінен қарағанда дұрыс болса да, әдебиет тарихының ретінен

қарасақ, үлкен адасқандық болар» деген пікірге тоқтала кету қажет.

Бұл пікірге ойланған қараған жөн. Ғылыми деректердің 20-жылдардағы өресі алысқа көз салуға мүмкіндік бермегеніне қарамастан, М. Әуезов өнікті болжам айта білген дег табуымыз керек, ал, оны дәлелдеу жағына келгендे, онша көп ғылымдық іжадағат жасамаған.

Ақындар айтысы, жалпы айтыс өнері: «бір жағынан ауызша әдебиетке кірсе, бір жағынан жартылап келіп жазба әдебиетке кіреді. Біздің айтыстар сол эпистолярлық роман түріндегі өлеңдер. Сондықтан жазба әдебиеттің басына бұл өлеңдер кіруі тиіс. Одан бері де жазба әдебиеттің өз міндетін ұға бастаған, қазақ түрмисындағы кем-кетікті қолға ала бастағаны да Абайдан бұрын басталады» деген уақытта М. Әуезов әдебиет тарихын әріден тартпай, бергі қол созым жерден бастайды. Наурызбай мен Тілеуқабақ қызының, Біржан мен Сараның айтысын ғана дәлел етеді.

Айтысты эпистолярлық романға балауында белгілі шарттылық та бар. Алма-кезек жазысқан хаттар негізінде жазылатын шығарма мен қолма-қол айтыста сұрыпсалып айтылатын өлеңдердің мән-мағынасына, көркемдік формасына бір өнірден қарауға болмайтыны тағы белгілі. Айтыстың түп төркіні, бар табиғаты ауыз әдебиетінде жатқанын аңғару қажет еді. М. Әуезов бұл пікірін кейінгі еңбектерінде ары жаңғыртпай, айтысты фольклордың үлкен де субелі бір жаңры дег табады. «XVIII ғасырдың соңғы жарымынан бастап, XIX—XX ғасырдағы айтыстар және совет дәуіріндегі айтыстар жазылып алған түрлерінің, ұлғілерінің өздеріне қарағанда да қазақ фольклорының мол саласының бірі» («Әр жылдар ойлары», 1959, 319-бет) деген тұжырымды пікір айтып, алғашқы кездегі ойынан ат құйрығын кеседі.

Алайда осы ойын әрі қарай дамытқан уақытта: «Абайдың алдындағы адамдар дег Шортанбай, Алтынсарин, Машһұр Жүсіп, Нармамбеттерді алу керек. Бұл адамдардың кейірінің Абайдан жас болғандығын есеп қылуға болмайды. Бәрінің жазған сөздеріндегі бетті, белгілі сарынды есепке алу керек. Ол дәуірдің ақындары жазба әдебиеттің басы екендігі даусыз» деген тұжырымы ғылыми-көркемдік жағынан көнілге қона бермейді.

Қазақтың жазба әдебиетінің тарихын қол созым жерден бастауға, оған болымды-болымсыз деректер келтіру-

мен дәлелдеуге талаптануы сол кездегі білім әуселесіне байланысты болғаны сөзсіз, бірақ «Қазақта жазба әдебиет Абайдан көп бұрын басталған. Бұл есепке көбінесе дін мақсатымен жазылған қиссаларды кіргізбесе де, айтыс өлеңдерді кіргізбеуге болмайды» деген ойға тарихи түрғыдан назар аудару қажет.

Жазба әдебиет үлгілері күні кеше ғана келген жок. Бұл жөнінде қазақ әдебиеттандырылымы өнімді ізденистер жасап та отыр. Эрине, дін араласқан, я дінмен байланысы болғандардан безу 20-жылдарда машықты әдет болғаны тағы бар. Осы жөнінен келгенде қазақ әдебиеттің тарихы жөніндегі лекциясында С. Сейфуллин: «Қазақ арасына жазба әдебиет таратқан Түркістаннан шыққан қожалар. Ол кезде қазақтың арасына көп таралған Қожахмет Яссайдің кітабы. Біздің қазақ ақындары соны еліктең кеткен» («ЕҚ», 19. 02 1924) деген уақытта, суфистік әдебиеттің болғандығын, оның жазба әдебиетке қатысы барлығын жокқа шығармаған. Қазақтың ескі оқығандарының қайсысы болса да әдебиетіміздің ертеден келе жатқанын қадай айтпаганымен, алғыс кезеңнен іздейтінін байқаймыз. Х. Досмұхаметов: «қазақтың жазба әдебиеттің негізін мұсылманша оқыған сауатты ақындар салғаны сөзсіз. Соңдықтан да жазба әдебиеттің алғашқы үлгілерін халық поэзиясының діни және гибраттық түрлерінен іздеу қажет» дегені осындай көніл күйдің етек алуынан еді демескे болмайды. Дәл атауын таппағанмен, М. Әуезов те қазақтың көне жазба әдебиеті болғандығын мойындейды, бірақ оны идеялық жағынан қабылдамайды. Көне әдебиетті тану мәселесі үзаққа созылып, тек соңғы кезде ғана шын ғылым арнасына түсті. Қазақ университетінде басталып, басқа оку орындарында «Қазақ әдебиеттің көне дәүірі» деген дәріс жүйелі жолға қойылды. Мәдени-әдеби деректердің, ескі ескерткіштердің бәрі де белгілі дәрежеде қазақ әдебиетіне қатысы бары ғылыми түрғыдан анықталды.

Демек, Мұхтар Әуезов — Абайды жаңа, классикалық жазба әдебиеттің басы деп тану мәселесін алғаш рет айтқан, өзінің ой-пікірін дәлелдей айтуға талаптанған зиялыштардың бірі. Сонымен қатар, қазақтың көне замандағы жазба әдебиеті жайында болжам айтқанымен, оны ғылыми түрғыдан дәлелдеуде қайшылыққа да ұрынып қалды. Осы мәнді идеяны әрі қарай зерттей түсуге сол кездегі ғылым өресі түсаш болды дегенмен де, оны

алғаш айтқан М. Эуезов те, өзгелер де өрбіте беруге салғырттық жасаған.

Үлкен дарын — мәнді сыни-ғылыми ой-пікірлерге арна тауып береді деген тезистің бір сілемі осыдан анық аңгарылса керек. Шынында да Абайдың қазақтың жаңа жазба әдебиетінің, классикалық әдебиетінің негізін қалаушысы болуы оған дейінгі көркемдік дамуды жоққа саймайды, қайта, қазақтың көне жазба әдебиеті болғандығына назар аудартады, Демек, қазақ даласының мойғол шапқышылығына дейінгі тарихи және мәдени дамуын санаттан шығарып тастауға еш болмайды. Абай төнірегінен өрбіген ойлар осы тақылеттес талай өнімді арналарға жол салып, болжам айтқызыған болатын.

Татар ғалымы Әбдірахман Сағидың 1923 жылы «Ақ жол» газетінде «Абай» деген атпен бірнеше мақаласы жарияланды. Ол «Келешек дүниесінде тіл, әдебиет және олардың өсу жолдары» деген 1926 жылғы жинағыча енді. Осы еңбек жайында Есмағанбет Ысмайылов «Абай туралы ең алғаш елеулі пікір айтқан адам Орта Азия университетінің профессоры Әбдірахман Сағди болды. Сағди Абайдың шығармаларын дүниежүзілік классик ақындармен салыстыра отырып, Абайдың қазақ әдебиеті тарихында маңызы ерекше зор екенін, Абайды дүниежүзілік данышпан жазушылардың қатарына қойып бағалау қажет екенін айтады» деп қуана қоштады.

1925 жылы «Еңбекші қазақ» газеті мен «Лениншіл жас» журналында Бейсенбай Қенжебаевтың «Абай» атты мақаласы жарияланды. Бұл мақала Москвада оқып жатқан қазақ студенттерінің әдебиет үйірмесінің аринаулы тапсырмасы бойынша жазылған. Мұны атап көрсетудің бір мәнді жағы бар. Мәскеуде оқып жатқан студенттердің пікірі қазақ баспасөзінде айрықша ілтишатқа алғынып, кей кезде шешуші болғанын да байқаймыз. Мәселен, «Қазақ әдебиетіндегі орынды һәм орынсыз сындар», «Ешкімнің қолжаулығы бола алмаймыз», «Көркем әдебиет туралы Мәскеудегі қазақ окушыларының пікірі» деген қөлемді де мәнді мақалаларға әлеуметтік жүртшылық та, әдеби қауым да назар аударғаны тарихи шындық. Демек, Б. Қенжебаевтың «Әдебиет үйірмесінің тапсырмасы» бойынша жазған мақаласы да осындай ұжымдық пікірдің бір сілемі деп бағаларап жөн.

Ұжымның тапсырмасымен жазылып, кейіннен құнтау тапқан осы мақала ең алдымен екі мәселеге жауап

берген. Эрине, эстетикалық дәлелдеуі мен таным-білгінде баландық, қалыптаспағандық аңғарылып ой аңғарын ажарлы жеткізу жағынан жетімсіздігі байқалғанмен де, Абай «шын ақын ба; ақын болса, қандай? Ол кімнің ақыны, ұстаған жолы, көзделеген бағыты қандай?» деген түбекейлі мәселелерге оралымды да орынды жауап береді.

Бірінші, «Абай — өте ақын кісі, бұған өлеңдерінің суреттері, үйқасымдары, ойна келгенді қиналмай толқытып, түйдектеп шығаратындығы дәлел. Осымен бірге, Абай — сыршыл ақын» деген тұжырымды Абайдың қазақ поэзиясына қосқан жаңашылдығымен дәлелдемекке ұмтылған. Автор «Абайға дейін біздің өлең өлшеуіміз екі түрлі болған. Бірі — жеті буынды жыр, екіншісі — он бір буынды қара өлең. деп аталады. Жоғарыда біз Абай кітабындағы өлеңдердің бес түрлі өлшеумен жазылғанын көрсетіп өттік. Солардың әлгі айтылған екеуі бұрыннан келе жатқан өлең өлшемдері, кейінгі үшеуі — Абайдың қосқаны. Абайдан арғы жердегі ақындардың өлеңдерінде өлең өлшемдерінің бұл түрін ұшыратпайсың» деген пікірдің бірқыдыру нақтылығы, эстетикалық танымы барын байқамасқа болмайды. Бұл сыншылық ойдың әр өнірге көз сала бастағанына нақты дәлел.

Екінші сауалға — Абай көшпелі дәүірдегі әдебиеттің әкілі болғандықтан, сатираны бар қуатымен пайдаланды, өйткені «Абай бұрынғы өткен заманның қайта оралмайтынын білген. Ескі әдет-мінездің халыққа зиянды екенін тағы білген. Соңан сол олардың бәрін кекетіп, жана заманға халықты үйретуге тырысқан», — деп негізін алғанда түтіні дүрыс қорытынды жасаған. Мұндай пікір ол кезде қөпшіліктің көкейіне қона қоймаған, әрі беріден соң тыңдан айтылған ой екенін ескермеске тагы болмайды. Өйткені біреулер Абайды аспанға көтеріп, үлтшылдықтың атасы етіп жатқанда, оған қарсылар Абай шығармашылығының шын мән-мағынасын әділ таразыдан өткізе алмай жатқан кезде Мәскеу студенттерінің үйғарымымен осындаған пікір айтудың өзі құлтарлық құбылыс. Өйткені зиялы жастар талқысынан өткен мақала «Абай қазақтың жазба әдебиетін бастады, соған негіз салды. Сондықтан, Абай — қазақ жазба әдебиетінің ағасы. Бұл орын Абайға үлкендік те, кішілік те қылмайды. Абай өлеңдерін қарап келіп шығаратын қорытындымыз: Абай — халық ақыны» («Лениншіл жас», № 6, 1925) деген тұжырымның 20-жылдардың орта ше-

нінде жасалғаны қазақ әдебиет салының үшін үлкен олжай болды.

1928 жылы «Жаңа әдебиет» журналының 7—8-санадарында Үйдірыс Мұстамбаевтың «Абай» атты көлемді мақаласы жарияланды. Бұл мақалағының мұндағы ғылыми-эстетикалық түрғыдан алғанда көп мәселеге барлау жасаған, автордың таным-білігін де, кем-кетігін де анық танытқан зерттеу болды. Абайтану ілімінің бүгінгі бінінен қарасақ, біраз пікірдің балаңдығы, жетімсіздігі де байқалады, бірақ сол кездегі ой-пікір өресінен қарағанда, көп мәселенің арнасы әңгімеленуі орынды да қонымды екенін көреміз.

Абай ақындығының сырый талдаған уақытта, автор Абай реализмін, Абай сыншылдығын, өнегелі арнадан нәр ала білгендейдігін орынды атап көрсетті. Осының бәрінде Абай жана шылдығымен бауырластырып отырады, бірақ Абай жасаған жаңа үлгілерге арнасы тоқтамайды.

Абайдың табиғи талантына, ақындық қуатына өмір шындығы арқау болғандығын айта келіп, Абай ұлылығының бір кайнар бұлағы орыс әдебиеті болғандығын тардата білгірлікпен тұжырымдайды. «Абайдың өлеңіндегі көп кездесетін елдің кемшіліктерін, жаман әдет, мінездерін сұқақ, мысал ету, мазақтау надандықтарын сөгіп, күлу — Абайдың Салтыков пен Крыловтан алған сабағы. Сырласу, сезім күйін тартуы (лиризм) — Лермонтовтың әсері. Өлендерінің жалпы ыргағы — Пушкин мен Лермонтовтан алған үлгісі. Абайдың өзінше ой соғатыны — Толстойдың сабағы. Абайдың негізгі төсегі — Гоголь, Салтыков шыққан нағызыншылдық. Абай ақындығының беті — Гогольге, Салтыковке біткен улы, зәрлі, өткір тіл, ашы сез. Біздің байқаумызша, Абайдың ақындық пішіні осы», — дегендеге, Абайдың үлгі-өнеге алған арналарын дәл бағдарлағанын көреміз.

Абайды ағартушы-демократ деп табуға қажетті дәлелдерді жүйелеп, кейде араластыра баяндағанымен, ол терминді дәл тауып айта алмағанын да байқаймыз, Абай ғылым мен еңбекті, ынта-талапты айрықша бағлады деп талай үзінділер келтіреді де, өзінің үш баптан тұратын пікірін таратады. Бірінші «терін сағпай, телміріп көзін сату», бос сенделу, жалқаулық мұратқа жеткізген емес, осыны анық түсінген Абай «есектің көтін жусаң да, мал тап» деп айтуда праволы еді,

сондықтан «кедейдің еңбегін сору үшін не деп жылмандатып отыр» деп сөгуге ешбір келмейді».

Екінші, «Абайдан еңбекшіл елдің тап сезімінің, тап тілегінің жырын күту қате. Абайды сен еңбекшіл елді жырлай алмадың деп сөгу де қате, Абай шығармаларында еңбекшілер табының бұл күнгі тілегіне кесірі тиетін ешбір пікір жоқ».

Үшінші, «Абай — көшпелі дәуірдің перзенті, тарих жүргісінің шала-пұла салып кеткен бір соқпағы, сондықтан ол өнер-білімге жетілу жайын көп айтумен қатарап, өнерлі елдің үлгісін жатсынбай қабылдап, мұратқа жетуге үндейді», — деп ой түйеді сыншы. «Абайдың жалпы сөздерін, өлеңдерін түгел алғанда, Абайдың ынтасы, бесті жаңалықта. Тарихтың әрбір белдерінде кездесетін мұндағай адамдарды жаңашыл (новатор) дейді. Абай ескінің күйзелгенін анық сезеді, дағдырап тұрады, бір жаңалықтың келе жатқанын сезеді, анық не екенін білмейді. Осы келе жатқан жаңалықтан басқа жол жоқ екенін байқайды. Сондықтан сарындағы, жылап отырып алмайды. Сол келе жатқан жаңалықты көрсек, білсек екен деп іздейді», — деп ойын тұжырымдайды. Осы аталған идеялық мәселелердің бәрі де Абай дүниетанымының темірқазығы екендігін сыншы әбден үққан және осы тұжырымын дәлелдей баяндауға барынша ынта салған.

Осындай пікір айта білген автор Абайдың философиялық көзқарасын мүлде жоққа шығарып, қайшылыққа, қателікке ұрынған. Алдымен: «Пәлсафапы өлеңдегітіп жазғаннан дәнeme шықпайды. Ақындық өзіне бөлек, пәлсафа тағы бір басқа іс. Абайда ақындық мол. Бірақ философтықтан дәнeme жоқ десе де болады», — деген ойларының нәрсіздігін, қателігін Илияс Қабылов 1928 жылы «Абай және оның пәлсафасы» атты мақаласында атап көрсеткен уақытта, Ы. Мұстамбаев «Ақын Абай және пәлсафашыл Илияс» (1929) деген қарытпамен жауп беріп, қатесін үстемелей түсken болатын.

Бұл еңбекке едәуір тоқтағанда, біріншіден, 20-жылдардың екінші жартысынан бастап Абайды тауу, оның дүниетанымын анықтап алу мәселесінің күн тәртібіне нақты қойылғанын аңғартуды қөздедік, екіншіден, сын Абай өнерінің қай өніріне көз тастай бастағанын және сол көрген-білгенін қалайша баяндағанын аңғарту болса, үшіншіден, зерттеу еңбегінің жазылуы, композициясы, ой дәлелдеуі, пікір тұжырымдауы сияқты мәселелерге жіті назар аударудың бір сыры — жанрлық жағы-

нан қалыптасып келе жаткан сыйның эстетикалық қау-
карын таныту мақсатынан туды. Негізінен алғанда, бұл
еңбекке дөрекі социологияның салқыны мол дари қой-
мағандыктан, бірқыдыру мәселенің эстетикалық-социо-
логиялық сипаты, қадір-касметі ашылып, тұжырымды
қорытындысы кезеңдік талап-талғам ауқымынан табыл-
ғанын көреміз. Өйткені бұдан кейінгі айтылған пікір-
лерде, жазылған мақалаларда, ҚазАПП съезінде (1932
жылы) жасалған баяндамада тұрпай социологияның
дауылы көтеріліп, бірқыдыру әдеби-мәдени мұраларды,
Абай шығармашылығын да сыртқа тепкен кезіміз жоқ
емес. «Әдебиет энциклопедиясына» байшыл-ұлттыл
ақын-жазушылар туралы мақалалар орынсыз жазылды
дегенде, «қара тізімнің» ең басынан Абай орын алған
болатын. Эр қылыш макалаларда Абайдың аты тағы да
әр сакқа жүгіртілгенін тізе бермей, осы көңіл-сыңайдың
кейбір шындығын аңғартатын Илияс Жансүгіровтің 1933
жылы Абай шығармаларының жинағына жазған кіріс-
лесіне арнайы тоқтаған жөн. Өйткені мұнда кезеңдік ой-
пікірдің, ҚазАПП съынының табы әбден айқын. Сонымен
бірге, бұл мақала Абайды танудың алғашқы кезеңінде-
гі, яғни 1918—1933 жылдар аралығындағы ой эволюция-
сының нақты бір көрсеткіші бола алады.

Абай жинағына жазылған кіріспенің мақсаты —
кеменгер Абайдың дүниетанымын айқындал таныс-
тыру болғанымен, Илияс Жансүгіров ғылыми да, сая-
си да шектен асып, артық сілтеп жіберген. В. И. Ленин-
нің Л. Н. Толстой жөніндегі ой-пікірлерін айта, көпшілік
жерде үзінділер келтіре отырып, Абайдың заманына,
көзқарасына талдау жасаған уақытта негізгі таптық,
партиялық позицияны мейлінше тұрпайландырып жі-
бергені байқалады. Әйтпесе «біздің заманымыздағы
социалистік құрылышты қолма-қол жасап жатқан қазақ
еңбекшілерінің жұмысшысы да, колхозшысы да, комсо-
молы да, коммунист де, еңбекші әйелі де Абайдан озық,
өзгеше бағытты, төңкерісшіл, интернационалшыл, дүние
төңкерісінің әскери. Сол сыйылды біздің кешегі жалшы,
бүғінгі Қалмақан ақынымыз Абайдан озық, бағыты бө-
лек, мазмұны өзгеше, төңкерісшіл. Міне, біз Абайды,
Абай заманың қаншалық артта қалдырып отырмыз.

Сондықтан Абай сөзі — бізге тарих, тарихи мұра.
Абайдан бізге жаңа сөз табылмайды. Абай сөзі бізге
ескі, кешегі кешкен жұрттағы қалған қойма сыйылды
қазына. Абай өз заманына қаншалық жаңалық айтса

да, қашама маңызды келешек мензесе де — оның барлығы да бізге ескі. Бізге көрітартпа. Сондыктан біз Абайдың мазмұнынан бүгінгі өмірге жарайтын жаналық таба алмақшы емеспіз» (Абай, Толық жинақ, 1933, «67—68-беттер»).

Әдістемелік принциптерді дұрыс қолданбау салдарынан Абайдың оны да, солы да орынсыз датталып, осыны қалайша түсінбедің деген сыңайда баяндалады. Сыншыл, жүртшыл Абайларға ұлықшыл, бекшіл, байшыл, діншіл, бітімшіл Абайлардың қосакталып, оның бәрі де Үргызбай, Құнанбай өңірлерінен өрбітілген.

Дөрекі социологияға бой алдырған еңбекте спенер ештеге жоқ деп өте шығу оқай жол, бірақ гылым жолы емес.

Ілияс Жансүгіровтің бұл еңбегі негізінен алғанда, бірінен-бірі туындал жатқан екі мәселенің сырты ашууды көздеген. Біріншісі — Абай заманы, екіншісі — осы заман идеологиясының Абай дүниетаңымын қалыптастыруға жасаған ықпалы. Қазақ халқының тарихы, сондай-ақ әдебиетінің тарихы жасалмай жатқан кезде Абайдың өмір сүрген заманын ұзак зерттеудің еш әbstestі болмағанмен, қазымырланып, жүйесіз қазбалай беруден пайда аз.

«Абай — біздің ескі әдебиет қазынамыздың бір күрделісі. Абай — өз туысымен, кешірген өмірімен, қалам қызметімен қазақ елінің қоғам, шаруашылық өсу, өркендеу дәүірінің бір керекті кезегіне кезіккен жазушы. Ол кезең қазақ елінің тарихи даму бетіндегі бұрынғы рұшыл, бекшілдігінің беті мұқап, жігі босап, капитализмнің тізе қылып кіре бастаған дәүірі еді. Міне, акын Абай осы екі заманың сапырылысына кезікті. Осы тарихи қайнаудың (процесс) араласы, айнасы Абайдың қалам қызметінде суреті, пішіні қалды. Міне, акын Абайдың бізге тарихи орны осы жағынан анықталады» (Бет) деген социологиялық лейтматив төрт баспа табактық еңбектің әр түсінде шырлана қайталанды.

Абай шығармаларының жариялануына, әлі зерттеле коймағанына қысқа шолу жасағаннан кейін автор «Абайдың тарихи туысы», «Абайдың ата заманы», «Абайдың өз заманы», «Екі заманың сапырылысы» деген тарауларды ұзак сонар баяндайды. «Абайдың қайшылықтарына» арнайы бір тарау арнайды. Абайдың қайшылығын үш жүйеге жіктең, өзі өрбітіп келе жатқан социологиялық ой аңғарына сыйғызуға талаптанады.

«Бірінші — Абайдың өмірі, өскен ортасы, істеген ісі — Абайдың кырдың қара жуаны, партиягері, казакы байы қылды, осындаій бек Абай, ру жуаны Абай қалай «жалпы қазақшыл», «елшіл», европашыл, жаңашыл, жаңа пікірлі ақын болды?

Екінші — ол күндегі қазақ ортасынан мойын озып, күншығыс, күбатыстың асыл пікірлерінен ауыз тиген, «адамшылықты» көксеген, «арды» ардақтаған, қазақ халқының бар мінін танып, мінезіне сын жасаған білімді, мәдениетті Абай — ру таласына, партиягершілікке өзі араласып, өзі қоздыратыны қалай? Ол сықылды зиянды істерді ақынның аузы ғана тыыйп, қолы мен қылышы істеп отыратыны қалай?

Үшінші — қырға сауданың, өнердің, мәдениеттің жайылуына, қазақтың орысқа бағынуына экесі Құнанбайдан бастап тілекtes болған Абайдың өршіл, үмітшіл, жігерлі ақын болмай, өмірден торықкан, келешектен күдер үзген, уайымшыл, мойындаған, жеңілген, қажыған ақын болғаны қалай? (14—15-бет) деген түбегейлі мәселелерге айрықша назар аударады, осының бәріне Абайдың қос-қыртыс заманы, қазақ қоғамының көшпелі дәуірі кінәлі еді және әрі-беріден соң осы қайшылықтардың «салдары Абайды туғызды, өсірді, сөйлетті» (15-бет) деген тұжырым жасайды.

М. Әуезовтің «Абай қара өмірінде бір түрлі дағы, ойда, жазу өмірінде, ақыл өмірінде екінші түрлі, сондықтан Абай біреу емес, екеу» дегенін құптай отырып «бізге керектісі партиягер, болыс Абай емес, ақын Абай, ақылды Абай, мәдениетті Абай» деп ныгарлайды. Абайдың көзқарасы мен дүниетанымын баяндаған уақытта байшыл, діншіл Абайға мәдениетті, білімді Абайды жығып беріп отырады. Қайшылығы мол Абайдың саяси-идеялық ағымына айрықша назар аударады да, жаңашыл Абайдың сыр-сымбатын ашуды көбіне бүктесінде қалдырып, желіп өте шыға береді.

Ф. Энгельстің Гете бірде ақыл-сананың аспандағы асыл жүлдзызы, кеменгердің данасы, ал енді бірде көржерге риза болып, жаи тыныштығын ойлайтын мұсәнір пенде деп бағалайтынын, не болмаса В. И. Лениннің Л. Толстой әлемді аузына қаратқан ұлы суреткер ғана емес, сонымен бірге зорлықтан жаны шошитын, кім көрінгенге жалынып жүрген сорлы жан, оның қайшылығы басынан асып жатыр деген ойларын Абайдың ұлы ақындығы мен дүниетанымын зерттегендеге естен шығармауы-

мыз керек дегенді дұрыс жүзеге асыра бермедік. Суреткердің тәжірибесімен саясаткердің көзқарасы арасында алшақтық пайда болғанда қайшылық бадырайтып көрініп тұратыны өмірде өте жиі кездесетін құбылыс екенінің жете ұқпаушылық көп ретте біздің сыншылардың мыздың да, ақын-жазушылардың да құрықты босқа сілтел, қателік жасауына себепкер болды. Сондыктан қайшылығы бар ақын, оның үстіне үстем таптан шыққан ақын кедей-кепшіктің қамын жеуі, адамшылыққа қажетті ой айтуы мүмкін емес деген шолак ой өріс алды. Бұған тек білім-парасаты сияқты субъективтік жағдайғана емес, кейде бел алған кезеңдік ой-ниет ағымы объективті себепші болды.

Абай — заманның жемісі, өз ортасының идеологы деген қорытындыға имандай сенген I. Жансүгіров Абайдың негізгі пікірлеріне ариайы тоқталады. «Абайдың жазған өлең, қара сөздерінің бәрін сығып, түпкі түйіндерін сүзгендеге мыналарға сарқылады:

— Қазакта береке жоқ. Әреке аралады, бұзылып бітті. Түзету қын, мен жалғыз.

— Қазақ надан, өнерсіз, жалқау, баққұмар, малқұмар, ертеңгісін ойламайды. Ойлау дегенің миына қопбайды.

— Ғылым, өнер — қымбат, соған ұмтыл.

— Әділеттік, адамшылық, достық — адамның қасиеті. Осыларға берік бол.

— Өлең-өнер, ақындық, ақыл, ән-күй — жан азығы. Үстай біл,

— Аңшылық, жақсы ат, сұлу жар, қатын-бала, әсем коныс-қыр қызығы. Қызықта.

Міне, Абай сөздерін сүзгендегі шығатын сөздері осылар. Абайдың түпкі қазықтары. Ақын осылардың айналасында арқандаулы» (20-бет) деп тауып, жоғарыда аталған көп Абайларды бір-бірімен атын шабыстырады. Өнге Абайды қойып, «сыншыл Абайға» келгенде ұлы таланттың зор суреткерлікпен «айналасындағы өмірге, әлеуметке берген сынның анық екеніне дауласпаймыз, бірақ толық емес екендігіне дау айтамыз. Оған Абайдың ақындығы, таланты жазалы емес, тарихтың жолы, таңтың шенбері жауапты. Абай неге айналасынан бір жақсы адамды көрмейді. Неге бір алданыш таппайды? Үмітке келіп тірелмейді?.. Абай қашшалық сынадым десе де, өзінің табының көзімен сынаган. Абай өзінің табының сыншысы болды. Олай болса Абай анық сыншы болса

да, толық сыншы бола алмайды» деп зорлап иген ой иірімдері атойлап, тұс-тұстан қаптал кетеді де, Абайдың шыны қайсы, жалғаны қайсы дегенді айырудың өзі қыындыққа айналады.

Бұған белгілі дәрежеде сол кезеңдегі ҚазАПП сыншыларының үстанған бағыты ғана емес, осы жинаққа М. Эуэзов жазған «Абайдың туысы мен өмірі» атты ғұмырнамалық зерттеу себепкер болған да сияқты. Өйткені онда Абайдың заманын айтудан гөрі, Абайдың атабабаларын тәптештей баяндау жағы басым және көп мәселелерге социологиялық талдау жасалмаған-ды. Осының олқысын толтыру мақсаты бір болса, екінші, оған таптық астар беру ниеті I. Жансүгіровке жауапты міндет болып жүктелген.

Ілияс Жансүгіровтің осы еңбегіне терендей қарағанда әркімнің ой-пікіріне оралып, айтылып, жазылып келген екі мәселеге тоқтала кеткенін әңгімелеген орынды. Бұлардың да оңтайлы шешімін табуға сол кездегі жалпы көзқарас салқының тиғізгінімен, Ілияс талай-талай өнікті ой-пікір айта білген.

Абай шығармашылығының арналары деген үлкен проблема жөн-жөнекей ғана айтылып келсе, Ілияс соған арнайы тоқталып, өзінің субелі ойын жүйелеп айтуды қажет санаған, «Абайдың жол азығы» деген арнайы тарау арнады. «Абай бізше күн шығыстың да, күн батыстың да білім бұлағына бірсыныра қеуделеп барған кісі». Абай оларды «Тек оқып қана шықпаған, тоқтаған кісі. Олардың пікірлерінен пайдаланған ақын», сонымен катар «казак өмірін, қазақ салтын, қазақ елінің ескі жол-жорасын, әдебиетін, мінез-құлқын білетің, білім байлығын» (22-бет) орынды пайдалана алған дарын деген уақытта Абай шығармашылығының арналарын дәл табады да, бірақ оны ғылыми концепцияға айналдырмай желе тартады. Тіпті, Некрасовтың халықшылдығы, Чернышевскийдің бұқарашибалдығы, кекшілдігі Абайдың бойына жүқпастан «дворян жазушы Толстойдың абыздығы, Достоевскийдің либералдығы, Лермонтовтың үмітсіздігі жүққаны Абайдың қара басының жұмысы деп түсінуге болмайды. Мұның тамыры Абайдың қазақ ішіндегі «дворяншылдығынан», «мәдениетті либерал» екендігінен деп тану керек» деп (24-бет) әлгі арнасы мол проблемалы ойдан жалт беріп, ескі сүрлеуге тартып кетеді, негізгі мәселені түйіндеуден жалтарады.

Ал Абайдың ақындығына келгенде Ілияс шындаپ көсіліп, басқалар байқамаған өңірлерге көз салады. Өйткені ақынды ақын түсіні, оның сырын ашуы бірқыдыру құнарлы ойларды сабактаткан. Алайда алдағы социологиялық ой ағыны тартына сөйлеткен, емеурінен ғана білдірткен кезі де жоқ емес. «Алтынсарыұлы Үбырай, Үәлиханұлы Шоқан, Құнанбайұлы Үбырай біртұтас, бір бағыттас адамдар» (57-бет) екенін айту сол кезеңнің өзінде жаңа ойдың ұшығы еді. Тек Абаймен болып, Үбырай мен Шоқан көбіне ауызға алынбай, ал әлдекалай айтыла қалса, беттері теріске бұрылып, талай атакты арқалап шыға келетін. Ұшеуін бір сарындас, бір бағыттас етудің өзі сын үшін өнікті де құнарлы ой екенін анғармасқа болмайды.

Автор Абайдың қазақ тілін өркендешу, жетілдіру енбегіне ілтипат білдірген. Абай кітабы бірден «бұлқынып шығып, тыңнан жол салады. Қазақтың таза тілін, қүшті сөздерін мазмұндарға қалап, жаңа мәдениетке жөн тартады. Сөйтіп Абай өзі өлгенише қазақтың ұлт жазба әдебиетін жасаудың бір қайраткері болды» (58-бет) деген тұжырым жасап алғаннан кейін Абай ақындығының тақырыптық аумағына, жанрлық бітім-тұлғасына, ерекшеліктеріне назар аударады.

Қазақ әдебиеттануының туа бастау және сынның қалыптасу дәүірінде ақын-жазушының шығармасында қамтылған өмір шындығының әр саласына, тақырып аумағына ойланған көз жіберудің өзі ұнамды құбылыс. Оны Ілияс «Абай пікірлері» деген тарауда өмірден көрген түйгенин жүйелеудің өзі, әрі-беріден сон қазақ халқының мінез-құлқындағы кесір-кесапаттардың бәрін түйдекен, бір арнаға салудың өзі сыншылдық ойдың өрісі кеңігендігін, сонымен катар айтар ойдың молайғандығын анықтастыды.

Ал тақырыптық аумактың өзі қай үлгі-өнегеде көрінетіндігіне, яғни поэзияның ішкі жанр-түрімен нақышталатындығына назар аудару — эстетикалық талап-тагамның өскендігін анғартатын құбылыс, «Абайдың ақындық ауданы кен» деп алып, осынын бәрін өнегешіл (моралист) және үгітшіл (пропагандист) Абайға (58-бет) ғана саю әрине өзі көрген-білгенді тар шенберге камаумен пара-пар еді. Абай ақындығының ең бір сүбелі саласы — сыншылдықта жатыр дегенде автор сатира мен сынның (критиканың) арасына (59-бет) меже қоймай тарта беретін де кезі бар. Мұнығылыми түсінік-тәнім-

ның қалыптаспауының салдары деп түсінген жөн. Әйтпесе «Абай ақыл айту үшін алдымен айналаны мінеп, қазып отырады. Оның көрерінің бәрі ақылға, адамшылыққа жатпайтын мінез, жат, өнегесіз үлгі» (58-бет), оған қарсы дау айтуға ешбір арна қалдырмайды деген уақытта автор Абайдың тамаша сатиralарын еске алатыны даусыз. «Абай осы міндерді түзеуге жалаң ақылды, үгіттіғана жұмсамайды. Абай аңы тілді, улы сөзді, сықақты, мысқылды, ілмені, мазакты да қолданып отырады» (59-бет) дегені айқын дәлел.

Демек Абайдың сатирасына, оның көркемдік сапасына назар аудару, яғни Ы. Мұстамбаев сияқты, белгілі бір көркем тип жасамадың, ұнамсыз образ жасауга өрсін жетпеді деп айыптаудан аулақ болу, екі ақынның көркемдік шарттарын түсінуінде алшақтық жоқтығынаң хабар береді. Сонымен Абай творчествоосының ең субелі де мәнді жағы, дәуір шындығынаң нәр алған сатирик-тігі Илияс түсінігінде дәл баяндалады деп білуіміз керек.

Бұдан кейін автор Абай —«толғауши (лирик) ақын. Абайдың ақындығын көрсететін тәтті өлеңдері» осы саладан өрбиді деп ой түйеді де, талай шығармаларын дәлелге тартады. «Бірақ Абайдың сыршылдық өлеңдерінде ішкі қозғалыстан, ішкі толғаудан гөрі сыртқы суреттер көбірек болады» (59-бет) деген уақытта тағы да сезіктене каламыз. Ал шындығына келгенде, бұл пікір Абай лирикасының ішкі дүниесінен, сезім байлығынаң гөрі автордың көлешекте жасайтын тұжырымына ойысудың айла-амалы екенін көреміз. Осы ескертуден кейін Илияс «Абай бұлардың үстіне шебер суретші (художник), өлеңмен Абай салған суреттер мінсіз, көрікті, ертүрманы түгел» (59-бет), өмір шындығы «жанды тұлғасымен тұтас түре келеді» (60-бет) дегендері Абай ақындығының ішкі сарайын актарудың алгаушы бір көрінісі іспетті. Өйткені бұл ой аңгарында тек әдебиетшідеғаң кездесетін байқағыштық емес, өзінің практикалық ісінен, тәжірибесінен туатын шындық бар. Ал мұнын өзі сын жанрының қалыптасуы үшін айрықша ілтипатқа алынатын эстетикалық құбылыстар, жылт етіп көрініп, көбіне колға үстата қоймайтын ерекшеліктер.

Осының бәрін Илияс тезис түрінде айтқан уақытта әлі ешкімнің сыншылық жанары түссе қоймаған салаға ауады да, өзінің бар социологиялық тұрғыдан тұжырымдағандарына қарсы шығатын, өз ойындағы қайшылықтардың бәрін женілдететін үлкен бір проблемага ауы-

сады. Ол — «өлеңді өнер деп бағалаған Абай, сол өлеңді кестелеп жасауға қызмет етті. Өлеңнің өнер екенін көрсөтті. Қазакта да мынадай өлең, мынадай сез өнерінің үлгілері, өнегелері болады деп өнер белгісін қалдырыды, Абай жазба әдебиеттің, сырлы әдебиеттің басы дейтіні міздің бір жағы осында» (60-бет) деп көнілге үялар, ғылымға ой салар пікір тұжырымдайды.

Ал жазба әдебиеттің басы деп санауға інкәр етіп отырған оның тек жаңашылдығы, қазақ өлең құрылсына кіргізген жаңалықтары ғана емес, сонымен қатар «Абайдың жалпы өлеңнің дені сау, тілі таза. Абайдың өлеңі таудан тасыған бұлактай сарқырап жатса, сөздері сол бұлактың түрлі тасында жарқырап жатады. Абайдың тарихи зор еңбегі «тіл өнерін жасап, қазактың жабайы тілінен үлгілі, өнер әдебиет тілін жасағандығы» (61-бет) деп толымды қорытынды жасайды.

Осындай ірі тұжырымды біршама дәлелдей түсу үшін Абайдың қазақ өлеңіне 14 түрлі өлең өрнегін қосқанын жалпылай айтады да, «Абай өлең түрін жасауға қызмет еткен жазушы, Абай бұрынғы қазактағы өлең, жырлардың өлшеу, үлгілерін кеңітудің үстіне араб, парсы, шағатай, орыс өлеңдерінің үлгісін кіргізіп, қазак әдебиетін жаңалаған адам» (62-бет) деп тарихи мәнді қорытынды жасайды. Оның шығармаларын, өлеңнің әуез ырғағынан күйлі, ырғакты, сорғалап келетін талай өлеңдерді тауып «Абайдың жыры ырғақ, музыка дыбысы құрылсы жағынан төгіліп кетеді. Өлең үйқасындағы етістіктердің сайдың тасындаі ірі, қимылды, қозғалысты көрсетудегі жандылығы» (64-бет), дыбыс үйқастығы, әуен сәйкестігі (аллитерация) ақындық шеберліктің, талант қуаттылығының, өлең көркемдігінің белгісі деп айрықша кадірлейді.

Ілиястың бұл еңбегі сол кездегі көптеген социологиялық мақалалардың бірі ғана болып қалары айқын еді. Оны автор сезген сияқты, сондыктan жалпы қорытындыда «Абай туралы көп жазылу, көп тексерілу керек. Әсіресе, Абайдың Маркс-Ленин әдісімен жөндеп тексерген сын бұл күнге шейін жоқ. Біздің мына мақаламыз да Абайдың толық сынына жатпайды дегенді айтып отырмыз. Бұл мақаланың мақсаты Абайды толық тексеру емес, Абайдың қоғамдық орнын ашалау, таптық бетін таныту, тарихи орнын белгілеудегі алғашқы адымдардан еді. Эрине бұл мақаланың сол мақсатты орындау жолындағы кемшілігі жоқ деуден аулақныз. Бұған сыншы көп

қой» (67-бет) дегені 1932 жылы қаңтарда ақырғы нүктесі қойылған еңбектің бойында талай кінәрат, артық сілтес, кем баға барын аңғартқандай.

Сонымен, Ілляс Жансүгіровтің Абай жинағына жазған алғы сөзі ұлы дарынның ерекшелігін бірқыдыру аңғарған, кезеңдік эстетикалық талап-талғамның ауыр жүктерін көтерген еңбек болды. Осындай еңбектердің дүниеге келуі Абайды дұрыс тануға жаңа кілт, жаңаша көзқарас тауып, нақты жүзеге асыру қажеттігі аңғарылып, мәнді сынни-ғылыми ой-пікірге үлкен арна дайындалады. Қөптеген мақалалар мен еңбектердің осындай ерекшелігі де, ката-кемшілігі де Абайтанудың алғашқы кезеңінің 1918—1933 жылдарға тұспа-тұс келеді. Сөйтіп сыншылық ой соны арна тауып, ғылыми процеске ұласа бастады.

Әрине Абайдың өмір сүрген дәүірінің жай-күйін, әлеуметтік ой-пікірінің жана арна табуын, кезең идеологиясының Абай шығармаларына жасаған әсерін айту айрықша мәнді болғанмен, оның творчествоюын жан-жақты тануға аздық жасайды. Қазақтың XIX ғасырдағы қоғамдық тарихына Абай өміrbаянын, ақындық болмысын жаңастыра қарau қажеттігін туғызады. Бұл міндетті М. Әуезовтің осы жинаққа жазған «Абайдың туысы және өмірі» атты ғұмырнамалық еңбегі атқаруға тиіс болды.

Осы ғұмырнаманы әңгімелеген уақытта, бір жағдайды айта кеткен жөн. 1909 жылғы Қекітай жазған Абай өміrbаяны 1933 жылға дейін ұлы ақын жөніндегі ақпармәліметтің негізі бол келген-ді. Бұл екі аралықта жазылған мақалалар, айтылған ой-пікірлер Абайдың ғылыми өміrbаянын жасауды мақсат етпеген. М. Әуезовтің «Абай туысы және өмірі» атты еңбегі — қазақ әдебиеттануында Абайдың ғылыми ғұмырнамасын жасауға талаптанған күрделі қадам. Әдетте, көп зерттеушілер ақын-жазушының өмір жолын күңгірткен, одан кейін идеялық-такырыптық, кауқары жетсе, эстетикалық талдаулар жасайды. Ал М. Әуезов осы үш саланы жіктемей, тұтастыра, бірін-біріне байланыстыра отырып ой өрбіткен. Бұл — ғылымдағы ең бір өнікті жол. Осы әдісті 1933 жылғы өміrbаянда алғаш рет колданып, кейінгі редакцияларында жетілдіре комактаандырып отырған. Абайтану ілімінің салалана өркенден кетуіне осы әдіс өзінің негі әсерін тигізген. Мәселен 1889 жыл «Абайдың барлық ақындық қызметінің ішіндегі ең өнімді, ең жемісті жылы болады. 89-жылы 25 шамалы өлең жазылады. Бұл сөз-

дердің ішінде бұрынғыша елінің өзі көрген кемшілік-міндерін қатал сыншы, үлкен ұстаз тілімен сынап, тексеру бар, сонымен қатар, махаббат жайындағы сөздер, табиғат суреттері, бас қайғысы да бар. Одан соң Пушкиннің «Онегинің» аударма жасайды.

Осы жылдан бастап Абайдың білімі мен өсietіне құмар болған ел ішінің көзі ашық жастарына Абайдың ауылы — үлкен білгіштің медресесі сияқты болады. Абай ұстаз да, сөз ұғынатын ынталы, талапты жастардың бәрі — шәкірт» (372-бет) деген үзіндіге көз салсақ, Абайдың элеуметтік ісі мен творчестволық өмірі қоян-қолтық араласып жатады да, одан мәнді қорытынды жасай алатын білгірлікті қажетсінеді.

М. Эуезов жазған осы ғұмырнама бұрынғы деректерге көп мағлumat, оқиғалар, фактілер қосып, творчество-лық өмірдің қат-қабат сырларын ақтарып барып, жаңа дүниеге айналып жетеді де, Абайды тану ісіне үлкен олжа қосады.

Абайдың тарихи өмірі мен шығармашылығының ой аңғарын әбден жыға түсінген М. Эуезовтің Абай біреу емес, екеу деп тұжырым жасауы сол кез үшін де, жалпы Абайтану үшін де үлкен жаңалық болды.

Абайды өз заманымен алысып, оны жана жолға салғысы келгені және тың сурлеумен жүруге талаптанғанын дәлелдей айта келіп, «40 жастан асқан соғы Абай бізге бір Абай емес, екі Абай болып кетеді. Біреуі — өмірге үйлескісі келмей, заманнан, ортасынан озып шығып, сыншы, ұстаз, ақылшы, ақын, данышпан болуға айналған Абай да, екіншісі — күндең өмірдің бетімен елдің сөзін ұстап, бұрынғыша партия тартыстың, билік әкімшіліктің жолындағы ру басы, ел менгерушісі Абай.

Абайдың өз ішінде осындай екі тарау жол шығады. Бір жүрек екіге бөлініп, жыртылып айырылады. Заманнан ақыл-сезімі артып, басы озған жалғыздық трагедиясы (қайғысы) туады. Соның қайғылы сынны сыртқа шығаратын бір жол болу керек. Абайдың сыртқы өмірі же-міссіз, ажарсыз, мағынасыз болса, соған өз ішінде толып жатқан қарсылық бар. Ойна жиналған улы зар, үлкен мұң, көп арман бар. Осының бәрін сыртқы көзге көрсетіп, іштегі арман мен өкінішке аз таныс, азғана ем болатын нәрсе ақындық болады. Сонымен 84-86-жылдан бері қарай Абайдың ақындығы басталады» (364—365-беттер) деп жасаған тұжырымы М. Эуезовтің Абайға арнаған бар еңбегінің лейтмотиві екенін көреміз.

Және ғылыми-эстетикалық түрғыдан Абайды тану процесін айқындай түсетін мәнді қорытынды, қазақ әдебиеті тарихында бұрын ешкім айтпаған жаңа пікір болды.

1933 жылғы ғұмырнамада айрықша айқындықпен тұжырымдалған күрделі проблеманың бірі — реализм. Мұның шет-жағасын М. Әуезов 1923 жылы «Қазақ әдебиетінің казіргі жайы» туралы мақаласында «Абайдан басталатын реализмнің сарыны қазақ әдебиетінде осы күнге шейін жол болып келе жатыр», — деген болатын. Басқа авторлар Абай реализміне назар аударғанмен, М. Әуезовтей көп зерттеғен және ғылыми дәл, өнікті пікір айтқан емес.

М. Әуезовтің «Абайдың туысы және өмірі» деген еңбегінен соны ой аңғарын іздеп, сұыртпақташ шығара беретін тарихи деректер, ғылыми ой-пікірлер бірқыдыру мол. Әйтсе де, методологиялық желі жетіспегендіктен бұл кезеңде Абайдың бар болмысы екі жақты бағалаңып, әр қылыш ой-пікір туғызып жүргенімен, оның шығармасы — тарихи мұра, сондықтан одан іргені аулақ салмай, сак болуымыз керек деген тұжырымға ойысты. Тайыр Жароковтың «Қазақстан» баспасы атынан жазған дәйектемесінде: «Пролетариат тілегінде өсіп келе жатқан жұртшылығымызды Абайдың көркем шығармаларымен таныстыруды теріс көрмедік. Сөз үйқастыруы, тілінің жеңіл орайлығы, көркемдігі, алған тақырыбын бөтен сөзбен былықтырмаушылығы, жазу техникасының шеберлігі жағынан әлде де пайдалануға болады.

Абайдың бұл жинағы шыққанда, кейбір тоғышар ұлтшыл-байшылдар: «Абайдың толық жинағы шықты», «Абай жалпы қазақтың қамқоры», — деп, өшіп баратқан тап әлде де таптық қару еткісі келер, бірақ та ондайларға Маркс, Ленин қысындымен большевиктік жауап беру әрбір коммунист, комсомол, одақ мүшесі және колхозшы жастардың міндеті», — деп ескерту жасауы біраз шындықтың бетін ашып, Абайтану ісінің әлі де шығарбелдері, асар асулары бар екенінен хабар береді.

Абайтану ілімінің дайындық дәүірінің екінші кезеңі — 1934-1945 жылдардың арасын қамтиды. Бұл кезең ерекшелігін Е. Ысмайылов «Абайды ғылыми жолмен зерттеудің басы» деп тапқан болатын.

Қазақстан Орталық атқару комитеті 1934 жылы Абайдың өлгеніне 30 жыл толғанын өткізу туралы қаулы алды. Абай енді жеке ақын-жазушының, сыншы, ға-

лымның «ұысынан» шығып, қоғамдық қамқорлыққа бөлendі, үлken әлеуметтік арна тапты. Міне, осы жағдайың өзі Абайтану ілімінің дайындық дәуіріндегі екінші кезеңнің, яғни 1934-1945 жылдарды қамтитын ғылыми жолмен тану кезеңінің басы болатындығына айғақты дәлел.

Абай шығармашылығы енді үлken мұрат деңгейінен бағалануы, зерттелуі, бұдан былайғы жерде ұлы дарын ғана емес, бір халықтың мактандышина айналуға тиісті болды. Осылай мақсат-міндетті дұрыс үкқанды ғана қазақтың сыни, ғылыми ойы өркен жая алатыны, өзінің эстетикалық мұраты мен жанрлық сипаттын таба алатыны айқындалды.

1934 жылы «Әдебиет майданы» журналының 11 және 12 сандары тұтастырылып, алғашқы бетінен ақырғы мұқабасына дейін түгел Абайға арналды. Абайдың шығармасын ғылыми жолмен жан-жақты зерттеудің алғашқы қарлығашы осыдан басталып, талай соны өңірлерге көз тасталды. Журналдың «Абай» атты кіріспе мақаласында қандай еңбектер жарияланып отырғанын айта келіп, «бұл мақалалардың ішінде әр түрлі қезқарастар бар. Бәрі де Абай — үлken талантты мастер дегенді дәлелдейді. Бұл жолдастардың әрқайсысы Абайды әр жағынан тексеріп, Абай туралы үлken зерттеу жұмысын істеп отыр.

Әрине, Абайдың қырық жыл жазған өлеңдерін бір журналдың бетінде түгел зерттең бітіруге болмайды. Сөйтсе де жоғарғы айтқан жолдастар Абай туралы осы уақытқа шейін болып келген сынау, зерттеу жұмысын әлдеқайда жоғарғы дәрежеге көтеріп отыр» (5-бет) дәлінген болатын.

Журналдағы материалдардың бағыт-бағдарына және қорытқан ойларына қарағанда, бірден көзге ұрап үш саланы байқаймыз. Бірінші, өнеге алған арналары және Абай поэзийсының қазақ әдебиетіндегі орны мен ерекшелігі; екінші, Абайдың дүниетанымын тексерудің жайкүйі; үшінші, қоғамдық санаға Абайдың қосқан үлестері. Бұларды әңгімелеген уақытта бұрын әңгіме болмаған жаңалықты ой-пікірлерді мүмкіндігінше жүйелеп айту жағын қадағаламақпзыз. Өйткені осы кезден бастап Абай жайындағы мақала, еңбектердің саны молая түскені, ғылыми зерттеулер түа бастағаны және де қорытылған пікірлерді жүйелі-жүйесіз қайталаушылар кездескенін естен шығармаган абзал.

Сонымен, Абайдың шығармашылық арналарын тану, оны ғылыми түрғыдан баяндау, Абай поэзиясының сыр-сипатын айқындау мәселесіне оралғанда, алдымен М. Әуезовтің «Абай ақындығының айналасы» деген мақаласында Абайтану ілімінің туу, калыптасу барысында бірде құпталып, бірде талас-тартыс тудырған екі мәселе бірінші рет кең қөлемде ғылыми түрғыдан баяндалды. Автор бұл проблемалардың шешуін бірден табамын деген тілекten ғөрі, оларды шын зерттеу арнасынан өткізу, ой салу мақсатын көздеген. Ол мәселелер — Абайдың Шығыс және Батыс әдебиеттерінен алған үлгі-өнергелері, ықпал-әсері, екінші — Абайдың ақындық мектебі, оның мәні.

Шығыс және Батыс әдебиеттерінің Абай шығармашылығына жасаған ықпалдарын айтардан бұрын қазактың өз топырағындағы рухани байлықты сөз етпейтінін, ол арнайы зерттеуді талап ететін ең үлкен мәселе екендігін ескерткен автор Абай шығармашылығын өзенге тенейді. Қөл-қөсір ағып жатқан өзеннің арнасы — казақ әдебиетінің бай мұрасы мен дәстүрі болса, өзеннің екі жағасы — Шығыс пен Батыс әдебиеттері деп біледі. Осы екі жағының көрік-келбеті Абай шығармашылығын қалай ажарландырды деген мәселені автор әуелі Шығыстан бастайды. Абайдың алғаш қолына алған кітабы, бойына сіңірген нағым-сенімі, көрген-білгені Шығыска байланысты болды. Тімтіне ізденіп, жан-жаққа көз тастаған Абайды Шығыстың дінімен катар поэзиясы өз иіріміне тартып, Физули, Науан, Сағди, Фирдауси, Хафиздерден медет тілетті, қолын соларға созды. Сондықтан өзінің алғашқы лебізінде «юзи раушан, көзи гаунарды» ауызға алып, «Әліпбимен» сабактастыруды,

М. Әуезов: «Бұл кез Абайдың шағатай поэзиясына таза еліктеу ретінде ілеспек болған талабын көрсетеді. Онда тақырып, тіл, ырғак, кейде үйқас және тенеу, салыстыру суреттерінің (көзи гаунар сияқты) бәрі де өз тәркіні кім екенін танытып тұр» (12), — деген бастап, өмірінің ақырына шейін Абай Шығыстан қол үзбейді деп тапты. Абай ақындығының ішінде «Шығыс арқауы ұзыннан ұзақ тартылған желідей болып созыла келіп, ең ақыры 1902 жылы жазылған «Алланың өзі де рас, сөзі де распен» аяқталады. 1902 жыл — Абай өлеңінің сарқып кеп тоқтаған жылы» (13-бет) — деп ой түйеді». Бұл аралықта «Масғұт» пен «Ескендір», «Әзім әңгімесі» сияқты Шығыс сілемінен туған шығармалары 1889 жы-

лы, ал, «Кор болды жаным», «Көзімнің қарасы» 1891 жылы жазылып, Шығыс желісі үзілмей келе жатқандығын көрсетеді,— деп баяндады.

Шығыс әдебиетінің ұлгі-өрнектері жайындағы мәселені әзірге қоя тұрғанда, осы тұжырымнан өрбіген екі мәселеге токтай кетейік. Бірінші — Абай Шығыс әдебиетімен «қай уақытқа дейін жолдас» болды деген мәселе. Бұл жөніндегі әр қылыш ой-пікір әлі бір тиянаққа жеткен жоқ. Осы журналда жарияланған мақаласында Құдайберген Жұбанов: «1864 жылдан кейінгі Абайдан шағатай ықпалын іздеу — бос арам тер болып шығады» (36-бет) дегенін еске тұтқан қүннің өзінде, бұл мәселені кейінгі зерттеушілер айқындалап, ашып берді дей алмаймыз. Құні бүгінге шейін Абайдың Шығыспен байланысын арнайы зерттеген қөлемді еңбек аз. Бұған белгілі себеп те жоқ емес. Міне, осыдан екінші мәселе тармақтанады.

Жұртқа мәлім, М. Әуезовтің Абай шығармашылығының бір арнасы, өзінше айтқанда, «жағасы»— Шығыс әдебиеті мен мәдениеті болды деген тұжырымы көп уақытқа дейін үлкен дау-дамай туғызып, тіпті, саяси мәни-мағына берілген кезі көпшіліктің есінде. М. Әуезов Абай шығармасынан Шығыс әдебиетіне қатысты нені көріп еді, оны қалай түсіндіріп еді дегенге оралар шакта: «Абайда Батыстан кірген белгіден гөрі, Шығыс белгісі басымырақ, нығырақ, Батысқа келгенде, ол арқасын Шығысқа, ақылмен қорытып алған мұсылмандыққа нық тіреп алып келді» (15-бет) деген тұжырым шындықтан туған болатын. Дау айтушылардың бәрі де осы тұжырымды естерінде тұтып, өз ойларын дәлелдей сөйлеуге тырысқан-ды. М. Әуезов өзінің кейінгі зерттеулерінде бұл мәселенің негізгі идеясынан жалт бермей, Абайға Шығыстың классикалық поэзиясының ықпалы болды деген жалпы пікірді айтқанмен де, Батыс, әсіресе, орыс әдебиетінің ұлгі-өнегелерін терең де бәшейлей баяндауға мәжбур болды.

Енді мақаланың шығармашылық ой ағынына назар аударсак, М. Әуезов Шығыс әсерін екі салаға жіктейді. Бірінші — Шығыс әдебиетінің идеялық ықпалы. Абай фанатик те, схоластик те емес. «Шығыс жағасынан алған нәрдің бәрін Абай өз ақылымен, сыншы, ойшыл ақылымен, бірақ, әрине, санашылдық (идеалистік — Т. К.) жолмен өзінше қорытып алады. Бұған кірген бұйымдардың басы ислам діні, онан соң Шығыс поэзия-

сы және мұсылман ғылымының ілгері-соңды ғұлама философтарының сөздері болады» (14-бет) деген пікір болса, екіншісі — поэзияның нақты түр-ұлгісі. Бұған «Қазақ әдебиетінің қолеміндегі ғаруз әсерін тексеру және соның бір жағын Абайға да тірел тексеру әдебиетшілердің алдындағы бірден-бір сыйни проблема» (12-бет) деп білді де, өзі біраз терендеп барды.

Осы мәселені түсінудің кейбір сілемдері Құдайберген Жұбановтың мақаласында көрініп, Шығыс поэзиясының ұлгі-өрнегі деген мәселе алғаш рет өнікті әңгімеге арқау болды. Жасыратыны жок, қазір қазақ әдебиеттану ғылымы қарыштап өркенде отыр деп қуана айтсақ та, осы проблема, яғни Шығыстың поэтикалық ұлгі-өрнектерін талдау, түсіндіру мәселесі бізде әлі актаңдақ күйде түр.

Өз қазанында өзі пісіп шыққан «таза» әдебиетті тарих білмейді. Демек, Абайдың Шығыс жағасына қол созып, ұлгі-өрнек алуын сөкеттеуге болмайды, Араб, парсы поэзиясының негізгі ұлгісі — гарузға, яғни дауысты дыбыстардың ұзыны мен қысқасы кезектесіп, алмасып келіп отыратын өлең жүйесіне еліктең өлең жазғаны шындық. М. Эуезов те, К. Жұбанов та бұл салада біркүйдіру өнімді ой өрбіткен болатын.

«Юзи раушан, юзи гауһар,
Лагилдик бет үши аһмәр.
Тамаги қардан һәм биктер,
Қашин құдрет, коли шиге»—

деген үзіндін келтіріп, оны М. Эуезов кәдімгі рубаи (төрттік) деп табады. «алғашқы үш жол бір үйқасып, төртінші жол келесі төрттіктің төртінші жолымен үйқасатын өлең ұлгісі. Қазақта жок араб-парсы ұлгісі» десе, «Әлілби» өлең бәйіт түрімен жазылған, оны «бәйіт ретімен («бәйіт» деп өлеңнің екі жолын, екі мисырағын айтады) жіктесек, ғаруз уәзімінің «пағилатун пағилат» схемасында: «мағағылыын, мағағылыын, мунағылыын, мунығылыын» болатын. Бізше 16 буынды бәйіт» деп келіп, мұның бәрі де еліктеуден тұғанын айтады. Өлең шумағы, ырғағы, үйқасы жайындағы қөзге ұрап өзгешелікті баяндағанда, еліктеудің өзі сөз ажарына әжім туғсіре келетіндігін дәлелдей айтады. «Араб-парсы поэзиясының әсері түркі топырағын кешкенде бұл тілді өкпеге телкілеп, талқылап та созғылап мәд уәзіміне қондіруді дағды қылған. «Қазақтың «дәйді» сін «дәйді», «көрді»-сін «көрди» сияқты ғып созғылау көп болған. Барлы-

ғының өкше ізі сол жаңағы Шағатай арқылы дін қиссалары немесе «Шаһнама», «Жүсіп-Злиқа», «Ләйлі — Мәжнұн» сияқты дастандар арқылы кірген ғаруз үәзіміне барады» (12-бет) деп ой түйгенде, автор Абайдың ақындығы әбден қалыптасқан кезде шығыс поэзиясының сілемі сакталғанын.

«Сенсің жан ләzzати, сенсің тән шарбати,
Сұлуды сүймеклік, пайғамбар сұннети,—

дегенінің мәні де, түрі де шығыс лебінен екеніне назар аударады да, Абай діндарлығының сырына үціледі. «Осы жайлар қара сөздерінде де айқын көрініп отырады. Міне, Шығыс жағасына, Абайдың барлық тұлға мазмұнына орнаған, поэзиялық, ой-саналық іргелері осындай. Аз нәрсе емес. Үстіңгі бір жамылышы ғана, бір қабат жұқа қабыршақ қана емес. Көңіліне орнаған терең тамырлы бүйімдар» деп тым зорайтып жібереді. Осындай ой ағыны Абайда Батыстан гөрі Шығыстың жүгі мол деген тұжырым жасатады. Осы пікірге дау айтқандар кисынсыз жерден киліккен еді деуге де болтмайды.

Батыс әсіресе, орыс әдебиетінің Абайға жасаған ықпал-әсерін баяндаған уақытта, М. Әуезов: «Абай көбінесе өз іргесін бермеуге тырысады... Тың жаңаңықтың барлығын талғап-талғап қана ала алады. Бірақ барған сайын икемделіп, сыйталып, сырт буындығынан арыла береді. Рационалшы, жаңашыл Абай пішіні айқындалып ашила береді. Өз ішін бермеймін деп жүрсе де ақын көп жанасу арқылы бірқатар жанғырып, тулей бастайды» (15, 17-беттер) деген уақытта, «Шығысым — Батыс,

Батысым — Шығыс» болып кетті деген Абайдың «Ішкі дүниесінің барлығы бірдей қопарыла өзгеріп кетпегендін» де (17-бет) еске салады. Бұл ой «Шығыс жоралғысы Абайда басымырақ» деген түйіннен туған.

Орыс әдебиетінің әсеріне келгенде, автор Абайға Чернышевскийдің күрескерлігі дарымайды, оны «көз салып құнттамайды. Пушкин, Лермонтовтар, Крыловтар сарынына бой ұра береді» (16-бет) деген ойды өрбітіп, таратып алып кетеді.

Бұл мәселе, яғни Абай орыс әдебиетінен нені алды, қайсысын даттады, өз бойына не дарытты деген жайлар бұрынғы да кейінгі еңбектерде көп әңгімелегендіктен М. Әуезовтің сол кезде өзіне тән білгірлікпен тұжырымдаған кейбір ойларына ғана тоқталған жөн.

Абай — казақтың Пушкині деген тезиске М. Әуезов өзінің өрнегін қосқан. Абай өзін Пушкиннен кем сана-май, тең санағандай болып, «олай айтпай, былай айтса нетер еді» деген кісішіе, аз ғана бойқүйездікпен бұрыла-ды» (16-бет) деген ойын «Евгений Онегинді» аудару процесінен өрбітеді. Татьяна мен Онегиннің хаттарын мұлде басқаша, жаңа мағына бере аударады, «қаймақ еді көңілім, бізге қаспақ болды жем» деп, «бірталай қошқар мүйіз салады», қазақ ұғымына жақындалады, ал «Пушкин құлкі қып тастап кеткен Онегинді Абай қолтығынан сүйеп тұрғызып, қолына мылтық ұстасып» (16-бет), өзін-өзіне атқызады. Бұл мұлде басқаша ше-шім, демек ол Пушкинмен бой тенестіреді. Абай осы міне-зін Крыловке де өзгертпейді, «өзі айтып жүрген қазакы еснет өлеңдеріне мынаны қосымша ғана ғып ұсынады» (17-бет).

Замана талқысынан, ел ішіндегі көп талас-тартыстан әбден қажыған, Лермонтовпен мұндағас, сарындағас екенін байқаған ұлы ақын «Лермонтовтан әрі аударады, әрі ұлғі алып, күйіне күй қосады. Лермонтов сөзін өз сөзін-дей нашаланып, мейірленін, емірене жыр қылады да, өзінікі мен онықінің шекарасын жойып, «мал басын» араластыра қосып, «еншілес» боп кеткендей болады... Мұ-ны маңдана, талмаурай сүйеді. Лермонтов жырымен туы-сып, бірге жасасқандай болады» (17-бет) деп ой түйген автор Абай шығармаларының түріне, жыр жаңалықтары-на көз тастайды. Ең алдымен көңіл-күй, махабbat лири-каларының «батыстану» жайына көбірек назар аудара-ды. Шығыс ақындарының сүйдім, күйдімді бірден айтып, көзің гауһар, жаным жарапанды деп жатпай, тұспалдаپ айту, қалғаның өзің ұға бер дегендей сынаи таныту, оның өзін табиғат көрінісімен қабыстыра, ұластыра жеткізу жайын әңгімелейді. Абайдың табиғат лирикаларында жаңалық мол екеніне, ақындықты үлкен өнер деп табуы-ның эстетикалық арналарына назар аударады.

Осындаған мәнді арналардан нәр алып, өнеге көрген, соның арқасында құлашы кеңіген ұлы дарынның ұлғісі жоқ бол шықса, онда ерен еңбек зая болар еді. Осыны анық аңғарған М. Әуезов өзінің осы мақаласында «шәкіртсіз — ұстаз тұл» дегенді үлкен проблемаға ай-налдырады. Сөйтіп, мақаладағы өрбітілген екінші өзекті мәселені —«Абай мектебі» проблемасын орынды көтеріп, өзінің ой-пікірін ашық айтады. М. Әуезов: «Бұл мәселеде біз Абай ақынның төңкеріс алдында, не төң-

керістен бергі ақындарға еткен әсерін айтпаймыз. Ол айрықша ұзак талдауды керек етеді» (20-бет) — деп ес-керту жасап, тікелей Абай шапанының астында өскендерге тоқталады. «Мұндай ақын — төртеу. Оның екеуі — Ақылбай, Мағауия — Абайдың өз балалары. Қалған екеуі — Қекбай, Шәкәрім. Осы төрт ақын Абайдың нағызы толық мағынадағы шәкірттері. Абай алды оларға жазушылық мектебі сияқты болады» (20-бет) деп олардың жазғандарын, әсіресе, поэма жанрына, әңгімелі шығармаларға ден қойғандарын қысқаша баяндайды.

Өзінің осы тұжырымын теориялық қисынмен нығыздай түсу үшін «әдеби мектеп деген ақынның өзі алған түр, өзі жырлаған тақырыпты ғана тебіндей беру емес. Сол басшы ақын берген екпін-бағыт, негізгі күйлерінің бетімен тың жол іздей өсуде. Үстаз ақынның өзі айтуға үлгермеген немесе заманында әдейі айтқысы келмеген жайларды терендетін үнгіп, бірталай өріске апарып тастау» екенін тұжырымдай баяндады. Бұл пікір де үлкен әңгімеге арқау болды. Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты мен Қазақстан Жазушылар одағы 1951 жылы үлкен дискуссия өткізуі, К. Мұхаметхановтың осы мәселені арнайы зерттеуі, үлкен даудамайдың дауылы көтерілуі тегін кетпеді.

Сонымен, М. Эуезовтің 1934 жылғы «Абай ақындының айналасы» атты макаласы өзінің проблемалығымен көзге түсіп, қөптеген тың да соны мәселелерге барлау жасап, Абайтануды ғылыми негізде өрбітуге мұріндық бола білген айрықша құнды еңбек. Осы проблемаларды шешісуге және Абай кеменгерлігінің арнасын кеңейтуге үлкен үлес қосқан Құдайберген Жұбановтың «Абай — казақ әдебиетінің классигі» атты тамаша құнды еңбегінде талай мәнді проблемаларға назар аударылғанын именбей айту абзал. Аяқталмай қалған осы еңбек К. Жұбановтың «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» жинағында қайтадан 1966 жылы жарияланды.

Ең алдымен, осы макаланың тақырыбына көз салған жөн. «Классик» деген не, ондай құрметке кім ие болу керек деген мәселеге К. Жұбанов оңтайлы жауап іздел, мәнді пікірлер айта білген. Абайды казақ әдебиетінің классигі деген тезисті алғаш рет айтқан автор өз еңбекін үш тарауға — «Еленбеген ерекшелік», «Абай және шағатай әдебиеті», «Абай және халық әдебиеті» деген айтары көп, анғартары мол сүбелі-сүбелі проблемаларға көз тастайды.

«Еленбеген ерекшелік» тарауын: «Қазақ әдебиетінің тарихындағы Абайдың ұстайтын орнын босағаға қарай ысырмалаушылар, оған да місе түтпай, табалдырықтан шығарып тастаушылар, менің байқаусынша, даусыз бір моментті ескермей жүр: ол — өз тұсында жалғыз қазақ қана емес, басқа көршілес елдерден де Абайдың әдебиегінегі үздіктігі» (29-бет) деп бастап, әлі күнге дейін ешкімнің елемей келе жатқан мәселесіне назар аударады.

«Абайдың әдебиеттегі үздіктігін» дәлелдеу үшін түркі тілді әдебиеттердің тарихына шолу жасайды. Өзбек, түрікмен, қыргыз, қарақалпақ елдері «Күншығыс ислем мәдениетінің кірлі көрпесін қалың жамылып, Батыс ауасынан әлі тыныс ала қойған жоқ еді» (29-бет), мұндай жай-күй осман түріктеріне де тән екенін айта келіп, түрікмениң Махтұмқұлысы, башқұрттың Шаихзаде Бабичі, татардың Шағабуддин Мәржани і мен Хаюм Насири, әзіrbайжанның Мырза Фатали Ахундовымен салыстырған уақытта, үлken білімдарлық диапазон танытып қана қоймай, автор жүйелі пікір өрбітіп, негізгі ойын былай тұжырымдайды: «Абайды көрші елдердегі замандастарымен салыстырғанда, Мырза Фаталиден басқа ешкім де шендесе алмай шығады. Үlt тіліне, әдебиетіне сіңірген еңбегің, ақындық күшін алғанда, Абай бәрінен де озат шығады. Өйткені ол кезде таза халық тілімен жазып тұрып, ол жазғанын классик әдебиет үлгісімен шығарған ол елдерде адам болған жоқ, Абайдың бірқатар сыншылар ескермей жүрген бір оқшаулығы осы» (32-бет) деп ой түйеді.

Осы еңбектің екінші тарауы — «Абай және шағатай әдебиеті» деп аталады да, «Абайдың алды жоқ емес, жоққа жуық. Өйткені Абайдың алдында да әдебиет болды» (32-бет) деген уақытта, оның өзі екі түрлі екенін, біріншісі — «емшек сүтімен қатар құлағына кірін, сүйегіңе сіңген» ауыз әдебиеті, екіншісі — қожа-молдалы Құнанбай аулына ала бөтен таныс шағатай әдебиеті екенін, «Абайдан бұрын қазақ әдебиеті бүл екеуінің шаранасынан шығып көрмегендігін» (32-бет) баяндайды да, екінші салаға — шағатай әдебиеті мен Абайдың байланысына айрықша назар аударады.

Шағатай әдебиетінің мәні қандай еді дегенге келгенде, К. Жұбанов оның тек мистицизмі мен «нәпсікүмарлығына» көніл бөліп, осыдан аулақ болуға үндейді. Сондықтан Абайда тек үш өлең ғана шағатай әдебиеті үлгісімен жазылған, «Абай мұны 13—19 жастарында ғана

жылтыратып тағынып, соナン кейін сұнынып, тастап кеткен» (32-бет), 1864 жылғы «Әліпбиден» кейін «Шығыс жүртіна қонуын тоқтатқан. Бұдан соңғы Абай өлеңдерінен шағатай үлгісін іздеу, менінше, құр арам тер болу» (36-бет) деген пікірі Абай шығармашылығындағы Шығыс сілемі жөніндегі мәселенің идеялық-көркемдік мотивтерінен ғөрі, өлеңдік түріне тікелей байланыстырыла айтылған. М. Әуезовтің концепциясына К. Жұбанов көзқарасы қабыспайды. Қайткен күнде де, Абайды Шығыстан ертерек бөліп алу ниеті авторға мынадай тұжырымды корытынды жасатады:

«Сонымен, 1864 жылдан кейін Абайдан шағатай ықпалын іздеу — бос арам тер. Өйткені: 1) Шағатай әдебиетінің негізгі бағыты — мистицизм; Абайда бұл жок. 2) Шағатай әдебиетінің тілі араб, парсымен шұбарланған шұбар тіл; Абайда бұл, машиқтау үшін болмаса, ұшырамайды; 3) Шағатай әдебиетінде өлең өлшеуі — араб, парсының ғаруз өлшеуі. Абай мұны ерте тастаған. 4) Абай сияқты төрт аяғы тең жорға ақын шағатайдың ғарузына сүйсінген болса, жазып алып сүйсінбей, басқа да бір қасиеттерін қосып, ала жүрген болар еді; Абайдың сөз қалауында олармен әдеби оты өрелі жанатын қылық жок. Абай шығыс үлгісін көрмей, білмей аман кеткен ақын емес, белшесінен кешіп барып, батпағына аунал барып, одан шығып, тастап кеткен ақын» (36-бет) дейді. Бұл ой Абайды шағатай әдебиетінен арашалап қалу ниетімен, батысқа жақындату талабы күшті болғандығын аңғартқанымен әдеби талдауының соншалықты білікті де құнарлы екендігін көрсетеді. Кейінгі кездегі әңгімелерді байлай қойғанда, журналдың бір санында қарама-қарсы екі пікірдің айтылуы, окушы ойын әр өнірге жетектеуі тегін емес. Сондықтан да Абай және Шығыс әдебиеті деген проблема әлі де болса түбегейлі зерттелетін үлкен де күрделі, енді кезек күттірмейтін проблема.

К. Жұбанов осы тарауда талай соны, тың байқаулар жасап, ғаруздың зандылықтарына іштей еніп, ғылыми диапазонын танытқан. Абайдың еліктеу дәуірін дәлелдеуге талаптанғанда: шағатай әдебиеті «Абай өлеңінің поэтикалық техникасына да шалығын тигізгендігін мойындағымыз келеді» (33-бет) дейді, Абайдың ақындық қуаты, кеменгер ойшылдығы жеңіп, тұтас гармония жасаған, «сондықтан, Абай өлеңінің мазмұны түрін көрсетіп тұрады, түрі мазмұнын көрсетіп тұрады. Абайдың

тілінің сөздігі (лексикасы), грамматикасы, Абай өлеңінің өлшеуі, ырғағы, үйқасымы, Абай суретінің бейнесі — бәрі бірге қосылып та, жеке тұрып та негізгі тақырыптың күйіне билеп тұрады. Оның сөздері тек бермек үфымын жеткізерлік амал болып, поэтикасы өлең қалыбына сиярлық қана болып қоймайды, бірі олай, бірі бұлай да кетпейді, солардың әрқайсысы, үлкен симфония оркестріндегі жеке музыка аспаптары сияқты, өздері бір-бір күй тартып тұрады да, бәрі қосылып негізгі күйді шығарады, тақырып соның бәріне дирижер болып тұрады» (32-бет). Абай поэзиясының сырын жыға үққандықты танытатын мұндай бақылаулар мен сүбелі ойлары осы еңбектің әр саласынан жіңі кездеседі.

«Абайға сүтпен кіріп, сүйегіне сіңген әдебиет үлгісінің бірі — халық әдебиеті» (32-бет) екеніне осы мақала да арнайы назар аударылды. «Шам жарығы түбіне түспейді» дегендей, бұған дейінгі мақалаларда Абайдың казак әдебиетінен алған үлгі-нұсқалары арнайы әңгімеленбей, сөз арасындаған айтылып қана келгенін ескертсек, автордың ауыз әдебиеті мен Абайдың байланысын ашу талабын айрықша құптаған жөн. Абайдың жаңа эстетикалық норма жасағанын, казак өлеңіне зор өзгеріс енгізгенін айтқанда, көбіне Батысқа, әсіресе, орыс әдебиетіне бағыштай береміз де, Шығыс әдебиетінің әсерін желе-жорта, ал, казак әдебиеті әлі фольклорлық қалыпта, көркемдік шеберліктің шырқау бітгіне көтерілмеген, шынтуайтап келгенде, қазак әдебиеті өзіне-өзі үлгі-әрнек бола алмайды деген теріс түсінікті тілге тиек етіп шыға келетінбіз. Сөйтіп, Абайдың тіпті үлгітың поэзияның топырағынан алшақтатып әкетуге дайын тұратынбыз. Соның салдарынан болу керек, Абайға дейін қара өлең мен жыр ғана болған, Абай жаңа өлең әрнектерін жасады деп, өлеңің сыртқы құрылышына ғана назар аударып, қазак өлеңінің негізгі жүйесіне, дәстүр сабактастығына көзіл бөлінбей келе жатқан болатын.

К. Жұбанов осы еңбегінде Абай халық әдебиетінің «қызығына ерте тояттап, ескірген даналығын көп ұзамай-ақ өзіне мұра санаудан қалған. Халық әдебиетінің заман таптап даңғылдаған көне жолы Абайға тарлық еткен, сондықтан ол көр-жерді өлең қылған» ақындардан және Шығыстан өзгеше жол іздел, «Хафиз, Сағди орнына, Байрон мен Гетеңің, Нысанбай, Бұхар орнына, Пушкин мен Лермонтовтың етегінен ұстайды. Класик

әдебиет дөңіне шығып, артына қарағанда» (37-бет), жа-
мау-жасқаулы Шортанбай, Дулат өлеңдері, сөздің қа-
сын түзеймін деп көзін шығарған ел ақындарының жы-
рынан безіл, Абайдың «тіл ұстартып, өнер шашпақ» бол-
ғаны жайлы ой түйіп, осының өзін «күні бүгінге шейін
құнын жоғалтпаған артықшылықтарының бірі» ретінде
түйіндеді. Халық әдебиетіндегі «артық сөздер» мен қыс-
тырмалардың жайын білгірлікпен баяндады.

«Казактың халық әдебиеті де сахна әдебиеті бола-
тын, көпшіліктің тыңдауына бейімделген шығарма бо-
латын. Тыңдалатын шығарма мағынаның артық қоюлы-
ғын көтермейді. Ондай болса, тыңдаушының миын шар-
шатады. Соңдықтан халық шығармасында шығарманың
тақырыбына қатысты сөздердің аралығында, тыңдау-
шының миына гимнастика болғандай «басы артық» сөз-
дер енгізілетің. Ауыз әдебиетте мұндай қыстырма әңгі-
менін үш түрлі пайдасы бар.

1) Тақырыптан тыс әңгіме болғандықтан, тыңдама-
сан да, не түсінбесең де, әңгіменің ұзын-ұрғасын ұғуға
кемшілік қылмайды. Сонымен ол тыңдаушыға демалыс
болады; 2) Тақырыптан тыс әңгіме болғандықтан, тың-
даушының зейінін аударып, миға гимнастика болады;
3) Тақырыптан тыс әңгіменің өзі бір шетімен тақырып-
ка байланысып жатса, әрі логика, образ жағынан дұрыс
құрылса, тыңдаушыны құнілгері даярлап, негізгі тақы-
рыпты жақсы, жанды түрде түсінуге себеп болады. Ауыз
әдебиеті үлгісінде бұл таптырмайтын әдіс. Бірақ жазба
әдебиетте мұндайлар мағынаны сүйүлтүп әкетеді. Соң-
дықтан мұнда ұзак қыстырма әңгімеге орын қалмайды.
Мұнда оның орнын сөздің образдылығы ұстайды» (38—
40-беттер) деген ойларының өнікті екені және творче-
ство психологиясын, оның ішкі сарайын жыға түсініп,
індете, қазбалай айта білгенін көреміз.

К. Жұбанов Абайдың образ жасау жолындағы іздес-
ністерін халық әдебиетімен бауырластырып, ескен ариа-
ның көне болғанымен де, құнарлы екенін танытуға тал-
пынады. «Қысқасы, Абайдың образ қолданудағы өзгеше-
лігі: әуелі — қатесіз анық таныс бейнені алады, екін-
ші — образ ескі, өлі қалыбында қалмай, жанданып ке-
теді, үшінші — ескі образды өсіріп, жаңартып жалғап
әкетеді. Оның ескі таныс образ алуы тек таныс жағымен
тартып, жуықтатып алып келгеннен кейін басқа жаққа
бұрып жіберейін деген сияқты. Ескі әдебиет мұрасын
Абайдың пайдалануының бәрі осылай. Ол ескіні де, өз

заманын да дәріптемейді. Ескі образды алғанда, оны сүйдіру үшін емес, ескіні бұзып, жаңа қылыш, сонымен жаңаны ұғындыру үшін алады. Абайдың әдебиет, мәдениет істеріне қолы тиіп кетсе, ол тек сүртіп, шаңын кеңіріп шықпайды, өзінше бұзып, өзінше түзеп, өз қолының ізін қалдырады. Өлеңнің ыргағы да, үйқасы да, буыны да, әні де, такырыбы да, сөз төсегі де, суреті де Абайдың қолынан өткенде бұрын көрмеген жаңа нәрсе болып шығады. Абайдың арқасында XIX ғасырда қазактың әдебиеті өзінің атам заманғы «азалы ақ көрпесін сілте тастап», Европаның классик әдебиеттің қалыбына түседі, сөйте тұра, қазак әдебиеті болушылығын да бұзбайды» (41-42-беттер) деген кесек ойлар айтады.

Ғылыми дәлелдемелері мен эстетикалық бақылаулары мол автор өз пікірін түйіп тастап отыруға, сол айтылған ой-пікір негізінде үлкен қорытынды (обобщение) жасауға ұмтылатын ғалымдық стилін әрқашан танытып отырады. Шығыс пен казақ әдебиеттерінің болмысын жыға таңған К. Жұбанов Абайдың классик ақын екендігін ішкі процестермен түсіндіріп: «Абай біздің жазба әдебиетіміздің атасы болғанда, өлеңін, қара сөздерін тек қағазға жазғандығымен ғана емес, жазба әдебиет пен ауыз әдебиеттің осы айырмашылығын ашқандығымен атасы болады. Қазақ әдебиетін ауыз әдебиеті дәрежесінен шыгарып, неше мың жылдай көнігіп, етке, қанға сіңіп болған ескі ауыз әдебиет дағдысынан құтқарған адам — Абай» (40-бет) деген қорытындысына еріксіз кол қойғызады. К. Жұбановтың бұл еңбегі әлі толық танылып, оның мән-мағынасына айрықша назар аударыла қойған жок. «Е, Абай жөнінде кім не демеді» деген сыңаймен келе жатырмыз. Екіншіден, Абайды ғылыми жолмен танудың алғашқы кезінде осындай ой-пікірлердің айтылғаны зор табыс болса, үшіншіден, қазактың эстетикалық ой-пікірінің өсу, жетілу жолдарын, яғни сынның өз алдына жеке жанр болып қалыптасып қалғандығын, әдебиеттанудың алғашқы қарлығаштары ұша бастағанын көрсету мақсатын көздедік. Және кейінгі кезеңдегі кесек-кесек монографиялардың негізі осыларда жатқанын аңғарту есебі де жоқ емес.

«Әдебиет майданы» журналының Абайға арналған осы санында К. Жұбановтың еңбегінен кейін Илияс Жансугіровтің «Абайдың сөз өрнегі» деген мақаласы жарияланған. Бұл тың, соны еңбек емес, I. Жансугіровтің Абай шығармаларының толық жинағына арнап 1932

жылы жазған алғы сөзінің соңғы тарауы. Оны жоғарыда әңгімеледік.

Абай шығармашылығының эстетикалық қадір-қасиетін ашу, өзге әдебиеттермен байланыс сырына үнілу, Абай ақындығының мәнін түсіну саласындағы үйірлі материалдардың ішінен Есмағамбет Ысмайылов пен Зейін Шашкин жазған «Абайдың поэтикасы» деген мәнді еңбекке назар аударған жөн. Өйткені Абай шығармашылығын шын ғылыми жолмен игерудін айқын көрсеткіші болуымен бірге, осы құнды зерттеу бұл уақытқа дейін жалпы долбарланып, нақты әңгімеленбей келген проблемаға оңтайлы барлау жасайды, түйінді ой-пікірлер айтады. Сонын жалғыз Абай поэзиясы ғана емес, жалпы қазақ әдебиетінің поэтикасы бұрын-соңды арнайы сөз болмағанын ескерсек, бұл тұңғыш еңбектің қадір-қасиеті еселеңе түседі.

Авторлар Абай поэтикасын үш жүйеге бөле қараган. Эуелі — Абайдың қазақ өлеңіне қосқан жаңа өрнектеріне, екінші — көркемдік амалдарына, үшінші — Абай өлецинің дыбыстық, яғни әуендейкі жүйелеріне назар аударған.

Сол кездегі сынның аңғарымен бұл авторлар таза эстетикалық категорияларға, талдау-анализге идеялық мұнарадан қаруыл қоя отырып барғанын да көреміз.

«Абай — қазақ поэзиясының сөзсіз бір биік асқар белі. Қазақ поэзиясын түйіктан шығарып, шын, мәнді поэзияның есігін ашты. Әдебиет тарихымызда поэзияның айқын жолдарын салды. Ол жол қазіргі әдебиетімізде де сайрап жатыр», — деп бастап, жалпы поэзияның даму сатыларына көз салады, орыс поэзиясына Пушкин жасаған өзгеріс қандай болса, Абай қазақ поэзиясына соңшалық өзгеріс жасады, «шын көркем поэзияға жол ашты. Абайға дейін қазақтың бай ауыз әдебиеті, тілі өріс ала алмай, түйікка тіреліп тұрса, Абай ол түйікты жазды. Өзінің поэзиясына жақадан өріс ізdedі, қанаты талмайтын жазықта құлаш үрды. Ол шыннан аспанға өрмелеген жок, жазықтан шыңға өрмеледі. Жазықтан поэзияға сара жол салып аспандады. Соңдықтан Абай қазақтың нағыз көркем поэзиясының басы десе дұрыс болар еді» (97-бет). Осындай жалпы ой-пікірлерден кейін Абайдан өлең өрнектеріне, өздері аңғарған жаңа түрлерге талдау жасаған.

Абайға дейінгі қазақ поэзиясындағы өлең түрлері он бір буынды қара өлең мен жыр екенін жалпылай айтады

да, осы екеуін қосқанда, Абай жаңадан 16 түр шығарды деп, әрбір жана өрнекке мағыналық тұрғыдан да, эстетикалық тұрғыдан да, кей кезде статистикалық деректер тұрғысынан да дәлелдер келтіреді.

Мақаланың мазмұнын, талдау анализдерін баяндардан бұрын, бір мәселеге, яғни Абай қазақ поэзиясына жаңа жана өлең өрнегін енгізді дегенде азырақ тоқтай кеткен абзal. Бұрынғы мақалаларда Абай жаңашыл ақын, сондықтан ол қазақ өлеңіне қоғамдаштырылған жаңа түр косты деген жалпылама пікір айттылса, Илияс Жансүгіров 14 жаңа өлең өрнегін жасады деп білді, бірақ накты дәлелдемеді. Қазақ әдебиеттануында Абай енгізген өлең түрлерін алғаш рет нақты талдаған Е. Ысмайлов пен З. Шашкин. Бұдан кейін С. Мұқанов «Абай — халық ақыны» деген 1937 жылғы принципті еңбегінде 15 түрді атап көрсетсе, «Жарқын жұлдыздар» монографиясында оны 20 түрге жеткізген. М. Эуезов бұл мәселеге арнайы назар сала қоймаған. Ал, Қажым Жұмалиев: «Абай ең алдымен 8 буынды және 6 буынды жаңа екі түр кіргізді. Бұның екеуі де Абайға дейінгі әдебиетімізде жоқ еді. Үшінші, «аралас буынды» өлең құрылсының жаңа түрлері» деп С. Мұқанов пен Е. Ысмайловтың өлең түрлерін жіктеуіне қосылмайды. «Абайдың кіргізген жаңалығы он бес пе, он алты ма, әлде онан да көп пе, ол мәселені ашық қалдырып, жалпы алғанда Абайдың өлең құрылсына үлкен өзгеріс кіргізгендігін ғана айтамыз» (1960, 2-том, 349-бет) деп өте бір қажетті де керекті мәселені орағытып өткен. Зәки Ахметов те «Қазақ өлең құрылсы» атты еңбегінде осы жолмен кеткен.

Тегінде, бұл мәселе әлі де болса зерттелуге тиісті, айрықша қажетті проблема, Абай енгізген жаңалықтың бәрі де тек жалпы идеялық-көркемдік тұрғысынан ғана емес, қажетті жағдайда структуралық тұрғысынан да қаралуға тиіс. Әдебиеттанудағы структурализм әдісінің жетістігін, оңтайлы жақтарын пайдаланып, осы мәселені шешіп алу қажет-ақ.

Сонымен, Е. Ысмайлов пен З. Шашкиннің Абай поэтикасына алғашқы рет жасаған накты талдауына оралғанда, 20—30-жылдарда әдебиеттану саласында жиі қолданған зерттеу тәсілдеріне дең қойған жас авторлар орыс әдебиеттануынан бірқыдыру өнеге алған. Олар поэтикалық туындының жансырын үфип, ішкі процесін түсінуге талаптанған. Оған осы мәнді еңбекте дәлелдер

көп. Абайдың «Жаз» деген өлеңіне жасалған талдау осының айқын көрінісі.

«Абайға дейінгі халық әдебиетінде де, Абайдың жыр улгісімен жазылған өлеңдерінде де «Жаздай» шебер жазылғаны жоқ. Бұл өлеңде Абай сөзді ойнатып, ыргақ-қа билетіп, дауыс толқындары да бірыңғай шығып, үйқастарында ешбір олқылық білінбейді, жорға аттың жүрісіндегі тайпалады да отырады... Басынан аяғына дейін жолдың әр тармағы 8 буыннан не аспайды, не кемімейді. Абай өлеңдерінің ішіндегі көтеріңкі серпінді рухпен жазылған, шаттық жағдайы өлеңнің мағынасынан ғана емес, ыргақ, дауыс толқыны, үйқасымының өзінен көрініп отыратын өлең. Сондықтан «Жазды» өз алдына бір түр етіп алдық» (99-бет) деп өлеңді сөз қолдануы жағынан статистикалық талдауға салады. Сондай-ақ, Абайдың атақты «Сегіз аяғына» келгенде, авторлар өлеңнің түрін мазмұнына тәуелдейді.

«Қайғылы сарын күйі жүректен шалқып шығып, қалқып, сорғалап, аспанға өрлеп барып, қайта жайылып, бәсендейді. Күйдің пернесі қайталап тартылғандай дауыс толқыны бір көтеріліп, өрлеп, өрістей, тағы басылып, тынғандай болады. Бірақ жаңғырық күй тынбастан іле-шала іркілген түйдек толқын бір шарпып, жарға ұрылғандай шаңқ етіп, беті қайтады, жаралы болған жан тәрізді өзін мойын ұсындырып, әлсіреп, әлі бітіп барып тоқтайды. Өлеңнің ыргағы, дыбыс толқыны (әні өз алдына және бар) «Сегіз аятың» осы сарын күйін күшайте түседі: тағы ыргақ пен мазмұның ән күйіне бірлігі келіп шыгады» (101-бет) деп тапқан авторлар «өлеңнің түрі мазмұнына тәуелді болмақ» тәрізді ой айта отырып, осы «Сегіз аяқ» үлгісімен Бейімбет жазған «Жаңартты қазір жырды ауыл» өлеңіне талдау жасайды: «Қайғылы күй кестесі шаттық әуенді шығармаға орайласпайды, түр мен мазмұн екі айырылып, кабыспай түр» (114-бет) деп табады.

Осындай эстетикалық таным-білікпен жас авторлар Абайдың Шығыс әдебиетінен алғандарына, ғаруз үлгісімен жазылғандарына тоқтай келіп, шықкан тегі ғаруз болғанымен, «жүрегі — айна, көніл ояу» өлеңнің қазақ өлеңнің ыргағына түсу жайына назар аударады: «Абай поэзиясының түр өрнектері, ыргақ, сарын күйлері қазақтың ауыз әдебиетіне негізделіп жатумен қабат, араб, парсы, шағатай, орыс әдебиеттерімен де араласып жатыр. Солардан үйренгендігі, солардың өлең түрлерін (әсіресе,

орыстан) казақ жағдайында өзінше жасай білгендігін көріп отырмыз. Абай өлеңдеріндегі өлшеудің көбі әлі әдебиетімізде қолданбағандығын, тіпті, өзі де кейбір түрлерді жетілтпей кеткендігін көреміз. 16 өлең түрінің бастапқы екеуінен басқасы Абайдың кіргізген жаңалықтары. Абай өлеңдерінің ең қыын, ең оңай мөлшер, өлшеулері де қазақтың бұрынғы халық әдебиетінде бар үлгі мен Шығыс, орыс әдебиеттерінен алынған» (105-106-беттер) кестелер деген тұжырымдарының мәнділігін байқамасқа болмайды.

Ал «Абайдың көріктеу заңы» деген тарауда авторлар «Абай поэзиясының ең басым, күшті жағы теңеуде» (107-бет) жатқандығын айтып, бейнелеу (метафора), кейіптеу, айқындау, әсірелеу, түйдектеу, арнауға, тоқтайды да, «Дауыс ырғағы туралы» тарауда дыбыс қуалап отыру (аллитерация), эпифора мен анафора сияқты бірқыдыру көркемдік тәсілдерінен білгір байқаулар, орынды түйіндер жасап отырады. Мәселен, Абайдың «Құз» деген өлеңінің дыбыстары жаратылыстың кейбір құрылыштарын келтіріп тұрады. Құздің қоңыр салқын желінің ысқырып, ызыңдаپ, дамыл алмай, құбылып тұратындығын Абай бір жағынан дыбыс естілуімен көрсеткен. Абайдың «Құзді» жазғанда «с», «з» дыбыстары келуінің өзі де кездесік емес. «Құзде» не бары 24 жол бар. Сол жолдарда 38 «с», 8 з дыбысы бар» деген бақылаулар бұл енбектің эстетикалық талдауы жағынан бірқыдыру биікке көтеріліп, Абай поэтикасының мәнді арналарын дұрыс көре білгендігіне дәлел бола алады.

Абайдан үйренушілердің есінде жүрсін деп бұл авторлар Абай өлеңдерінен үш мін көреді: «Абайдың неғізгі бір кемшілігі — көп өлеңнің ырғағы әнге келмейді» (115-бет) дейді. Оны 1932 жылы Ілияс та айтқан болатын. Бұл жаңа пікір емес, ондай ой 1914, 1926 жылдары А. Байтұрсынов аузынан шыққаны белгілі. Жоғарыда талданды да, осы жайға З. Ахметов әдейі назар аударып: «Халық поэзиясының үлгісімен Абай өз өлеңдерін әнімен сүйемелден айтуға әрқашан бағыштай бермеген. Ол ол ма, қазақ поэзиясында тақпақтап айтылатын, оқылатын өлеңнің дәстүрін жасауға саналы түрде талпынды, ондағы көздеген максаты — осы өлең түрінің жаңа мүмкіндіктерін бар қуатымен таныту еді» (313-бет) деген ғылыми пікір айтады.

Мұнымен қатар, авторлар Абайдың екінші кемшілігі — кейбір өлеңдерін бастап қана қойып, аяқтамай кеткен-

ділі бар, үшінші-құрғақ үгіт түрінде келетін дидактикалық өлеңдері де кездеседі деп білген, бірақ мұның ешкайсысы да Абайдан үлгі-өнеге алуға кедергі жасай алмайды, жаңа жағдайға лайықтап ала білу керек, сондықтан одан «турді, түрдің кестелерін, образдарын өзінің идеясына бағындырып, алған тақырыбын өрнектеп беретіндігін үйрену керек. Өлеңнің ыргағы, сез екпіндері, сыртқы құрылышы мағынасы қалай болса солай колдана салатын нәрсе емес. Онда да мағына, онда да идея, пікір бар. Абай сияқты классик, мастер, шебер, шешен, ұста ақын өз дәуірін қалай суреттеді, қалай көрсетті, соны көрсетуде тілді қалай жұмсады, қалай пайдаланды, міне, осы шеберлік жағынан үйреніп, дәуірімізді, Отанымызды осылай суреттей білу керек» (114-бет) деген тұжырымдары өзінің эстетикалық сауаттылығымен, ой ағынының мәнділігімен көрінуі — қазақтың сыншылық ойының биік белге көтеріліп қалғанын аңғартатын белгілер.

Абай шығармашылығының мән-маңызын аңфару тоғындағы көп еңбектің бірі — М. С. Сильченконың «Абайдың реалиzmі» деген макаласы. Алайда осы мақаланың «Абай мәселесі», «Абайдың дүниеге көзқарасы», «Абай поэзиясы» деген тарау аттары аңғартқандай, жалпылай ой топшылау басым. Рас, автор сыншыл реализм деген терминді қолданған, бірақ оның сыр-сипаты Абай шығармашылығынан өрбімей, сырттай қысындалған. Абай реалиzmін зерттеу қажет деген пікірді нақты дәлелдеп көрсетпеген. Осы күрделі мәселе М. Эуезовтің «Орыс реалиzmінің дәстүрі және революцияға дейінгі казақ әдебиеті», «Абайдың халықтығы мен реалиzmі» деген кейінгі еңбектерінде ғылыми шешімін тапты.

Сонымен, М. Эуезов, И. Жансүгіров, К. Жұбанов, Е. Ысмайылов пен З. Шашкиннің, М. Сильченконың «Әдебиет майданы» журнальда жарияланған еңбектері Абай ақындығының қыры мен сырын ашуға, Абай поэзиясының қазақ әдебиетіне қосқан жаңалығын саралауға, көркемдік шеберліктің биік сатысына көтерілерде қандай мәнді арналардан үлгі-өнеге алғандығын танып-білуге мүмкіндік берді. Екінші жағынан, қазақтың әдеби сынның алымы молайып, тынысы көнігендігін, ғылыми арнамен өркендеуге мүмкіндігі мол екендігін, жанр ретінде қалыптасып қалғандығын танытты. Проблемалы сын мақалалардың, ғылыми ізденістердің бәрі де қазақ әдебиеттануының өркен жауына қолайлы жа-

дай туғандығын, ал сынды өзінің профессионалдық арнасына айналдыратын білімді жас дарындар жасағы бар екенін көрсетіп берді.

«Әдебиет майданы» журналының осы арнайы санында жарияланған материалдардың енді бір мол саласы — Абай заманын, ұлы ақынның дүниеге көзқарасын анықтау мәселесіне арналған. Эзімбай Лекеровтің «Абай және оның дәуірі», Әминә Мәметованың «Абай — кезеңнің дана ақыны», Габбас Тоғжановтың «Абайды әлі толық білгеніміз жок» атты мақалаларының идеялық шығармашылық өрістері негізінен алғанда бұдан да бұрын талай әңгіме, айтыс-тартыс объектісі болған жайларға аударылғанмен, әр автордың ой түйіндеуі, пікір корытуы әр алуан. Сондықтан олардың негізгі ой-пікірлерін топтастыра қарастырган абыз.

Бұл үш автордың үшеуі де ең негізгі мәселе — Абай өмір сүрген заманың сыр-сипаты әлі зерттелген жок. Абай жөніндегі дау-дамайдың барлығы да осы түбекейлі мәселеден өрбіл жатыр. Абай заманын әркім әр қылыш талдайды, сондыктан өз заманының бел баласы болған Абайды әркім өзінше бағалайды деген ойды айтқан.

Габбас Тоғжанов Абай шығармашылығын түсіну үшін оның заманын жыға білуіміз керек, әйтпегендеге катеден көз аша алмаймыз. Менің байқауымша, «негізінде екі қате пікір бар» деп табады да, әрқайсысы жөнінде өз ойын айтады. «XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ даласында капитализм орнайды, бұдан бұрын үстем болып келген ру тұрмысының іргесі сөгіледі, ру ішіне жік түседі» (38-бет) деген пікірдің тарихи шындыққа жанаспайтынына көптеген дәлелдер келтіреді. Ескі бай, жаңа бай деп екіге бөліп, оларды екі тап деу қате. Өйткені «қазақ байы бір-ақ тап-феодалдықтан буржуазиялыққа бет алған тап... Қазақ елінде феодализм мен капитализмнің күресі болған жок. Екеуі бірін-бірі қолдады, екі жарылып бөлінбеді, қайта бірікті, келісті. Міне, осыдан барып қазақтың ескі феодал байы «капиталист» болды, жаңа капиталист байы «феодал» болды. Байдың бір аяғы феодализмде жатса, екіншісі капитализмге басқан еді. Оnda да байдың салмағы феодализмде жатыр еді» (93-бет) деп ой түйді F. Тоғжанов.

Ал екінші қате — «қазакта феодализм ғана болды. Қазақ арасына кірген сауда капиталы қазақ феодализмін бұрынғыдан да күштейтті. Сауда капитализмі қазақ шаруашылығын ілгері бастамады, қайта кері кетірді,

әйткені сауда капиталы өндіріске араласпады, тек жалдаптық міндетті атқарды» (94-бет) — деп айтқан Санжар Аспандияровтың пікіріне әлгі ойын көлденең тартты. Сөйтіп қазақ байында екі жақтылық болды, оның әсері әдебиетке тиді, Абай шығармаларындағы қайшылықтардың бәрі осыған байланысты еді деп табады.

Әзімбай Лекеровтің «Абай және оның дәуірі» деген мақаласында бірқыдыру құнарлы ойлар айтылды. «Жаңа заманның басшысы, идеологи болып Шоқан Үәлиханұлы, Ыбырай Алтынсарыұлы, Абай Құнанбайұлдары шықты», олар оқу мен ғылымға, өнер мен еңбекке үнде-ді, патша үкіметіне қарсыласпай, мойынсұну қажет, шығыс, батыс мәдениеттерінің жол айрығына келгенде «бетті толық орыс мәдениетіне аударып», үлгі алуға шақырды деп тауып, «Абай — ағартушы (просветитель)» (54-бет) деген үлкен де мәнді, бұрын ешкім қолданбаған термин ұсынды. Абайдың өнер-білімге шақыруы онды-солды айтылып жатқанымен, ешбір автор Ә. Лекеровтей концепция жасамаған болатын.

Ә. Лекеров Абай шығармашылығындағы әлеуметтік сарындарды талдай келіп: «Абай қай мәселе болын — қоғам құрылышы, жүртшылық, ел билеу, дін бәріп әке-ліп — өзінің негізгі көзқарасы — ағартушылықта бағындырады, барлық мәселеге сол көзбен қарайды» (62-бет) деп тауып, Абайдың ағартушылығын үлкен ғылыми концепцияға айналдырады, дәлелдей баяндайды. Бұл пікір кейіннен толықтырылып, С. Мұқановтың «Абай ағартушы-демократ» деген тұжырым жасағаны өмбеге аян.

Тағы бір мәселе — Абай өлеңіндегі пессимистік сарын, жалғыздық әуені дегенге Лекеров те, Маметова да, Шарафи Элжанов та талай мәнді ізденіс жасап, оның негізгі сырын замана қайшылығынан өрбітеді. Сонымен, Абай шығармашылығының негізгі әлеуметтік сарынын жүйелей, нақтылай баяндау, Абай дүниетанымын заман шындығынан өрбіту, қайшылығын түсіндіру мәселесіне онтайлы барлау жасалды.

«Әдебиет майданы» журналында жарияланған материалдардың үшінші тобы — Абайдың қоғамдық сананың әр саласы жайында айтқан ой-пікірлерінің мәнін ашу Оған бір мысал — Шарафи Элжановтың «Абайдың педагогика туралы көзқарасы» деген мақаласы. Кейін бұл салада көптеген еңбектер жазылғаны белгілі. Ш. Элжанов: «Кейбіреулер айтады — Абай тек болғаны жазушы, акын, онда философия, психология, педагогика туралы

көзқарас жоқ. Осы соңғы пікір дұрыс па? Жоқ, дұрыс емес» дейді. (23-бет). Абай сегіз қырлы дегенімен, автордың социологиялық қайшылыққа ұрына бергені де байқалады. Мәселен: «Абай ғылымды, мәдениетті, прогресті жана көзben көре алмады. Абайдың «ғылымы» ескілікпен, дінмен, құдаймен шумактасып, шатасып жатыр» (25-бет),— дегендері автордың иғі ниетіне түсau сала берген.

Сонымен, Абайды ғылыми тұрғыдан танып, зерттеудің алғашқы қадамы осы «Әдебиет майданы» жүрналының ақынға арналған санынан сәтті басталды деп білуіміз керек. Мұнда Абайдың заманы, дуниетанымы, творчествосы, өнеге алған арналары, жаңашылдығы, поэтикасы арнайы әңгіме арқауына айналып, алғашқы ғылыми мәнді барлаулар жасалды, жаңа концепциялар түжірымдалды. Ол материалдардың басым көшілігі Абайтану проблематикасын қайткен де көбейте тұсу мақсатымен емес, шешіп алынуы айрықша қажетті түбекейлі мәселелерге арналды. Сыншылық пікір мен ғылыми ойлар ажыраспас тұтастық тауып, қазақтың әдебиет салыны жанр ретінде бірқыдыру эстетикалық-көркемдік биіктеге көтерілгендейдігін айқын танытты. Бір-ғана 1934 жылдың ішінде Абай жайында жиырмаға тарта мақалалардың жазылуы, қыркүйекте Абайдың мұрасына арналған ғылыми дискуссияның сәтті өтуі, жалпы ынта-тілектің Абай шығармашылығын жан-жакты біліп, тануға аууы, сонымен қатар, эстетикалық талдау жүйесіне кешегі күннің салқыны тиіп, инерция бойынша айтылған ой-пікірлердің кездесуі де қазақ әдебиет салының өсу, өркендеу процесінің құнарлы екендігіне айқын дәлел бола алады.

Абайдың қайтыс болуына 30 жыл толуын атап өту жөніндегі үкімет қаулысынан қанаттанған ғылыми ой-пікірлер бұдан кейін көзі ашылған бұлақтай мөлдіреп ақты. Кейінгі жылдарда ең аз дегендеге он-он бестен, ал 1940 жылы 150-ге тарта мақала зерттеу, дәйектеме мен жарнама жазылғанын айтар болсақ, жаңадан іргесі қалана бастаған Абайтану ілімі әдебиеттану ғылымымен үзенгі қағысып, «үрдіс өсіп келе жатқан және қазақ әдебиетінің өзге тарауларын тануымыздан гөрі, өнімдерек өскелендең келе жатқан ғылым тарауы екенін» (М. Әуезов, Абай Құнанбаев, 1967, 275-бет) анық танытты. Соңдықтан алғашқы кезеңдей емес, енді Абай шығармашылығын игеру мәселесіне өзіндік үлес қосқан кесек те күр-

делі еңбектерге шолу жасап айтылар ой, дәлелденер пікір, әр проблемадан өрбіп шығатын ішкі мәселелердің бәрін түгендеу ішіне кіре жазу шарт деп есептелмесе керек.

Қалыптасу дәуірін өткөріп келе жатқан қазақ әдебиеттану ғылымына Фаббас Тоғжановтың «Абай» атты 1935 жылы шыққан зерттеуі әжептәуір үлес қосты. Әрине бұл монографияны Абай шығармашылығының бар проблематикасын әңгімелеген, көбіне оңтайлы жауап берген ғылыми эстетикалық еңбектен гөрі социологиялық арқауы басым монографиялық очерк деп атаған орынды. Өйткені бұл еңбек алғашқы тәжірибе болса, екінші, Абайтанудың революцияға және революциядан кейінгі жан-құйіне шолу жасалып, көп мәселелер жайында автордың өз ой-пікірі айтылады. Абайдың заманы, оның туып-өсken ортасы, қоғамдық-әлеуметтік мәселелерге көзқарасы туралы автор көп тоқталады және бәріне де таптық тұргыдан жауап іздейді, сөйтіп социологияға белшесінен батады. Оған Фаббас «біздің қебіміз (бәріміз десек те өтірікші бола қойман) қазір универсалмыз. Қөп білгендіктен универсал емеспіз, көп міндег жүктелгендіктен, амалсыздан универсалмыз. Қазақ тұрмысында жұртшылық алдына түспей, білінбей қараңғы, түйық жатқан мәселелер көп. Соларды ашқың келеді, түсінгің келеді» («Абай», 10-бет) деп уәж айтпақ болады. Сонда да эстетикалық өнірден гөрі социологиялық арнаға бұрыла бергені анық байқалады.

«Үстем таптың ой-пікірі қай заманда болса да үстем болмақ. Демек, қоғамның үстем материалдық күші сол дәуірдің үстем рухани қуаты болуға тиіс» (К. Маркс, Э. Фінгельс. Өнер туралы, 1967, 1-том 99-бет) деген тұжырымның аясында Фаббас «Біз — марксшілдер тап заманында таптан жоғары ақын болмайды дейміз. Қандай ақын болса да таптан бөлектеніп кете алмайды. Белгілі бір таптың тілегін жырлайды дейміз. Бұл марксшілдік-тің әліпбій.

Бірақ біз Абай тап ақыны дегеннен оны өзге қазаққа керегі жоқ ақын, не ұлт ақыны деген сөз шықпайды. Мұндай сөзді қыңыр-қияңқы, содырлы солшылдар ғана айтады. Абай тап ақыны болып отыrsa да, ол ұлт ақыны болды дейміз. Ұлт ішінде капиталдаса бастаған байдың жыршысы болып отыrsa да, оның өлеңдерінде қазақтың жалпы бұқарасын ілгері бастайтын сөздері, өснөттері болды дейміз. Абайдың ұлт ақыны болуы оның тап ақы-

ны екендігіне бөгет болмайды, қайта толыктырады, анықтай түседі. Біздің Сәкен, Бейімбет, Ілиястарымыз да ұлт ақындары, бірақ сонымен бірге бұлар тап ақындары — қазақтың қалың бұқарасының пролетариат жыршылары» (82-бет) деп Абай жөнінде ой түйеді де ішке тартады.

Бұл ойлар F. Тоғжановтың бұрынғы пікірлерінен біртабан ілгері, әлдекайда иман жүзді. «Қазақтың жалпы бұқарасын ілгері бастайтын сөздері, өсietтері болды, ол ұлт ақыны» деуінен анық көрініп, С. Мұқановтың 1937 жылғы «Абай — халық ақыны» деген мақаласымен әбден айқындала түседі.

Осы монографияның социологиялық негізде жазылған бөлімдерінен гөрі негізгі үш тарауына «Абайдың реализмі», «Абайға орыс культурасының қандай әсері болды» және «Абайдың ақындығы» деген тарауларына назар аударған жөн. Өйткені бұл тарауларда Фаббас өзінің эстетикалық таным-білігін ғана емес, ғалымдық тұлғасын да танытады, көптеген творчестволық мәселелердің бетін ашады, өзінің ой-пікірлерін жүйелей баяндайды.

«Абай реализмін» сөз еткенде Фаббас «сыншыл реализм» деген терминді қолданбағанымен оның негізгі сыниспатының негізгі айшыктарын атап, мәселенің ішіне кіріп, көптеген тың бақылаулар, түйіндер жасайды. Абайдың «Жұрт ақыны болып, халық қамын қайғырғаны, өзі көрген әлеуметінің кем-кетігін жамауға тырысканы, жаманды түземек болғаны, кейінгі жасқа үлгі берем дегені, бар ақындығын осыған жұмсағандығы — бұл, әрине, Абайдың өзінен бұрынғы қазақтың феодал ақындарынан анағұрлым артықтығы» (55-бет) деп Фаббас ой түйген уақытта, әдебиеттің қоғамдық функциясын дәл бағдарлап, өмір шындығын суреттеген шығарма ғана құнды, ғұмырлы болатындығын баяндайды. «Біз бүгін Абайдың атын көтеріп, қадірлесек, Абайдың осы өз түсінідегі көргенін, өткір тілмен жасырмай, жасқанбай айта білгендігіне сүйеніп қадірлейміз. Абайдың осы реалистігін, өз түсінің айнасы, көзі ашық үлгілі баласы болғанын көріп қадірлейміз» (55-бет) деп табады да, осы ойын «Абайға орыс культурасының қандай әсері болды» деген тарауына жалғастырып, дамытып алып кетеді.

Ұлы ақын жаңашылдығы неде, оның негізгі арналары қайсы, Абайды осыншама құрметтерлік қандай

дәлел, себеп бар деген замана сауалына тұжырымды жауап беру үшін Абай шығармашылығы өрбитін жаңалықтарды топтай, жүйелей баяндады.

Абайдың қазақ әдебиетіндегі ең зор жаңалығы — көркем сөзді, поэзияны өнер деп түсінуі екенін ең алдымен ауызға алады. «Ескі көзқарасқа Абай өзгеріс жасады. Абай өлеңнің үлкен өнер екенін білді. Ақындықты талантпен байланыстырыды, екінің бірі ақын бола алмайтынын анықтады. Ақын болу қорлық, кемдік емес, үлкен өнер, өзгеден артық, жан байлығы деп ұғынды» (121-бет) деп Абайдың жаңа эстетикалық бағдарын айқындаады.

Осындай ерен жаңалықпен қазақ әдебиетіне келген дана Абайдың екінші жаңалығы — «қазақтың жазба үлт әдебиетін жасауға бас болғаны», (123) атасы болғаны, үшінші жаңалығы — орыс әдебиетінің өрісті үлгілерін алуы, «қазақ әдебиетіне жаңа пікір, жаңа өлең түрлерін кіргізуі, сөйтіп қазақ әдебиетін өнерлі елдің әдебиетімен жақындастыруы, байланыстыруы» (24-бет), яғни профессионалдық әдебиет арнасын айқындауды, төртінші жаңалығы — қазақтың тіл байлығын ұқсата білуі, «қазақтың жабайы тілі Абай өлеңдері арқылы көркем әдеби тілге айналуы» (125-бет), бесінші жаңалығы — «жаңа әдебиет түрлерін жасауы» (120-бет), деп бірінен бірі туындастырын, сөйтіп Абайдың ұлылығын, асқан ақындығын айқындастырын салалардың бәрін түйіндей баяндады.

Осылардың ішінен Абайдың жаңа түр жасаудағы еңбектерінің тарихи мәнін түсіндіруі назар аудараптық. Абай 16 өлең өрнегін жасады деп тапқанымен, Фаббас олардың әрқайсысына жеке-жеке талдау жасамайды. Абай қосқан жаңалықтардың екі түрлі өзгешеліктері бар, бірі, Абайдың «сөз ырғағы, дыбыс үйқастығы, өлеңнің жалпы кестесі әнге өзі тартып тұрады... ән болып оқылады» (131-бет) екінші өзгешелігі — әнге арналмаған өлеңдері, «өлең кестесі, сөз ырғағы, сөз қисыны мазмұнына бағынады. Абайдың мұндай өлеңдерінде тереной, толғаулы, сабакты сөз кездеседі. Әндептіп, сыйыртып оки алмайсың, көбінесе талдаң, саралап, тоқтап оқи-сың» (132-бет) деп көп сыншылардың Абай өлеңнің кемістігі деп табатынын Фаббас алғаш рет түсіне баяндады.

Абайдың «Сегіз аяғын» талдаған уақытта оған бауырлас түрлердің мән-мағынасын, өлеңдік кестесін

ашып, «Алты аяғының» әбден қалыптаспаганын атап көрсетеді. Ал Абай аллаторациясын әңгімелегендек тек дыбыс әрпіне емес, буынына назар аудару қажеттігін ескерте де, Абай ақындығы таусылмайтын бұлақтай екенін түсіндіреді, жана түр жасаудың үлгі-өнегесін Абайдан үйрену керек деп ой түйеді.

Абай лирикасына тоқтаған уақытта оның «бір ұшы казактың ескі әдебиетінде, енді бір ұшы орыстың Пушкин, Лермонтовтарында жатыр. Абай екеуін де қоса білді. Абай лирикасында жеке адамың мұны мен әлеумет тілегі араласып жатады. Абай қара басын сол көп үшін, жұрт үшін жылатады, өлеңмен өлердегі сырын айтады. Абай сыры — жүрек, сезім, сананы түгел аралайды. Адамың ішіне кіреді, жанын қозғайды. Бұл жағынан қарғанда терең сырлы, ішкі сырды қопаратын лирика қазақта Абайдан басталды деуге болады» (136) деген мәнді бақылаулар жасап, Абай неге кесек поэма, үлкен шығармалар жазуға дең қоймады деген мәселелерді көлденең тартып, дәлелді себептерді де айта алған.

Осы монографиялық еңбегін «Абай сықылды үлкен талантты ақынды қазақ еңбекшілері өткен өмірдің бізге тастан кеткен үлкен байлышы, асыл мұрасы деп бағладайды» (142-бет), оны миллиондаған қалың бұқара оқып, білуге тиісті деген тұжырыммен аяктайды.

Сонымен, Фаббас Тоғжановтың қазақ әдебиеті тарихындағы тұңғыш монографиясында қайшылықты ой-пікірлер, түйіндер кездессе де, Абайды ғылыми жолмен танудың белесті бір шығармасы болды. Ұлы Абайды ұлт ақыны деп тану және бар өнімді ой-пікірлерді осы тұжырым аясынан өрбіту келешектегі көп ізденістер мен зерттеулерге соқпақ салып берді. «Әдебиет майданы» журнальдағы құнды материалдар, мектеп окулықтарындағы соны деректер, F. Тоғжановтың тұңғыш монографиясы көп мәселені айқындаپ, ендігі жерде көркемдік шеберліктің өнерпаздық биігіне Абайдың қалай көтерілгенін айқындау міндеттін көлденең тартты.

1937 жылы «Әдебиет майданы» журналында, кейін Абай шығармаларының бірінші томында алғы сөз ретінде 1939 жылы жарияланған С. Мұқановтың «Абай — халық ақыны» атты ғылыми-эстетикалық еңбегі Абайдың қара басын, оның асыл шығармаларын дау-дамай, айтыс-тартыс арнасынан шығарып, халықтың бәрі бірдей мойындайтын мактанышына айналдыруға себепкер болды.

Абайдың заманы, дүниетанымы, ақындығы, жаңашылдығы сияқты күрделі де мәнді мәселелердің бәрі де күн тәртібіне қойылып, идеялық-көркемдік шешімін таба бастаған уақытта ендігі жазылар еңбектер күрбаяндауға негізделмей, түйінді жинақтауларға көшуге тиісті еді. Міне, осыны С. Мұқанов кезең талабын ескере отырып жүзеге асырды. Абай шығармашылығын әңгімелегенде бұрынғыдай ұзак сонар дәлелдер келтіріп, гарихи-әдеби шолу жасау қажеттігі анохронизмге айналды. С. Мұқанов «Абай — халық ақыны» деген ең негізгі концепцияны жан-жақты дәлелдеп шықты.

Бұл термин біз үшін соны емес, 1925 жылы Б. Қенжебаев алғаш рет айтты емес пе, Ы. Мұстамбаев пен F. Тоғжанов ұлт ақыны, ал К. Жұбанов қазақтың тұңғыш классигі деген жоқ па, С. Мұқанов тұжырымдаған халық ақыны терминінің нендей жаңалығы, артықшылығы бар? деген құдікті сауал туар болса, оған айттар жауап пен дәлелдер көп. Б. Қенжебаевтың 1925 жылғы пікірі көбіне саяси-әлеуметтік және эстетикалық талдауданғері сезіну тұргысынан, осылай болуға тиіс шығар деген иғі ниеттен туды да, бүкіл мақаланың логикалық ой жүйесінен өрбіп шықпады. «Абай — халық ақыны болғандығын Бейсембай ол кезде дәлелдеп айта алмаған» (Е. Ісмайылов, 172-бет), ал Ы. Мұстамбаев бұл тұжырымды қолдана қояр қысын таппаған. Одан кейінгі кезде байшыл, діншіл, феодалшыл, ұлтшыл, ұлықшыл, жаңашыл Абайлардың көбейіп кетуі бұл мәселені аныктап шешіп алуға мұрсат бермеді. F. Тоғжанов 1925 жылғы монографиясында Абайды тап ақыны, сонымен қатар ұлт ақыны деген тұжырымды барынша сактана айтқанын және социологиялық жағынан қазып айтқанын ескертсек, онда С. Мұқановтың «Абай рушылдық шеңберінде қалып қоймай, онан саяси құшағын кең жайған, ру қамын емес, жалпы қазақ халқының қамын ойлаған, бақытын көксеген, казақ шаруасын мәдени жолға түсіруді, қазақтың әлеуметтік тұрмысындағы теңсіздікті жоюды, қазақтың ұлт мәдениетін, ұлт әдебиетін өсіруді арман еткен, ұлттық самосознаниесі күшті қазақ халқының бірінші ұлы ақыны» (Абай, I том, 1939, 7-бет) деген ең негізгі пікірді дәлелдей айтуы 1937—39 жылдарда үлкен ерлік қана емес, ғылыми-эстетикалық жаңалық болатын. Ал бұл корытынды пікір Абайды ғылыми жолмен тану бағытында жазылған барлық еңбек, мақалалардан өнетін, өсіп шығатын, бірақ осыған дейін

ешкім тұжырымдал айтпаған түйінді тұжырым еді. Және мұндай синтездік еңбек зерттелер объектінің сыр—құпиясы бірқыдыру ашылып, шиыр түсे бастаған шакта жазылмақ. Сәбит ұсынған «ағартушы демократ» атауы мықтап орнығуының бір себебі осында болса, екінші жағынан Абайдың қазактың жаңа жазба әдебиетінің негізін қалаудағы ерен жаңашылдығына барынша көп назар аударып, ашып беруінің де септігі аз тимеді.

Абай қазақ поэзиясына 15 жаңа түр кіргізді деп, оны нақты-нақты мысалдармен дәлелдеді. Е. Ысмайлов пен З. Шашкиннің «Абай-поэтикасы» деген еңбегінің методологиялық тәсілін сыртқа теппегенмен, мұлде жаңаша ой толғады. Оны «Жарқын жұлдыздар» монографиясында дамыта тустанған. Абай жасаған жаңа өлең өрнектерінің сырт құрылышына емес, ішкі тынысына айрықша көңіл бөлу өзінің жемісін берді және үш түрлі ескерту жасауды қажет деп тапты. «Бірінші — бұл жаңалықтарды табарда Абай негізінде Европа әдебиетіне сүйенгенмен, оларды аударды деуге болмайды» (21-бет), оның көп түрі қазақ поэзиясының өз бесігіне бөлленген, екінші, орыс өлеңінің құрылышы тоникалық болса, Абай силлабикалық өлеңнің жүйесін қатты колданды, ушінші, өзінің жаңа өрнегін қалыптастыру үшін әдейі 17 ән шығарып, жаңа әуенді музыканы поэзия жарышына айналдырды деп түйіндеді. Өз «өлеңіне жаңа мазмұн, жаңа ырғақ, жаңа үйлес, жаңа түр ізденіп, оны көп еңбек сініру арқылы тауып, қазақ поэзиясын бұрынғыдан жоғары сатыға көтерген Абай осы ізденудің арқасында өлеңдерінің көркемдігін жаңаша құрып, көркемдіктің жаңа түрлерін, жаңа образдарды, жаңа тенеулерді көп тапқан ақын» (23-бет) деген тұжырымының эстетикалық арқауы мықты гана емес, логикалық жүйесі қараға да, ғалымға да, ақын-жазушы, сыншыға да қонымды екенін анғармау әбестік болар еді.

Сонымен С. Мұқановтың «Абай — халық ақыны» деген ғылыми-эстетикалық жағынан толымды да дәлелді қорытындысы біздің әдебиеттануда әбден орнығын, Абайдың шығармашылығын дау-дамайдан шығарған тұжырым болды. Эрине 1951 жылы С. Нұрышов сияқты дөрекі социологизмге бой алдырған зерттеушілердің аз күнгі әлегі бұл тұжырымды өзгерте алған жок.

Абай жөніндегі ой-шілдегердің жетіле толысыуы, ерелі өркендеуі барысында Абайдың ғылыми ғұмырнамасын

жасау мәселесі күн тәртібіне нақты койылды. Мұны негізінен М. Әуезов атқарып шықты, ерен еңбек сіңірді, ұлы Абайды әлемге танытты. И. Жансүгіров те, Ф. Тогжанов та Абайдың өмірбаянының көп сырын М. Әуезовтің «Абайдың туысы және өмірі» атты еңбегінен аңғара отырып, оны әлі толық емес, жетілдіре түсу, қомактаңдыру қажет деп тапқан болатын. Әсіресе Габбас Абайдан қалған қолжазбаның сақталмауы мүмкін емес, талай көшірмелер болған, солардың сонына жарық алып түсу, Абайдың орыс достары туралы деректерді іздестіру, Семей, Омбы архивтерін актару жайлыш ойлар айтты. Міне, осы жай Абайдың екі томдығын 1939—1940 жылдары шығару кезеңде қатты ескерілді. Мұхтар Әуезов пен Өтебай Тұрманжанов екеуі Алматы, Семей архивтерін актарып, Мұрсейіт қолжазбасының жаңа вариантарын тапқан. Ірілі-уақты деректік дүниелер, естеліктер жиналып, Абайдың толық жинағының II томында жарияланды. Солай бола тұрса да, М. Әуезов өзінің «Абай (Ибраһим Құнанбай ұлы)» атты классикалық монографиясында «Абайдың өмірбаянын зерттең, толықтырып жазу жұмысы жетер өресіне жетіп, аякталған жоқ», дегені әшейінгі кішіпейілдік қана емес. Демек, Абайды ғылыми жолмен тануға үлкен септігін тигізетін осындай еңбектердің кезеңдік мәнін ғана емес, жалпы тарихтық орнын айқындау шарт.

1945 жылы Абайдың туганына 100 жыл толуы бүкілхалықтық мерекеге айналды. Мерекеге арналып шыққан Абай шығармаларының толық жинағына С. Мұқанов «Абай — қазақ халқының данышпан ақыны» деген алғы сөз жазуы, М. Әуезов пен Б. Қенжебаевтың «Абай — қазақ халқының ұлы ақыны» деген кітапша шығаруы, К. Жұмалиев, Е. Ысмайлов, Э. Қоңыратбаев, К. Мұхаметханов, Т. Нұртазин, Н. Сауранбаев, М. Сильченко, Э. Тәжібаев, Т. Тәжібаев сынды ғалымдардың 300-ден астам мақала жариялауы Абайдың жазба әдебиет негізін қалаудағы еңбегін ғана айтып қоймай, бүкіл қазақ қоғамындағы, мәдениет тарихындағы орнын айқындан берді. Соның арқасында қазақ әдебиеттану ғылымында Абайтану ілімінің өз алдына отау тігүіне жағдай жасалды.

Бұдан кейінгі 40 жыл, яғни 1945—1985 жылдарда Абайтану саласындағы ізденіс-зерттеулердің барынша өркендей түскені соншалықты, ол өз алдына ілім

ретінде қаралып, оның тарихы басып өткен жолы М. Мырзахметовтың жәдігерлігімен жарқырай көрінді, ғылыми жолмен зерттеудің өнікті де жемісті арнасына айналып, қазақ әдебиеттану ғылымының жетістігінің көрсеткіші болып отыр.

Абайтанудың алғашқы кезеңінің ұзақ сонар баяндалуының себебі — Абай жайындағы ғылыми-сыны ой-пікірдің эволюциясын көрсете болса, екінші жағынан, жеке ақын-жазушылардың шығармашылығын игеру ісі тап осындаи болмағанымен, осыған үқсас процесті басынан өткергенін аңғарту еді. Бұл жөнінен Сұлтанмакмұт Торайғыров, Спандияр Қобеев, Мұхаметжан Сералин, Сәбит Дөнентаев, Махамбет Өтемісов, Ыбырай Алтынсарин, Ақансері Қорамсаұлы, Үғылман Шөреков, бертінгі Байғамбет Ізтөлин мен Шолпан Иманбаева т.б. жайында жазылған мақалалар, зерттеулер олардың шығармаларын жариялау қашшалықты мәнді екенін ескергенмен, олардың да тану-танағылу процестері Абай өнерпаздығының өткелдеріне үқсас болғаны айдан-анық.

Жалпы әдеби мұраны дұрыс игеру, әсіресе, жеке ақын-жазушының тарихи орнын айқындау процесінде Абай шығармашылығының шешуші сипаты болды, кейбір дарын тағдыры осы үлгімен пішіліп, әдебиет тарихынан тиісті орын алды. Эрине әрбір дарынның алға тартар әнгімесі де, көтерер мәселесі де Абаймен деңгейлес емесі өзінен өзі түсінікті.

Сонымен, қазақ халқымен талай ғасырдан бері бірге жасап, рухани азығы болған ауыз әдебиетінің озық үлгілері мен жеке дарындардың, әсіресе Абай сияқты да наышпан ақынның шығармашылығын игеру барысында қазақ әдебиет сины жаңр ретінде қалыптасып, қазақ әдебиеттану ғылымының туып, қарқынды өсу жолында келе жатқанын мықтап аңғартты.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
I БӨЛІМ	
Қазақтың сынни ой-лікірінің оянуы және әдебиет сыннының тууы	
<i>Бірінші тарау.</i> Әдеби сын арналары	
1. Халықтық эстетика	6
2. Қоңе дәуірдегі сүбелі ойлар	18
3. Қазақтың ұлы ағартушы-демократтарының сыни ойлары	36
<i>Екінші тарау.</i> Баспасөз және сын	
1. Оянған ойға кең өріс	54
2. «Айқап» журналы мен «Қазак» газетінің әдебиет сынын тудырудың тарихи маңызы	70
<i>Үшінші тарау.</i> Жазба әдебиет және сын	144
1. Дәйектемесын	146
2. Абай өнері — өсер сынға өрелі өрнек	166
II БӨЛІМ	
Қазақ сыннының жанрлық калыптасуы және әдебиеттануы	
<i>Төртінші тарау.</i>	
1. Заман және көркемдік мұрат	200
2. Даңындар — сын додасында	212
3. Өркендеу өзегі — көркемдік әдіс	235
4. Көркемдік тәжірибе — кисын негізі	259
5. Ұйымдастырылған кияметі мен киястыры	275
6. Эстетикалық-социологиялық сын	300
7. Тұсаулы ой толқындары	326
<i>Бесінші тарау.</i> Әдеби мұраны игеру мәселелері	360
1. Әдеби өркендеудегі тарихи сабактастық	361
2. Ауыз әдебиеттің үлгілерін жинау мен зерттеу мәселелері	368
3. Абайтану асуулары	394

ТУРСЫНБЕК ҚАҚИШЕВ
ИСТОРИЯ КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРНОЙ КРИТИКИ
УЧЕБНОЕ ПОСОБИЕ
(На казахском языке)

Редакторы *Майко Әсембайқызы*
Сарапшы редакторы *Ж. Махмұтова*
Техникалық редакторы *Ф. Овчинникова*
Суретшісі *Б. Табылдиев*

ИБ № 167

Теруге 14.06.92. жіберілді. Басуға 28.07.94 қол қойылды. Пішімі
84×108¹/₃₂. Жоғары басылым. № ·2 баспаханалық қағаз. Шартты
баспа табағы 23,5. Есептік баспа табағы 25,0. Тарапалымы 3000 дана.
Тапсырыс 2065. Бағасы келісімді.

Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің «Санат» мемлекеттік
баспасы, 480012. Алматы қаласы, А. Байтұрсынұлы көшесі, 65 «а»
үй.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық
ақпарат министрлігінің Полиграфия комбинаты, 480002,
Алматы қаласы, Макатаев көшесі, 41-үй.